


Жанат ЕЛШІБЕК





Жанат

ЕЛШІБЕК

Таяу
Жемі

Повестер мен аңгімелер



АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2011

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-44

Е 49

Елшібек Ж.

Е 49 Тағдыр желі. Повестер мен әңгімелер. — Алматы: Атамұра, 2011. — 360 бет.

ISBN 978–601–282–394–3

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, көрнекті каламгер Жанат Елшібектің бұл кітабына өмірдің өзекті мәселелерін, толғақты тақырыптарын арқау еткен бірнеше повестері мен әңгімелері енген. Туындылардың оқиғалары тартымды да әсерлі, тілі көркем де кестелі. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

© Елшібек Ж., 2011
© «Атамұра», 2011

ISBN 978–601–282–394–3

Товестер

... тагдыр талкегіне сан мәрте
түссек те, түншықпаган екенбіз.



БАЛЫҚТЫҢ ҚЫЛТАНЫ

1

... Астындағы аты оқыстан пыскырып, калт тұра калғанда барып, калың ойдың құшағына батқанын аңғарды. Төңірегіне шола жанар жүгірткен бойы іштей күбірлеген. Көкжорғаның сыралғы мінезіне әбден қанық ол өкшесімен атының бүйірінен жұмсақ нұқыды.

«Әй, ұрыншағым-ай! Көрінген қылтиғаннан үркіп, көрінген томардың тұқылына сүрініп жүргенің, осы...» Әлгіндегі шылпарасы шыққан тұңғыық ойынын етек-жеңін қайта құрастыра алмай киналғандай. Тершіген бет-аузын басындағы шүберек телпегімен сүрткіштеген Құдайберген қараптан-қарап, өз-өзінен мырсылдап күлген. «Жарықтық, жатқан жерің жарық болғай, марқұм Сайлаубек кайнағам дұрыс айтады. «Қой бакқан адам— ой бағады. Ат үстінде отырып-ақ дүниенің төрт бұрышын аралайсың-ау!..» Иә, пенде шіркін, бүкіл ғұмырын қиялмен, армандаумен өткізсе керек. Жалтылдап шалынған үміт сәулесінің жетектеуімен күн кешер жанның тірі мақұлықтан артықшылығы да осы — ойлай білуінде. Сөйтсе-дағы әркім өз қауашағының құзырымен жүріп тұратын сықылды. «Қой соңында ілбіп келе жатқанда өткен-кеткеннің бәрі бірдей мұрнынан тізгендей түзіліп, көз алдына қаз-қалпында жетіп келерін қайтесін. Қай-қайдағыны есіне түсіріп, жаныңды жылытады. Бірақ, Құдаш, жетпістің желкесіне жармасқанда өзінді паналаған менің соқа басымда, саяқ тірлігімде қайбір жылылық бар дейсін. Жаным жабырқап, жүрегім жылайды ғой мен байғұстын. Әке-шешемнің ақылын кеш ұқтым. Сынар тұяқ болғаннан соң ба, бетімнен қақпай, тым еркетотай өсірді. Өбектетіп, желкілдеткенін түсінбеппін кезінде. «Көлдін тақырға, байдың пақырға айналарын ит біліп пе?!» Тепсе темір үзер шағымызда оқымадық, білім қумадық. Ең өкініштісі жақсы мен жаманды айырып, көңілге тоқымадық. Сотқар-сотанақ атанып, темір торға да түстім. Жұрт қатарлы бала сүйіп, бас та құрай алмадым. Жалындаған жастығымның құр аттай тоқтамай өте шығарын ерте сезгенімде бүйтіп саусағымды шайнамас едім. Ендігі жерде бәрі кеш. Кеудеміз сырылдаған, тіземіз сықырлаған мезгілде даусың да

дірілдеуік. Жарымжан көңілге ой серік, әйтеуір. Қаннен-каперсіз ой үстінде отырғанымда табан астынан үркіп Қойшыторының талай мәрте сыпырып, тастап кеткені бар. Бұдан былай қойды жаяу-ак бағайын. Атка мінбеймін» деп азар да безер болғаны тегін емес...»

Құдайберген еріксіз тағы жымиған. «Сайлау қайнағамның тілінің бізі бар». «Аттан жай құлап жүр дейсің бе? Кейінгі орыс келіншегім Валямды ойлап келе жатқанда ғой жалп ете түскенім. Біраз күн дәмдес болған соның тілеуі шығар. Еш жерім ауырмай, дін аман тұрып кеттім емес пе?! Қалған өмірімде құдай екі аяғыма қуат берсін...»

Қос құлағын қайшылаған Көкжорға тыпырши оскырынды. Бұ жолы қателеспепті. Жыныс жиде тоғайынан естілген бала даусы құлағына сызылып жеткен.

– Кө-к-е-е... Ата...

Тізгінді жұлқи тартқан ол елегізи алаңдаған кейпі:

– Ата дей ме, өзі? Жок... Көке дей ме? Тыныштық болғай тек. Әлде орманда адасып жүрген біреу-міреу ме?..

– Ата-а, тоқта!

– Өй, мынау өзі, Адал ғой?! Жападан-жалғыз қос өкпесін қолына алып жүргені несі? Ә, мұнысы қалай? Жайшылық па екен?..

Анырған күйі ілгері көз сүзген. Ұлан жазға үстіне бір жапырақ шүберек жапсырмайтын қалпы. Бұтында ғана Американың туынан тігілген алабажак жұлдызды лыпа. Немересі аузынан тастамайтын «модный» труси. Жалаңаш денесін талтерек пен қызыл жиденің бұтақтары айғыздап-айғыздап тастапты. Тіпті әр-әр тұстан шып-шып қан тамшылары байқалады. Қарадомалағының үсті-басын шегір жанарымен тінткілеген атасы жаңа ғана балтырын жосадай жырып кеткен сояу іздерін көргенде шыдамаған:

– Құлыным-ай, сені мұнда кім жіберіп жүр?! Аяғыңды ондырмай жаралап алыпсың, – деді шыр-пыр бәйек боп. – Адасып кетсең қайтеді мы-на-а құла түзде. Оның үстіне әлгі пәлен, қасқырды айтам да... Қайта көрінгенге ұқсайды. Жаксылық пен Ринат кеше Батырбектің қыстауының тұсынан қылпуын байқап қапты...

Атасының құрақ ұшып өбектеуін елейтін Адал жок. Екі езуі екі құлағында:

– Қайдан адасамын, күнде көріп, күнде келіп жүрген жер емес пе. Үйде сізді қонақтар күтіп отыр. Қойларды маған қарай тұршы деп апам жіберді.

– Қонақтар?.. Кімдер олар?

– Білмеймін. Бір үлкен апа. Өзінің көзі көрмейтін сияқты. Кеш батпай атанды шақырып келші деген соң, алды-артыма қарамай зыттым. Қонақтарды Жемісбек ағатайым мотоциклімен әкеп тастады.

– Қонақтар дейсің, өздері көп пе? Кемемен өткен ғой шамасы.

Үсті-басын, жиде тікенектер жырған сирақтарын сипалаған Адал иығын қикаң еткізді:

– Дәу апаның қасында тағы екі кісі бар. Ешқайсысын танымаймын. Қарағандыдан деді ме, жоқ әлде Жезқазғаннан келдік деді ме? Апама жөндерін айтып жатқан бағана. Түкке түсінбедім. Өзіңіз барғаннан кейін білесіз да. Тездетіп үйге бара бер. Қойларды ауылға өзім-ақ беттетемін. Алдымнан шығасың ғой.

– Жарайды, құлыным. Кәне, келші Көкжорғаға мінгізіп жіберейін. Әлі күн еңкейе қойған жоқ. Асықпа. Отарды қақпақылдап, қойдың бей-берекетін алып дүрліктіріп қумағайсың, ботам. Отығып жайылсын. Алыстан келген қонақтар зарығып күтіп қалмай жеткенім дұрыс. Кімдер болсын тегін мейман емес-ау. Сөз әлпетіңе қарағанда оларды мен де білмейтін тәріздімін. Астындағы Көкжорғаға абай бол. Өзінің шөлкем-шалыс мінезі бар. Сайлау көкендей бір жықпылға тастап кетпегей...

Үн-түнсіз атқа қонған Адал шоқыта жөнелді.

– Иншалла, бергеніңе шүкір! Құлдырандаған күнімнің атасына серік болды дегені осы емес пе. Әлі-ақ зіңгіттей боп шыға келер.

Құдайберген немересінің соңынан мейірлене ұзақ қарады.

2

«Кім болды екен, ә-ә...»

Шакшадай басын шарадай еткен күрмеулі сауалдың түйінін шеше алсайшы. Аспан айналып жерге түскен мынау аптап шілінгірде қонақшылап жүргеніне қарағанда, жай кісі емес-ау. Арғы беттегі Саяққа көшіп кеткен, кейінгі кездері көзі көрмей қалды деген Маңылтай кемпірге келінкіремейтін сықылды. Құлаққа жеткен сыбысқа сенсек, тоқсанды толтырған о кісінің халі мүшкіл-ді. Ендеше «бүгін бе, ертең бе» деп күнін санап отырған бейбақтың туып-өскен ауылын іздеп, әуре-сарсаңға түсер шамасы қайда?! Мен білетін осынау

Сарыесік атырабында әлгінде Адалымның айтқанындай «Екі көзі көрмейтін Дәуапаны» танымаймын да, естіген де жоқпын. Демек, Жезқазған жақтан болса керек.

— Ата!

— Ә-не, атамның өзі де келді.

Әйдік карағайдың көленкесінде өздерімен-өздері ойнап отырған Балауса мен Өрісім қолдарындағы ойыншықтарын тастай-тастай сала ілгері ұмтылды. Қожайындарын таныған төбеті бар, тазысы бар үш-төрт ит жатқан жерлерінен марғау қозғалып іркес-тіркес кішкентайларға ілескен. Тілдері ауыздарына сыймай, қос өкпелерінен ырсылдаған олар артынша-ақ жылыстап, шегіншектей орындарына қайта жайғасқан. Жалқау шәуілдеген екі-үш күшік балалардың аяғына оралып қалар емес.

— Сен білесің бе, ата? Алыстан бір апа келді. Маған қуыршақ әкеп берді,— деді Балауса жаңалықтарды жеткізіп.

— Ал маған өзі жүретін мәшине әкелді,— деген Өрісім де қалыспай.— Өзі ана жерде сәкінің астындағы тапшанда отыр. Жүрші.

— Жаксы бопты. Көне-е, Дәуапаға сәлем берейік.

— Міне, мұнда.

— Дәуапа, ә-не...

Басындағы жаулығын саусақтарының ұшымен ынғайлай, орнынан жүрелей көтерілген кейуана:

— Аманбысың, балам?— деді жүзін тіктей.— Құдайбергенбісін? Мал-жаның аман ба, қарағым. Төркіндеп келіп жатқан жайымыз бар. Меңзипа деген шешен боламын. Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен қарғыс атқыр зұлмат жылдары туған топырағымнан безіп, қаңғыған байғұс ем. «Дәуапа, Дәуапа» деп мына шуылдақтарын мәз-мейрам...

— Иә, апа, сәлеметсіз бе? Ауыл-аймағыңыз аман-есен бе?

— Шүкір, айналайын. Туған жерімнің топырағын басып, ауасын жұтып әжептәуір жасап қалғандаймын. Мына сәкінің асты тамаша екен. Теңізден лекіген самалдың салқын лебі көкірек сарайымды ашып, көрі жүрегімді тулатып отырғанын сезсең, күнім. Жаңа бір өзірде келінге тас құдығыңнан су алғызып тура жарты кеседейін сімірдім-ай. Біздің жердің суы бал ғой! Бөлекше бал! Алпыс, жетпіс жылдан кейін ішіп тұрғаным шығар. Бұған да тәубе.

— Әй, Мейрамкүл, төркіндеп аңсап, сағынып келген апанды үйге кіргізбей, далада суық сумен сыйлағанына жөн болсын.

— Койшы-и, Кобай! Қонак ападан ұят болар,— деді ауладағы қазан-ошақ маңында танауынан шаншылып жүрген көмпіс келіншегі сыбырлай сөйлеп.— Бөтен кісілер сенін қалжыңынды түсінбей қалмасын. Әлгінде келген бетте үлкен үйге жайғастырып, шай бердім. Ертелетіп Қаракұмнан балықшылардың кемесімен өткенге ұқсайды. Немересі бас-көз боп жүр екен. Теңізде алғаш жүзгендіктен кемеде басы айналып, шалқар айдынға шыққанда жүрегі локсып, біраз құсыпты. Қалтылдаған қайықпен жағалауға іліккенде барып ес жиыпты. Арғы үйде тынығып жатыр. Шай ішіп отырып, үстел басында ұйықтап қалды. Сәл-пәл демалсын. Сырттағы сәкіге көрпеше жайғызып «рахаттанып отырайын» деген соң... отырғанымыз әлгінде ғана. Таныдың ба? Сені арнайы іздеп келіпті. Бұрын-соңды көрмеген кісім. Өзін асықпай әңгімелесесің да. Мен тамағымды әзірлей берейін...

Көзі көрмесе де, көңілі ояу, құлағы сәк бейтаныс мейман оң қолымен ауаны қармап, кенкілдеп күлді. Балаша елпілдеген беті:

— Айналайын Құдайберген, қайдасың? Менің жаныма тақап тізе бүкші,— деді езуін жия алмай.— Кәне, өзің мына жерге отыршы. Баяғы-да-а бір кемпір бопты мен секілді. Өз етегіне өзі шалынып жүретін сол алаңғасар байғұс өз құлағының естімей қалғанын сезбепті-міс. Бірде есік алдында балашағасымен отырғанда кешқұрым өрістен топырлай құлаған қой-ешкіні мегзеп: «Бұрынғының қойлары жамырай маныраушы еді, бүгінгінің малдары үндемей, тек ауыздарын ғана ашатын болған ба?» депті. Сөйткен Қожанасыр апаларыңның бірі қасында сайрап отырған мына менмін, қарағым. Әзірше құлағым сау. Расын айту керек. Мейрамқұл келін тұрмақ, жер-көкті шарлап жүрген сенің өзін де мені танымайсың, білмейсің. Бір білсе, әкең марқұм Орекең білуі мүмкін еді. Орынбай ақсақал жүзге жетіп өтіпті ғой бұ дүниеден. Жатқан жері жайлы болсын. Әттең, шіркін! Не керек, үлгере алмадым. Бұдан екі-үш жыл бұрын сан мәрте жиналып-түйінгенмен сәті енді түсіп жатыр емес пе. «Келер жаз, келер жаз» деп жүргендерінде қисайып қалмайын. Өз аяғыма мініп тұрған шағымда, есебін тауып мені әке-шешемнің, бауырымның басына апарып қайтшы дегенімді мың жасағыр немерем Қадыржаным жан-дүниесімен түсінгендей. Соның ынта-ықыласы болар өстіп сүйретіліп жеткенім. Теңіз көрмеген, кеме көрмеген күнім, ауырып қалмаса жарады. Қазір танысарсың... Айтпақ-

шы, карағым сенің атын Құдайберген бе, Қобай ма? Ештене-сін ұқпадым. Үлкені де, кішісі де «бір білсе Орынбай шалдың баласы— Қобай білуі керек» дескен сон... Сұрастыра-сұрастыра тапқан жақыным да, төркінім де өзінсін...

Әлгіндегі екпін жоқ. Үні де пәстеу. Булығып барып аяқтаған өксікті сөзінің сонын жұтып қойған кемпірдің әжім торлаған жүзіне қадалған сайын, тағдыр тәлкегін белден кешкен жанның сағынышқа толы сарайына құлақ түргісі келгені анық. Әңгіме ауанына жығылған ол ілкі үзілістен кейін:

— Сөз әлпетіңізге қарасам, бөтен болмассыз. Әкем айтып отырушы еді. «Ат басын арнайы бұрған адам— алысын емес. Әмсе ағайындай қарсы алып, құшағынды аш». Тым ертеректе елден кетіп, жатжұрттық атқа иеленгенсіз-ау, шамасы. Өн-бойыңыздан шетте жүрген қыздың ынтық сезімін аңғарғандаймын. Ал менің азан шақырып қойған есімім— Құдайберген. Аурушан, сырқат анам алғашқы екі құрсағынын аттарын Жанаш, Қанағат қойыпты. «Осы көрінген қос құлыным аман болса жетеді. Шүкір, тәубе!» Токпейіл жүргенде дүниеге келіппін. Құдіретті Құдайдың өзі берді деп ырымдаған тәрізді. Одан кейін де мейірімі түскен жаратушы ілмиген анамды талай рет қуантыпты. Менің соңымнан ерген інілерімнің есімдері— Есіркеген, Тәнірберген, Аллаберген... Әкешешеміз, ауыл арасы еркелетіп біздерді нақты өз атымызбен атамай Қобай, Есаған, Тәнеш, Алдаш атап кеткен...

Күнұзақ үн-түнсіз сыр ұшығын андаған көрия елжірейі тіл қатқан:

— Е-е, дұрыс... Бар болғанға не жетсін. Өсіп, өркендендер айналайын. Беремін десе Алла тағалаға оңай ғой. Шешен қуатты ма? Қара орманның алтын қазығы десеңші. Өзі кімнің қызы, әкесінің атын айтамын да? Кім біледі, еміс-еміс есімде қалса, танитын шығармын. Қай ауылдікі? Осы төңіректегі сегіз колхоз болатын.

— Төлеген ұстаның қызы. Көрік ұстаған зергер, шебер кісі. Әйгілі Қайшыбай кобызшының баласы...

— Жыға танымаймын,— деді көзін жұма ойланып.— Біздің «Сегізінші мартта» ондай кісі болған жоқ. Қараталдың арғы бетіндегі ауылдардың бірінен шығар. Балам, мен де қызықпын, осы! Мен кеткелі қай заман? Тоғызға да толмаған кезім емес пе. Ес тоқтатып, ақыл кірген шақта аласапыран басталып, зұлмат нәубет есенгіретіп жіберді. Күшәла жегендей басымыз әңкі-тәңкі айналып, қоныз теріп кеттік. Әкем мен

анам, жалғыз інім Өмірбек тура көз алдымда кетті ғой. Өз ажалдарынан болса бір сәрі. Үшеуі де аштан бұратылып өлді. Соңымнан ерген жалғыз бейшара бауырым Өмірбек балықтың тікеніне қакалып көз жұмды...

— ?..

3

Кейуана жанқалтасынан көлдей беторамалын алып көзін сүртті. Запыран зарын еркін ағытпай, көмейіне тұншықтыра, екі иығын селкілдете күрсіне кемсеңдеген. Шерін ағыл-тегіл тарқатып-ақ алғысы келеді. Әйткенмен ғұмыр бойы жегідей жеп, мүжіген уайым уытынан қорқады. Жылай-жылай қос шырағынан айырылғанына да біраз жыл. Қайғының қамыты қатты. Оңайшылықпен босай алмайсың-ау. Құр сұлдері қалып төсек тартып жатқан дәрменсіз, мүләйім кездерін неге ұмытсын. Үзілгелі тұрған өмір жіптігі қайта жалғанғандай. Келешек күндерге қол создырған үміт сәулесінің жалп етіп өшпей, болар-болмас сығырайғанына шүкіршілік жасаған. Бәрінен бұрын немересінің сенімді уәдесі ойын сергітіп, бойын тіктеткен. Еңсе көтерткен жылы сөздің демеуі де, қуаты да күшті. «Ұзақ сапар үстінде тектен-тек егіліп, езіле берме. Бос шаршайсыз, орта жолда ауырып қалсаңыз, өте қиын болады. Әйтпесе... сексеннен асқан селкілдеген шағында әкешешесінің бейітін іздеген кім бар? Ендігі жерде бір Аллаға сиынып жылы төсегінде жата бермейсіз бе?..» Қаршадайынан тағдыр тауқыметін көріп, тар жол тайғақ кешудің небір сүрлеу-соқпағынан өткен қайсарлығынан қайтқан емес. «Немене, екі көзім көрмесе де, көкірегімде бәрі-бәрі түгел сайрап тұр. Туып-өскен ауылымның маңына жеткізші. Одан арғысын өзім айтып, өзім көрсетіп беремін. Әке-шешемнің, бауырымның тура қай жерде жатқанын дәл тауып бере алатын сияқтымын. Бәрінен де кәрі жүрегім сенетін тәрізді. Әй, әттең! Ұл боп туғанымда... Әлдеқашан бастарына бір белгі қояр едім...»

Алабұртқан, бұлыңғыр, тұманды ойларының құрсауына шырмалған елгезек кемпірдің қас-қабағын баққан Құдайберген ләм-мим жақ ашпаған. Төңірегіне жанар жүгіртіп, манайына құлақ түрді. Күн еңкейіп, көленке басы ұзара түсіпті. Бағанадан гөрі тыныштықты бұзған әр қилы дыбыстар, шаңшұң дауыстар әр тұстан анық естіле бастағандай. Бірі талып жетсе, бірі табан астыңнан шығады. Тіршілік белгісі, өлі ап-

таптың беті қайтқандай. Шегіртке шырылы... үй іргесіндегі тақия көлден шүрегей үйрек пен қасқалдақтардың қытқылы ап-анық жетеді. Қозыкөш жерден естілген орман дәрігері—тоқылдақтың дамылсыз дүк-дүгіне су көкегінің сиқырлы сұңқылы қосылған. Маңыраған қой-ешкі мен марка төлдердің дауыстарын бұзған шінкілдеген бала үні. Әрегідік сиырдың үзіп-үзіп мөңірегені тым жырақтан құмығып шығады. Басқалардан қалғысы келмегендей іргедегі шілік тоғайында жайылып жүрген бозінген сызылта, сырнайлата боздаған. Қып-қызыл боп алаулай көтерілген күн найза бойы биіктеместен жеркөкті жандырып, тіршілік атаулыны мыртық көлеңкеге қуып тығар еді. Жаңбыр тамбағалы да екі айдың жүзі. Окта-текте Балқаштың батыс бетінен қаптаған қап-қара бұлтты аяқ астынан әлдеқайдан екілене шыға келер қара дауыл жаудырмай, жүндей түткен күйі қолды-аякқа тұрғызбай дедектетіп әкететінін қайтерсің. Тура былтырғыдай. Әншейінде бұ кезде масатыдай құлпырып, мәуеге малынып тұратын көкорай шалғынды атырап маусым айы орталанбастан шаңытып шыға келген. Шөп біткен, өсімдік біткен күйіп, қурап кеткен. Қос жағалауындағы шабындық пен бақшалықты әр тұсынан орып-орып жыралайтын Қараталдың әдеттегі мінезі жоқ. Момақан. Ерте көктемде бірер күн ғана бұркылдап тасығанымен тез-ақ сабасына түскен.

Бір мезгіл теңіз жақтан соққан кешкі самал көңілге медет. Сол кешқұрымғы салқын самалға мейірлене жүзін бұрған Дәуапаның өңі бөлекше ажарлы. Қабақ шытып кейігенде бүкіл бет-аузын шимайлап, мүлдем сүрепетсіз шалынған әжім іздері байқалсайшы. Ізім-қайым жоғалған. Байсал үні де саңқылдап естілген:

— Ыстықтың беті қайтқандай-ау, білем? Ауылдың у-шуы алыста қалған балалығымды еске түсіріп, балаң сезімді қытықтағандай.— Сәл іркілген қалпы жан-жағына зер сала сөзін жалғады.— Құдайберген-ау, өзін мені тындап отырсын ба? Жоқ, әлде... Танымайтын тантық соқыр кемпір мазамды алды...

Бағанадан өз ойына өзі тұсауланған Құдайберген шоршып түскен:

— Олай деменіз, Дәуапа. Көрмейсіз бе, мына боталарымның өзі сізді ежелден білетіндей, айналсоқтап «Дәуапа, Дәуапа» деп шыр айналып жүр емес пе?!

— Жәй, әншейін, әзілдеп жатқаным ғой. Айтпақшы. айналайын, өзіннің ауылын дәл қай жерде отыр. Әлі дұрыстап

айыра алсамшы. Біздің «Сегізінші марттың» қай жағындасын? Әлгінде түйе боздаған сықылды. Манайыңда түйе ұстайтын ауылдар бар ма?

– Е-е, Дәуапа! Мен сіздің жаныңызды да, жүрегіңізді де жақсы ұғып отырмын. Көбелек қуып, гүл терген жеріңіздің кешегі сәні мен базарының қашқаны қа-ша-н. «Елу жылда— ел жана, жүз жылда— қазан». Бабаларымыз тауып айтқан. Өйткені сіздің бүлдіршін кезіңіз— бұдан алпыс-жетпіс жыл тұрмақ, мына біздердің балалық шағымыздағы, яғни осыдан отыз-қырық жыл бұрынғы ауыл келбеті, жер-су, табиғат көріністері мүлде өзгеріп кеткен. Ең ақыры ішкен суымыз бен жұтқан ауамызға дейін басқа. Өйткені мал аяғы көбейді, техника үстемдігі билік алған, экология бұзылған. Қайсыбірін айтарсыз.

– Жөн-жөн. Заман да өзгерді, өмір де өзгерді десеңші. Әйтеуір, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай... Ең бастысы, азат ел атандық. Иншалла!.. Пиғылымыз бұзылмасын де...

– Иә. Өз тізгінімізді өзіміз ұстадық. Еркіндікке не жетсін. Бірақ бұл мүмкіндікті әркім өз қалауынша пайдалануда. Еркіндіктің жөні осы екен деп ел игілігін өз меншігі санап, аяқтарын алшаң-алшаң басатындар көбейді. Маңдай термен жиналған халық мүлкін талан-таражға салғандардың іс-әрекеті қанынды қайнатады. Қаптесерлер мен жалмауыз жебірлерді өз айналамыздан да көріп жүрміз. Жөн-жосықсыз біреулердің сыртынан ғайбаттап, я болмаса әлдекімдерді орынсыз жазғырғым келмейді.

– Әрине. Дұрыс айтасын.

– Көз көріп, көңіл толмаған соң тәптіштеп жатқаным да. Әйтпесе басқалардың шаруасына мұрын тығып нем бар. Өз тірлігім өзімде. Жұрт қатарлы ілдәлдалап өйтіп-бүйтіп жүріп жатырмын. Кішкентайымнан малсақ боп өстім. Бастауыш мектепте жүргенде-ақ асауды бұғалықтап, ат құлағында ойнадым. Жетіншіден кейін колхоздың жылқысын бағып, Сәдуақас нағашыма бірер жыл көмекші болдым. Одан соң тракторшы, механизатор дегендей. Ел қатарлы біреуден ілгері, біреуден кейін... Сон-ау-у бір жылдары совхоз тарағанда өз алдыма жеке шаруа қожалығын құрып, бөлек шыққанмын. Дәуапа, мені тындап отырсыз ба? Ә... Әлде... Он шақты ірі қара мен бірер отар ұсақ малым бар. Бабаларымыздан қалған тұяқ— екі түйені кішкентайлар қызықтасын деп ұстап жүрмін. Сатып жіберуге, сойып тастауға қимаймын. Пайдасы шамалы. Көктем шыға жоғалады екеуі. Содан алдағы қыста бір-ақ

оралады. Жер түбіне, адам аяғы тимеген Бөрілітөбенің қалың құмына шығып кетеді. Нағыз тұз тағысы дерсіз. Анау-мынау ит-құсқа алғызбайды. Сөйтсе де бұл ойсылқаран ақылды екен. Балқашты жағалап «Орысакқаннан» өтіп, қияндағы «Шұбар-түбекті» жайлаған екеуі жұбын жазбай тура бір жарым жылдан соң оралғанына қайранмын. Қайтқан малда береке...

— Құлағым сенде, карағым. Әнгіменді бөлмей, текке қыстырылмайын. Мал екеш мал да су ішкен жеріне оралып жатқанда...

— Ендеше бар назарыңызды маған аударыңызшы. Менің шаруа қожалығымның аты— «Адал». Әдейі немеремнің есімімен атадым. Бүкіл тіршілік-тынысым, енбегім ақ-адал болсын деген ниет. «Жақсы сөз— жарым ырыс». Жалғыз отбасы— жалпақ ауылдаймыз. Қазіргі отырған жеріміз өзіңіз аузыңыздан тастамайтын «Сегізінші марттан» алыс емес. Арақашықтық он-он бес шақырымдай. Жанарыңызға елестетіп көрінізші, тілім жеткенше суреттеп берейін. Сіздің ауыл жақтан көз жіберіп карағанда оңтүстік батыста айдаһардай көсіле сұлап жатқан жал-жал Нұрақбай құмын білесіз бе? Жергілікті жұрт бұл құмды Кілтбай тауы деп атайды.

Бар ынта-шынтымен тындап отырған Дәуапа елендей:

— Білмегенде, шырағым. Жақсы білемін,— деді.

— Е, онда тамаша болды. Бәрін де әдемілеп түсіндірем. Сол қалың құмның арғы бетіндегі «Қанбақты» көлінің желкесіндегі жыныс тоғайдың ортасында отырмыз. Аркамызда, шамамен екі шақырымға толар-толмас жерде Қаратал өзені ағып жатыр. Күре жолдың теңізге құлар оң жағында «Жана өндіріс» пен «Көпбірлік» ауылдары. Ал өрге өрлесеніз, ішініз сезіп отырған шығар, Шиліқарын, Жәлменде-Пышанның «Сиез» төбесі, Дөнши, Ақиық асып түп-тура Үштөбе, Талдықорғанға тартасыз.

— Өй, айналайын, Құдашым!— деді көкірегі жарық зағип ана мейірленіп.— Өзің біздің «Батырбектің» қак төрінде отырған сияқтысың. Ұмытпасам Аркабай әулие мен Тілеуғұл батырдың зираты да осы сенің қыстауыңнан алыс болмауы керек. Әкем жарықтық сыбырлап айтып отыратын.

— Өте дәл айтасыз. Қара жолдың арғы бетінде, жобамен екі жүз-үш жүз метр жерде жарықтықтар қатар жатыр. Қалың камыс пен талдың арасындағы көне күмбездің жұрнағы бертіңге шейін елеусіз-тін. Тәуелсіздігіміздің аркасында ғана өшкенімізді аршып, жоғалтқанымызды түгендеудеміз. Был-

тыр ардақты қос бабамыздың басына белгі орнатып, рухтарына арнап ас бердік. Кенестік империяның сұрқия саясаты санамызды улап, өзімізді мәнгүрт етіпті ғой. Осы өзіміз тұрып жатқан аймақта ғұмыр кешкен тарихи тұлғалардың аты-жөндерін енді естіп жатырмыз емес пе?! Мәселенки, іргеміздегі Қараталдың бойындағы «Қоржынкөлдің» қырқасында Мықтыбек батыр, ал оң жағалауында Бақай батырдың әруақтары дамылдап жатыр. Ақтүз әулиенің, сондай-ақ әйгілі әкелі-балалы Жәлменде би мен Пышан ақынның құтты мекенінде өмір сүріп жатқанын бүгінгі ұрпақтары мүлдем сезбеген. Егемендігіміз ел еңсесін тіктеткені шындық. Балаларым мен немерелерімнің осынау Сарыесік атырабында туып-өскен бабаларының өмірбаяндарын, өлкеміздің тарихы мен шежіресін зерттеуді өз колдарына алғандары қуантады.

Алаң көңілі орныккандай күй кешкен Меңзипа шешей жанына келіп жайғасқан немересіне ықыластана бетін бұрып:

— Қалайсың, құлыным, — деді жұмсақ үнмен. — Басыңның ауырғаны қойды ма? Көз шырымын ала алдың ба? Сенің келгенінді жүріс-тұрысыңнан бағана сезгем. Құдайберген ағанның әңгімесінен біраз жайды аңғарған боларсың. Бұдан жүз елу жыл, екі жүз жыл бұрын өмір сүрген ата-бабалар рухын тірілтіп, ұмытылып қалған бейіттерін тауып жатқанда, біз немене кеше ғана бұл фәниден өткен әке-шешеміз бен бауырымыздың қай жерде жатқанын таба алмаймыз ба? Олардың қай жерде екенін біліп отырмын.

— Саспаңыз, Дәуапа! — деді сөзге киліккен Құдайберген жұлқына. — Табамыз. Өзім алып барамын «Уазигіммен». Шамамен «Сегізінші марттың» қай жағында жерленіп еді?

— Үшбейіт деп аталады, қарағым. Үлкен Қарасудың оң жақ қабағы тәрізді.

— Үшбейіт, Үшбейіт дейсіз бе?! Ә... Осы уақытқа шейін мұндай жер атын естімеппін. Бұл төңіректе мен білмейтін шұқыр, мен шықпаған төбе жоқ.

Екпіндеп отырған үй иесінің күмәнді қарсы сауалы Қадыржанды әжептеуір ойлантып тастағаны рас. Күрмеуі көп жұмбақ түйінін тарқатудың қиынын аңғарған ол әжесінің әжімді солғын жүзіне көз қиығын тастаған. Екі көзін тарс жұмып алған кейуана екі қолының саусақтарын бытырлата, алма-кезек тарағыштап отыр. Үн-түнсіз. Ілкі сәттік тыныштықты Мейрамкүл бұзды:

— Тамақ әзір. Қонақтардың колдарын шайғызып үлкен үйге апар.

– Кә-не, Дәуапа, кешкі мал келмей тұрып ас-суымызды асықпай ішіп алайық. Қадыржан жүре ғой. Еш нәрсеге аландамай, бір-екі күн жайланып жатыңыздар. Ұзақ жол шаршатады қайткенмен. Ертең мына іргеміздегі «Байшегір» мен «Қоржынкөлге» барып, көне көз қарияларға жолығайын. Үш-бейіттің нақты қай тұста екенін біреуі болмаса, біреуі білер. Қайтсек те табамыз.

Ақшам әлдеқашан жамыраған. Кешкі азан-қазан. Айнала-төңірек бейқам тірлігін алансыз жалғастырғандай. Ауыл аспанынан ұшып өткен жүп-жүп, топ-топ құстар канатынын суылы әлсін-әлсін естіліп қалады. Қолсозымдағы бауыр басқан Балқашына асығыс құлап жатыр. Теңіз жақтан майда салқын самал үздіксіз лекиді...

4

Қырсық шалайын десе табан астынан. Кешелі-бері жер жүзін аралаған, ұйысқан ауылдар тұрыпты, бармаған, баспаған қыстауы жоқ. Үміттің жетегімен, тіпті «Наймансүйектің» қолтығындағы қорықшы Кәтеннің жалғыз тамына соғып, Қараталдың бергі бетіндегі қалың құмның ішінде отырған Мұқанғали шолаққа да ерінбей жолыға кеткенді дұрыс санаған-ды. Қолды-аяққа тұрмай зырылдаған «Уазигі» ызғытып келе жатқанда, тура қасқа жолдың ортасында «қакалып-шашалып» өшіп-ақ қалғаны. Қаннен-қаперсіз кабинадан атып шыққан Құдайберген тобықтан су кешкен күйі, самбырлай күбірлеген. «Токтаған жерін қарашы! Жер таппағандай...» Артынша райынан қайтып, іштей шүкіршілік еткен. «Апта-лап, айлап жан баласы жүрмейтін сары құмның ішінде қалып қалсам не болар еді, ә!.. Әйтеуір, даңғыл ұзын жолдың бойы. Не мына жақтан, не мына жақтан бір доңғалағы келер. Сонда мен кешеден бері талай жерді шарлап тастағанмын-ау, шамасы. Бензині құрғырдың небәрі бес-алты шақырым қалғанда таусылғанын көрмейсің бе?.. Жарайды, еш алаңдайтыны жоқ. Ауылдың іргесіндемін... Жаяу тартып кетсем де болар еді. Текке салпаңдап әуреленгенше, қазір алғаш кездескен біреусінен жарты шелегін құйып алармын...» Мәшинесінің капотын көтеріп қойған ол жол шетіндегі киыршық тас төгілген шоқалақ төбеге көтерілді. Ауыл арасындағы қозғалыс құлаққа ұрған танадай. Сап тыйылған. Түн қараңғылығын сейілте түскен толған ай Қаңғайдың қалың құмында отырған әлгі Мұқанғали шолақтың қыстауын көрсетіп тұрған-

дай. Шілтер шарбы бұлттарға ұяла бой тасалаған күміс ай табағына көз қиығын салған оның есіне Мұхажарияның әңгімесі оралды.

— Кобай-ау, халің қалай? Мал-жанын аман ба? Сенің мәшиненің гүрілін жер түбінен естідім. Мына келінге, анау балдарға айтсам, өзімді келемеждеп, күлерін қайтерсін. «Атамның құлағы қартайған сайын жақсы еститін болды» деп мазақ етеді бұ шіркіндер. Айттым емес пе жана ғана. Кән-е айналайын, төрлет. Қарағым келінжан, шайыңды қузап жібер. Биылғы аптаптың түрі жаман. Ала жаздай бір тамшы тамбады. Әбден қаталаған шығарсың. Бері тақап... Көлеңкеге жайғашшы. Қайда асығасың, қона-жастанып...

Айналып-толғанып, жік-жапар болған шалдың шолтан еткізіп ұсынған сол қолын қос алақанымен жібермей ұзақ аялай қысқан. Тор көз көйлегінің ұзын жеңіне жасырған протез оң қолы ебедейсіз қимылдайды. Әншейіндегі тасыр, кіді мінезі байқалсайшы.

— Өзің мені әбден сағынып қапсың. Марканның бірін сойып, қонақ етпексің бе? Жок, әлде шыжыған күннің ыстығында етті дұрыстап жей алмаспыз әрі сойылған малыңды текке рәсуә етпей, бір қойыңды мәшинеме тоғыта саларсың. Өзің өстіп жан-жағына аландап, жападан-жалғыз шоқиып отырғанша ел-жұртты аралап, қонақ боп дегендей...

— Жөн ғой, Қобайжан. Токсан көрейін деген жасым ба?! Құр сұлдерім, сопиып отырғаным мынау. Сенің әкеннің артынан менің де кетіп қалуым керек еді. Амал нешік...

— Жо-о-қ! Үйдеменіз, Мұха. Алла тағалаға да өзінің сүйген құлы қажет. Сіз секілді сегіз пәшисті жайратып, бір қолын соғыс даласына, ит-құсқа жем ғып тастап кеткен қатыгез қанішерді қайтеді. Түсіндіңіз бе, батыреке?— деген Құдайберген әкесі құрдастың баласы құрдасқа сайып, онтайлы тұста әзіл-қалжыңға ілгешек іздеп.

— Өй, мен өзімді жүрек жұтқан героймын деп жүрсем. Сен, қарағым, бес жыл қызыл қырғында жалғыз пәшистің танауын канатпай, еш жерін оққа жалатпай, дін-аман қайтып келген әкенді жер-көкке сыйдырмайсың. Сонда немене, мен жамандығымнан жүз жасап отырмын ба? Құдайға шүкір, мына ағаш қолымның анда-санда сыздап ауырып, мазалайтыны болмаса. Өзегім сау, әзірге құлап қалмай, далаға өзім шығам. Орекен құсап жүр дегенге елпілдеп жүгіре жөнелетін мен емес.— Өзілін қағытпамен қайырған қарт сөзінің соңын салмақтай, көкейдегі ой ұшығын шығарған.— Айналайын

Қобайжан, есінде жүрсін. Мен құмның ішінде құрт-құмырсақаға жем боп қалмайын. Алда-жалда көз жұма калсам, әкеннің маңына жеткізерсін. Орекеннің қасында, үлкен жолдың бойында жатайын. Балалардың құлағына да тынбай ызылдап қоямын. Анау-мынау боп кетсем өзіне хабар жеткізеді ғой. «Мал», «мал» деп, оның түбіне кім жетіпті? Алдағы қысқа қарай ауылға таман жақындармыз. Айлап емес-ау, жылдап адам баласын көрсекші. Бұ түрімізбен малмен бірге біз де тағыға айналармыз. Окта-текте өзін ғана адасып келіп қалғаның болмаса... Шын айтам...

— Ұқтым, Мұха. Құдай қуат берсе, отыра бер қарайып. Қайда асығасың? Айтпақшы, өзіне бір кемпір тауып қойдым. Қаласаң қазір бірге ала кетейін.

— Қойш-и... Кемпір дейсін бе? О неғылған кемпір?..

Бағанадан бері үн-түнсіз шай құйып отырған келіншек:

— Елендеуін көрдіңіз бе, Қобай аға?!— деді сынғырлай күліп.

— Иә,— деді ол қаркылдап.— Есмағамбеттің Мензипасын танушы ма едің. Жезқазғанда тұрады екен.

Мұхан шал безгегі ұстаған кісідей тыпырши түскен.

— Апыр-ай, тірі екен ғой. Бар екен ғой.

— Сол сұлуың өзінді іздеп келіпті.

— Рас па?

— Рас.— Жамбастай емен-жарқын шынтақтаған Құдай-берген елегізи назар аударар әңгіме желісін әріден өрбітті. Құйрығымен қозғала, ілгері ұмсына шалға жақындаған.— Ер-теректе сіздің «Сегізінші мартта» тұрыпты. Әке-шешесі, жалғыз інісі ашаршылықта, отыз екінші жылдың қырғынында қайтыс болыпты...

— Мензипаның өзін де аштан өлген деп отыратын біздің әкей,— деді ол осы мезет әңгімеге қыстырыла аңырып.— Тірі екен-ау... Мөлшері мен ғұралпы болуы керек. Бәлкім төрт-бес жас үлкендігі бар ма еді? Можмит төрт-бес жас кіші. Мейлі. Кім біліпті, елге қынадай тиген сол сұрапыл зұлматтың елесін?.. Со-сын, содан не бопты?..

— Не болушы еді. Көрмегені жоқ. Шырғасын шығармай жеткізейін. Айтысына қарағанда, шырылдап, жападан-жалғыз еңіреп қалған қаршадай қызды иман жүзді, москалдау бейтаныс біреу мұз көбесі сөгілер-сөгілместен «Алғазыға» жаяулап-жалпылап, әуірімдеп жеткізіпті. «Өлмеген жанға өлі балық жолығар» демекші, Қоңыраттан, әлде Балқаштан келген кірешілерге жалбарынып-жалынып қосып жіберген

көрінеді. Бастықсымақ сарысакалға қыздың тұл жетімдігін тәптіштей түсіндіріп, зауыттағы жұмысшылардың қатарына қосып жіберуді аманаттапты. Одан кейінгісі белгілі. Кісі есігінде, зауыт ауласында. Тентіреп, қаңғырып... Қакпақылға түсіп дегендей. Жезқазғанға дейін жортып, Қарсақбайдан бірақ шығыпты-мыс. Жұмысшы әулетінің бір жапырақ қарананына ортақтасып өлместін күнін кешеді. Бірте-бірте үзілейін деп тұрған сіңіріне ілінеді-ай. Тауқымет қамытын киген Меңзипаңыз тағдырдың небір қиын-қысталаңдарын бастан өткізіп, ФЗО-да оқиды, қарсақбайлық кеншімен бас құрайды. Бала сүйіп, ес жияды. Жезқазған мыс зауытына ауысқан күйеуі зейнеткерлікке шығып, бертінде қайтыс бопты. Өзі де, балалары мен немерелері де кеншілер шаһарында тұрақтаған. Әл-қуатым барда әке-шешемнің басын көріп, белгі орнатсам дейді. Жылап-сықтаудан, өмірдің ащы запыранынан болуы керек, он шақты жылдан бері екі көзі де көрмей, суалып қалыпты. Байғұсты немересі ертіп жүр. Кеше Қаракұмнан балықшылардың кемесімен өтіпті. «Үшбейіт» сіздің ауылдың қай жағында. Бір білсе, Мұхаң білуі мүмкін деген тұманды, бұлыңғыр сеніммен өзіңізге келгенім ғой.

— «Үшбейіт» дегенді мен де естімеппін. Меңзипа бейшараның өзі қойып алған аты шығар. Ата-анасының аштан өлгені еміс-еміс есімде. Қай жерге жерленгенінен бейхабармын. О заманда балаларды моланың басына жолатпайтын. Ауылдың сыртындағы «Көпбейіт» қорымы соғыстан кейін пайда болды. Жермен-жексен боп кетпесе Үлкен Қарасудың өрін сүзіп көрші... Көне, ескі зираттардың жүлгеленген төмпешік сұлбалары ұшырасуы кәміл...

5

...Ай нұрына шомылған айнала-төнірек бұлың-бұлын шалынады. Айғайлаған дауысын ап-анық жететін тұста әкесінің еңселі ақ күмбезі бозарады. Одан беріректе қол созым жердегі төбенің ежелден «Сиез төбе» аталатынын жалпақ жұрт егемендігіміздің елең-аланында ғана естіп білген. Атақты Жәлменде би Меккеге қажылық сапарына аттанарда дәл осы төбеге ауыл-аймағын, ағайын-туысын жинап құрылтай өткізіпті-міс. Ал өжет те алғыр акын, сазгер баласы Пышан тұп-тура көз алдында ай сәулесіне оранып, жалт-жұлт еткен көл табанын мекендепті. Күні кешеге дейін Шиліқарын тоғайы, Жәлменде-Пышанның жайлауы атанып келген жап-жа-

сыл, көкөрай алкаптын Шиліқарын көліне айналып, шалкып жатқанына да төрт-бес жылдың бедері болды.

Қараталдың арнасынын осал буынын бұзып, жырып қашқан тасқын суы жыл сайын мөлтілдетіп, шарасынан шығарады. Енді міне, көздің аясындай айдын Үштөбе— Көпбірлік тас жолын жиі-жиі істен шығара бастаған. Қанша жамағанмен кетеуі кеткен қылтаның өстіп ерсілі-қарсылы катынаған көлікке тұсау болып, бөгет жасап жатқаны. Нак сол жерге кеп өкпесінің өшкенін қарай гөр...

Ол жүрелей бойын тіктеген қалпы жан-жағына аландай көз жүгіртті. Ештеңе байқалмайтын тәрізді. Көпбірліктен шығатын жолаушылар автобусы құлкын сәриден қозғалса керек. Аспанды қайшылаған аса өткір жарық екі-үш мәрте көкті тілгілеген беті жоғалған. Ауыл ішіндегі мотоциклдердің жарығы, бірін-бірі жарыса қуалаған тентектер. «Қап, әттеген-ай! Ендігі әлдеқашан жаяу-ақ барып келетін едім. Бірақ мәшинемді қалай тастаймын? Тұз тасыған, балық тасыған қайдағы біреулер әр жерін шұқып, иә болмаса иесіз екен деп тонап кетсе қайтемін?! Жер сипалап қалмаймын ба?..» Әлгінде ғана көзіне тығылған ұйқының белгісі білінсейші. Қос білегі құсеттеніп, бүршіктеніп, тұла бойы мұздай бастағандай. Түнгі самал, әлде табандағы көлдің салқыны. Сәл-пәл өрлей аяндап, сонадайда тым зорайып шалынған кара мәрмәр қос ескерткіш белгі-тастың қасына жақындаған. Гранит тепкішектерді санап басып көтерілді де сұп-суық текшенін шетіне отырды. Сан мәрте көрген, сан мәрте келген. Бәрі таныс, бәрі мәлім. Тіпті ескерткіш белгілерге мәңгі өшпестей етіп қашап жазылған жазуларына дейін жадында. Аралары небәрі төрт-бес метрдей болатын алып кара мәрмәр тұғырдың әуелгісінде әкелі-балалы Жәлменде мен Пышан Байшығашұлының, ал екіншісінде осынау Сарыесік өңірінде өмір сүрген белгілі адамдардың аты-жөндері өшпестей танбаланған. Олардың алды бұдан үш ғасыр бұрын күн кешсе, кейінгілеріне жүз жылдың о жақ бұ жағы. Үлкен жолдың бойында асқақтаған бұл белгілерді орнатқан, сауапты істің басы-қасында жүрген аяулы азаматтар Бейбіт пен Көбес те жарқылдаған кейпінде жалған фәниден өткен. Тоят етері— соңдарында қалған іздері сайрап жатыр. Құдайберген буын-буынын сыртылдатып, сергек түрегелді. Қиян қиырдан аспанға шаншылған мәшине жарығы ап-анық көрінген. «Жолға төсейтін қиыршық тас тасып жүрген «КамАЗ» болар...» Ынтыға құлақ түрді. Түнгі тыныштықты бұзған зор дауыс тым талып

естілгендей. Керісінше өткір жарығы көкті айғыздай түскен, бірде алқара аспанға атылып, енді бірде жоғалып кетіп, ілешала қайта байқалады. «Қой, төмен түсіп, мәшинемнің қасына барайын. Үйдегілер де әбден зарыққан шығар. Бәрінен бұрын Дәуапаның дегбірі кашканы анық. Қайдан білсін, мені бір ұшқалақ, кезбе біреу деп ойлауы да мүмкін. Мейлі, не ойласа да...» Тоқтай қалып, тағы да тың тыңдаған. Иек астында әкесінің ақ күмбезі бозарып шалынған. Күбірлеп, бетін сипады. «Шіркін, марқұм әкем болғанда бүйтіп сенделіп жүрмес ем. «Үшбейіттің» тура қай жерде екенін көрсетпей-ақ дәл айтып, түсіндіріп берер еді. Сөз жоқ!..»

Түн құшағын қақырата сөгіп, тілгілеген «КамАЗ»-дың жарығынан бұрын ыңыранған дауысы жеткен. Жер-жаһанды жаңғыртқан зор дауыс тақаған сайын аса күркіреп естілген.

— Жалғыз болмады мыналарың. Үш-төртеу ме? Жарығы көп екен...

Осылайша елендеп тұрғанда, жын айдаған шайтандай жалғыз көзді мәшине тұмсығының астынан шыға келді. Әп дегенде таныған. Салдырлақ «Москвичтен» лып етіп түскен жаңғалақ Сағатбек:

— Немене, Қобай аға, бұзылып тұрсыз ба? Әлгі ұзынтұра рыбназор екен деп зәреміздің ұшқаны.— Екі қолын бірдей қалбалактата, ыскырып жіберді.— Тез, түсіндер. Итеріп қыздырып жіберейік.

— Бензинім таусылып қалып... Әншейінде ағылып жататын бірде-бір доңғалақ өтпей, діңкелетті емес пе?! Кә-не, көп емес, жарты шелектей, құйып жіберші...

— Қаз-і-ір, қатырамыз,— деді ол дабырлай маңайындағыларға бұйрық беріп.— Артқы орындықтың үстіндегі конистерді әкелші. Жаңа жолай малды ауылға, сіздің үйге сокқанбыз.

— И-ә... Аман-есен бе?..

— Тыныш секілді. «Екі күн болды, неге бөгеліп жатқаның. Бәрінен бұрын қонақтары алаңдап отыр» деген-ді Мейрамқұл жеңгей. Жаяу-ақ тартып кетпедіңіз бе?

— Сөйткенім дұрыс еді. Қайдан білейін,— деді Қобай мәшинесіне от алдырып жатып.— Өздерің ептеп бірдене... балық-малық ала алдыңдар ма?

— Аз-маз. Тура жағалауға, «Тасүйгендегі» балықшыларға барып келеміз. Сүзекіге ілінгенін пышак үстінен бөліп алдық. Бүлдіріп алмай, ертелетіп Үштөбенің базарына жеткізсек. Әйтпесе, күн ыстық... шыдамайды. Бұзылып кетеді. Ұрлап-

жырлап тапқан талғажау нәпакамыздың өзін әлгі ұзынтұра канқақсатып, аузымыздан жырып алып қалады. Мәшинеміздің бір көзін әдейі сөндіріп тастадык. Ауыл арасында жүрген мотоцикл деп қалсын... Аһ, пәлем!..

– Жарайды, жолдарың болсын. Рахмет! Бірденеге ұрынып қалмаңдар далбалақтап жүріп.

Ол еріксіз мырсылдаған. «Заманың түлкі болса, тазы бопшал» деген осы.

Жаңғалақ Сағатбек пен серіктері де өздерінше мәз. «Ұзынтұра қашанғы аңдысын. Баяғыдан бері өстіп жер қаптыру керек еді».

6

Үйреншікті әдетімен мәшинесін аулаға кіргізбей, қора сыртындағы алаңқайға «доғарып», жазғы сарайдағы кереуетке қисая кеткен Құдайберген қатты айғайлап шошып ояңған. «Бис-милла-ни-р раһманир раһ-им!..» Ұйқылы-ояу көзі-басын укалап, екінші бүйіріне аунап түскен. Қансорпасы шығып, борша-борша терге шомылып жатқанын енді ғана байқағандай. Құс жастығы малмандай, сығып аларлық. Денесі тітіркене көзін сығырайтты. Түн түнлігі әлдеқашан түрілгенге ұқсайды. Айқара ашылған сыртқы есіктің табалдырығында шүпір-шүпір шөже торғайлар тынымсыз шиқылдайды. Бірі кіріп, бірі шығып жүр. Қызыл арайға боянып көрінген күн кірпіктері жаңадан қылтия бастапты. Өз-өзірде әйелінің бас сұғып шыққанын шынымен-ақ сезбеген. Есікті әдейі шалқасынан ашып кеткен ғой. Сарай іші таң атпай қапырық. Күн-ұзақ шыжғырып қақтаған жалаң қанылтыр шатырдың ыстық табы ап-анық аңғарылады. «Далбаса көленке. Түн ортасында үйдегілерді оятып, босқа мазаламайын» деп амалсыздан жата салып еді. Сиыр сауып жүрген Мейрамкүлдің жөткірініп, әлденеге дыбыстағаны әлсін-әлсін естіліп қалады. «Қой тұрайын...». Басын көтере қайтадан шалқалай түзеліп жатты. Тұла бойы сал басқандай, көтертпейді. Салпаң-салпаң жүріс әбден қалжыратып тастапты. Жылы төсекте бөгеген әлгінде көріп жатқан түсі. Күлпаршасы шыққан әдемі суретті шамасы келгенше есіне түсірген-ді...

«Күдды өнімдегідей. Балықшының түсіне балық пен ау кіредінің кері. Күндіз не ойласан, түнде түсінде соны көрерсің дегендей, соңғы екі-үш тәуліктен бері зыр қағып, андамұнда шапқылағаннан болар, «Сегізінші марттың» түбіндегі

«Үшбейітті» аралап жүрміз. Жол бастаушы жылқышы шал—өзіміздің Сәдуақас нағашым. Ойпырмай, бәз-баяғы өзгермеген қалпы. Астында тебеген жирен қасқасы. Алдымызда жор-таңдап, аттылы кісінің бойын жасырар ну нар қамысты қақ айырып, алға тартып келеді. Өзі самбырлап сөйлейтін секілді. «Мен сендерге Үшбейіттің дәл қай жерде екенін көрсетіп беремін...» Енді бір мезет жап-жаланап сұрықсыз шоқалақ төбенің етегінде бой көтерген төрт құлақты, шикі кірпіштен өрілген ескі зираттың басында тізерлеп құран оқып отыр. Жанында Дәуапа мен немересі Қадыржан, басқа да бейтаныс үш-төрт адам. Алақандарын жайып шоқиғандардың сапынан әкемнің құрдасы Мұқанғалиды байқағандаймын. Бір қызығы, Дәуапаның қос жанары жарқырап, манайын анық көретіндей, ал Мұханның екі қолы да сап-сау, алақандарымен бет-аузын емін-еркін сипалаған. Артынша әп-әдемі көрініс ізім-қайым жоғалып, шашын кобырайтып жайып жіберген Дәуапа беті ауған бағытқа лағып, сүріне-қабына жүгіре жөнелген. Енесін іздеген ботадай боздап, аһ ұрған қарлығынқы, тарғыл даусы құлағымның түбінде ызылдап тұрғандай. «Шынымен-ақ, сендерді жер жұтты ма, өрт шалды ма? Қайда жоғалдыңдар? Мәңгі өшкендерің бе? Мүмкін емес... Сендер барсындар... Иә, осы маңда... Жаным, Апа!.. Көкешім менің!.. Өмір-бе-к!.. Менен күдер үзіп, мүлдем ұмытқандарың ба?..» Сай-сүйегімізді егілткен жыңды кемпірдің алба-жұлба бейнесі әп-сәтте тұлымшағы желбіреген, үлбіреген қызға айналғандай. Дәуапаның түп-тура сегіз-тоғыз жасар кезі сияқты. Құшағы сап-сары бақбақ гүлдеріне толы. Бейкүнә сәби мамыражай, өзі сақ-сақ күледі. Іле-шала қалың қамыстың арасынан айғайлап шыға келгендей. Не істерімізді білмей, ағыл-тегіл еңіреген біз оның соңынан қуалап, өре жүгірдік. «Табамыз! Табамыз!..» деп өз даусымнан шошып оянсам, әйтеуір түсім болғаны қандай жақсы. Қуанып кеттім...»

Құдайберген бар жайды айрықша толқыныспен жеткізген. Бір суынып, бір қызынып алабұртқан сезімін оңайшылықпен баса алсайшы. Күн қағып тотыққан тұла бойы бұрынғыдан бетер қап-қара боп күйіп кетіпті. Екі қолын иықтарына дейін кезек-кезек батырып, басы-мойнын астауша сенгелте жаңа ғана толтырылған тастай суға көміп-көміп жуынды. Әлгіндегі пәстеу ұнжырғасы бірте-бірте сергігендей.

— Мен білсем құдіретті күшті Алла тағаланың аяны, бұл, — деді серпілген күйде.— Сәдуақас атам түсіме текке еңбеген тәрізді.

– Көзің қызарып кетіпті,— деді Мейрамкүл таңырқай үніле.

– Қатты ұйықтағандікі шығар. Әлде жылағаннан ба?

– Сонда, немене, кәдімгідей жыладың ба?

– Саған айтып тұрмын ғой. Қатты шошып, жылап ояндым деп...

– Рас. Қобай-ау, кешеден бері мен де біртүрлі әбіржіп. аландай бастадым.

– Неғып?.. Жайшылық па?..

– Тыныш, бәрі де жақсы.— Мейрамкүл қолындағы сиыр сауып келе жатқан ақ шелегін сәкі көленкесіндегі ұзыншалау тақтай үстелге қойып, сыбырлай әңгімесін одан әрі сабақтаған.— Түн ауғанша бізбен бірге шоқиып осы жерде отырды. «Жатып, тыныға беріңіз» дегеніме көнбеді. Күте-күте шаршаған соң, жаңа бір әзірде ғана қисайдық бәріміз де. Айтпақшы, Заңғар кеше жоғалған Найзакүренді «Жыландының» арғы бетінен тауып әкелді. Құлынымен бірге жайылып жүрген көрінеді. Өзің не тындырдың? «Үшбейітті» білетіндер бар ма екен? Егер нақты қай жер екенін таба алмасаң қайтпексің? Ұят боп жүрмей ме? Жер түбінен арып-ашып, зарығып келгенде...

– Ой-бой, алаңғасар анқауым менің! Мына сайын далада не көп— төбе көп?! «Сегізінші марттың» маңындағы жыпырлаған сол шокалақтардың біріне тізе бүктіріп, алақан сипата саламын да. Онсыз да көріп жатқан Дәуапа жоқ.

– Қой-шы-и... Қайдағыны шығармай. Ақырын сөйле. біреу-міреу естіп қалса... Әзілінді басқаша жорыр...

– Қалжыңдап жатқаным емес пе.— Емен-жарқын жайрандаған Құдайберген көңілін мазалаған күпті ойлардан таза арылған кейіпте, төңірегіне маңғаздана жанар жүгіртті.— Мұқанғали ақсақал да Дәуапаның өзі айтқан Үлкен Қарасудың қабағын меңзеп отыр. Ал Сәдуақас нағашым түсіме беркер кірмеді. Қа-й-да бая-ғы-да бала кезімде колхоздың жылқысын бағып жүргенімізде әрегідік «Сегізінші марттың» тұсынан желе-жортып өткенімізде, ұдайы атынын басын Қарасуға бұратын. Ойымда ештеңе жоқ, алаңсыз ілгері аяндай беремін. Соңымнан тарпылдатып қуып жеткен ол артық-ауыс тіс жармайды. Ыңылдап өз әуеніне басады. Ылғи сол әдеті. Тағы бірде балалық әуестік қысып Қарасудың маңынан бұрылған бетте, атымды жол жиегіне тұсап қойып, сонынан бұқпалай әдейі андыдым. «Дәрет сындырып жүрген болар. Менен несіне қысылады, осы?..» Жоқ, мүлдем кателесіппін. Сездірмей,

таяк тастам жерге тақап барғанда өн-бойым шымырлап қоя берді. Ит тұмсығы батпайтын копа-камыстың арасында, жентек-жентек қасат қардың үстінде Сәдуақас атам малдас құрып алған күйі, қаннен-қаперсіз құранды азынатып отыр. Жарықтық шалым, өзі де әдемі әнші болатын. Құран оқығандағы дауысы одан бетер күдіреттеніп, ғажайып әсерлі естілген-ді. Біліп қоймасын деп ол құнжыңдап жатқанда-ақ кейін зыттым. Әйтеуір жылқышы нағашым менің «разведкамды» еш сезбеді, кейін де күдіктенбеді. Дегбірім таусылған бірде осы жайды шешеме айтқанымда «Балам, бұдан былай аузыңды ашпа. Сәдуақас атан— коммунист емес пе. Ал коммунистке құран оқуға болмайды. Соттатып жібереді» деп қатты ескерткен-ді. Содан бері қаншама жыл. Заман да өзгерген, адам да өзгерген, өмір де өзгерген.

— Иә. Шіркін, сол жерді барып көрсен...

— Өзім де ойлап отыр ем. Әзірше Мейрамкүл, сен үндеме. Қазір Дәуапаның жүрегін сабасына түсіріп, ешкімге білдірмей Қарасуға төтелей атпен-ақ барып келейін. Құдай сәтін салар... Кім біледі?!

— Сөйтші... тездетші...

7

— Занғар, Занғар?.. Мұнда келші.

— Не болды, сонша айғайлап?!

— Болсаңшы енді. Мына бір жерде ілулі тұрушы еді. Жок қой,— деді Жаксылық миңгірлей күбірлеп, айтқан бетте жетіп келе қоймаған інісіне кейіңкіреп.— Кімнің алғанын көрдің бе?

— О не?

— Қол ара. Кәдімгі ара ше? Қарамаған жерім жоқ. Іздеп таба алсамшы...

— Көзінді ашып, дұрыстап қарасаңшы. Бы-лай, бүйт-іп.— Қасына өңмеңдей тақаған Занғар ұмар-жұмар үйіліп, шашылып жатқан темір-терсектің арасынан сопаң еткізіп темір сапты араны суырып алып, қолына ұстатқан.— Маңдайындағы екі тесік не өзі? Көз бе, без бе?..

— Қайдан білейін, сендердің өстіп қалай болса, солай лақтырып тастайтындарыңды?— Ұялған тек тұрманың әуеніне басқан Жаксылық қарсы шабуылға көшті.— Көз-мөз дейсін. Келген сайын аядай МТМ-ның іші-сыртын тап-тұйнақтай етіп жинап кетем. Бір апта өтпей жын-ойнағын шығарасын.

Ойпырмай, сонда не істейсін? Қойған нәрсенді, қойған за-
тынды өз орнынан таппайсың-ау? Бәрін бүлдіретін... сенен
басқа кім болушы еді. Әкем мен шешем өз шаруаларымен,
танауларынан шаншылап жүргені. Ана-у кішкентайлар ше-
берхана маңына жоламайды...

— Әй, пысығым-ай, бізден басқа тағы біреудің барын
ұмыттын.— Заңғар мысқылдай күлген.— Их-их...

Тұрған жерінде қакқан қазықтай қалшиып, ойланып қал-
ған Жаксылық:

— Сен де қызык екенсін. Ринатты айтасын ба? Ертелі-
кеш қой соында емес пе?

— Нағыз кірпікшешеннің өзі. Темір-терсекті тынымсыз
тінтілеп жүргені. Жарайды, қойшы бөстеки әнгімені. Қол
арамен не істемексін?

— Шынымен естімедің бе? Папам ештене айтқан жоқ
па?— Таңырқаған кейіпте бауырынын жүзіне одырая қара-
ған Жаксылық, оны ымдап өзіне жақындата құлағына сыбыр-
лады.— Таңертең «Үшбейітке» барамыз. «Тездетіп жеті-сегіз
қанат шарбақ жасап қойыңдар. Қараталдын жағасынан ба.
әлде қашықсынбасандар «Талдықайырлан» жеделдетіп бір
арбадай сәмбі тал қиып әкеліндер» деп тапсырып кетті көкем.
Ескі қорғанның басын қарайтып қоршамақ. Зираттың дәл қай
жерде екенін тапқан сияқты. Тракторды арлы-берлі салдыр-
латпай-ақ түйе арбамен барып келсек қайтеді.

— Мейлі. Өткір айбалтаны алмаймыз ба? Жаландап қыл-
пып тұр. Меніңше арадан гөрі... балта дұрыстау...

— Артықтық етпес, бәрін де арбаға сала сал.

Бакыртып, боздатып қара інгенді ырдуан арбаға жегіп
жатқан ұлдардың жанына үркектей, мысықтабандап жақын-
даған Қадыржан:

— Қайда барасыңдар,— деді ешнәрседен бейхабар
сыңайда.

— Бері тақасаңшы. Немене, өзің қорқып тұрғаннан
саумысың?— Заңғар жымындап, аузы-басы көбіктеніп,
жынын шашқан қара түйенің қалың шудасын тарағыштай
сипалаған.

— Талшыбық қиып әкелеміз. Бізбен бірге барасын ба?—
деді Жаксылық қосарлана.

— Әжем іздей қоймас. Барамын, егер ертсендер. Онсыз
да жата-жата ішім пысты.

— Ендеше, көн-е, түйенің үстіне Заңғар екеуің отырыңдар.
Көзі шарасынан шыққан ол:

— Қалай?— деген дір-дір етіп.— Ана жерге Заңғар екеуіміз сыямыз ба?

— И-и... Сомадай боп... Бұған дейін түйеге мініп көрмесең, қазір көресің. «Жигулиңнен» он есе артық. Жүп-жұмсақ, үлпілдеген өркешінен мықтап ұстап отырсаң болды. Мінеки, была-й...— Дабырлай сөйлей жүріп қос өркештің арасына лып етіп қонжиған Заңғар қолын созды.— Мұнынды біреу-міреу естіп жүрмесін. Ұят-ты... Қазак түйеден қорқушы ма еді... Ә-ә!.. Әкелші қолынды. Жаксылық, күйрығынан бірдене ғып көтеріп жіберші...

Намысқа булыққан Қадыржан екі өркештің ортасына әйтүп-бүйтіп, қалай жайғасқанын да аңғармады. Әп-сәтте бойы да, көнілі де өскендей. Әуелгі үрейленгеніне қатты қысылған. Сөйтсе де ыңғайсызданған күйін ағайынды тетелестеріне сездіргісі жоқ. Шоқиып отырған баланың тұрқындай тіп-тік өркешті қызықтап, төңірегіне ынтыға жанар жүгірткен. Мәз. Алшаң-алшан басқан ойсылқара жол жиегіндегі жыпырлаған теріскен мен алаботаның басын шалып, онтайлы мезетте қызыл шенгелдің ара-арасына үйелеген шырмауық үпелектерін бұрқыратып, сүйіріктей-сүйіріктей собықтардың аузына ілінгенін тілімен сыпырып келеді. Бөгелісі жиілей берген соң арбада отырған Жақсылық ұзын бишігін сипалай сілтеп, «Аһ, шүү!.. Көне!..» деп әлсін-әлсін дабыстап қояды. Ынырана, бұркылдай боздаған қара түйе әрегідік қос бүйіріне кезек теңселіп, қалбаң-қалбаң желісіне басады-ай! Оның көз алдына теледидардан талай мәрте қызыға тамашалаған араб түйелерінің жарысы көлбеңдеді. Бір өзгешелігі бәйгеге құмарлана қосылатындардың дені жалғыз өркешті нарлар. Әрине, олардың сыртқы пошымы өзі отырған мынау жарау алыптан әлдеқайда әлжуаз. Селдір-селдір, ойдым-ойдым, шок-шок тал-терек пен жынғыл-жиде өзара ұйысып, біртіндеп жыныс тоғайға айналған. Көне сүрлеу бұраландап орман ішін ара-лап, алға тартқан. Іле-шала жап-жасыл шалғынды алаңқай көрінген.

— Одан әрі ұзамай-ақ қояйық,— деді арбадан ылдым-жылдым секіріп түскен Жақсылық.— Нағыз шарбаққа лайық балауса шыбықтар. Тұнып тұр емес пе. Солқылдатып қия бермейміз бе? Рәсуә етпей, үй орнындай жерін ғана жығайық. Түп-түзу әрі аса сидамдау емес.

— Өзен бе? Қаратал осы ма?— Үйелеген денесін тіктей, түсуге ыңғайланған Қадыржан жалт-жұлт шалынған көгілдір зерлі көкжиекті иегімен меззеген.

Заңғар мен Жаксылық жарыса тіл қатқан:

– Иә. Біздің Қараталымыз осы! Өзін балықшылар кемесімен жүзіп өткен Балқашқа барып кұяды.

– Күндіз-түні бір тынбай ағып жатады, ағып жатады. Неше ықылым заманнан бері... Қаншама ғасыр. Нағыз өмір өзегі...

– Сонда Қараталдың басы қай жерден басталады?— деді Қадыржан кемерлі жағалауға назарын аударып.

– Үштөбенің ар жағынан, Талдықорғаннан асып, со-о-н-ау Текелінің тауларынан— Жонғар Алатауының мәңгі мұз құрсаулаған акбас шыңдарынан басталатын көрінеді. Мын бұралған оның ұзындығы төрт жүз шақырымдай...

– Охо-о!.. Қандай үлкен өзен?..

– Сен, Қадыржан, өзін барып Қараталды тамашалап, көріп кел. Біз Заңғар екеуіміз тездетіп шаруаны бітіріп тастайық. Бірақ байқа! Жағалаудың тіп-тік кабақтарын майда толқындар үнгіп, мүжіп ағып жатыр. Абайламасаң қиын. жарқабақ опырылып кетуі мүмкін...

... Бір арба талшыбық пен сәмбі талды алып келген балалар ырғалып-жырғалмай біраз шарбақты әлемілеп өріп тастаған. Шамасы жеті-сегіз қанат. Талай жерге жетеді. Әр шарбақтың ара-арасын бекітетін қазық-тұғырларды жасауды да ұмытпаған. Құдайберген олардың бәрін қаттатқызып, мәшинесінің тіркемесіне рет-ретімен жинатты.

– Жарайсындар, қолғанаттарым!— деді риза пейілде.— Ертең сендерді маңызды жұмыстар күтіп тұр. «Үшбейітке» барамыз. Сәтін салса Дәуапаларынды қуантатын күн...

– Шіркін, менің Әжемнің ғұмыр бойғы арманы мен тілегі орындалса екен,— деді Қадыржан масаттана.

Айрықша бал-бұл жанған Жаксылық пен Заңғардың жүздерінен де бөлекше бір қуаныштың белгісі атойлап тұрғандай...

8

Дөңгеленген дүниенің тіршілік-тынысын жапан даладағы жалғыз үйдің тұрғындары да қалт жібермейді-ау. Әсіресе. кешкі астарын апыл-ғұпыл ішкен кішкентайлар үлкендермен жағаласып, көк жәшіктің алдын бермейді. Жәй әншейін жайғаспай, біресе ана арнаға, біресе мына арнаға бұрап теледидардың құлағына дамыл жоқ. Дыр-дыр... Қыр-қыр... Баламысың деген, өзара тіл табыса алмай шекісіп те қалады. Аз

уақыттың ішінде теледидар текетіресіне де еті үйренгендей. Кей күндері біреулері «түрік сериалдарын тамашалайық» десе, ересектер жағы ел жаналықтарын, әлемдегі оқиғаларды естіп-көргісі келеді. Осы бір егесті мезетті күткендей Меңзипа шешей табалдырықтан самбырлай аттады.

— Мыналарыңда не боп жатыр? Кішкене тындайық... Кеше Әмірикада катты нөсер жауып, кара дауыл соқты деді ме, осы? Айтысына карағанда, мындаған үйлердің шатырларын жұлып әкетіпті, ал мұхиттың жағалауындағы үйлерді топан су басып қалыпты... Әприканың бір елінде адамдар аштан қырылып жатқан көрінеді. Айтпақшы, патшамыз тағы да пенсианы өсіреміз деді ме?..

Қоғадай жапырылған бүлдіршіндер бірін-бірі ығыстыра, орындарынан өре түрегелген:

— Дәуапам келе жатыр. Кә-не, орын берсейші...

— Міне, мына жерге отырыңыз.

— Дәуапа, төсекке ме, жоқ әлде орындыққа отырып көресіз бе? Жүріңіз бері карай...

— Өй, айналайындар! Өздерің дүрлікпей көре беріндерші. Мен мына бір төсектің шетіне құйрық басып, сөзін тындасам жетеді. Әлгі қазақша жаңалықтарыңа қойшы.— Төңірегін сипалаған ол өз ыңғайына карай, кисая тізе бүкті.— Құдайберген мал жайғап жүр ме? Танертен ертерек қозғаламыз деді ме?.. Қадыржан-ау, сен қайдасың? Осындамысың? Телебезірінді қайтесің, демалшы күнім.

— Иә, апа. Қазір бәріміз де ерте жатып, тынығамыз,— деді жанарын теледидардан айырмаған Құдайберген.— Күн шықпай қимылдамаса болмайды. Ыстықта әбігерге түспейік. Қиналып қаламыз... Ей, мынаның қулығын көремісіндер, ө-не көзін судан шығарып, сүзіле сығалауын карашы. Апырай, бейкам бишараны айласын асырып суға жұлқып түсіреді. Сосын... тура жаңағыдай жалмайды. Мұндай да керемет болады екен-ай! Егер мен өз көзіммен көрмесем, ешкімге сенбес едім!..

— О-не,.. карағым,— деген түгіне түсінбеген қалыпта.

— Крокодил ғой, апа. Зебраны жеп жатыр.

— Крокодил дегендерің, әлгі өзендерде, мұхиттарда жүретін алып айдаһар ма?

— Иә, Дәуапа дұрыс айтасыз. Қолтырауын!— деді аң-тан кейіпте таңдайын тақылдатқан Құдайберген.— Өзінің ұзындығы алты-жеті метрдей. «Хайуанаттар әлемі» деген телехабардан небір сұмдықтарды, адам айтса сенгісіз қызықты оқиғаларды

жиі көрсетеді. Апа десе, апа, жаңағы қолтырауының адамнан да айлакер. Шөлдеп су ішуге келген аша тұяқты жануарларды, сондай-ақ зебралар мен буйволдарды аңдиды екен. Каталап, өнмендеп суға құлаған жолақ түсті жылқыларды су астымен сездірмей жүзіп келіп, ұзын құйрығымен соғып жалп еткізеді. Есеңгіреп тыпырлаған зебраны алқымынан араға ұқсас тұмсығымен қылқындырып өлтіреді де, біртіндеп саумалап жұтып, жәукемдейді. Таңғажайып-ақ нәрсе...

– Тү-у, пәле десеңші.

– Е-е, карағым-ай!.. Кім зор— сол дөкей. Әлсізді әлі жеткен жұтады. Баяғыда, осы өзіміздің «Сегізінші мартта» болған оқиға күні кешегідей есімде. Шешем екеуіміз тамашалардык. Қарасудың бойын жағалап сексеуіл томарларын жинап жүргенбіз. Кенет айдалада анам қолымнан тастай ұстап алып, ымдап әлденені көрсетті. Шошып кетсем керек, ә дегенде ештеңені аңғармадым. «Қарсы алдындағы қоянды көрдің бе?..» Сонда ғана барып анық байқадым. Тыпырлауға мұршасы қалмаған салпаңқұлағын жәутендеп жуандығы білектей кара сұр жыланнның арбауына түсіп қалыпты. Тура көз алдымызда екі-үш мәрте мойнын қаздита, окша атылған жыланның өз құрбандығын қалай қылғытқанын тіптен түсінбедім. Алды-артыма карамай анамды дедектетіп, үйге жеткенше асықтым. Оның жанында мына пәленнің құлқыны жаман екен... Жалмауыз десеңші...

– Айтпаңыз. Нағыз жалмауыз, нағыз жыртқыш. Кәне, балақайлар, демалайық. Бұл көк жәшігің өмірі шаршамас. Біз таңертен күндегіден гөрі ертерек оянамыз. Қазір түн қысқа. Жаксылық, Заңғар, сендер де ұйықтап қалмандар.

Әкелерінің бұйрығымен орындарынан ұшып-ұшып түрегеліскен олар Қадыржанның бетіне қулана караған. Не айтпағын сезе қойған ол жымындай тіл қатты:

– Менен қорықпандар. Дыбыс берсеңдер болды, атып тұрам.

Теледидар көріп отырып, әбден қалжыраған Өрісім мен Балауса әлдеқашан пысылдап, ұйықтап қалған.

«...Құдашымдікі дұрыс. Күн жанбай жетіп алайық...» Мызғып-ақ кеткен секілді еді. Жок. Ояу жатыр. Бірақ түннің қай мезгілі екенін жыға айыра алмаған. Меніреу тыныштықты бұзғысы келмеген Мензипа шешей ежелгі ғадетінше ішінен күбірледі. «Е, жаратқан ием, өзіннің мейірімді шапағатыңның арқасында тағы бір күнді аман-сау өткіздім. Енді міне, түн болды. Осы түнімді, келер күндерімді аман-сау өткізуді

бұйырта гөр. Өзіңе мың мәрте құлдық. Бергеніңе шүкір, мың күнәма бір тәубе!..» Әншейінде еш қобалжуды білмейтін кәрі жүрегі тыпыршып тулағандай. «Қүдіреті күшті Алла, ниетімді кабыл қыла гөр!..»

– Әже, әже!.. Неғып сөйлеп жатырсыз?

– Ө-өй, күнім, өзін кірпік ілмегеннен саумысың?!

– Катты ұйықтап қаппын. Әлгінде ғана оянып кетіп,— деді Қадыржан басын көтере сөйлеп.— Сіз бірдеңе деп күбірлеп жатыр екенсіз. Қобай аға да тұрған секілді. Сыртта... даусы шығады.

– Қой, онда күнім... Біз де тұрайық. Жата-жата жамбасым тесілді. «Ерте оянғанның— бір ісі артық».

Рас. Балаларының ұйқысын кимаған Құдайберген кешкілік оны-мұнымен тас-түйін тығындап, тиеп қойған тіркемесін «Уазигіне» мықтап бекіткен. Доңғалақтарды бір-бір теуіп тексерген. Мәшинесінің о жак, бұ жағына бүкшендеп жүрген қалпы:

– Пәлі, Қадыржан-ау, өзін ұзақ танға көз шырымын да алмағансың ба?— деді күлімдеп.— Ана жүгірмектерден әлі сыбыс жоқ. Серейіп ұйықтап жатыр. Қазір өздері де тұрып қалар... Ох-о, Дәуапам да... Ертерек жылжиық десем, сіздер тіпті түн ортасы болмай, тұрып кетіпсіздер ғой.

– Аландап, жүрегім толқып жата алсамшы.

– Дұрыс, бәрі жөн. Түсінемін ойыңызды да, жаныңызды да... Бір-екі шыны шайымызды ішейік те, көп бөгелмей қозғала берейік. Қадыржан, сен Заңғар мен Жаксылықты оятшы...

– Ой, жаным Мейрамқұлді мазаламашы. Жалғыз өзіне киын-ак. Ең құрығанда, ұйқысын кандырсын.

Шыр-пыр болған кейуананың сөзін әзілге айналдырған қожайын:

– Дәуапа, құдайшылығын айтыңызшы. Келінііздің мұрны қанайтын бұ жерде пәлендей шаруа жоқ. Таза ауа, таза тамақ дегендей. Қалын тоғайдың арасы, нағыз курорт емес пе?! Бозторғайдан бұрын оянатын келінііз шәугім-шәйнегін ызылдатып, күтіп отыр. Жүрініз. Қанша асықсақ та жүрек жалғауымыз керек. Ә-не, балалар да жуынып-шайынып жолға әзірленіп жатқан сияқты.

... Екі-үш кесе ыстық суларын ішкен үлкендер ертеңгі дұғаларын оқып, тілектерін айтып мәшинаға жайғаса бастады.

– Е-е... Құдайым, оң жолына сала гөр!— Меңзипа шешей осынау сөзді әлденеше мәрте дауыстап та, іштей күбірлеп те қайталаған.

– Цемент пен су құйылған үлкен темір бөшкені салдыңдар ма?– деді тіркемеге бастырған шарбақтарды түгендеп.

– Балта-күректі алдым. Папа, кетпеннің не қажеті бар?– деген Жаксылық су құйылған әйдік бөшкені мықшындап көтеріп жатыр. – Мына бір қап құмды неменеге тиедің?..

– Құмы несі!.. Өйбүй, әлгі Заңғардың істеп жүргені шығар. Дерету түсіріп тастандар. О несі... «Сегізінші марттан шағыл құм табылмайтындай. Иен құмның ортасы емес пе? Артықтығы жоқ, қайта, үш-төрт шелек қиыршық тас алындаршы...

Құдайбергеннің «қиыршық тас» дегенінен есіне түсті ме, мәшиненің алдыңғы орындығына әйтіп-бүйтіп отырып жатқан үлкен кісі:

– Тарс ұмытып кетіппін-ау!– деді өзіне-өзі кейісті үнмен. – Әй, алжасқан мені қойшы, осы!

– Не боп қалды, әже?

Қадыржанның дәл желкесінен естілген даусын күтпеген қалпында:

– Көктасты айтам да,– деді немересіне бұрылып. – Күнім, сен өзің әбден жайғасып алыпсың ғой. Жаксылықтар қайда жүр?..

– Әже, оларды қайтейін деп едіңіз? Көктасты бағана өдемілеп орап, тіркеменің бір бұрышына қозғалмайтындай етіп таңып тастағанбыз. Бостан-босқа аландамай, тыныш отыршы...

– Бә-с-е!.. Ақылдарыңнан айналдым! Соңғы құрметіміз бен парымыз емес пе. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегенді бабаларың бекер айтпаған...

– Дұрыс! Ал құдайым сәтін салса қозғалдық. Алдыңыздағы тұтқадан мықтап ұстап алыңыз. Жол-жөнекей өзіңіз танитын жер-су аттарын айтып отырам. Жарай ма? Екі ұлды атпен жібердім, құмды асып түседі. «Батырбектің» аузында тоқайласпақпыз. Одан әрі жаяулап-жалпылап жүретін шығармыз. Жол жоқ. Қалың шеңгел мен жиде-тал басып кетіпті. Оның үстіне Үлкен Қарасудың етегін бір кездері қатты тасқын ондырмай орып-орып, жалғыз аяқ сокпақтың итін шығарып тастапты. Оқасы жоқ, шамамен жарты шақырымдай. Бәлкім сәл артықтау. Қазір жолдан Құрақбай деген сиыршы досымды ала кетеміз. Кеше сөйлесіп, уағдаласып қойғам. Молдалығы бар. Тақуа, пірөдар. Құранды сауатты әрі сондай нәшіне келтіріп, сай-сүйегінді езілтіп оқиды. Шүкір, соңғы кездері «Субхәнәке мен Құлһууа Аллаһты» екінің бірі қайыратын

болды. Сөйтсе де Құрақбай секілді баппен оқитындар некен-саяк. Біздердікі әйтеуір, «Ит жок жерде шошқа үредінің» кебі. Кән-і, Дәуапа киналмасаныз жол жиегіне тоқтайын. Әруак аттағандай болмайық, Аркабай әулие мен Тілеуғұл батыр, міне, тура осы жерде... көп алыс емес... жатыр. Рухтарына арнап дұғанызды окисыз ғой...

Қалың шағыл құмнан ыныранып көтеріле, күре жолға бұрылып барып, екпінін тежеген «Уазигінің» моторын өшірген Құдайберген түсе сала есікті сыртынан ашты.

— Ауылына тиіп түр екен ғой өзі. Жатқан жерлері жайлы боп, сонындағы ұрпақтарына амандық бергей. Елімізде тыныштық болсын. Қилы-килы заманды бастан өткізген қазағымның ендігі азаттығы ұзағынан болғай!..

— Әумин!

Әрқайсысы іштей күбірлеп, беттерін сипаған.

Ананың ақ тілегі жүректерге мейірім мен ізгілік шуағын шашқандай. Арайлап атып келе жатқан аппақ таңның шапағына ұласқандай.

Жол апшысын қуырған жеңіл мәшине қалыпты өуенінен жаңылып, әлсін-әлсін «мөңкіп» қояды. Таңғы ауада үп етер леп байқалмайды. «Жаңа өндіріске» жетіңкіремей Нұрақбай құмын қиялай бөктерлеген «Уазик» кілт оңға бұрылды. Ежелгі дала сүрлеуінің сорабына түскен. Бұрылысы мен жықпыл-жықпылы көп ойқы-шойқы жол екі жағына бірдей шайқап мазаны кетірген. Қою кара шаң окта-текте тормозды тежесең аузы-басынды қауып, ішке лап қояды. Амалы— қашып құтылу. Бірақ мәшинені әлгіндегі тас жолдағыдай зырылда-тып, жүйткіте алмайсын. Ықылым уақыттан бері донғалақ ізі түспеген, арша-аршасы шығып тозған, тіпті кара жолдын табанына шейін мыртық тікенек шенгел басып кеткен. Адымыңды аштырмайды-ау. Шойқан-шойқаң жүрістен шаршаған, дінкелеген мәшинедегілерде үн жок. Әркім өз ойынын жетегінде.

— Жер де, жол да мүлдем тозып кетіпті,— деді тыныштықты бұзған Құдайберген қос қолын рульден босатпаған күйі.— Апа, біз қазір тура Нұрақбайдың бауырындағы «Қарабие» көлін жағалап келеміз. Сол жакта Кіші Акқұм мен Үлкен Акқұм қалып барады. Алдымызда Ахмет атаның жайлауы, сәл әріректе Мұқанның көлі мен Қызтекенің көлі. Одан соң «Балықты» мен «Шағалалы» көлдерін кесіп өтеміз. Заманында бұл жерлерде жағасын жасыл желек көмкерген, үйрек-казы жыртылып айырылған көздің аясындай жәудір көлдер

шалқып жатты дегенге кім сенеді? Сұлу табиғат та ажарынан айырылып өледі екен-ау?!

– Экология проблемасы болашақта бүкіл әлемді алаңдатыр сөзсіз. Бір кезде Арал дедік, полигон дедік. Оған улы заттар мен газды түтіндер шығаратын зауыт-фабрикалар қосылды. Енді міне, тұз бен сорға айналған әсем табиғатымыздың жантүршігерлік түрін қараңызшы. Адам аярлық-ақ, – деді үлкендерше сөз саптаған Қадыржан.

– Бәрін де бүлдіріп, құртатын адамдардың өздері. Әріге бармай-ақ осы маңда соңғы жиырма-отыз жылда не болғанын айтайын. Қараталдың жағасынан үлкен «Қамыс зауытын» ашты. Жұрттың сөзіне сенсек, Балқаштың үстімен ұшып бара жатқанда әлгі таз – Никита Хрушев қалың қамысты көріп, аузын ашып қалған көрінеді. Тездетіп бұл тегін жатқан қамыс пен құрақтың көзін құртып, тыңдағы салынып жатқан тұрғын үйлер мен мал қораларына құрылыс материалы ретінде пайдалануға бұйрық беріпті. Асығыстық, дарақылық... Құртуға, астан-кестенін шығарып бүлдіруге келгенде алдына жан салмайтындар ширек ғасырға жетпейтін уақыттың ішінде, ықылым заман найқалған нар қамыс тоғайының қылтанағын да қалдырмай жойып, ежелгі Көктеңізді – Балқашымды мүлдем жалаңаштап тастады емес пе. Ылғалды бірқалыпты ұстап тұратын қамыс жоғалған соң аң мен құс та жоғалды...

– Қарағым Құдаш! Айтысына қарағанда осы өңірде шалқып жататын телегей-төңіз сулардың дені суалып, қансып қалғанға ұқсайды. Ерте көктемде аттылы кісінің өзіне өткел бермей, жер-көкті шайып кетер енепат тасқынның болмағаны-ау, шамасы. Су кеткен соң, бәрі де кетеді, – деген Мензипа шешей қынжылған дауыспен. – Со-нау-у бір жылдары, атамзаманда ауылымызда мектеп болмағандықтан теңіздің жағасындағы Көпбірлікте ағайынның үйінде жатып оқыдық. Екі-үш аптада әкелеріміз атпен алып қайтады. Сондағы қалың нар қамыстың о шеті мен бұ шетіне көзін жетпейтін. Биіктігінің өзі керемет, аттылы адаммен бірдей. Нағыз жолбарыс жортқан қамыс тоғайы еді. Бәрін де ұғып отырмын. Қанын қалай қайнамас, жүрегің қалай сыздамас? Қазақ жерін ойран-тойпанның алаңына айналдырып, аштықты қолдан ұйымдастырған, сайын даласын атом бомбасын сынайтын полигондарға айналдырған, жоспар-жоспар деп Арал мен Балқашты көз алдымызда жәутендеткен, кейінгі ұрпағымызды мөңгүрттендірген кенес өкіметіне өкпе-бауырымыз езіліп, өбектеумен күн кешкеніміз жасырын емес. Алданыппыз, адасып-

пыз. Амал нешік, кеш білдік. Құдайға шүкір, есімізді енді жиып, етек-жеңімізді енді жинап жатырмыз. Тек ұзағынан болғай!.. Менің тағдырымды сендердің бастарыңа бермесін, қарақтарым. Айтпақшы, Құдаш, мен білсем дәл қазір Мәшімбайдың қыстауынан өтіп барамыз ба? Ә-ә?.. Біршама жер айналған сияқтымыз.

Жөн сұрасып, сәлем бергеннен артық ауыз ашпаған Құракбай шыдамаған. Бүйір әйнектен тесіле үніліп:

— Апам жол бедерлерін айна-катесіз ажыратып отыр, — деді таңдайын тақылдата. — Неше жылдан кейін келіп тұрсыз?

Ескі сүрлеудің борпылдақ май топырағын бұрқырата ызғытып жүйткіген мәшине табан астынан «тулаған». Ілкі мезеттік үнсіздіктің күл паршасын шығарған жәйтті ешкім аңғармаған деп ойлағанынша болмады. Желкесінен еміне ентелей түскен Қадыржан:

— Жанағы жатқан жылан ба, жыңғыл ма, Қобай аға! — деді.

— Е, сен де байқаған екенсің. Қылпуын алыстан-ақ шалғам. Бірақ тақағанша мелшиіп, қыбырламаған секілді. Әуелде мен де ағаш екен дегем. Сөйтсем жылан екен. Басып кете жаздадым.

— Аға, ә-не, қараңызшы... Черепаха! Алдыңызда тасбақа кетіп барады.

— Көріп келемін, — деді Құдайберген алдына сүзіле жанар жүгіртіп. Мәшинесін ақырын-ақырын тежеген. — Мен бұл тасбаканы алып алайын. Адалыма апарып берейін. Біраз күн ермек етсін. Былтырдан бері біздің жакта қатты қуаңшылық боп тұр. Құмдағы жыландар мен тасбақалар төменге түседі, теңіз жағасына таман жылжиды. Күздігіні барып бір-ақ кері жөңкіледі-ай. Жыландар көші көліктерді жүргізбейді...

— Сұмдық-ай! Тірі мақұлық біткеннің өз құпиясы, өз жұмбағы толып жатыр. Біздің бала кезімізде жыланның атын сирек еститінбіз. Әрегідік үй маңына адасып келген жыланның басына анам марқұм ақ тамызып шығарып салатын. Бір жақсысы қой жүрген жерде жылан-мылан, қарақұрт болмайды. Ал тасбақа дегенді мүлдем көрген емеспін. Жана мына балам сұрап жатыр ғой. «Қанша жылдан кейін оралып отырсыз?» Шет жағасын өзің де естіген шығарсың. Біздің ұрпақ не көрмеді дейсің? Алапат індет — аштықты, қуғын-сүргін, бес жылға созылған сұрапыл соғыс. Бұқпантайлап босып, жан сауғалап жосып кеттік емес пе, қарағым. «Ер туған жеріне, ез тойған жеріне» демекші, туған топырағымнан тұлымшағым

желкілдеген шағымда кетіп, енді міне, жан-жағымды айыра алмайтын соқыр кемпір кезімде келе жатқан түрім мынау. Қаршадайымда көріп өскен суреттер қаз-қалпында санамда, жүрегімде өшпестей таңбаланып қалыпты.

Борпылдақ тұзды шанын бұркылдатып көлтабанның жарлауыт қабағына қиялай көтерілгенде сығырайған қызыл күннің найза кірпіктері алақайлап қарсы алғандай. Қарсы беттегі селдір-селдір үпелек шашақты балқұрақтар, сидам-сидам шенгел мен жынғыл, мыртык-мыртык сексеуілдер түп-түгел жалын реңге боянғандай бұлын-бұлын шалынған. Әдеттегіден гөрі биіктеп, сорайып көрінген нөпір жасақтың арасынан салт атты екеудің сұлбасын жазбай таныған Қадыр-жанның даусы «жерден жеті қоян тауып алғандай» аса жарқын шықты:

– Қобай аға, он жағыңызға қараңыз. Заңғарлар күтіп тұр.

– Мына жасауылдарың кімдер?— деді есігінің терезесін түсіріп, басын сыртқа шығарған Құрақбай антарыла.

– Жаксылық пен Заңғарды бағана күм ішіндегі төте жолмен жібергем.— Мәшинесін қос түп әйдік жиденін көленкесіне тіреген Қобай жерге түскен.— Дәуапа, қалайсыз? Шаршаған жоқсыз ба? Ұлдар да бізді тосып тұрған секілді. Кә-ні, қолыңызды бері қарай созыңызшы. Асықпаңыз, аяғыңызды мықтап мына бір жерге тіренізі ептеп.

Ләм-мим ауыз ашпаған ол ілдәлдалап табанын жерге тигізгеннен соң:

– Көкем, Құдашым, «Үшбейітке» келдік пе? Шынымен-ақ па?

Сыбырлай күбірлеген Мензипа шешейдің үні жарықшақтанып естілді. Бет-әлпеті жыбырлап, кемсендей бастағандай. Екі қолын жая, ауа қармаған жанның ишарасын жасаған. Мұнысын өзгелерден бұрын сезе қойған Құдайберген:

– Дәуапа, сәл сабыр етіңізші,— деді қатқылдау.— Межелі тұсымызға әлі жеткеміз жоқ. Кеше айтқаным қайда. Кішкене жаяу жүреміз, әзірге ағаштың көленкесіне отырып, демалыңыз. Бері таман, міне мына бір көгалға тізе бүгініз. Өзіңіз шөлдемедіңіз бе? Суық су ішесіз бе? Жок, әлде термостан шай құйып берейін бе? Жігіттер құрал-саймандарды, шарбақ-ағаштарды өйтіп-бүйтіп таси берсін. Сосын біз жаяулап аяндаймыз. Қазір барған бетте өзім мән-жайды түсіндіріп жеткіземін. Таяқ тастам жер. Ә-неу бір жатаған шоқалақтың етегіне қарай жылжи беріндер. Байқандар, қорбандап жүріп аттарыңды үркітіп алмаңдар. Бәлкім екі-үш мәрте қатынарысың-

дар. Көктас— зілдей. Қадыржан, сен оны Құрақбай ағаңмен екеулеп көтеріңдерші. Демалып-демалып көтермесендер болмайды. Қазір ұлдар көмекке келер...

Сырық бойы көтерілген күннің қабағы жайдары. Ыстық мейірін төгіп-ақ тұр. Зенгір көк күмбезінде шөкімдей бұлт көрінбейді. Кіршіксіз. Тап-таза. Мөп-мөлдір. Шуақты нұрға толы ананың лағыл пейіліндей.

Өп-сәтте көңілі сергіп, ойы канаттанған Меңзипа шешей:

— Боталарым, менің!— деді жаркылдап.— Жыламаймын, арманым орындалғандай. Туған жерімнің топырағына табаным тиді деген осы. Шүкір!.. Тәубе!..

9

... Әуелдегі ойы баска еді. Текке әуреге түсіріп, «Соқыр-теке» ойнағандай қинағысы келмегені рас. Бірақ Құдайберген бұл ниетінен тез айныған. «Жетпіс жылдан астам уақыт зарығып-сарғайып күткен, жер түбінен арып-ашып жеткенде ата-анасы алдындағы перзенттік парызын, ерте үзілген емшектес бауыры алдындағы соңғы құрметін барынша адал өткергені абзал. Атпен «дік» етіп, төбесінен түсе салу оңай. Жок, бұлай етуге болмайды. Қиналсын, қажысын, қайғырсын... Сонда ғана әруақтар рухы риза болып, жай табатындай...» Кеше алдын ала барлау жасап қайтқан ол балаларымен де онаша ақылдасып, өз ойын мақұлдатқан. «Немене, тәйірі, аяғы сау адамға. Төрт жүз-бес жүз метр... Өзім жетектеп жүрем. Сендер секілді атқа отырғызуды мен де ойлағам. Айтпақшы, Жаксылық, Заңғар! Абай болатын, сақтық жасайтын бір үлкен гәптін ұшығы шығып тұр. Сен екеуіңе күні бұрын қатты ескертемін. Ескі қорымның маңында әбден ақсөнке боп қураған сүйектер шашылып жатыр. Басында малдың сүйегі шығар деп мән бермеген едім. Іле-шала кезбе археологтар қорықпай «тамашалап» отыратын, танауы мен екі көзі үңірейген қу бас сүйекті көріп шошып кеттім. Қолыммен ұстауға дәтім бармады. Сөз жок, кім болса да алапат аштықтың құрбаны. Сол төңіректегі бейіттердің бірінен сыртқа шығып қалған-ау, шамасы. Өйткені уақыт желімен, табиғаттың алай-дүлейімен бұзылып, опырылған көне зираттардың жүлгелері көп-ақ. Ебін тауып, арнайы құран оқытып әлгі ақсөнке сүйектердің бетін топырақпен жасыруды ұмытпалық. Қарақтарым, біздің қолымыздан баска не келеді?! Бір жақсысы, Дәуапаларын айта беретін үш бейіт— үш төмпешік

бөлектеу жатыр. Сондықтан да көңіліне қаяу, жүрегіне сызат түсірмейік. Босқа дабырлатпандар. Шет жағасын анау Қадыржанға да ескертіп қойғандарың жөн сияқты. Кім біледі?..». Заңғар мен Жаксылық тіл ұшына жетіп келген күпті сауалдарын іштеріне бүккен-ді. «Бассүйек кімдікі?..», «Шашылып жатқандар кімдер болды екен?..», «Мүмкін, көмусіз қалған аштан өлгендер ме?..», «Күні бүгінге шейін ұлы геноцид туралы неге ашып айтпайды?..», «Туыстарын іздеген Дәуапаны кім дейміз? Батыр ма, патриот па?..». Сан-сапалақ сұрақтар. Түйіні көп, жұмбағы мол. Күрмеуі қатпар-қатпар құпияның тереңіне үнілмеген олар да жетім жүректі, жаралы жүректі жүдетіп алмауға бекінген.

— Ал Дәуапа, мені тыңдаңыз,— деді Құдайберген өзін-өзі зорға ұстап. Үнінде байсалдылықтан гөрі діріл басым.

— Немене, шырағым Құдаш!? Келдік пе? Жеттік пе?..

— Иә, сәл шыдаңызшы.— Құдайберген алқа-котан тұра қалған серіктерін қос қолын жайып емеурін жасап, ернімен ымдап жанына шақырды. Жарықшак дауысын қырнай, құрғақ жөткірінген.— Көңілде еш күдік қалмасын, Дәуапа. Өзіңіз айтқан жерге келіп тұрған сықылдымыз. Аз-кем жүрегіңізді басып, сабыр жасап бала кезіңіздегі есіңізде сақталған «Үшбейіттің» қай манда екенін жобалап түсіндіріп көріңізші. Қайдан білейік? Біз де қателеспейік...

— Жөн!— деді оң қолымен кобыраған маңдай шаштарын жаулығының астына жасырған Меңзипа шешей.— Айтқанын өте орынды. Қадыржаным қайда? Өзге балалар қайда жүр? Әлгі молда баламды бері шақыршы. Құдайберген-ау, сен менің бетімді түп-тура Күншығысқа түзегейсін. Тастүнек жанарларым көрмесе де, жүрегімнің көзі бәрі-бәрін, түгел қазқалпында көріп тұрғандай...

— Қадыржаның да, Жаксылық пен Заңғар да, Қүрекен де қасыңызда. Мінеки, осылай... Шығысқа қарап дұрыс тұрсыз қазір. Шаршамасаңыз болды,— деді ол кейуананы аймалап.

— Ендеше, құлағыңды түргейсін, Құдаш. Тура маңдай тұсым Мақаштың қыстауы, оңтүстік шығысқа таман сәл қиястау жерде «Сегізінші марттың» орталығы саналатын қораштау екі көше... Осы тұрғанымда оң жағымда, козыкөш жерде Ержанның тамы, ал сол жағымда Байсейіт құмы, одан беріректе ортада Үлкен Қарасудан қашқан «Жайылма» көлі... Батыста Жыланды тауы, артымызда «Батырбекпен» жапсарлас «Сарытолағай» жайлауы жатыр емес пе? Ал менің дәл осы қалпымнан қарасаң, құлақ шеке тұсымда біздің үйдің орны

мен іргелес көршіміз Рақымжан қойшының қыстауы болуы керек. Арасын Кіші Қарасу бөледі. Сосын-сосын жаңылмасам теңізге бүйірлей, қалың қамыс қолтығында Байзақ сиыршы отыратын. Ұмытпасам, оның тетелес екі қарындасы да аштан өлді-ау деймін. Олардың қабірлері де осы Үлкен Қарасудың о жақ, бұ жағында...

— Апатайым-ау, неткен қағілез жан едіңіз?! Айтқаныңыздың бәрі айна-қатесіз.— Өзін-өзі ұстай алмаған Құдайберген қакқан қазықтай сілейіп, не ілгері, не кейін жылжымай тұрып қалған Мензипа шешейді айғайлап құшақтады.— Кә-н-і, алға басыңызшы. Зарығып іздеген, құрақ ұшып жеткен аяулыларың— анан мен әкен, сүйікті бауырың үш төмпешік боп қарсы алдында жатыр. Міне, мұнда... әкелші қолыңды... Топырағын сипашы, алақаныңмен аялашы... Байқастаныз, қолыңызды бұта-мұта, тікенек жырып кетпесін...

Азан-қазан. Құла дүздегі қызыл шенгел мен тікенек, сойдақ-сойдақ ши тұқылдары басып кеткен ескі қорымды басына көтерген зарлы да өксікті дауыс біразға дейін басылмады. Қос бүйірін таянған кейуана әлдеқашан нұры тайған екі көзіне ерік берген. Өзгелердің де сай-сүйегін егілтіп, жанарларын көлдеткен.

— Жаным анашым! Күнім көкешім! Өмірбегім менің, өмірім менің! Сендерді мен ғұмыр бойы іздедім ғой. Сендерден қалай көз жазып қалғанымды өзім де білмеймін. Үндерің еміс-еміс құлағымда, түрлерін белгісіз бір елес бейне. Сағындым, сарғайдым. Қолымнан келер қайраным еш болмады. Осы күнді ұзақ күттім. Мен жалғыз емеспін, Қадыржаныммен бірге келдім. Демек, сендер өлген жоқсындар! Тірісіңдер! Сендердің мәңгі өшпейтін бейнелерің менің жүрегімде. Жатқан жерлерін жарық боп, нұрларың пейіште шалқысын. Соңдарындағы ұрпақтарың, елін аман болсын! Дер кезінде жұрт қатарлы бастарыңды қарайта алмадым. Кешіріңдер, жандарым!..

— Әже, әжетайым менің, жыламашы! Көзің ауырады.— Ағыл-тегіл қорсылдап, көз жасын әрең тыйған Қадыржан қолындағы орамалымен әжесінің бет-аузын сүрте бастады.— Талайдан бері айтып келе жатқан арманың орындалған сияқты. Қобай аға болмаса, бұл жерді ешкім таба алмайды екен. Әбден шөгіп, жермен-жексен болты.

— Уһ, күнім! Мұңды көңілім, зарлы жүрегім енді жай табар. Аталарыңның қай жерде жатқанын біліп алғайсың.

— Иә, шешей, аздап сабыр қылыңыз. Әруақтарды маза-ламайық, көз жасы ауыр тиеді. Кәнеки, мен құран оқып жіберейін. Тектен-тек жылай бермей, ішінізден дұғанызды айтып отырыңыз. Үлкен сауап болады,— деді Құрақбай тамағын баптап.

— Дәуапа, бағана жыламаймын дегенініз қайда?..

Құдайберген жанында әлі өксігін баса алмай кемсендеп, екі иінінен селкілдеген кейуананың көңілін аулап, жүрелей бүкшиіп тұрған жеріне әдемілеп жайғастырды. Құрақбайдың қоңыр үні естіле малдастарын құра отыра-отыра қалған Жаксылық пен Заңғар да қарт ананың әжімді жүзінен жанарларын аудармаған.

Тұла бойды шымырлатып, тәубешілік сезімге ұйытып, дүниеауи пендешіліктен тазартып, имандылық жолына бастар қасиетті құран сүрелерін хал-қадерінше ұғуға ұмтылған әрқайсысы ынтыға, ықыластана алақан жайған еді. «Уәлхамдү ліллаһі Рабыл-ғаламиндерін» күбірлей айтып, тілек-дұғаларын білдіріп, беттерін сипады. Жапырлай «Аллау акбар!» десті. Құбылған, екі жүзді, өзәзіл заман-ай десейші. Бір кездері өндірі бозбалалар мен жастар тұрмақ, ел ағасы жасына жеткен азаматтардың өздері құран оқығанда жан-жақтарына үркектей алаңдап, әруақтар рухына бағыштап беттерін алақандарымен сипауға қатты қымсынатын. Келенсіз осы бір жәйттер қай-қайдағыны есіне түсірген Құрақбай ілкі сәттік тыныс арасында Мензипа шешейдің қасына тақап:

— Өліге құрмет— тірінің парызы,— деді байсал қалыпта.— Оның ішінде ата-анаға көрсетілер құрметіміз бен борышымыз алабөтен. Күні кешеге дейін қабір басында, яки болмаса зират маңынан өтіп бара жатқанымызда ишара дұғамызды айтып, бетімізді сипауға қорықтық. Қандай өкінішті! Өз әкешесіне, өз туған-туысына арнап құран бағыштаудан үрейленіп, секем алған талай балшабектер мен байшікештерді көзіміз көрді. Санамызды улаған кенестік тәрбиенің кесірі ғой бәрі-бәрі. Неше түрлі сұмдықты бастан өткердік. Сонау бір жылдары, Мәскеуден Колбин келіп қазақтардың зираттарының кірпіштерін санатып, бағалы көктастарын қайдан алдыңдар деп тергеп, зар илетті емес пе?! Қызыл империяның небір құқайын белден кешкен талайлы тағдырымыз ойлантарлық. Қайсыбірін айтарсың. Соның ең сойқаны да, сорақысы да қолдан ұйымдастырылған ғаламат аштық. Бұл індеттің зардабы мен қайғысы өлшеусіз. Ақиқатты айтқанның орнына құпиялап, жұмбақтап, жасырып келдік. Тәуелсіздігіміздің ар-

касында ғана кейбір деректерді ашық жаза бастадық. Әйтпегенде, «жабулы қазан жабулы» күйінде қала беретін түрі бар...

Әлсін-әлсін басын шұлғып, шерлі әнгімеге алаңдай құлақ түрген ол шыдамады білем:

— Карағым-ау, Құрақбай!— деді орта жолдан киліге терен уілеп.— Зобалаң зұлматтың тірі құрбаны да, тірі куәсі де мына мен емеспін бе?! Ашқұрсак, ақылымыз кіресілі-шығасылы о заманда нені білейік? Бәрін де бертінде бажайладық та. «Жұт— жеті ағайынды» демекші, оң-солымызды жөнді дұрыстап айыра алмаған қаршадайымда есімде қалған бұлыңғыр суреттің сүле елесін елестетудің өзі мен үшін жантүршігерлік азап.

Соңғы лепесін үзіп-үзіп айтқан Мензипа шешей мандайына шаншылған күннің ыстық сәулесінен қорғаштана басын еңкейткіреп, құрғақ жөткіріп қойды. Ерні мен тілі кебіңкіреп, түкірігі жалқаяктанып, жұмсақ жұтынды. Қолдарын ебедейсіз қимылдатып, әлдене сұрағандай ымдап белгі берді. Мұнысын сезе қойған немересі темір бөшкеден батырып жарты күрешке суды ұстата салған.

— Мә, әже, құдықтың салқын суы... Аузыңды шайып, екі-үш рет ұртташы.

— Өй, айналайын Қадыржаным! Сен болмасаң әкешемді, туған бауырымды көремін бе? Көрді деген, тапты деген осы... Қобай ағаларың не істеп жатыр?..

— Зираттың төңірегін әдемілеп қоршап жатыр. Жақсылық пен Заңғар көктастың тұғырын цементпен бекітуде.— Мәнжайды Қадыржаннан бұрын баяндаған Құрақбай оның қолындағы күрешкені ұстады.— Бері таман жүріңізші, көленкенің саясына отырайық. Шаршамадыңыз ба? Қайта-қайта келетін емес, екі-үш сағаттық шаруа. Асықпай бітіріп тастасын. Жер де, жұрт та тозады. «Ел кеткен соң, құлазиды иен жайлау» деген осы. Ертеректе осынау аймақта сегіз колхоз, сегіз ауыл шаруаларын шалқытып, думандарын қыздырып жатушы еді дегенге бүгінде кім сенеді? Ешкім де! Қамыс-құрақ түгілі, қылтанақ жоқ. Қамыс бейіттердің бәрі күнге күйіп, желге оңып, жауын-шашынға үгітіліп, мүлдем мүжіліп кететін көрінеді. Жақсылап белгісін тұрғызсын.

— Жөн, жөн! Әуелі Алла, сосын Құдайбергенімнің арқасы да. Мын болғыр, мын болсын! Кәрі жүрегім де сабасына түсіп, тыншығандай,— деп Мензипа шешей тізесіне сүйеніп түрегелген бойы, қолын алға сермей бағыттаған.— Жанағы әнгімемді жалғастырайын. Осы Үлкен Қарасудың суы қысы-

жазы бір қарыс ортаймай, айнадай жарқырап жататын. Жағасы тік кабактау, жарлауыт. Өзіне кісі бойламайтын. Бірақ әлгінде Қобайжан айтты емес пе, әншейін шаны шығып жатқан жайдақ сай деп. Тіптен, сенгін келмейді-ау. Сол мешін жылғы аштықта біраз адамды Балқаштың, оның маңындағы өзен-көлдердің балығы аман алып қалды. Сөйтсе де «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранның астарын кейінірек ұққандаймын. Индеттің алдында бейкам, бейкүнә елдің қолындағы азын-аулақ малын сыпырып алды. Ол аз дегендей ауылдың іргесіндегі тақиядай көлтабанға жылдағыдай егіп, жинап алған бірер кап бидай-тарымызды тінтікілеп жүріп, түгін қалдырмай тартып алып кетті емес пе. Әкем байғұстың шөп қораның бұрышына жасырып қойған жарты кап тарысын шешем марқұм «темір торға қамап тастайды» деп жылап-еніреп жүріп, өз қолымен тиеткізіп бергенін қайтерсің. Кім біледі, аштан аман қалар ма еді? Ал олардың қорқынышы мен үрейлері керемет-ті. Кімнен қорықты? Кімнен шошыды? Түкке түсінбегенім рас.

Біртіндеп алапат аштық аранын аша түсті. Әкемнің қорасы қаңырап, шешемнің қазаны қаңсып қалды. Жабайы қарақұмық пен үсіген картоппен жүрек жалғадық. Күн шықпай кететін әкем марқұм көз байланған шақта сүріне-қабына табалдырықты зорға аттайды. Көңіл күйін қас-қабағына қарап, жазбай аңғарамыз. Есіктен сөйлей кіргеннен Өмірбек екеуіміз мойнына асылсақ, салы суға кеткендей, ұнжырғасы түсіп, қап-қара боп түнеріп енгенде елпілдеп алдынан шықпақ тұрмақ, бүрісіп тығылған жерімізден көрінбеуге тырысамыз. Әйтүп-бүйтіп, одан-бұдан құрап әзірлеген жарты шөңке быламықтан жырымдап алып қалған екі-үш қасық бірденені анам бейшара ілініп жүріп әкемнің аузына тосады. Бұйырған нәпақамызды інім екеуіміз қылдай бөліп жеп алсақ, шешем, шіркін, кей күндері нәр татпайды-ау. Зыр қағып жүгіріп жүргені. Қозықөш жердегі Байзақ сиыршының кемпірінен «ең соңғысы екен» деп бір кесе бидай мен екі-үш тал сықпа малта алып келгені есте. Сондағы шешемнің қуанғанын көрсен. Біраз күн талғажау еттік. Қуырып, дастарқанға шашқан әр дәнді бір-бірлеп теріп жеп, аузымызда ұзақ ұстап талмап жұтушы ек. Шөкімдей үйіп қойған әкеміздің үлесіне көзімізді сатпауға тырысамыз. Қақаған қыстың қабағы да катуланып, екінші бүйірімізден қыса бастады. Екі-үш күн қатарынан тұзақ құрған әкей олжалы оралып жүрді. Әлі көз алдымда, бірде

екі нән күр ма, қырғауыл ма әкелген-ді. Мәре-сәре күндеріміз ұзаққа бармай, тіпті үш тәуліктей нәр татпадық. Оның үстіне әкем белінен шойырылып, қарға адым жер мұңға айналғаны бар. Артынша әл-дәрменін жинап алып, жылы киімдерін қабат-қабат киіп алып, жылтыраған пеш түбінде мүлгіп отырған анама: «Көпбірлікке, мүмкін теңізде жылым тартып жүргендерге барып қайтайын. Балық шығып жатса, бұйырғанын көрерміз» деді. Содан түн ортасында ма, бәлкім таң алдында ма оралды ғой. Қуаныштысы, күр қол емес. Ұсағы бар, ірісі бар үш-төрт сазан. Айтысына қарағанда, жол-жөнекей Рақымжан қойшының үйіне екі балығын тастап кеткенге ұқсайды. «Қайтейін, ішім қимаса да бердім. Жарты табак ботқасы қалмапты байғұстардың. Кемпірі екеуі суық жертөледе шоқиып отыр...»

Тұткиылдан тиген індеттің тұтқынынан оңайшылықпен құтыла алмадық. Апта араламай, шешем төсек тартып жатып қалды. Өмірбек екеуіміз бір-бірімізге септесіп от жағып, үш құдықты пешті күнұзақ гүрілдетіп қоямыз. Бұрнағы жылдардан іркілген тезектің түгесіліп, қызуы шамалы шенгел, теріскен мен қамыс жағуға кірістік. Әйтеуір, бір жақсысы, тамызықтық, отындық мол. Алысқа ұзап, дедектемей үй іргесінен құшак-құшак әкеп, қара пештің көмейіне кептей бересің. Жып-жылы пештің түбінде үн-түнсіз, сұлық жатқан анамыздың сұп-сұр жүзіне тіке қарауға именеміз. Терісі сүйегіне жабысып, ілмиген сұлдерін көтере алмай тұралағандай. Еріндері қарақошқылданып, қабарып көгеріп кетіпті. Қос жанарының оты мүлдем кеміп, шүңірейген көздері бедірейіп, қан-сөлсіз сазарып жатыр. Сонда ғана анық сездім. Аштықтан әбден қалжырап, діңкелеп құлаған. Соңғы күндері әкемнің тапқан-таянғанын да, ең ақыры өзі тіленіп жүріп әкелген бидайынан да бір түйірін аузына салмастан, біздің өңешімізді тығындапты-ау. Сұп-суық өніне ақырғы рет көз қиығым түскенде, ол айрықша сояудай-сояудай шалынған кірпіктерін қағып, ымдаған еді. Көзінде жас. Шеке тамырлары көкбілеуленіп, тым шодырайып көрінген. Жалма-жан маңдайынан иіскедім. Бет-аузы жыбырлап, екі ауыз сөзді үзіп-үзіп, қинала айтты. «Жаным менің, қош болыңдар. Әкең мен бауырына сүйеу бол!..» Артынша-ақ үзіліп жүре берді. «Апатайлап» дәлізге көйлекшең жүгіре шықтым. Әлденені сезгендей, үй маңында айналсоқтаған әкем «Жылама балам» деп басымнан, шашымнан салқын сипалап, жұбатты. «Кешір, Күләтай, сені аштықтың тырнағынан арашалап, күтқара алмадым...» Кем-

сендеп шешемнің бетін жаулығымен жапты. Іле іргедегі Қарасудың мұзын ойып, кешелі-бері кармак салып жүрген Өмірбек жетті боздап. Онан кейінгісі есімде жоқ. Анам байғұс кеткен соң, барлық құт-берекемізден айырылып, жұпыны жадау тіршілігіміздің өзі қаңырап бос қалды. Шешейдін жетісі деп отырған күні тапа тал түсте, айдың-күннің аманында Өмірбек бауырым көз жұмды. Әкем үшеуіміз Өмірбек кармакпен ұстап әкелген жалғыз шабакты қара суға пісіріп жеп отырғанбыз. «Кеше түнде апамның тебен инесінен жасаған кармағыма түсті ғой, қазір тағы да Қарасуға барамын. Көп-көп балық ұстаймын» деп мәз боп отырған ол мылжа-мылжасы шыққан балықтың сүйектерін тастай салуға қимай, кіршілдетіп шайнап, тамсанып сорып жей бастаған. Өлетінін білсе өйтпес еді. Қайтсін басқаша. Аш өзегі тілеп, жәутендеген жанары әнтек тоймағандай. Сол-ақ екен, тамағына балықтың тікені тұрып қалған Өмірбегім қақалып-шашалып, қылқынды да қалды. Олай жұтынды, бұлай жұтынған. Онысыз да ішіне үңірейсе кіріп кеткен көздері жасқа парлап, аясынан шығып кетті. Жаны қысылғаннан екі саусағын өнешіне бойлата сұғып, құсып та көрді. Еш қайран болмады. Ажалына көрінген шығар. Сүт пісірім уақытқа да жетпей, сүйікті інім өзі ұстаған балықтың қылтанына қақалып өлді. Одан арғысын сұрамағын, мен қазбалап қаузамаймын. Араны ашылған аштық анамның қыркына жеткізбеді-ау. Екі қимасы— аяулы жары мен ұлының ауыр қайғы-қасіретін көтере алмаған әкемді де аштық жалмады емес пе.

Құдайға шүкір, мінеки үшеуі туған топырақ төсінде құшақтасып, бір-бірінен ажырамай жатыр. Құрақбай қарағым, мен мұны жай әншейін мыжып отырғам жоқ...

— Әрине, шеше!— деді өз-өзінен ынғайсызданған ол барықыласын аударып.— Сіздің сөзіңізді бөлмей, бәрін де тыңдадым. Жаныңыздың күйзелісін, жүрегіңіздің қасіретін түсінгендеймін. Бұл аштық деген пәлекет бүкіл қазақтың басына түскен орасан зор нәубет болғаны мәлім. Бейбіт күнде, ашық аспан астында халқымыздың тең жарымына жуығы қынадай қырылыпты.

— Иә, қарағым, әлгіндегі менің айтпағым да осы жәйт. Өз көзіммен көрдім. Астафыралла, еске түсірудің өзі сондай сұмдық! Ұмытпасам, соғыс жүріп жатқан қырық үшінші, әлде қырық төртінші жылдың мамыр айы болса керек. Жезқазғаннан Балқашқа қыр жолымен баруға тура келді. Екі-үш қатынқалаш, бастығымыз соғыстан жараланып қайтқан егделеу

аксақ орыс майданға жөнелтілмекші төрт арба жүкті жеткіздік. Сондағы керуен сүрлеуінің бойынан үзілмей, біріне-бірі ұласқан үрейлі сурет— аксөнке боп шашылған адамның сүйегі, тұтастай ирелең-ирелең қаңқалар, жыпырлаған жіліктер мен көздері үнірейген домаланған бас... Елсіз, жансыз мекендердегі қаңсыған, қаңыраған қора-қыстаулар әлсін-әлсін ұшырасады. Таусылмаған қу сүйектер тізбегі көне жолдың екі жағына алма-кезек ауысқан сайын, аксақ орыстың жағы такылдай түседі. «Страшно! Страшный голод!» Шындығында қорқынышты тажал. Көмусіз, елеусіз қалған тағдырлар. Ит-құсқа жем болып, беті ауған бағытқа босып кеткен адамдардың дені осылайша ажал құшқан. Жаппай қырылған олардың дені жерлеусіз, айдалада аппақ сүйекке айналған. Белгісіздер қатарына қосылған қаншама адамдардың қай жерде, қай сайда қалғанынан кейінгі ұрпақтары мүлдем хабарсыз. Қасірет емей, немене! Өкініштісі, апат құрбандарының саны ондап-жүздеп емес, тіпті мыңдап емес-ау, миллиондап есептеледі. Солардың санатында мына бейбақтар бар. Көңілге медеті— менің әке-шешем мен бауырымның көмусіз қалғаны. Бұған да шүкір. Әйтпесе...

— Е-е... Қазағымның басынан өткен мұндай қайғы-қасірет жоқ шығар. Сталиннің сүркія саясаты мен Голощекиннің геноциді ел ретінде әлсіретіп, әлжуаз күйге түсіріп, рухымызды жаныштап, қазақты үлкен халық есебінен шығаруды көздеген. Бір ерсілігі опатты әлі күнге дейін көзі ашық оқымыстыларымыз бен билік төңірегіндегілер өз атымен атауға қорқақтайды. Шетінен мәймөңке, жалтақ,— деді бұлардың әңгімелеріне құлақ түрген Құдайберген күйіне ызаланып.

Мензипа шешей мен Құрақбайдың екеуара дабыр-дұбыры үн-түңсіз шаруаларын жасап жатқан балаларды да бөлекше аландатқан тәрізді. Біраз жайдан хабардар етіп, бұрынсоңды сыбырлап жеткізілер шерлі шежіренің қалтарыс-қатпарларына тереңірек үнілдіре түскендей.

— Сонда, отызыншы жылдардағы аштықтан нақты қанша адам өлді екен,— деді Жаксылық қоршау-шарбақтың ара жіктерін темір сыммен матап жатып.

— Адамдардың жылан, тышқан жегендері рас па?— деген Заңғар танырқай.

— Ең соңғы деректерге қарағанда, Қазақстандағы аштан өлгендердің ұзын саны екі миллион екі жүз мың адамға жететін көрінеді,— деді көктастың түбіндегі цемент лайды жайма-

лаған Қадыржан.— Ендігі біздің қазақтың қырық-елу миллион болатын еді.

— Оһо, екі миллионнан астам!

— Еш таңданатыны жоқ. Тіпті одан да көп болуы мүмкін. Кейбір тарихшылардың есебі үш жарым миллионға жуықтайды. Азаттығымызды алғаннан бері кейбір құпия деректер мен жағдаяттарды ашық айта бастадық емес пе.

— Кән-е, Дәуапа, Құрақбай бері таман жақындандаршы. Мүрде болуы керек. Біріне-бірі жалғас екі-үш төмпешік жалаңаш жатыр,— деді Құдайберген қос саусағын ерніне тигізе ымдаған кейіпте. Серіктес өзгелері бұл белгіні айтқызбай түсінген.— Аякасты етпелік, артылған мына шарбақтармен қоршап, еңселентіп қоялық. Қүреке, тізенді бүгіп, құран бағыштап жіберші. Әруақтар риза болсын.

— Дұрыс-дұрыс, қарақтарым! Кім біледі? Жалғыз менін әке-шешем ғана болмас...

«Аллау ақбарын» айтып, бетін сипаған Құрақбай күр берге отырмай, үзілген әңгімесін қайта сабақтады:

— Өктемдік пен өзімшілдіктің тоқпағы әмәнда зор. Одан бас сауғалап құтылу қиын. Лажсыздан көнесің. Әйтпесе, біздің халық өлімжеттік көзқарастың құрбандығына осыншалықты ұшырамас еді. Қорасындағы малын, қоймасындағы қабын жұрдай ғып тартып алып қанқақсатқан Сталиннің күйіршықтары қазақтарды рухани жаныштап қоймай, ақыл-естерінен адастырды емес пе. Аштыққа қатысты әкем айтып отыратын қайғылы бір хикая есіме түскені. Сұрапыл сойқанды жылдары әкемнің әулеті өрдегі Қапал тауының етегіндегі «Тоғызбұлақты» мекендепті. Аштық шенгелі бұл өңірді де құрсаулағанға ұқсайды. Қолдағы бар-жоғын түгесіп, ауыр өмірден әбден түнілген әкейдің ортаншы ағасының төзімі бір аптаға да жетпейді. Неше күн нәр сызбаған оның іші қасқырша ұлып, қос жанары қанталап, ашкөзденген кейіпте керекарыс аңшылық пышағын малта қайрақтасқа түкіріп-түкіріп ұзақ жанып, қайрайды. Жарлауыт қабағы бұрынғыдан бетер түксііп, түнерген сұғын есік алдында алаңсыз құлдырандап жүрген екі-үш жасар ұлына қадай береді, қадай береді. Шайтани пиғылдан секем алған анасы бейкүнә сәбиін алдарқатып, қарыс қадам ешқайда бұрылмайды. Дір-дір еткен қу жүрегі көзден ғайып болса, бір сұмдықтың болатынын сезетіндей. Ниеті бұзық, көзі қарайған қаскөй күйеуі оны әр нәрсеге жұмсап, есінен тандырады. Өстіп қылпылдаған

ұстараның жүзінде зыр қағып жүгірген ол ұлын қолтығына қыса жөнелгенде, «Баланы қоя бер, өзім қарай тұрам» деп қатты зекиді. Үйдің сыртына шығып, қораны айнала беріп, іле-шала жанұшыра кері оралады. Қуанғаннан тілі байланып, сөйлей алмайды. Алмас жүзі жарқ-жүрк ойнаған пышағын тастатқызбай, еңіреп жылаған әйел қожайынын дедектетіп сүйрелейді. «Тез!..», «Бол!..» Адам айтса, сенгісіз оқиға. Қаңғырып таудан түскен екі арқар бір-бірімен сүзісіп, айшық мүйіздерінен ілінісіп қапты. Текетіресіп не алға, не артқа тыпырлап жылжи алмайды. Неткен құдірет! Осылайша тұтас бір әулет аштан аман қалыпты...

— Ғажап! Ғажап екен!— десті балалар жарыса тандайларын қағып.

— Алла тағалам аса кең, аса мейірімді ғой!— деді бағанадан бері Құрақбайдың әңгімесін ұйып тындаған Меңзипа шешей.

Көңілге кірбін ұялатып, қабакқа кіреуке үйірген көңілсіз әңгіменің әуенін басқа арнаға түсіргісі келген Құдайберген:

— Ажалы жоқ періште нәрестенің несібесі деген осы. Құдайым өзі біледі қандай жолмен жарылқарын. Дәуапа, сіздің де пейіліңіз ақ екен, адал екен. Алапат аштықтың құрбаны болған әке-шешеніңіздің, бауырыңыздың қабірлерін тауып, зираттарына тәу етіп, бастарына қарайтып белгісін қойдыңыз. Әнеки, өзіңіз әкелген көктасыңыз жарқырап тұр.

— Иә!— деді Қадыржан әжесінің құлағына қуана сыбырлап.

— Жылатып жұбатқан, үзілдіріп үміттендірген, қайғыртып қуантқан қайраң, Өмір-ай!..— Айрықша қанаттанып, серпілген Меңзипа шешей еңкіш бойын барынша тіктеп, айнала-төңірегін түгел көріп тұрғандай, маңғаз қалпында ойын түйіндеген.— Жұмыр басты пенде, шіркін, жыртитып көзін ашқан сәттен бастап, тынымсыз тырбандаумен күн кешеді. Талпынады. Ұмтылады. Күреседі. Ал арман-дүниенің өз сынағы, өз емтиханы да толып жатыр. Сүрінесің. Құлайсын. Тұрасың. Жалған-дүниенің сабақтары талайлы тағдырдың толқындарында шындайтыны және рас, күмәнсіз ақиқат. Өйткені «Адамның басы— Алланың добы» дегенді ата-бабаларымыз текке айтпаған болар. Шүкір, мынау аласапыран тіршіліктің толқынында домалап жүріп, тағдыр тәлкегіне сан мәрте түссек те, тұншықпаған екенбіз. Мүмкін еместі мүмкін еткен өмір жіптігі— үміт сәулесі өшпесінші.

... Ғұмыр бойғы арманы жүзеге асқан Меңзипа шешейдің көңілі өсіп, енесі көтеріліп бір жасап қалды. Өмірден өткен ет-жақындарының рухтарына бағыштап ас беріп, екі-үш күн туған жердің аясында аунап-қунап алаңсыз тыныққан Дәуапа мен немересін Құдайбергеннің отбасы бүкіл тайлы-таяғымен Балқаштың жағасына дейін барып, мәре-сәре боп шығарып салды. Майда толқындар баяу тербеген кеме біртіндеп жағалаудан алыстап, көгілдір көкжиекке беттеген.

– Қош бол, Дәуапа!

– Қайда жүрсендер де аман болыңдар, құлындарым менің!

Жүректерге шұғылалы шуақ ұялатқан қимас күндер жаңғырығы әлі де талай қимас көңілдерді тербеп, аялай бермек...



ЖЕТИМ ЖҰРТ

«Қарлығашым, келдің бе?..»

Иек астындағы Сарыесікке табан тигізе алмай, жіпсіз байланып отырғанына екінші тәулік. Төрт қабырғасы бірдей әйнектелген аэровокзалдың асты-үстіне әлденеше мәрте шығып-түскен. Қаздай тізілген, бұрыш-бұрышқа қонжыған жұмсақ орындықтардың ішінде оның тізе бүкпегені сірә, қалмаған шығар. Осы бір ақ сары шүйкедей кемпірдің көлеңкесіндей кекілді қара домалақ та етегіне оралып тағат табар емес.

Жолаушы азаматтар! Талдықорған— Байшегір— Көпбірлік— Саяк бағытындағы самолет елу минутқа кешігіп ұшады...

Күмістей сынғырлаған бұл дауысқа Торғынның құлағы кешелі-бері әбден қанық. Бірақ не айтып жатқанын жете ұқпайды-ау. Екі сағатқа... бір сағат және жарты сағат... деумен-ақ күн еңкейгенше сарғайтты ғой кеше. «Не болып жатыр, үн-түнсіз қалды мынауың? Айырыпланың ұшып кетпесін, әйтеуір». Шығарып салуға келген Серікболына да тыным бермеген күнұзаққа.

Енді міне, күмбір-күмбір дауыстың не деп жатқанынан бейхабар. «Маған бола қызметіңнен қалма, күнім! Тек Саятжан екеуімізді айырпорттың аптобсына салып жіберсең болғаны. Онан кейінгісін көре жатармыз». Ертеңгісін Серікболды болмай аялдамада қалдырып кеткен-ді.

Торғын жүрегіне сондай жақын, өзіне ежелден ыстық жер аттарының тізбегін бұ жолы ап-анық естіген. Жалма-жан қасындағы немересінің бетіне қарады. Саят болса әжесінің қабағын жазбай аңғара қойды:

Апа, тағы да елу минутқа...

Немересінің сөзін аяқтатпастан Торғын сүріне-қабына «касса» деп доғаша иіле жазылған алақандай терезе алдында кезек күтіп тұрған топты ығыстыра ілгері ұмтылды. Бейқам жұрт табан астынан шыққан кемпірдің алқын-жұлқын қылығына дүрлігіп қоя берді:

— Кезекке тұрыңыз.

— Қазықтай қакшиғанымызға— бақандай екі сағат.

— Шешей, билетті қай жаққа алмақ едіңіз?

Түс-тұстан қадалған алуан жанарлар аз бөгелсе тесіп жіберердей көрінді.

— Менің билетім қолымда, қарақтарым,— деп Торғын кобырап кеткен самай шашын шәлісінің астына жасырды.— Ұша алмай осында отырғаным екі күн. Әй, қызым-ау, Көпбірлікке қашан ұшады... мынауына түсінбеймін, радионды айтам да...

— Бабушка, бұл— касса. Ал сіздің самолетті жана ғана хабарлады емес пе?! Елу минуттан кейін ұшасыз.

Кассир келіншектің биязы үні кәрі жүрегін елжіретіп жіберді. Жарыларға шақ келген ашуы да лезде ізім-ғайым жоғалған. Самбыр-самбыр сөйлеп жүр.

— Өзің бір иман жүзді бала екенсің. Мың бол, шырағым! Анау ләтшіктеріне айтсаншы, тездетіп ұшсын. Мамыражай мамырдың мынадай күнінде көкке сүзіле бере ме? О несі-ей?!

Ләм-мим деп жауап қатпаған кассир келіншек тек сылқ-сылқ күле берді...

Шүйкедей кемпірдің бала мінезіне әлгіндегі билетсіз жолаушылар да бір-бір езу тартқан еді...

* * *

Құрқылтайдың ұясындай аядай ұшақтың іші жанып-ақ тұр екен. Таласа-тармаса кірген он шақты жолаушы ентіге тыныстап, самайларынан сорғалаған терлерін сүрте бастады. Бірін-бірі жаңа ғана көргендей. Саяттың әжесі құдайдың мына шілінгірінде басы-көзін қабат-қабат орамалмен тұмшалап алған бейтаныс кемпірге самбыр-самбыр тіл қатқан.

— Ауыл-аймақ аман ба? Өзің қашан келіп ең?— Торғын шешей жауап күтпестен, сөзін одан әрі жалғап, әңгімесінің арасында немересін түртіп анадай тұста қыстырулы тұрған бір бума қағаз дорбаны көрсетті.

Мұны байқап қалған бейтаныс кемпір:

— Әй, Торғын-ау, өзің самұлеттің ішінде құсушы ма едің,— деді қолына шешіп алған жұқа шайы орамалымен желпіне.

— Қапырық екен мынаның іші. Сақтық жасап жатқаным ғой. Әйтпесе, ондай әдетім жоқ. Әй, қыз-ау, айтпақшы біздің үйдің есік-терезесін біреу-міреу шағып тастамап па?

— Апа, кемпірді неге қыз дейсіз? Ұят емес пе?— деді Саят қабағын түйіңкіреп.

– Е, е... құлыным. Камар әженнің менен екі жастай кішілігі бар...

Оны елеген Камар кемпір ме? Өз ойын жеткізгенше асық:

– Жұртта қалған жалғыз тамда кімнің шаруасы болсын, тәйірі. Түнеукүні сауып отырған қызыл ала сиыр жоғалып кетіп, соны іздеп біздің шал біраз әбігерге түсті емес пе. Жарықтық, мал екеш мал да өз жұртын аңсайды-ау деймін. Баяғы ескі қоныста жайылып жүрген жерінен тауып әкелгені бар. Сол жолы Отарбай сенің үйінді де ат үстінен шолып, бақылап қойыпты. Айтысына қарағанда ештеңесі бүлінбегенге ұқсайды. Байғыз ба, жапалак па... әлдеқандай қанатты ауызғы бөлменің желкөзінен жалп-жалп ұшып, кіріп-шығып жүргенін көрген тәрізді.

Осы мезет Саят әжесінің құлағына шыдамсыздана сыбырлаған:

– Апа, ана кісі Талғаттың әжесі ме?

– Иә, құлыным. Отарбай атаңның кемпірі емес пе?! Немене, танымай қалдың ба?

– Білем ғой. Байшегірге көшіп кеткен көршіміз...

Гүр ете түскен ұшақтың құлақ жарған үні ештенені естіртпей жіберген. Жолаушылар жарыса алақандай терезеге үнілісті. Лезде лып етіп көкке көтерілген самолеттің өзінен қалып қалмайын дегендей, бейне инелік іспетті «көлеңке ұшақ» та зу-зу етіп келеді екен. Қолдың саласындай тарам-тарам жылғалар төменде жамырап жатыр. Қатпар-қатпар таулардың бауырына тығылған қисапсыз өзендер өздерін-өзі жасыра алмай үздіксіз жылтырайды. Саят әлденесін жоғалтып алған жанша дөңгелек терезеге тесіле жабысып қалған. Құс биігінен жер бедерін анық ажырата алмаса да көп жайды өзінше бажайлап отыр.

«...Әншейінде байқалмайды екен. Талдықорған мен Үш-төбенің арасын таулар қосып жатыр ғой өзі. Ал мың бұралған Қараталды бірден байқадым. Өйткені бұл өңірде бұдан басқа ірі өзен жоқ. Қос жағалауындағы жап-жасыл тоғай мен орманды айтсаншы. Жанағы жылт-жылт еткен сулардың бәрі Қараталға қосылып біздің Балқашқа құйып жатыр емес пе?! Өй, анау бұлындаған Аманбай әулиенің күмбезі ме?! Иә, иә... Шынымен-ақ Батырбектің үстінен ұшып барамыз. Өне, ә-н-е... ауылдың да төбесі көрінді. Сол жақта бұйра-бұйра құмдары шынжыр табан трактордың ізіне ұқсап Кілтбай тауы шалынады. Анау мұнарланған теңіз... Балқаштың тура өзі

ғой... Үйлердің бәрі мүжіліп бітіпті-ау. Токметбай бастықтың үйінің шатыры да құлап қалыпты. Ән-е... біздің үй. Жалғыз түп алма ағашы да көрінді... Иә, біздің үй. Әйтеуір құламапты. Жапырайып тұр екен...»

Сөйткенше болмады, бүйірлей құлдилаған инелік-ұшақ жұдырықтай жүрегін аузына тығындап төмендей берді, төмендей берді. Іргедегі шалқып жатқан теңіз аспанға шығып кеткендей. Жер де көкпенбек, көк те көкпенбек. Әлгіндегі әп-әдемі ой ізім-ғайым жоғалған. Бұлталақтаған ұшақ бойын әрен тіктеген күйі салдыр-гүлдір жерге табан тірседі-ай. Сонда барып тынымсыз гүрілден құлақтары бітелген жолаушылар ес жиған.

— Қалай тез жетіп келдік,— деді бірін-бірі қостап.

Саят терезеге үңіліп еді. Сонадайда қолында дөп-дөңгелек сары қалақшасы бар аэропорт бастығы Жапарғалиды көрді. Бөз-баяғы қалпы. Шекесіне қисайта киген телпегінің астынан қобырайған бұйра шаштары желбірей шалынады. Шамасы, теңіз жақтан самал лекіп тұр-ау. Саятты енді барып таныған аэропорт бастығы қолын көтеріп, жымыңдап есікке жақындай түсті. Жапарғалидын не айтатынын Саят та іштей біліп, орнынан тыпырши қозғалды.

Самолеттің есігі ашылған бетте естігені:

— Қарлығашым, келдің бе?..

Таныс үн, таныс құшақ Саятты аялай жөнелді.

* * *

— Кемпір, балаларыңды өз көзіңмен көріп, марқайып қайттың ба?— деген Отарбай ақсақал масаттана қала жаңалығын тәптіштеп сұрай бастаған.— Қарындары тоқ па екен, әйтеуір. Ұлдың отпұскісі күзде деген секілді еді, ал келінің емтиханын бітірісімен келетін шығар.

— Биыл да сол былтырғы демалып қайтқан теңізіне бармақшы. Әлгі... аты қалай еді? Тілім келуші ме еді... Ұмытып қаппын өзін... Рәшитті де өзімен бірге алып кетем деп отыр ғой...

— Өй, пәтшағар! Біресе Екей (Эгей дегені), біресе Балтық деп. О несі-ей. Теңіз іздесе мына Балқашы бар емес пе үйдің іргесінде. Жыл сайын шығындалып жер түбіне шапқылағанша, өз үйі — өлең төсегі, аунап-қунап жатпай ма, осы!?! Бәрінен бұрын ана ілмиген немерем тілін ұмытып кететін

болды ғой. Қаршадайынан туған топырағынан жерітіп. Жатбауыр дәлдүріш ететін болды ғой!..

Табанда нілдей бұзылған Отарбайдың қып-қызыл жүзі қаракүренітіп, тотығып шыға келген. Шалының мінезін жақсы білетін Қамар шыр-пыр:

– Жарайды. Өзіңді аясаңшы. Қаның көтеріліп кетті. Жас кезінде ел аралап, жер көргеннің несі айып. Қайта мақтанбайсың ба? Айтпақшы, бізбен бірге Торғын келген, қасында немересі бар. Мына ыстығыңды ішіп алғаннан соң, салқын түсе сәлем беріп қайтқаның жөн шығар.

– Кемпір-ау, бағанадан бері айтпаймысың. Кешкі салқынды күтетін... Мен несіне керілем. Әкелші, әлгі жеңіл тәпішкемді... Аяғыма іле салайын. Күннің мына аптабында етік тұрмақ, өзімді әрең сүйретіп жүр емеспін бе?..

Жібек орамалдың кепкеніндей ашуы лезде тараған Отарбай орнынан ширақ түрегелді. Шалының қылығына қайран қалған Қамар шешей еріксіз мырсылдаған:

– Торғынды қатты сағыныпсың-ау. Тіпті сәнденіп болар емессің. Үстіңдегі сыпанмен барып келмексің бе, қияндағы ескі жұртқа. Бар, көне!.. Жүгір сонынан.

– Ескі жұртың не? Мына қызының, Рахиланың үйі тұрғанда...

– Енді неғыл дейсің, айырпорттан түскен бетте немересін жетектеп Пронзаға (Фрунзеге дегені) төтелей, қалың шенгелдің арасымен тартты ғой. «Үйге барып бір-ақ демалайық» дейді де баяғы...

– Әй, Қамар-ау, мен білсем сол Торғынның дені сау емес. Бәрінен бұрын немересіне обал. Қалың құмның ішінде каталап өлмесін. Құлазыған жұрттағы жалғыз тамда кім күтіп отыр дейсің сарғайып. Рахиласының үйінде жата-жастана бірер күн дамылдап алмай ма? Былтыр да осы, арғы жылы да осы... Несі бұл, ақсақ шалы тіріліп келетіндей...

– Қара орманы емес пе?

– Дұрыс айтасың, кемпір. Сенікі жөн. Қаладағы тас үйге камалып қайдан шыдасын. Оның үстіне жер сипалап отырған жоқ. Қуатты. Е...е... Торғын түгіл, жеті-сегіз шақырым жердегі ескі қоныс менің де түсімнен әсте шықпайды. Кемпір, сен әлгі бұзылмайтын ыдысына сүтінді құйып, құрт-майынды әзірле. Шоқытып барып келе қояйын. Ертеңге қалсақ ұят болар...

Отарбай ақсақал анадайға лактырып тастаған етігін жалма-жан қайта киіе бастады.

Әлгінде ғана тілі аузына сыймай «Су», «Әже шөлдедім» деп ызылдап келе жатқан Саят тоқал тамнын мыжырайған мұржасы көрінген бойда жол жиегінде жатқан таяқты бұтына қыстыра-мыстыра шанды бұрқылдата ілгері жүгіре жөнелген.

– Шүү, жануар, шү-у!..

Немересінің қылығына мәз болған Торғын айдалада тұрып көзіне жас алған.

– Құлыным! Қурайды ерттеп мінген бұ қалпыңды атан көрмеді ғой, шіркін!

– Әже, әже... Үйдің есігі ашылып қалыпты. Ішінде бірдене қараяды...

Немересінің жарықшақтанып шыққан даусын Торғын естімеді. Жол-жөнекей төрт қабырғасы бірдей мүжіліп арса-арса болған балшық тамға бұрылған. Жермен жексен құлаған үйдің жұрнағы кейуананың жүрегін елжіретіп жіберді. Біреу-міреу естіп қоятындай күбірлей сыбырлады:

– Қайнағаның құтты мешіті ғой. Қашан еді өзі? Осы табалдырықты келін боп аттаған күнімді неге ұмытайын! Бәрі-бәрі есімде. Алтыбакан басындағы ән-жыр да тура кешегідей құлағым түбінде жанғырады-ау. Қарашы, енді міне, жер де тозған, ел де тозған. Тозғаны емей немене, ана-а-у... тұста терең өзек ағып жататын жаз бойы талай сырды ішіне бүгіп алып... Қалың құм басып тастаған бұ жерде жасыл желек жамылып, көк құрақ сыбдыр қағып тұрушы еді дегеніме мына Саятым сене ме екен. «Елу жылда – ел жана». Шын сөз. Қайнағам мен абысынымның өмірден көшкеніне де талай заман. Оны айтасың, олардың соңынан ерген небір жайсаңдар да о дүниелік боп, бір-бір төбе құшып жатыр емес пе? Е, мың жасайтын кім бар дейсің?!.. Күзғын емес шығармыз анау Отарбай екеуіміз. Біз де кетерміз... Қанша жүрер дейсің?.. Алланың өзі біледі бәрін де...

Жаулығының шетімен жанарына іркілген жас тамшыларын сүрткен Торғын әлденеге аңырып мелшиіп тұрған Саятқа қарай асығыс-үсігіс басып еді, аяғына оралған әлдене жүргізбей тұсаулап қойғандай.

– Апа, ішке кіруге қорқамын. Шелектің түбінде жылан жатыр...

– Не дейді? Қорықпа, құлыным. Шақпайды... Осы үйдің киесі ғой, жарықтық.

– Ол не деген сөз, әже?..

Саят көмейіне жетіп келген сауалын ірікпеген.

– Е...е... боташым... Қара шанырақты қорғап, күзетіп жүрген жыланнан бекер үркесін. Қазір өзі-ақ жылыстап кетеді. Өйткені біз келдік емес пе... құтты ұямызға...

Саят ләм-мим тіл қатпады.

Ілкі сәт өтпестен-ақ кара шұбар жылан маңғаз жылжи сыртқа шығып бара жатты.

Жарықтық, киеннен айналдым!

Әжесінің сөзіне түсінбеген Саят түсі суық кара шұбар жыланды көзінің қиығымен шығарып салды...

* * *

– Кәне, Саятжан, екеулеп тас құдықтың суын төгіп тастайық.— Қолындағы түйіншектерін үй іргесіндегі үлкен ағаштың көлеңкесіне жайғастырып, Торғын шешей үстіндегі камзолын шешіп алып, ағаш бұтағына аса салды. Әлгінде жылан паналаған шелектің ішіндегі құм-топырақты қағып-қағып түсіріп, тазалаған. Дорбаның аузына тығындаған бес-алты құлаш жіпті қос қабаттап байлады да, шелекті даңғырлатып құдыққа сүңгітті.

Құдықтың ернеуінен ішіне үңілген Саят жіптің екінші ұшын мықтап ұстаған.

– Кейінірек тұр, күнім, ішіне түсіп кетерсің.

– Ой, тереңін-ай! Бітеліп қалған ба?..

Орта шелек мөп-мөлдір суды табанының астына төге салған әжесі қолындағы бақырды Саятқа ұстата берді.

– Біраз төгіп таста. Әбден тазарсын. Мен күн кешкірмей үйдің ішіндегі төсек-орынды сыртқа шығарып жайып тастайын...

Мықшындап зорға көтерген бір шелек суды Саят құдықтың бетін бастырған зіл кара тастың үстіне қойып сіміре бастады. Осы мезетті күткендей әлдеқайдан ат оскырынды. Жалма-жан басын көтерген Саят:

– Апа, апа! Отарбай атам келеді,— делі.

Ол шөпілдеген шелекті құдық қақпағына сүйей салып, үй іргесіндегі жалғыз түп алма ағашына ат басын тіреген қарттың қолтығынан демеп түсірді. Қожайынының қас-қабағын аңдаған сабалақ төбет те ұзақ шәуілдемей, марғау ыңырс қыңсылаған беті аттың бауырындағы тоқымдай көлеңкені паналаған. Тілі аузына сыймай қос өкпесін бірдей ішіне тартып тынымсыз ырсылдайды.

– Құдайдың күні күйіп-ақ тұр биыл. Саятжан, дәу жігіт болдың ба? Келші бермен маңдайыңнан иіскейінші. О-о-о... Өзіңнің бойың сырықтай сорайып кетіпті ғой. Пәлі! Жаңа мені аттан түсіріп алды емес пе колтықтап. Әженнің халі қалай? Қуатты ма, балам?..

– Аманбысың, Отарбай? Өзін осы жерде бізді «қашан келер екен» деп күтіп жүргеннен саумысың?— Қолындағы қурай сыпырғышын табанының астына тастай салған Торғын әзілдей сәлем берген.— Біз де сау-саламатпыз. «Өлмеген құлға тағы, міне, келді жазы». Тірі адам сүйретіліп жүріп тірлігін жасай берсе керек. Шын айтам, өзін көктен түстің бе, жерден шықтың ба? Әлгінде Камар да бізбен бірге келген. «Сен секілді қалана апталап жатуға шыдамаймын, оның үстіне шалымды сағындым» дейді ол маған. Мал-жан аман ба? Саятжан-ау, анау ағаштың көлеңкесіне көрпеше төсеп жібер. Шәугімнің астындағы шоғынды қузап... Өй, балам... қайдасын?..

Төңірегіне танырқай жанар жүгірткен Торғын шешей қараңғыда көзі байланғандай, тұрған жерінде үн-түнсіз тыпырлады да қалды. Сонда ғана байлаулы Найзақүренді шешіп алып, шылбырынан жетектеп құлаған тамның шөккен балшық қабырғасына токтата қойып, үстіне міне алмай әуреге түскен Саятты көрген Отарбай қария:

– О, құлыншак, атқа мінгісі келген де. Басқа не ермегі бар мына жұтаған жұртта,— деп күбірледі.— Менін де Рәшитім өстіп жүрсейші...

Әлденеше мәрте серпіле ұмтылған Саят аттың екінші жағына ауып кете жаздап барып бойын әрең тіктеген. Тізгінді іркіп кері бұрылған ол:

– Ата, Кіші Аққұм жаққа барып қайтайыншы,— деді.

– Қатты жүрме, балам. Ыстықтың беті әлі қайтқан жоқ.

– Саятжан-ау, алысқа ұзама. Шабамын деп құлап қалмағайсың. Байқашы өзін.— Бәйек болған ол жұмсақ тоқаштарын Отарбайдың алдына рет-ретімен қоя бастады.

– Шайды сүтсіз ішесің енді. Қолың тисе кешіктірмей Рахиладағы қызыл ала сиырымды жеткізіп бергейсің. Жаздай ақсыз қалай отырамыз. Саятым да айран ішсін бүйірі шығып...

– Айтпақшы, Торғын-ау, тарс есімнен шығып кетіпті. Бағана кемпір терміске сүт құйып берген сықылды еді. Саятжан менін қоржынымды қайда тастады екен. Қолына ұстатқан едім. Е...е... Ә-не... шелекке сүйеп қойыпты...

– Әй, балам-ай! Қойған жерін қарашы. Судың үстіне тастай салыпты,— деп орнынан жүрелей түрегелген Торғын қоржынды саусағымен іліп көтерген болды.— Мынауың өзі зілбатпан ғой. Ішіне тас тығындап алғансың ба?

– Сені аштан қалатындай, әлгі кісінің істеп жүргені. Шайымды да шала ішкізіп, «тездетіп барып кел» деп дамылдатпаған. Тіпті қаладағы балалардың жағдайын да тәптіштеп сұратпады. Кейінгі кезде мүлдем мазасыз. Мінезі де өзгеріп, шыдамсыз боп барады...

– Бәсе, бәсе... Қамар барған бойда жөпелдетіп жіберген тәрізді. Өзіннен басқа кімі бар жұмсайтын. Шүкір де... Қарға адым жер мұң болып, төсегінің маңынан ұзай алмағаннан құдай сақтасын.

Кесесін дастарқанның шетіне жылжытқан Отарбай ілкі сәт үндемей, маңайына күн сала сүзіле көз тікті. Көкжиекпен астасқан Кілтбай құмы тым жырақтан қарауытып шалынады. Қарсы беттегі Жанаөндіріс ауылының орнын көрсетіп: «бұл жерде осыдан он-жиырма жыл бұрын сүттей ұйыған ел болған»... дегендей жалғыз түп бәйтерек ап-анық көрінеді. Енді міне, көрші ауылдың кейпіне түскен ыстық мекеннің қазіргі ұсқынсыз келбеті мынау. Айналдырған бес-алты жылдың бедерінде тоз-тозы шығып мүлгіп тұр. Әйтеуір, жыл сайын немересін жетектеп Торғын келеді жыл құсындай. Қара орманын қимайды-ау... Қайтсін, өскен-өнген, ұшқан ұясы емес пе?!

Теңізден лекіген майда самал мандайынан жұп-жұмсақ өленшөптің үкіжелпуішіндей сипап өтті.

Кеудесін кере орнынан ширақ көтерілген Отарбай:

– Әлгі бала кешікті ғой,— деді зілсіз үнмен.

– Апырмай, бір жерде құлап, мертігіп қалмаса,— деді Торғын шырылдап.

– Қорықпа!... Аты жуас... Со немен суға түсіп жүрмесе рахаттанып... Сағынған шығар...

Әр сөзін нығырлай, ойын үзіп-үзіп жеткізген қарт жүрегі шын мәнінде алаңсыз еді.

Мұны жандүниесімен сезген Торғын шешейдің қабағы шайдай ашылып, жадырап қоя берді.

* * *

...Найзақүренге қонжыған Саяттың бойымен бірге ойы да өсіп шыға келгендей. Алақанына уыстап жинап алған жүгенді екі-үш мәрте серпіп, өкшесімен аттың бүйірін әлсін-

әлсін нұқып қояды. Шоқырақтай жөнелген Найзақүрен үйреншікті аяң-желісіне басқан. Әбден арса-арсасы шығып, мүжіліп құлаған үйлердің қаңқалары қос қапталында бірінен соң бірі қалып жатыр, қалып жатыр. Тіпті қайсыбір тамдардың там-тұм жұрнақтары болар-болмас білінеді. Жермен-жексен үйлердің орындарын айтқызбай танып отыр. Оң жақта қалған шаршы-шаршы үйінділер Камибек балықшы мен Базархан мұғалімнің үйлерінің қалдықтары. Неге екенін білмеймін, аяғын сылтып басатын, қабағы катулы Базархан ағайды бүкіл ауылдың үлкен-кішісі «Мұғалім» деп атайды. Менің әжем мен атамның өздері о кісінің есімін ауыздарына алмайтыны түсініксіз. Үнемі «Мұғалім» деп отырады. Ел іргесі сөгіліп, ауыл тарап жатқанда Балқаш қаласының түбіндегі Қоңырат деген жерге үлкен қызы Мәрияның қолына көшіп кетіпті. Содан бірнеше жыл өткеннен соң, ауылды сағынып жалғыз өзі шойнаңдап келгенде, әжем боларда-болмай жетектеп Токметбай бастықтың үйіне түскен Мұғалім атайға сәлем бергізген. «Серікболынның тұңғышы де, дәу жігіт бол! Сенің әкелдер зінгіттей боп кетсе де, осы уақытқа дейін бас киімдерін шешіп, сонадайдан сәлем береді» деп мәз болған мұғалімнің түрі әлі есімде. Өмірімде мен оны бір-ақ рет көрген едім...

Ал сол қапталдағы қатар тұрған екі үйдің есік-терезелері үнірейіп-үнірейіп қорқынышты шалынады. Шатырлысы Токметбай бастықтың, ал іргесіндегі Мәшімбабай атаның үйі болатын. Екеуі де бертінге дейін ешқайда жылжымай отырып алған еді. Енді міне, көрдіңіз бе, иелері көшіп кеткен үйлердің сұрқын. Жыландар мен жарқанаттар мекеніне айналған олардың қасынан жүргін келмейді. Аядай ауылдың сыртындағы ескі қыстақтың бұдан бұрынғы бейнесін бүгінде көз алдына елестете алмайсың-ау. Аз уақыттың ішінде құм басып тастаған. Саят атының басын баяу ғана ірікті. Көңілі іркіттей бұзылды. Жұлгелене жал-жал үйіліп жатқан мына қалың құмның астында Ділде апам мен Үйсінбай шалдың үй-жайы, қора-қопсысы болған дегенге кім сенеді?! Айтпақшы, Ділде апамның қатын алған сомадай ұлы Серікбай ағамның өксіп-өксіп жылағаны-ай! Тура күні кешегідей есімде. Неге ұмытайын. Тіпті жылап бара жатып айтқан өні де сол күйі құлағымның түбінде жаңғырады. Сондағы өлеңі «Ауылым» екен ғой. «Жуасы мен жусаны бұрқыраған Ауылым... Қайтып айналып келгенше қош, аман бол!..» Қызық, үлкен адам да жылайды ма деп ойлағам мен ештенені түсінбей. Сөйтсем көзінің жасын көрсетпеген Ділде апам іштей езіле егілгенге ұқсай-

ды. Оларды ұзаққа, алысқа кеткен шығар десем, теңіздің арғы бетіндегі Қаракұмға көшкенін кейін білдім. Өйткені көп ұзамай аяқ астынан қайтыс болған Серікбай ағамның жерлеуіне әжем кемемен барып келді. Апамның бар айтқаны: «Туған ауылының топырағы да бұйырмады. Жүрегі білген-ау...»

Әжемдікі дұрыс. Егер біз де қалаға мүлдем көшіп кетсек иесіз үйіміз қанырап қалады екен ғой. Сонда үймен бірге ауызғы бөлмедегі қарлығашымның ұясы да быт-шыты шыға ма?! Жок! Ж-о-о-қ!... Апам дұрыс айтады. Биыл қалаға қайтпай ауылда қыстаймыз... Иә, ескі жұртта... Жалғыз үйде, атамның үйінде...

«Шошқалы» көліне қалай тез жетіп келгенін аңғармаған Саят жан баспаған ну қамыстың арасына сүңги ілгері жүрді. Балауса құракты бырт-бырт шайнаған атының ауыздығын мойнын созып ағытқан ол Найзакүреңге жалдатып барып су ішкізген. Оқтың-оқтың басын көтеріп қойып сусаған күреңнің кербез қылығына төзімі таусылған Саят атын тебініп кері бұрылды. Қамыс арасындағы қалың маса талап, одан бетер шыдатпаған. Әлгінде пысынап шешіп алған женсіз жейдесін жалма-жан ат үстінде қайта киді. Кісі бойы құрактың үпелек шырпысынан желпуіш жасап алды. Бет-аузын, қол-аяғын сабалай шалғынды жағаға зорға шықты, әйтеуір.

Атын жынғылдың көленкесіне байлаған ол біреу қарап тұрғандай шок қамысты тасалана шешініп суға қойып кетті. Мойнын қылтитып біраз тұсқа жеп-женіл қалқып барған бала үлкендерге еліктеп қос қолын жоғары көтеріп бой бойлады. «Әп дегенде аяғымның ұшы су түбіне тиетін шығар». Жок, керісінше сүңгіген жері терең екен. Төмендеген сайын су түбі мүп-мұздай боп қос өкпесін қыса түскендей, тынысы тарылған. Аяғын тырбындатып байкастап еді, екі сирағына бірдей балдыр оралып жылжытпай қойды. Әлгіндегі ойы ізім-ғайым жоғалған. Жүрегі аузына тығылған Саят ендіге жағалауға қарай жан-дәрмені шыға жүзді. Іле-шала табанын майда батпаққа тіреген оның «Уһ» деген үні әрен естілді. Басы-көзін, бүкіл денесін жап-жасыл балдыр мен жылбысқы шайыр шөп шырмап тастаған ол су жиегіне ілінген бетте сүріне-қабына құлаған. Ентігін баса алмай, екі көзін тас қып жұмған күйі тып-тыныш қозғалмай жатты. Әлден кейін барып көзін сығырайта көл бетіне сүзіле жанар жүгіртті. «Қандай тұңғыық. Тіпті жағасының өзінде бой жок. Шөп-шаламға оранып батып кете жаздадым емес пе?! Ертеректе колхоздың бір үйір жылқысы батпақтап өлген «Шошқалы» көлің осы. Ауыл ақса-

қалдарының айтқан сөзі есіне оралды. «Бұ көлге байқап шомылмаса болмайды. Жағалауы тіп-тік жарлауыт әрі терен-ақ. Қаратал тасыған жылдары суы әсте ортаймай қысы-жазы жатады шалқып...» Басына ұялаған үркек ойларды қарсы беттегі жыныс қамыс тоғайынан естілген барылдақ үйректің дауысы әлем-тапырық бұзып жіберді. Оған қосыла қыт-қыттаған жұп-жұп қасқалдақтар айдын бетіне ойнақтап шыға келді. Су сызып ерсілі-қарсылы жүзген қанаттылар айна көлдің түс-тұсынан қарауытып, қатарларын көбейте түскен. Көлеңке басы ұзарып, кешкі салқын самал майда толқындарды оята бастағандай. Аптап ыстықта аз-кем дамылдап алған кешкі құс базары біріне-бірі ұласар шақ Саяттың қиялына қанат бітірген. Ол үсті-басын шайып, асығыс-үсігіс Найзақүреңге қайта қонды. «Қап, әбден кешіктім-ау?! Әжем іздеп жатқан шығар. Бәрінен бұрын Отарбай атамнан ұят болды-ау. Ұрсатын шығар...»

Бойын бір өкініш, бір үміт билеген Саят өз-өзіне:

— Суға кетіп қала жаздағанымды айтпай-ақ қояйын,— деп ызғыта жөнелді...

* * *

— А-п-а!... Апа!

Қатты шошып ояңған ол көзін аша алмай, басын жастықтың астына жасырды. Құрық бойы көтерілген Күннің өткір сынық сәулесі шекесін тесіп жібергендей. Пора-пора қара суға шомылып жатыр екен. Самайынан сорғалаған бұршақ-бұршақ тер аузына да тамғанға ұқсайды. Тілінің ұшы кермек татиды. Пенде шіркінді қойсайшы, әйтеуір. Жана ғана құлындағы даусы шыға айғайлап түрегелген Саят қарқылдап күлді. Жүрегі жарылардай қуанған. «Түсім болғаны қандай жақсы?! «Шошқалы» көлдің түбіне батып бара жатыр екенмін. Қарманған қолыма бірдене ілінсейші. Ербек-сербек дәрменсіз күйде шынғырып жібергенмін ғой. Жағада безектеген әжеме қолымды созамын. О кісі не істесін, ағыл-тегіл жылап тұр. «Көз алдымда суға кеткенім бе, құлыным! Әкене не айтамын...»

— О, ботам, тұрдың ба? Ұйқың қанған шығар.— Ту сыртынан естілген әжесінің үні жайдары да жарқын.— Ауылдың аты— ауыл. Неткен рахат! «Ыз» еткен дыбыс жоқ. Байқайсың ба, балам? Көне, құдықтың мұздай суына жуына гөр. Сергіп қаласың. Өй, Саятжан, көзің домбығып ісіп кетіпті.

Көп ұйықтағандікі ме? Жок, әлде жылағансың ба? Екі көзін бірдей қызарып тұр ғой.

— Иә. Түсімде қорқып жыладым,— деді Саят.

— Е, е... Өңінде қуанасың, құлыным,— деді Торғын шешей.

Көңілі бірлеген Саят ылдым-жылдым қозғалған күйі ауладағы белтемірге барып тартылды. Әп дегенде алақаны тершіп қоя берді. Бұжыр-бұжыр тоттанған шомбал білік темірді екі бұтақтың арасына ілдәлдәлап бекіткен еді кеше Айдың жарығымен. Ол қос алақанын топыраққа батырып «жуып» алып қайтадан тартыла бастады. «Бір... екі... үш... он... жиырма...»

Қанша ұзақ тартылғысы келгенімен қолының қары тала бергеннен соң ол екі сирағын балтырынан іліп басын төмен салбыратып, қолын беліне таянып ерсілі-қарсылы теңселді. Өзіне-өзі риза. «Ұмытпаған екенмін». Іле-шала алақанын сарт-сұрт еткізе шапалақтады да мықтап ұстаған бетте басын аяқтарының арасынан өткізе арқасымен шыр көбелек айналды. Және бір мәрте қайталаған Саят қатты серпіліп барып, екі-үш метрдей жерге барысша атылып түскен. Турникте осылайша Күн жасауды былтыр Төлеген ағайдан үйренген-ді. Алғашқыда жүрексініп, үрейленгені рас. Намысын жаныған мұғалім ағайдың сөзі әлі есінде. «Жігіт емессің бе? Қорықпау керек. Қазірден бастап үйреніп алсаңдар, кейін әскерге барғанда өздерің қиналмайсыңдар...» Спортшы мұғалімді Көпбірліктегі Рахила тәтесінің үйіне әжесімен қыдырып барғанда ен алғаш рет көрген еді.

Мектеп маңындағы алаңға орнатылған биік темір турникті дөңгелектене қоршап алған бір топ бала белтемірде ұршықша ойнаған адамның өнерін тамсана тамашалауда. Самайын тұтастай ақ шалған, бұлшық еттері бұлт-бұлт еткен, сырт көзге жігіттей көрінгенімен әжептәуір жасқа келген кексе кісінің әуеде көгершіндей қалықтап, жерге түспей неше алуан түрлі өнер көрсетуі Саятты да қайран қалдырған. «Сикыршыдан кем емес-ау! Тура өзі дерсің!..»

Денесін емін-еркін ұстаған шып-шымыр спортшының, жоқ сикыршының көз ілеспес жылдамдықпен біресе алдына қарай, енді бірде шалт қимылдап, керісінше шыр көбелек айналғанын қайтерсің?! Жалт-жұлт еткен жылтыр жұмыр темірдің үстіне қас-қағымда аяғының ұшымен тік тұра қалып, ілкі сәтте қайтадан төмен құлдилаған күйі аспалы білікке байланып қалғандай жалғыз қолына сүйеніп, оңға-солға бұралып

«бұранда» жаттығуын көрсеткен. Солқ-солқ қозғалған турник мұғалім ағайдың салмағын көтере алмай майысып кетердей. Тіпті әлгінде біріне-бірі сыбырлап, мәз болған балалар оның әр қимыл-қозғалысын демдерін іштеріне тартып, кірпік қалқай қадағалаған. Сөйткенше қаз-қатар тізіле тұра қалған бойшаң төрт-бес жігіттің үстінен секірген спортшы ағай қос қолын жая сонадайға «дік» ете түсті. Сонда барып балалар алақандарын шапалақтап, шулап қоя берді. Жанары жәудіреп, аузы аңырған Саяттың құлағына Рахила төтесінің ұлы—Жемісбек сыбырлаған:

— Қалай, ә?! Біздің Саусақбаев ағай күшті ме екен!..

— Керемет!— Саят таңдайын қакты.— Былтыр біздің Талдықорғанға Алматыдан цирк келген болатын. Сондағы аспалы турникте өнер көрсеткен жап-жас жігіттерден де артық. Өзі үлкен кісі ғой.

— Иә. Біздің ағай мықты.— Жемісбек бас бармағын көрсетті.

...Сол күннен бастап бейтаныс мұғалімге еліктеген Саят турникте шама-шарқынша түрлі жаттығулар үйрене бастаған-ды. Сонын бірін қинала-қинала әрең жасаған ол буын-буыны қалтырап, секірген жерінде ұзақ отырып қалды.

«Жаз бойы жалықпай жаттығуым керек... Өскенде мен де Төлеген ағайдай боламын...»

Бұл— оның ойы әрі серті еді.

Тершіген бет-аузын салқын суға көміп-көміп жуған Саят көктен түскендей, төңірегіне танырқай көз жүгіртті. «Бағанадан бері неғып байқамағанмын, ә! Бүкіл ауланы, тіпті иесіз құлап қалған көрші Шалбай атамның үйінің маңайын да су сеуіп, мұнтаздай сыпырып қойыпты. Сонда апам түнімен ұйықтамаған ба? Енді қараңыз, қарсы беттегі жартыкеш боп қалқып тұрған Төлеу ағайдың ескі тамының төңірегін тазалап жүр. Бұл неғылған әдет. Ойпырмай десеңші, өз ауламызды тазалап сыпырып қойсақ та жетпей ме, осы. Әй, апам бәрі-бір тындамайды...»

— Әлгі дырылдағы жүріп тұрса жетіп-ақ келер, құлындарым. Емін-еркін шапқылап бір ойнасын таза жерде.

— Апа, жалғыздан-жалғыз кімге сөйлеп жүрсіз?

— Кімге сөйлеуші ем, сенен басқа. Кішкентай ақылшым менің. Өздері кешікті ғой.

— Кімдерді айтасыз, апа? Рахила төтемнің балалары ма?— Саяттың жүзі бал-бұл жайнап, көздері күлімдеп, үні қуанышты естілді. Ән-е-е, әже, қарлығашты көрдіңіз бе? Есіктің

саңылауынан ауызғы бөлмеге кіріп-шығып жүр дамылсыз. Ескі ұясын жөндеуге кіріскен секілді.

— Соңғы жылдары қарлығаш та азайып бара ма деймін, осы. Ауыл аспанында керілген сым темірлерде жыпырлап тізіліп отыратын қасиетті қанаттылар да елмен бірге көшіп кеткен-ау! Бұ шіркін де құлазыған жұрттың сықпытсыз сиқын сезетін шығар. Мына сыңар қарлығаш сол былтыр осында ұя салған қарлығашың боп жүрмесін...

— Апа, қараңызшы, өне мандайшада отыр.

— Әй, балам-ай, қызыксың! Мен сенің қарлығаштарына ен салып қойды дейсің бе?! Әй, жалғыз емес, екеу ғой. Байқалдың ба, күнім. Сүйікті мекеніне, ыстық ұясына қарлығаштарың да оралды. Құс екеш құс та өскен ортасын қимайды. Көрдің бе, ботам, соны білгейсің әмәнда!

Жатса-тұрса ұдайы аузынан тастамайтын әжесінің бұл жолғы сөзі әдеттегіден гөрі жып-жылы естілген. Сөзінің сонын жұтып қойған кейуананың кәрі жүрегі де езіліп, артынша болар-болмас тулағандай еді. Апасының шүңірейген мұңды жанары мен ақ бәтестей оңған боп-боз өңінен бар жайды айтқызбай-ақ ұққан Саят:

— Қарлығашым, келдің бе?— деді ішінен.

Бір нәзік сәуле

— Тәтемді түсінбеймін. Аунап-қунап бірер күн дамылдап алмай ма? Иесіз үйде шайын қайнатып, көрпесін төсеп отырған біреу-міреу болса бір сәрі. О несі, ауылға келіп тұрып өз қызының үйіне бас сұқпай. Естіген көрші-қолаңнан ұяттағы бәрінен бұрын. Мына қараң қалғырынның жөнделетін түрі бар ма?..

Аяқ астынан нілдей бұзылған Рахила есік алдында үш аяқ мотоциклін шұқылап әбден әбігерге түскен ұлының қасына жақындап, шашылып жатқан темір-терсектерге тесіле үңілді. Күн ұзаққа екі қолы май-май болып мықшындаған Жемісбек үн-түнсіз әлдеқандай тетікті бензин құйылған шелекке батырып жуа бастады. Анасының мінезіне қанық ол ләм-мим жақ ашпаған күйі пысылдап кәсібін жасай берген. Әкесі көз жұмған айналасы екі-үш жылдың ішінде шешесінің мінез-құлқы мүлдем өзгеріп кеткенін жақсы сезеді. Ашуланшак, не болса соған күйгелектеніп шыға келеді. Күн өткен сайын көз алдында құбылып, тіпті қияли, жүйкесі тозған жан-

ға көбірек ұксап бара жатқандай. Жап-жас анасының аз уақытта мойылдай қара шашы да ағарып кетті емес пе?

Ерте есейген ол: «Шиеттей бес баламен жесір қалу кімге жеңіл дерсің? Тағдырдың беймезгіл «сыйын» анамның күтпегені шын, сондықтан жалғыздықты көтере алмай жүр-ау. Әйтпесе, мұндай тосын қылығын бұрын байқасақшы. «Жынды» деуге аузым бармайды-ау, бармайды. Міне, тағы да өз-өзінен шат-шөлекейі шығып бүкіл ауланы басына көтерген. Әп-әдемі әңгімелесіп-ақ отырған еді әлгінде. Үндемей құтылайын, одан да...»

— Әкеннің көзі ғой бұ дырылдақ та. Ұқыптап, дұрыстап мінсеңдерші. Жөнделмесе апарып орнына қоя сал,— деді сабасына түскен анасы байсалды қалпы.— Ыстықта текке қиналма, мен қазір барып Отарбай атанның ат арбасын сұрайын. Оның үстіне бәріміз бірдей жетіп алайық шаршамай...

— Мейлі,— деді Жемісбек.— Әжем де шыдамы таусылып отырған болар.

Әншейіндегі мұңлы жанарлары лезде нұрланып шыға келген Рахила:

— Ұлым, сен білесің бе, мен де анамды сағындым,— деді күлімдеп.

— ?..

Сағыныш сазы жүректер лүпіліне айналып жатқандай...

Көңіл пернесін дөп-басар бір нәзік сәуле... Көп ретте жандүниемізбен терең ұғына бермейміз-ау. Әйтпесе...

* * *

Әбден қалжырап сәкідегі төсенішке қисайған бойы кірпігі ілініп кеткен Торғын дабыр-дұбырдан басын жұлып алды. Ескі қораның шенгел қоршауына бас тіреген арбадан шуылдай түскен қарадомалақтар бірін-бірі тартқылап, таласа-тармаса құшақтап сүйіп жатыр.

— Әже... Ә-ж-е...

— Менің әжем!

— Амансыз ба, апа...

— Әже деймін... біз де көшіп келдік. Ә-не, қаранызшы, арбаға бәрін тиеп әкелдік.

Тұс-тұстан жарыса үстіне кеп құлаған кішкентайлар әжелерін аймалап, тұруға мұрша берсейші. Құлындарым! Боталарым! Торғын немерелерін кезек-кезек ыстық төсіне басып, құшырлана иіскеді.

Арбадан сүйретіліп зорға түскен Камар мейірлене тіл қатты:

— Мына күшіктерің өзіңді әбден сағынып қалыпты ғой. Болды енді өңкей шуылдақтар. Сендерді тапқан анау қызы—Рахиласын да бауырына басып, бетінен сүйсін да. О несі, түге, жамыраған қозыдай...

— Өй, сендерді Камар апаларың алып келген бе?— деген Торғын манайын шола жанар жүгіртті. Желкесінен асыла берген Рахиланы құдды жылдар көрмеген жандай егіле, езіле құшақтап жібермеген.— Күнім менің, азып кеткенсің бе өзін? Сарыуайымға салына берме дегенім қайда? Өңің боп-боз екен. Бір жерің ауыра ма?

— Жок, тәте!— деді жымыып Рахила.— Шаршағандікі шығар. Біреуге күлме, өз басыңа келеді деуші едің. Тура соның кебі болды. Арбаға отырғаннан басымның айналғаны бар емес пе?! Әлгі мектепте жүргенде Дабылға күле беруші едік кой мазақтап. «Самолет пен мәшине тұрмақ арбаға отырса болды, басы айналып құса беретін көрінеді сұп-сұр күйде...» Менің де жүрегім локсып, ат қатты желген сайын, жер-жиһан дөңгеленіп бара жатқандай басым айнала берген соң, екі көзімді тарс жұмып алдым. Осы екі ортаға жаяу-ақ тартып кетсемші...

— Е...е... ендігі жерде өзінді-өзің күткенің жақсы. Әйтпесе, жаман сырқатқа шалдығуың кәдік емес. О заманда, бұ заман арбаға мінген адамның басы айналушы ма еді! Күлетіні жоқ, қарағым.

— Шешен дұрыс айтады. Кімнің байы өлмей жатыр дейсің. Бәрінен бұрын алтын асықтай күшіктеріңнің ертенін ойлаған жөн. Биылғы жазды осы жерде, өзіңнің кіндік қаның тамған ата-жұртыңда, шешеннің жанында өткізіп көргейсің. Туған ауылыңның ауасы да шипа болар. Сауып отырған екі сиырың мен ұсақ малыңды біздің шал бірдеңе ғып жеткізіп берер. Мына кен жерде емін-еркін бүйірі шығып...

Камар кемпір де ұрымтал тұста көптен мазалап жүрген ішкі ойын ақтарып салды. Рахиланың жаралы жүрегін сыздатпай пікірін әп-әдемі жеткізген.

— Қамар апамдікі дұрыс,— деді Рахила.— Тәтемнің қасында боламыз.

— Саят қайда жүр?— деді бағаналдан бері тағатсызданған Жемісбек үлкендердің әңгімесін бөліп.

— Жүр ғой осы манда. Қайда кетті дейсің. Әйтеуір, құлыныма бәрі тансық. Иесіз құлап қалған мына үйлерде кімдер

тұрғанына дейін сұрайды. Жалықсайшы. Қарғадай кезіндегісін де ұмытпаған... Тәуба...

Бүлдіршіндердің көгершін көңілі, кәусар күлкисі жұтан жұртта мүлгіген жалғыз үйдің сонау бір кездегі думанын қайта оятқандай. Құбылтып әсем де сикырлы сазына салған ақ тамақ қарлығаштардың қатары да көбейіп, құлазыған ауыл аспанын ажарлай түскен. Жерошактан будак-будак көтерілген шуда түтін иісі де сезім қытықтағандай. Тіршіліктің, қамқарекеттің белгісіндей бір шөкім бүлтсыз зеңгір көкке тарап жатыр. «Туған үйдің түтіні де ыстық» дегенді апам бекер айтпайды екен-ау. Саяттың бұл ойын Жемісбек бұзып жіберді:

— Мен сенің қасында үш-төрт күн ғана болам. Сосын балық аулауға, теңізге шығамын,— деді ол үлкендерше.— Сегізіншіден кейін оқымаймын. Үйге көмектесем. Теңізбай ағамның бригадасына қосылып, жаз бойы Жыңғылдықайырда жатып балық аулаймын. Шешеме де қиын боп жүр.

— Рахила тәтем біле ме? — деді Саят мұная.— Бізге көңілісіз болады екен.

— Несіне көңілсіз. Қанатбек, Сәкен үшеуің «Инженер көлінен» кішігірім шабақ ауламайсыңдар ма? «Уралым» жөнделсе, ауылға келген сайын зырылдатып соғып тұрам ғой...

— Давай, ендеше «Инженер көліне» сен кетіп қалмай, бүгін-ақ барып келейікші.

— Жарайды. Тәтемдерге білдірмей-ақ қояйық...

* * *

Қалың қызыл шенгел басып кеткен ауыл сыртындағы жоңышқа алқабын Жемісбектің өзі де танымай қалған. Әншейінде шаңы борпылдап жататын ескі сүрлеудің табанын тұтастай кеулеген тікенекті мыртық тұқылдар аяғынды емін-еркін басқызбайды. Қоянның жымындай сайрап жататын сынар сокпақтардың білінер-білінбес сорап сұлбалары ғана әр-әр тұстан бұлындайды, әбден өшуге жақын. Тіпті бұл өңірге соңғы кезде мал тұяғы тимегенге ұқсайды. Бұта-бұтанын түбінен пыр-пыр етіп көтерілген бытпылдақ торғайлар мүлгіген тыныштықтың шырқын бұзғысы келмей, әрегідік шырылдай ұшырасады. Аттап-бұттап, табаны сияр сүрлеу сілемдерінің саңылауларын қуалап жүріп келе жатқан Саят шыңғырған беті жүрелей отыра кеткен.

— Ой-бай, аяғым! Ая-ғ-ы-ым...

Жалма-жан қасына жетіп келген Жемісбек:

– Не болды? Тікен кіріп кетті ме?– деді дегбірсіздене.

– Қанап қапты. Бағана айттым емес пе? Бәтінкенді шешпе дедім ғой.— Өкшесін қос алақанымен қатты қысып ұстаған Саяттың қолын тартқылаған Сәкен.— Кәне, көрсетші. Шөңге болса, жұлып алып тастайыншы.

– Қатты ауырып барады.— Саяттың жыланқы үні дірілдеп шықты.

– Түк етпейді. Тікен де, шөңге де кірмепті. Шенгелдің түбірі оңдырмай сойып кетіпті. Қазір әдемілеп емдеп жіберем. Қанап тұрған жерін көрсетші өзін.— Бір шөкім шағыл құмды шымшып алған Жемісбек мөлтілдеп қанталаған жас жараның аузына жаға салып, үрлеп-үрлеп жіберді.— Қазір басылады. Мұндайдың талайын көріп жүрміз ғой. Жер жүзін шенгелмен ақтікен жайлап кетіпті, қарашы. Анау-у... Шалбай атамның, мына жердегі Төлеген атамның жылына төрт-бес мәрте шауып алатын жонышқалығының сиқын байқайсың ба?

Әйеңкестене аяғын сылти басқан Саят сағымды көкжиекке сүзіле жанар жүгіртті. Көзі жасаурағандай, алақанымен уқалап-уқалап сұрткенсіді. Көмейіне тығылған күдікті ойын сыбырлай сездірген.

– Жемісбек, сен жаңа аяғымның қанаған жеріне қиыршық құмды жаға салдың... Ертең асқынып кетпей ме? Заражение боп жүрсе қайтем, ә?..

Тосын сауалға Жемісбек жауап бермеді. Қарқылдап күлді керісінше. Оны қолтаңған Сәкен де мырсылдаған. Бұлардың жарыса жырқылдағандарын жақтырмаған Саят өкпелі кейіпте томсырая түсті. Ләм-мим жак ашпай, екеуінің ізімен ілбіген күйі жаңадан басталған жыныс қамыс нуын екі қолымен арши ілгері ұмтылды. Кісі бойын жасырар көк құрақтың арасындағы сояудай-сояудай сары нар қамыс бетінді осып жіберердей серпіле сыңсиды. Түбі ұйысқан копа-қоға. Аяғына шырмаяуықша оралып адымыңды аштырсайшы. Әр сықырдан секемденген Саят кібіртіктей жалаңаяқ табанының астына қарағыштай берген. Мұның бәрін сырттай байқап, бақылап келе жатқан Жемісбек:

– Ештеденен қорықпа. Жігіт емессін бе? Аяғынның жарасы қарақотырланып ертең-ақ жазылып кетеді,— деді нығырлай әрі көңілдене.— Біздің Сарыесіктің құмы да, топырағы да таза. Әйтпесе... Ендігі өліп қалсақ, біз өліп қалар едік. Қанаған кез келген жерімізге шағыл құмды уыстап жаға салып, шауып жүре береміз. Қаланың топырағы емес. Тап-таза ғой әрі нағыз ем. Сен бұдан былай біліп қой. Дүние жүзіндегі

ең таза ауа, ең таза құм біздің аймақта екен. Нанбасан, өзін Отарбай атамнан сұрашы.

– Иә, о кісі ылғи мақтанып отырады. Шіркін, біздің Кілтбай мен Жыландының шыны құмына киім-кешегінді бір-бір сілкіп-сілкіп қағып алсаң, химшескеден шыққандай етіп тазартып берер еді дегенін талай рет естігем.

– Қызык екен. Рас айтасың ба?– Саят басын шайқап, тандайын тақылдатты.

– Айтпақшы, осы маңдағы қалың құмның ерекше қасиетін шетелдіктер зерттеп жатыр дейді ғой тағы да Отарбай атам.

Жемісбектің сөзін Саят бөліп жіберді:

– Шағыл құмда алтын көшіп жүруі мүмкін.

– Расында,– деді Сөкен. – Киноларда көрсетпеуші ме еді. О, ғажап! Алтын табылса, шіркін!..

– Қойшы-ей, алтын табылмай-ақ қойсын. Бізге осы маннан киім тазалайтын, я болмаса шыны ыдыстарын жасайтын зауыт ашса жетіп жатыр. Қытайлар ма, әлде француздар ма ауылдың іргесіндегі қалың шағыл құмды сатып алмақшы көрінеді. Жоғары жақтағы дөкейлермен келіссөздер жүргізіп жатқандарына біраз бопты. Тіпті әлгі қытайларын Лепсі мен Молалыға дейінгі ұлан-байтақ құмды сатып алып, өздеріне тасымалшы. Шойын жол салып, пойыздар жүргізбекші. Енді бірер жылда Ләктің шөлін қаршып ерсілі-қарсылы пойыздарын күні-түні толассыз жүйткіді. Сөйтіп, мына несіз тектен-тек бос жатқан иен құмның пайдасын шаш-етектен көреміз.

Балауса құраққа шалқасынан жатып, қиял тиегін ағытқан Жемісбек көзін тарс жұмып алған қалпы ұзақ үндемеді. Ерніне қыстыра салған өленшөптің үлпілдек шашағы сағағынан иіле дір-дір етеді.

Әлгінде түкті кілемдей жайнаған шымдауыт көгалдың бетіне бейне ісмер Торғын әжесі қадап қойғандай, ойдым-ойдым жыпырлаған сары, ақ түсті бақ-бақ гүлдерінен шеңберлей тізбелей өріп жасаған түпсіз дөңгелек гүл-телпегін басына киіп алған Саят тұңғыық ой құшағынан арыла алмай отыра берер ме еді, кім білсін?!

Жерден жеті қоян тауып алғандай шыққан Сөкеннің жарықшақ даусы әп-әдемі ертегідей әлемнің шырайын әлемтапырық күл-талқанын шығарып, бұзып жіберді.

– Самолет, қарандаршы, ө-не!.. Зуылдауын-ай!.. Реактивный... Көрдіндер ме?..

– Қайда ұшып барады екен. Семейге ме? Жок, әлде. Ташкентке ме?...

– Ташкентің не?! Ол Оңтүстікте ғой. Ал мына самолет Сібір жакка кетіп барады.

– Оны неғылайын деп едің? Қайдағыны сұрап. Бәрібір оның ішінде танысың жоқ қой...

Зенгір көк жүзіне тесілген жанарлар оқ жыланша сумаңдап бұлттан-бұлтқа сүңгіген күмістей аппақ жебені белгісіз қиянға көз ұшымен шығарып салған еді.

Жарты аспанды айшықтаған ақ жолақ доға-із көк күмбезінде керіліп ұзақ тұрды.

Теріскейден лекіген саумал самал шөп біткенді сыбырлатып барып сап тына қалды.

– Кәнеки, түрегелейік.— Үстіндегі жеңіл жұқа күртешесін шешіп қолына ұстаған Жемісбек жол сілтей сөйлеген.— Мына бір төбедегі шоқ камыстың етегі ғой. Көлге жетіп, бірақ демалмаймыз ба? Бағанадай емес, ыстықтың беті қайтқан секілді. Әлде суға тақағандікі ме?!

Орындарынан серпіле көтерілген Саят пен Сәкен төніректерін шола алға озды. Шырылдаған шегірткелер шөптен шөпке секіріп мәз. Қалбалақтаған түрлі түсті көбелектерде қисап жоқ. Сары көбелек, ак көбелек, шұбар көбелек, қызыл көбелек... Тура аяғынның астынан үркіп үдере ұша жөнелген қараторғайлар тобын жазбай сонадайға барып қонады да, бұлар жақындағанда «дүр» етіп қайта көтеріледі. Тағы да, тағы да... Қайтсін, құстар да адамдарды сағынып қалған тәрізді. Қанаттылардың сан алуан үнге салған әсем әуендері көлге жақындаған сайын құбыла, түрлене түскен. Ауыр денелерін көтере алмай парылдап ұшқан қырғауылдар қос қапталыңнан алма-кезек кездеседі. Ал бірде тым шыныраудан талып жеткен дауыс, енді бірде қол созым тұстан ап-анық естіледі. Бұл ерекше әуез— су көкегі. Шақырайған Күннің өткір сәулесі жыныс қамыс тоғайына екпіндей құлаған құс қанаттарын да бөлекше түске бояғандай. Сөзбен әспеттеп те, өрнектеп те жеткізу оңай емес-ау. Әлгінде Жемісбек мегзеген құрақты шокалакқа шыға келгенде жалт-жұлт ойнаған тостағандай көл тура алақандағыдай шалынған. О шеті мен бұ шеті қусырыла шалқып, ернеуіне сыймай лекілдеп тұрғандай сезілген-ді.

– «Инженер көлі». міне, осы!— деді Жемісбек.

– Қандай тамаша!

Сәкен мен Саят жарыса тіл қатты.

Маңайына маңғаздана көз салған Жемісбек әлденені іздегендей, қазір ғана жүріп өткен ізіне, жалғыз үйлі ауыл жаққа қарағыштаған. Өзіне-өзі күбірлейді. Шыдамдары таусылған серіктері ылдидан төмен түсе бергенін күткендей, ымдап тежеген.

– Бәс-е-е... Қайда кетуші еді... Екеуің де тез менің қасыма келіндерші. Тура мына жерге.— Жемісбек табанындағы төмпешікті шаңын бұрқырата аяғының ұшымен нұқыды.— Сендер тұрған жерден мүлдем байқалмайды екен. Анау-у-у... бір қарайған қос түп үлкен ағашты көремісіндер. Оң жағына таман... Міне, мына тұстан ап-анық көрінеді...

– Нүрпейіс атамның ескі тамы емес пе?— Сәкен әбір-жіңкіреп.— Не айтайын деп едін. Маған жақсы көрініп тұр.

Жемісбек өз ойын асықпай-саспай жеткізе бастады:

– Иә, дұрыс айтасын. Нүрпейіс шалдың терегі ғой. Сол қос түп сорайған теректі әрдайым нысана етіп ұстандар. Кім біледі?! Алда-жалда менсіз келіп жүргендерінде көз жазып адасып қалсаңдар осы ағашты бағытқа алғандарың жөн. Әйтеуір, естерінде болсын дегенім ғой. Сактықта қорлық жоқ. Ауылды киналмай оп-оңай табасындар. Ал, көне, әлгі қармағынды әкелші. Қурайдың жуан өзегінен әдемілеп тұрып сап жасап жіберейін.

– Иә!

Сірінкенің қорабындай кіп-кішкентай пластмасса қобдишаны қолына ұстаған Жемісбек ынтыға үнілген:

– Саят-ау, мынауың зілмауыр ғой.

– Өзі жалт-жұлт етеді.

Сәкен белінен буылған домбыраның ішегіне үксас жінішке сарғыш талшық жіптің ұшын ширата шығарған бойы қолындағы қып-қызыл әрі түп-түзу жынғыл таяқшасына кері орай жөнелді.

– Әжептәуір ұзын секілді. Кемінде бес-алты құлаш боп қалар. Бес метрдей,ә...

– И-и, бес метрің не? Он метр ұзындығы!

– Ох-о, біраз жерге жетеді де...

– Иә, әдейілеп зоомагазиннен Серік көкем екеуіміз таңдап тұрып сатып алдық. Тереңге тастаса ірі, үлкен шабақтар түседі дейді көкем. Әлгі екі,үш басты қармақтарды алғызбады. Бұдан басқанын қажеті жоқ деген.

– Серікбол көкен дұрыс айтады,— деді Жемісбек қолындағы қармақты суға құлаштай лақтырып.

Тұп-тұнық көлдің бетін қуалай жүгірген сансыз су-сакиналар бірте-бірте тарап барып жоғалды. Білінер-білінбес, болар-болмас әлгі сакина толқындармен ойнақтай жөнелген қалтқы да дір-дір еткен қалпы тына қалған. Кісі демін сезгендей, көз ұшында су сүзіп ерсілі-қарсылы жүзіп жүрген канаттылар камысты қолтыққа жасырынған, көрінбейді.

Біріне-бірі үндемендер деп белгі берген бұлар үн-түнсіз.

Шыдамады қалтқыға тесілген Сәкен:

– Мен ұстап отырайыншы, – деп Жемісбектің қолындағы қармаққа жармасты.

– Қазір. Сәл тоқтай тұршы. Жемді жұлмалай бастады. Ә-ні... көремісің...

– Ой, кә-не! Тарт! Қалтқың мүлдем батып кетті емес пе, өзі?!

– Иә, тез, тарт!

– Болсаңшы!..

Орнынан тұрған Жемісбек аспай-саспай сала құлаш қармақтың жібін саумалдай көтерді.

– Айттым ғой жаңа. Жемді жеп кетіпті. Жыбырлатқан кезде бірден суыру керек. Әкелші маған.

Сәкен ай-шайға қарамады. Ширақ қимылдап, қармақтың ұшындағы шөп-шаламды тазартып, өзі дайындап отырған шылаушынды үшкір жебеге әдемілеп жайластырып, суға лақтырды.

Оның әр қозғалысын қадағалап отырған Саят:

– Айтпақшы, үйде тағы біреусі бар. Запасымен алғанбыз. Соны саған беремін ауылға барған соң...

Оның иығынан тартып сөзін аяқтатпаған Сәкен ымдап, алақанымен аузын жапты. Тыпыр етпе дегені.

Бұлардан әріректеу барып суға шомылуға әзірленген Жемісбек жалаңаш денесін шапалақтай шабақтады.

– Маса шыға бастады.

Бар ынта-шынты қалтқыға ауған Сәкен апыл-ғұпыл қармақ бауын алақанына орап жоғары көтерді. Қуанышты үні жарқын шықты.

– Ілінді.

– Түсті ме, кәне?! – Жемісбек қасына жетіп келді.

– Сазан ғой, – деді Саят та ерекше қуанып. – Үлкенін-ай!

– Расында дәу екен. Әрең тарттым емес пе.

Қол-аяғын құйрығымен сабалаған сазанның аузындағы қармақты ажырата алмаған Сәкен табанының астындағы ылғал шөпке жайғасып, өткір де үп-үшкір жебені әрең шығарды.

– Қомағайлана жұтыпты. Мә, Саят, енді сен ал қармақты. Біз суға бір-бір сүңгіп алайық.

– Бағанадан бері құр бекерге әуреге түсіп, сазарғанша қармақты Саятқа ұстату керек екен. Қас-қағым мезетте мұның тастаған қармағына бірінен кейін бірі үш-төрт балық ілінген. Балық болғанда қандай! Әншейінде қармаққа түспейтін қарабалық та ұстады ғой. Тіпті бұл бұрындары көрмеген балығым. Қара жоны жалтырап әп-әдемі, сұлу көрінген.

Жағалауды шолпылдатып бірінші жеткен Сәкен:

– Жемісбек, қарашы, қарабалық түсіпті,— деді дабырлай.

– Рас па?

– Иә, екеуі бірдей ілініпті.

– Сонда қалай?— Жемісбек аң-тан.— Біздің «Инженер көлінде» қара балық жоқ дейтіндері қайда? Өзі семіз екен. Бірден аңғарылады. Балықтың төресі ғой, шіркін!

– Немене, сонда бұ көлде мұндай балық өспей ме?— деп сұрады.— Олардың танданыстарын сөздерінен естіп, жүздерінен анық байқаған Саят.

Жұп-жұмыр, бағана өздері тамашалаған көк сұңқарынан аумайтын, кемінде жарты метрге жетіп қалатын қарабалықты жоғары көтеріп Саятқа көрсеткен Жемісбек желбезегі желп-желп еткен су еркесіне сүзіле түсті. Тырнағының ұшымен ұп-ұсак теңге қабыршақтарды шұқып:

– Мінеки, мынаған қара. «Анау жатқан сазандармен салыстырып көргей. Екеуінікі екі басқа. Сазан мен шортанның теңгелері бадырайып-бадырайып тұр емес пе. Тіпті қанаттары мен құйрықтарына шейін бөлектеу. Зер сала бермейміз да. Әйтпесе, ұқсамайды ғой. Әуелгі уақытта қаптап-ақ жүретін «Инженер көлінде». Бертінге дейін бірен-саран ұшырасатын-ды. Осы соңғы алты-жеті жылдың ішінде мүлдем түгесілді. Өзі әрі момын-ау. Жыртқыш көксерке түбіне жетсе керек. Шабағын шабақтай, уылдырығын уылдырық күйінде қылғытып жұта беретін көрінеді балықшылардың айтуынша. Қатарынан екі көктем Қараталдың суы көтеріле тасып, кеуіп қалған көлдердің бүйірі шықты. Өздерін байқайсындар ма, мына «Инженер көлінің» де ернеуі біршама көтерілген сияқты. Балық та жүрген, демек. Қой, қозғалайық. Күн еңкейгелі қашан. Жүріндер, тура ортасына дейін, анау-у-у қаңбақты шалқарға шейін малтып баралық. Қайсымыз озар екенбіз.

Үлкендерше сөз саптаған Жемісбектің кей сәттегі бала кылығы құлын көнілін құлдыраңдатып, бұла желігін қоздырғандай. Сөйтсе де тәуекелдікке жүрегі дауаламаған Саят:

— Тү-у!.. Қашық қой,— деді екі ұдай кейіпте.

— Жок. Саят, сен жағадан ұзама. Жарай ма? Сәкен екеуімізге қарап тұр. Судьясың. Қай тұстан оралғанымызды жіті бақыла. Тағы да айтам, сонау-у қаңбақты-белгіден кері қайтамыз.

— Ал, кеттік, ендеше!

Сәкен алға құлаштай малти жөнелді.

Екі-үш адым жалдаған беті Жемісбек те басын екі жағына кезек жантайта кегжитіп оның соңынан ілесті.

Екеуі де екпіндерін құлаш серместерімен байқатқандай.

Шолп-шолп... Ұзап барады... Шолп-шолп... Көз алдында алыстаған қос бейне біртіндеп қос нокатқа айналған...

Мойнын қылтитып міз бакпай қараған Саят тұрған жерінде екі-үш мәрте сүнгіп, құлашын емін-еркін сермеп алды. Тынысын ішіне тартып, мұздай салқын судың түбінде аз-маз аялдап көрді. Сергек көңілі ойын да, бойын да өсіргендей. «Рахатын-ай, рахатын-ай!..» Өз-өзіне риза ол беті-аузын қос алақанымен аялай сүртіп, шашының суын саусақтарымен тарағыштай сықты. Қарсы бетке тесіле жанар жүгіртті. Талмаусыра естілген судың шолпылы жақындай берді, жақындай берді. Қарауытқан әлгі қос нокат енді ұлғая, тұлғалана түскен. Шолп-шолп... Алғашқыда кадым бойы дара көрінгенді жыға ажырата алмады. Колдары әбден талған болуы керек. Бір қырындап баяу жүзіп келеді.

— Бойла,— деді шыдамаған Саят.

Сәкен екен.

— Уһ!— деді құмыға тыныстап.

— Жарайсың, мәледес!— деді Саят ыржалақтап.

— Жүрегім жанып кетті.— Жемісбек інісінің жанына жақындап келді де, алақанына жапсырған түйе табан бір тал қаңбақты көрсетті.— Мә! Ал сен бер жағынан екі-үш метр жетпей қайттын.

— Соқ өтірікті. Осыңды біліп едім. Сенбейтініңді айтам. Мен де куә ретінде қаңбақтың бір талын үзіп алған едім. Мінеки, сұқ саусағыма жапсырып, орап қойғанмын. Жартысы езіліп кетіпті өзі.

Жемісбек тәжікелеспей, бірер жас үлкендігін білдірді. Ә дегеннен мойындаған:

– Дұрыс. Сендім. Тез, киінейік. Күн кешкіріп кетті.

– Екеуің де мықты екенсіңдер.

Саят Жемісбек пен Сәкеннің жалаңаш арқаларынан сар-тылдата шапалақтады. «Қанша айтқанмен балықшының балалары, теңізде өскендер. Қаланың біз секілді бөзөкпе әлжуаздары емес. Күн қақтаған шойындай денелері, бұлт-бұлт ойнаған бұлшық еттері... Нағыз жігіттер. Жаңа сасық намысқа басып желікпегенім қандай жақсы болды. Әйтпесе, өкпем өшіп орта жолдан кері қайтар едім. Қараптан-қарап күлкі бола жаздадым ғой...» Жандүниесін алай-дүлейге түсірген ішкі ойларын сыртқа шығармады.

Асығыс-үсігіс киінген олар ауылға басқа жолмен, әлгінде Жемісбек көрсеткен Нұрпейіс шалдың терегін бетке ұстап, төтесінен тартқан.

Күнұзаққа Саят неше мәрте оқталып, неше мәрте сұраудың сәті түспеген сұрағын қойды:

– Жемісбек?

– Әу.

– Осы, мына көлді «Инженер көлі» деп неге атаған? Түсінбей-ақ қойдым. Бұл жерде не тау жоқ, алтын-күміс шығатын. Не көмір жоқ, қазып алып жатқан. Сонда деймін-ау, қалайша «Инженер көлі» аталып жүр.

– Немене, Саят, сеніңше біздің Сарыесікте қазба байлық болмауы керек пе? Көмір шықпаса шықпай-ақ қойсын. Ал мына атыраптың асты тұнған мұнай көрінеді. Со-на-у-у Іледен бастап Қаратал, Лепсіге ұласып, жүздеген шақырым жерді алып жатыр дейді инженер-геологтар. Осы өңірді қатарынан бірнеше жыл бойы геологтар экспедициясы зерттегенін жақсы білемін. Тіпті бертінге дейін ұлан жазға вертолеттер мен брезентті мәшинелер керуені біздің ауылдың маңында жата-жастана зерттеулер жүргізген. Оны өзіннің Серікбол көкең де жақсы біледі.

– Иә, қалада жүргенде өңгімесінің арасында «Біз Инженер көліне» барғанда деп отыратыны есіме енді түсті,— деген Саят шешіле сөйлеген Жемісбектің өңгімесін бұзып.

– «Мұнайдың мол қоры бар екен. Бірақ оны игеруді келешек көрсетеді. Біздікі анықтап, зерттеу ғана дейді ғой әлгі менің геолог орыс танысым...»

Отарбай атасынан естіген сөзін, қаз-қалпында көлденен тартқан Сәкен де ағасын коштап қойды.

– Әне, көрдің бе? Мына Балқашыңның жағалауы, тіпті астына дейін тұтас мұнай теңізі боп жүрмесін. Бастауышта оқып жүргенімізде Алматыдан келген геолог-инженерлер ұнғылаған «Сегізінші марттағы», Арқабайдағы, Кілтбайдың түбіндегі бұрғылауын сенін Серікбол көкең, Тілеу, Ағдан ағамыз бар бәріміз талай рет тамашалағанбыз. Сондағы бұрғы-ұнғылардан бірнеше күн бойы үздіксіз атқылаған көкпенбек тотияйын бұлағын көрсен, шіркін! Түп-тура шыны дерсіз. Мөп-мөлдір әрі сұйық. Оның не екенін білмеймін...

– Мүмкін, қазба байлықтың басқа түрі шығар.

– Әбден мүмкін. Біз қайдан білейік.

– Иә, о жағын ешкім ашып айтпайды ғой. Бәрі секрет, бәрі құпия.

– Кім біледі, мүмкін, сол шыны іспетті сұйығын әбден жер астында пісіп-жетілгенде кара алтынға, яғни мұнайға айналатын шығар.

– Әй, Саят, мен де тура осылай ойлайтынмын.

– Бұл сөзіңнің жаны бар секілді.

– Ал «Инженер көлі» аталып кеткен жанағы көлдің жағасына бұдан бірнеше жыл бұрын Алматыдан келген Шәкира есімді геолог қыздың экспедициясы өз шатырларын тігіп, төрт-бес айдай жатып осы аймақты егжей-тегжейлі зерттеген.

– Шәкира! Аты әдемі екен.

– Өзі де сондай сұлу қыз еді. Геологты, оның ішінде геолог қызды тұңғыш көруіміз. Аты– қыз. Әйтпесе, үнемі шалбармен жүретін. Шашын да жігіттерше қидырған. Торғын әжеме ілесіп талай рет бардым ғой олардың шатырына. «Еліктің лағындай сүп-сүйкімді екен өзі. Бірақ... шалбар киіп жүретіні ұнамайды» дей беретін апам.

– Үлкен кісілер қызық, әйтеуір. Шалбар кимегенде кайтеді. Оның үстіне инженер болса...

– Соны айтам да. Шалбарында нең бар деп талай рет ұрыстым апам. Бірақ о кісі елеуші ме еді.

– Тыныш отыр, өзі иман жүзді бала сияқты. Келін ғып алып қалсам ба?– дейді үнемі. Бұл ойынан артынша тез айнаиды. «Шалбарын тастамайды әрі шүлдірлеп бір ауыз қазақша білмейді екен».

Жемісбектің сөзін Сәкеннің үрейлі үні бұзды. Не дегенін анық естімеген ол шалғайына оралған інісіне:

– Ей, Сәкен-ау, саған не болды? Жалғыз аяқ жолмен әрең ілбіп келе жатқанда маған тығылғаның не?

Секем алған Саят та сыңар соқпақта сығылыса бірін-бірі итере-митере алға ығыса ұмтылысты.

— Ана жерде, қалың қамыстың арасында шошқа жүр.— Сәкеннің байланған тілі енді шешілгендей.— Қаранғыда жөнді көре алмадым. Қабан сияқты, өгіздей екен. Кән-е-е... Аяқтарыңды бассандаршы... Қуып жүрмесін.

— «Қорыққанға қос көрінер» деген. Мен неғып байқамадым, ә... Қабан деп жүргенін, қарауытқан ағаш шығар,— деді Жемісбек байсалды қалпынша.

Жөпелдемеде елпілдеп-желпілдеуді әсте білмейтін Жемісбектің бұ қылығы екеуінің де қорқыныштарын сейілітіп жіберген. Ауыздарына тығылған жұдырықтай жүректері де тулап-тулап басылғандай. Ымырт қаранғылығы қоюланып, қолсозымдағы нәрсені ажырата алмайсың. Әлдеқайдан шаңқылдаған құстың даусы талып естілгендей. Тура дөп басып айту қиын. Маңдай тұстан ба, жоқ әлде... сондарында қалған «Инженер көлі» жақтан ба? Міне, іле-шала және қайталанды. Біртүрлі талмаурап шыққан күс сұңқылы сол жақтағы тұнжырай бұлыңдаған Нүрпейіс атайдың жанбыр мен жел өбден мүжіген ескі тамынан шыққан. Байғыз ба, жапалақ па?..

— Сонда Шәкира геолог бұл жерден не тапты екен?

— Ит біліп пе?

— Саят, сен де қызықсың. Саған айтты ғой Жемісбек. Мұнай бар, мына қалың құм мен Балқаш көлінің астында. Немене, өзің сенбейсің бе?

— Жо-жо-ға! Қайта қуанып келемін. Мол байлыққа кенелетін болсақ, жан-жаққа бытырап тарап, көшіп кеткен адамдар қайтадан туған ауылға оралар еді. Үлкен зауыт ашылып, қала салынар еді. Бұрынғы тұрғындардың бәріне жұмыс табылар еді. Менің Серікбол көкем де әжемді әуреге түсірмей Талдықорғаннан көшіп келер еді.

Саят көкейіндегі күпті сауалдардың күрмеулі түйіндерін өзінше тарқатып шешкендей рахатты сезімге бөленген.

Тура «Инженер көлінің» ернеуінен толған Айдың ширегі қылтиып сығалай бастады. Інір-аланда көлге жуынып алғандай Ай жүзі сүттей жарық.

— Әлгілер әлі жоқ. Осы уақытқа дейін тентіреп, қайда жүр екен, ә? Адасып кетпесе де өздері.

— Апам ғой. Бізді іздеп жатыр,— деді Сәкен сыбырлай.

— Ұрсатын шығар,— деді Саят күмілжіңкіреп.

Жемісбек ләм-мим жақ ашпады. Іші құрғыр сезеді-ау.

Әжесінің мына екеуіне де ұрыспайтынын, тіпті бұлардың маңдайынан шертпейтінін де жақсы біледі. Еститін сөзіне, жейтін таяғына алдын ала әзір-ақ. Күбірледі. Мейлі. Айғайлап-айғайлап қояр. Өзіме де керегі осы. Әйтпесе, кеш батқанын қалай білмегенбіз?! Мейлі, ертең теңізге балыққа кетемін ғой...»

Әжесінің даусы қайта шықты:

— Ау, құлындарым, келдіңдер ме? Тірісіңдер ме?

Бұ жолғы апасының жұмсақ үні зілсіз де мұңсыз.

Кішкентай жүректер тулап қоя берді. Әсіресе, Жемісбек қатты қуанған...

* * *

— Әже!

— Ау, құлыным.

— Мына қылтиған асқабақ па?

— Ұмытып қаппын, о шетке не егіп едік?!.

— Әже!

— Не, құлыным?

— Қиярға суды қанша құяйын?

— Шөлі қанғанша суғара бер, ботам.

— Әже!

— Не, Саятжан?

— Қарбыз да шығыпты. Мінеки, көріңізші? Жапырақшалары қандай сүйкімді. Рахила тәтемнің оюындай. Әр түбіне жарты шелектен құйсам жете ме?

— Әбден шөлін қандырып суғар. Алғашқы кезде судан тарылмасын. Енбегің еш болып, өліп қалмасын.

— Апа, картоп әлі көрінбейді ғой. Өліп қалған жоқ па?

— Жоқ, құлыным, өлген жоқ. Кеш отырғыздық емес пе. Ерінбей бір-бір шелектен құйып шық. Менің есебім бойынша енді екі-үш күннен соң жаппай қылтиып шыға келер. Әйтеуір, топырақ қызып кетпей үлгергеніміз қандай жақсы болды.

Күн көтерілмей үй іргесіндегі ескі бақшалықтың орнына еккен көкөністі баптаған Торғын әжесі тізе бүкпейді-ау. Күнделікті кәсібі. Ұялап-ұялап отырғызған тостаған-тостаған шұқырларды шұқылап, айнала-төңірегіннің майда топырағын тырмалап, болар-болмас жанадан көгеріп қылтиған қияр мен қауынның, сәбіз бен сарымсақтың, қарбыз бен асқабактың түптерін қопсытып дегендей бір тынбайды. Күніне

скі мәрте— ертенгісін, сосын кешкі салқын түсе құдықтан су тартып суғарады. Сырт көзге аядай-ақ, үй орнындай ғана бақшалықтың жұмысы шаш етектен асады. Саят оны жақсы біледі. Былтыр жаз бойы томпаңдап жүріп істеген жұмыстары бәрі де. Ертеден кешке шейін имііп тас құдықтан су тартады... Шөмііп отырып ап бакшаны бір талдап арам шөптен тазартады... Алғашқы кезде көкөнісі қайсы, арам шөбі қайсы, жөнді ажырата алмай қиналатын.

Көбіне жұлып тастағаны түйін байлаған боп шығады. Сол сәттегі Жемісбектің ашуланғанын көрсең. Бәйекке түскен ол шырмауық пен иір шөптін, тікенек гүл мен собықтың қандай болатынын көрсетіп, бір-бірінен шатастырмауды тәптіштеп үйреткен. Қагілез Саят қазір кез келген көкті сөліне, түсіне қарап-ақ айыратын шамада. Оны қойшы, бәрінен де машақаты— кәртөшке түптеу. Гүлдеп, шешек ата бастаған әр түпті сағағынан майыстыра сындырып жібермей, бума-бума қалпында бір-бір кетпен топырақпен бастырып шығу керек. Былайша айтқан кезде оп-онай сияқты көрінер бұл жұмысты, яғни «картоп түптеуді» оңдырмаған. Ебедейсіз сілтеген кетпені құрғыр жап-жасыл желекті жусатып орып түссе, әр түптің шұқып қопсытқан топырағын икемдеп үймелеу одан бетер қинағаны бар. Өзін әбден әбігерлеген картоп ұялары сойдақ-сойдақ жарылған тәрелкелердей. Мөлтілдетіп құйған суда жарылған іздері ырсиып-ырсиып шалынады. «Әже, осы картопты түптемей-ақ қояйықшы» дегені әлі есінде. Сондағы әжесінің жауабы да ұмытылмастай құлағының түбінде жаңғырады. «Қой, құлыным! Болмайды ғой. Кәртөшкені түптемесе түйін тастамайды. Сабағы біткен сорайып-сорайып еркектеп кетеді. Түптелмеген кәртөшкенің өнімі де ұп-ұсақ болады, құлыным. Егер шаршасан, демал. Өзім-ақ реттеп тастаймын...» дегенде әжесі еш әбіржіген жоқ. Демек, табиғат тілін жақсы білетін Торғын апасы барлығын да күнілгеріден бақылап, сезіп жүр.

— Саятжан, бүгін маусымның нешесі, осы?

— Каникулға шыққалы өзім де ұмытып қаппын, сегізі ме?

Жоқ, әже, тоғызы ғой деймін...

— Жарайды.

— Әже, қазір тошнасын есіме түсіремін. Біз «Инженер көліне» соңғы рет қашан барып едік. Жемісбексіз барғанбыз...

Қолындағы шелегін иір-иір атыздың шетіндегі жұлгеленген топыраққа лақтыра салған Саят, жерге шаншып қойған күрекке іліп қойған ши қалпағының тұтамдай көленкесін

сағалай жата кетті. Қалақтай көлеңке күр далбаса. Басынан басқа бүкіл денесі шыжыған күннің астында жатыр.

– Бәсе, Үркердің жерге кіргеніне де он шақты күн бопты ғой,— деді әжесі.

Саят ештеңе ұқпады.

– Апа!

– Әу, ботам?

– Үркер дедін ғой жана. Ол не?

– Жұлдыз ғой, құлыным.

– Әже, жұлдыздар жерге неге түсіп кетпейді, осы?

– Әй, боташым-ай! Алла тағаланың құдіреті да. Мен оны қайдан білейін.

– Әже десе, жұлдыздар аспанға қалай сыяды?

– Айттым ғой жана. Бір Құдайдың күші. Оған еш танданба. Көк Тәңірі не істеймін десе, бәрін де істейді. Жұмыр басты пенденің астамшылығы да. Әйтпесе, Алланың ісіне қарсы әрекет ете ме? «Адамның бағындырмайтыны жоқ» деп өрекипіді шетінен...

Саят әжесінің соңғы сөздерін түсінбеді. Көмейіне жетіп келгенін сұраған:

– Маған түнде Үркерді көрсетші. Жарай ма?

– Жарайды, құлыным. Бірақ қазір көрінбейді. Кейінірек көрінгенде көрсетем. Сен, Саятжан, табиғаттың сырын біліп ал. Ықылым заманнан бері ата-бабан сағатқа карап, болмаса радио тындап отырмаған. Барлық шаруасын аспандағы жұлдыздарға карап-ақ реттеген. Бағана айттым емес пе. Құралайдың салқыны өткеннен соң, шамамен бір жетіден кейін Үркер жерге кіреді де қырық күн көрінбей кетеді. Ал Үркер жерге кіре қырық күн шілде басталады.

– Е-е-е... Онда қазір шілденің шыжыған ыстығы екен ғой,— деді Саят үлкендерден естігенін еске түсіріп.

– Дұрыс айтасын, балам. Шілде айы осы. Ол туралы халық арасында неше түрлі наным сөздер бар. Мәселен, «Үркер түсе жер қызады», «Үркер туа сорпа ас болады», «Үркер көтеріле шөп көтеріледі, бидай бас тартады» деген тәрізді. Білдің бе, ботам?!

– Әже, мұғалім тәтейіміз бізге мұндайды оқыған жоқ. Мен білмеймін ғой бұларды.

– Кейінірек оқытады.

– Жанағы айтқаныңыздың бәрі менің кітабымда бар ма? Қолым бос уақытта, каникулда оқып алайыншы.

– Саятжан, біздікі үлкендерден естіген әңгіме емес пе. Мал баққан халықтың тәжірибесі, бәрін ұғып ал. Сенің Шалбай атаң айтып отыратын. Шілденің ыстығы жазда Үркердің жерге түсуімен басталса, қыс шілдесі – сары аяздың бітуі Үркердің төбеден аууына дәл сәйкес келеді. Ал Үркердің тууына байланысты «Лак сүмбіле туды, лак пісті» деген ұғым бар. Иә, мұның бәрін жоғары класқа барғанда жақсылап оқып аласың. Айтпақшы, сен әлгінде «Инженер көліне» бардық дедің бе? Байка, құлыным. Түу қияндағы көлді қайтесіндер. Суы терең өзінің. Үлкен Апан мен іргедегі Кіші Апанның суы да жетеді шомылғандарына.

– Әже, Шәкира деген инженер қызды білесіз бе?

– Әй, құлыным, оны сен қайдан естіп жүрсін, ә?!

– Әже!

– О не!

– Сол инженер қызды менің Серікбол көкеме алып берейін дегеніңіз рас па? Онда мен де геолог болатын едім.

– Ой, боташым. Саған мұның бәрін кім айтып жүр, өзі? Әлгі жүгірмек пе? Жеміспек пе?

Колындағы қалақтай ғана кетпеншесіне сүйене жүрелеп отыра қалған Торғын шешей алыста мұнарланған жылдарды есіне түсірген. Сағым жылдар сағынышы кейуананың ет жүрегін бөлекше бүлкілдеткені рас. Көзі жәудіреген Шәкираның аккудың көгілдіріндей аппақ жүзі қаз-қалпында көлбеңдеп жанарының алдына тұра қалғаны. Тура өзі. Ілкі сәт сұлбабейне тіл қатқандай ма?! Иә... Тура өзі ғой... Нәркес көздері күлімдеп, кәдімгідей-ақ сөйлеп келеді. Баяғыдай құдды... «Апашка, халыңыз қалай? Мені ұмытқан жоқсыз ба?..» Құлағы шыңылдап, үзік-үзік дауыс, Шәкираның нәп-нәзік үні ап-анық естілді... «Апашка, мен Сізді қатты сағындым. Шешемнен гөрі түсімде Сізді жиі көремін... Иә, иә... Мен анамның түрін білмеймін ғой. Ал, апашка, сенесіз бе, мен өзіңізге сондай бауыр басып қаппын. Ылғи ойлап қоямын...»

– Мен де анда-санда өзінді ойлап, есіме аламын. Неме не, менің жүрегім жоқ дейсің бе, Шәкирашым?!

Өз сөзінен өзі шошып, шоршып түскен әжесінің бұ қылығына не күлерін, не жыларын білмей аңырған немересі орнынан әбжіл ұшып түрегелгенімен, алға адымдай алмаған күйі мелшиді де қалды. Өңі қуқыл тартқан әжесі ағыл-тегіл жылап отыр.

– Не болды, әже? Бір жеріңіз ауырып тұр ма?

– Жәй әншейін, құлыным.

– Ендеше, неге жылайсың? Жүрегің ауырмай ма?
– Жок, құлыным. Қай-қайдағы есіме түсіп....
– Шәкираны ойладың ба? Шәкирашым дедің ғой. Ол кім өзі?

– Е, ботам, Саятым! Саям менің! Келші менің жаныма.

Торғын немересін маңдайынан иіскеп, бауырына қысып мауқын басып мейірленді. Сосын көңілін алай-дүлейге түсіріп, мазасыз күй кешірген сағынышты жылдардың ұшқынын жаңғыртты.

– Онда сен жоқсың, құлыным. Ауылымыз да бүйтіп тозтозы шығып тарамаған. Шап-шағын, сүттей ұйыған ауылдың бас көтерер үлкен-кішісі ежелгі кәсіптері— балық аулайды. Тура қай жылы екені есімде жок. Сон-о-о-у... бір жылы... ерте көктемде әлгі өзін сұрай беретін инженер дей ме, киолық дей ме, он шақты адам бірнеше мәшинемен келіп осы маңға пәлеткілерін тігіп, әбден жайғасты... Өздерінің бертөлеттері де болды. Тырылдап ұшып жүретін. Содан жаз бойы біздің Балқаштын жағалауын түк қалдырмай шұқылап зерттеді ғой деймін. Әлгі инженерлердің дөкейі— шынашақтай қыз бала. Атын өзін де білесің— Шәкира... Сүйкімді-ақ екен. Хордың қызындай. «Тіфә, тіфә!..» Бірақ бір ауыз қазақша білмейді. Алғашқыда екеуіміз бір-бірімізді мүлдем түсінбей жүрдік. Ол өзінше шүлдірлейді, мен өзімше күбірлеймін. «Апашка!» деп алдымнан жүгіріп қарсы алады. Айранымды, сүтімді әкелемін, құрт-ірімшігім бар... Қаладан келген оларға бәрі таңсық. Екі-үш сағат қасында болған мені қайтарда ауылдың шетіне дейін шығарып салатынды шығарды. Дорбамды сәбізге, алмаға, кәнсербіге толтырып береді. Өстіп шүлдірлеп жүріп тілін де сындырды. Қағілез ғой, қазақшаны тез-ақ үйреніп алды. Қайтсін, одан да кінә жок. Детдомда өсіпті. Әкесін еміс-еміс білетін көрінеді. Ал шешесі екі-үш жасында құрт ауруынан көз жұмған. Кәртішкесін көрсетіп «Апашка, тура Сізден аумады емес пе...» дей беретін. Қайтсін, ана құшағын аңсайтын болуы керек. Ұмытпасам Маңғыстау, Астрқан жағынан. Әкесі құм кезіп жүргенде, ол да киолық екен... Жазатайым апаттан қайтыс болыпты. Осының бәрін маған жыр ғып айтушы еді. Өжет қыз, әйтпесе әке жолын қуа ма? Несіне жасырайын, үш-төрт жас үлкен болса да Серікболыма алып бергім келді. «Маған келін болсаң қайтеді?» «Осы кемпір шын айта ма?» дегендей менің бетіме бажырая қарайды да, басын изейтін. «Қыздан қырық жігіт дәмелі». Ауылдың далақтап бос жүрген бойдақ жігіттері шетінен Шәкираның шатырын торуылдай-

тынды шығарды ғой баяғы. Қаңқу сөз жатушы ма еді. Тіпті Мәшімбай ақсақалдың үйленбеген екі ұлы Бекен мен Бектібай қаршадай қыз үшін жаға жыртысып төбелесіпті дегенді естігенде төбе шашым тік тұрғаны бар. Ағайындылар біріне-бірі жұдырық жұмсапты деген не сұмдық?

Өз ойымнан өзім айнып, Шәкираға салқын қарай бастадым. Ол да менің қас-қабағымды түсінген. Тағдыр шығар, бәлкім. Көп ұзамай, күз түсе бүкіл асай-мүсейін жинап, бірнеше мәшинеге тиеген қалпы Алматысына қайтып кетті. Асығыс-үсігіс үйге бас сұққан онын: «Апашка, сау боп тұрыңыз. Біз кеттік. Ендігі жерде кездесеміз бе, кездеспейміз бе? Құдай біледі...» дегені күні бүгінге, тура кешегідей құлағымда жаңғырады-ай! «Жақсының артында ізі қалады» дегенді бабаларымыз текке айпаса керек. Қаршадай қыз, мұнайдың ба, газдың ба мол қорын тауыпты. Содан бермен қаншама жылдар өтті. Шәкира бұл өңірге қайта айналып келмеді. Тек жағасына Шәкира шатырын тіккен айна көл «Инженер көлі», «Шәкира көлі» аталып кетті ғой...

Сағым жылдар сағынышы Саяттың бала-жүрегін де ерекше елжіретіп жіберген еді.

Тіл ұшында:– «Инженер көлі»...

– Иә, қазір ол қайда жүр екен?..

– Шәкира! Мен де геолог болсам, шіркін!..

Қасиетті топырақтың қуаты

Жұртта қалған жалғыз үйдің болмашы қам-қарекетінің өзі бүкіл ауылдың бұрынғы жұпыны тынысын тірілтіп, аяғынан тік тұрғызғандай. Таң құлан иектене тұратын Торғын тыным таппайды. Қас қарайып, көз байланған мезгілде барып сүріне-қабына құлайды-ау. Аядай ауланың жұмысы да таусылмайды. Ішке бүккен ойын сыртқа түгел шығармай-ақ біраз шаруаның басын бері қаратқан. Жүдеп кеткен қоржын тамның ескі сылағын тегістей жаңғыртып, аршыған жұмыртқадай етіп өктетіп алғызғанына мәз. Балалары мен немерелерінің арқасы ғой. Үй төңірегіндегі шарбақты да сәмбі талмен айналдыра қоршаған-ды. Кешелі-бері алқам-салқамы шыққан қоражайды бүтіндеуге кіріскен. Неше жылғы қараусыз тас құдықтың көзін тазартқызып, әбден опырылып-опырылып үнгіген түбін Жемісбекке балықтан бір келгенінде әдемілеп шегендетті. Жай ғана ілдалдалатпады. Аманбай әулиенің мазары маңынан артезиан құдығын қазған геологтардан қалған

бетон шығыршықты қоярда-қоймай жүріп Отарбай шалдың шикылдақ арбасымен алғызған еді түнеугүні. Енді міне әжетке жарап, алаң көңілін бірлегендей.

Торғынның биыл да ескі қонысына келіп жатқанын естіген төңіректегі ауылдардан арнайы ат ізін салушылар да көбейген. Бірі сәлем бере сокса, енді бірінің қонаққа шақыратыны бар емес пе қазекемнің. Алғысы мен рахметін жаудырып, көбіне бармайды. Сылтауы әзір. «Айдаладағы жалғыз үйді кімге тастаймын...» Хош пейілмен еңсесін көтеріп, кәрі кеудесін кереді. «Жекжат деген, көз көрген» деген осы да. Көпбірліктен қол ұстасып Тілеу мен Бакыт «Ниваларымен» әдейі келгендерін айтып жалынып-жалпайса да қозғалмаған. Теніз асып арғабақтан Рымжан мен Нүрсәлім, Қуандық Сүйіндігін тастамай ертіп жүргенін ескертіп жатыр. Осы топырақта туып-өскендерін, өнгендерін естеріне түсіріп, өткен-кеткенді әнгімелеп бір-бір жасап, әжептәуір арқаланып қалары сөзсіз. Құлақтары үнемі елендеп қояр жәйттерді де жеткізгенше асығады.

«Осы өңірден мұнайдың мол қоры табылыпты. Соны игере бастаса, ауылымыз қайта гүлденер еді. Көпбірліктен зауыт ашылар еді...»

«Кілтбайдың, Жыландының, Мақаштын манындағы қаратікен тұзды көлдерді жоғары жақтан біреулер сатып алып тұз өңдейтін зауыт, әлде цех ашады дей ме?.. Қос қолдарын қайда қоярға білмей далақтағандарға жұмыс табылып, жақсы болар еді...»

«Мына жұрттын айтып жүргендері рас па? Біздің ауылдың жанындағы қалын шағыл құмды да шетелдіктер жекешелендіріп алыпты ғой ешкімге білдірмей. Ыдыс-аяқ, шыны жасайды дей ме? О несі, ә? Осылай да басынады екен, ә? Өзіміз-ақ ұқсатып алмаймыз ба?..»

«Қойшы-ей, Торғын! Сенің шығармайтының жоқ. О заманда, бұ заман даланың құмын сатып алып жүргендер ақшасын қайда тастарын білмей жүргендер шығар. Әйтпесе, еріккен біреулер шығар. Несіне қызғанасын иесіз құмды. Шамасы жеткендер ала берсін. Бізге де ептеген септігі, шарапаты тиер. Ыңыршағы айналған өзіміздің селтенбайлар пайдаға асырса жүр ғой, әні...»

«Жоқ. бермеймін, бергізбеймін! Бұл— Сарыесігімнің құмы. Өзіміздікі. Мен сендерге өз көзіммен көрген бір қызықты айтайыншы. Ана-а-а-да, әлгі өзіміздің Тоқанның Алматыдағы ұлы мен келіні Талдықорғаннан бірге ұшты. Мешітбек

пен Қанағатты өздерін де танысындар. Жетектеген Ардақ деген кішкентай қыздары бар екен. Сол бала Көпбірліктің айырпортына қонған бетте шок-шок ши мен шенгелдің түбіндегі жал-жал аппак шағыл құмдарды көріп: «Ой, какой көп құм», «мына құм да менікі», «ана құм да менікі» деп біресе ана бұтаның, біресе мына бұтаның түбіне жүгіргені бар. Бала жүрегі нені сезсін. Ал ұшы-қиыры жоқ даланың құмы таусыла ма? «Біздің детсадтағы құм аз-ақ кой. Папа, осы жерден Алматыға көп құм сатып апарайықшы» дей берген ызылдап. Ең ақыры, балабақша ауласына төгіп қойған бір-екі кап құмға таласып, мейірі қанып ойнай алмайтын қала баласының пиғылы да мүлдем бөлекше...»

Бірде осындай дабыр-дүбірдің үстіне дөп түскен қылжак-бас қара Қобай қыз-қыз қайнаған әңгіме шоғын одан бетер үрлеген:

— Иә, мен де естігем. Молалыдан ба екен, жоқ әлде Егінсу стансасынан ба екен Лөктің құмын кесіп өтіп төтесінен шойын жол, не тас жол төселмекші. Әрине, күр бекерге емес шығар. Көріңдер, түбінде біздің жерге зауыт та салады, шаһар да тұрғызады. Сонда «қара Қобай қандай көріпкел еді» дейсіңдер. Жар-р-ай-ды. Ал, Торғын тәте, жапан түзде жалғыздан-жалғыз отыра бересіз бе? Ауылға жүріңіз, қонақ боп бірер күн аунап-қунап қайтыңыз. Сәлем берейін деп әрі шақыра келдім...

— Ауыл дейсің өзін, Байшегірге ме?

Елп ете қалған Торғын күмөнді жүзін жасыра алмады.

— Түріңіз өзгеріп кетті ғой. Несіне шошисыз. Өзіңіз білетін баяғы Ағылшаның қыстауындамын қазір.

— Сөйдесеңші. Е-е... Аманбай әулиенің өкпе тұсы болар шамасы. Жобалап отырмын,— деді Торғын бұл аймақтың ойшұқырына дейін жақсы ажырататынын аңғартып.— Ежелгі орнынан, Камыс зауыттан, әлгі Сталин баздан берірек жылжығансың ба? Дұрыс-дұрыс... бір табан болса да ауылға жақындапсың.

— Әй, Торғын тәтей-ай, бұл өңірдің бәрі өз ауылымыз, өз үйіміз емес пе. Құдайдың иен даласын бір-бірімізден қызғанып, ағайынды екеудің өзін дұрдараздатып, бірінің артын біріне шұқытып қойды ғой. Жолдасбек деген дәй шыққан. Біздің ауылымызды сонау-у Алматыда жатып-ақ басқарады.

— Өй, Қобай-ау, айтып отырғанын өзіміздің Тоғайбайдың баласы емес пе, осы?

– Дәл өзі. Қайдан білейік, алғашында әлгі Нұртай бауыры екеуі келіп «Туған жерімізді, туған ауылымызды жарылқаймыз. Көркейтеміз...» деп жиналыс ашып, ауыздарымен аспандағы Айды алып берді емес пе.

Шыдамы таусылған Торғын тағы да қыстырылды:

– Бұлдыбайдың Нұртайы керемет бай екен, Әміркеге қашып кетіпті дей ме өзі. Қатын-баласын, жұдырықтай немесін бірге ала кеткенге ұқсайды.

– Қанқу сөз, тәте. Бәрін шығарып жүрген Жолдасбек ағасы. Бок дүниеге талас не істетпейді? Бүкіл Байшегірдің аузын бір-бір қап ұнмен тығындады да, жұрт қатарлы шаруашылықтың малын да, техникасын да жылан жалағандай жымжылас етті. Тракторды трактордай, комбайнды комбайндай күйінде жұтты. Бәрін де малға айырбастадым, бензинге бердім. Қазіргі жағдай осы. «Бартер» болмаса күн көруден қаламыз деп өректітіп, қалың жұрттың неше заманнан жиып-тергенін, аузынан жырып сан соқтырды. Сөйтсек әлгі Алматыда жатып басқарған шіреннің Аксуда да, Қапалда да жері бар екен. Дабыра сөздің де ақиқатын уақыт көрсетер. Алғыс пен қарғысты да уақыт екшейді әлі. Бүгінгі жемқорлардың жемсауы міне, осындай. Темірді темірдей, малды малдай қалпында қорыта береді екен. Ең ақыры осы өлкенің Тәңір берген байлығы— кара тұзды да халық игілігіне айналдырмай, жеке басының пайдасына жаратуда. Сонда қалай, Торғын тәте, күйесің бе, күймейсің бе? Неше ықылым заманнан бері қалың құм ішінде жатқан сор табан тұзды көлдерді оларға әкелері Алла тағаладан жалынып-жалбарынып жүріп сатып алып беріп пе? Бұл не қылған басынғандық?! Бұл не қылған сатқындық?! Өз ауылын тұралатып, өз ауылдастарын қаңғыртып...

– Өз қолыңды өзін кесесің бе? Қарағым, Қобай, жанайкайынды ұғамын. Киын-қыстау мына тірлікте тіл табысып әрекет қылғандарын жөн. Бөтен емессіңдер. Онсыз да қамшының қысқа сабындай келте ғұмырда итше ырылдаспай...

– Дұ-р-ыс айтасыз, Торғын тәте. Жәй әншейін де. Өзіңіз сұрап жатқан сон жүректегі қыжылды сыртқа шығарып жатқаным. Запыранға айналса жаман болар. Кім көтеріп ала кеткен дейсіз өзімен бірге бұл қу дүниені. Әйтпесе, осы Байшегір тыңнан жаңадан құрылып, іргесі қаланғанда алғашқы қазығын Әнібек екеуіміз қаққан едік. Сондағы совхоздың тұңғыш директоры марқұм Жайлығұловтың айтқан сөзі құлағымның түбінде күні кешегідей жаңғырады. Сырбаз мінезіне ықтиятты іскерлігі сай қосылған Әбдіхалық-директорды жан-жақтан

жиналып, бас біріктірген бүкіл ауыл тұрғындары ежелгі таныстарындай өте жақсы көріп кетті. Амал нешік, нарыктан бұрын туған, нағыз басшы еді. Маңдайымызға сыймады. Сыймады емес-ау, сыйғызбады ғой екі жүзді әзәзілдер. Дап-дардай адамның отбасына орта жолдан асканда алаяқтар шижүгіртіп, іріткі түсіріп тоз-тоз қылған. Арамзалар құрған қақпанды лақтырып тастайтын райком қайда ол кезде? Қызметінді де, партбилетінді де тапсырып зорға құтыласың. Зымиян заманның сүркия саясаты. Өзі құрған шаруашылықпен, бауыр басқан тілеулестерімен кимай-кимай қоштасып тұрып:

— Талай креслоға отырдым. Бірақ қалың құмның ішінен өз қолыммен бой көтерген ақшанқан ауылымды кимаймын, — деген Әбекеннің үні біртүрлі құмығып шықты. Тұнжыр қабағы кара күренітіп, кіреукеленген өнін одан бетер жүдетіп жібергендей. Отты жанарларына іркіліп тұна қалған жас тамшыларын жасыра алмаған. Әншейінде катал да сұсты көрінер ол езіліп, елжірей сөзін сабақтады.— Ауылым деуге қақым бар шығар. Өз қолыммен аялап отырғызған мына жасыл желекке оранған ағаштарымды кимаймын. Қылтанақ өспейтін қалың құмдағы алма бағымды кимаймын. Осының барлығын да жалғыз кісі дүниеге әкеле алмайды. Қанаттасып, қол ұстасып бірге еңбек еткен сіздерді кимаймын. Тағдыр біраз жыл қатар жүріп тер төгуге нәсіп еткен болар. Ендігі жерде үлкенін бар, кішің бар сіздерді құтты мекендеріңнен, ыстық ұяларыңнан ешкім қозғамасын. Зорлықшылдың көріне ұшырамаңдар. Құдіреті күшті Құдай қайта қауышуға жазсын!..

— Жүрек шіркін, бәрін де сезеді-ау. Морт мінезді жанның тағдыры да шорт. Үштөбенің төңірегіндегі туған ауылына оралған ол көп ұзамай жүрек талмасынан көз жұмған. Көкейімнен кетпейтіні— жалғыз орам. «Кекшілдің тепкісінен сактасын». Әбекем көріпкел болып шықты. Бүгінгі дөкейлер енді міне, мені өз ұямнан ығыстырып, қуып шықты. Былтырғы суық күзде ескі қонысымды тастап, құм астынан уақытша жертөле қазып алып, жана тұрағымды, қора-қопсымды алғашқы қар түспей салып алдым. Сол өзіңіз білетін Ағылшаның көне қыстауының маңы. Жарайды, ертең ертелетін үш аяқты «Уралыммен» алып кетемін. Саятжан да, өзге немерелеріңіз де жүрсін. Дайын отырыңыз...

Кобай қалбалақтап орнынан түрегеле мама ағашта қантарулы тұрған жирен күреніне беттеді. Өзі сөйлеп барады:

— Тағы да бір дөйі келіп қалып, басқа жаққа көшіріп жібермей тұрғанда... Қараптан-қарап өзі қорқатын болдык...

– Кой, өйдеме! Өз ауылыңнан көшірген деген не сұмдық,– деді Торғын қарлығыңқы үнмен.— Айтпақшы, Қобай-ау, әлгі тырылдағынды қайтесің шоқалақтатып. Ат арбаңмен алып кет бізді. Жол-жөнекей Аманбай әулиенің басына соққанымызға ыңғайлы. Мәтісекілің жүре алмас. Жарықтық, Әулие бабам осында келгелі түсіме екі-үш мәрте енгені бар. Аруағыннан айналайын, дұға дәметіп жүр ме екен?!

– Тілегіңіз болсын.

Жалғыз салт атты шоқыта жөнелді.

Не ойлап барады екен?

Торғын қаққан қазықтай жылжымастан орнында мелшиіп ұзақ тұрды.

Не есіне түсті екен?

– ?

* * *

Қаракатқак тақыр жолдың донғалақ табанынан биік көтерілмес шаңын борпылдата бүлкілдеген Қойшыторы Үлкен Аққұмға іліге баяу аяңға басқан. Құмды жолды ауырсынған тәрізді. Бағана бұлар улап-шулап ырдуан арбаға таласа-тармаса мініп жатқанда жын айдағандай тырылдатып Жемісбектің келе қалғаны. Мән-жайды естіген ол:

– Саяттан басқаларың менің «Уралыма» отырындар. Кән-і, Сәкен, Ерлан, Батыржан.

– Немене, мен жалғыз өзім...

– Сен, Саят, әжеңмен бірге бол,– деді Жемісбек бұйыра.— Жолда Аманбай әулиенің басын көресің. Ал біз Қобай ағамның ауылына төтесінен тартамыз.

Тәжікелеспей қайтадан тырылдата жөнелді.

– Шү-у!.. Шу!..

Делбені қозғап қойған иесінің бажылдақ даусын елен қылмағандай көмбіс Қойшыторы он шақты адымдай желжортып барды да үйреншікті қалпына түскен. Жерге сүйретілген ұзын құйрығымен қос сауырын сипай желпіл қойып, жол жиегінде қалып бара жатқан шок-шок құрақтың үлпек басын жалма-жан аузымен қырқып алады. Бырт-бырт шайнап келеді.

Донғалақтар шикылынан шошып үріккен бұлдырықтар тура ат тұяғының астынан пыр-пыр етіп көтеріледі. Әлгінде біраз жерге дейін қалмай қайқаңдап ұшып, көне сүрлеудің екі жағына алма-кезек ауысып, аударылып-төңкеріліп құй-

кылжытқан сынар ақ тамақ қарлығыш көзге шалынбайды. Жол ортаға ұзатып шығарып салғаны болуы керек. Күрдек бас мия мен кара шеңгел, ақ теріскен мен алабота түгесіліп, жердің бедері де, бояуы да өзгергендей. Шаңдақ бозарған өңір дөңгеленген қалпы бейне-бір көкорай аймаққа шыр көбелек айналып жатқандай дерсіз. Ит тұмсығы батпас жыныс балауса құрақ белдеулері біркелкі бидайықты шалғындарды орап тастапты. Біріне-бірі ұласқан жасыл алқаптар жолдың қос қапталына қатар ойысады. Анқыған шөп иісі де танау қытықтай бастаған.

— Батырбекке бұрылдык. Танып келесіз бе?— деді бағанадан бері өз ойымен өзі ыңылдаған Қобай.

— Неге танымаймын. Атаконысымыз ғой. Мүбәрақтың жайлауы емес пе.— Төңірегіне күн сала караған Торғын, бірінен соң бірі парылдап жол кескестей ұшқан қызыл канат қырғауылдар бағытына бүкіл денесімен аударылды.— Ерте-ректегі кейпін жоғалтайын деген екен. Кішіөзек мүлдем суалып қалғанға ұқсайды. Жұмабек атамның қыстауы да осы тұста секілді еді.

— Әже! Ән-е-е, қырғауылдың балапандары...

Тілі байланып қалғандай меніреу күйде отырған Саят ұшып түрегелді. Шоқалақтаған арба үстінде буын-буынын ұстай алмай тәлтіректеген ол, артынша-ақ орнына жалп ете түскен.

— Байқа! Құлап қаласын, құлыным. Мықтап отыр,— деді Торғын.— Иә, қырғауылдар да балапандарын өргізіпті.

— «Шошқалы» көлдің биылғы балығы мен құсын көрсеніз. Жыртылып айрылады.— Қобай делбені тартып, аттың басын ірікті.

— Қаратал жақсы көтерілген-ау, шамасы.

— Шүкір. Соңғы екі көктем Қараталдың суы шаймаған жер қалмады бұл маңда. Әбден шаңы шығып, танымастай тозып-ақ кеткен еді. Тіпті шабындықты теңіздің жағасынан әзірледік қой. Ал енді әулие бабамыздың жатқан жеріне жаяу барамыз. Қалың жиде аралас қамыс-қоға жүргізбейді. Бағзы жолдың сорабын қызыл шеңгел басып кеткен.

— Жарайды, қарағым.

— Ан-а-а-у бір төбенің етегі.

— Иә, білемін, біл-е-мін. Әй, Саятжан, тез жүре ғой. Әулие атаның басына дұға оқып келейік. Бүйтіп күнде сәті түсе бермес.

— Әже, о кісі кім?

– Әулие ата ғой, нағыз көріпкел, – деді сыбырлай тіл қатқан Торғын. – Көп үндеме, жарай ма?

– Неғып?

– Аруақтарды мазалауға болмайды, күнім.

– И-и... Жөндеп айтпайсыз ба, әже?

– Нені?

– Аманбай ата біздің келгенімізді біліп, көріп қояды ғой, ә?!

Жолбастаушы Кобайдың соңынан самбырлай ілескен екеудің жанұшыра айғайлаған дауыстары жарыса шықты.

– Жылан! – деді екі көзі атыздай болған Саят.

– Би-си-мил-лә, – дей берді Торғын үрейлене.

Сонадайда жалғыз түп шиді тізерлей отыра кеткен Кобай жымындай:

– Жарықтық, Аманбай әулиенің кара шұбар жыланы шығар көздеріне көрінген. Арнайы іздеп келе жатқандарыңды сезсе керек. Аруағыннан айналайын, әулием! Кәне, бермен такандар, құран оқып жіберейік.

Өз-өзіне енді ғана келіп, жүрегі жай тапқан Саят үлкендерге қосылып алақанымен бетін сипады.

– Әумин!

Күбірлеген әжесі қалтасынан текшелей жыртылған ақтықты алып ескі қабірдің дарағына байлады. «Әмсе, қорғап, қолдап жүргейсің рухыңмен...»

– Әже, – деді Саят арбаға қайта жайғасқаннан кейін.

– Әу, құлыным?

– Жаңағы рас па? Жыланды екеуіміз ғана көрдік пе? Кобай ағаға неге көрінбеді?

– Ой, Саятжан-ау, мен қысы-жазы осы жердемін ғой. Сендер анда-санда бір келесіндер. Соны сезді да әулие-баба. Жарықтық, қасиетіннен айналайын, қысылғанға қолғабыс, тарыққанға талғажау жасағанын осы өңірдегі үлкендер аузынан талай рет естігенмін. Ертеректе болса керек. Сонау-у отызыншы жылдардағы аштық кезінде Арқадан ығысқан жұрт Балқаштың бергі бетіне жылжып балықшы ауылдарды сағалайды. Нәубеттен есенгірегендер біріне-бірі қарамастан босып кеткен. Әбден арып-ашып бұралған Жұмабек қарт пен шүйкедей кемпірі екеуі осы өңірге табан тірейді. Аманбай әулиенің басына сүріне-қабына жеткен олар аруақтан көмек сұрап жалбарынады. Шарасыз да дәрменсіз пенделер қатты қалжыраған қалпы қалғып кетіпті. Мызғыған бетте Жұмабек қарт түс көреді. Түсінде аппақ шатырдай боп киінген ақ

сақалды үлкен кісі сыбырлай тіл катады. «Ей, бейбақ, түрегел. Сен жана менен көмек сұрадың ғой. Мейірімім түсіп тұр. Ояныңдар тездетіп. Күннің шығысына қарай жүре беріңдер. Сендерді жақсылықтар күтеді...» Шошып оянған Жүмекен қуанып, бар жайды кемпіріне баяндап, асығыс-үсігіс ілгері жылжиды. «Бұл тегін түс емес. Алла тағаланың көрсеткен аяны!..» Күдіретті күшті ием ғажайып-ақ қой! Екеуі көп ұзамай әлдекімнің арбасынан түсіп қалған келіге кездеседі. Сәл одан әрі жүргеннен кейін жарты қап бидай тауып алады. Сөйтіп, олар сұрапыл тажал қармағынан өйтіп-бүйтіп аман-есен құтылыпты-мыс.

– Е, Қобай-ау, мына балалар нені біледі? Кеңес дәуірі өз аталарымыздың аты-жөндерін ашық айтқызбай қойды емес пе. Батыр бабаларымыз бен әулие-әмбиелеріміздің есімдерін мүлдем ұмыта жаздаппыз. Үреймен, қорқынышпен өмір сүріппіз. Біздің Қаратал бойының топырағы шын мәнісінде киелі екенін енді ғана естіп-білгенімізге мәзбіз. Өз ауылымыздағы Арқабай, Аманбай әулиелердің, Жәлменде, Пышан батырлардың есімдерін бертінге дейін естіген жоқпыз. Бірін дүмше, бірін әпербакан есерсок, ал енді бірін елді алдап-арбап жүрген баксы-тәуіп деп асыл аруақтарға тіл тигізіп, теріс тәрбиелепті. Не деген сұмдық! Бақай батырдың да іргемізде жатқанын еміс-еміс сезетінмін. Өйткені ауыл ақсақалдарының бір-біріне сыбырлап, көпшіліктен тасаланып, жасырынып айтқан әңгімелерінің шетін құлағым талай шалып қалған-ды. «Біздің колхоз бастығы Шокбай аудан орталығы Үш-төбеге жиналысқа бара жатқанда Қараталдың жағасына жерленген Бақай батырдың тұсына келгенде жүргізушісін алға оздырып жіберіп, жылдың қай мезгілі болсын екі-үш шақырымдай жерді өзі жаяу жүріп өтетін көрінеді...»

– Апыр-ай, ә! Бұдан артық аруаққа көрсетілер құрмет болмас, сірә. Әйтпесе, кейбір оспадарлардың сөлекеттері жөнінде де бала кезімде естіген едім. О кезде мұндай заман қайда?! Құпиялап, жұмбақтап жеткізетін. Елуінші жылдары тыңға қамыс плиталар тасып жүрген екі мәшине бұзылып, Бақай бабаның маңында тұрып қалады. Қақаған аязда жылынғысы келіп әлгі мәшинелердің жүргізушілері, екеуі де орыс жігіттері екен. Қалың тал мен шиді шауып алғанды қиынсынып, зираттың қураған қамысын құшак-құшак жиып-теріп алып жағыпты. Неткен қасиетсіздік! Құдайдан қорықсайшы. Имансыздар ісіне әулие рухы күніренген-ау, шамасы.

Әлгі оттан ұшқан ұшқын өртке айналып, екі мәшинені де, оны сөндіргісі келген бейшараларды да жалын жалмапты.

— Шокбай бастықты бала кезімде көрдім,— деді Қобай артына бұрыла назар аударып.— Бірбеткей, аса салмақты кісі екен. Пыш-пыштан бойын аулақ ұстағаны да.

— Әрине, не болса содан үрпиісіп, секем алатындар сапынан емес Шокбай ағалар. Көленкесінен қорықса өйтпейді ғой. Әйтпесе, жүргізушісі бар, бірлі-жарым сапарлас серіктері бар. Екі көзіннің бірі жау дегендей... Өзге де ардақтыларымыздың аттарын айтып, олардың қай жерлерде байыз тауып жатқанын да кейінгілерге қадап-қадап білдіріп кетіпті-міс. Тектілердің тұяғы, көненің көзіндей еді, жарықтық. Жатқан жерің жәннат болғай!

Торғынның ойын Қобай одан әрмен өрбіткен:

— Қасиетіңнен айналайын, туған жердің топырағы да бөлекше-ау. Біреу шөлін, біреу құмын, ал біреуі тасын мақтап жататыны тегін емес. Түгін тартса— майы шыққан. Нағыз біздің жер ол. Әрине, әркімге өзінің өскен, өнген өлкесі ыстық. Күшті де, қуатты да сол киелі топырақтан алатыны белгілі. Көбіне біз жете мән бермейміз. Мына қолсозымда, Ақжардың арғы тұсында Мықтыбек батыр жатыр. Кешеге дейін білмедік. Дүндікпіз. Көленкемізден қорқып, төңірегімізге көз ашып қарай алмадық. Қараталдың өрінде жатқан әйгілі әулиелеріміз, батырларымыз бен би-шешендеріміздің шоғырын жадымыздан өшіре жаздаппыз. Бірақ қасиетті топырақтың қуат күші ерекше. Ескелді, Балпық, Жолбарыс, Тілеуғұл, Айту, Қарымбай, Ұмтыл бабалар есімдері тарих топырағында біржолата көміліп қалмай, жоғалып кетпей қайта жаңғыруда. Туған жері үшін, елі үшін олар бүкіл ғұмырын ат үстінде өткізді. Халық тағдырын найзаның ұшымен, семсер сөзімен қорғады. Елдің бүтіндігі мен бірлігіне алаңдады. Соны сезбейміз-ау. Қайсібіреулер қарындарының қампайғанына мәз.

— Сенікі дұрыс. Қобай-ау, жаңа өзін айтқан бабалар басын жаңадан жаңғыртып, олардың рухына арнап ас бере бастапты. Бұл— жақсы жоралғы.

— Әй, Торғын тәте-ай, кеңес өкіметі не көрсетпеді?! Ата-бабаларына ат шаптырып ас бермек түгілі, әке-шешелеріне салынған зираттарының кірпішін санап, зәре-құтын шығарғаны күні кеше ғана емес пе елі. Тәубе, шүкір! Ұлыларды ұрпағы ұмытпайды. Өз топырағында туып-өскен ұландары— Көбес,

Кенжемұрат, Нұртай тәрізді ел азаматтары бабалар рухын қайта тірілте бастады ғой.

— Өркендері өссін! Айтпақшы, Ұмтыл әулиенің бейіті тура кара жолдың үстінде дей ме?— Торғын таңырқай сөйледі.— Апыр-ай, осы уақытқа шейін жан баласы білмеген, ә! Өзінің бес жасар қаршадай шөбересі көріпкел болып шығыпты. Әлгі, Шырақбайдың келіні сәби-балгерге қаралып келгелі тәуір көрінеді.

— Үштөбеге бара жатқанда Жанаталапка жақындай бергендегі кілт бұрылыста, күре жолдың жиегінде жатыр. Жарықтықтың топырақ бұйырған жері ғой. О кісіні білетіндер кезінде жолшыларға қыңқылдап жүріп, таспадай тілінген түп-түзу тас жолды күштеп екі-үш қадам бұрғызғанға ұқсайды. Үнемі авария болатын еді сол тұста. Қазір әулие басы темірмен қоршалып, белгі қойылған. Ерсілі-қарсылы жүргіншілер сәл-пәл дамылдап, тәу етіп өтеді. Жаңағы айтқаныңыз рас. Әулие атасының көріпкелдік қасиеті шөбересіне қоныпты. Біраз нәрсені жазбай айтып береді екен. Қанша дегенмен періште емес пе. Кішкентай қатарластарымен бірге ойнап кететін көрінеді. Жанына дауа іздеп қысылғандар оған қарай ма? Тіпті мынадай бір қызық бопты. Ауылының үш шалы әлгі баланы сынағысы кеп, ертелетіп сол үйге бас сұғады. «Бізді де қарап берші» дейді. Сөйтсе, қаршадай қыз бетін басып жылап, төргі бөлмеге кіріп кетіпті.

«Құлыным, мұның не?— деп сұрайды шешесі өбектеп».

«Аталардың біреуісі дәрет алмапты, таза емес,— дейді».

Мұны мойындаған, «күнәлі» ақсақал кешірім сұрап, батасын беріпті балгер балаға.

— Ғажабын-ай!

— Иә, иә.

— Әрине, әрине... Мені бір ой мазалап келе жатқаны күнұзаққа.

— Немене, бүлдіршін тәуіпке ниетіңіз ауып отыр ма? Кешкісін біздің ауылдың тұсынан аудан орталығына қатынайтын автобус өтеді. Отырғызып жіберейін... қаралып келерсіз...

— Жо-ға! Алыс жолды көтере алмаспын. Өзіңнің қолың қысқа болған соң, кібіртіктей береді екенсің. Шірк-і-ін, басын көтерер ме еді?..

— Е, айта алмай отырғаның, шалынның басына күмбез тұрғызу ма?

– Шүкір, балалар әкелерінің басын қарайтып көтеріп, Саяктан ба, әлде Балқаштан ба еді көктасын әкеліп қойғанды. Сол да жетеді. Жұрт қатарлы. Менің жүрегімді тыншытпайтыны— Аманбай әулиенің жермен-жексен боп, қалың қау басып кеткен жұқана мазары орнына келісті кесене көтерер ме деген арман...

– Өте орынды мұныңыз.— Қойшыторының сауырын божымен қамшылағандай сабалаған Қобайдың даусы жарқын-жарқын шықты.— Бағана айтқан Нұртай бизнесмен әрекет қылып жүрген секілді. Алматыдан ауылға бір келгенінде Жақсыаға, Орынбай, Ғалымбай, Әнібек тәрізді ақсақалдарға осы тектес әңгіменің шетін шығарып, пікірлесіп оырғанын өз құлағыммен естігенім бар. Сөз жоқ, келешекте баба басына да көк күмбез көтеріліп қалар.

– Пәлі, қандай жақсы болар еді!

Торғын еркін тыныстағандай, манайына сүйсіне, сүзіле жанар жүгіртті.

– Нұртай екі сөйлемейтін жігіт... О-о, біздің ауылға да жетіп қалыппыз.

Қобайдың сөзіне елең еткен Саят:

– Қайсы? Жемісбектер әлдеқашан келген шығар,— деді анырып.— Ой, әже, ағаның ауылы осы ма? Бұл да жалғыз үй ғой. Иттері көп екен...

Тұс-тұстан абалап қарсы алған төрт-бес арлан иттің шабаланған дауыстары Саяттың сөздерін толық естіртпеген...

Жапандағы жалғыз үйдің ауласынан бұрқырап көтерілген көкшулан түтін көкке шаншыла будақтайды. Жер мен аспанды жалғап жатқандай...

* * *

Саят жаңа достар тапқанына мәз. Әжесінің шаужайына оралып жүріп келісімін алған. Торғын Мейрамкүл мен Қобайға алғысын жаудырып, ырза-хошын төкті.

– Айналайын қарақтарым, бірер күн аунап-қунап әжептәуір жасап қалдым. Рахилам да ренжіп жатқан шығар. Жалғызсырайды ғой қанша дегенмен. Күдайға шүкір, әйтеуір. Бокташақтарының бәрі қолғабыс болуға жарайды. Әлгі Жемісбегі былтырдан бері теңізден балық аулап жүр. Асанбайда ма, жоқ әлде Жынғылдықайырда ма? Орнында бар оналар деген осы. Біз келгелі ара-тұра соғып тұрады. Жемісбекті айтам да. «Енді күзге қарсы келемін, Теңізбай көкем сүзекіні

сонау Мыңарал мен Қарабас-Қоржыннан тартамыз деген. Сол жолы Саят екеуінді өзiм мәтiсекiлiммен айырпортқа шығарып саламын...»Е-е, қайдан бiлсiн әжесiнiн биыл қалаға қайтпай, осында, ескi атаконыста қыстайтынын. Әй, Қобай-ау, екi-үш арба шөп түсiрiп берудi ұмытпа. Мына Саятжан Жаксылық пен Заңғарға бауыр басып қапты. Қыңқылдап қоймады, бiраз болсын. Әкеп тастарсын. Әй, Саятжан, байқап жүр ботам. Бiрденеге ұрынып қалма. Жарай ма?!

Әжесi атқа қонғанынша бiр сөздi ежiктеп әлденеше қайталаған. Ауыз ашқан жоқ. Кiм бiледi? Табан астынан райынан айнып қалуы кәдiк емес. Үндемей құтылды.

Қос салт атты желе-жорта шоқыта жөнелгенде бұлар да орындарынан дабырлай өре түрегелген:

– Жаксы болды Саятты қалдырғаны.

– Заңғар, кешегi айтқан жерге барып келсек қайтедi,— дедi Жаксылық.

– Қай жаққа? «Қара түлкiге» ме?

– Одан не аламыз? Текелiден келген орыстар түлкiлерiн алып кеткен. Жыланды тауына барсақ па дегенiм ғой. Қобай ағам айтқан жыландар ордасын өз көзiмiзбен көрiп қайтсақ қайтедi, ә?

Басында елп ете қалған Заңғар ойынан тез бастартып:

– Қойшы-ей, Жыланды— жердiң түбi. Қашық,— деген ол өз ұсынысын қоса бiлдiрдi.— Давай, онан да Сартолағайға барайықшы.

– Рас-и, мынауың жаксы идея. Төлеуханның қасқырын Саятқа көрсетейiк,— дедi Жаксылық Заңғардың сөзiн құптай жалғастырып.

– Қасқыр дейсiң бе? Ол не қылған қасқыр?

Таңырқаған Саяттың сауалына қосарлана жауап берген Заңғар мен Жаксылық өтiрiк-шынды әңгiменi бөсiңкiреп оны қатты қызықтырды.

– Иә, кәдiмгi қасқыр.

– Арлан десеңшi.

– Иә... асыранды арлан.

– Бұрна-а-ғы қыста Төлеухан сиыршы малына қайта-қайта шауып маза бермей қойған соң, қасқырдың iзiне қақпан құрып...

– Жоға, Заңғар, олай емес.

– Ендi қалай едi? Ендеше, Жаксылық... сен өзiң жөнделп айтшы.

Әңгіме тізгіні өзіне берілгенін пайдаланып ол жан-жағына маңғаздана көз салды. Аяғының астындағы қияк шөпті жұлып алып, тісіне қыстырды. Өзгелер де сөйткен. Үн-түңсіз. Алыстан жас қозының маңырағаны естіледі. Іргедегі жиде тоғайы алуан түрлі құстар әніне бөленген. Арагідік тоқылдақтың дүк-дүгі әлдеқайдан талып жетеді. Қай тұстан екенін дәл тауып ажырату қиындау. Шыр-шыр етіп бұтадан-бұтаға, шөптен-шөпке секірген шегірткелер үсті-басына да қаңғып кеп қонақтап жатыр. Саусақтарымен шертіп шетінен ұшырып жіберіп отырған Жақсылық кербезде, ынырана үзілген сөзін сабақтаған:

— Жаңағы Заңғардікі дұрыс. Қыс бойы қақпанға алдырмай қойғаннан кейін көкжалын атпен қуып жүріп атты емес пе. Ал бөлтіріктерін Мақаштың құмындағы апанынан жаз шыға қазып алды.

— Сонда қалай? Қорықпай ма?— деді Саят кірпік қақпай тындап отырған кейпін өзгертпей.

— Несіне қорқады.

— Қорықса, қасқыр аулай ма екен? Бөлтіріктерінің ішіндегі ең өжетін, ең сүйкімдісін Төлеухан аға асырап, қолға үйретіпті. Кішкентай кезінде-ақ бүкіл тістерін қағып тастаған ол иттермен бірге жүреді. Алғашында иті қайсы, қасқыры қайсы екенін ешкім жөнді айыра алмайтын. Қазір зінгіттей. Түнде көзі оттай жанып тұрады. Өте ызакор. Кей-кейде өршеленіп ойнап жүрген кішкентайларға қарсы шабатын көрінеді. Мұнысын екі-үш мәрте байқап қалған иесі атып тастауға да оқталған екен. «Қасқырдың аты— қасқыр. Байқандар, сак болындар, бір күні кекшіл пәле жарақаттап, талап жүрмесін». Балаларының «өлтірмей-ақ қойыңызшы» деген меселін қайтармапты. Қазір көбіне жалғыздан-жалғыз байлаулы тұрады.

...Бірақ асыранды арланды көрудің сәті түспеді. Жақсылық, Саят, Заңғар үшеуі қалың қамыс нуын кесіп өтіп Сартолағайға төбесінен түскенімен, өрекіпген көңілдері су сепкендей басылған. Бұлардан бір күн бұрын ғана мал жайғап жүрген иесін оқыстан қауып алып, қатты жарақаттаған көкжал қасқырды сол сәтінде атып тастаған екен.

Аулада қолын ақ шүберекпен таңған Төлеуханның өзі қарсы алған-ды:

— Әй, қарғаларым-ай! Қасқыр қасқырлығын жасады ғой. Өліп қала жаздадым. Несі қызық дейсің, бетін аулақ қылсын.

«Асыранды қасқыр тоғайға карап ұлиды» дегенді бабаларымыз текке айтпаса керек. Құдай сақтады. Әйтпесе...

Мойындары салбырап келген іздерімен кері қайтқан олардың жүздері сынық, жанарларына мұн ұялағандай. Орта жолға дейін ешқайсысы ләм ауыз ашпаған. Кенет Заңғар:

— Саят, алдына кара. Кәріқызды көремісін? Бері жүр,— деді.

— Кәріқыз! Ол не?

Жаксылық пен Заңғар жырқылдап күлді. Ештенені түсінбеген Саят бұртиып:

— Неге күлесіндер? Кәріқыз— адамның аты ма?

— Жок. Тікенек өсімдіктің түрі. Ұп-ұсақ бұртікшелері үстіңе жабысса, кетіру өте қиын. Әрі ашы шөп жаланап денене тисе қышытып, әбден әбігерге түсесін. Міне, мынау ғой,— деп кейіншектеп, ерінбей қайта жүрген Жаксылық жол жиегіндегі кәріқызды көрсетті.

— Шоғайна секілді ме?— деп сұрады Саят.

— Оның бармақ басындай түйіндерінің тікендері сояудай-сояудай келеді емес пе. Киіміңе жабысса, теріп тастау оңайырақ. Жалпы, сен өзің біздің Сарыесік өңірінде өсетін өсімдіктер мен шөптердің қандай түрлерін білесің?

Жаксылықтың бұл жолғы сұрағын оп-оңай көрген Саят кідірместен:

— Білемін,— деп тақылдай жөнелді.— Алабота, мия, сексеуіл, шеңгел, актікен, қамыс, қоға, жиде... жабайы жоңышқа...

Сәл бөгелген Саятқа Заңғар көмектесе бастады:

— Өлен, казтабан, ошаған, сиырқұйрық, бидайық... жусан, жалбыз... жауқазын, қанбақ...

— Рас. Мен бұларды мүлдем білмейді екенмін. Сендермен таласым жоқ,— деді Саят мойындаған түрде.

— Давай, ендеше, Жаксылық екеуіміз қалғанын тізіп көрсек қайтеді?

— Кеттік. Бес-бес өсімдіктен айтайық.

— Жарайды. Бірінші мен бастайын: шайшөп, кара тары, кекек, сары бас жоңышқа, қырық буын, ажырық, ешкітал...

— Тоқта!— деді Заңғар.— Ендігі кезек менікі: ақ мия, қылша, құм сағыз, бүлдірген, шыралжын, жаужұмыр.

— Мендуана, кара сора, қау, қарабарак, каралин...

— Қызыл мия, илаж, шырғанақ, адыраспан, теріскен.

Қос қолының саусақтарын бүге-бүге есебінен жаңыла берген Саят аузы аңкиып:

– Қандай көп! Осылардың бәрі біздің жақта өсе ме? Қайсыбір шөптердің аттарын сендерден тұнғыш рет естіп тұрмын. Біздің ауылымыз өсімдікке де бай екен ғой. Бұрын білсемші!...

Саят балағына кенедей жабысқан кәріқыздың жыпырлаған үп-ұсақ бүртіктерін алақанымен оп-оңай сипай салғысы кеп еді. Болмады. Шоғайнадан арман екен. Қайта шоғайнаның тікенек-тікенек құмалақтарын бір-бірлеп теріп, лақтырып тастайсың. Ал мынасы жатқан бір пәле.

– Әуре болып кайтесің,— деді Жаксылық алақанын түкіріктеген оған.

– Кетпей жатыр.

– Былайырақ шыққан соң бәріміз жабылып ол пәшистердің көзін құртамыз.

– Сонда, Жаксылық деймін, жаңағы Заңғар екеуің айтқандардың бәрі осы жерде өсе ме?— деді Саят таңырқап.— Оның бәрін қайдан білесіңдер.

– Біздің жерде өсімдіктердің өзге де түрлері өседі. Көбінің сыртқы түстерін танығанмен, аттарын ажырата алмаймыз. Әйтпесе, мен өзім білмейтін бірнешеуін тез арада есіме түсіре алмай ұмытып қалыппын. Мысалы, меңдуана, текесақал, тораңғы, карабауыр, изен, ажырык...

Жаксылықтан бұрын жауап қайырған Заңғар әлгінде екі-үшеуін кем айтып, жеңіліп қалғанына намыстанып келе жатқанын сездірді. Бірақ онысын елеген ешкім жоқ.

– Айтпақшы, Байшегірдегі Асқат өткен қыста үйіндегі көмір таусылып қалып, қырдан бір мәшине отын тиеп әкелсе, Төкен көкесі «Ой, мынауың тораңғы ғой, отқа жағуға болмайды. Кәне, тез апарғын алған жеріне» деп қайтадан салпандатып кері апарғызып тастапты. Сондықтан да туған жеріміздегі әр ағаштың, әр бұтаның, әр тал шөптін ерекшелігі мен қасиетін білген жөн.

Жаксылықтың бұл сөзі Саятты қатты ойландырды.

«Біздің Сарыесіктің асты да, үсті де тұнған байлық екен ғой. Сырт көзге бұйра-бұйра құм басқан сүреңсіз сұр даланың өз қызығы, өз думаны жетіп жатыр. Іргесінде балығы таудай тулаған, үйрек-казы шулаған көгілдір айдынды Балқаш.

Заңғарларға, Жемісбектерге қандай рахат. Өзен-көлін жағалап балық аулайды. Белуардан көкорай шалғынды кешіп құстар мен шөптерін тамашалайды.

Бәсе-бәсе... Әсіресе, әжемнің бұл аймақты жанындай жақсы көретіні бекер емес...

Жап-жасыл қиял әлемі

– Торғын-ау, сені жұрт биыл ескі қоныста қыстайды екен деп гуілдетіп жатыр. Сонысы рас па, өзі?– Арбадан ырғатылып зорға түскен Камар аман-есен жоқ, құлағы шалған қауесеттің анық-қанығына көзін жеткізгісі келгендей тәптіштеп сұраған.— Қаладан, Талдықорғаннан кеше ғана келдім. Әлгі біздің келін мен ұл өтпіскісін алыпты. Соған хабар берген екен. Шетелге барып демаламыз дей ме? Немеремді— Рәшитімді алып келдім, бірер күн ақ ішіп, кең жерде жүрсін. Сонда біздің балалар айтып отырды. Мен жәй сөз ғой деп онша мән бермеген едім. Базарда келінінді көріп қап, жік-жапар болғаны, карағым. «Тәтеме айтыңызшы сәлемімізді. О несі! Жапан түзде, жалғыз үй. Бізге мұнысын сездірген емес. Елден ұяттағы. Бәрінен бұрын Саят сабағынан қалады ғой. Барған бойда айтыңызшы... Самолетке отырғызып жіберсін Саятты. Қыздарының қолында ма, жоқ әлде туған ауылында бола ма? Өзі біледі деп...» Ой, тарс есімнен шығып кетіпті-ау. Қыстығүні жоғалтып жүрген киім-кешегіңді беріп жіберді. Өне-е бір ала сөмке сенікі. Ішінде не барын? Зілдей көрінді. Келінінің меселін қалдырмай, мықшындап әрең көтергенім...

– Япырым-ай, менің жоғалтқан заттарымды қалай тауып алды десенші.

Торғын жалма-жан ала қапшықтың темір бүрмесін зыр еткізіп ашты. Бетіне тығындап салған Саяттың жылы киімдерін шетінен алып, қатар-қатар текшелеп қоя бастады.

– Саяттың қайтарда тонбасын дегені да.

– Иә. Бар киімін салып жіберген бе? Ой, мінеки, әлгі менің жоғалтқан көк крепдешин көйлегім. Пәлі, Камар-ау, түбіт ақ шәлім мен Түркістаннан құдалықтан киіп келген көмзолымды көресің бе? Өзім тоқыған түйежүн шұлығыма дейін жүр. Міне... Сонда, қызық болғанда мұның бәрін Дүйсе-гүлім қайдан тауып алды екен, ә?..

– Әй, Торғын-ау? Қайтқан малда береке деп жарқыратып киіп алсаңшы шетінен.

– Кимегенде ше? Өз мүлкім емес пе. Киемін. Айырпортта түскен бетте балаларға алып барған екі-үш мөшек соғымның етін таксиге тиеп, жүре беріппін. Киім-кешек салған сөмкемді ұмытып... Әлгі келінжан милиссияға ызбандап бәйек болғанымен, қолды болған дүниелерім табылмай, күдер үзгенбізді. Ой, Алла-ай, былтырдан бері...

— Сенің келінің қасқыр ғой, — деді Қамар көленкеде жатқан көрпешеге жайғасып. — Көрбай-жербайларыңды қалай тапқаның жыр ғып айтты. Ерінбей-жалықпай орталық базарды екі ай бойына торуылдап, сүзіп шығыпты, жеміс-жидектен бастап малдың бас-сирағын сатып тұрған қатын-қалаштардың үстіндегі көйлегі мен басындағы орамалына шейін бақылап жүріпті. Содан бір күні ет сатып тұрған москалдау кемпірдің киген көйлегін тани кетеді. Бірақ әй-шай жоқ бейтаныс әйелдің үстіндегісін «менің енемдікі, шешіңіз» деп қалай айтсын...

— Әрине. Ұят қой, — дейді шыдамаған Торғын кеңкілдеп күліп.

— Оған қарай ма, сенің қасқыр келінің. Үн-түнсіз о жағына бір, бұ жағына бір шығып, көзін әбден жеткізген соң, үндемей кетіп қалады. Ертеңіне ертелетіп тағы келеді базарға. Абырой болғанда, күдікті саудагер әйел сенің екінші сары ала атлас көйлегінді киіп алып көлкілдеп жүрмей ме баяғы?! «Кезінде тәтеме алғашқы айлығыма сатып алып берген атлас көйлегім көзіме оттай басылғаны. Беліндегі резіңке бүрмесі тар болып, екі жеңіндегі резіңкелерді сөгіп алып жалғағаным есімде. Бірден тап бердім. «Кешеден бері киіп жүрген көйлектерді танып тұрмын. Шешей, ыңғайсыз болса да айтыңызшы жөн-жосығын. Әйтпесе, киімді түгел қайтарыңыз ың-шыңсыз...» Төбесінен түскеннен кейін бе, әлде иман жүзді біреу ме? Артық ауыз ишай деспей жоғалтқан бар мұкамалыңды сөмкесімен әкеп беріпті. «Қайдан білейін, иесі табылмаған соң, қолыма іле салған едім. Өз көйлек-көншегім де жетеді, айналайын...»

— Дүйсегүлім болмаса, маған бұл киімдерім қайда? «Қайтқан малда қайыр бар» деп отырсың ғой. Қыз-ау, мына бірін сен киіп алшы. Түсі де саған кеп тұрғандай. Шақ боп қалар. Қалаға барғанда жалғыз мәрте ғана кигенмін. Судай жана. Менің саған кигізгенім болсын, осы. Ренжіме. Ескі-құсқысын берді демегін. Серікболым аман болса, әлі талай көйлек киермін. Мынасының қағазы, етикеті бар секілді. Әбдірамның түбіне тастай салайыншы. Анау-мынау боп кетсем, сүйегіме түскен біреусіне жарар...

— Рахмет. Торғынның көзі еді деп жарқыратып киіп аламын, — деді Қамар емен-жарқын. — Балаларыңның сәлемін жеткізейін әрі көптен бері ат ізін салмадық деп жатқаным да. Әйтеуір, ат үстінде жүрген Отарбай амандығыңды айтып келеді. Рахила да кіріп шыққан. Балаларды мектепке да-

йындаймын деп отыр. Жана оқу жылы боп қапты әні-міні дегенше...

Торғын екі бүктетіліп орнынан түрегеліп, шашып тастаған киімдерін ағаш төсектің үстіне үйме-жүйме апарып қойды. Он шақты тал әшмүшке салынған жылтыр жұқа дорбашаның аузын ашып, екі-үшеуін Қамарға ынғайлаған көйлектің арасына ораған.

— Барған бетте шалына осы үнді шайын шығарып, шай берерсің. Өзінің шығымы тәуір болуы керек. Пілдің суреті барын біздің келін үнемі мақтап отыратын. Өйбүй-ау, шай демдеп жіберейін тездетіп. Рахила екі-үш күнге кеткен кішкентайларын шұбыртып. Әлгі Саятжан Қобайдың ауылында қалып еді. Бүгін-ертен келіп қалар, құлыншағым едәуір қолғабыс екен ғой. Енді білгендеймін. Биыл қыстап көрейін өзім. Алып қалғым-ақ келеді. Бірақ ақ қар, көк мұзда Көпбірлікке салпаңдатып қайтемін. Обал! Алла амандығын жазса, келер жылы төртіншіге көшеді. Қатынап оқыр, өз қолымда.

— Бәрі де дұрыс қой, Торғын-ау. Жалғызілікті жанға қиындау тимесе, — деді шайын баппен сораптаған Қамар.

— Несі қиын. Аштықты да, керман соғысын да көрдік емес пе, әр бұтаның түбін паналап. Мына Мүбәрәктің қара орманын қаныратып тастағым жоқ. Қора-қопсыны шама-шарқымша бүтіндеген болдым. Көне құдықтың көзін ашып едік, су молайды. Азын-аулақ малға да, өзіме де жететін сияқты. Есебін тауып қар түскенше екі-үш арба жыңғыл, не сексеуіл түсіргізем жетіп жатыр. Алты ай қымтырылып, аяқ жаза алмай, қуықтай-қуықтай тас үйде қамалып отырғанша, өскен-өнген алтын бесігімде көсіліп жатпаймын ба? Саятымды да қолыма аламын алдағы жаздан бастап. Өзінің іші бірденені сезеді. Менен сұрауға батпай, өтке-е-н жолы Рахила тәтесінен сұрапты-мыс. «Әжем қызық... Қалаға бармай биыл осында қыстаймын депті. Сонысы шын ба? Қорықпай ма жалғыз? Әжем қайтпаса, мен де бармаймын Талдықорғанға. Апамның жанында жүремін. Азар болса үшіншіні оқымай-ақ қоямын» депті күнім. Өзінің ақылы бар. Тіфә-тіфә! Мен келмесем келеді дейсін бе жетім жұртқа. Осы күнгі ата-ана да қалашыл. Менің көзім жұмылса шырылдатып жібермес балапанымды. Көрсін, білсін... Көкірегінде сәулесі болса түсінер. Әкесінің, атасының, бабасының ыстық мекенін... Ертен-ақ Құдай аман қылса зінгіттей боп шығар. Біз құсап үйкүшік болмай-ақ андасанда бір мойынын бұрып, атаконысқа ат басын тіреп тұрса жетеді. Тіпті әке-шешесінің қай жерде жатқанын білмейтін

кісікиік саяктар өзіміздің осы Сарыесікте де ұшырасады. Өзіміздің Әлбосынның Мәскеуде оқыған Мағзұры ауылға бір соқпай-ақ кетті ғой. Өйтіп дөкей болғанның не қажеті бар. Ағайын-туысына топырақ сала алмай жүрген тасбауырлар да жеткілікті. Көзің бар көресің, құлағың бар естисің. Еріксіз ойланасың. Бәрі-бәрі... Жүрек сыздатады да...

Қамар басын шұлғып қойып шайын ішіп отыр. Біразға шейін ләм-мим жақ ашпаған. Әрине, қараптан-қарап мүлгіп отырмағаны анық. Кей-кейде ұзақ түнді кірпік ілмей шығатыны бар шалы екеуінің. Өз қолын өзі кеспесе керек, пенде шіркін. «Қарғайын десем— жалғызым, қарғамайын десем— жалмауызым». Дөйт-дөйтке барып, бірін-бірі әрең басады-ай. Оның шет жағасын Торғын да біледі. Қызба-қызбамен «ескі жараның аузын тырнамадым ба?» деп тілін тістеп, күмәнданған-ды.

— Шай алып отырсаңшы,— деді жұмсақ үнмен.

— Көп іштім білем. Тағы бір шыны құя сал.— Ол екі ұдай ойда алдына төнкере жаздаған кесесін ұсынды.— Сені біз Отарбай екеуіміз жақсы түсінеміз. Мүкеңнің оты өшпейді. Серікболың бар, тұлымшағы желбіреп Саятың да өсіп қалды, желкілдеп жігіт боп шығады әлі-ақ. Алдағы жазда қасыңа, ауылға біз де көшіп келерміз. Ендігі жерде бір-бірімізге серік, кара-құра боп отырмаймыз ба? Қой, мен жылжиын. Әлгі дала көрмеген немерем атасының мазасын әбден кетірген шығар.

— Рәшитжанды бірге ала келгенінде...

— Иә. Оған Отарбай көнуші ме еді. Мына ыстықта басынан күн өтіп кетеді, өзің-ақ жәйлап барып келгейсің. Балаларының сәлемін естіп қуанып қалсын деді ғой.

— Әй, қыз-ау, Рәшитжанға қауын-қарбыз ала кетші. Жүрші бермен қарай... Балбырап піскен шетінен. Өрі тап-таза... Біздің топырақтың өзі бүлінбеген. Тыңайтқыш дегеніңнің керегі жоқ. Төгіп тастады, төгіп... Бір колхоздың баласына жетеді... Бәрі де, түр-түрі бар. Анау-у шеткеріректегі үш-төрт түп апорт алма. Құдай бұйыртса, келер жылы алғаш өнім береді. Алдыңғы жылы отырғызған Саятым ілмиіп жүріп... Ал, мына қапуста мен аскабак таяуда қыркүйектің соңына таман піседі. Арбалап алып кетесің ғой...

Иір-иір атызды жағалап, текшедей-текшедей жасыл такталарды сүйсіне тамашалаған Қамар:

— Тіфә-тіфә! Тіл-аузым таска. Бақшалығың тұнып тұр екен. Жарықтық, Жер-Ана баптай білсең, аялай білсең

мейірімін төгіп, қай кезде де қарық қылса керек. Еңбегің рәтті болсын, әманда!.. Рәшитімді бір қуантатын болдым сенің арқанда...

Камар отырған арбаны көз қиығымен ұзатып салған Торғынның аяқ астынан жүрегі лоблығандай ма, әлде үрей билегендей ме? Кеудесінен шығып кетердей дүрсілдеген. Артынша оң құлағы, іле-шала екінші құлағы ызың-ызың шыңылдағандай.

– Бисміллә! Бисміллә! Басым айналғаннан сау ма? Мұндайы жоқ секілді еді. А, Құдайым қолдай гөр! Ойдағы-қырдағы балапандарым пәле-жаладан аман болса екен!..

* * *

Алыпсок шабаланып ұзақ үрді.

Үстіндегі жұқалтаң көрпенің өзін ыстықсынып, аяғымен тепкілеп-тепкілеп итеріп тастаған Саят та дөңбекшіп жатыр.

– Әй, осының жатысы-ай. Кімге тартып кеткенін бір Алла біледі.

Торғын жеті түнде құрақ ұшып, әлсін-әлсін қымтап қойып, күнсіген шашын аялап сипаған. Ет жүрегі елжіреп, мандайынан құшырлана өбеді. «Көзімді ашып көргенім, аузымды ашып сүйгенім». Тұңғыш немересі ғой. Жөні бөлек. Тумысынан балажан кейуана осы Саяты шыр етіп дүниеге келгеннен бастап мүлдем өзгерген. Каршадайынан шешесінің төсінен ажыратып ешкінің сүтімен асырады. Тәй-тәй басып, аяғы шығып жүгіріп кеткенше аркасынан түсірмегенін қайтерсің. Қараптан-қарап көйлегінің етегіне сүрініп, аһілеп-уһілеп ырсылдап зорға жүретін оған тұрғылас кемпірлері: «Біздің де немерелерімізді бағып берсеңші. Жасарып кететін түрін бар» деп қалжынмен қағытатын. Сондағы Саяты емес пе. Тұлымшағы желбіреп қасында сая боп, кара боп жүр. Әрі серік, әрі сүйеу. Ұйқылы-ояу күбірледі. «Бергеніне шүкір! Мың тәуба!»

Түн тыныштығын бұзып ит тағы үрді. Бұл жолы Алыпсоктың бір түрлі қыңсылағаны жалынышты естілді.

Ұйқысыраған Саят түсініксіздеу әлденені былдырлап, екінші қырына аунап түскен.

– Мұнысы несі? Неменеге шәуілдей береді, ә?! Әлде біреу-міреу торуылдап жүрмесе де... Жалғыз үйден не іздейді екен?

Өзімен-өзі сөйлеген Торғын босағадағы ілулі камзолын желбегей жамылып сыртқа шықты. Қараңғыда байкамады.

Тура табалдырықта жатқан Алыпсоқтың құйрығын басып кетті. Ол қыңсылап ығыса берген.

– Ү-ү...ей... Құдайдың мына мақпал түнінде үйге тығылғаны несі-и... Жер таппағандай.— Сыртқы есікті айналып, мал қора жақты шолғысы келген Торғын жарты аспанды жарық нұрға орап дөнгелеп бара жатқан алып шарды көріп, селк ете түсті. Қакқан казықтай, меніреу күйде мелшиіп қатып қалды. Әп дегенде аузына сөз түспей, үрейлі пішінде Шығысты бетке алған беймәлім сәулелі шарға сүзіле көз тіккен. Ішінен.— Бұл не болғаны сонда? Бәсе, әлгі ит қорқып үрген ғой. Дәл тамның төбесінде тұрған ба? Мені көріп жылжып кетті-ау деймін, осы. Саятжанның айтып жүрген ұшатын тәрелкесі болмасын. Қап, әттеген-ай, Саятты оятсамшы! Жоға. Жүрегі ұшып кететін еді, ботамның...

Түн қапырықтау. Жаңағы жарты әлемді жарқыратқан сәуле сейіліп, алқара аспан төсінде жұлдыздар самсады. Нақ төрде Құсжолы сайрап жатыр. Жұлдыз шоғы жарқ-жұқ. Мыңдаған, жо-о-қ мың-миллион жылтылдаған қисапсыз оттар. Сәл қиястау төбеде түстікті меззеген дара жұлдыз Темірқазық окшау жарқырайды. Қотандағы мал бейкам. Ыныранған, жалқау күйіс қайырған он шақты ұсақ пен жалғыз сиырдың қараң-құраны сонадайдан бұлындаған. Құдық басындағы отындық тал-дарактың шетінде жататын дөңбек жаңғырықтың үстіне барып тізе бүкті. Мезгілсіз қыбырды сезе қойған құстардың майда шырылы дірілдеп естілді де, артынша тына қалды. Көбелек канатының желпігеніндей ғана болар-болмас леп теңіз тұстан жеткендей. Жамыраған жұлдыздардың бірі отты жаркыл із тастап ағып түсті. Жұлдыз— ғұмыр. Кім болды екен? Иә... Көк күмбезінде жымындаған жұлдыздар жер бетінде өмір сүрген адамдардың екінші ғұмыры көрінеді. Яғни, аруақтар жұлдызға айналып кетеді дейді ғой. Бәлкім... Жұлдызды аспан қандай көңілді. Ғажайып тылсымға толы. Жымындасқан жұлдыздар өздеріне шақыратын сияқты. Ол өз ойымен әлі де отыра берер ме еді...

– Әже!

Ол елең ете қалды. «Шынымен жұлдыздар сыбырлады ма?»

Жыламсыраған дауыс қайта шықты. Қай жақтан естіледі, ә... Саяттың даусы. Дәл өзі. Ұйықтап жатыр еді... Нәзік үн әлгіңдегідей емес жалбарынышты естілген:

– Әже! Мұнда неғып отырсың? Үйге жүрсенші...

– Өй, айналайын, құлыным! Шошып кеттің бе? — деді лезде ес жиған Торғын. — Алыпсоқ үріп қоймаған соң далаға

шыққан бетім еді. Түн қандай тамаша боп тұр. Аана мен саған Үркерді көрсетем деп едім. Ән-і. Мандай тұсындағы, он жағындағы жарқыраған жұлдыздар шоғырын көресің бе? Ән-е-ки, сол жұлдыз шоғы — Үркер. Қолынмен көрсетпе. Әжептәуір көтеріліпті. Айтпақшы, мен жаңа сенің ұшатын тәрелкенді көрдім...

— Қашан? Қайдан?

— Тура осы біздің үйдің үстімен домалап ұшып барады екен. Сені оятқым кеп еді, оятпадым. Қорқып кетер деп ойладым. Жүр, боташым, үйге кір. Бойым тоназып қалды. Қаземнің «Тамызда таң суиды» дейтіні рас.

Аяққа оратылған Алыпсок есік көзіне дейін ілесіп келді де, жылыстай берді.

— Ілгекті салайын ба? — деді Саят. — Сонда жанағы ұшатын тәрелке қандай болады екен? Анық көрдіңіз бе, әже?

— Ботам-ау, сені алдап неғылайын. Далаға шықсам тура біздің үйдің төбесінен өтіп барады екен. Жап-жарық шар секілді. Гүрілдеген даусы жоқ. Әйтеуір, қораның дәл үстімен баяу жылжыған беті Байсейіттің құмына қарай тартты.

— Әже, меніңше ол НЛО емес. Балқаш жақтан, демек Батыстан келсе, ол Байқоңырдан ұшырылған спутник шығар. Былтыр Төлеуғазы көкем айтты емес пе.

Саяттың сөзін бөлгең Торғын:

— Мен сенің ұлоңды қайдан білейін. Дұрыс айтасын, бір білсе Төлеуғазы білуі мүмкін. Өйткені ол теңіздің арқабағындағы Сарышағанда сұлижыт еткенде, Байқоңырды екі рет көрдім дегені есімде. Шешесі Қалия марқұм «Иек астындағы жерден Төлеуғазымның жазған хаттары екі-үш ай жүріп әрен жетеді. Өттен, сарғаймай өзім-ақ барып келейін десем тіл білмеймін» деп отыратын. Жарықтық, жатқан жерің жарық болғай! Аңғал, аңқау кісі еді. Әскердегі жалғыз ұлынан алған бірінші хатты әкеп көрсеткен. «Мынаны жөндеп оқып беріндерші. Қарып танысыңдар ғой. Әлгі Тілеубекке оқытқызып едім, түк түсінбедім. Менің сүмелегім солдат болам деп өзінің аты-жөнін ұмытып қалғанға ұқсайды...»

Шыдамсызданған Саят:

— Қызык екен. Әже, сонда не жазыпты?

— Ботам-ай, ұйықтасаншы. Онсыз да түн ортасы болды, ұйқың қанбай жүрер.

— Ұйқым келмейді. Не жазғанын айтыңызшы.

Торғын жымындап мырсылдады.

– Осыдан пәленбай жыл бұрынғы хаттын сөздері есімде жок. Ұзын-ырғасы жобамен былайша:

«Сұлыжбадан сәлем. Апа, денсаулығыңыз қалай? Ауру-сырқаудан амансыз ба? Ауылда не жаңалық бар? Шалбай атам мен Әйемнің, Мүбәрак ағам мен Қоңыр тәтемнің дендері сау ма? Әскерге кеткен балдардан хат келді ме? Көрші ауылдағы киномеханик Жапарбек кино әкеп көрсетіп тұр ма? Төлеубала құлыпта тансы ұйымдастырып тұра ма? Айтпақшы, Апа, колхоз шөбінді түсіріп берді ме? Ал енді өзіме келетін болсам, жағдайым жақсы. Сұлыжбам ойдағыдай өтіп жатыр. Екі айдай ешқайда шықпай жаттығып, ант қабылдадык. Үштөбеден бір пойызға отырған үшеуімізді Алматыға тоқтағанда үш жаққа бөліп жіберді. Мен сол өзіміздің балық аулайтын көлдің маңындамын. Әскери шопырмын. Аспанға ұшатын жерге екі рет бардым. Мәшинені жер асты жолымен көзімді таңып қойып айдатқызады. Басында қорқып жүрдім, қазір бұған да үйрендім. Ауылдан шыққалы ет жеген жокпын, көші, балық... Сүтті шай болмайды екен. Былтырлар екі-үш рет тамашалаған шар тәріздіні мұнда күнара көреміз. Өзіңіз де түсінген шығарсыз. Қой бағып жүріп Шалбай атам өзіміз балық аулайтын судын жағасындағы қалың қамыс арасынан Тілеубекке тауып әкеп берген еді ғой. Бұдан бұрын екі дүркін жазған хатым белгілі себеппен өзіме қайтып келді. Басқа не айтамын. Мені көп ойламаңыз. Амандык болса сұлыжбамның екі-үш айы өтіп қалды. Енді екі жыл тоғыз айдан кейін барып қаламын. Айтпақшы, мені сұраған туыстарға, көрші-қоланға үш қайтара сәлем айтыңыз. Ептеп сағынған кезде өзіміз балық аулайтын көлдің жағасына келіп, ауыл жаққа ұзақ қарап тұрамын. Осымен хатымды аяқтаймын. Сау боп тұрыңыз. Ауылдың жаңалықтарын тегіс айтып хат жазыңыз. Бәрін де Тілеубекті шақырып алып жазғызасыз ғой. Апа, ұмытып бара жатыр екенмін. Қызыл сиыр бұзаулады ма? Сау болыңыз. Сәлем жолдаушы қатардағы жауынгер мен...»

Өстіп хат жазған сенің Төлеуғазы көкен. О кезде кім біліпті оның секретный жерде әскери қызмет өтеп жүргенін. Шындығында алғашқы хаттары тексеріліп, сүзгіден өткізіліпті. Әрине, артық-ауыс сөздерді, күпиясы бар деректерді мұрнынан тізіп жаза беруге болмайтынын ауыл баласы түсінбеген. Содан секем алып жер-су аттарын, ең ақыры өзінің есімін де ашып жазбаған да. «Атын ұмытып қапты» деп жүргені әпендінің. Қой, балам, ұйықта. Таң атып қалған шығар. Тауық шақыра ма, өзі?.. Таң білінейін дегендей...

Жастығын құшақтап үн-түнсіз бір бүйіріне қисайған Саят екі көзін қанша тас қылып жұмса да кірпіктері ілінбей-ақ қойды. Ұйқысы шайдай ашылып кеткен Торғын да дүркін-дүркін жөткірініп барып тыншығандай. Саят:

– Әже,– деді.

– Ой, құлыным, әлі ұйықтамай жатырсың ба? Не болды саған?

– Шалбай атам сонда не тауып алған?

– И-и... ботам-ау, қай-қайдағыны сұрай бересін. Соның бәрін мен қайдан білейін. Шалбай атам қой бағып жүріп Жақия көлінің жағасынан, қалың қамыстың арасынан аузы-мұрны бітеу темір қобдишанын бір-екеуін тауып әкелгені бар. Әлгі көктантық соны айтатын болуы керек. О жер, бұ жерін шұқылап, ішек-қарнын ақтарған жүгірмектердің айтуынша, көкте ұшып, өзіміз тамашалап жүрген үспетніктер мен белгісіз аспан шарларының маторы көрінеді. Әйтеуір, ішіндегі менің ұршығым секілді затқа ораған жұп-жұмсақ жінішке ұзы-ы-н қызыл сары темір сымын ауылдың қатын біткені кір жаятын жіп ретінде пайдаланды. Барак пен Төлеу ағам қыстыгүні қоянға құратын дұзақ қылып, қарық болған еді. Айтпақшы, оның біреуін Отарбай атам да тауып әкелген-ді... Көне, қарғам, бері таман. Ұйықташы. Мен де көз шырымын алайын. Сәресі боп қалды-ау деймін, тауық шақыра ма?..

Ұйқылы-оюу Саят әжесінің бауырына тығыла түсті. Ойы— әлем-жәлем. Жанарының алды сан-сапалақ, мың-миллион сап-сары нүкте-ноқат, қисапсыз сан жетпес үлкенді-кішілі шенберлер.

«Сонда қалай? Космосқа баратын жол біздің ауылдың үстімен өтетін болғаны ғой. Жер серіктері— спутниктер ылғи да біздің ауылдың аспанында зуылдап бара жатады емес пе. Әйтпесе, Талдықорғаннан неге көрінбейді? Тіпті бер жағындағы Үштөбе мен Ақжардың өзінен де «көрдік» дегендерді естіген жоқпыз...»

Кірпіктері ілініп кеткен Саяттың түсіне де ғарыш енген. Ертегідей жұлдыздары шүпірлеген ғажайып әлем. От-жалын оранған ракетамен зымырап келе жатқан сияқты. Бұйра-бұйра бұлт тауларын демде тесіп өтіп, жеті қат көктің ар жағына шыға келгенде аспанның бір бұрышынан оймақтай боп жылтырап шалынған Жерді көріп, ол қатты танырқайды. Тұңғыық төрінен көз салғанда өзіміздің тұрағымыз, өзіміздің Жер тарыдай ғана екен ғой деп ойлады. Құлды Адамзаттың

ыстык бесігі! Әжесінің «туған жерді аялап, мәпелеуіміз керек» дейтінін енді ғана жандүниесімен түсінгендей.

Айтпақшы, менің әжем қайда жүр екен, ә?.. Неменеге өзіммен бірге алып ұшпадым? Қап өттеген-ай!.. Жок... Жүрегі көтермейді. Жалма-жан ракетаның дөнгелек терезесіне үніліп еді. Міне, керемет! Зымыран-жұлдыздың бірімен ұшып келе жатқан, қапталдасып жарысып келе жатқан әжесін көрді. Иә, алтын әжесі. Жұлдыздардай жымыңдайды, сынғырлап күледі. Сонда, бұ қалай, ә?! Әжемнің ерттеп мініп алғаны шынымен Жұлдыз ба? Ракетаға, космос кемесіне ұксамайды-ау. Ол әйнектен жап-жасыл қиял әлеміне тағы да көз сүзді. Әжесі отырған жұлдыз жебедей тіп-тік самғап барып көкке шаншыл-лып қалды. Дәл көз алдында жұлдызға айналып кеткен. Еште-нені түсінбеген ол айғайлап жіберді:

– Әже! Әжетай, қайда кеттің? Мен мұндамын, қасында ұшып келемін...

Өз даусынан шошып оянған Саят бора-бора терлеп жатқанын байқады. Бір қолы әбден ұйып, жансызданып қалыпты. Ақырын-ақырын уқалап ұзақ отырды...

Әжесі әлдеқашан тұрып кетіпті.

Терезе әйнегінен кұйылған күннің сынық сәулесі оған әлгінде ғана өзі түсінде аралаған жұмбақ сыры мол ғарыштан жетіп жатқандай көрінді...

Иығынан біреу басып тұрғандай орнынан әрең көтерілген Саят сыртқа шыққанда барып теріскейден сокқан өкпек желді байқаған. Камыс біткен, қурай біткен бастарын шұлғып, ызың-ызың етеді.

Біртүрлі ызғарлы ызың...

* * *

Жүзі сынықтау әжесінің ішкі күйзелісін бала-жүрек сезеді. Әлденені сұрауға батылы бармаған. Күртешесін қымтана бақшалықты сүзіп шыққысы келген Саят тү-ү-у жер түбінен талып жеткен дырылдақ дауысты естіп қуанып кетті. Елегзи құлағын Көлбірлік жаққа тосты. Бәсе, қателеспесе керек. Оның үстіне жел де теңізден тәрізді ғой. Әншейінде ұятқа қалдырмайтын қалқандай докаторы, тіпті бұл жолы «Уралдың» ышқынған дүрілін ап-анық жеткізген.

– Жемісбек келе жатыр!

Ол даусын көтеріп қаттырақ айғайлады. Әдейі. Құдық басында өзімен-өзі күбірлеп, мұрнынан шаншылған әжесі

естісін дегені. Кешеден бері немересінің кір болған көйлек-көншегін ақ шатырдай етіп жуып, бір-бірлеп дәу көне шок өтекпен шыжылдатып басып, әдемілеп қаттап жинастырған. «О заманда, бұ заман істемеген кәсібім еді қатын боп. Көйлегімізді болсын, ішкі лыпамызды болсын темірге қарымай-ақ жуып алып, киіп жүре беретін едік. Сонда да құрттамай, аман-сау ілбіп келеміз. Сенін шешен, зады кірпияз жан. Бірдене деп жүрер. Ең ақыры, ауылдың ынтық дәмі ғой, ауыздары тұшып жесін деп апарған құрт-ірімшігінді жуып жейтінін қайтерсің. Әдірем қалғыр, өстіп топ етіп, аспаннан қос аяқтап түсе қалғандай. Шіркіндердің шіренгені де жаныма бататыны. Ауылдан-ақ шыққан бәрі. Әйтпесе, нем бар, ботам...» Аяғына еркелей оралған Саяттын: «Киімдерімді өтектеп, құрт-ірімшікті жуып, текке әуреге түспеші» дегені бар. Қазір де қалта-дорбаларын— сәлем-саукатын әзірлеуде. Өз-өзіне мырсылдаған әжесінің жанына жақындады.

— Апа, неменеге күліп отырсыз?

— Ей, ботам, әлгі сенің әкең мен шешенді айтамын да. Мына иен далада тегін жатқан тамақты ішіп-жеп, аунап-қунап екі-үш апта бой жазып жатпай ма? Бір мезгіл ақ ішіп... Бозармай. Қауын-қарбыз анау, теңкиіп-теңкиіп шіріп жатқан.

— Ой, әже, қызықсыз-ау. Аш дейсіз бе олар?! Несіне басыңды қатырасың. Өзіңді ойласаншы.

— Сенікі дұрыс, құлыным. Сөйтседағы қасықтап, қалталап тасығаннан қайбір бүйірін шығады. Жылына бір мәрте туған ауылдың ауасын жұтпаған соң, адам өзі аурушаң, әлжуаз болады. Көрмейсің бе, серейген әкеннің сүрепетін. Қанша жесе де шыр жұққан емес. Мен білсем, сол Секен-айыма Сарыесігімнің ауасы жетпейтін сияқты. Барғаннан кейін, оған айт Өктәбір (октябрь дегені) мерекесіндегі үш күндік кәнікүлде сені ертіп келіп кетсін. Жарай ма, ботам?..

— Әже, Жемісбек келді,— деді Саят әжесінің ойын басқа арнаға бұрып.— О-хо, Сәкен мен Мұратты қараңыз... Жо-о-к... бөтен бала ғой.

Люлкадан асықпай-саспай түсіп жатқан бейтаныс қалақтай ғана ақсары жұқалтаң тәмпіш мұрынды әлдекімге шырамытқан Торғын әжесі:

— Саятжан-ау, бөтен деп тұрғаның Отарбай атанның немересі емес пе? Ә... әлгі аты кім еді өзі?

— Рашитті айтасыз ба? Иә, сол. Танымай қалдым жана...

Мотоциклдің қасына жетіп барған әжесі ай-шайға кара-

май, кішкентай қонақтың бет-аузынан шөпілдетіп сүйіп жатыр:

— Айналайын, Рәшитпісін? Дәу жігіт болды деген, міне, осы. Жапанда отырған бізге сәлем беруге келген ғой. Апаң мен атаң аман-есен бе? Айтпақшы, сенің әкеңнің туған ауылы осы жер.

Қара көздері күлімдеген Рашият «білемін» дегендей басын ақырын изеп қойған. Ұяң жүзі нұрға бөленген сәбидің кеудесін керген қуанышын кейуана жүрегі аңғарып тұр. Мерейленген мейірін айрықша ажарланған бет-әлпеті анық жеткізгендей.

— Әже, ертеңгі рейске билетке жазылып қойдым, — деді Жемісбек мотоциклін шұқылап. — Балықтан кеше келгем. Ертелетіп тұрып люлкамды қатырып салып алдым.

— Е, оның дұрыс болған екен. Талдықорғанға билет бар шығар. Саятым мектебінен қалып қойып жүрмесін, әйтеуір.

— Жапарғали көкем билет үшін алаңдама. Мінгізіп жіберемін, оған саспа деді.

— Мен де киімдерін, оны-мұны тамақтарын дайындап қойдым. Құрт-май дегендей, қалаға барғанда дәметеді ғой, күндерім менін. Таңертең жүрерде ұмытқызбашы, бір-екі қауын-қарбыз ала кетсін.

Жемісбек пен Саят қосарлана:

— Әже, сіз де қызық екенсіз. Мықшындап ауылдан қалаға қауын тасып. Базарда толып тұр емес пе? — деді.

— Ауылдың көкөнісі, өз топырағымызда өскен қауынға не жеткен. — Торғын шимен қорғалай жауып, белуарынан құдықтың мүп-мүздай суына батырып қойған кострюльді көлеңкеге әкеп қойды. — Кәне, отырындар мына көрпешеге. Ыстық таба нан мен бір-екі тостаған айраннан сіміріп алыңдаршы. Шөлдеген шығарсындар. Әрі әл-ауқат. Айналайын Рәшитжан, төрге көтеріл. Әй, Саятжан, әлгі торламаңнан әкелші бері. Қонақ бала жесін. Қаланың су татыған қауынымен салыстырып көрсін. Бал татиды-ау, тіліңді үйіреді.

Тостаған-тостаған салқын айранды төбелеріне көтеріп алған олар, қанша мақтаса да екі-үш тілімнен артыққа дауаламады. Табанда «байлап» алған қозы қарындарын сипалап ығыса берген:

— Апа, нағыз шырын!

— Таза жерде өскендікі ғой, керемет тәтті екен.

— Ұшаққа өзім тиіп беремін, Серікбол көкемдерге төрт-бесеуін алып бар. Сүйсініп жесін бір.

– Иә. Соны айтам да, Жемісбекпен бірге өзім барам айыр-портқа. Екі ортаға мәтiскiл көтередi. Одан әрi сәмәлет... Қалаға дiк етiп түскеннен-ақ қиналмайсын. Тәкси дегенiң ағылып жатыр. Серiкбол көкең өзi күтiп алады. Туған ауылдың дәмi ғой, қарағым... Ауыздары тұщынып жесiн. Ауылдың жеңсiк тағамы да. Әйтпесе, аш емес қой, менiң күндерiм. Өстiп қалқып аталарыңның қара орманында отырсам, өзектерiң тала қоймас...

* * *

– Саятжан-ау, тұра ғой, күнiм. Сәмәлеттен қалып қойып жүрерсiн. Көпбiрлiкке соқпай, әлгiнде тiке тартты. Тым биiк ұшып барады екен. Балқаштан ба, жоқ әлде Саяктан оралар. Әйтiп-бүйтiп бiз жеткенше келiп қалмасын.

– Бiрiншi рейс қой. Балқашқа барып қайтады, – дедi Жемiсбек мотоциклiне әжесi дайындап қойған буыншақтарды жайғастырып жатып.

Орнынан ұшып түрегелген Саят апыл-ғұпыл жуынып, көлеңкеде жаюлы тұрған дастарқанның шетiне жүрелей тiзе бүгiп жүрек жалғаған. Әжесi жынғылдың шоғына көмген табананды сапар кеседегi жана ұйытылған айранға турап-турап соғып алды. Бiреу қуып келе жатқандай, алқын-жұлқын.

– Ботам-ау, қайда асығасын? Құйрығынды басып, былай адам құсап жөндеп iшсеншi. Қалаға жеткенше қарнын шұрқырап жүрер.

Саят жымындап күлген бетi Жемiсбектiң жанына такады.

– Әжем де қызық, осы. Жана ғана ұйықтатпай «түр-түрлады». Ендi мiне асықпа дейдi... Өзiң дайынсың ба?... Өй, мына қарбызың не, теңкитiп? Мықшындап қалай көтерем.

– Ренжидi ғой.

– Кiм?

– Кiм болушы едi. Әжем. Өзiм тиеп жiберем.

– Мейiлдерiң. Қиналсам Талдықорғанның әуежайына тастап кетемiн. Жәй әншейiн ойнап айтып жүр екен десем. Айттым емес пе, әжем бiртүрлi қызық кiсi. Өзiн де, өзгелердi де өстiп ылғи қинап жүргенi.

– Әй, Саят-ай! Бiз әжемдi түсiнбеймiз ғой, осы. Түсiнбеймiз. Әйтпесе, бүкiл бiр ауылға жететiн бақша салып, беркерден-бекерге шаршап-шалдығып әуреге түсе ме? «Ел жесiн, ел iшсiн» дейдi үнеми.

– Рас-и.

– Әжемдікі дұрыс. Жүрейік, ертерек қозғала берейік.

... Ойқы-шойқы бұлын-бұлын көне сүрлеудің неғұрлым жайлылау тиер сорабын қуалай дырылдатқан Жемісбек жол бедерлерін жатқа біледі. Ойлау жерден орғытып, сайлау тұстан сырғытып, «темір тұлпарын» бүлкілдетіп-ақ келеді. Өзіне-өзі риза. Бар өнерін, бар шеберлігін көрсетіп бағуда. Ойы-әжесін қайтсе шаршатпау. «Жол өте нашар, оның үстіне мотоциклге ауыр. Соғып тастайды, көтере алмай қиналып қаларсың. Жалғыз өзім-ақ шығарып салайын» дегеніне көнбеген. «Алтындарым менің! Әжелерінді осы күйінде аспаннан екі аяғы салбырап түсе қалды дейсіңдер ме, тегі? Ғұмыр баки көріп келе жатқанымыз шаңы бұрқыраған осы кара жол емес пе. Мәтiсiкiлiңe мiнгенде шашылып-төгiлiп қалатын апаларыңды кiм деп жүрсiңдер, ә?... Саятымды өзім шығарып саламын. Боташым жолда қиналып қалып жүрмесінші. Әлі талай келеді ғой атасының жұртына. Қайтарда, жол-жөнекей Камар мен Отарбайға соғайын реті кеп тұрғанда. Несіне бөлсінем, қайта-қайта шақырып жүргенін білесiңдер. Әр нәрсеге де орынды сылтау керек, күндерiм...»

Үйден шыққалы жақ ашпаған ол шыдамады білем, дауысын барынша көтере тіл қатты:

– Шынында жол мүлдем тозып-ақ кетіпті.

– Тозбағанда ше? Әже, өзіңіз жақсы білесіз. Ауыл тарап, ел көшіп кеткелі бұл жолмен қыбырлаған жан баласы жүрген емес. Анда-санда менің «Уралым» болмаса. Онда да жылына бір мәрте сіз келгенде ғана...

– Ендігі жерде, құлындарым, жиі келіп тұрасыңдар ғой. Екеуі қосарлана жауап берген.

– Әрине.

– Келіп тұрамыз.

Сөйткенше Жемісбектің артында жарбиып отырған Саят қолын шошайтып, алға ұмсына түсті.

– Жылан! – Ышқына естілген үрейлі үн құлағының жарғағын жарып жібере жаздады. – Көремісің. Баспа деймін. Онға бүр!

– ?..

Көзді ашып-жұмғанша дүн-дүние дөңгеленіп астан-кестені шықты. Табан астынан «мөңкіген» мотоциклдің үш донғалағы үш жаққа ұшып кеткендей, шоқалақтаған күйі жолдың жарлауыттау жиегіндегі жалғыз түп кара шенгелді сүзе-мүзе тоқтады. Дарылдап қырылдаған даусы көк түтінге қақалып барып өшкен.

Бет-аузын қан жуған Жемісбек тез ес жиып, анадайда ынырсып жатқан Саятка жанұшыра жүгірді.

– Тірімісің?! Еш жерің ауырмай ма?

– Ауырмайтын сияқты. Тек құлак шекем... Басым көтертпейді. Әжем қайда?

Жемісбек жыламсыраған Саяттың үсті-басының топырағын қаққылап, мандайынан сипады.

Түсі қашып, өңі қуқыл тартқан Саят қалт-құлт еткен бүлдіршіндей бойын өрен тіктеген. Іле-шала:

– Ойбай, бет-аузың қан жоса болыпты ғой. Сүртсеңші, — деді дірілдеп.

– Шеңгел сырып кеткен секілді. Ештеңе етпес...

Сөзінің сонын күбірге ұластырған Жемісбек ай-шайға қарамай, шонқиған донғалақты көтере-мөтерген бойы ағыл-тегіл еңіреп қоя берді.

– Әже! Әжетайым менің! Тірімісің?!

Ес-түссіз сұлқ жатқан кейуана кірпіктерін баяу қыбырлатқандай... Жоқ, әлде... Көздерін аша алмады...

Мұны көрген Саят та жапан даланы жанғырта, айғайлап жылаған:

– Әже! Әже! Енді мен не істеймін? Көкеме не айтамын? Шынымен-ақ... Бірдеңе деші...

Көкөрім балаусаға қарағанда тағдырдың тауқыметін қаршадайынан белден кешіп, ерте есейген Жемісбек өксігін баса алмастан ересектерше жұбату айтқан.

– Жылама, Саят! Әжем тірі екен. Ә-не, қарашы өзін, кірпіктерін қимылдатып жатыр.— Құмығып шыққан үні дір-дір етеді.— Тездетіп, мына ауылдағы ауруханаға жеткізейік...

* * *

– Айдың-күннің аманында неғылған авария?! Адамынан гөрі ерсілі-қарсылы ағылған мәшинесі қисапсыз қаланың іші болса, бір жөн. Ойпырмай десеңші. Құла дүз, қу медиен айдалада ө!.. Ішімайдың тұсында аударылған дей ме, әлгі мәтисікілі құрғыр. Теңіз жағасында бауланбаған азын-аулақ құрағым бар еді, соны ертеңгілік салқынмен реттей салсам ба дегенім да. Күйбең-күйбең бұ тірліктің түбіне кім жеткен? Сонда не дейді дәрігерлер? Тілге келіп пе өзі?..

Отарбай ақсақал көшені басына көтеріп самбыр-самбыр сөйлеп келеді. Өзі ат үстінде. Ауылдың шетінен күтіп алған

Камар кемпір балалардан естіп-білгенін шама-шарқынша жеткізіп бәйек. Аттың аршынды адымына ілесе алмай, ырсылдап келеді. Оны елер Отарбай шал ма? Айналдырып кеп жаңа ғана сұрағанын қайтадан тәптіштеп сұрай берген. «Е, е... мен қайдан білейін о жағын. Қасында тұрды дейсін бе?..»

Аурухананың ауласына тақағанда-ақ жүректері әлденеден секем алғандай. Үнсіз түсіне қойған олар бір-біріне одырая қарасқан. Жиналғандардың кара-кұрасы көбейіпті. Бәрінің де жүздері жабырқау, мойындары салбырап кеткен еді...

— Қарактарым-ау, бәріннің де өндерің өрт сөндіргендей. Жайшылық па?

Атының тізгінін шеткеріректеу тұрған балаға ұстата салған Отарбай қартқа сүлесок сәлем берген дәрігер жігіт ба-тылдык жасаған.

— Ақсақал, Торғын апайымызды төтеннен келген ажалдан арашалай алмадық. Қатты сокқыдан жұлыны үзіліп кетіпті. Тілге келмеді... Ендігі шаруаны өзіңіз... Не істесек? Қай жерге?..

— Құдай Торғынның тілеуін берген екен. Нұры пейіште шалқысын, — деп Отарбай ақсақал қос алақанымен бетін сипады. — Не істейтіні бар. Бөгелмей, жан-жақтағы балалары мен туыстарына хабар жөнелтіп, ділгірәм салғызайық. Шалының жанына, өз атақонысына жерлейміз. Сүйегін сол ескі жұрттағы өз үйінен шығарған жөн. Қонағасы мен жетісін де кара шанырағынан берейік, ептеп-септеп. Ел емеспіз бе? Көн-і-і, балаларым, текке езіліп жылай бермендер. Қалада серейіп қалса қайтер едіңдер, ә?! Туған топырағы, өскен-өнген жұрты...

... Отарбай ақсақалдың ойын құп көрген ағайындар Торғын шешейдің сүйегін ескі жұрттағы жалғыз үйден арулап шығарып, қалың шеңгел мен мия басып кеткен көне қорымдағы шалының қасына жерледі.

Үлкендер жағы: «Арманы жоқ, ақ өлім. Балаларының алдында» деп шүкірлік етсе, балалары мен кішкентай немерелері өкінішті өксіктерін баса алмай егілген...

Терістіктен тұрған мұздай жел ызғарлы күзден хабар жеткізгендей. Кешелі-бері ескі жұрттың шаңын көкке көтеріп, бөлекше мінез көрсетуде. Күн жүзін тұмшалаған түсі суық қорғасын бұлттар октын-октын көз жасын сығып алғанымен, кара дауыл екпінін басар емес. Камыс біткенді, қурай біткенді ызылдатып, гөй-гөйге бастырған өңменнен өтер жылаңқы жел өршелене соғады.

– Құдайдың желі де жылап тұрғанын сезесіңдер ме, қарақтарым. – Отарбай ақсақал шүнірек жанарын төңірегіне тесіле жүгірткен. – Жыл сайын жаз шыға, құстармен бірге елпілдеп жететін шешелеріңді жоқтайтын сияқты ма? Қалай өзі?

– Иә, ата, рас айтасыз. Менің әжемді бұлттар жылап, жел жоктап жатыр.

Саят жас парлаған жанарларын байқатқысы келмей, теріс айнала берді.

Шөміп құран оқып отырған орнынан қалтырап, буын-буынын сықырлата көтерілген емендей кара шал:

– Ескі жұрттың жалғыз тұрғыны жарықтық Торғын да туған жердің бір төмпешігіне айналды, қарақтарым. Жатқан жері жарық болғай! Нағыз жетім жұрт деп енді атаса керек. Заман-ай десеңші! Кімге опа болған едің?..

Көкірегін жалын қарығандай ол ауыр күрсінді.

Өксік жел ішін тартып одан бетер ызылдайды...



ҚОШ БОЛ, ТЕҢІЗ...

Бірінші тарау

• Пролог орнындағы эпилог • Жағырапия-ағайдың сабағында • Мәлік салған триптих • Ақсымбат неге жылады?

Журналдың жаңа санын парактап отырған Жағыпардың даусы жерден жеті қоян тауып алғандай шықты.

– Мынау біздің Балқаш кой!

Окыс үнге елеңдескен балалар бірін-бірі итере-митере алдыңғы партаны қоршап, бал арасындай үймелеп алды.

– Кә-н-е-е... Қайсы?

– Шынымен Балқаш па?

– Ой, мынауың қолдан салынған сурет кой...

Журналдағы суретке Жағыпардың көк желкесінен тесіле қараған тарамыс Тілеулестің бет-аузы қисайып, тарғыл даусы барылдап шықты:

– Көгілдір айдынның, көк теңіздің суретін көрсең болды, «біздің Балқаш» деп өрекіп шыға келеді екенсің осы, – деді ол жұтқыншағын бүлкілдете. – Жер бетінде не көп? Әрине, су көп... Қайсы, әлгі теңізің? Біз де көрейік те.

Тілеулестің қокиланған қылығын жақтырмаған Жағыпар журналды жауып, партаның астына сүңгітіп жіберді.

– Үлкен үзілісте көресіңдер. Барындар...

– Өй, немене, журналыңды аяйсың ба?

– Қоңырау соғылғалы қашан! Кейін көрсетем. Өне...

Әдетінше шымшып, тәжікелесіп тұра берер ме еді, Тілеулес сықырлап ашылған есіктен қалтылдап шалынған жез таяқты байқап, өз орнына шегінген.

Дүр етіп көтерілген класс шулап қоя берді:

– Жағырапия-ағайдың сабағы жоқ еді ғой.

Жез таяқ қалтылдап есік көзінде ұзақ тұрды. Арасына кісі бойы жез таяқ қыстырылған класс журналының шеті әлсін-әлсін көрініп қалғаны болмаса, Тәжібай ағай табалдырық аттар емес. Бейтаныс бөгеуші күлкіге кенелтуде. Ашық-жарқын әңгіме ағайдың ерекше көңілді екенін аңғартқандай. Соны байқаған балалар да өзара сыбыр-күбірге көшкен.

– Химия-тәтей ауырып қалған-ау!

– Бағана үзілісте жүрген.

– Географиядан қай тақырыпты өтіп едік, осы?!

– Әй, ағайдың әскердегі ұлы келіпті кеше. Естідіңдер ме?

– Алақай, онда ағай бүгін «бесін» аямайды десеңші...

Осы кезде Тәжібай ағай ішке сөйлей кірді.

– Білем, білем... Сендер мені күткен жоқсындар. Нұрсәғиева сырқаттанып калыпты, ол кісінің сабағы ертеңгі Географияның орнына өтеді. Дайындалып келіндер. Ағай ескертпеді демейсіңдер.

– Әлгінде ғана сап-сау жүр еді ғой Химия-тәтей. Мен бағана көргенмін, – деді Тілеулес өзгелерден ерекшелене түскісі келіп.

Мұғалімнен бұрын оған тойтарыс берген соңғы партада отырған Шешенхан болды:

– Әй, Тарамыс, тіл-жағына сүйенбей, жайыңа отыр-саншы.

Сол-ақ екен, Меңдіғалы мен Серік те жалы күжірейіп, жарыса бүйірден шабуылға қосылған.

– Қашанғы сен, осы құйысқанға қыстырыласың?

– Тілі қышып барады да, әйтпесе тыныш отырмай ма?

Бірін-бірі коштаған келеке күлкілер Жағырапия-ағайды да еріксіз мырс еткізді:

– Міне, Ақпаев, – деді ол, – орынсыз жағаласамын деп қанша сөзге ілік болдың. Жәнілтектік пен ұшқалақтық – жаман әдет. Ондайдан бойды аулақ ұстандар деумен келеміз емес пе. Көрдің бе, жаңағы қылығың достарына да оғаш шалынған.

Зілсіз кеңес мұқым класс ішін ілкі сәтте айрандай ұйытып жіберді. Жайшылықта жер-жебіріне жетіп, сілкіп-сілкіп шаңдарын қағып алатын ағайдың бүгінгі мына мінезіне балалардың бәрі қайран. Өз кінәсін түсінді ме, кім білсін? Әр нәрсеге қисая қалатын қикар Тарамыс та ләм-мим ауыз ашпаған күйі іштей тынды. Әйтеуір Шешенхан-шіреннен қарымта қайтаруды ойлап, шақшадай басын зыңылдатып отырғаны анық. Өйткені Жағыпардың оны «бақай кулықтын хас шебері» атауы тегіннен емес.

Ойламаған тұстан қанжығасына бір ұпай бөктерген Шешенхан жіпсік көздерін сығырайтып, бүркіті түлкі алғандай жымың-жымың қағады.

– Кәне, балалар, уақытты босқа өткізбей жаңа сабағымызға кіріселік, – деп Тәжібай ағай ендігі талайдың «асқабағын» бір-бір шертіп шығатын жез таяғын қолына алды. –

Ақпаев, сен анау тұрған еліміздің физикалық картасын тақтаға іліп жібер.

Тілеулес тез кимылдап, мұғалімнің айтқанын тапжылтпай орындаған. Басқан ізін қалт жібермей, шықылықтап қалар «қарсыластары» бұл жолы үндемеді. Аяғын алшаң басқан бойы ол орнына келіп жайғасты. Көңілі хош. Тіпті қолын қалай көтергенін де аңғармай қалды.

– Тілеулес, немене? Жайшылық па?

Әншейінде оқушылардың аты-жөнін тек фамилиясымен ғана атайтын мұғалімнің жылы қабағы лезде қанаттандырып жібергендей. Шешінген судан тайынбас, бөгелмеді.

– Үйге берген тапсырманы айтайыншы. Әлі бағам жоқ, – деді маңғаздана.

Бұрын-соңды мұндай белсенділік байката қоймайтын Тілеулестің мына қылығына өзгелер еріксіз елең еткен. Бөрінен бұрын жанындағы парталасы Гүлсім шыр-пыр. Аяқ астынан білгішсінгеніне жыны ұстады. Өз-өзіне іштей күбірлеген. «Көзсіз көбелекше мұнысы несі? Есі дұрыс па өзінің?! Жана ғана үйге берілген тақырыпты білмей әркімнен бір сұрап тыпыршып отыр емес пе еді».

Тәжібай ағай шәкіртіне риза кейіппен назар аударды:

– Мәледес, Ақпаев! Сабакқа осылайша үнемі дайындалып жүрсенші. Баға үшін емес, әрине. Қазір жаңа тақырыпты түсіндіріп болған соң, сенен бірінші сұраймын. Отыра ғой...

Сөйтті де ол еліміздің өзен-көлдері мен теңіздері туралы жалпы шолуға көшті. Жез таяғын картаның бетіне жүгірте ұлан-ғайыр жер дүниенің төрт бұрышын түгел шарлап кете барды. Батыстағы жаһұт жағалаулы Балтықтан бастап, Шығыста шалқыған Охот теңізіне дейінгі аралықтағы көк айдындарды сүзіп шықты. Дір-дір еткен жез таяқта дамыл жоқ. Күнгедей ақсенгір Памир тауларының бастау алатын әлемдегі ағыны күшті Вахш өзеніне қармақ салғандай бір батып, бір шығады. Одан теріскейдегі көбесі сөгіліп көрмеген Мұзды мұхитқа барып бір-ақ тірелді. Жол-жөнекей небір үлкенді-кішілі телегей теңіздерді моншақтай тізіп барып, өзер тоқтады.

Заңғарадай бөлме ішін сілтідей тұнған тыныштық билеген. Картадан жанар аудармаған оқушылар жез таяқ қайда қозғалса, солай қарай көз қиықтарын қоса бұрып, үн-түнсіз қатып қалған. Ұйып тындағандар ұғып та отыр. Тек екі шоқып, бір қарап отырған Тілеулес ғана. Ол Географиядан бас көтерер емес. Қанша зейін қойғанымен елегізген ойы

құрғыр әр сакқа алып каша береді. «Шешенхан-шірен тура біліп айтқан-ау. «Жағырапия-ағай» деуі қандай орынды. Кез келген мұғалімге дәл осындай ат қоя алмайсың. Шешенхан-шірен тапқыш-ак. Үнемі сопиып, көгеріп жүретін Мендіғалыны «аршылған кияр» деген де сол. Ал маған такканы — Тарамыс. Бұл «атақтан» ешқашан қашып құтылмасымды ішім сезеді-ай...

Жағырапия-ағайдың бұл жиһанда білмейтіні аз. Өмірден көргені көп, түйгені мол. Жетімдік пен жокшылық, ауыртпалық пен азап... Айтып отырса, көрмегені жок. Оның басынан өткендерді тебіренбей, толқымай тындай алмайсың. Сонау каралы қырық бірінші жылдың жазында каршадайынан кан майданға аттанған ол туған жеріне женістен сон бір-ак оралады. Өлім мен өмір беттескен майдан оқиғаларын, неге екені белгісіз, өте сирек қозғайды. Оның да сырын өзі айтқан. «Беріш болып катқан жүректегі жараның аузын тырнап қайтемін. Отты жылдарды еске түсірсем, кеудемдегі снаряд жарықшағына жан біткендей, жүрегім қатты сыздайды» деген еді бірде. Балалар оның екі Қызыл Жұлдыз ордені мен бірнеше медальдарын жыл бойына бір рет 9 мамыр — Женіс күні ғана көреді-ау. Мектептің бар баласының жанары ол кісінің омырауындағы орден-медальдарға кадалатын. «Шіркін-ай, өзін қолға ұстап, алақанға салып сипап көрсе деп, қиялдайтындар да болатын. Тәжібай ағай бір-екі медалін қысы-жазы омырауынан ағытпайтын анау Шіреннің көкесі мен Аршылған-киярдың әкелеріндей емес. Айтпақшы, Берлинге дейін барған да біздің Сарыесік өңірінен жалғыз осы Тәжібай ағай екен. «Рейхстаг» қабырғасында оның да қолтанбасы бар» дегенді өзгелерден де еститінбіз. Сол кісінің мақтануды білмейтін ғажайып қасиетін жете ұғып жүрміз бе? Әй, қайдам?! Мақсатың да, талабың да айқын. Қайткенде де біздің ұядан білімді де үлкен азамат боп ұшуымызды ойлап мазаланасың-ау. Мына Шешенхан, Серік, Мендіғалы тәрізді пақырларын қайдан сезсін. Білетіндері — қылжақпен ұпай түгендеу. Олардан ит көйлекті бұрын тоздырған менің де онып тұрғаным шамалы.

Қазір де Тәжібай ағай сабақты әдетінше жан-тәнімен түсіндіріп бәйек. Басқалар секілді жазғанына үңіліп, яки кітапқа қарап жалтақтамайды. Кейбір айтқандарын кітаптан да іздеп таппайсың. Аузынан тастамайтын қағидасы: «Өз беттеріңше жетім қозыдай түртінектеп, талмай ізденіп, оқып-үйреніндер!» Әр сабағы түсінікті әрі қызықты».

– Шіркін, мұғалімнің бәрі Жағырапия-ағайдай болса! Миың қалай істер еді...

Тілеулестің күнк еткен мына сөзі класс ішін қыран-топан күлкіге бөледі.

– Ақпаев, не бүлдірдің? Кәне! – деді ағай сөзін бөлгенін жақтырмай.

– Кешірерсіз, ағай, байқамай даусым қаттырақ шығып кеткені! – деді Тілеулес желкесін қасып. – Шынымды айтсам, ұрыспайсыз ба?

– Шынын айтқан оқушыға ұрсуға болмайды.

– Ендеше, мен шынымды айтамын.

– Айтсаңшы тездетіп ойындағыны, сағызша созбай.

– Сіз осы кітапта жоқ жер-су аттарын қайдан білесіз? Мүмкін, сіздің айтқандарыңыз өтірік шығар?..

Мынадай жауапты күтпеген бүкіл класс аңырып қалған. Шешенхан шыдамады білем:

– Ей, Тарамыс, не мінгірлеп тұрсын? – деді орнынан түрегеліп.

Ашуланудың орнына Тәжібай ағай жайрандай езу тартты. Жымың қаққан қалпы:

– Ай, Ақпаев, «өтірікті» жаныңнан шығарып, шынға айналдыру үшін оқу керек. Әрине, оқулықпен шектеліп қалмай, шамаларың жеткенше өз беттеріңше ерінбей іздену қажет. Бүгінде не көп? Газет-журнал көп. Кітап жеткілікті. Әр жайдан хабардар болу – сендерге тән қасиет болуы керек. Жетінші сыныптың оқушысы бала емес, әрине. Біле білсендер, бастауыш сыныптық біліммен кезінде ел басқарған. Соғыс кезінде сендер секілді балалар еліне пана, жеріне қорған болған... Тағдыр соқпақтары бізді қайда апармады? Әлгінде әңгіме тиегі еткен ірілі-ұсақты өзен-көлдердің көбін көзімізбен көрдік. Сендердің болашақтарың бүгінгіден де жарқын. Өмір тезі өзі-ақ шыңдайды. Менің де сендерге айтып жүргенім осы өмірден көргенім мен түйгенім ғой...

– Ағай, сұрақ қоюға бола ма?

Бұл кластағы үш еркенің бірі Ақсымбат еді. Жібек мінезді биязы бала. Тал бойындағы жалғыз міні – бойы құрықтай. Сондықтан да соңғы партада Шешенхан-шіренмен «жарасып» отырғаны. Оны балалар «Қоқиқаз, тактадағы жазуды көрсетпейсің» деп, алдыңғы партаға жолатпайды. Бірақ өзі сабаққа тастай: үздік! Мектеп баскетбол командасының мүшесі. Аудандық жарысқа қатынасып, қатар құрбыларынан бұрын Үштөбені көрген де осы Ақсымбат. Шалғай түкпірдегі аядай

балықшы ауылының балалары үшін Үштөбе тәрізді қаланы көру — арман! Ол аз десеніз, озат оқушылар сапында Алматыға барған да осы Ақсымбат.

— Шолу тақырыбымызды осымен тәмамдалық. Туған республикамыздың өзен-көлдері хақында арнайы тоқталамыз. Ал, Ақсымбат, сауалыңды айта ғой, — деді мұғалім соңғы парта жаққа көз қиығын тастай.

— Сіз Вахшты да көрдіңіз бе? Ондағы Нүрек ГЭС-і көптеген су-электр стансаларынан үлкен дейді. Сол рас па?

— Дұ-ры-с-с. Әлемдегі ұлы өзендер қатарындағы Еділдің кей тұсында арғы жағалауына көзің жетпейді. Волганы қазақтар Еділ деп атайтынын білетін шығарсындар. — Тәжібай ағай класты мақұлдатып алып, жауабын әріден өрбітті. — Сол алып Еділдің бастау қайнарын көрсең, еріксіз таңдай қағасың. Жыныс тоғай арасындағы үй орнындай ғана алаңқайдан бұркылдап атқылап жатыр. Бертін жылдары Ақ Еділ бойына теплоходпен саяхат жасағанда тұңғыш тамашаладым. Соғыс кезінде Еуропаның ірі өзені Днепрге сан мәрте түсуге тура келді. Фашистердің оғы бұршақша борап тұрғанда камыстан түтік жасап, «кыл көпірден» арғы бетке су астымен жүзіп шықтық емес пе?! Жауды қанды ордасына тыққан біздің жауынгерлер Берлинге тақағанда Одер өзенінен қырық бестің суық көктемінде кешіп өттік. Денемізді қарыған мұздай судың кеудемізді керген қуаныш табын салқындата алмағаны анық.

Майданнан оралған бетте шалқайып жатып алмай, тікелей еңбекке араластым. Екі-үш жыл балықшы болдым. Ұлан жаз толқын жалында тербелген тесік кара қайықтың үстінде күн өткізсек, ақ қырау сақылдаған сары аязда мұз астынан сүзекі тарттық. Көзімізді тырнап ашқаннан көргеніміз Балқаш болғандықтан ба екен, тулаған толқын төріне шыққанды ұнатамын. Жазғы каникулдың алғашқы айын үнемі балықшылар ортасында өткізетінім де өздеріне мәлім.

Иә, Тәжібай ағайдың өмірбаяны анау-мынау кітапқа бергісіз. Тыңдай беруден жалықсаңшы. Шәкірттер зейінін өзіне аударған ол тағы бір тосын әңгімені бастап кетті.

— Балалар, менің өмірімде өшпестей із қалдырған жан мына Меңдіғалының атасы. Марқұм Жұмабай ақсақал ғажап қамқор кісі еді. Әсіресе маған жасаған көмегі мен жақсылығын ешқашан ұмытпаспын. «Қарағым, артында қарайлар ешкімің жоқ, қос қолың тілім-тілім боп бүйтіп жүргенше, толып жатқан шаһарлардың кез келгеніне барып оқысаңшы. Ата кәсібіміз— балықшылықты бізге-ақ таста. Ел ішінде қал-

киып жүрсек қол ұшын береміз. Қорықпа. Әке-шешенді білеміз. Соғыстан қайтпай қалған Кәрімжаныммен түйдей құрдасың. Әкелік ақылым да, кеңесім де осы. Бізге сенің оқығаның керек. Сөйт... құлақ асқын сөзіме, карағым... Толқын шайған жағалауда кезекті теңіз сапарынан қалжырап қайтқан екеуіміздің құшағымыз айқаса кетті. Қарт жүрек бауыр етін ансап езілсе, ал әке мейірімін мүлдем жоғалтқан мен бейбақ өксігімді баса алсамшы...

«Тәуекел түбі — жел қайық», сол жаз Алматыдан бір-ақ шықтым. Кідірмей ҚазГУ-дің география факультетіне ілініп, «шалдау студент» болдым. Соны айтып Жүмекеңе хат жаздым. Ол кісі туған әкемдей қолғабысын аяған жоқ. Оқу бітіргенімше елдің сәлем-сауқатын салып, мерекелерге деп тиын-тебенін де жіберіп тұрды. Біз өстіп оқу оқыдық... Осылайша адам қатарына қосылдық... Жұмабай ақсақал сияқты жақсы жандардың алдындағы борышымыз шаш-етектен... Оқуды бітірген бойда туған жеріме — Балқашыма тарттым. Содан бері өздерің секілді балғындардың думанды ортасындамын. Дүниедегі ұшқыр — уақыт-ау! Отыз жыл! Осыншама күз бен қыс, осыншама көктем мен жаз. Зер салсақ, бедерсіз де емес екен. Кейінде қалған іздердің соқпаққа жалғасып, одан үлкен сүрлеуге ұласуы көңілге әрдайым қуаныш үйіреді. «Өмір дегеніміз жол!» Ежелгі грек данышпанының осынау орамында ғажайып мән бар. Забайкальеде әскери қызметін атқарып жатқан ұлыма барғанымда әлемдегі ең терең көл— Байқалға әдейі бөгелдім. Табиғаттың сұлу саясында хрустальдай жарқыраған айна көлдің мөлдірлігі сондай, ондаған метр тереңдікте жүзген балықтар айқын көрінеді. Қайсыбірін айтарсың, балалар. Ойды ой алып қашып, әр жайдың басын бір шалып көп сөйлеп кеткен секілдімін...

Тәжібай ағайдың ыңғайын мақамынан аңғарған Мендіғалы еркінсі қолқа салды. Оның өтінішін өзгелер де қоштай жөнелген жапа-тармағай:

— Қоңырауға әлі уақыт бар.

— Ағай, әңгімеңіз қызық екен. Тіпті жана жылап жібере жаздадым.

— Ағай, Вахш туралы айтпадыңыз ғой.

Тұс-тұстан жанбырдай жауған сұрақтар Тәжібай ағайды толқытып жібергендей. Іле ол:

— Ақсымбаттың әлгіндегі сұрағына жауап берейін білгенімше, — деді сағатына қарап. — Бес жүз шақырымға созылған Вахш өте тентек тау өзені. Памирдің ағыны қатты осы тентек

еркесін ешкім ауыздыктай алмаған. Жол-жөнекей кесе-көлденендеп шыға келген тау-тастың өзін алмастай тіліп, тек ілгері ұмтылатын өзеннің асау аңғарын табиғаттын тылсым күші де бөгей алмады. Жер сілкінісінен пайда болған тас тосқауылды бүрк-сарк қайнаған күйі жуып-шайып, я болмаса ұрымтал тұсынан оп-онай тесіп ілгері зымырайды. Су мамандарын қызықтырған да Вахштын осынау мінезі еді. Олар сан ғасыр жалына қол тигізбеген өзенді халық игілігіне жаратуды ойластырды.

Адам ойынан күдіретті ештеңе жоқ-ау! Кешегі бұлдыр қиял шындыққа айналды. Ағысынын күштілігі жағынан Вахш ұлы өзендердің бірі — Еділден әлденеше есе асып түседі. Міне, сол долы өзенге бұғалық түскелі қашан. Вахшта бой көтерген су-электр станциясының атақ-даңқы қазір бүкіл әлемге әйгілі. Тәжікстанның энергетика жүрегі — Нүректе мектеп оқушыларын Орта Азияға бастап барған саяхат-сапарда болдым. Биіктігі Эйфель мұнарасымен пара-пар, аумағы елу алты миллион шаршы метр, оны бейнелеп айтсақ, қырық Хеопс пирамидасына тең келетін көлемді алып жатқан Нүрек ГЭС-інің плотинасын космонавтарымыз ғарыштан ап-анық көреді екен. Шындығында, мұндай ғаламат плотина күні бүгінге дейін ешқандай жерде, ешқандай елде салынған емес. Электр стансасы құрылысы барысында жасалған туннельдердің жалпы ұзындығы қырық километрге жуық! Сондықтан да болса керек, нүректіктер әзіл-шыны аралас:

— Біздің жер асты шаруашылығымыз Мәскеудің метросынан кейінгі екінші орынды иеленеді, — дейді.

— Ой, қандай керемет!

— Өзен деп, міне, осыны айт.

Аса риза болған Аксымбат тандай қағып, таңырқасқан балаларға қалай қосылып кеткенін білмей де қалды:

— Неткен күшті өзен?!

— Жарайды, балалар! Осымен сабақты доғаралық, — деді мұғалім ағай үстел үстін жинастырып. — Ал, Акпаев, сен келесі жолы дайындалып кел... Міндетті түрде сұраймын...

Әр бүктеуі желімдей-желімдей әбден ақжемі шыққан көлдей ескі картаны жинап, әсте қолынан тастамайтын жез таяғын қаптауына қыстырған күйі ілгері жылжыған Тәжібай ағай табалдырыққа жетер-жетпестен кері шегінген:

— Тарс есімнен шығып кеткенін қарашы! Алып келген жаналығымды әуелде-ақ көрсетейін деген едім, — деп қобыраған қағаздарын аударып-төңкеріп қарай бастады. Артынша

іздегенін тапқанына балаша қуанған. — Е, е... бәсе, ұмытпасам керек. Мұнда екен, балалар журналының соңғы нөмірі...

Журналды жазбай таныған Мендіғалы:

— Мынау сенің журналың ғой, — деді Жағыпарға қарап.

— Иә, тап соның өзі, — деді Шешенхан да оны қостай.— Ағай, әлгінде Жағыпардың қолынан көргенбіз. Қандай материал жарияланыпты?

— Шынымен-ақ оқымадыңдар ма?

Жөпелдемеде ешкім ауыз аша қоймады. Таңырқаған Тәжібай ағай журналды тез-тез парактап, сауалды жүзін бүкіл класқа қайталап аударды.

— Балалар, бұл журналда қызық материал бар екен. Журналды өздерін көрсендер де, байқамағаныңдар, ә?! Мына тұста былай деп жазылған. «Менің Отаным» атты балалар салған суреттердің конкурсына еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген өрендер қатысты. Жюри мүшелері балғын қылқалам шеберлері жолдаған жүзге жуық туындыны жан-жақты екшеп, сараптай келіп, ең таңдаулы суреттерге халықаралық көрмеге қатысуға жолдама беруді ұйғарды. Ал, бұл жолғы байқаудың жеңімпазы ретінде Қазақстанның Үштөбе қаласының жетінші класс оқушысы Мәлік Оспановқа «Балқаш толқындары» триптихы үшін бірінші сыйлық берілді. Жеңімпазға конкурстың бірінші дәрежелі Дипломы мен арнаулы жүлде қоса тапсырылады...»

— Пәлесін-ай, өзінің!

— Мынау, сонда біздің Балқаш па?

— Немене, танымай тұрсың ба?

— Жерлесіміз екен, құттықтап хат жазсақ қайтеді? — Әсершіл қос құрбы Гүлсім мен Ақсымбат бірін-бірі қоштап жатыр.

— Білмейсіңдер ме, ауданнан келген өзі? Былтыр жазғы каникулда бізбен бірге Жыңғылдықайырда екі ай балық аулаған... Сондағы салған суреттері көп. Нанбасандар, ағайдан сұрандар, — деген Тілеулес суретке үніле түсіп.

— Иә, иә... Суретші баланың біздің ауылда жүргенін мен де көргенмін... Басында сомбреросы бар. — Сызылып шыққан Гүлсімнің даусы Тілеулестің китығына тиген.

— Мүмкін, сенің өзінді суретке салған шығар... Былай, бүйтіп... О несі-и... Бірге балық аулаған мен білмегенде, кім біледі? Ол менің досым...

— Кәне, балалар... Бермен каранда. Жалпы жүлдегерлердің ұзын саны — он бес. Барлығының аты-жөнін оқымай-

ак қояйын, өздерің танысарсыңдар. Жанағы Тілеулестің айтқаны дұрыс. Мәлік өткен жазда біздің колхоздың балықшыларымен бірге еңбек етті. Байқаймын, көбін білмейтін тәріздісің. Ол — ауданымыздың басшысы Әбікен Оспановтың ұлы. Өзі өжет те өнерлі бала секілді. Шешенхан, Серік, Тілеулестермен бірге балық өткізіп жүргенін әлденеше рет көргенмін. Бірде қайық үстінде этюднигін ашып қойып, сурет салып отыр екен. Сондағы суреттерінің нобайы мына суреттерге қатты ұқсайды.

Тәжібай ағай журналды парақтап, мұқабаның үшінші бетіндегі түрлі түсті бояумен салынған суреттерді жағалай көрсете бастады.

— Мәліктің триптиғы, міне, жоғарыдағысы.

Балалар журналды қолдан-қолға тигізбей тамашалай жөнелді.

— Ағай, триптих деген не? — деді бір кезде журналға таласқан Гүлсім.

— Ой, соны да білмейсің бе? — деді Тілеулес танауын көтере сөйлеп. — Мен Мәлікпен бірге балық ауладым ғой...

— Мақтаншағым-ай, білсен айтпайсың ба?

— Айтсам, былай. — Тілеулес сұқ саусағын маңдайына тіреп ойланған кейіп танытқан. — Өзара сабақтас әрі үндес үш тақырыптан тұратын кез келген шығармашылық туынды «триптих» деп аталады. Солай емес пе, ағай.

Тілеулестің жауабына сүйсінген мұғалім:

— Өте дұрыс, — деп журналды қолына алды. — Мәселен. Мәліктің мына «Балқаш толқындарына» зер салайықшы. Ортақ тақырыптың аясында берілген «Толқында туғандар», «Балықшы карт» және «Дауыл» суреттері бір-бірімен әдемі сабақтасып, мазмұнын ашып тұр. Көк бояумен бейнеленген шексіз балықшы кемелері мен қамысты қолтықтағы қайықтар... Бәрі-бәрі өзімізге таныс көріністер. Ау торыған балықшылардың тұлғаларына қараңдаршы. Жас суретші олардың бейнелерін әр қырынан кескіндеуге ұмтылған. Сәтті шешім деуге болады.

— Шындығында, қандай әсем біздің Балқаш! — деді Ақсымбат таңдай қағып.

Ғажайып теңіз көріністері көз жауын аларлық-ақ. Астан-кестені шыға буырқанған теңіз мінезін кара көкшіл бояудың басымдығы айқын аңғартады. Көз ұшында толқын жалында шайқалған жалғыз кеме бұлдырайды... «Балықшы карт» туындысы — триптихтың түпқазығы. Алдыңғы көріністе ба-

лықшы дидары ерекше көрсетілген. Бүкіл ғұмырын толқында өткізген жанның әжiмдi жүзi, көгiлдiр көкжиекке қадалған ойлы көзi көп сыр ұқтырғандай. Бауырымен су сызған шағалалар шаңқылы да құлақ түбiнде жаңғырғандай. Ашық көк бояумен жазылған бұл суретте еңбек адамының бақытқа, қуанышқа толы сәтi бейнеленген.

— Ағай, iргедегi Балқаштың өзiндiк бояуын, таңғажайып келбетiн ендi барып ажыратқандаймыз. Әлгiнде суреттi көргенде, «Бiздiң Балқаш» дегеннен басқа аузымызға сөз түссейшi. Әйтпесе, қылқалам иесiнiң әр картинасы кесек шығарма екен-ау, — деген Жағыпар суретке қайтадан үнiле түстi. Жан-жағына жаутаңдай қараған оның үнi бұл жолы дiрiлдей шыққан. — Мына суреттегi балықшы былтыр дауылда қаза болған Мақан атай емес пе!

Балалар жамырай журналға қайта жабысты. Суретке кезек-кезек қарағыштаған олар бiрiн-бiрi тындар емес.

— Қайсысы?

— Берi қарай көрсетшi деймiн.

— Ой, ғажап! Ұқсайды.

— Жағыпар дұрыс айтады. Аумаған Ақсымбаттың көкесi... айна-қатесiз.

— Бағанадан неғып байқамағанбыз?..

Осы мезетте Гүлсiм екiленiп, емiнiп тұрған Серiктiң иығынан қақты. Алақандай суретке тесiле түскен Ақсымбат тапжылмай сiлейiп қарап қалыпты. Өнi қуарып кеткен. Бiр кезде көзiне жас моншақтары тығылған ол өзiн-өзi ұстай алмай, еңiреп жылап жiбердi:

— А-та!.. Көкетайым менiң!

Балалар капелiмде не iстерiн бiлмей, аңырайып қалған. Ақсымбаттың өксiгiн басқан Тәжiбай ағайдың даусы да жарықшақтанып шықты:

— Жылама, Ақсымбат, сен кiшкентай емессiң! — дедi оның маңдайынан сипап. — Сенiң атанның жарқын бейнесi суретке түстi. Ендi оны ешкiм өшiре алмайды. Бұл — өнердiң күдiретi! Өздерiң Мақан аталарыңды жазбай таныдыңдар ғой. Сен өксiгiңдi бас та, мына журналды әжеңе апар. Шалын көрiп ол кiсi де қуанып қалсын. Солай емес пе, балалар.

— Дұрыс айтасыз, ағай. Сөйтейiк...

Әншейiнде қырық бес минутты өткiзе алмай тағатсызданатын оқушылар қоңыраудың «тез» соғылғанына өкiнгендей, орындарынан әрең қозғалды. Терезеден себезгiлей төгiлген шуақты сәуле Тәжiбай ағайдың мөлдiр мейiрiндей бөлме iшiн

айрықша нұрға бөлеп тұрғандай. Жетіншісыныптықтар үзіліске шықпай, «төтенше басқосу» жасады.

Бүкіл сынып бір ауыздан мынадай шешімге келісті:

Бірінші, бұдан былай мұғалімдерін «Жағырапия-ағай» деп атамауға;

Екінші, жетінші сынып оқушылары атынан «Балқаш толқындары» триптиғының авторы Мәлік Оспановқа жедел хат жазуға.

Екінші тарау

• *Құм қойнауына жетелеген жол* • *Сапарлас-серік— алматылық журналист* • *Мәлік түсінде Нгуен Туанды көрді* • *Көгілдір теңіз құшағын айқара ашқан*

Маусымның шілдеге ұласар шағы. Кіші бесінде жолға шыққан «ГАЗ-69» әуелдегі әуенінен жаңылғандай, аш арыстанша ыңыранып келеді. Асфальт қаладан қозықөш жер ұзамастан қол бұлғаған. Құм қойнауына құлаған көне сүрлеу мың бұралып ілгері жетелейді. Әбден арша-арша боп қазылып кеткен ойқы-шойқы жол табанының тізеге таяу борпылдағы әлі беті қайта қоймаған аптапка қосылып, тынысты одан бетер тарылтқан. Қалың тозанды іліп әкететін үп етер самал лекісейші. Тымырсық. Жеңіл машина екі жағына алма-кезек шайқалғанда, саңылау біткеннен ішке лап қояр қою шан көз аштырар емес. Енді сейіле бергенде кезекті лек кайталанады. Жаңбыр ансаған дала төсі ақтаңдақ соры шығып, тілім-тілім жарылып кеткен. Мезгілсіз сарғайған қыр суреті де сүреңсіздеу. Қаулаған соран, қаптаған баялыш пен ак теріскен. Құмның тырбиған қызыл жыңғылы мен қоңыраулы «сылдырмақ» таққан қара шеңгелі жолдың біресе о жағына, біресе бұ жағына ауысады. Бойларын көтере алмай бұйрат-бұйраттың бауырын тасалаған бөкене сексеуілдер... Әлсін-әлсін ұшырасып қалар шок-шок шашақты ши мен күрдек басмия ғана шағыл құмға өзінше рең бергендей. Ши түбінен үркіп көтерілген жалғыз-жарым торғай жол кес-кестейді. Қадау-қадау кездескен ескі қорған басынан калкиып қарақұс, әлде байғыз шалынады. Бейқам мүлгіп отырғаны. Аузын ашқан батбат кесіртке зуылдаған күйі шағылға батып жоғалады. Құлазыған құла дүзге көк күмбезінен көз сүзген дала бүркіті марғау қалықтайды...

Төңірегіне жалтақтай жанар жүгірткен Мәліктің әзірге зерігер сынайы жоқ. Қырға аяқ аттап көрмеген қала баласы үшін бәрі қызық, бәрі тансық. Қос қолы рульде қатып қалған Борис те, оның «анау не?», «мынау несіне» ерінбей-жалықпай жауап беруде. Жер аттарын да ретіне орай тәуісіндіріп қояды. Әр сөзінің арасына мақал-мәтелді қыстырып, әнгіменің майын тамызады-ай! «Сендер, қазақшаны ең алдымен Бористен үйреніндер, өңкей шүршіт». Қайсыбір атаулардың түпкі мағынасын жете ажырата алмай долбарлап сокканда әкесінің қабақ шытып, үлгі тұтары — тек осы шофері.

— Мына сокпақ қаптал тұста қалып бара жатқан Түгелбайға апарады, — деген ол емен-жарқын қалпы жол айрығын иегімен меззеп. — Ендігі бекет Төрттам, сағат жарымдық жер. Қараталдың әсем иінінде. Бойымызды сонда барып бір-ақ жазармыз. Қазір Шилікұдықтың тастай суынан сіміре жұтып-жұтып алып, жетіп барамыз. «Жолаушының ақысы — жүрсе өнеді».

Мәлік үн-түнсіз бас изейді. Қып-қызыл боп еңкейген Күн бүлдіршін қолынан ытқып кеткен шардай тура қарсы бетте бір шөкім бұлтқа ілініп тұр. Күннің ұясына қонақтауын тұңғыш рет тамашалауы. Таңның қалай атып, кештің қалай бата-тынынан бейхабар ол «кешқұрымғы сурет те тым бөлекше екен-ау...» деп ойлады. Бұған дейін мүлдем кездестірмеген, әсте көрмеген өзіндік сырлы бояу. Қаз-қалпында көңіл айнасына өшпестей етіп түсіріп алуға тырысты. Артқы орында қалғып-шұлғып отырған әкесі мен алматылық журналист табан астынан «мөнкіген» газиктің жүрісінен бастарын көтеріп алды.

— Жаман қазылып кетіпті,ә!?

— Ит-сілікпемізді шығарар қалжыратып.

— Токтағанда барып байқап қалғаным, — деп Борис жылдамдықты жайлап тежеді. — Ағаш түбірі ме, әлде темір білік пе... топырақтан шеті шығып жатыр...

Есіктің маңдайшасына құлақ шекесін қатты соққан Мәлік әкесіне сездірмей, шодырайған шекесін алақанымен сипай берді. Үсті-басының шаңын қаққан әкесі мұны елеген жоқ. Шофермен қабаттаса машинаның алды-артына үніліп жүр.

— Көне әлгің, — деді де қалың құмды тобықтан борпылда-тып кеше бастады. — «Жолда жатқан жантақты алып таста, жолаушыға кірмесін сенен басқа» деген емес пе. Абайсызда біреу-міреу доңғалағын жарып алып, айдалада бейнет көріп жүрер.

Машинадан екі бүктетіліп әрең түскен журналист маңайына таңырқай қарағыштап, окшауырақта шидің үкілі шашағын тамашалаған Мәлікке жақындады. Мыж-мыж уқаланған шүберек телпегімен самайынан сорғалап, бет-аузын шимайлаған шанды терін сүртті.

— Шаршаған жоксың ба, балақай? Түнде пойызда да қапырық болып, жөнді тыныға алмап едім, — деді ол. — Қалғып кетіппін. Таңдайым таңдайыма жабысып, кеуіп қапты. Мұздай су болса, шіркін!

— Сәл шыдаңыз, аға. Шамалыдан кейін құдыққа жетеміз. Дядя Бористің құтыға құйып алған суы ендігі жылып кеткен шығар, — деген Мәлік байсалды үнмен.

— Өзің жақсы азамат екенсің. Қалада өскен баланың ауылға жиі барып тұрғаны жөн. Менің де сенен кішірек қарасирағым бар. Ала жаздай кемпір-шалдың қолында болады. Сенің де атаң мен әкең Балқаш жақта тұра ма?

Мәлік тілі байланып қалғандай, иығын кикан еткізіп, таңдайын қақты.

Орынсыз қолпаштағанды ұнатпағаны да. Әйтпесе, артық еш нәрсе айтпаған сияқтымын... Сауалына онды жауап қайтармаған бала қылығын журналист өзінше топшылаған: «қикарсын-ау».

Қолындағы жалғыз тал шиді езуіне қыстырған күйі Мәлік:

— Менің әжем бұрнағы жылы қайтыс болған, — деді бәсеңғана. — Ал, атам баяғы-да-а... соғыста ерлікпен қаза тауыпты. Үйде генералдың өзі қол қойған хаты сақтаулы. Рас! Әкемнен сұранызы. Балқаш жақта ешқандай туысымыз жоқ.

Жөпелдемеде аузына сөз түспеген ол Мәліктің басынан еркелете сипады. Артынша-ақ одырая қалған оның үрейлі даусы қоса шықты.

— Ойпыр-ай, шекенді ондырмай ұрып алыпсың ғой! Қайта көзіңді құдай сақтаған де! Қарашы... Қанталап, гүп болып ісіп кетіпті. Ауырмай ма, әйтеуір?..

Ішек-сілесі қатқан Мәлік сұқ саусағын ерніне апарып, әкесін көрсетті.

— Тү-сін-дім, ку бала, — деді ол жымындап.

— Білсе... ренжиді.

Ойламаған жерден үзілген әңгіме қайта сабақталды.

— Біз әлі дұрыстап таныспаппыз. Менің аты-жөнім — Хасен Салықбаев. Республикалық жастар газетінде қызмет істеймін.

– Сонда сіз тілшісіз бе? «Алматыдан келген журналист бізбен бірге жүреді» деген бағана әкем. Кімдер туралы, не жайында жазасыз?

– Е-е, жоспар көп. Дайын көлікке ілінгеніме қуандым. Оның үстіне Әбекен де еңсемді көтеріп жіберді. «Осы өңірде алғаш болуың екен. Егер ұзақ әрі қиын жолға шыдасаң – бірге жүресің. Ауырсынсаң – самолет бар. Балықшы колхоздарына «АН-2» ұшады. Елу минутта «дік» ете түсесің. Бүгін кешігіп қалдың, демалып ертенгі рейспен ұшарсың...» Арқаны кенге салып, қонақ үйде шалқайып жатуға уақыт тапшы. Небәрі төрт-бес күн. Балықшылар күніне очерк жазуым керек. «Еңбек тоқсанын» үлгілі өткізіп жүрген оқушылар кездесе, олар туралы да материал ұйымдастырамын. Ретіне қарай көрерміз. Мүмкін, мына өзің жайында да бірдене жазармыз...

– Қойыңызшы, – деді Мәлік ыңғайсызданып. – Мені не істеді деп жазасыз сонда.

– Рас айтамын. Бәрінен бұрын сенің талабыңа риза болдым. Сурет салу – үлкен өнер. Әрине, оны еркін меңгеру үшін талмай іздену қажет. Папаң ептеп шет-жағасын маған сездірген. Табиғат – тұнған бояу, таптырмас тақырып. Тек оны сезімталдықпен көре білу керек. Жақсы суреттер салсаң, кейін маған үзбей жіберіп тұр. «Оқушылар творчествосы» деген айдармен жариялап тұрамыз.

Жұдырықтай жүрегі алып-ұшқан ол қуанышын жасыра алмады. Екі көзі күлімдеп, тотыққан жүзі бал-бұл жанды.

– Изостудияда түрлі тақырыпқа салған суреттерім жеткілікті. Қалалық көрмеге де қатысқанмын. Бәрінен де теңіз пейзажын салғанды жақсы көрем. Өзіме ұнағандарын міндетті түрде жіберемін. Сізге көп рахмет, аға!

– Алғысыңды кейін айтарсың, менің кішкентай досым. Өзірге уәдені бұзбауға келісейік. Ұмытып кетіп жүрме.

Мәз болған Мәлік пен журналист қасқа жолдың үстінде қауқылдасып қол алысып жатты.

«Не үшін?»

Көкейлеріне қонақтаған жалғыз сауалдың жауабын іздемеген бастық пен жүргізуші өзара сөйлескен бойы машинаға жайғасты.

– Бөгелмелік енді. Ыстықтың беті зорға қайтты-ау. Төрт-тамға барып аяқ суыталық.

– Ертең бүгінгіден де қайнар, түрі жаман. Күн балқып батты ғой, – деді жүргізуші кара жолдан көз алмаған қалпы.

Құм қойнауына алып каша берген баяғы сүрлеу сол қапталдан жарыса бұлындаған Қараталға бағыт түзеуі мұң екен. Боз дала төсі де ажарланып сала берді. Тұтастай жалқын түске шомылған батыс көкжиек те алау бояуын жоғалта қоймаған. Қалың қау мен алабота белуардан келер ақбас мияға ұласқан. Түс-тұстан бой көрсете бастаған ойдым-ойдым тал-терек, тораңғы, қызыл изен, мәуелі жиде жарыса «менмұндалайды». Дамылсыз ұшып-қонған құстардың қарасы да көбейген. Бұта біткеннің басында қалбалақтаған ақ, сары, шұбар, қызыл көбелектер де ап-анық шалынады. Бейне ұшып жүрген гүл дерсіз. Дөңгеленіп қалып жатыр, қалып жатыр...

Әлгіндегідей емес, газик жол апшысын қуырып келеді...

* * *

— Жеттік-ау!

Артына бүкіл денесімен жалт бұрылып, отырғыш арқалығына еміне түскен Мәлік үн-түнсіз анырып қалды.

— Балам, әлі қайда?! Жол ортаға жана жақындадық. Төрт-тамға қиналмай табан тірегенімізге қуанып жатқаным да. Осы жерде біраз дамылдап, ішімізге ел қондырып алайық. Өзенге кешкісін шомылған қандай рахат! Борис, он жағындағы түйетайлы тұсқа тоқта.

— Үлкен ауыл екен десем, шынымен қалың ағаштың арасына жасырынған төрт-ақ үй қарауытады ғой. Ешқандай жарық та көрінбейді, — таңырқаған Мәлік тұнжырай қалғыған шатырсыз тамдарды қолымен көрсете бастады.

— Бұл шопандардың қыстауы, балам, — деп әкесі ұлының сөзіне көңіл аударды. — Қазір мұнда ешкім жоқ. Қойшылар жайлауда. Түсіндің бе? Шешен бірдене салып жатқан секілді еді. Әкелші, әлгі қара сөмкені. Журналист ағанның қарны да шұрқыраған шығар.

Көбіне бастығының айтпағын емеурінінен ұғатын Борис жағалаудағы шағыл құмға жұқа төсенішті жайып жіберіп, дала дастарқанын әзірлеп те қойыпты. Қасына жетіп келген Мәліктің арқасынан қағып:

— Әуре болмай-ақ, суға түсе бер. Бәрін де өзім реттеймін, — деді.

— Кел, балақай, су тамаша екен. Жып-жылы, әдемі...

Суға гүмп беріп сүнгіген Мәлік басын қылтитып тұрған журналистің қасынан бір-ақ шықты.

– Қалай, аға, салкындадыңыз ба?

– Несін айтасың? Шилікұдықтың мұздай суы шөлді басса енді, міне, Қараталың әп-сәтте әлсіреген денеге жан бергендей, сергітіп тастады.

...Жыбырлап ілгері асыққан өзеннің қос жағалауын оқалы тондай көмкерген жыныс тоғай сыбдырсыз, тып-тыныш. Тек арагідік арғы беттен тоқылдақтың «дүк-дүгі» талып жетеді. Су бетінде шоршыған шабақтардың шолпылы оқтын-оқтын қайталанады. Сұрау белгісіндей иілген өзен арнасының осы тұсы аса кең екен. Қарсы жағалауға айғайлаған дауысың әрең естіледі. Кешкі зауалды түн шымылдығы қымтай бүркемелеген. Иірім үнгіген тік жарқабақ зорайып, алып апандай қарауытады. Аспан төрінде жұлдыздан бұрын жылтырап орақ Ай көрінді. Құрбақалар «хоры» да басталып кетті. Жүрек жалғап алған жолаушылар Әбекеңнің кенесі бойынша, бірер сағат мызғып алғанды жөн санаған.

«...Көріп отырсыңдар, атқа түс ауа қонсақ та күннің ыстығы қайтпай, ауыр соқты емес пе. Алдымыздағы ең үлкен асу – Өтекүм. Содан тоқтап қалмай әупірімдеп шықсақ, одан кейінгі жер біршама тәуір. Қараталды қайта жағалаймыз. Қанғайдағы малшыларға соғып, жағдайларын біле кетелік. Әрі қарай Дөншилетіп, Батырбектегі Сылатай базынан кесіп түсерміз. Бөрінен бұрын жүргізушінің әрдайым сергек болғаны дұрыс. Бізді қойшы, машина ішінде бір-бірімізге сүйеніп қалғысақ та, ұйқының есесін жібермеспіз. Оның үстіне түн ортасында барып, жұртты мезгілсіз уақытта мазаламайық...»

Қас-қабактан ұғысқан бастық пен жүргізуші артық ауыз сөз айтпастан іле қорылға басқан. Құсұйқы боп кеткен жан-дар бап таңдамаса керек.

Байламды пікірге тек бас шұлғысқан журналист пен бала қол ұстасып, шағыл құмда шалқаларынан жатыр. Тұңғиық ойға шомған, екеуі де ояу.

Журналист ойлаған: Адам бойындағы асыл да биік қасиет – қарапайымдылық. Бірақ... Иә, күмілжіп қаларымыз жасырын емес. Өйткені осы мінез кез келгенімізден табыла бермейді-ау. «Жылқы – кісінескенше, адам – сөйлескенше», алғашқы танысқан сәттен баурап алған жоқ па?! Байсалды да ибалы. Уақытының қысылтаянына қарамастан, бар жайды ыждаһатпен сұрап-білген. Басшыға тән салмақтылықпен өз ойын да ашып ортаға салды. Әлдекімдерше кеудесін көте-

ріп, лауазымын көлденең тартсайшы. Ондайларды да кездестіріп жүрміз. «Жасанды ілтипат болмаса неғылсын». Әуелгі «ұшқарылығым» үшін екі бетімнің қызарғанынан ол бейхабар. Білмегені жақсы, әрине. Әне, тура қазір де газикте шоферімен бірге ұйықтап жатыр. Ұзын жолда оны жете тани түскендеймін. Жүргізушісін серігіндей, баласын досындай құрметтейтініне көзім әбден жеткендей. Деректің қажеті шамалы. Нақты дәлел — ісі мен қылығы. «Кенесіп пішкен тон келте болмас» деген қағиданы берік ұстанған ол кейбір толғақты мәселелер төңірегінде жүргізушісінің де пікірін білуге ұмтылатынын айтпай-ақ сезіп келемін. Дәстүрге айналдырғанға ұқсайды... «Сені де тыңдайық, көне, не дейсің?» Бастығымның мұнысына қатты ынғайсызданып жүрдім. Түсінсек, бұл — карауындағы біз секілді «кішкентайларға» көрсетілген сенім мен құрмет. Жүргізушінің өзі осылай деді емес пе? Ал алыс сапарға тұңғыш рет ертіп келе жатқан баласына көзқарасы мүлдем бөлекше. Бір мезгіл маңдайынан сипап, әйтпесе асты-үстіне түсіп өбектеуді білсейші. Демек, ондайды орынсыз есептейді. Аузындағы мақалы: «Ұлыңа бес жасқа дейін патшандай қара, он бес жасқа дейін қосшындай сана, он бес-тен асқан соң досына бала». Халық даналығын тәрбие әліппесінің бір сабағындай үлгі етуі орынды-ау... Жол бедерлерінде бүге-шігесіне дейін ажыратып отыр. Қай малшының мекені қай жерде? Қателеспейді. Тіпті әлгінде суға түсіп жүрген апақ-сапақта иесіз қаңырап тұрған шопан қыстауын өз көзімен көріп, аралап шыққан. «Жабық үлкен қораның орталық дінгегі жарылып кетіпті. Көп тұрмас, сірә. Арнайы жөндеушілер жіберіп, ертерек алмастырып қою керек...» Былайша қарағанда ұсақ-түйек тәрізді. Қадағалайтын шаруашылықтары бар, қала берді тиісті адамдар бөлінген. Жок! Жауапкершілік жүгін қашанда биік сезінетін ол ел қамын, жер қамын ортақ әрі абыройлы міндеті санайды. Шынтуайтқа келгенде, еңбек адамына деген қамқорлықтың үлкен-кішісі болмайды-ау...

Бала ойлаған: Қандай ұзақ, таусылмайтын сары күм. Бір белестен бір белес. Әр жердегі екі-үш малшы үйі ғана болмаса, ешқандай ауыл да кездеспейді. Кезінде «брзент такси» айдаған дядя Борис жалғыз ер екен. Бес жыл бойы екі жүз шақырымдық осынау жолға апта сайын катынауға кез келгеннің төзімі шыдамас. Әкемнің бұрынғы шофері бұл өңірге сапарға қинала-қинала зорға шығатын. Ақырында жұмыстан кетіп тынды. Ал бұл жайды естіген дядя Борис өзі сұранып

келіпті. Ол туралы газетке неге жазбасқа... Бәрінен де Балкашка тездетіп жетсек, шіркін!

— Мәлік, сен әлі ояу жатырсың ба?

— Ұйқым келмейді, Хасен аға.

— Далада бірінші рет түнегендіктен болар. Қорықпа! Қай-қайдағы ойға оралып, менің де ұйқымның шайдай ашылып кеткені...

— Ендеше, әңгіме айтыңызшы. Командировкаға жиі шығасыз ба? Қазақстанның барлық облыстарында болдыңыз ба? Журналистер шет елге де баратын шығар.

Мәлік ту сыртынан әлдебіреу тындап тұрғандай, сыбырлай тіл қатты. «Естіп қойдық» дегендей, аспанның алыс төріндегі жұлдыздар көңілдене жымыңдайды. Ілкі сәттік үнсіздікті журналист бұзды. Бір бүйіріне аунап түскен ол:

— Менің мәңгі ұмытылмас балалық шағым Қаратаудың түкпіріндегі аядай ауылда өтті, — деген тым әріден әңгіме өрбітіп. — Әкем бүкіл ғұмырын жылқы соңында өткізген жан. Мамыр туа іргедегі Тобылғысайдың шұрайлы жонына алты канат қараша үйін кондырады. Үйелмелі-сүйелмелі екеуіміздің (жас жарым кішілігі бар інім Темірбекті айтам) балдәурен күндеріміз біріне-бірі жалғасып, сонау суық күзге ұласатын. Жылма-жыл қайталанар үйреншікті сурет не әкешешемізді, не бізді әсте зеріктірген емес. Ермегіміз көп. Асық ойнап, құлдыраңдаған құлын соңында жүгіруден жалықсақ, бір мезгіл айдарынан жел ескен тайға мініп жарысамыз-ай. Әбден дінкелеп шаршағанымызда шалғынға шалқамыздан жатып алып, көк жүзінде қалқыған шарбы бұлттарға таласушы ек. «Анау түйе-бұлт менікі, мына самұрық-бұлт менікі... аю-бұлт, кептер-бұлт... Бұлт суреттері де сәт сайын өзгеріп, біруақта ізім-ғайым жоғалады. Сонда барып «уһ» дейміз. Ал ұлан жазға далада ұйықтайтын екеуіміз аңқыған жиде иісіне масаурай, жамыраған жұлдыздарға қараған күйі көзіміздің қалай ілінгенін де аңғармайтынбыз. Сол Темірбек бауырымнан қапияда айырылып қалдық қой. Бесінші класқа барар күзде қалың нөсерде күтпеген жерден жай түсіп, тілсіз кетті. Қайғылы қаза жүрегімізді жаралап, қатты сыздатты. Құсадан төсек тартып қалған анамыз екі жылдан кейін барып ілініп-салынып қатарға қосылды.

Елпілдеп ынтыға құлақ түрген Мәлік екі көзін тарс жұмып, барынша демін сыртқа шығармауға тырысып бақты. Өзін-өзі қаншалықты ұстағанымен беті-аузын жас жуған ол булығып, пышылдай берген.

– Ой, айналайын-ай! Жылағаның не? Бекер-ак айтқан екенмін. – Хасен теріс караған Мәлікті аймалап, бауырына тартты. – Қой, түнде жылауға болмайды. Мен саған баска бір әңгіме, вьетнамдық досым туралы айтып берейін. Тыңдайсың ба?

– Рас айтасыз ба?

Таңырқаған бала даусынын дірілі басым.

– Иә, Оңтүстік Вьетнамдағы соғыс аяқталысымен ілешала осында келген журналистер делегациясының құрамында Ханой, Хошимин қалаларымен танысып, кескілескен шайқастар болған Камау өлкесін аралаудың реті келді. Американ агрессорларының бомбалары мен снарядтары тілім-тілім жаралап, қалың өрт тұманына бөккен жерлерді көрдік. Өз Отанының азаматтығы үшін жанқиярлықпен соғысып, оқ пен от оранған ерлермен кездестік. Толғанысты жүздесулер... Тебіреніске толы тілдесулер... Осы бір естен кетпес, ұмытылмас мезеттердің мен үшін ерекшесі— Нгуен Туанмен танысуым. Мықтағанда сенен екі жастай ғана үлкен, әйтпесе қарайлас-ау. Өмір тауқыметі ерте есейткен ол қиыншылықты белден кешкен, партизан қозғалысына белсене қатысқан. Әке-шешесі жау бомбасынан өлген. Туан дұшпаннан кек алуға бар күшін жұмсайды. Жауынгерлердің ең сенімді «оң қолы» атанған өжет баланын ерлік іс-қимылдары елдің наградасымен бағаланыпты. Екі күн бізбен бірге жүрген Туан басынан өткізген қилы-қилы оқиғаларды бір жылап, бір күліп дегендей түгел әңгімелеген. Алғашқы кездескеннен менің қасымнан шықсайшы. Жүдеу жүзі мен қара көзі маған да өзгеше жылы ұшыраған. Базарлық ретінде Алматы көріністері бейнеленген түрлі түсті кітапшалар мен значоктар сыйладым. Қоштасар күні күріштік плантациясында ескерткішке суретке түстік. Тура сол жерде вьетнамдық жас досым маған бір буда күріш масағын ұсынды. Алыстан әкелген сол қастерлі сый редакция музейінде сақтаулы. Туан хабарын үзген жоқ. Кейінірек Қара теңіздегі Артек оқушылар лагерінде тыныққан екен. Қазақстандық балалармен танысып, достасқанын қуана жазыпты. «Жоғары білімді, өз еліме пайдам тиер азамат болсам, шіркін!» Болашақ арманын да еш бүкпесіз сәлем хатын жалғыз ауыз сөзбен осылайша түйіпті. Ал мен Вьетнам сапары, өмірге құштар шалғайдағы кішкентай Туан туралы жолжазба әсерлерімді газет бетіне жарияладым.

– Хасен аға, Вьетнамда таң әлдеқашан атты емес пе? Ол не істеп жүр деп ойлайсыз? Түн ортасында әңгімелегенімізді қайдан білсін? Арманы орындалса екен!

– Әрине... күріштік алқабында жүрген шығар. Қазір оларда науқанның қызу қайнаған кезі. Қиялдаған адам қашанда арманына қол жеткізеді. Туанның ойы да, арманы да, сөз жоқ, жүзеге асады. Күні ертең-ақ! Өйткені оның мақсаты айқын да сенімді!.. Солай, балақай. Әр сапардың өз сазы бар. Бүгін сенімен таныстым, ал ертең... бүрсүгіні ше?.. Жана достарға, жақсы адамдарға жолыға берейік.

Мәлік ойланып қалды.

* * *

...Қанша жүргенін, қай жерлерден өткенін білмейді. Қатты қалжыраған ол кедір-бұдыр жолда машинаның мазасыз шайқағанын тербеткендей сезінді. Қисайған қалпы ұйықтаған. Журналист пен әкесінің әңгімесі де еміс-еміс құлақ түбінде жанғырыққандай естіледі.

Ұққаны: таяу жылдары Балқаш өңіріне де асфальт жол салынбақ. Қараталдың сол жағасын жағалай қалың құмды жарып түсетін жана жол «Жана құрылыс», Ақжар, Ақиық, Дөңши секілді елді мекендердің үстінен өтіп, теңізге Көпбірлікке келіп тірелмек. «Жолаушылардың шалғай түкпірдегі балықшы ауылына бүгінгідей арып-ашып емес, төрт-бес сағатта-ақ жетіп келер күні жақын. Облыс, республика басшыларына қайта-қайта табанымнан сарсылып жүріп тындырған шаруамның ең негізгісі де осы...» Енді бірде ұйқылы-ояу Мәлік түс көріпті. Басында күріш құрағынан жасаған үшкіл қалпағы бар Туанмен сөйлесіп жатыр екен. Көзін уқалай ашып алғанда, ізім-ғайым жоғалған түсіндегі суретті көкжиекпен астасқан көк мұнар алмастырған.

– О-о... Теңіз! Ға-жа-а-п!..

Түн түндігі түріліп, аспан шырақтары сөніпті. Тек Күннің көтерілер тұсын мегзегендей Шығыста жалғыз жұлдыз жарқ-жүрк ойнайды.

Төңірегіне көз салған әкесі:

– Балқашқа да жеттік,— деді.

Шексіз де шетсіз айдынды шалқар өзіне жақындаған сайын құшағын айқара жая түскен...

Үшінші тарау

• Бозторғайдан бұрын оянатын жан • Тағы да Айвазовский • Алғашқы таныстық • Айдыңға тездетіп шықсақ, шіркін!

— Кеңсенің ашылуына әлі ерте, — деді езуіне күлкі үйірілген Борис. — Басқарманы орнынан тұрғызбай, үйінен ұстаймыз ба?

— Бұл ойың жүзеге аса коймас. Мен білетін «бозторғайдан бұрын оянатын» Төкең болса, ендігі теңіз жағасында жүрген шығар. Алагеуімнен балықшыларды кезекті сапарға өзі аттандырып салмаса, көңілі жай таппайтын мазасыз жан. Жалпы, ерекше қызық адам. Хасен, саған мөлтек бір сыр айтайын. Журналистер тақымдап сұрайтын қажетті штрих. Жаза калсан, орайын келтіріп, бір жеріне қыстырып жіберерсін.

Шарқ ұрып іздегені табанының астынан табылғандай Хасен бар ықыласын аударды:

— Әлбетте, жазамыз. Ал, жақсы дүние жазу үшін геройынды әр қырынан көрсететін штрихтың болғаны жөн.

— Дұрыс. Өмір — толған штрих кой. Борис, былай етелік. Ешқайда бұрылмастан, тура жағаға тарт. Есінде ме, түнеукүні келгенімізде Тасүйген тұсынан барып ат шалдырып ек кой. — Әбекең қолымен қалың қамысты қолтықты көрсетті. — Сол жерге тоқталық. Алыстан аңсап жеткен Балқашына телмірмей Мәлікжан да рахаттанып суға түсіп, құлашын еркін сермеп алсын. Біз де үсті-басымыздың шаң-тозанын жеңілдетейік... Сонымен, әлгі басқарма Төкең кеңсенің алдына екі бірдей көлігін қаңтарып қояды екен. Торғай шырылдамастан атына қонатын ол бүкіл ауылды аралап, ұйықтап қалған балықшылардың терезесін тықылдатқан күйі әр үйден жылт-жылт еткен таңғы шырақтарды санамалай жағаға тартатын көрінеді. Кешіккендерге айтатыны да белгілі: «Арқандап койған балықтарың бар ма еді?» Неше жылғы тәжірибеден түйгені — балық жөнкіліп көшпей тұрғанда қарманып қалу керек. Күнделікті осы. Содан көңілі бірлеген бәсекең кеңсеге атпен келгенде, жүргізушісі қалбалақтап алдынан шығатын тәрізді. Анау-мынау шаруаға машинаны тектен-тек салдырлатып міне жөнелгенді ұнатпайтынына кейінірек көзім әбден жетті. Құм ішіндегі малшыларды, ең ақыры жолы нашар болса, пішеншілерді де асықпай атпен аралауды әдетке айналдырған.

– Бастықтың мұнысы маған ұнап отыр. Зерделегенге көп нәрсені аңғаруға болады, – деді журналист қойын дәптеріне әлденені түртіп қойып. – Жас шамасы қаншадағы кісі?

– Соғыста болған, шамасы, жер ортадан асқан-ау. Мұрнының бір қырында оқ сызған тыртығы бар. Төкең соғысқа дейін балық аулаған. Майданнан оралысымен есепші болыпты. Одан бухгалтерлік курс тауысқан. Сонау бір жылдары «Балықшы» колхозының экономикасы күрт төмендеп, азынаулақ елдің берекеті кетіп, жанадан ашылған совхозға тарап жатқанына жаны төзбеген оның ауданға, мені іздеп әкімшілікке келгені әлі есімде. Бірінші басшылық қызметіне жаңадан ғана кіріскен кезім еді. Жағдайға егжей-тегжейлі қаныққан соң, ендігі хабардың өзімнен болатынын түсіндіріп, ауылына қайтарып жібердім. Бірақ... Отырсам да, тұрсам да оның бейнесі көз алдымнан көлбеңдеп кетсейші. Кәрі солдаттың жүрегі қоғам үшін, халық үшін ауыратын секілді. Ә дегеннен сездім. Көпті көрген, қан кешкен сұрапыл жылдар есейткен. Әжептәуір үлкендігіне қарамастан, ойын тек ізетпен жеткізген. «Нағыз ауыл ағасы болуға лайық. Айырылмау керек!» Тәуекел шешімді жоғарыда қолдағандықтан кідірмей, жұмысты ақсатқан бастықты қызметінен босатып, орнына Төлеуғасым Қайшыбаевты тағайындаған колхозшылардың жиналысына өзім қатыстым. Ең бастысы – қателеспеген екенбіз. Бірер жылда тұралаған шаруашылықты аяғынан тік қойды.

– Қолынан жұмыс келетін іскер басшыны дер кезінде тапқансыз.

Журналистің бұл сөзіне ол аздап түзету енгізген:

– Жо-о-қ.. Бұл арада «тапқансыз» артықтау, абзалы – «танығансыз» деу. Өйткені ол аупарткомға өзі келді емес пе?! Мұндай адамдардың еңбегін жарқыратып көрсету артық болмас.

– Реті келсе очерк пе, мақала ма жазамын...

Таңғы тыныштықтағы әңгіме шырқын суға түсіп жүрген Мәліктің оқыс даусы әлем-тапырық бұзып жіберді.

– Папа! Дядя Борис! Қабан, ә-не! – деген ол жандәрмен жағаға зытып шыққан.

– Әй, балам-ай! Жылан шағып алды ма деп, зәремнің ұшқаны. Шошқа көрмеген қаланың баласы деген осы.

Борис пен Хасен жарыса ілгері ұмтылды.

– Торайларын қараныз, су ішіп жатыр, – дейді дір-дір еткен Мәлік.

Баяу ескен теңіз лебімен ауыр жайқалған көк құрақ өзара сыбырласады. Қол созымнан шүрегей үйрек тынымсыз барылдайды. Қыт-қыттаған қасқалдақтар айқыш-ұйқыш су сызып, айдында ойкастап жүр. Әлдеқайдан моторлы қайықтың гүрілі талып жетеді. Ұйқысынан оянған майда толқындар да серпіліп, сергігендей. Бірін-бірі жетелеген ұсақ толқындар әп-сәтте күжірейіп шыға келген. Құмдауыт жағалауды үздіксіз сокқылай бастады. Көгілдір көкжиектің сонау аспанмен шектесер шетінен бір шөкім шуда бұлт көтерілді. Сәл беріректе қарауытқан жалғыз ноқат – балықшы кемесі.

Толқын шайған ескі тесік қайықтың үстінде аяғын суға салбыратып жіберіп отырған Мәлік өзіне-өзі күбірлеп:

– Теңіз де оянды, – деді.

Артынша анырып, сілейіп қалған. Толқыған қамыс сыбыры тақағанда барып аттылы кісіні бір-ақ байқады. Ит тұмсығы батпас нар қамыстың сап-сары үпелек басы жылжып қозғалғандай. Сөйткенше болған жоқ, қалақтай ши қалпақ қарсы алдынан шыға келген. Жай көрінбей, сөйлеп қоя берді.

– Ассалаумағалейкум! Бұ неғылған мәшине десем...

Сөзінің сонын сыбырға айналдырған аттылыны тани кеткен хатшы:

– Әликісәлем, – деп орнынан ұшып тұрды, – Кімді айтсаң, сол келеді. Хал-жағдайыңыз қалай? Ауыл-аймағыңыз аман-есен бе? Өзіңіз ну қамыстың арасына талпақ танау бағып жүргеннен саумысыз?

Қарқылдап күлген таныстар жарқылдап қол алысқан. «Мен сізді білемін» дегендей, Хасен жымыңдаған қалпы сәлем берді. Мәлік те үлкендерше қос қолын бірдей ұсынған.

– Әбікен Оспанович, жағдайымыз жаман емес. Көріп тұрсыз. Бірақ... Үйге сокпай, далада жатқаныңызға түсінбедім...

– Ренжитініңізді сезгенмін, Төке. Жағада кездесіп қалармыз деп те ойлағаным шын. Оның үстіне мына Мәлік үшін асығыстық жасаған едік. Арманы – теңіз? Көптен бергі уәдемнің сәті осы жолы түсіп, бірге ертіп келгенмін. Артекке алған жолдамасын ауылға айырбастаған жайы бар. «Қара теңізден бұрын іргедегі Балқашты көріп ал» дедім. Шешесі біраз бұрқылдағанымен, ұлының ынғайына құлады. Бәрінен бұрын өзі сурет салумен әуес. Оқушылар сарайы жанындағы изостудияға қатысып жүр. Теңіз келбетін бейнелеуге құмар-ақ. Шалқыған айдынды өз көзімен көрмегендіктен бе екен, суреттерінің дені маған әйгілі суретші, теңіз пейзажының ше-

бері Айвазовский туындыларына ұқсайтындай. Көптеген суреттері өзге туындылардың көшірмесіндей көрінеді де тұрады.

— Еліктегені ғой,— деді шыдамсызданған Хасен.

— Иә, үйренгені өзіне жақсы. Сөйтсе де жөнсіз еліктеудің опа бермейтіні белгілі. Әйтеуір, куантатыны — талабы. Сондықтан да балық шаруашылықтарын аралағанда қасымда екі-үш күн бірге болып, теңізді тамашаласын дегенім ғой. Көзбен көргенге не жетсін... Ал жаныңыздағы жігіт журналист. Алматыдан. Бізден де үлкен қонағыңыз осы Хасен, фамилиясы — Салықбаев. Республикалық жастар газетінің тілшісі. Айдын ерлерінің өмірімен, тірлік-тынысымен таныспақ. Реті келсе балықшылар туралы жазбақшы.

— Өте жақсы, — деді басқарма атының шылбырын босатынқырап. — Хасен де, Мәлікжан да құрметті қонағымыз боп шықты. Бірі — арман кала Алматыдан, екіншісі — өзіміздің ауданнан. Ауылымыз жұпынылау көрінуі мүмкін. Есесіне шалқыған Балқашымыз, міне! Тұңғиықтан су ырзығын сүзген жаны жайсаң адамдарымыз бар. Үш звено сүзекіні Құйғаннан тартуда. Соларды шығарып салған бетім осы. Жарыстас екі бригадамыз балықты Жыңғылдықайырда жатып аулайды. Жарты жылдықты жиырма бес күн бұрын орындадық. Асықпасаныз, бәрін де катермен аралатамыз. Балықшы балалармен де танысасыздар. Фотоға түсіруге де, суретін салуға да лайықты балықшыларымыз жеткілікті. Әсіресе, мына Мәлікжанның қадамына ішім жылып отыр. Сен жаңағы айтқан толқын төсінде ересектермен иық тіресе еңбек етіп жүрген өз құрбыларыңның суреттерін көбірек салшы. Олар мәз болып қалсын... Ал, Әбікен Оспанович, жоспарды жата-жастана құрамыз. Орамызды ашып алғанымыз жөн шығар. Келе берерсіздер үйге...

Лып етіп құла төбеліне қонған Төкең шоқыта жөнелді. Найза бойы көтерілген Күнді бетке алған салт аттының сұлба-көлеңкесі ұзарып, бірте-бірте тұлғалана түскен...

* * *

— Мәлік!

Ол жалт қарады. Ешкім көрінбеген. Құрулы этюднигіне үнілуі мұң, әлгі дауыс және қайталанды.

— Мә-лік.

Бұл жолы машина тасасындағы баланы бірден байқады. Қос донғалақтың арасында шидей кара сирақ салбырап тұр.

Аяғының басына сұға салған сандалының бірі анадайға ұшып кетіпті. Аузы ыржиып күліп жатыр. Қыл қаламын бояуға батырып алып, мысықша басқан бойы теңкиген дөңбек ағашты жасырынды. Өңмендей, мойнын ұмсына алға созған жалаңаяқ сақтықпен сығалауда. Жанына жетіп келген мұны сезген жоқ. Ол қолындағы қызыл бояуды сояудай тырнақтарға тездетіп жаға бастады. Жерге табан тірей алмаған кара сирақтар ауа кармап, тырбын-тырбын еткен. «Әлдене жыбырлатқан, шыбын болар» дегендей аяғын сипап қасынғаны. Сықылықтап күліп жіберуге шақ қалды. Ернін тістеп, өзін-өзі өрен тежеген.

— Әй, қайдасың!..

— О, не?! Мен мұндамын.

Бейқам бұғына түскен ол аяғының астынан атып шыға келген Мәлікке қарамай зыта жөнелді.

— Токта! Неге кашасың?

— Шошып кеттім, Мәлік. Өзін қандай ептісің?!

— Сен менің атымды қайдан білесің?

— Қөкем айтты. Ал менің есімім — Серік.

— Серік... Нешінші класта оқисың?

— Жетіншіге көштім.

— Е-е... Мен де жетіншіге көштім. Жасты екенбіз.

— Сен орысша оқитын шығарсың.

— Жоқ, Қазақ мектебінде.

Анырып қалған Серік үндемеді. «Қаланың баласы да қазақша оқиды ма» деген сөздер оның көмейіне тіреліп, айтылмай қалған-ды. Еркінси басып, Мәлік отырған дөңбекке кеп жайғасты. Орысшаға шорқак ауыл баласы әр сауалға тақтұқ жауап қайтаруға тырысқан. Оның да сыры бар. Бұрнағы жазда мектеп директорының үйіне облыс орталығынан келген қонақ баланың шүлдірін түсінбей қызарған еді. Тіл табыса алмағандықтан, ойындары да жөнді қиыса қоймаған болатын. Тек өзіне-өзі «орыс тілі тәтейдің сабағын қалт жібермей, зер салып оқуға» іштей серт берген. Әлгінде әкесі «қаладан суретші бала келіпті, аты — Мәлік. Жаксылап танысып ал. «Смелыймен» теңізге шығамыз. Балықшы достарына да алып барамын» дегенде-ақ бүйрегі бүлк еткен. «Өткеннің керін кимесем жарар». Абырой болғанда күдік бұлты тез сейілді. Құрдасы екі тілге де жүйрік екен. Жүргізушімен әңгімелесіп тұрғанда үркектеп манайламағаны рас. Енді, міне...

— Серік, сен не ойлап кеттің? — Мәлік шыдамады. — Жүр, салған суретімді көрсетейін.

— Кәне. — Жалма-жан ұшып тұрып сандалын кие берген-

де нарт кызыл бақайларына көзі түскен ол мелшііп қалды. — Он аяғымның тырнақтары қа-а-нап қап-ты-ы... Ө-ө...

Мәлік көзінен жас ағып, ішек-сілесі қатқанша күлді. Ішін басып, шырқобелек айнала жүріп, екі ауыз сөзді бөліп-бөліп зорға айтты.

— Бояу емес пе? Шынымен-ақ бағана сезбедің бе?

— Қай кезде сүйкеп үлгергенсің,ә?!

Аңғалдығына мырс-мырс еткен Серік жүрелеген күйі тырнақтарын шұқып, сүрткіштеген. Бояу жұғып қала ма дегендей, сұқ саусағына жалтақтап қарай береді. Бетінің ұшын-дағы оймақтай иірім-шұқыр да бір көрініп, бір жоғалады.

— Мынау, менің «Теңіз таңы» атты болашақ картинам.

Мәлік этюднигін тік көтеріп Серіктің қасына әкеп, сирақтарын сәл-пәл аласартып орнықтырды. Сосын қылқаламын пластмасса құтыға шайып, сықпа бояуға ептеп қана тигізді де жарым-жартылай жағылған көкшіл бояуларды одан әрі жалғастыра бастады. Әлсін-әлсін шегіншектеп, әріректен сурет нобайына сығырайтып көз қиығын тастайды. Жамау-жамау бояулардан ештеңені анық ажырата алмаған Серік көк түсті тулаған толқындар деп топшылады. Ләм-мим ауыз ашпастан Мәліктің біресе о жағына, біресе бұ жағына шыққан. Сөйтіп жүргенде көгілдір көкжиектен рауандап көтеріліп келе жатқан күннің бейнесін көрді. Артынша кызыл күрен нокатты нұсқап:

— Тура осы бір тұсқа «Смелыйдын» суретін салсаң, қатып кетер еді, — деді.

— Артық детальдың қажеті шамалы. — Мәлік басын шайқады. — Композицияға нұқсан келеді. Түсіндің бе?

Живописьтен хабары жоқ Серік үшін «деталь не?», «композиция не?» Жұмбақ. Селқос басын изей салды.

— Иә.

— Бұл эскиз ғой. Толықтырып, жетілдіре түсем әлі. Ол этюднигін жинастырып, қағаз-қаламдарын реттей бастады.

— Теңізге апарамыз ба?

— Нені?

— Мына ағаш шабаданыңды. Қандай рахат, бір аяқтың ішінде бір аяқ, — деді Серік таңдана. — Маған бере тұршы, мойныма асып көрейін.

— Мә. — Мәлік жымыып қойды. — Мұны этюдник деп атайды. Ешқандай ауырлығы жоқ, иыққа іле салмаймыз ба? Алып жүргенге өте ынғайлы.

— Қайдан білейін, алғаш рет көруім. Шешенхан-ші-

рен мен Тілеулес-тарамыстың көздерін қызықтырмасам ба, осыдан!?

– Оларың кім?

– Достар ғой. Жыңғылдықайырда балық аулап жүр. Барғанда таныстырам өзінді.

Теңізге аңсары ауған Мәліктің жайдары жүзі ерекше бал-бұл жанып, ұзынша қиғаш қасы дірілдеп, қуанышты үні аса жарқын естілді:

– Айдын төріне тездетіп шықсақ екен, шіркін!

Төртінші тарау

• Мақан ата және оның әндері • Қалтада сақталған сурет • Жер шынымен дөңгелек екен • Көз ұшында бұлыңдаған «Смелый»

Есік пен төрдей бүйірлі кара қайықтың күйрек канатында ау тараштап отырған Мақан ақсақал әдетінше ынылға басқан. Көгілдір көкжиекке көз тіккен Тілеулес өзімен-өзі. Бұлдыр арман әр тарапка алып қашады... Құлағында үйреншікті ыңыл. Өңкей сөзі жоқ ән-әуез. Ешқандай әнге ұқсамайтын қайырмасыз қоңыр сарын. Таусылмайды да, жалықтырмайды да. Тек теңіз тарланының көңіл күйіне байланысты. Жүрседі, тұрса да аузынан тастамайтын әуенін тарс ұмытып қалғандай кей күндері үндемейді-ау. Рені де өрт сөндіргендей тотығып шыға келетіні бар. Қарт қабағының катулы мұндай мезеттері, әйтеуір, сирек ұшырасады. Осы кара қайыққа келіп түскелі Тілеулес оның көңілсіз сүрепетін көп болса, бірер мәрте байқаған шығар. Есінде өшпестей сақталып қалған қызықты да жан толқытарлық елеулі көріністер бейне кинолента кадрларындай рет-ретімен көз алдыңнан көлбеңдей сырғи береді.

Алғаш рет шалдың ренжігеніне балалығы ұстап, күлген еді. Бірақ... жар қабақтың астынан жалт еткен шүнірек көз лезде езу жидырған.

...Қамысты қолтыққа төккен ауларды таңғы тылсымда қаракшы-сырыққа сүзе тақағанда барып зорға бажайлаған ол: «Қалтқының бәрі бірдей батып кетіпті-ау, тіпті көрінбейді. Бүгін қанжыға майланайын деп тұр екен...» деп ойлаған. Артынша-ақ үстіңгі құлақ бауды күштеп көтеріп қалғанда, қуанышты ыңылы да сап тыйылған-ды. «Мә саған, безгелдек! Қарық болдың борыққа!..» Тіреу-таяқшаны аяғының астына лақтыра салған ол, қос қолымен маңдайын ұстаған қалпы тізе

бүккен. Қарт балықшының жүзіне тура қарай алмаған Тілеулес мандай тердің зая кеткенін тұңғыш аңғарды. Содан үн-түнсіз екеулеп жүріп ауды шөп-шалам, балдыр-борықтан қас қарайған шақта әрең тазартып үлгерген. Айдың жарығымен ауларын түгел орын ауыстыра қайта құрып, ескекті өз қолына алғанда барып Мәкең тіл қатқан: «Есіл еңбегіміздің еш болғанын қарашы». Жоғалтқанын тауып алғандай іле ол көңілді әуеніне басты.

Ал түнеукүнгі жайдың себебі де, салдары да мүлдем бөлек. Ол бір ұзын-сонар әңгіме.

...Тәтті ұйқы құшағында жатыр екен. Масахананың етегінен басын сұққан әлдебіреу түрткілейді. Көзін ашып-жұмған. Әлгі бас күбірлейді. Құлағының барабаны да еміс-еміс күнгірлегендей. «Қарағым, Тілеулесжан, тұра ғой. Күн шықпай ауды торып келейік...» Жастықтан басын жұлып алған ол жан-жағына қарады. «Ұйықтап қалғанмын ба, қара басып?!» Жоқ, Шешенхан мен Мендіғалы ештеңені сезер емес, пыс-пыс. Киіне салып жағадағы қаңтарулы қара қайыққа келсе, қос ескекті ұясына қондырып, күтіп отырған Мақан ақсақал «кеттік» деп есе жөнелді. Ай сүттей жарық. Жамбастай жантайған Жетіқаракшы ешкімге білдірмей айдын-айнаға бетін сылағандай, теңізге төне түсіпті. Болар-болмас бозғыл сәуле жаңадан сібірлей белгі беріпті. Шалдың қылығына қайран Тілеулес әуелде-ақ «қайда асықтыңызды» айтпақ боп оқталғанымен, жүрегі дауаламаған. Қалақтай ескек үздіксіз су сапыруда. Ұлан жазға балықшылардың ыстық мекеніне айналар аумағы ат шаптырым Жыңғылдықайыр аралы бірте-бірте дөңгеленіп, суға еміне құлаған шок-шок жыңғыл ұзған сайын шоғырлана шалынады. Жыңғылдың көленкелі саясына тігілген екі бөкене шатыр тез-ақ бой тасалаған. Жартасты жағаға оқшауырақ тастан өрілген жалғыз үй асқак мұнда лайды. Іргесіндегі көкке шаншылған сыңар дінгек алыстан сабаудай ғана көрінген. Ол жел двигателі ветряк (балықшы әрі радист Қалкеннің таяу мандағы балықшылар пункттерімен күніне бір мезгіл сөйлесіп, хабарласатын атам заманғы көне рациясына ток жинайды). Мақан ақсақал да түнімен күш жинап алғандай, ескекті ұстатпады. Мұның емеурініне келіспей, бас шайқаған. Қары талсайшы, су сабалап келеді. Шолп-шолп... «Қартайған кісі мазасыз-ау. Онсыз да ерте оянып жүр емеспіз бе? Ал сәресіден «тұр-тұрлағанына» жол болсын. Ең қиыны — жақ ашпай қалт-құлт тербелген қайықтың үстінде екеуден-екеу үндемес «ойнау»... Әй, өзіме де керегі осы. Пы-

сыкпын-ау. Баска балалардан бұрын үлкен кара қайығына қызығып. Мақан атаға серік болуға сұрандым. Жайшылықта мұндай оғаш мінезін неғып байқамағанмын. Обалы не керек. Әшімбаи ақсақал мен Камибек қарттың екеуі де қастарына шақырған, ат тонымды ала қашқан өзім. Әлде... Иә, Мәкендікі дұрыс шығар... «Шытырман ойға шырмалған Тілеулесті селк еткізген қарсы алдында қорбаңдаған кара шалдың— «келдігі». Бойын зорға тіктеген ол жоғары өрледі. Ұзына керілген аудын су бетіндегі жібек жібін ұстағанда-ақ қалтқы біткен дір-дір етіп, ойнақтап қоя берді. Саусақ ұшына ілінген жіп те сусып тұрсайшы. Тулаған балықтар ауды сүйреп кетердей, тұс-тұстан дамылсыз жұлқиды. Бала мен қарт қайықтың екі басына асықпай жайғасты. Қимылдары ширақ, көңілдері хош. Бауыры жалтыраған сары сазан мен сүйріктей қарабалық күйрығымен сабалап, жылп-жылп етіп қолға тұрмайды. Желбезегінен сұқ саусақты өткізіп жібергенде барып жуасиды. Табиғатында момын көксеркені тору онай-ақ. Қанша жыртқыш болғанымен қанатының кез келген ұшы торға ілінсе тұсауланып, кібіртіктейді де қалады. Ұстағанда қыбырламайды да. Ілуде біреуі ғана, әйтпесе көбіне суда тұрып, іші кеуіп шыға келеді. Көксеркеге қарағанда тұқы мен табанды аудан ажырату қиындау. Бір орында тыпырлап байыз таппағандықтан торға бүкіл қанаттарымен оралады. Әбден шатысқан балықтың жота қанатындағы ара тікендері тырнақтың көбесіне кіріп, қолыңды жосадай қанға бояйтыны бар. Балықты торуға да машықтану керек. Үш-төрт, яки он шақты ау емес, бақандай жүз жиырма! Әуелгідей емес, бұ жағын Тілеулес шебер игеріп-ақ алғанға ұқсайды. Аса епті. Аудың көзіне тұнған майда балдырдың көк жасыл шайырын шайып-шайып жууды да естен шығармаған. Үндемесе де қарт көңілі тояттағандай. Әншейінде шермиген бүйірі толмайтын мешкей кара қайық қас пен көздің арасында қайқайып, ауыр жылжиды.

Ауды торуды тәмамдадық-ау дегенде, Тілеулес қуана айқайлаған:

— Ата, бекіре! Дәуін-ай?

Мәкең қолымен ишара жасап, ілгері қозғалды.

— Қозғама, сенің шаман келмес. Апыр-ай! Ауды быт-шыт жыртып, бүлдіріпті. Бала бекіре ғой өзі. Нән екен...

Елуінші ауға түскенін қарай гөр! Әр аудың тор кезінін мөлшері бар, мәселен, тор көзге қатарынан төрт саусағың еркін сыйса, оны елуінші ау дейді. Осылайша отызыншы, қыр-

кыншы, алпысыншы ауларды анықтауға болады. Қарапайым бұл тәсілді үйреткен де Мақан ақсақал. Ұзын сүйір түмсығы тор көзге әнтек кірген бекіре жіпке желбезегінен ілінген. Аркасы мен бауырындағы өркеш-өркеш сүйек қанаттары төңірегін үңірейтіп тастапты. Құлаштай тулаған тентекті алдына өңгерген Мақан ақсақал Тілеулеске:

– Жақсылап тамашалағын, – деді. – Міне, алқымындағы үңірейген тесігі. Қайдан қанғып келген десеңші. Өліп қалмай тұрғанда сайран суына жіберелік. Жүрсін еркін, Балқашымның еркесі...

Құдды ертегідегі алтын балықтай шоршыған бала бекіре су бетінде шолпылдата әл жиып, ерсілі-қарсылы көпіршіктете ойқастап жүрді де, бірте-бірте тұнғыққа батып, көрінбей кетті. Сирек олжадан оп-онай айрылып, бойын билей бастаған өкініш табы өткіншідей ізім-ғайым жоғалған Тілеулес жүрегі алып-ұшып, ерекше сезім құшағында тұрды... Жаны жаз, пейілі дархан, алақаны аялы қушиған кара шалды енді ғана танығандай. Мойнына аймалай асылып, бетінен сүйіп алуға әнтек қалды...

Қаракұм балық зауытының арнаулы жүзбелі қабылдау базасына су ырзығын өткізген балықшылардың алды күн төбеге тырмыса орала бастады. Алғашқы лектің арасында – Мақан мен Тілеулес. Аспан да, су да көкпенбек. Ертеңгілік сейілге желкілдей шыққан қадау-қадау үлпілдек шуда бұлттардың ешқайсысы жоқ. Шақырайған Күннің өткір сәулесі мың-миллион толқынның жалында ойнайды. Жарқ-жүрқ. Желкеден лекіген самал леп те пышак кескендей үзілген. Керісінше Мөкеннің әдемі ыңылы басталды. Ескекті Тілеулеске ұстатып, өзі әлсін-әлсін тіл қатып отыр. «Шырақ, бүгін ерледік-ау! Үш күннің жоспарын орындадық білем». Жан қалтасына қолын салып еді, тер иісі сінген көлдей бет орамалы шықты. Асықпай самайынан бастап, мойнын орап, бұршақтаған маңдай терін сүртті де, шұбатылған орамалын тізесіне жайып қойды. Тыпыршыған ол қайнаған аптапты шілдеде де әсте үстінен тастамайтын пешпентінің төс қалтасы мен ішкі қалтасын қайта-қайта қарағыштаған. «Е-е... Әлгі Мәтібей берген кіпитәнсіні суға түсіріп алдым ба десем? Мұнда сүнгітіп жіберіппін ғой. Қайығынды Құстұмсыққа бұра түсші. Жолай қойнауудың табанын байқай кетейік. Алдағы аптада ауды Құстұмсыққа ауыстырармыз... Айтпакшы, Тілеулес шырақ, бүгін түнде түсімде төлбасым – Жарасымды көрдім. Сен оны білмейсің, әрине. Қырық үшінші жылы Ленинград

шайкасында қаза тапқан. Қолында аптоматы, басында жұлдызды құлақшын. Әскер киімі өзіне қатты жарасады екен. Қасыма тақап келгенімен, қаққан қазықтай ілгері жылжысайшы. Құлыным үндемейді де. Қолымды созып, сөйлеп жатып оянып кеткенім. Содан кірпік ілсемші. Төсегім де жамбасыма батқандай, құлқын сәриден қылқылдап сенін ұйқыңды бөлдім емес пе?! Маған бағана ренжіген шығарсын...» Бөлек-салақ мүкәммалдарының ішінен әдемілеп қатталған әлдененің орауын жазған Мақан ақсақал қызыл пүлішпен тысталған қатырманы бөлек шығарды. Тілеулес ә дегенде-ақ «паспорт болар, неғып төс қалтасында сақтап жүр» деп ойлаған. Аса сақтықпен қимылдаған ол шет-шеті жыртылып, әбден сарғыш тартқан суретті ұсынды. «Жарасымның пәртіреті. Тура жиырмадағы кезі бұл, Ыстарши сержант. Соғыстың аяқталғанына пә-ле-ен жыл болса да, қолынан аптоматын тастамай туған Отанын, туған елін қорғап жүрген, құлыным менің. Түсімде өзін дәл мына сендей жерден көрдім...» Тілеулес сарғыш фотодан ұзақ көз аудармады. Сыртындағы көк сиямен жазылған екі ауыз сөзді хат танымайтын жанша ежіктеп оқыды. «Алыстағы ардақты әкем мен аяулы анама! Женіспен көріскенше... Жарас, 1943 жыл (айы мен күнін ажырату қиын), Ленинград». «Жазуы Ақсымбаттікіндей екен» деген ол қастерлі ескерткішті иесіне қайтарды. Ұлының суретін қайтадан орап, пешпентінің ішкі қалтасына салып, асықпай аузын түйреген Мәкең, ескектің бірін сөйлей қолына алды. «Құстұмсықтың қойнауы да құт-ау. Бірер күн шыдалық, сосын басқалардан бұрын белгі қоярмыз. Осы, сен біздің Ақсымбатпен бірге оқисың ба? Жарастан кейінгі Тынысымның қызы ғой. Өзің білесің, боташым бұрнағы жазда екіскүресіге оқушылармен Ленинградқа барғанда қаланы қорғаушылар жерленген Біскәріп (Пискарев дегені) зиратын аралап көріпті. Бауырластар бейітіне, мына біздің – атасы мен әжесінің атынан арнайы гүл шоғын қойыпты. «Ол жерде Жарас ағам да жатқан шығар деген оймен бір шөкім топырақты бет орамалымның шетіне түйіп алдым...» дегенде, мені қойшы, іштей тындым. Бір шөкім топырақты алақанынан түсірмей ағыл-тегіл еңіреп, егілген кейуананы айтсаңшы. Сол төбәрік кемпірдің әбдіресінде сақтаулы. Әзіл-шыны аралас, мен өлгенде қабіріме шашындар деймін де баяғы...»

Мақан ақсақал сан құбылған жарықшақ даусын бабына келтірген әншідей қырнай жөткерініп, сөзі жоқ әніне ынылдай, көңілді де жігерлі мақамына салды.

– Бұған шейін неғып сезбегенмін?! Кеудесі сырға толы кәрі жүректі неге түсінбегем, ә?

Тілеулес шым-шымдап тұла бойын билеп алған карапайым да сырлы әуезге құлағын түре түсті...

* * *

Балықшылардың нағыз серігі – ақмамық бауырымен су сүйген ақ шағалалар. Аударылып-төңкеріліп ертелі-кеш балықшылардан екі елі ұзамайды-ау. Толқын жалына жарма-сып, қайықтың алды-артын орап, шанқылдап жүргені. Тіпті қайсыбірінің иығына кеп қонақтайтыны бар. Емін-еркін жәудіреп отырған сұлу да сүйкімді теңіз еркесін үркіткің келмейтіні анық. Құс екеш құстың да түймедей жүрегі алақан табын сезетін болғаны. Көне қайықтың жақтауына көк бас аппақ шағаланың бес-алтауы қаз-қатар тізіліпті. Бейне суретке түсуге таласқан бүлдіршіндердей. Бірін-бірі ығыстырып, дамылсыз шанқылдап ұшып-қонғандары қаншама. Шағалалар қылығынан көз жазбаған Тілеулес:

– Мақан ата, – деді ақырын ғана.

– Әу! – Тордың сөгіліп, жыртылған жерін жамаған қарт балықшы шаруасын қоя салды. – Жәйша ма, шырақ?

– Ата, сіз қай құсты жақсы көресіз, осы?

– Мен үшін құстың төресі – шағала. Көзімді тырнап ашқаннан көргенім шағала, ес білгелі естігенім шағала шаңқылы. Міне, содан бері... қаншама жыл өтті десеңші... Серігім де, мұңдасым да осынау тілі жоқ теңіз сұлуы десем артық болмас, сірә!

– Дүниедегі ең сұлу құс аққу емес пе? Мақан ата, естідіңіз бе? Шешенхандар Шайтанарал жақтағы қалың қамыстың арасынан бір топ аққу көріпті. Жұдырықтай-жұдырықтай жұмыртқаларын да көрдік дейді.

– Е... е... біздің Балқаш қанаттыға аса бай ғой, шырағым. Жалпы, менің естуімше біздің Қазақстанымыз – нағыз қасиетті құт-мекен. Жыл сайын құстар тек біздің жерімізге келіп жұмыртқалайды. Құс падишасы сұңқылдақ аққу да көп. Бірақ сендер олардың ұяларына тимендер. Қазір барлық құстардың балапан басып жатқан кезі. Жұмыртқаны қолмен ұстауға болмайды.

– Тиіспейміз. Тек ұяларға сырттан ен танып қойғанбыз Мендіғалы, Шешенхан үшеуіміз.

– Сөйтіндер, шырактарым... Шағалалар да мазасыз сұн-кылдап кетті-ау. Түрі жаман. Дауыл көтерілмесе де.

Ұшан дарияға көзін сүзген Тілеулес тымық ауаға алақанын жайып тосқансыды. Пәлендей ештеңе ажыратқан жоқ. «Неғылған дауыл! Үп етер леп білінсейші...» Көк мұнарланған теңіз төрінен тоқымдай ғана бұлт қарауытады. Желкілдеген бұлт емес, түтін екен. Іле бірте-бірте зорая бой көрсеткен кеме мачтасы да ап-анық шалынды. Осы мезет Тілеулестің есіне Тәжібай ағайдың география сабағында жасаған тәжірибесі түсті. Жердің шар тәрізді екендігін егжей-тегжейлі түсіндіріп, дәлелдеген мұғалімінің тұлғасы көз алдына қаз-қалпында жетіп келді. Ол мырсылдаған еріксіз. Бәрін бүлдіріп жүрген әлгі аршылған қиярдай сопиған Мендіғалы. «Ағай, егер Жер дөңгелек болса, үйлер құлап қалып немесе адамдар төбесімен жүрер еді ғой. Ал, шалқыған телегей сулар бір жаққа ағып, әйтпесе сарылдап төгіліп кетпей ме?..» Тәжібай ағай глобус пен ерінбей-жалықпай қолбаға құйып әкелген суын сырғытып, тақтаға теңізді кескіндеп, тым шалғайдан көрінген кемені үш түрлі етіп бейнелеп көрсеткен. Тура сол суретті қазір тамашалап отырған Тілеулес іштей «көк ми екенбіз» деп күбірледі. «Қарашы, әуелі мачта, сосын кеменің жартылай сұлбасы, келе-келе кеменің өзі толық көрінді емес пе. Жердің жұмыр екендігіне ешқандай дәлелдің қажеті жоқ. Тәжібай ағайдың көрсеткен тәжірибесі қандай дұрыс». Құстұмсықты нысанаға алып тіке жүзіп келе жатқан кеме сонадайдан кілт қиғаш тартты.

Жыңғылдықайырға бағыт түзеген кемені бүйірлегенде-ақ жазбай таныған Тілеулес дауыстап жіберді:

– Мынау, «Смелый» катері ғой. Палубасы толы адамдар. Қол бұлғап барады.

Ұшар төбесінде жалаушасы желбіреген катерге Мекан ақсақал күн сала ұзақ тесіле қараған.

– Иә, біздің «Смелый», – деді. – Әлгі рәдис Қалкеннің ауылмен сөйлестім, ауданның бірінші басшысының өзі балықшыларды аралауға шықпақ дегені рас-ау. Жалғыз еместігі айтпаса да белгілі.

– Әрине, Серіктің әкесі жалпақтап жүрген шығар дөкейдің қасында.

– Кім? Басқарма ма? Біздің Төлеуғасым Қайшыбаев өзінің қызметін бес саусақтай білетін жан. Жұмысын сезбейтін, жұрттың алдында беделі жоқ адамдар ғана мықтылар алдында құрдай жорғалап, жөнсіз елпілдейді. Ал, Төкен...

Бұл пікірге Тілеулес ештеңе алып-қоспады.

Мәкен де қайтып ауыз ашқан жоқ.

Толқын жалында шайқалған қара қайық көз ұшында бұлдыраған толқын түстес көк катердің соңынан ілесті.

Бесінші тарау

• *Жыңғылдықайырдың қонақтары: Сомбреро киген бала, Серік және басқалар* • *Алғыс арқалаған кішкентай балықшылар* • *Қайық үстінде салынған эскиздер*

Шілінгір ыстықта брезент шатырдың іші моншадай қайнайды-ай! Бас сұғу еш мүмкін емес. Көлеңке біткен аптаптан қашып тығылған, енселі деген жалғыз тас үйдің көлеңкесі де бір тұтам, жан сауғалай алмайсын. Шешенхан мен Мендіғалы шал-шауқандардан (олар үшін отыздан асқан Бектібай, Ырымтай, Екпінділер де «шал» санатында) бөлектеніп, кәрі жыңғылдың көлеңкесін саялаған. Тельняшкаларын шешіп, селдір бұтақтардың санылауын ілдәлдалап жауып көлегейлеген болыпты. Өздері суға батырып, құрақпен күн түспейтіндей қымтап тастаған ағаш бөшкеден сүзіп алған ұсақ мұзды тас көмпитше сорады.

– Тілеулестер қатты кешікті-ау, – деді Шешенхан.

– Олжаға белшеден батқан шығар. – Мендіғалы қолын мандайына апарып көк мұнарланған айдын төріне көз жүгіртті. – Тарамысың осы айда ақшаны күрер.

– Егер балық көп түссе, жүз жиырма ауды тору жеңіл болмас. Әбден титықтап біткен шығар ендігі.

– Бірақ... қуаныштан шаршағаныңды да ұмытып кетеді екенсің. Анада сөйттік қой біз де. Қамибек шалдың кішкентайша мәз болғанын көрсен, шіркін! «Бала, еңбегіміз жанды, табысымыз тасыды» дей берген қайта-қайта.

– Қанша айтқанмен, сендер ерлеп тұрсындар. Жоспарларың орындалатын секілді. Қара басып, бүгін де біздің ауымызға соқыр шабақ ілінбеді. Әшекең құдайдың тамтығын қалдырмай сібеді-ай! Іштей мені де біраз жерге апарды ма, кім білсін? Осыдан ертең балық шықпаса, орынды Байсейіттің бергі бауырына немесе суы терендеу Құстұмсыққа ауыстырмақпыз.

Үні пәстеу шыққан Шешенханды мүсіркей жұбатқан Мендіғалы:

– Балық та су түбіндегі мақұлық емес пе, – деді. – Жөң-

кіліп кешкен өздері-ак бір күні үйір-үйірімен кеп түседі. Саспа әлі...

Әлденеге елендеп, құлықсыз құлақ түрген Шешенхан досының сөзін аяқтатпастан ұшып түрегелді. Жалма-жан жолақ жейдесін киген оның даусы қатты шықты:

– Бәсе, бірдене тырылдағандай еді. Ән-і-і... «Смелый» зәкір тастап жатыр. Жақындауға қорқақтаған сияқты.

– Өздерінің карасы көп қой. – Әсте асығуды білмейтін Мендіғалы маңғаздана көз тастаған. – Өңкей шляпа. Шама-сы, дөкейлер болды.

– Аршылған кияр-ау, аяғыңды бассаншы, кербезденбей. Жүр, тездетіп. Қайық апарайық. Біреусіне сыймас.

– Өй-й, Серікті кара!..

– Серік! Рас! Қасындағысы кім?

– Шелтиіп сомбреро киіп апты.

– Иығына ілген ат дорбасын көрдің бе?

– Басбухтың Жағыпары емес пе, өзі?! Бізді танымай қалсын дегені шығар.

– Қайдағы. Ол қортығын үш жетінің ішінде сорая қалмас. Мынауың кім болса да қаладан келген бала.

– Қос құлаштап ескен екеуі қайықты оймақтай ойнатқан. Кедергі келтірер күжірейген асау толқындардың бірі жоқ. Тымырсық. Катердің басындағы шпильге сүйеніп тұрған апайтөс, төртпақ капитан Базарды бірден таныды. Бұрнағы жылы Балқаш қаласынан теңіз училищесін бітіріп келген. Омырауы түк-түк капитан бұлар тақағанда гүж ете түсті:

-- Привет, юнга!

– Ассалаумағалейкум, капитан! – Олар жарыса қол бұлап, тіл қатты. – Сәлем, Серік!

– Сәлем, достар!

– Кәне, шалманы лактырындар.

– Асықпандар, екінші рет қатынауға тура келеді.

Түс-тұстан шыққан дауыстар. Серік пен бейтаныс бала окшауырақ өзара күбірлесуде. Қаптаған шляпаның арасынан колхоз бастығын ғана қырылдаған үнінен еркін ажыратты. Жанындағы шолақ жеңді кара көзілдірікке әр нәрсені тәптіштеп жатыр.

– Бұлар Шешенхан Бекбаев, Мендіғалы Жұмабаев деген балықшы жігіттеріміз. Және бір серіктері бар— Тілеулес Ақпаев. Үшеуінің де теңізде еңбек етіп жүргеніне екінші жаз. Шетінен үлгілі де озат. Үлкендерге әжептәуір қолғабыс көрсетуде. Былтырғы табыстары да жаман болған жоқ. Алдағы

жылдан бастап өз алдарына жеке оқушылар бригадасын құрмақшы. Әзірге тілектеріне рұқсат бермедік. Өйткені тулаған толқында балық аулаудың оңай еместігін өзіңіз де жақсы білесіз. Теңізде тек жүрекжұтқан батырлар мен күштілер, өз ісіне шебер ептілер мен ерінбейтін нағыз еңбекқорлар ғана қалтылдамай еңбек ете алады.

Мақтағанды кім жек көрсін. Екеуі де төбелері көкке жеткендей болды. Жымын-жымын... Бірін-бірі айтпай-ақ іштей түсінген. Өзгелерден бұрын Сомбреро мен Серіктің естігеніне қатты қуанды. Көзілдірікті кісі де риза. Басын жиі-жиі шұғып, басқарманы қош көңілмен тыңдаған сияқты. Мүмкін, ол да үлкен қызметкер шығар. Қасындағы ұзынтұра да қосыла мақұлдады емес пе.

— Жарайсыңдар! — деп жатыр бәрі де жарыса.

* * *

— Баскарма ғой.

— Қасындағы көрген адамым. Ұмытпасам — аудан басшысы, аты-жөні — Әбікен Оспанов.

— Е-е... бірінші дәудің өзі де.

— Анау, екеуі де ауданнан болғаны ендеше.

— Әне бір орыс қазақшаға ағып тұр ғой!?

— Шынымен-ақ танымадың ба? Әлгі брезент такси жүргізетін Борис емес пе? Соған ұқсайды, жөндеп қарашы.

— Бәсе, өзім де анадайдан шырамытып едім...

Өре көтерілген балықшылар қауқылдасып, жапырыла қонақтарды қарсы алуда. Дабыр-дұбыр жөн сұрасқан. «Тең теңімен, тезек қабымен» демекші, лезде тіл табыса қалған балалар сытылып бөлектене берді. Ұзақ уақыт жүздеспеген жандарша Шешенхан мен Мендіғалы сыныптастарын орталарынан жібергісі жоқ. Достар құшағы ерекше күйге түсірген Серік те әдеттегі бұйығы мінезін ұмытқандай, емен-жарқын сөйлеп отыр.

— Тілеулес кезекті торымнан әлі оралмады дейсіңдер ме? Кімге серік боп жүр өзі?

— Ақсымбаттың атасымен бірге жүр. — Мендіғалы мысқылдай сөйледі. — Тарамысыңның ішкі есебін сезген шығарсың. Қалайда Мақан шалға ұнау ғой ойы...

Мендіғалының сөзіне мән бермеген Серік:

— Ал, сендер мына Мәлікпен танысып қойыңдар, — деді

байсалды үнмен. — Сонау Үштөбеден папасымен бірге біздің Балқашқа әдейі келіпті. Ертендер қайтпақшы.

Қос кішкентай балықшы кезекпен қол ұсынған.

— Әкесі қайсысы? Кім болып істейді?

Мәлік үшін кішкентай «баскарма» жауап қатты. Жіпсік көзі одан бетер сығырайып жұмыла түскен. Маңайына маңғаздана, қуақылана қараған ол:

— Өздерің біздің ауданның бірінші басшысы Әбікен Оспанович Оспановты шынымен танымайсыңдар ма?

— Жанағы көз әйнекті-ау, шамасы.

— Иә.

— Oh-o-o... Дөкейдің баласы де, өзі қазақша біле ме?

— Неге білмесін, қазақ мектебінде оқиды. Бізбен түйдей құрдас. Нағыз суретші. — Серік масаттана бас бармағын шошайтты. — Түрлі түсті бояумен салған суреттерін көрсендер. Тандайларың тақылдар еді шетінен.

— Ал, анау жирафын кім? Ол да Үштөбеден, ауданнан ба?

— Аршылған қияр-ау, мұнынды естімесін о кісі. Алматыдан келе жатыр. Жастар газетінің тілшісі екен.

— Журналист пе, сонда?

— Тілші деді ғой саған, не, сенбейсің бе?

— Иә, газетте істейтін көрінеді. Сендер жайында да жазбақшы. Аты-жөндерінді, өткен айда қанша балық аулағандарынды... Жынғылдықайырдың суретіне дейін... бәрі-бәрін сыпаттап, қойын дәптеріне түртіп жазып алғанын өз көзіммен көрдім...

...Мәлік ыңғайсызданған. Сомбреросын көзіне көлегейлей берді.

....Шешенхан үн-түнсіз. Ертедегі грек ойшылдарының бейне қоладан құйған мүсініндей оң қолының алақанымен иегін тізесіне тіреген күйі отыр.

....Мендіғалы «суретшілердің иықтарынан тастамайтын мүлігі осы болады» дегендей этюдниктің о жерін бір, бұ жерін бір қызыға шұқыған.

Шынымен Шешенхан табанда жаңалық ойлап тапты:

— Эврика! Мынауски идея! — Ол табанына тікен кіргендей безілдей жөнелді.

— Біреулердің сөзін қайталамасаншы.

Бұл— Серік Архимедтің әйгілі «Эврикасынан» бұрын, өзінің төл «мынаускиін» қорғаштаған еді. Әрі «ұялған— тек тұрмастың» кері. Сөзінің арасына аздап «мынаускиді» қыстырып

жіберетіні бар. «Қай-қайдағыны еске түсірмесе, іші кебеді осынын...»»

— Сонымен, Шіренім, не ойлап таптың? Бүгежектемей ойындағыны айтсаңшы, — деді Мендіғалы мың салса бір баспайтын маңғаз мінезіне басып.

— Айттым ғой, мынауски! Егер Мәлік ертең кететін болса, давай онда оған Ұялықөлдегі аккумулярды көрсетейік. Кешкі салқынмен қалың құрақты жарып, тура тіке үстінен түспейміз бе? Ал, Шайтанарал сапарына бұл жолы үлгермеспіз.

— Ғажап идея! Мен де тірі аккумулярды жанынан тамашалаған емеспін. — Серік жанындағы Шешенханды мейірлене құшақтады. Иненің жасуындай кірбіңсіз пәк көңілдер бұралқы әзілдерін де ұмытпайды-ау. — Дегенмен, сенің мына «аскабағың» кейде дұрыс ойлайды осы.

Мендіғалы да жоғарыдағы пікірді құптаған.

— Төтесінен тартқанымыз жөн. Төрт-бес сағатсыз орала алмаспыз.

— Мә, Мәлік, басына киіп ал. — Шешенхан умаждалған телпегін ұсынды. — Данғарадай мына пәленнен аккумуляр үркіп жүрер. Акку — киелі құс. Оны ешқашан да атуға болмайды. Ал запыс шеккен қасиетті құс бауыр басқан суына қайтып оралмайды екен.

Қолындағы телпекті ұстаған қалпы қазықтай қатып қалған Мәлік жалғыз ауыз сөзді айрықша толқып айтты:

— Рахмет!

Әлденені ұмытқандай Мендіғалы тағы да килікті.

— Әй, пысығым, Тілеулесті қайтеміз? Уәдені бұзбақпыз ба?

— Қиналма, достым! О жағын да мына «аскабақ» алдын ала тастай ойластырып қойған, — деген Шешенхан басын жымындап шертіп қойды. — Жолға дайындалғанша сәл-пәл күтеміз. Кешіксе қара қайықты қантарып, таң асыратын темір қазықтың басына мән-жайды түсіндіріп, бір жапырақ «Молния» қыстырып кетеміз. Мақан ақсақалдың ақшаның түсін болмаса, хәріп танымайтынын өзің де жақсы білесің. Құпия жолдың схемасын екі-ақ сызықпен көрсетсек жетіп жатыр. Кеудесінде шыбын жаны болса Тарамысын бір минөт кідірмес. «Сүржекеймен» бізді соңымыздан қуып жетеді...

Қырға шыққалы жел қағып, күн қақтаған Мәліктің күренітіп, тотыққан жүзінен қуаныш табын аңғару оншалықты қиын емес. Шоктай жанған мөлдір қара көздері, ең ақыры, жымынып езу тартқаны да көп сыр ұқтырғандай. Алақандай

қойын кітапшасы мен жалғыз қарындашын төс қалтасына қыстырған ол этюднигін тырбиған жыңғылдың дініне сүйей салды. Кей сөздерді жете түсінбеген, жұмбақ. Әйтеуір «аккумулярға барамыз» дегенді естігенде тағатсызданып тұра алмаған. Жана таныстарының ниетіне риза. «Шындығында жақсы достар! Ауызбірлікті де мейірімді. Бірінің айтқанын бірі бұра тартпай, байыппен тындайды. Іс-әрекеттері де ересектерше. Өздерінің капитаны Шешенхан секілді, соның ынғайымен жүреді көбіне. Әне, капитан...»

Әуелі кісі бойын жасырар көк құрақтың сыбдыры, артынша ысқырық естілген. Мәлік бұқпантайлап қол бұлғаған Шешенханға қарай жүгіре жөнелді. Бүйірден қосылған Серік пен Мендіғалы да қайыққа жетіп құлады.

– Кеттік! Енді бұдан әрі бөгелуге болмайды. – Капитан қолындағы ұзын сырықты суға бойлата тіреп, қайықты қақпайлай қалың қамыстың арасындағы ашыққа бұрды. – Мендіғалы, мына ескекті ұста. Кезектесіп есерміз. Мәлік пен Серікті күйрек қанаттағы орынға өткізіп жіберші. Сонда қайықтың басы көтеріліп жақсы жылжиды.

Төнірекке елпілдей құмарлана қараған Мәлік пен Серік санқылдап отыр.

– Қандай тамаша, теңіз суреті! – дейді Мәлік таңырқай.

– Ешқашан жалықтырмас, сірә!

– Мынау ски екен. Сен келмегенде маған бүйтіп сайрандау қайда?! – Серік көңілінде жүрген мұнын ашып салды.

– Неге?

– Әжем әсте аяғымды бастырмайды. Ылғи қараспанды төндіреді де отырады.

– Сонда не дейді?

– Теңізде күнге күйіп, аяқ-қолың тілім-тілім боп жарылып, арып-ашып қайтесін. Оның үстіне суға кетіп қап жүрерсің дейтіні бар. Қолды сілтеуге... бірақ әжемді ренжіткім келмейді.

– Үлкен кісілердің бәрі бірдей-ау осы.

– О, арғы жағындағы қасқалдақты қара.

– Көне?

– Сүнгіп кетті, қазір қайтадан көрінеді.

– Е-е... Тіпті өріп жүр ғой өздері. Міне, қайықтың дәл тұмсығынан тізіліп тағы да төртеуі шықты.

Орындарынан кезек-кезек ұшып тұрған Серік пен Мәлік күс көрмегендей ерекше елпілдеген. Қатты шайқалған қайық

калт-күлт тенселіп барып, әуелгі калпына әрен келді. Ескек құлағындағы Мәндіғалы ақырын ғана ескерту жасады:

— Қайықты аударып жіберерсіңдер, желпілдеген мына түрлерінмен. Тыныш отырындар.

— Құс базарына да жақындадық. — деді Шешенхан. — Күр бекерге дабырлап, балапан басып жатқан құстарды шошытып алмайық. Әр қопанын, әр қоғанын түбі — ұя. жыпырлаған жұмыртқа. Сондықтан да бұл жерді, суға сүңги түскен осы камысты түбекті алғаш ашқан үшеуіміз, бірауыздан «Ұялы-көл» деуге ұйғардық. Аралдағы өзге балықшылар хабарсыз. Құстардың, әсіресе аккумулярдың ұяларын қалай әзірлеп, жұмыртқаны қалай басып, балапандарын қалай шығаратынын арнайы бақыламақпыз. Тәжірибеміз бірнеше тармақтан тұрады. Жалғыз аккумуля емес, әрине, басқа құстарды да жаз бойына қадағалап, өзімізше «зерттемекпіз». Әрі мұнымызды бөтен жанға сездірмеуге уәде еткенбіз. Содан бері екі-үш күнде бір жұбымызды жазбай келіп тұрамыз осында.

— Бұл ойларын өте жақсы екен. «Табиғатта бәрі де бар. Оны табиғатпен етене достасқан алам ғана біле алады. Табиғат кітабы — адам үшін саркылмайтын қайнар көз» деген ғой орыстың атакты табиғат жазушысы Пришвин.

— Шындығында, Мәліктің бұл айтқаны дұрыс. — Серік қонақ баланы коштап қойды. — Достар, сендердің мынауски қылықтарына қатты қызығып, тәнті боп отырмын. Жасыратыны жоқ, мүлдем күтпеген едім. Жападан-жалғыз ауылда сенделіп бос жүргеніме ұяламын.

Ну сары камысты қак жара бұлын-бұлын ілгері тартқан өзекшенің арнасы кени түскен сайын, ерсілі-қарсылы жөнкілген құстардың қарасы да, түрі де көбейген. Қайық баяу жылжиды. Ескектің майла шолпылына сан құбылта салған құстар әні қосылып, теңіз пейзажын ажарландыра, жандандырып жіберген еді. Мәлік үшін бәрі тансық. Қойын дәптеріне қара қарындашпен лезде бірнеше нобайлар түсірген.

— Натурадан жасаған наброскаларымды кейін асықпай акварельмен қайта саламын. Бұл штрихтарды үлкен картинаға да пайдалануға болады. Кейін ретіне қарай көрерміз.

— Қалай аудармай салғансың, ә?! Мынауски!

— Қайсы?

— Мәлік, бізге де көрсетсенші.

Мәндіғалы мен Шешенхан да мойындарын созып, әлсің-әлсің жарыса үнілген. Қайық үстінде отырған өздерінің

кескіндерін, әр түрлі құстардың суреттерін көргенде еріксіз таңырқады.

– Ұқсайды. Бояу болса, тіпті қатып кетеді ғой.

– Нағыз суретші де осындай-ақ шығар. Тамаша!..

– Айттым емес пе, таңдайларын тақылдайды деп...

Серіктің сөзін бөлген Мәлік оны иығынан жұлқып қалды. Алақанымен аузын жауып белгі берді, «дабырлама». Капелімде еш нәрсеге түсінбеген ол сұраулы пішінмен иегін көтерген. Сұқ саусағын шошайтқан Мәлік:

– Дегелек, – деді.

Сонда барып көзі түсті. Қол созымдай ғана жерде әп-әдемі аппақ құс жалғыз сирағына сүйеніп бейқам отыр. Сескенер сынайы байқалмайды. Сәл беріректе су бетінде қалқыған жартыкеш ағаш түбіріне қонақтаған, тұрқы биік құстың қасық тұмсығына дейін ап-анық көрінеді. Оннан астам сары үрпек балапанын соңынан шұбыртқан шүрегей үйрек қайықтың алдын кес-кестей өте шыққан. Еш қаперсіз-ау... Жалма-жан сурет кітапшасын парактаған Мәлік қарсы алдындағы табиғат көрінісін көшіре бастады. Асыққан кезде жыртылған екі-үш парак қағаз суға ұшып кетті. Баяу сырғыған қайықтың қозғалғаны да білінбейді.

– Әйтеуір, салып үлгердің бе, Мәлік? – Ескекті Меңдіғалыға қайта ұстатып Шешенхан қайық басына өрледі. – Жаңағы дегелек те, ләйлек те емес... аққұтан... Білдің бе? Қасық тұмсықты құсты да тұнғыш көрулерің шығар. Ол – қалбағай. Үйректердің алды балапандарын өрбітіпті. Енді мына жасыл тұмсықты айналсақ, Ұялықөлдің аккумулярын тамашалайсындар...

Алтыншы тарау

• *Қазық басындағы хат* • *«Сұржекей» жебедей ұшып келеді* • *Достың ыстық құшағы* • *Сұңқылдақ аққудың ұясы*

– Тілеулесжан, әбден шаршадың-ау! Ендігі шаруаны өзім-ақ асықпай реттеймін. Маған аландамай, бара бер. Тамағыңды ішіп, демалшы өзін.

Мақан ақсақалдан бұрын жағаға лып етіп секіріп түскен Тілеулес:

– Ата, арқанды лактырыңыз, – деді қолын созып. – Күн-дегіше қатырып нокталайын.

Ұзына бойы тартылған темір кермеге үлкенді-кішілі қайықтар қаз-қатар тізілген. Өңкей бәйге аттарындай сап түзепті. Ол бір қарағанда-ақ балықшылардың теңізден түгел оралғанын байқады. Тек үнірейіп қара қайықтың орны бос тұр.

– «Смелыйың» бүгін біздің қонақ десеніңші, зәкір тастапты ғой.

– Кімдер келді екен? – Кендір арқанды саумалдай темір шығыршықтан өткізе бергенде, Тілеулес қазық басындағы бір жапырақ қағазды көрді. Бүктеуін жазып, көз жүгіртті. Естіртпей өзіне-өзі күбірледі. – Таппайтын пәлелерін болсайшы.

– Неғылған қағаз, шырақ?

– Жәй, әншейін.

– Ал, жүре бергейсін. Дамылдап алғаннан кейін, анау жыртылған аулардың тесігін өзім-ақ жамап тастармын.

Тілеулестің күткені де осы. «Аңкылдаған аңқау бала-жүрек қартым-ай! Адамдардың бәрі өзіндей болса...» Аяқтағы резенке етікті лақтырып тастаған ол құрақтың арасына жасырған «Сүржекейге» (қолдан құрастырып жасап алған жеп-жеңіл қайықты осылай атап кеткен) жеткенше, суыт хабарды тағы да оқыған:

«...Күте-күте шыдамымыз таусылды. Біз Ұялықөлдегі аккумулярға кеттік. Төтелей, тездетіп жет. Ешкімге сездірме...

Мәлік, Серік, Мендіғалы, Шешенхан».

Құпия жолдың картасын да белгілепті. Әй, Шіренім, сенен басқа кімнің ойына келсін. Жазу да тура сенікі. Серіктердің «Смелыймен» келгені белгілі. Әлгінде өзім көргем. Сонда, Мәлігі кім? Біздің ауылда жоқ есім. Мені қызықтыру үшін өтірік жаза салды ма? Әлде, Серікпен бірге Жағыпар жүр ме екен? Көрші тұрады...

Қара қайықтай емес, «Сүржекей» жебедей ұшып келеді. Көзіне тығылған ұйқысын да, қос білегінің сарсылып талғанын да ұмытып кеткен. Ойы – Ұялықөлге тездетіп жету, төртінші бейтаныстың кім екенін білу. Еңкейген күннің кешкі сәулесі су бетінде ойнайды. Қамыс біткеннің көленкесі сорайып-сорайып шалынады. Маса мен шіркей де шыға бастаған. Құлаштап ескен қайық жеп-жеңіл сырғиды. Жол-жөнекей ескектің сабына түйетабан қаңбақтар шырмауықша оралып түспей қойғаны. Ескекті ұңғысынан көтере шөп-шаламнан тазартып, қайта қоюын күткендей-ақ қоғаға жабысқан екі жапырақ ақ қағаз қалып бара жатты. Еңкейген бойы жалма-жан саусағымен іліп алды. «Әлгілер тастап кеткен «листоктар» шығар. Басқаша не дерсің?...» Қос парактың бірі су-су,

ұстамастан іріп, жыртыла берді. Екіншісіне көзі түскенде аңырып қалды. «Қолдан салған сурет. Әй, мына батырларын Шешенхан мен Мендіғалы ғой. Қайықтың үстінде шіреніп отырыстарын қарай гөр! Акқұтанды да бейнелепті... Сонда суретті Серік салған ба? Әй, қайдам? Жок. Ол кез келген суреттің өзін журналдан бастырып көшіре де алмайды. Бұл – мен білетін Жағыпар да емес. Демек, Мәлік деген бейтаныс бала болғаны рас. Жылжыған қайықтың үстінде анау-мынау суретті сүйкей салу екінің бірінің қолынан келмесі анық...

– Тілеулес! Тілеулес!

– Қайтсе де келеді дегенім қайда?!

– Сәлем, Тарамыс!

Мүйісті айналғанда-ақ естілген дауыстарды жазбай ажыратты. Алғашқылары – Мендіғалы мен Шешенхан. Соңғы шыққан шінкілдек – Серік сыныптасы. Артына қарап қол бұлғаған ол ескекті құлаштай сермеп, «Сұржекейді» құлдырандаған құлындай ойнатты.

– Көрдіндер ме, қалай зуылдайды!

– Нағыз спорт қайығы – скиф, – деді Мәлік көз алдындағы лыпылдаған қайыққа қызыға қарап.

Жағалаудағы шок қамысқа екпіндеген күйі бас тіреген Тілеулес ескекті тастай салып, Серікке құшақ жайды.

– Сенің де бізді іздеп келетін күнің болады екен-ау!

– Неғып кешіктің? Мені күтпеген шығарсың, ө? – Серік қауышқан құшағын жазды. – Қатар жүргенде бір-біріміздің қадірімізді онша түсінбейміз-ау. Айтпақшы, сен мына Мәлікпен танысып қой.

– Мәліктің суретімен де таныстым, – деп ол жалғыз жапырақ қағазды ұсынды. – Міне, екеуінді айнытпай, қатырып салыпты. Жаңа тауып алдым, суда жатыр екен.

– Бағана қолымнан түсіріп алғанмын, – деді Мәлік ақырын ғана езу тартып.

– Бүгін ауды Құстұмсыққа ауыстырамыз деп мүлдем дінкеледік. «Молнияларыңды» көргеннен кейін бәрі естен шығып кетті. Ешқайда мойын бұрмастан зыттым-ау...

Шешенхан елең ете қалды:

– Әй, Мәқан ақсақалдың сезімталын-ай! Ертен Құстұмсыққа орын ауыстыратын шығармыз деген еді Әшекен. Әттеген-ай... Тақырға отырғызып кеткенін қарашы мыналардың. Амал жоқ, енді біз ауды Байсейітке құрамыз.

– Балқаштың суы сарқылмай, балық таусылмас. Кез келген қойнауға ауды құрып, су ризығын ала бермейсіңдер ме?

Бірақ... Біздің Мәкен тәрізді балықтың қай жерден шығатынын дөп білу қайда? – деді осы сәт Тілеулес мақтанып.

– Өстіп, тәжікелесіп тұрасындар ма? Бұйырғанын көрерміз. – Мендіғалы үлкендерше сөз саптады. – Пешенеге жазғаны қусан да кетпейді. Одан да көз байланбай, аккумулярдың ұяларын қарап шығалық. Тіпті бүгінге дейін қаншасының жұмыртқа басып жатқанын да білмейміз. Ата аккумуляр ысылдап, айбар шегіп маңайына жолатсайшы. Байкамаса топшысымен соғып, майып етуі кәдік. Қандай амалын тапсақ екен, осы?!

– Сәл шыдаңдар, мен бір жаңалық айтайын.

– Тілеулес, қойшы! Тағы да балық па? Кейін айтарсын балығыңды.

– Текке қакпайлама әрі айтпағым балық туралы емес. Мүлдем басқа нәсте.

– Ендеше тыңдайық.

– Ал, Тарамысым, құзырына құлдык! Құлағымыз сенде, сөйлегін...

– Шешенхан, осы сен бұл әдетінді қашан қоясын. Шымшымасан көңілін көншімейді-ау... Мәкан ақсақал аккумуляр жайында көптеген қызықты әңгімелер шертті.

– Е-е... Бағанадан өстіп сыздамай ашық айтсаң нетті, сенің ішіндегені бал ашып табамыз ба?

Достары мұрсат берген соң Тілеулес еркінсіп, жан-жағына маңғаз көз жүгіртті.

Жүріндер, әнеу-у бір қалың қоғаға жантаяйық. – Өзі бірінші болып көрсеткен жерге барып қисайған. – Егер, Мәкан атаға сенсек, жер бетінде аккумулярдың оңға жуық түрі бар дейді. Сонын төртеуі біздің еліміздің теңіздері мен көлдерінде кездеседі. О кісі бұйдейді: «Шымқай қарасы Апыстралида (Австралия дегені) тіршілік етеді. Әлгі не деуші еді, баласын қалтасына салып жүретін хайуанын да сол мәңгі жасыл елде өмір сүрмей ме? Қазит пен журналдар жазған жоқ па?...» Шалынды хат танымайды деуіміз күр бекер екен. Мен білмейтін кейбір деректерді айтқанда өзім қатты қисылдым. Мәселенки, біздің Балқаштағы мына көз алдымызда қалқып жүрген күс төресі аккумулярдың қай түріне жатады? Ешқайсының да білмейтінің рас қой...

– Шынында, қай түріне жатады екен?

– Сөзін бөлмеші, аяғына дейін тыңдайық та.

Табиғаттың кішкентай жанашырлары ауыздарын ашып, құлақтарын түріп, бұрынғыдан бетер ынтыға түсті. Сұраулы

кескіндері сәт сайын құбылып, амалсыздан іштен тынған. Тілеулес іркілген жоқ. Үзілген әңгімесін қайта сабақтады.

– Әншейінде зер салып, назар аудармаймыз ғой. Әрине, мұнымыз жақсы қасиет емес. Қазақстанда аккумуляцияның екі-ақ түрі – Сыбырлауық аккумуляция және Сұңқылдақ аккумуляция мекендейді. Өзіміз тамашалап жүрген аккумуляция Сұңқылдақ аккумуляция көрінеді. Ұясын қамыс пен қоғаның арасына жасап, көбіне төрт, алты жұмыртқа салады. Балапанын отыз бес, қырық күн аралығында басып шығарады екен. Бүкіл ғұмырын теңізде өткізіп келе жатқан Мақан ақсақал аккумуляцияның тіршілігін қатарынан бірнеше жыл бақылапты. Балапанын әлденеше рет қолға үйретуге тырысканымен, көнбеген. Ал Сыбырлауық аккумуляция – аса көрікті де сұлу. Мойнын әдемі иіп, тұмысығын су бетіне қаратып жүзеді. Өзі қолға үйретуге өте көнбіс дейді. Зоологиялық бақтар мен қала ішіндегі шағын көлшіктерге әсемдік үшін өсірілетін де аккумуляцияның осы түрі екен.

Мақан атаның айтуынша: «Сұңқылдақ аккумуляция суда жүзгенде үнемі мойнын аспанға қарай тік созып ұстайды. Сұңқылы соншалықты сазды, тұла бойынды шымырлатады. Ұябасарының кешкі мүлгіген тыныштықта бір мезгіл сейіл құрып, бой жазатыны бар...» Демек, осындай ұрымтал сәттің орайы келіп тұр. Сәл-пәлден кейін қайықты осы жерге қалдырып, алдымыздағы шок қамысты жағалай бергі шеткі ұяға жақындайық. Айдынға шыққан аккумуляцияның қарасы сол тұстан анық байқалуы тиіс. Асықпайық. Ең құрығанда екі-үш ұяны көзбен көргеніміз жөн. Кейін тұрақты қадағалауымызға да дұрыс болар еді.

– Тілеулестің сөзінің жаны бар. Бұл менінше үлкен кісінің, Мақан атай дедіндер ме, сол кісінің өмірден көріп, түйген тәжірибесі, – деген Мәлік өз ойын білдіріп. – Өз басым аккумуляцияның қандай түрі болатынын, олардың бір-бірінен қандай ерекшеліктері барын да білмеуші едім. Жалғыз мәрте Алматыдағы хайуанаттар паркінен қара аккумуляция тамашалағаным есімде. Бірақ оның қай жерді мекендейтініне мән бермеппін... Аккумуляция туралы ел арасында ертеден келе жатқан түрлі-түрлі аңыздар мен ертегілер де көп емес пе?!

Осы кезде Мәліктің ойын аяқтатпастан Тілеулес киіп кетті.

– Айтпақшы, Ақсымбаттың да есімін аккумуляцияға байланысты қойыпты. Оны да Мақан атаның өзі айтты. «Боташымның дүниеге келген күні әлі есімде. Неге ұмытайын? Кішкентай немереңіз аккумуляциядай сымбатты, аккумуляциядай сүйкімді. Тіфә... Тіфә...

Сәнитәр қыздың күлім қаққан қуанышты жүзі көрі жүрегімді елжіретіп жіберді. Ендеше боташымның аты — Ақсымбат болсын дедім...»

— Болашақ атаң өзіне жасырмай бүкіл ішкі сырын ақтарыпты-ау.

— Иә... Тарамысың бәрімізден озайын деп тұр.

— Мәкең байғұс мұның Ақсымбатты өлердей жақсы көретінін қайдан білсін?!

— Жетер... бос қылжақтарыңды, қойындаршы осы!

Жарыса жырқылдаған Шешенхан мен Меңдіғалының одан әрі қылжақтауға мұршалары болмады. Оқшауырақтағы түйдек-түйдек қопаны тасаланған Серік:

— Бері жақындандар, — деді сыбырлай. — Ұябасар шықты. Әне-е... Көрдіндер ме? Үркітіп алмайық...

Ауыр қалқыған сынар аққу тұмсығымен су сүзген күйі әлденеден секем алғандай ұзақ айналсоқтады. Әріректе топ-топ ата аққулар жүзіп жүр. Қалың камыстың арасынан қос қанатын қағып-қағып сілкіне көтерілген және бір ұябасар суға түсті. Артынша айдындағы серіктеріне қарай тартты. Манайына сақтықпен қарағыштаған алғашқы аққу да жағалаудан алыстай берді, ұзай берді.

Шаршап, шалдығып жеткен қызыл Күн теңізбен сағынып көріскендей, суды сүйе құлаған. Кешкі жалқын сәуле аққулы айдынның бояуын бұрынғыдан бетер түрлендіріп, ерекше құбылтып жіберген еді.

— Достар, мынау ски пікір, егер мені қоштасаңдар.

Серік өз-өзінен қысылыңқырап, бүгежектеген. Сөзінің арасына «мынау скиді» қыстырмауға тырысып-ақ бағады. Сөйтседағы бұл құрғырдың көмейінен қалай ытқып кеткенін өзі де байқамаған. «Қыран-топан күлкінің тиегі ағытылма-са...» Абырой болғанда, бар жайды ынтыға қадағалап отырған құрдастары елең қылған жоқ.

— Айт.

— Не айтайын деп ең?..

— Келісіп пішкен тон келте болмас деген.

— Ендеше, былай етелік. — Ол бойын шоқ камысқа жасыра орнынан тұрды. — Тездетіп бергі екі ұяны ғана көрейік. Аққулардың сақ екенін сезген шығарсындар. Тектен-тек шошытып алармыз. Ең бастысы — қос ұядағы жұмыртқаларды білу.

— Иә, көзбен көргенге не жетсін.

Мәлік құптай ілгері жылжыды. Мендіғалы мен Шешенхан жыныс қамыстың ішімен қапталдаса алға озды. Ондағы ойлары: шұбырып із тастамау. Ұяға бірінші боп жеткен Тілеулес:

— Жұмыртқаға кол тигізбендер, — деп ескерту жасады. — Үлпілдек мамықпен әдемілеп, көлегейлеп жапқанын қарай гөр.

— Жұмыртқасының үлкенін-ай! Қаздыкінен де әйдік екен!

— Өзі нешеу?

— Төртеу ме деймін.

— Жо-ға, бесеу секілді. Шетіндегіні мүлдем бүркеп тастапты.

— Рас... Ұясының мұнтаздайын қарашы. Шебердің өзі мұндай жасай алмас.

— Тегінде, құстар мен жәндіктер тамаша архитекторлар ғой. Бір ғана мысал. Көз алдыларына араның алуан қырлы ұяларын, әйтпесе өрмекшінің айшықты торларын елестетіп көріңдерші. Ал қарлығаштың ұясы қандай әдемі. Біздің қалада қарлығаштар, тіпті, балконға да ұя салады. — Мәлік білесіңдер ме дегендей, жан-жағына назар аудара қарады. — Нағыз геометрия, нағыз ою-өрнек! Басын жетпейді-ау, сырына. Кіпкішкентай жәндіктердің тіршілігі бұл. Тілсіз мақұлықтардың ойланбай жасаған осынау енбектерін қазіргі сәулет өнерінен жиі кездестіріп жүрміз. Ғажабы сол — адамдар бәрін ойлап, белгілі бір мақсатпен істейді... Жарайды, уақытты соза бермейік, келесі ұяны капитан мен Тілеулес көріп келсін. Ұядан ұяның айырмашылығы жоқ. Бұл жерде топталып тұрмай, біз қайық басында күтейік. Аққулар да бері ойысқан тәрізді.

— Өте дұрыс.

— Менің орныма Мәлік барсын. — Тілеулес кейін шегінді. — Ертең қайтады... ал біз осындамыз. Амандық болса, әлі талай келеміз.

Қас қарайып, ымырт жабылған шақ. Кешкі тұнық тыныштық билік жүргізе бастаған. Ыстық мекендеріне оралған қанаттылар түс-тұстан қамысты жағалауға құлап жатыр. Әлдеқайдан үздік-создық кемеңнің сиренасы талып жетті. Аяқтарының ұшымен жүрген Мәлік пен Шешенхан да көп кідірмеді. Келе ескекке жармасқан Шешенхан:

— Естідіңдер ме жанағы «Смелыйдын» гудогын? Екінші ұядағы аққу жұмыртқасының біреуі кем. Сонымен мұнда жиі келгіштегенді доғару керек. Араға төрт-бес күн салып бақы-

лап тұрсақ та жеткілікті. Мәлік, сен Тарамыспен бірге «Сұржекейге» отыр. Қалай ұшқанын көргейсің!

Ой тұңғиығына шомған Серік қос ескектің құлағындағы Мендіғалы мен Шешенханның кимылдарына, іс-әрекетіне сүйсінген. Үн-түнсіз... құлағы зыңылдағандай. Иә, осы жолы кеме гудогы ап-анық естілді. Әкесінің мазасыз кейпі де көз алдынан көлбендеп кетпей қойған.

— Бізді шарқ ұрып іздеп жатқан болар.— Оның күбірін ескек шолпылы естіртпеді.

Жетінші тарау

- *Күтпеген сюрприз* • *Туған жер— алтын бесік*
- *Кішкентай жиһанкездер* • *Үкілі үміт*

Оқ бойы озып кеткен Тілеулес пен Мәлік аралға кіре берістегі қамыс қолтығында соңындағы қайықты күтті.

— Қандай жеңіл жылжиды. Зуылдайды-ақ!

— Ескі қайықтардың ағашынан үшеуіміз өзімізше құрас-тырып жасап алдық. Ал үлкендігі жағынан біздің Мекан ата-ның кара қайығына тең келері жоқ. Неше түрлі жаңа қайықтардың ешқайсысына жоламайды-ау. Айтатыны: ескі серігімді көзім тіріде неғып тастайын. Өзінің тесігі болса бір жөн...

— Нағыз конструктор екенсіңдер. Неліктен «Сұржекей» атадыңдар? Ол не деген сөз?

— Е, мұны қойып жүрген Мендіғалы. Оның атасы Жұмабай ақсақал тамаша атбегі кісі еді. Балықшылар тойы сайын жиырма, отыз аттың арасынан дара келетін қос бәйге аты— Ұшпакөк пен Сұржекейі бүкіл аудан көлеміне белгілі. Екеуі де шашасына шаң жұкпаған дүлдүл жүйрік. Ұшпакөкті тек қысқа қашықтыққа қосса, Сұржекей ұзаққа шабады. Жұмабай ата бәйгеге қосқанда аттарына үнемі Мендіғалыны мінгізетін. Аршылған қиярдың көмбеге бірінші болып келгенін талай рет көрдік қой.

— Охо! Нағыз жокей десенші. Ол аттар бар ма, қазір?

— Тұсаулы Ұшпакөкті белгісіз біреулер орға құлатып, мертіктірген болатын ертеректе. Ал Сұржекейді Жұмабай ата қайтыс болғаннан кейін ешкім баптаған да, бәйгеге қосқан да емес. Мендіғалының айтуынша, орталықтың жылқысында жүрген көрінеді. Өне, өздері де жетті.

Қапталдай жанаса келіп тоқтаған қайықтағы Серік Мәлікпен орын ауыстырды. Ол да «Сұржекейге» қатты қызық-

қан. Моншақтаған маңдай терін алақанымен сыпырған Шешенхан сапардың сәтті аяқталуына көңіл бөлді. Үнінде ерекше екпін бар.

— Сонымен, мынаған келісіп алайық, — деді ол. — Өздерін де көрген шығарсындар жана. Базар капитанның «Смелыйдың» діңгегіне трап тартып, ұшар басына көтерілуі күр әншейін болмас. Демек, бәрі де бізді іздеуде. Ұялықөздегі аккумулярға барғанымызды ешқайсымыз да тісімізден шығармайық. Сылтау: осы төніректе серуендедік.

— Бәсе, діңгектің бойымен өрмелегенді мен де байқап қалған едім, — деді Серік біртүрлі жалтақтай... Көкем ұрсағын шығар.

Қайықтарын жағалауға тастай салып, шатырға тасаланған бұлардың мойындары салбырап, шетінен сүмірейе бүкшиіп келген еді. Әйтеуір, үлкенді-кішілі айғайдың болатынын сезген жұдырықтай жүректері де дүрс-дүрс. Кеуделеріне сыйсайшы! Оқыстан шыққан дауыс одан бетер үрейлендіріп, орындарынан тұрғызған.

— Кәні, жиһанкездер, бермен қарай тақандар! Жігіт бастарыңмен неменеге жасырынбақ ойнап жүрсіндер? Қайда кеткендерінді ескертіп, жөндерінді айтпайсындар ма, одан да?!

Зілсіз бейтаныс дауыс. Бірін-бірі итермелей, жыбырлай жылжыған балалардың арасынан бірінші боп Мәлік мінгірледі: «Қорықпай-ақ қойындар, ол — менің папам. Ұрыспайды... Сонда барып, Шешенхан мен Тілеулес еркінсі ілгері озды. Жаңағы дауыс қайта естілді:

— Күн батқанша не бітірдіндер сонда? Сендерді сабылып іздеп, бей-берекетіміз кетті. Біреу-міреуің суға батып кетті ме деп қатты қорықтық. Амансындар ма, әйтеуір?

— Ағай, кешіріңіз. Қайық жарыстырып ойнаймыз деп кешігіп қалдық. — Шешенханның езуіне күлкі үйірілгендей.

— Суға кетіп қалатындай бізді кішкентай бала дейсіз бе? Теңізге тұңғыш рет шығып тұрған жоқпыз. Рас, ескертуді ешқайсымыз да ойламаппыз, тіпті есімізге келмеген.

— Иә, құлақтандыра салғанда, бұлайша әбігерге түспек ек. Қателігін мойындаған адамды өзім жақсы көремін. Ал еңбектеріңді үлкендерден естідім. Жарайсындар! Мәлікжан, қалай, балықшы достарың ұнады ма?

— Әрине! — Ол бөгелген жоқ.

— Дұрыс. «Қалтанда жүз сомың болғанша, жүз досың болсын» деген халық даналығы бекер айтылмаса керек. Міне,

ұлым, қанша дос таптың. «Ағаш тамырымен, адам досымен мықты». Бүгін Жыңғылдықайырдың қонағымыз. Сендерге арнап «Смелыйдың» палубасына жақсылап орын дайындап қойдым. Өздерің шүйіркелесіп, сонда жатыңдар. Кешкі тамақты да сонда, катерде жайғасып отырып ішесіңдер. Базар капитан: «Балықтың сорпасын қайнаттым» деген-ді әлгінде.

Қуаныштарын жасыра алмаған жиһанкездер жайран қаққан.

– Рахмет, аға!

– Бізді де ойлағаныңызға ризамыз.

– Достық туралы айтқандарыңызды да түсіндік. Өйткені біз – бала емеспіз дедік қой...

– Күтпеген сюрприз!

– Қандай рахат болды. Мынау ски! Әсіресе «Смелыйда», түнгі теңіз самалында ұйықтағанға не жетсін!

Өзара мәз болып тұрғанда дабырласқан топтың тықыры бірте-бірте жақындай түсті. Енді табан жалтыратамыз ба дегенде, Төкең басқарманын үйреншікті қарлығыңқы мақамы тежеді. Түрін көрместен-ақ таныды. Ашуы жібек орамалдың кепкеніндей, тез сейілетін әке мінезін өзгелерден бұрын Серік өте жақсы білсе керек. Әлгіндегідей емес, ол еңсесін көтеріп, бойын тіктеген. Тіл қатпаған қалпы.

– Е-е... Әбікен Оспановичтің өзі екен ғой «жоғалған батырлармен» әңгімелесіп тұрған. Қарашы. Табан астында тұңғықтан сопиып-сопиып шыға келген су перілеріндей тізілуін-ай өздерінің!..

Шешенхан-шірен күліп жіберуге шақ қалды. «Су перісін көріп пе едіңіз. Бізге ұқсай ма?» Серіктері де жымындасқандай, тыпырши қозғалақтаған. Бірақ... ауыз ашқан ешқайсысы жоқ.

– Жиһанкездермен сөйлесіп, барлық мән-жайға әбден қанықтым. Ағаттықтарын мойындап, өздері шетінен кешірім сұрады.

– Ақылы бар азаматтар дедім емес пе? – Бастықтың сөзін іліп әкеткен бұл дауыс Мақан ақсақалдікі. – Ешқайда ұзамайтыны маған жақсы мәлім. Алыстан келген қонақ балаға Балқашымның әсем табиғатын, алуан түрлі құстарын көрсетіп, мақтанған болар бұлар. Басқа несін таныстырмақ, несін көрсетпек? Ертең түске дейін Мәлікті торымға апарып, балықтың небір ғажабын тамашалатып жіберуді де ұмытпағайсыңдар. Қалаға барғанда көпке шейін жыр етіп айтып жүрсін.

Қайсын Мәліксін, ә? Бойларыңа қарасам – саптағы сарбаздардайсыңдар. Қаранғыда ажырата алсамшы.

– Мәлік, атаңа сәлем бер.

Әкесінің ескертуінсіз ынғайланып, окшауланған Мәлік түспалдай:

– Ассалаумағалейкум, Мақан ата! – деді қос қолын бірдей ұсынып.

– Әликісәләм, балам. Өй, өзін менің атымды да біліп алыпсың ғой. Дәу азамат бол, қарағым!

Мәкең мәз-мейрам. Бала көңілі тасқындап, ыстық лебізін жаңбырша жаудырды. Онымен қоймай Мәліктің тізесін бүктіріп, маңдайынан сүйіп жатыр.

– Уә, Әбеке, мен екі сөйлемейтін, айтқан сөзімде тұратын жанмын. Мына, Мәлікжанды ертеңгісін ау торуға өзім алып барсам қайтеді. Ренжімейсіз бе? Теңіз үстінде жүріп, балықшының негізгі кәсібін көзімен көрмей кеткені жарамас. Сіздер Қоржыннан оралғанша Тілеулес үшеуіміз иек астындағы Құстұмсықтан Мәтібейге балығымызды өткізіп үлгерерміз.

– Мақа, мұныңыз өте орынды ұсыныс. Ешқандай қарсылық жоқ, рахмет. Тіпті ойымызға келмепті-ау.

Тосын шешім жалғыз Мәлікті ғана емес, басқаларды да қанаттандырып жіберді. Бүйірден кимелегенді орынсыз санаған журналист те қара шалдың кесектігіне сүйсінген тәрізді. Балаларды бөгенкіреп, бірер сауалға жауап беруін өтінді.

– Мәлік, сен ертең теңіз көріністерін, балықшы балалардың өмірінен бірнеше суреттер салшы. Қайтарда ала кетейін. Мүмкін, газетке жаңа достарың жайында материал жаза қалсам, пайдаланармын.

– Бағанағы салған суреттеріңді көрсетсеңші. Қандай өдемі.

Тілеулестің сыбырына елендеген журналист шыдамады:

– Дайындарың болса, қазір алайын, – деді.

– Хасен аға, мына көп наброскалардың ішінен іріктеп, жарайды-ау дегендерін таңдап аларсыз. Қарындашпен салғам бәрін де. – Мәлік блокнотын ұсынды.

– Қандай жақсы болды. Қарындаштың үстінен қара тушыпен бастырса жанып кетеді. Ал жарайды, демалыңдар...

Суға бір-бір сүңгіп шыққан балалар жұптарын жазбас-тан «Смелыйдың» палубасына көтерілді. Бойлары салқындағандықтан ба, жоқ әлде ашық теңізде тұрғандықтан ба, жаңға жайлы қоңыр самал леп әлсін-әлсін лекігендей. Кеменің бас-аяғын атүсті шолған Меңдіғалы мен Серік люктен басын ептеп қылтитып шығарған Базарды көрген жоқ.

– Ой, сендерді күте-күте ішіміз пысты ғой.

Бейкам келе жатқан екеуі айғайлап, шегіне жөнелді. Өзін-өзі ұстай алмаған Базар қарқылдап күлді.

– Капитан!

– Қорқып жүргеніміз өзіміздің Базекен бе?

Қапелімде секем алып, үрпиісе қашқан бұлар да ішек-сілелері катқанша күлді. Дабыр-дұбырдың үстіне кимелей жеткен Тілеулес, Мәлік, Шешенхан еш нәрсені түсіне алмай анырған күйі люктің аузына жапа-тармағай үңілді. Не төмен түсерін, не жоғары шығарын білмей дал болған Базар да сос-тиып орнынан қозғалмады. Әлден кейін барып, күлімдей тіл қатты:

– Еріндер, менің соңымнан, өңкей далабездерлер. Тентіреп, не бітіріп жүрсіндер осы? Камбузға бара беріндер. Тамақ әзірлеп, сендерді күткенім қашан!

Трюм арқылы өтетін ұзынша дәліздің іші қаракөленке, сығырайған шырақтың болымсыз жарығы жылтырап қана шалынады. Соқыртеке ойнағандай бірін-бірі қолдарынан ұстап, өкшелей ас үйдің есігін ашқанда көздері шырадай жанды. Шырақтарға қосымша үстелдің нақ ортасына үлкен фонарь-шам қойылған. Жарыққа жиналған шіркейлердің арасында шыр айналып күйе көбелек те жүр. Бұрқыраған тамақ иісі танау жарады. Ішектерінің шұрылдағаны естеріне түскендей табақтағы қуырылған балыққа жапа-тармағай бас қойды. Күйдіріліп піскен сазанның сояудай сүйектерін саусағының ұшымен ебедейсіз тазалаған Мәлік балық жеп үйренбегендігін бірден байқатты. Шешенхан көз қиығымен-ақ жазбай аңғарған. Өзгелері... қанша айтқанмен балықшы ауылының балалары емес пе. Бидай ақтаған комбайндай, бір ұртынан тыққан балықтарының күлдей қылтықтарына шейін екінші ұртынан сүзіліп түсіп жатыр. Бейне балық жегіш машина!

– Қандай жақсы кісі.— Езуіне жабысқан қылтықты тілімен іздеген Мәлік сөзінің соңын жұтып қойды.

Шешенхан безек қакты:

– Ой, абайла, қақалып қаларсың. Балық жеп отырғанда әсте сөйлеуге болмайды.

– Өзің балық жей алмайды екенсін. Байқашы.— Мендіғалы сазанның қабырғаларын бөлектеп, оның алдына сырғытты. — Қолыңа қайдағы қылтығы көп тұқының құйрығы түсіпті. — Иә. біздің капитанға адам жетпейді. Қазір буын бұрқыратып балықтың сорпасын әкеледі.

– Мынаның үстіне енді уха ішеміз бе? – деді Мәлік таңырқап.

– Неге таңданасың. Бұл – қалаша айтсақ, екіншіміз ғой, бұдан соң біріншіміз бар.

Сөйткенше Базар буын бұрқыратып, бір шелек сорпаны көтеріп ішке кірді.

– Әбден суып қалыпты. Қайта бұрқылдатып қайнаттым. Кәне, Тілеулес, бір-бір кесені құйып, жалғап жібер. Уханы тегінде ыстықтай ішкен жақсы.

Ішіне ел қонған Серік пен Мәлік сорпаға марғау қол созды.

– Мақан ата қандай жақсы кісі, ә! – Мәлік әлгіндегі ой ұшығын тағы білдірді. – Алғашқы кездескен мезетте-ақ, сендердің әңгімелерің бойынша топшыладым. Батылданып атын да айтып жібердім. Қателеспегеніме қуандым іштей.

– Шындығында жақсы адам. Танертен балық торуға барғанда өзін де көрерсің. Көп үндемейтін сыры да мәлім болды. Аққудың қызығына түсіп, сендерге айтуға ұмытып кетіппін.

– Тілеулес, ол нендей сыр?

– Әй, шыдамсыз Шіренім, осы мінезін ұнайды. Әуеской, қызыққұмарсың-ау! Жарас деген ұлы бар екен. Маған суретін көрсетті. Бешпентінің ішкі қалтасына қабат-қабат орап, сақтап қойыпты, жұлым-жұлым сарғайған фотоны. «Кұлыным жиі-жиі түсіме кіреді. Сонда бір мезгіл онаша пәртіретіне қарап мауқымды басам. Соғыстан жіберген күнімнің жалғыз дана суретін жоғалтып алам ба деп те қорқамын дейді ол кісі...» Қалтасының аузын мықтап түйрегішпен түйреп тастапты.

– Е-е... құстың қанаты күйетін ыстықта ескі бешпентін пысынамай, шешіп жүрмей ме деуші едім. – Мендіғалының үні жарықшақтанып шықты. – Бәрі де соғыстың кесірі ғой...

– Достар, мынау ски идея, – деді Серік орнынан қозғала. – Ол суретті Мәлікке әдемілеп көшіртсек қайтеді. Кейін үйіне барғанда бояумен салып, поштамен жібереді емес пе.

Бағанадан үн-түнсіз бұлардың әңгімесіне құлақ түрген Базар капитан да шыдамады:

– Серіктің бұл пікірінің жаны бар. Бұған дейін Мақан ақсақалдың майданнан оралмаған баласы туралы мүлдем естімеп едім. Ұлының көртішкесін қалтасына тығып осыншама жыл қалай сақтаған?!

– Егер реті келіп, уақыт болса көрерміз, – деді Мәлік әдетінше салмақты үнмен.

— Макан ата ұстатса де ол суретті, — деді Мендіғалы күдіктеніп.

Елпілдеген капитан Тілеулестің бетіне қарады.

— Маринканың, кәдімгі қарабалықтың сорпасы. Өте тәтті, бір кеседен қайтала.

— Маринканы танимын, ал тұқы қандай балық?

— Мәлік, тұқы дегеніміз кәдімгі қарп кой. — Басқалардан ерек шапшандық танытқан Шешенхан жауабын сауалға айналдырып жіберді. — Біздің Балқашта балықтың қанша түрі кездеседі, осы?

Ілкі сәттік тыныштық. Балаларды ойландырған қиын сұрақ. Бұл жолы жұлқынып шығып, ешкім белсенділік көрсетпеді. Өзі білетін балықтардың аттарын іштей тізбелеген Мендіғалы бір кезде:

— Онға тарта, — деді сәл бөгелінкіреп.

— Соқ өтірікті. — Тілеулес сабаққа жауап бергендей орнынан ұшып тұрды. — Макан ата бір сөзінде «Балқашымда жиырмадан астам балықтың түрі тіршілік етеді. Ана шеті мен мына шетіне көзің жетпейді-ау, жетпейді. Кәтірдің өзі бірнеше күн жүреді емес пе. Осындай шалқар теңізді несіне «көл» деп жазған әлгі кітаптарына. Балқашта болмаған, Балқашты көрмеген біреу сүйкей салған да. Мейлі, жаза берсін. Бәрі бір, мен үшін Балқашым көк айдын, шалқыған теңізбен бірдей. Амал нешік, соңғы жылдары кемері төмендеп, тартылып бара ма деп қорқамын... Жағалауындағы қамыс та сиреп азайды. Балықтың түр-түрі де құрып кетпесе де...» деген-ді.

— Тілеулестің соңғы сөзі баршасын ойға қалдырған. Үн-түнсіз. Әлден кейін Базар жымындай, тыныштықты бұзды.

— Иә, Мәкен кателеспес. Енді сендер өздерің білетін біздің Балқаштың балықтарын шетінен аттарын атап, тізіп көріндерші.

Ол саусағын бүге бастаған артынша. Кезек күтпестен шуылдаған бұлар ө дегенде-ақ өздері көрген, естіген, білетін балықтарын айтып шықты:

— Сазан, бекіре, көксерке, қаяз, алабұға, ақмарка, табан, аққайран, маринка, тұқы, көкбас, торта, құртпа, итбалық, жайын, шабақ, ақкөз, мөңке...

— Жарайсындар! — Капитанның даусы аса көтеріңкі естілді. Сүйсініп отыр. — Жиырмадан асырмасандар да, жиырмаға жақындаттындар. Үлкен болсын, кіші болсын әркім өзінің туып-әскен жерін, оның табиғаты мен ерекшелігін бес саусағындай білуі керек. Әсіресе, өз өлкесін зерттеп білу —

сендер секілді кейінгі жас ұрпақтың төл міндеті. Әңгімелерінің арасынан аққуларды бақылап жүргендерінді де сезіп қалдым. Оларың да дұрыс. Әрине, бұл құпияларыңды мен басқа жан баласына жария етпеуге уәде берейін.

– Сөйтiнiзшi, – дедi шыдамаған Тiлеулес.

Сәл бөгелiңкiреген Базар ойын одан әрi жалғады:

– Ал, «жас теңiзшiлер!» Ендiгi жерде сендердi осылай атағым келедi. Әлде өзiм төрт жыл Тынық мұхит флотында сунгуір кемеде әскери мiндетiмдi өткiзгендiктен бе, теңiздi, моряктар өмiрiн жанымдай сүйемiн. «Туған жер – алтын бесiк». Шалғай жырақта, мұхит төрiнде жүрсем да кiшкентайымнан шомылып өскен Балқашым есiмнен әсте шыққан емес. Көз алдымда тулаған Тынық мұхиттың тау-тау толқындары, ен ақыры оның әр түрлi балығына дейiн маған көгiлдiр теңiзiмдей елестейтiн. Сондай ыстық! Мұны айтып отырғаным жер-жаһандағы суларда балықтың жиырма мыңға жуық түрi мекендейдi екен.

– Охо, оның бәрiн санап шығудың өзi мүмкiн емес-ау!

– Акула мен киттi көрдiнiз бе?

– Дельфиндер кемеңi қоршап жүредi дейдi ғой.

– Әне, өздерiн кiтаптан оқып, кинолардан қызықтаған сол акулалардың үлкендi-кiшiлi жүздеген түрi бар. Тынық мұхитты шарлаған кезде ұшатын канатты балықтың неше түрiн, жылан балықты, дөп-дөңгелек шар балықты, ұзынша ара тұмсығы бар балықты, әп-әдемі алтын балықтарды, сондай-ақ бақа-шаяндарға ұқсайтын балықтарды да көрдiк көзiмiзбен. Әскери мiндетiмдi флотта өткiзгендiктен де болар, оқыған, жинаған кiтаптарымның денi теңiзге байланысты туындылар. Соның бiрiн кейiнгi келгенiмде әкеп берем өздерiңе.

– Ол қандай кiтап? Қызық па?

– Кейiн көре жатарсындар. Онда жоғарыдағы сендер бiлмейтiн балықтардың суреттерiне дейiн берiлген. Мәселенки, тек таудың мұздай суында ғана өсетiн форельдi, Жерорта теңiзi мен Қара теңiзде ғана тiршiлiк ететiн кефальдi, әйтпесе Қиыр Шығыстағы теңiз-көлдерден басқа еш жерде ұшыраспайтын кета секiлдi балықтар туралы оқып-бiлгендерiннiң артықшылығы жоқ...

– Әрине!

– Теңiз балалары үшiн бұл жайлардан хабардар болғаны жақсы.

– Базар аға, болашақта мен де моряк болып, мұхитта қызмет етемін.

– Несі бар, дұрыс.

– Онсыз да біздің жактың жігіттерін көбіне морфлотка алады ғой.

– Теңізшілердің киімі де ұнайды маған.

Мәлік үндемеді. Жүрегі лүпілдеп, әлденені сезгендей... Дүрс-дүрс... Қуанатын секілді. Көңіліне ұялаған да, көз алдына жетіп келген де жалғыз сурет – телегей-теңіз, көк мұхит. Теңіз төсінде отырып, теңізді ойлады. Жер шарын айналып шыққан атышулы теңізші-саяхатшылар, жүрек жұтқан жиһанкездер есімдеріне қаршадайдан қанық. Генуялық Христофор Колумб, португалдық Фернан Магеллан, орыс теңізшілері Иван Крузенштерн мен Афанасий Никитин.... Көп-ақ... Тізіп тауыса алмассың. Бүкіл ғұмырларын мұхит пен теңіз кешуге арнап келе жатқан қазіргі көзі тірі әйгілі француз океонологы Жак-Ив Кусто мен атакты норвег саяхатшы-ғалымы Тур Хейердалды кім білмейді? Олар жүзген шхуналар мен бригтердің, кемелер мен папирус қайықтардың аттарын неге ұмытайын?! Теңізге құштарлық, ынтызарлық болар... қайсыбіреулерінің суреттерін өзімше нобайлап бейнелеуші едім ғой. Колумбының «Санта-Мариясы» мен «Пинтасын», Крузенштерннің «Надеждасы» мен «Невасын», Хейердалдың «Ра» мен «Тигирисін» әлденеше мәрте кескіндегенім де есімде... Жюль Верн мен Даниель Дефо, Александр Беляев... Бас көтермей оқыған авторларым бұлар. Жалғыз мен ғана емес, бүкіл бала біткен таласа-тармаса оқыған шығар. Толқындарды белден турап, тұңғыық теңіз түбінде миллиондаған шақырым сапар шеккен сүйікті кемелерім – «Наутилус», «Дункан», «Медуза»... Көз алдымнан кетпейді-ау. Байқасам... Жиһанкездер жолы тоқтамай алға, келешек ғасырға тартып барады екен. Сонау ұлы мұхитты шарлаған Базар капитан мен балқаштық балықшы жас достармен кездеспегенде, сыр ашып тілдеспегенде осылайша ойлауым да екіталай! Енді, міне, Балқаш толқынында тербелген «Смелый» мен «Сұржекейді» тамашаладым емес пе. Олардың суреттерін де саламын. Сөз жоқ, сонымен бірге Мақан атаның қара қайығын да қағаз бетіне түсіруге тырысамын. Атакты Айвазовскийдің картиналарынан кем түспейтін суреттер саламын. Қиялыма канат бітіріп шарықтатып, үнемі заңғарларға самғататын үмітіме сенемін. Өйткені менің жазатын болашақ картиналарым өз көзіммен

көрген мына теңіз суреті, өзім қоян-қолтық араласқан толқында туған карапайым жандар болмақ...

Шам жарығына үймелеген шыбын-шіркей, ызылдаған маса, қалбалақтаған көбелекті жана көргендей танданған Базар:

– Мына бір пәлелер қаптап кетіпті. Шамды сөндіріп, жоғары шығайық. Ұйықтайтын мезгіл де тақады.

– Балалар капитанның сонынан ілесті. Өз ойынан арыла алмаған Мәлік те палубаға шыққанда, маңдайынан сипаған түңгі теңіз самалына рахаттана құшақ жайып, кеуде керді.

– Базар аға, Шайтанаралда маяк бар ма? – Тыныштықты бұзған Шешенхан көптен мазалап жүрген мазасыз сауалдың түйінін орайлы тұста шешіп алғысы келді. – Кеш бата бірдене жылтырайды да тұрады, осы.

Ол мысқылдай күлді.

– Сендердің көздеріңе шайтандардың жын-ойнағы, солардың жаққан оттары көрініп жүрген де. Неғылған шырақ? Бұл өңірде маяк тек Тасаралға ғана қойылған. Оның өзі шамамен осы жерден ондаған миль кашықтықта. Әрі бұрылыста, көрінуі неғайбыл. Жарайды, демалып, тынығындар. Мен өз орныма – рубкаға кеттім, сонда қисая салармын.

...Күндізгі қалжырап шаршағандарын ұмытқан жас теңізшілер тұңғыш рет «Смелыйдың» палубасына түнеді...

Сегізінші тарау

• *Тұңғыш торым* • *Мәліктің шешімі* • *Ерлік қалай жасалды?* • *Жүрек лүпілі*

«Қоржындағы» балықшылардан түс әлетінде оралған «Смелый» екпінін тежеп, моторын өшірді. Торымнан қайтқан қайықшылар уақытша зәкір түсірген катерді қоршап, тұстүстан ағылуда. Қос қария Әшімбай мен Қамибек те уәделесіп қойғандай, ескектерін шолпылдатып қамыс қолтығынан шыға келді. Бірін-бірі талай уақыт көрмегендей, шұрқыраса шуылдаған балалардың дабырынан үріккен топ-топ үйрек пен қаз тым-тырақай құрақтың арасына сүңгіп-сүңгіп жоғалған. Әлі ештенені білмейтін сары ауыз үрпек балапандар қайыққа қарсы жүзген тізіліп.

– Құстар балапандарын өргізіпті ғой, – деді көңілі хош Әшекен.

Көптен бері қабағының жадырай ашылғаны бүгін болар. Шешенхан-шірен де ескекті құлаштай сермейді. Мендіғалыларды көрісімен, ескекті Серіктен өзі сұрап алған ол жігерлене:

— Ілгері оздырмайық,— деді.

Мұны сезген Мендіғалы да намысқа тырысып бақты. Қанша дегенмен екі адам, әжептәуір жеңіл, оның үстіне томардай ғана Қамибек шалда пәлендей салмақ та жоқ. Лыпылдатқан күйі үшеудің алдын орай берді.

— Ой, ата, қарқындарыңыз керемет қой. Шірен досымның да шалқаюы тегін емес тәрізді.

— Несін айтасың, балам, Серік қарағымның құтты қадамы майлы болды. Бүгін ауымыз бөгіп-ақ тұр екен. Неше күн төгілген маңдай тердің бодауы өтелгендей. — Әшімбай ақсақал қуанышын жасырмады.

— Еңбектің зая кетпегені жақсы қашанда. — Қамекен күнге қарай көлегейлей майда әзіліне басты. — Ендеше бұл баланы басқармадан сұрап алып калудың қамын ойлау керек. Біздің де ауымыз құр шықпады. Көңіліміз — ток.

— Серік пен Шешенхан жымындасып, Мендіғалыға назар аударды. Айғайлап сөйлеген үлкендерге құлақ түрмеген. Құс-тұмсық жактан жалғыз ноқатты бірінші байқаған Шешенхан:

— Мақан атайлар да көрінді, — деді.

— Тарамысың біраз бөскен-ақ шығар.

— Мәлікке ұнады ма екен? Бәрінен де оның кетіп қалатыны қиын болды?!

— Қаланың баласы емес пе. Білмейтіні аз. Әсіресе, жер жүзіндегі теңізшілер мен саяхатшылардың аты-жөндерін шастастырмай шұбыртқанда, аузымды ашып қалыппын.

— Өзінің оқымаған кітабы да жоқ. Әкесі де тамаша адам, аса кешіпейіл.

— Рас, ауданнан келген дөй басшының бізбен ересектерше әңгімелесіп, еңбегімізді жоғары бағалағанын айтсаңшы.

Қайықты шалдарға тастай салған балалар катердің үстіне өрмеледі. Палубаның артқы жағындағы арқалы орындықта журналист пен басқарма қызу әңгімеге беріліп кетіпті. Жандарына тақаған бұларды екеуі де елемеді. Колхоз-бастық әлденені түсіндіріп, қолын сілтеп-сілтеп қояды. Журналист оның аузынан шыққан әр сөзді қаз-қалпында қойын дәптеріне түртіп алуда. Шұқшиған қалпы кезекті сауалының ұшын шығарады. Ал бәсекең бәріне де жауап беріп, сөйлеп отыр...

Штурвалда тұрған Базар қолын шошайтты. «Бермен келіндер» дегені. Күн қақтаған денесі тура африкалықтарды елестетеді. Маржандай тізілген аппак тістері жарқырап көрінген. Төртпак тұлғалы... Шыжыған ыстыққа шыдамай шешіп тастаған жолақ майкасын беліне орай салыпты. Түк басқан жалаң төсі, бұлт-бұлт ойнаған бұлшық еттері, ең ақыры қос білегіндегі шимай суреттерге дейін кішкентай теңізшілерді ерекше қызықтырған. Білектегі бейнелер: зәкір, теңіз самұрығы – альбатрос. Ынтыға түскен Серік капитанның біресе о жағына, біресе бұ жағына шығып көк сиямен салынған теңіз символдарын тамашалауда. Алғаш көруі. Бұдан бұрын әлденеше рет қызықтаған Шешенхан мен Мендіғалыға таңсық емес.

– Сен одан да капитанның қолындағы жазуды оқы, – деді екеуі жарыса.

– Кәне. Нендей жазу, ә?!

– Қызығатын ештеңесі жоқ. Әр нәрсеге жөнсіз еліктеп, кезінде ақымақ болғанымға өкінемін. Денемізді шүрк-шүрк тесіп, қанын ағызу нағыз есуастық қой. – Базар қызыл тілі тынымсыз қалт-құлт дірілдеп ойнақшыған компасқа үнілді. Артынша езу тартты. – Қайсыбіреулер тіпті, төстеріне мынадай құбыланаманың циферблатына шейін айнытпай салып алған. Қандай азап! Мұндай жаман әдетке үйір де, әуес те болмаңдар әсте.

Әлгінде ғана ауыздарынан суы ағып, қызыға түскен бұлар үн-түнсіз. Арындаған көңілдері су сепкендей басылған. Үзілген әңгімені капитанның өзі іле қайта ширата өрбітті.

– Сенесіндер ме маған? Қазір осы жазудан құтыла алмай жүрмін. Жұрттан ұяламын. – Ол сол қолының басын бүгіп, әр саусағының сыртындағы әріп-таңбаларды көрсетті – «БАЗАР!»

Ішінен әлденеше рет оқыған Серік:

– Өмір баки кетпей ме енді! – деді таңдана.

– Ха-ха...а...

– Инемен шұқылап ет пен терінің арасына жазған жазу деді емес пе саған.

– Иә, бауырым, үлкендердің тілін алмай, еркетотай бұла кезде жіберген қателік ешқашан өшпейді екен. Ал қателіктің үлкен-кішісі жоқ. Осындайдан сақ болыңдар! О-о... Мәлік те жетіпті ғой.

Арсаландап қол ұстасқан Мәлік пен Тілеулес әлденеден құр қалғандай, қос өкпелерін қолдарына ұстаған сыңайлары

бар. Ентіккендеріне дейін сезіліп тұр. Қорбандап палубаға Мәкең де көтеріліп келе жатыр.

– Кешігінкіреп қалдық па?

– Мәлік, сонымен қалай? Балық торыған қиын ба екен? Жауап қатудың орнына ол әкесін сұрады:

– Әкем қайда жүр? Көрінбейді ғой.

Іздеп жатқанын білгендей «штурман» деген есік ашылып, әкесінің өзі шықты:

– Сәл-пәл көз шырымын алғандаймын. Мәлікжан, дайынсың ба? Ештеңенді ұмытпадың ба? Тездетейік. Әлгі журналист ағанды Қаракұмнан самолетке отырғызып жіберу керек. «Қайтар жолға шыдамаспын. Уақытым да бітіп қалды» деген еді.

– Көке! – Мәлік кібіртіктеп әкесіне жақындады. – Мен осында қалайыншы. Жаз бойына қалада не істеймін?

– Ой, құлыным, не деп тұрсың?! Сен өзің... Не айтып тұрсың? Алдағы жылы арнайы келерсің. Теңізге көндігіп кету оңай емес. Тәжірибен де жоқ... Анау-мынау... бірденеге...

Ешкімге айтпай, Мәліктің төтенше шешім жасауы үлкендерді ойландырған. Екі-үш күннен бері бауыр басып кеткен құрдастары да қуанышты. Жымың-жымың... Бірақ... ауыз ашуға батылдары жетпеген.

– Кішкентай емеспін ғой, әке. Каникул қазір-ақ өте шығады, – деді айтқанынан қайтпаған Мәлік.

– Бәрі дұрыс делік. Сонда... Шешен шырылдайды емес пе! Күні-түні сені ойлап мазасызданатыны өзіңе мәлім. Әрі алдын ала ескертсек бір басқа.

– Мамам түсінеді. Тек...

Мәліктің бірбеткей мінезін ә дегеннен сезген Мақан ақсақал әке мен балаға төрелік білдірді:

– Әбікен, сен менің қиліккенімді орынсыз көрме. Сөзіме құлақ түрші. Біз неғып бөгелдік дейсің. Әлгінде мына Мәлікжанның ойын естіп, өзін біраз түсіндіріп бақтым. Теңізде еңбек етудің қиын екендігін, балықшылық кәсіптің кім көрінгенге оңайшылықпен жалын ұстатпайтынын да ескерттім. Аяқ астынан алай-дүлей көтерілер теңіз дауылының жиі соғатынын да жасырмадым. Дегенмен... «Адам болар бала бесігінде бұлқынар, тұлпар болар құлын желісінде жұлқынар» деген ғой. Күнұзақ менің байқағаным – Мәлікжанның қайсарлығы. Ақылды да намысшыл бала екен. Тура өзімнің Ақсымбатым секілді. Егер рұқсат берсең, мына жігіттермен (әдейі аузын толтырып айтты) қатар жүріп еңбек етеді. Тілеу-

лес пен екеуі маған серік боп, қасымда жүреді. Өзім бас-көз болам. Алдымен бір құдайға, сосын маған тапсыр. Мәлікжан жазғы кәнікүлін аңсап келген Балқашында өткізсін... Бір ай деген не, тәйірі. Сынаптай сырғып өте шықпай ма, бас аман болса?!

Менің тілегім осы дегендей шокша сакалын күректей алақанымен сипалаған қарт балықшы ойлы жанарын көк мұнарланған теңіз төріне аудара берді.

— Аталы сөз. Мәкен жөнін сілтеп отыр. Әбікен Оснано-вич, рұхсат етіңіз. Сенсеніз, Мәліктің талабына өз басым қатты сүйсініп тұрмын. — Қарт пікірін коштаған журналист те өз ойын бүкпеді. — Мұндай төтенше шешімді күтпек тұрмақ, үш ұйықтасақ түске енбейтін жай. Бүгінгі бейбіт күнгі ерлік деп, міне, осындай игі әрі батыл бастаманы айтса керек. Нағыз алау өренге ғана тән тамаша қасиет. Әрине, қиындықсыз қызық жоқ. Сенім мен жігер бәрін жеңеді. Осынау отты ұшқындарды Мәліктің бойынан әуелгі кездескенде-ақ аңғарғанмын.

Үлкендерге қапталдасқанды ынғайсыз санаған балалар бірін-бірі итермелей кейінірек шегінген. Базар капитан мен жүргізуші Борис те әлденені сылтаулап, рубкаға кіріп кетті. Оңаша тыныштықты Әбікеннің өзі бұзды.

— Ақсақал, сіздің ақылыңыз да, көргені көп Хасен інішектің ойы да көкейге қонады. Несіне тәптіштеп жатамын. Ішімнің жылитыны — Мәліктің өз қатарларының өмірін дұрыс ұға білгені. Еңбек көрігіне ерте түсіп, шарболаттай шындалған адам ғана қиыншылықтарға қасқая тұрмақ. Еңбек тезі — өмірдің өзі. Ендеше осы бір үлкен әрі жауапты алғашқы сыннан Мәлігімнің сүрінбеуін қалаймын. Бұл жолы бетінен қақпадым. Рұхсат! Мәкен секілді аталары, анау өзіндей балықшы достары жүргенде еш қинала қоймас. Әлі хабарласып тұрамыз ғой. Әйтеуір, сурет салуынды ұмытпа!..

— Серік те сендермен бірге болсын, — деді Төлеуғасым басқарма да ешқандай сөзге келместен.

— Ура! Серік екеуіміз де қалатын болдық!

Өзін-өзі өрен ұстаған Мәлік екі санын шапактап жүгіре жөнелді.

— Көрдің бе, Әбікен, жұдырықтай жүректің қуанышын. Айналайын-ай! — Мақан ақсақал еңкіш бойын тіктеген бойы ілгері жылжыды.

Ертенге, болашаққа құштар балауса жүректің лүп-лүп дүрсілі ап-анық естілгендей...

Иә, жүректер лүп-лүп соғып тұр.

Тоғызыншы тарау

• Теңіздегі күндер • Жак-ив Кусто — мұхит астын шарлаған шал • Жағырапия-ағайдың жаңалығы • «Толқын жалында нық тұр, балам!»

...Теңіздегі күндер біріне-бірі ұласуда. Алғашқы кездегіге карағанда Мәлік те балықшылар өміріне әжептәуір төселіп қалған. Әсте ерте оянып көрмеген ол таңсәриден тұруға да қиналмайтын болды. «Кәні, балақандар» деген қоныр дауыс естілген бойда, достарымен бірге жағаға ұмтылады...

Қара қайықтың «шылбырын» босатып жатқан Мақан ақсақал артына қарап:

— Мәлік, сен бүгін теңізге шықпай-ақ, демалсаң қайтеді? Күн желкемдеу ме, толқын тұрып кетсе қиын болып жүрер. Біртіндеп үйренген жақсы.

— Ата, ештеңе етпес. Су көрмеген болса бір жөн. Қараталдың жағасында өскен «жігіт» емес пе? — Мәліктен бұрын Тілеулес жауап қатқан.

— Мейілдерің, күні бұрыннан ескертіп, сактық жасағаным да. Ескекті Мәлікжанға бер.

Мәкен мен Тілеулес артқы белдеу орындыққа қатар қонжығандықтан, қайықтың басы қайқайып көтерілді. Жеп-жеңіл сырғиды. Әншейінде Тілеулестерің құлаштап ескеннің өзінде жылжығаны оншалықты байқалмайтын... Түн түнлігін түргелі біраз. Айнала төнірек бозғыл тартқан. Шындығында бүгін толқындар ерте оянған тәрізді. Момақан жыбырлап жататын күндегі мінезі жоқ, аударылып-төңкеріліп өзгеше өнер көрсеткен. Жағалаудан ұзап, ашық айдын төріне шыққан қайықты тентек толқындар қақпақыл ойнағысы келгендей, екі жағына кезек шайқай бастады. Ескек ұстаған баланың білек күшін сынағандай, қолын да қайта-қайта серпіп тастаған. «Мақан атаның көріпкелі бар екен,ә?! Толқынның тұратынын қалай жазбай білді...» Сыр бермеген ол қарының талғанына да қарамады. Жаймен күші жеткенше ескен. Жок... Иә... су сабалап келеді.

Тәжірибелі қарт бағана айдынға ілінгенде-ақ байқаған. Сөйтседағы сездірмеді. Балапанын шыңның құзар басынан тастап жіберіп, артынша қайта іліп алатын қырандай — балғын теңізшіні толқын төсінде байқап көру. Өйткені сын сабағы, шындалу сағаты мысқылдап басталса керек. Орнынан қорбаңдай қозғалған қара шал толқын тербеткен қара қайықты

одан бетер теңселтіп жіберді. Көнілді. Күлкі араласқан үнінде сүйсініс.

– Мәледес, Мәлікжан! Түбінде тәуір теңізші боласың! Әкел ескекті. Ендігі кезек шалдікі. Жаман әліне қарамай, аталарың қайықты аудара жаздады-ау.

Ол кеңкілдеп күлді. Мәлік пен Тілеулес те шадыман карт қылығына мәз. Толқындар да мазақ еткендей, сықылықтағандай. Қайықтың алды-артын орап бір елі қалмай жалғыз шағала да ерекше шанқылдайды.

– Тура Жак-Ив Кустоның өзі ғой, – деді Мәлік.

Аузын ашып, жүзін жасыра анырған күйі Тілеулес көзін жыпылықтатты. «Еш жерден естімеген есім. Несіне ұялам...»

– Ол кім?

– Мұхит астын шарлаған шал. Нағыз жүрек жұтқан. Шынымен білмейсің бе?

– Е-е... Біз қайдан білейік, қысы-жазы теңізде жүреміз. Сендер көп оқисындар ғой. Осындай қызық жайларды бір мезгіл бізге де айтсаңдаршы. Құлағымыз ашылсын. – Айрықша елендеген Мақан ақсақал ынтыға түсті. – Оның қандай адам? Өзі тірі ме? Телегей-теңіздің үстін қойып, тұңғыық мұхитқа сүнгіп жүрген шал емес, балық та...

– Дұрыс айтасыз, ата. Нағыз человек-амфибия! Жак-Ив Кусто – әйгілі француз ғалымы. Бұл есімді бүкіл дүние жүзі біледі. Жасы жетпістен асқан ғалымның өмірі тек теңізбен ғана байланысты. Ол шарламаған мұхит пен теңіз, сүнгімеген суы жоқ. Зерттеушіні қызықтырған теңіз сыры, мұхит құпиясы. Кусто өз көрген-білгендері мен ғылыми тұжырымдарын қағаз бетіне жазып, кинофильмдерге түсірумен айналысып келеді. Алпысқа тарта кітап жазған оны ғаламат жазушы десе де болады. «Мұхит әлемінде», «Тірі теңіз», «Су әміршісі» секілді кітаптарын өзім де қызыға оқыдым. Мұхитта тіршілік ететін алып киттерден бастап, кішкентай шабақтарға дейін зерттеп жүр. Бәрінен де теңіз жәндіктерін түрлі түсті суретке түсіру қиынның қиыны емес пе.

– Әрине! Теңіз еріккеннің ермегі емес, балам.

Қос ескекті салбыратып, бос ұстап отырған Мақан ата бар назарын әңгімеші балаға аударды. Толқындар тербеткен қайық бір орында тұрғандай баяу жылжиды.

– Ох-х!.. Керемет кісі екен, ә! Нағыз жүрегін түк басқан батыр десеңші. – Тілеулес те шыдамады. Таңдайын қағып, ішін тартты.

Мәлік үнемі қадағалап, көзден таса жібермей оқып жүретін сүйікті жиһанкесі туралы деректерді одан бетер қоздата түсті. Ондағысы – Тарамыстың аузынан суын ағызу. Кейін бұл әңгімені оның анау Шешенхан, Мендіғалы, Серіктерге майын тамызып тұрып, тіпті кейбір тұстарына бояуды жағынқырап бір түн шертетіні айдан анық. Мәлік қайта сөйледі:

– Әлгінде сіздерге айттым Кустоның өмірі де, жаны да теңізбен бірге деп. Жыл бойына үйінде небәрі екі-ақ мәрте болатын ол үнемі суда жүреді. Төрт мұхитқа да, дүние жүзіндегі ұлы өзендер Амазонка мен Миссуриге де сүнгіген. Түрлі экспедициялар мен саяхаттарға шығып, су астында «сансыз суреттер түсірген... Аквалангты киіп, сүnguір кемелер мен батискафтарға да отырып, түрлі тереңдікте тәжірибелер жасап, зерттеулер жүргізуден ешқашан жалықпаған ғажайып кісі. Өзінің өмірі де, тағдыры да қызық. Жас кезінде теңіз авиациясында қызмет еткен. Самолет апатынан қатты жарақаттанса да ол бауыр басқан теңізімен қоштаспады. Флотта жұмысын жалғастыра жүріп, су асты найзасын кинокамераға түпкілікті айырбастапты. Міне, содан бері өзі ынтыққан, жантәнімен сүйсіне берілген теңіз сырына үнілумен келеді. Мұхит пен теңіздің флорасын, фаунасын зерттеудегі оның орасан еңбегі дүние жүзі ғалымдарын тәнті етіп отыр. Мұхит астын шарлаған шалдың таяудағы жоспары – Жер шарын теңіз жолы арқылы өзі құрастырған кемемен айналып шықпақ. Бес жылға арналған бұл сапарында ол жиырма фильм түсіруді ойластырған...

– Тынымсыз-ақ жан екен! Жарайсың, шалым! Айналайын-ай, осының бәрін өзің қайдан біліп жүрсің?

– Қаланың баласы емес пе?

– Әй, Тілеулесжан, қала-дала дейтіні жоқ. Зерде мен құштарлыққа байланысты бәрі. Көп оқу керек өстіп. Бізді қайтесіндер, әйтеуір қалқиып жүрсек болды да. Қазір– дүниенің кілті ілімге тірелген заман. Сендердің көбің оқудан гөрі ойынға жақынсындар-ау...

Басы салбырап кеткен Тілеулес ләм-мим ауыз ашпады. Мақұлдағаны: «Аксақалдікі дұрыс...»

– Мәлікжан, әлгі балық боп кеткен шалынның аты кім? Алпыстан асқаннан «картайдық» деп алқынып жүрген Әшімбай мен Қамибекке айтып берейін.

– Жак-Ив Кусто. Айтпақшы, ол теңізшінің әкесі суға жүзуді жетпіс сегіз жасында бастапты. Газеттерге өзі жазды.

– Ойпырым-ай!.. Бұ неғылған жаны сірі шалдар. Жан-кешті екен. Жакып дейсін бе?

Мәлік пен Тілеулес қабаттаса күліп жіберді.

– Хи-хи...

– Хи-хи-и...

Ескекті нығарлап ұстаған Мәкен де жымып:

– Мейлі, күлсең кәріге күл, – деді. – Тілімнің келгені осы, мұхит астын шарлаған замандасымды өзім бұдан былай Жакып деп атаймын.

Әнгіме қызығымен ауды қалай торығандарын аңғармаған олар, айдын ортасындағы балық қабылдайтын жүзбелі базаға да қиналмай жетіп келді. Көк желкеден тұрған жел қара қайықты қаңбақша дедектеткен. Күндегіге қарағанда плавбаздың басындағы қайықтардың қарасы да көп. Кезек күткендері біршама. Қара-құраның арасында көрші шаруашылықтың балықшылары да жүр. Уәделесіп қойғандай Шешенхан мен Мендіғалылар де жетіпті. Таразы басындағы ағаш жәшіктерге балықтарын сұрыптап салуда. Мақан ақсақал қос қайықтың арасына сыналай бағыт түзеді. Бұлар тоқтар-тоқтамастан қайық басына жетіп келген Серік көрген, білген жаңалығын айтып жатыр.

– Тілеулес, қалай толқын қинаған жоқ па? Тәжібай ағайды көрдің бе? Қабылдаушы бүгін қызын ертіп кепті.

– Рас па? – деді Шешенхан.

– Оларың кім? – Ештеңеге түсінбеген Мәлік Шешенханның бетіне жалтақ-жалтақ қарағыштады. Сөйткенше-ақ сонадайдан сәлем берген бейтаныс кісі жақындай түсті.

– Ассалаумағалейкум, қария? Табыс мол болғай!

– Уағалейкүмәссәләм! – Мақан ата басын көтеріп алды. – Тәжібаймысың?.. Қашан келіп қалдың?

– Үшінші күн... Уа, Тілеулес, аман ба? Халің қалай? Мына жігітті, жаныңыздағы екінші серігіңізді танымадық, ақсақал.

– Аудан-бастықтың баласы...

– О-о... Мәлік болды ғой ендеше. Жақында газеттен оқыдық. Өзі Жынғылдықайырдағы балықшы балалардың суреттерін салыпты. Оны да газеттен көрдік. Жаксы... жаксы...

– Сол Мәлікжаның, осы бала. Тілеулес екеуі ерлеп-ақ тұр. Түнеукүні Алматыдан жорнәліс келіп кеткен еді. Апырай, казитке жазып үлгерген де. Мәлікжан нағыз өнерпаз бала. Салған суреттері тамаша. Соғыстан қайтпаған Жарасымның

әскерден жіберген пәртіретін түрлі түсті бояумен әдемілеп салып бітіп қалды. Кейін өзіне көрсетем, Тәжібай-ау...

– Иә, өстіп талантын ұштай берсе, әлі-ақ жақсы суретші болатыны газеттегі суреттерінен анық байқалады, – деді Тәжібай мұғалім риза кейіппен.

– Бізге қазит-жорнал кеш келеді. Кейін әкелгенде көреміз. Мәлікжан, ана бір жәшікті таразыға қойып жіберші. Басқалар күтіп қалар.

– Жарайды, Мәке. Балықтарыңызды өткізе берініздер. Кедергі жасамайын.

Үлкен резеңке етігінің ұзын қонышын тізесіне дейін екі-үш қабат бүктеген бейтаныс кісі моторлы қайығына от алдырды. Дырылдаған қайық асау толқындарды белден турап, соңына ақ көбік із қалдырып ұзай берді.

– Жағырапия-ағайымыз... жыл сайын каникулда бірер ай балық аулайтыны бар.

Тілеулестің сөзін Мақан ақсақал толықтырды:

– Тәжібай мұғалімнің үнемі көнікүлін толқында өткізетіндігі бекер болмаса керек. Сүйікті теңізін көзден таса еткісі келмегені шығар, қарақтарым. «Тау баласы тауға қарайды» деген осындайдан айтылған..

Осынау сәттегі Мәліктің қуанышы шексіз-ді:

– Бөрінен де Жағырапия-ағайдың алып келген жаңалығын айтсаңшы! – деді Тілеулеске жанарлары жайраңдап.

* * *

Тырнадай тізілген қайықтардың соңын ала Мақан атаның кара қайығы да Жынғылдықайырға бет бұрды. Бүйірден тұрған жел ілгері жылжытар емес. Аударылып-төңкерілген толқындар қайықтың жақтауын үздіксіз сабалауда. Жалы күжірейіп, екпіндетіп алға ұмтылған асау толқындар орта жолда маңдайын тасқа ұрғандай, мың-сан моншакка айналып шыға келеді. Өректің еңтігін енді баса бергенде кезекті лек қайталаанады. Ашу бұған тентек толқындар қайықты шайқап қана қоймай, ішіне дамылсыз су бүркеді. Кара қайықты қалаған бағытына дедектетіп қуып кете алмағанына ызаланғандай бура толқындар көбіктене, буыркана соққылайды-ай. Өркеш-өркеш толқындардың жалына жармасып, үстіне өрмелей көтерілер қайық, енді бірде сол толқындардың құшағына көміледі. Осынау сәтте қайықтың ернеуіне тырмысқан толқындар ішке лыксиды.

Ескекті бекем ұстаған Мәкан ақсақалдың рені өрт сөндіргендей. Шүнірек жанарын батыс көкжиекке әлсін-әлсін қадай береді. Бірін-бірі жетелеген булыққан ақ жал толқындардың қай кезде басылатынын бағдарлағаны. «Әй, қайдам, жуыр маңда жуасыр сынай танытпайды. Арты қарауытып, өршелене түспек. Түрі жаман...» Тілеулес пен Мәлік те үнсіз. Бар жайды қас-қабактан ұғысқан. Мұндай алай-дүлейдің небірін көріп жүрген Тілеулес көз қиығын Мәлікке аударумен отыр. Үндемеген, жақ ашпады. Қаншалықты сездіргісі келмегенімен, оның қобалжыған жүзі қуқыл тартыпты. Боп-боз... Өнінде үрей ізі...

— Қайыққа су кіре бастады. Дауыл күшейді, білем. — Мәкең даусын көтеріңкіреп, иегімен емеурін білдірді. — Кәне, екеуін табандарыңның астында жатқан екі қалбырды қолға алындар. Суды төкпесендер, бой бермес.

Орнынан ылдым-жылдым қозғалған Тілеулес бұйрықты тағатсыздана күткен жанша, үйреншікті кәсібіне бөгелместен кірісіп кетті.

Қатты тербелген қайықта буын-буынын ұстай алмаған Мәлік, тәй-тәй басқан ботадай тәлтіректей жылжып, қалбырға өрең қол созды.

Өмірдің небір өткелектерін бастан кешіріп, ысырат көпірінен кем емес тағдырдың қиянпұрыс қияметтерін көрген кәрі жүректің талабы да қатан:

— Толқын жалында нық тұр, балам! Теңіз жүрексіздер мен жігерсіздерді сүймейді, оны өзін де жақсы білесін. Мұхит астын шарлаған Жакып шал туралы айттың емес пе?! Шындығында дауыл өтінде, толқын төсінде шындалмаған адам теңізші бола алмайды!

Мәлік ләм-мим жауап қатқан жоқ. Бұлындай шалынған жағалауды мезгеген Тілеулес:

— Қамысты қолтыққа да жеттік, — деді сыбырлай сөйлеп.

— Қарға адым жерге табан іліндіре алмай қатты қиналдык-ау. — Мәкең ақсақал артына мойнын бұрып, төнірегіне шоли көз тастады. Қабағы да, үні де әлгіндегіге қарағанда жайдары. — Мәлікжан, енді үрейленбей-ақ қой, қамысты қолтықтың тасасы ашық айдын төріндегі дауылдай емес...

Жүрегі лоблыған Мәлік қайықтың ернеуін ұстаған беті еңкейе берді. Тау-тау ақ жал толқындардан басы айналып, көзі қарауытқан. Ештегені көрмейді. Құлағы да үздіксіз зыңылдағандай... Шағалалардың мазасыз шанқылы... Қарт

теңізшінің ескертуін еміс-еміс естіген, әйтеуір. Одан арғысы бұлдыр...

Тарс жұмған көзін ашты...

«Толқын жадында нық тұр, балам!..»

Қол бұлғап қарсы алған үкілі нар камыс құшағын айқара жайып, қара қайықты бауырына қыса түсіпті.

Астан-кестені шыққан толқындар тынымсыз тулап жатыр.

Тулаған толқында туған карт балықшының сөздері де құлақ түбінен кетпей, ұзақ жаңғырады.

«Теңіз жүрексіздер мен жігерсіздерді сүймейді!..»

Оныншы тарау

- *Өзекті өртеген өкініш* • *Мәңгі өшпейтін бейне*
- *Сағыныш сазын жеткізген Пикассоның көгершіні*

Ұялықөлге кеткен Мендіғалы мен Шешенхан қуанышты хабармен оралды.

— Аққулар балапанын түгел шығарыпты.

— Тек бергі ұяда жалғыз жұмыртқа жатыр.

— Рас айтасындар ма? — Екеуінің бетіне бір түрлі ынғайсыздана әрі күдіктене үнілген Тілеулес лезде көзін тайдырып әкетті. Тура қарауға дәті шыдамаған. Үні де пәстеу. — Кешіріндер, достарым!

— Тарамыс-ау, саған не болған!

— Түкке түсінбеймін.

— Мен де... Ештеңе ұқсамшы. Жұмбақтамай жөнінді айтсаңшы бізге.

— Өзін емес пе едің, бізге шегелеп «қайта-қайта шұбырып жүрмейік» деген.

Тұс-тұстан жауған сауалдар селі одан бетер тұқырта түскендей. Маңайына сақтықпен көз сүзген ол баяу ғана тіл қатты.

— Тәжірибе емес, ағаттық жасағанымды жаңа ғана сезіп отырмын. Түнеугүні Ұялықөлге барғанымызда сендерге білдірмей, ұядағы жұмыртқаның бірін қолыммен ұстаған едім. Сол ғой шіріп, балапан шықпай қалған. Мақан атаның айтқаны дәл келді. Бекер-ақ тиіскен екенмін, обал болғаны-ай!

— Кой, Тілеулес... Менінше, бұлайша қорытынды жасау қате. Мүмкін кінәрат жұмыртқаның өзінде шығар. Жұмырт-

каны ұстамақ түгілі инкубатор арқылы балапан шайқап жүр емес пе?

Мәліктің пікірін қостай жөнелген Шешенхан мойны салбырап кеткен Тілеулестің аркасынан қақты.

— Иә, Мәліктікі дұрыс. Ол бәрін біледі. Мақан ата сақтандырып ескерткен да. Әйтпесе көріп жүрсін... Үйдегі тауықтардың өзі қанша жұмыртқаны шығармай тастайды, осы?

Еңсе көтерткен — достар дәлелі. Өзекті өртеген өкініш табы да жел айдаған бұлттай тез сейілген. Осы кезде оның есіне әжесі айтқан әңгіме үзігі түсті. «Құстар балапан басқанда бір жұмыртқасын шірітіп, садака етіп шығармай тастайды». Сол секілді аққу да бір жұмыртқасын шірітіп әдейі шығармаған болар. Әбден мүмкін, ә?! Мең-зен күй кешкен оның ойын Мәлік бұзды.

— Бітірдім. — Ол жалма-жан иығына асқан этюднигінің мосы-сирақтарын ұзартып құра бастады. Асықпай-саспай қақпағын ашқан. — Міне, көріндер Жарас ағаларының портретін.

Акварельмен салынған сурет ешкімді де бейжай қалдырмады. Қабағы ашылып, шөкімдей бұлтсыз көктей жадыраған Тілеулестің даусы әлгіндегідей емес, ерекше көңілді шықты:

— Қандай әдемі! Тура өзі!

— Мәлік, сен өте орынды айттын. Жарас бәрімізге де аға. — Мендіғалы түрлі түсті суретке ынтыға үнілді. — Болашақ үшін, бейбіт өмір үшін, мына біз үшін қан майданда құрбан болған Жарас ағамыздың есімін мәңгі қастерлеуіміз керек. Талай жыл қалтада сақталып, әбден сарғайып, мүлдем жыртылып тозуға айналған ағамыздың өшпес бейнесін қайта тірілткені үшін мына Мәлік досымызға көп рахмет! Реті келгенде естеріңе түсірейін. Алдағы жаңа оқу жылында оң қанаттылар отрядының біріне өзіміздің балқаштық, мектебіміздің түлегі, Ленинград блокадасында ерлікпен қаза тапқан Жарас Макановтың атын беруді осы бастан ойластырғанымыз абзал.

— Мынау ски идея! Біздің бұл ісімізге Мақан ата қатты қуанатын шығар.

— Иә, мәңгі өшпейтін бейне! Енді әйнекке салып, төсегінің тұсына іліп қояды. Қашан көрсетеміз?

Серік пен Шешенхан да жарыса Мәліктің қолын қысты. Әсте аптығуды білмейтін Мендіғалы тағы да жөн сілтеп, асықпай өз ұсынысын айтты.

— Портретті ертең торымнан келгеннен кейін, бүкіл балықшылардың алдында салтанатты жағдайда Мақан ақсақалға

Мәліктің өзі тапсырсын. Қазір... Күн кешкіріп кетті. Әрі қараңғыда түрлі түсті бояу онша жарқырап жөнді көрінбейді екен.

Аршылған қиярдың бұл жолғы пікірі жүз процент қолдау тапты.

Сонымен ертең...

* * *

Мәлік ұзақ дөңбекшіді. Елегізген көңілі кірпігіне ілінген ұйқыны қонақтатпай, ұшырып жіберген. Екі көзін тарс жұмып, мыңға дейін неше мәрте санап шықты. Бірақ... үріккен ұйқы қайтып оралсайшы. Жастыққа бастары тиген бойда қор ете түскен теңізші достарының титықтап шаршағанын жанымен сезеді. Үздіксіз көз қысысқан аспан шырақтары «неге ұйықтамайсың?» дегендей көңілдене жымындасады. Нақ төбеде күнгей мен терістікті жалғаған Құсжолы керіліп жатыр. Шүпірлеген мың-сан қисапсыз жұлдыздар. Бірен-саран ағып түскен жұлдыз іргедегі теңізге батып жоғалады. Түнгі салқын ауа бойын мұздатқандай. Жастығының астындағы шолақ жен жейдесін алып киді. Мәлік атаның айтқан әр сөзі дөп келеді. Табиғат календарын да жатқа соғады... «Туған ай тураған ет деген, апыр-ай, ағұсын да орталап қалғаны ма». Халықтың «Сүмбіле туар жылтиып, мал семіреп құнтиып» дейтіні де рас. «Сүмбіле туса су суыр» кешелі-бері түн әжептәуір салқын боп тұр. Шырақтарым, жалаңаш жатқанды доғарыңдар. Мәлікжанның да қайтатын уақыты жақын. Суық тиіп ауырып қалмасын...»

Күнбе-күн көзімен көріп жүргендіктен бе, ол Мәлік шалды балапанын қорғаштаған Ұялықөлдін аққуындай елестетті. Бірде толқын мен дауылдан, бірде ыстықтан... енді, міне, суық тигізіп алмандар деп өбектейді. «Шіркін, адамдардың бәрі өзіндей болса! Жаның жаз, жүрегің жомарт, жүзің жарқын Мәлік атам менің! Келер жылы тағы да іздеп келем...» Ұйқысы шайдай ашылған ол аунап түсті. Төс қалтасындағы әлдене денесіне батқандай. Алақанымен сипағанда бір-ақ білді. Үйінен келген, кішкентай қарындасы Гүлжанның хаты. Шалғайда жүргенде сағыныш сазы боп жеткен жалғыз жапырақ хаттың әр сөзі – көкірегінде сайраулы. Үтір-нүктесіне дейін көкейде жатталып қалған.

«Привет, юнга!

Мәлік, қалың қалай? Теңізге үйреніп кеттің бе? Біз сені қатты сағындық. Алғашқыда күні-түні ойлайтынбыз. Ма-

мам көпке дейін папама ренжіп жүрді. Тіпті Балқашқа өзі барып қайтпақ болған. Бір күні папам балықшы достарын туралы жазылған материал мен сенің салған суреттерін шыққан газетті алып келді. Сондағы мамамның қуанғанын көрсен. Айта алмаймын. «Кішкентай Айвазовскийім менің» дей береді содан бері. Қасындағы теңізші достарың – Шешенхан, Мендіғалы, Тілеулес, Серіктерге көп-көп сәлем. Кешіктірмей хат жаз.

Біздің үйдің атынан Гуля ғой».

Мәлік төс қалтасындағы бүктелген конвертті жайлап сипап қойды. Егер күндіз болса, ерінбей тағы бір мәрте оқып шығар еді. Кішкентай Гүлжанның қарындашпен ақ парактын екінші бетіне әдемілеп салған көгершіні қаз-қалпында көз алдына көлбендей тұра қалған. Қалықтаған кептердің аузына үшкіл хатты қыстырыпты. «Ұшқыр қиялдан туған өзінің ойын қарашы!.. Сағыныш сәлемін алып ұшқан көгершіні неткен әдемі! Әйгілі суретші Пикассоның жұмыр Жер үстін шарлаған ақ көгершінінен аумайды. Дәл өзі. Жүректерге жетіп қонақтағанша асығады-ау...»

Алқара аспан төрінде жамырай жарқыраған жұлдыздарды ығыстыра Айдың қызыл толымы көтерілген. Әлгіндегідей емес, әупілдектің зор үні де әлдеқайдан еміс-еміс талып жетеді. Әкесін, шешесі мен қарындасын ойлаған ол кірпігінің қалай ілініп кеткенін білген жоқ.

Иә, оны сағыныш сазы баяу ғана тербегендей...

Он бірінші тарау

• *Шайтанарал құпиясы* • *Мақан атаның қазасы*
• *Мұхитқа тамған тамшы* • *Қош бол, менің теңізші достарым!*

– Сені шатырдан іздеп жүрсем, мұнда екенсің ғой. Тағы да сурет салып жатырсың ба?

Тілеулестің сөзін елемеген Мәлік селкос жауап қатқан:

– Енді не істеймін. Көптен бері қолдың тигені бүгін. Онда да Мақан ата тастап кетпегенде... Неменеге оятпаған, ө? Әлде күн желкемдеу болған соң, қорқақтады ма? Анадағыдай мені басы айналып, құсып жүрер деген шығар.

– Жоғ-а-а... Таңғы тәтті ұйқымызды бөлгісі келмегені.— Тілеулес бояуы кебе қоймаған картинаға үңіле түсті. – Көк теңізді, тулаған толқынды салудан жалықсаншы, осы. Бір

мезгіл тау-тасты, орман-тоғайды бейнелеп көрмейсін бе? Өзінді қайталағаннан не пайда?

Ол аяқ астынан бүлінген досына ренжіген жоқ, керісінше оның бетіне жымия қарады. Қолындағы қылқаламын құтыдағы суға шайып тазалаған қалпы:

– Тілеулес, мүмкін сенің бұл ойың дұрыс та шығар, – деді.

– Иә, өстіп анда-санда мақұлдап, құптап қойсаңшы бізді.

– Сөйтсе де. – Мәлік шексіз де шетсіз көгілдір айдынды мезгеді. – Теңіз – таусылмайтын тақырып! Бүкіл әлемге мәлім «Тоғызыншы валдын» авторы атақты маринашы Айвазовскийдің өмірбақи теңізді салғанын білесің. Ол бұл тақырыпқа алты мыңнан астам картина жазған. Қай-қайсысы да бірінбірі толықтырмаса, қайталамайды. Сол секілді менің мына картинама зер салып көрші. Бұған дейінгі суреттеріме еш ұқсамайды.

Тілеулес таңырқай этюдникке жақындады.

– Шындығында, тек теңізге арнап алты мың картина салу оңай емес-ау! Ой, мынауын Лена ма? Плавбаздың капитаны, қабылдаушы Матвейдің қызы тәрізді. Соның өзі. Арғы жағындағы кішкентай мүсін де таныс. Ій-й, қай кезде үлгеріп жүрсін. Бәсе... сүзіліп жанынан шықпауың жаман еді. Теңіз үстіндегі Ленаның портреті де.

– Әне, бәрін де жақсы аңғарып тұрсын. Тіпті мүсінші Вучетичтің «Семсерді соқа ғып соғамыз» дейтін әйгілі статуеткасын да байқап қалыпсын.

– Семсерді майыстырып жатқан адамды балық өткізген сайын тамашалап жүрміз. Рас... Бірақ... несіне жасырам, кімдікі екенін білмейтінмін. – Тілеулес күмілжіп қалды.

– «Капитанның қызы» аталатын жаңа картинама жан беріп тұрған деталь – осы статуетка. Ленаның айтуынша, әкесі от пен оқ оранған соғыс жылдарын белден кешкен, Севастополь шайқасына қатысқан моряк көрінеді. Белгілі мүсіншінің соғысты әшкерелейтін туындысын айна-катесіз көшіріп, гипстен өзі жасап алыпты. Теңізге шыққан сапарында штурвалының қасына қойып қоятыны бекер емес екен.

– Қанша дегенмен соғысты көрген майдангер-ау!

– Иә. Қарт солдаттың бейбіт күнгі үміті мен тілегін осылайша кескіндеуді жөн санадым. Екі-үш күнде толық бітіремін. Сендерге ұнай ма?.. Әй, қайдам?

– Неге?! Өте жақсы! Басында мен байқаған жоқпын. Сөз жоқ, өзгелерге де ұнайды.

– Рахмет, Тілеулес!

– Достым, түбінде сен мықты суретші боласын. Рас айтамын. Үлкендердің «өнерлі бала» деуі бекер дейсің бе?

Ыңғайсызданған Мәлік құлақ аспады. Үн-түнсіз суретін сала берген.

– Мәлік, менің басыма бірдене келіп тұр. – Тілеулестің даусы шыдамсыздана шықты.

– Сенің басыңа келген еш нәрсені көргем жоқ. Қай жерден кіріп кетіп жүр. Ол не?

Екеуі жарыса күлді. Жағалауды үздіксіз соққылаған бала толқындар да сықылықтағандай. Сылқ-сылқ...

– Егер, Серікше айтсам – мынау ски идея.

– Айтсаншы, несіне қымсынасын.

– Давай, жігіттер торымнан оралғанша Шайтанаралға тездетіп барып келейік. Таяуда өзің қалаңа қайтасын. Ал теңізде жүріп маяқты көрмеу – ұят. Әрі кейін «Шайтанаралдағы маяк» деген тың тақырыпқа сурет салсаң да қатып кетпей ме?

– Идеян тамаша. Бірақ аралың қашық қой.

– Қайдағы! Ұялықөлдін ар жағында таяқ тастам жер. «Сұржекейге» сөз боп па, тәйірі?!

-- Кеттік, ендеше!

* * *

...Қара қайықтың айдын төріне табан тіреуін күткендей-ақ терістіктен көтерілген жел толқын біткенді айдарынан сипалай оятып жіберді. Қадау-қадау шуда бұлттар да сағыныса көрісіп, бірте-бірте қораланып, теңізге төне түскен. Қаспен көздің арасында ойнақтап шыға келген толқындар мінезі мүлдем өзгеше. Ашулы да дөнайбат. Қайықты қос бүйірінен қысып, сарт-сұрт сабалай бастаған. Іле бұлттарды бұлтқа жанып күн күркіреді. Түнерген аспан аясын айқыш-ұйқыш шимайлаған найзағайдың өткір отты қамшысы жалы күжірейген асау толқындарды одан бетер өршелендіріп, құтыртып жіберген. Какпақылша билеткен қара қайықты жанқа құрлы көрер емес. Тынымсыз шайқап келеді, тербеп келеді.

Ол төңірегіне сүзіле қарады. Колын көтергісі келген. Екі алақанын ескекке шегелеп тастағандай, сіресіп қатып қапты. Онайшылықпен ажырап сынаы жоқ. Білегінің де әбден сарсылып қалғанын сонда білді. Ойы: толқынның ыркына көнбей, барынша ілгері жылжу. Әйтеуір, қос ескекті қолдан шы-

ғармай толқынға қарсы есе берген, есе берген. Бірақ... Құмға тығылған машинадай, алға адымдай алмағанын анық аңғарды. Көз ұшында бұлындай шалынған қамысты түмсық қарауытып, бір орнында тұрып алған. Көкті қақ айырып, тағы да күн күркіреді. «Бісі-міл-лә-ә! Сұбы-ха-ан алла...» Тура тас төбеде жарқ еткен жасынның семсер сәулесі қарт балықшының суалған жанарын қарып өткендей болды. Көзін жыпылықтатып ұзақ аша алмады. Мандайынан моншақтаған терге үзіліп түскен алғашқы суық тамшылар қосылды. Бет-аузын жуып, мойнын қытықтағандай. Тұла бойы тітіркеніп, дірілдеп қоя берді. Жан қалтасына колын сұғып, беторамалын іздегені сол, қапталдай ұрған таудай толқын қайықты төнкеріп жібере жаздады. Өкірген толқындар қайықтың ішіне лап қойды. Еңкейіп ескекке ұмтыла бергенде, дәл төбесінен шатыр-гүтір қайталанған күшті жарқыл желкесінен түйгіштегендей, әрең дегенде барып бойын тіктеген.

«Құтырынған дауылдың түрі жаман. Ерек-ақ! Бұрын-сонды көрмеген. Жынын шашқан бурадай буырқанған толқынның да ерекше ақкөбік атуын қарашы! Жақсылық емес-ау. Балаларды ертпегенім қандай дұрыс болған. Бейнет көрер еді. Ие-е-е... жүрегім сезсе керек. Мені қойшы...»

Шегініп барып, қайтадан күш жинаған асау ақжал толқындардың кезекті легі Мақан ақсақалдың ойын күл-талқан еткен. Толқын құшағына көмілген кара қайық желдің бағытымен ыға жөнелді. Қайықтың табанына омақаса құлаған ол есенгіреп біраз жатты. Басы мең-зең. Бетін алақанымен сипап еді, саусақтарының ұшы қып-қызыл канға боялып шыға келді. «Балық салатын жәшіктердің шегесі жырған болар. Әлде қалбыр ма?...» Денесін зорға қозғалтып, еңбектей қайықтың ернеуіне колын созды. Әншейінде екі-үш адам әрең жылжытар кара қайығы тулаған толқындардың өркеш-өркеш жалында ойнақшып жүр. До­лы дауыл өз ырқына оп-оңай көндіріп алған. Дедектетіп қуып барады. Ызындаған сумаңдаған жел күшеймесе, өксігін жуырда басар сыңай танытпайды. Екіленген толқындардың гүрс-гүрсі де келер таңға ұлас­пак. Теңіз тарланы бәрін-бәрін жанымен түйсінген. Басын қатты сокса керек, зіл-батпан. Көтертер емес. Әлденені қарманып ескектің біріне қолын іліктірді-ау. Бүгежектеген қалпы екіншісін іздеді. Өз көзіне өзі сенбегендей, үңірейген ескек ұңғысын сипалап отыра кетті. Зілді даусы аса күңірене шықты.

«Қу құдайым-ай! Жалғыз ескекті де қимағаның ба? Жок, әлде... Шынымен-ақ алайын дегенің бе? Мейлі, ажалдан

корқар мен емес! Кішкентай құлындарым аман болса... бітті. Ертпегенім қандай жақсы... Жүрегім... сез-се... ке-р-р-ек... Алтындарым Тілеулес, Мәлікжан... Күнім Ақсымбатым... Сендер аман болындар. Е-е... Аталарыңды толқын құшағынан тауып алсаңдар де... Нөсер төпеп өткенде, жынды жел сап басылатын еді. Жыланша ысқырып кетті-ау. Қай жаққа ығып барам, осы...»

Басындағы киіз калпағының да қай жерде ұшып кеткенін білмейді. Сыңар ескекті суға салбыратып, тербелген қайықтың табанына малдасын құра бекем отырды. Әншейіндегі қорғасын салмағы қайда? Тентек толқын қаңбақ құрлы көрмеген. Бешпентінің төс калтасын сыртынан сипап, аузындағы түйрегішін байқастады.

«Жаным Жарасым!.. Сонғы кезде түсімнен шықпайсың. Неге?...» Білек сыбанып шыққан ақжал асау толқындардың түйдек-түйдек легі қос өкпеден жанұшыра бүре түскен. Жанарының алды қарауытып, ештеңе көрмейді. Астан-кестен... алай-дүлей... «Қара қайық, қимас серігім... Сенімен де қоштасар сәт келді-ау... Иә, ажалдан корқар мен емес. Құлындарым аман болсын...»

Алға асыққан бұрқак толқындар жолына бөгет жасаған айдын төріндегі жалғыз қайықты ызалана бөрікше лақтырып, аударып жіберді. Төңкерілген кара қайық иесінен көз жазғысы келмегендей, қарт балықшыны бауырына қымтай қыса берді. Түнерген көк те, су да қап-қара түске боялғандай. Көгілдір теңіз үстінде толқындарды құтыртып, кара дауыл ысқырып тұр... Бағанағыдан бетер өршелене түскен...

* * *

Мәлік пен Тілеулес Шайтанаралда кідірген жоқ. «Маяқты тамашалаймыз» деген өректің көңілдері су сепкендей басылды.

Қалың камысты қақ жарып Ұялықөлдін өкпе тұсынан шыға келгенде, аралдың тастақ жағалауында жаланап отырған еңгезердей қаба сақалды көрген екеуінің де көздері шарасынан шығып, зәрулері қалмаған. Тілдері байланып қалғандай, үн-түнсіз қиғаштай жылжып, жанұшыра шок құрақты тасаланды.

— Бандит қой, — деді Мәлік сыбырлап.

— Иә, тегін адам емес. Үсті-басын жүн басып кетіпті. —

Дірілдеп жауап қатқан Тілеулес алақ-жұлақ алға көз тастады. — Тездетіп қашайық, сезіп қалар.

Мәлік шоқиған досының иығынан басып тізе бүктірді.

— Несіне қорқасың?! Бір жақсысы, ол бізді байқаған жоқ. Асықпа. Қаңғып жүрген кім екенін білейік. Өзі балық аршып отыр ма?

— Балық емес, ондатр сойып жатыр.

— Ра-а-с-и!.. Браконьер болды ғой. Бәсе, түнеукүні Базар капитан «Шайтанаралда маяк жоқ» деп айтты емес пе. Сонысы шындыққа айналды. Сәл күтейік. Серігі бар шығар.

— Жүр, одан да тездетіп хабарлайық.

— Сәл шыда. Нендей жан екен? Анық-қанығына жақсылап көз жеткізейік те. Құр даурығып жүрмейік.

Қаба сақал орнынан тұрып, қолындағы ондатр терісін шошаланың жоғарғы жағындағы кермеге апарып жайды. Сонда барып бұлар қаз-қатар жыпырлатып тізіп іліп тастаған терілерді көрді. Іштерін тартып, таңдайларын қаққан Тілеулес пен Мәлік әлгі күркеден үлкен табакты көтере шыққан екінші сақалды көргенде одан бетер анырған. Мұның да күнге күйген денесі түктен көрінбейді. Қаба сақалға карағанда тапалың мосқалдау әрі толық. Ырс-ырс етіп аяғын әрең басады.

— Майқараны көрдің бе?

— Нағыз жабайы адам, ә! — Тілеулес езуіне үйірілген күлкісін тез жия қойды. — Кетейік, қуып жүрсе қайтеміз. Өзін кім деп ойлайсың?

— Тау халқына ұқсайды. Қап-қара екен. Сонда ондатрды мылтықпен атып жүр ме?

— Жоқ. Өйткені Ұялықөлге келіп жүргенімізде мылтық даусын естір едік қой. Менінше, қақпанмен аулайтын секілді.

— Бұл сөзіңнің жаны бар, Тілеулес. Мылтық даусы бірде болмаса, бірде естіліп қалса керек. Енді бөгелмейік.

— Иә, қарақшылардың қолына түсіп қалмай тұрғанымызда зытқанымыз жөн. Табанымызды жалтыратайық.

Келген іздерімен кері қайтқан Мәлік пен Тілеулес күдіктіні ұстағанша асыққан еді...

* * *

Тулаған теңізге көз тігумен күн батырған үлкен-кіші сендей соғылысып, дегбірсіз күй кешкен. Ботадай боздаған балалардың көздері бұлаудай ісіп кетті. Жарыса қорсылдаған Тілеулес пен Мәліктің өксікті өкініштен өзектері өртенген.

– Әй, Мақан атай-ай, бізді неге қалдырдың?!

– Қасында жүрсек, сүйеу болар едік.

Меңдіғалы, Серік, Шешенхан да достарын құптаған, амалсыз іштей езіле енірейді. Қолдарынан келер еш қайран жоқ. Өкіріп жылауға да дәрменсіз. Қарттар зекіп, ұрсып тастаған.

– О, несі... Қайдағы жоқ ырымды шақырып. Сабыр ету керек.

– Тәйт әрі, жігіт те жылай ма екен?!

– Алланың жазғанын көрерміз. Тектен-тек үрейленбелдер. Кім біледі?... Мүмкін, бергі камысты жағаға жетіп үлгірген болар... Шошымай, сабыр қылайық...

Жүректерді сыздатқан – бір үміт, бір өкініш. Әр сакка алып қашқан ойларын ортаға лақ етіп актара салуға қорыққан балалар бір-бірін қас-қабақтан ұғысқан. Жыр етіп шертер Шайтанарал құпиясы да бұл түні айтылмады. Гүрс-гүрс соққан таудай-таудай толқындардың ішінен Мақан аталары жайрандап шыға келетіндей, елендеумен ұзақ таңға кірпік ілмеген.

* * *

...Мақан ақсақалдың денесі мен кара қайықты келесі күні тұс ауа «Смелый» камысты қолтықтан тауып алды...

* * *

Теніздегі күндер зуылдап өтуде. Күз лебі де белгі бергендей: шөп піскен, түн салқын; су беті құстан жыртылып айырылады. Кешегі сары ауыз әлжуаз шөже балапандардың кара қанаттанғандары қашан. Ұялықөлдегі аккумулярдың көгілдірі де күн санап кербездене түскен. Шайдай ашық көк күмбезін де қазбауыр бұлттар жиі торлайтын болды.

«Бүгін-ертең барып қалармыз. Мәлік дайын отырсын. Сабағының басталуына да санаулы күндер қалды. Самолетке шығарып саламыз...» Ауылмен байланыс жасағысы келген Қалкен тура басқарманың өзіне түсіпті. Бұйрық-хабарды естіген мезетте-ақ елендескен достар жапырлай Мәлікті орталарына алған. Бауыр басқан балауса жүректер бірін-бірі кимайды-ау. Жұптарын жазбастан кеше кешкілік Ұялықөлдегі аккумулярды да көріп қайтты. Мақан атаның қазасынан бері қа-

бақтары жөнді жадырамай, көңілдері құлазыған кішкентайлар мөре-сәре.

– Мә, мына тельняшканы киіп ал, Мәлік. Судай жаңа. – Шешенхан қолындағысын ұстата берді. – Төртеуімізден ескерткіш!

– Рахмет, достарым!

– Біздің капитанның кей-кейде өстіп тауып кететіні бар. – Тілеулес жымың қақты. – Егер көтеріп жүре алсаң өзіне «Сұржекейді» де сыйлар едік.

– Охо! – Мәлік таңырқады.

– Өте дұрыс.

– Мынау ски идея!

– Көңілдеріңе ризамын, достарым, – дей берді ыстық құшақтарда толқыған Мәлік.

Күткен сәт. Сонадайдан сирена берген «Смелый» аралға жақындап кеп мотор өшіргенімен, зәкір тастаған жоқ. Түс-түстан палубаға көтерілген балықшылар басқарманы алқақотан қоршап алды.

– Жолдастар, мұнда көп аялдамаймыз. Ұшаққа үлгеруіміз керек. Сонымен, Мәлікжанның уақыты бітіп, қаласына қайтпак. – Төлеуғасым Қайшыбаев балалардың арасында тұрған Мәлікті қасына шақырды. – Сіздердің аттарыңыздан, тікелей өз шаруашылығымыздың атынан біздің Балқашта екі айға жуық болып, ересектермен иық тіресе еңбек етіп, бізге үлкен қолғабыс көрсеткен Мәлікке шын жүректен алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Сатыр-сұтыр соғылған шапалақтар үніне өзге тілектер де қосылған. Кеу-кеулесіп, бас шұлғысқан қарттар кеукілдесіп бірін-бірі қаштап кетті.

– Басқарма дұрыс айтады. Өркенің өссін, құлыным!

– Иә, Мәлікжанға деген алғысымыз шексіз.

– Еңбексүйгіш те өнерлі жігіт екен. Талабы жансын!

– Біздің мына қарасирақтар Мәліктен көп нәрсені үйренген болар. Алдағы жылы тағы келгін, қарағым.

Маңайына байыппен қараған басқарма жұрт сәл саябырсығанда сөзін қайта сабақтады.

– Міне, өздеріңіз де біраз жайды аңғарыпсыздар. «Жаксының жақсылығын айт – нұры тасысын» демей ме халқымыз. Табысы жаман емес. Осы уақыттың ішінде ол ақшалай әжептәуір еңбекақы тауыпты. Соны және арнайы сыйлығымыз – өзі жақсы көретін әйгілі қылқалам шебері Айвазов-

скийдің «Қара теңіз» атты картинасын тапсырсақ дейміз. Айтпақшы, Мәлік ұстап берген түнеукүнгі Шайтанаралдың сақалдары нағыз баукеспе қарақшылар екен. Екеуі де әлденеше рет сотталған, ешқайда тұрағы жоқ қауіпті бұзақылар көрінеді. Ауданда ұзақ ұстамай, жоғарыға алып кетіпті. Осынау қырағылығы үшін Мәлікке тағы да алғыс жарияласақ артық болмас! Көне, әлгін...

Бір қапталдан Базар-капитан жиегі жалт-жұлт жарқыраған картинаны ұстап шыға келді. Басқарма картинаны жиналғандарға шетінен көрсетіп, Мәлікке тапсырды. Дабырдұбыр... Құрдастар Мәліктің қолын кезек-кезек қысса, қарттар суретке қызыға үнілуде.

— Неткен әдемі! Ғажап!

— Қара теңізін өзіміздің Балқашқа ұқсайды-ау.

— Міне, сурет деп осыны айт!

— Түбінде біздің Мәлік те мықты суретші болады.

Құрмет пен қошеметке бөленген Мәліктің қуаныштан жүрегі жарылардай. Жүзі бал-бұл жанған ол күлімдей ортаға жылжыды. Қысылғаннан мандайы тершіп кетіпті. Теңіз үстін ілкі сәттік тыныштық билеген. Мәлікке құлақ түргендей, шағалалардың да шаңқылы сап тыйылған. Ол бөгелмеді, толқи тіл қатты.

— Төлеуғасым аға, маған білдірген көңілдеріңізге көп рахмет. Мактауларыңыз артықтау тәрізді. Сенсеніз, қуаныштан аузыма сөз түспей тұр. Балқашқа келгеніме өз басым ешқашан өкінбеймін. Көп жайды біліп, көп нәрсені үйрендім. Ең бастысы — Сіздермен таныстым. Әсіресе, үлкен жүректі Мақан атаны өмір бақи ұмытпаспын. Қолымнан келері — қалаға барғаннан кейін ол кісінің портретін саламын... Өкініштісі сол — Мақан атаға Жарасының суретін дер кезінде тапсыра алмадым. Келер жазғы каникулда екі портретті де бітіріп, бірге ала келсем деймін. Балқаш толқынында жаңа достар тапқаным өзімді шексіз бақытты санаймын. Иә, достар орны — тіптен бөлек... Ал, аға, мына тапқан азды-көпті табысымды осы күйінде Балалар қорына аударғым келеді. — Ол қолындағы ақшаны басқармаға ұстатты. — Әрине, менің кішкентай бұл үлесім — мұхитқа тамған тамшы ғана. Сөйтседағы «тамшыдан — теңіз» деген емес пе?! Аспанымыздың мәңгі ашық болуы үшін! Біз секілді балалардың күліп жүруі үшін дегім келеді. Өздеріңіз сыйға тартқан ұлы Айвазовскийдің мына картинасы маған

сондай қымбат. Бұдан артық бағалы сыйлық болмас мен үшін. Өйткені ол – көгілдір Балқаштан ескерткіш!

Риза болған топ Мәлікпен қимай қоштасқан. Әрқайсысының көмейін бүлкілдеткен ортақ пікір:

– Мәліктің мұнысы нағыз азаматтық!

* * *

Базар капитан бастаған достар Мәлікті арғабақтағы Қарақұмнан ұшаққа шығарып салды. Сәл кешіккенде үлгермейді екен. Ыстық құшақтарға бір-бір сүңгіген Мәлік ішке кірген бойда иллюминаторға жабыса түсті. Жеп-жеңіл аспанға көтерілген «Аннушка» бүйірлей қалықтағанда шетсіз толқыған көк айдын төңкеріліп, ерекше көрінген. Төменде кол бұлаған Базар-капитанды, Шешенхан мен Тілеуесті, Меңдіғалы мен Серікті ап-анық көрді. Ол іштей күбірледі.

– Қош бол, теңіз!

– Қош бол, Балқаш!

– Келесі кездескенше, теңізші достарым менің!

Мәлік кірпігінен үзіліп түскен жалғыз тамшыны байқаған жоқ...



ЖАЗЫЛМАЙТЫН ЖАРА

«Алаудың» жаңалықтары

1

Үзілісте соғылған қонырау үнін санкылдаған радио іліп әкетті. Бұған елендемеген ешкім қалған жоқ. Жаңа оқу жылының басында екі-үш мәрте осылай сайрап берген мектеп радио торабы аяқ астынан бұзылып қалған болатын. Олай шұқылап, бұлай шұқылап көргендер ештеңе шығара алмай, ақыры қол сілтеген. Сол күдер үзілген «мылқауың» міне, бүгін бүкіл мектепті басына көтеріп сайрап тұр.

«Тындаңыздар!.. Тындаңыздар!.. Сөйлеп тұрған – «Алау!» – дейді.

«Өткен апта жаңалықтарымен таныстырамыз. «Ұлан» газетінің соңғы екі саны айрықша плакат болып жарық көрген. Онда «Туған елім, менің Қазақстаным!» деп аталатын республикалық марштың бағдарламасы жарияланып отыр. Әрбір жеткіншектің, мектебі мен елінің келешегі үшін білімімен, үлгілі ісімен үлес қосар озат оқушылардың жансерігіне айналар бұл материалды жан-жақты зерттеп оқындар. Туған еліміздің тарихын, өткен жолын терең оқып-үйрену – басты мақсат, еліміздің ертені жас өркен қолында. Сондықтан да туған жерін аялап-мәпелеп, өскен елінің өмірбаянын, яғни оның шежіресін жазу – бүгінгі ұрпақтың абыройлы борышы. Ел еңсесін көтерген аға буынның ізбасарларының келешекте тындырар істері ұшан-теңіз. Демек, осы құжатты «Мектеп айнасы» бұрышына көрнекті етіп іліп қою керек...

Енді мектебіміздің өмірінен бірнеше хабар тындаңыздар...»

Үзіліске шықпай, физика оқулығын парақтаған Нұрахым шыдамай, өзіне-өзі күнк ете қалды.

– Газетте жазылғандарды өзіміз-ақ оқып алмаймыз ба? Маңдайдағы мына қос «фарды» Алла тағала не үшін берді дейді екен. Шіңкілдемей, жаңалықтарды айтсаң, тездеп айтсай...

Ашық есіктен басын қылтитқан Ағдан қаркылдап күлді.

– Ей, кара перғауын! Немене, өзің жападан-жалғыз жынынмен сөйлесіп отырсың ба? Ха... ха... Немене өзің Архимедпен келіспей қалғаннан саумысың?! Бозарған сұрын кара. Ха... ха...

– Тіл-жағыңа сүйенбей тыңда ананы, – деді Нұрахым қабырғада ілулі тұрған радионы сүк саусағымен нұсқап. – Бағанадан шіңкілдеген кім болды десем, жетінші «Б»-ның пысығы Данагүл екен ғой. Әлгі гүжілдегін де білдім. Жалақ сарының тура өзі.

– Ермек пе? Соңғы кезде мыртыып Данагүлдің жанынан шықпайды.

– Иә, сок!

Нұрахым иығын қиқаң еткізді.

– Жаңа геометрияда Салиха тәтейдің сабағында отырды емес пе, колын шошандатып. Тәштиіп алып, ракета-ау өзі... Сонда қалай? Призма-тәтейден бұрын зытып кеткен бе?!

Радио мектеп жаңалықтарын тізбелеп, бірінен соң бірін айтып жатыр:

«...Нұркен Әбдіров атындағы №3 отряд оң қанаттылар сапына қосылды...

Осы жетідегі ең үлкен оқиға – мектебіміздің КИД мүшелері атына шалғайдағы Никарагуаның бейбітшіл жас өрендерінен хат келді. Мұхиттың арғы жағалауынан жолданған никарагуалық балалардың сәлемімен «Достық» клубында танысуға болады...

Жексенбі күні жетінші класта оқитын Жарасбай Жайырбеков, Шолпанқұл Дәуірбаев, Ермек Әлімжановтар ауыл іргесіндегі қалың құмнан бұдан жүз жыл бұрын Петербургте жасалынған жез қонырау мен көне құлпытас тауып алған. Сирек ұшырасатын бұл археологиялық олжалардың тарихын мектебіміздің балғын шәкірттерінің өздері алдағы уақытта зерттеп, анықтамақ...

Жазықсыздан жазықсыз жапа шегіп Чили хунтасының түрмесінде сегіз жүз күн жатқан ержүрек ұландар Альварто Торо Вега мен Орасило Лире қамаудан босатылды. Жас патриоттарды қапас түнектен құтқару жолындағы «Амиго» операциясына біздің «Ынтымақ» ауылының балалары да белсене қатысқаны баршаңа мәлім. Олар жүз отыз оқушының қолы қойылған арнаулы открытка жіберген болатын. Демек, халықаралық осынау үлкен акцияға біздің оқушылар да өзіндік үлес қосқан...

Хабарымыздың соңында шағын құлақтандыру. Сабактан

кейін кездесу кеші өтеді. Кеш қонағы – Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері Токметбай Ахметбаев...»

Нұрахым терезе алдына қалай жетіп барғанын байқамады. Күбірлеп жүр:

– Кездесу кеші туралы хабарландырудың кіре берістегі есікте ілулі тұрғанына екінші күн. Үтір-нүктесіне дейін жаттап алғанбыз. Бөрінен де... Құлпытас пен қоңырауды айтсаңшы...

«Алаудың» құлпытас жайындағы жаңалығы Ағданға да тосын көрінген.

– Кімнің басына қойылған екен? Қай ғасырдың «сыйы» десенші.

– Ермектен сұрап білеміз ғой. Қоңырауға жүз жыл болғанда, оған... кемінде... Таңбасы мен қашалған бедер-жазулары бар шығар. Оқып көрмейміз бе? – деді Нұрахым әйнектен жанар аудармаған қалпы.

– Арабшаны қалай оқымақсын? – Бұл жолы Ағданның даусы жарықшақтанып шықты. – Шіркін, атам тірі жүргенде арабша түгіл, парсышаны да зуылдатып оқып беруші еді.

– Шындығында, ескі қорғандардағы көктастарға арабша жазылатынын ойламаппын, – деді Нұрахым да пәстеу.

Олардың әңгімелерін қоңырау бұзды.

Дабыр-дұбыр бөлмеге енген балалар бірінің жүзіне бірі «жаңалықты естідіңдер ме» дегендей таңырқай қарасқан.

Сұраулы пішендердің не айтпағы бөріне де аян еді...

2

Өз ойына өзі шырмалған Нұрахым мең-зең күйде. Сансапалақ ойлар тұңғыық иірімге батырып жібергендей. Екі көзі тақта алдындағы Байділда ағайға қадалғанымен, назары мүлдем басқа бағытқа ауған. Көңілі әлем-жәлем ол ғасырлар қойнауының қатпар-қатпарынан шыға алмай-ақ отыр. Терезеден сыртқа көз сүзіп еді, әншейінде мұнартып қана шалынатын Балқаш көкпеңбек нілдей боп бөлекше жарқырап көрінген. Іргедегі теңіздің кей кездері, әсіресе күз күндері тым жырақтан қол бұлғайтыны бар. Көк айдын төсін торуылдаған қорғасын бұлттар ерсілі-қарсылы жөңкіліп көшеді-ай. Жалы күжірейген асау толқындар әбден әл-дәрменнен айырылып, еріксіз буға айналып жатқандай. Долы теңіз төсін тұмшалаған қою тұманның оңайшылықпен сейілмейтіні белгілі. Ғажабы – биылғы қоңыр күз өзгеше маужыраған мінез байқа-

тып түр. Қазанның қарашаға ұласар соңғы тәуліктері де жанға жайлы шуақ төгуде. Міне, қазір де үлкен терезелерден себезгілеген шұғыла класс ішін ысытып жіберген. Әлде... Ой тұманынан әлі айыға алмай отырған Нұрахымға осылай сезілді ме. Әйтеуір қапырық көрінген.

«...Бәсе, біздің Сарыесіктің төңірегі де тұнған байлық. Тек оның үсті мен астына бірдей үніліп, жан-жақты зерттеу керек. Мен білсем, қазынаның көкесі мына ауылдың маңынан басталатын ұшы-қиырсыз қалың құмның қойнауында. Соңғы жылдары ұлан жазға осы өңірді вертолеттер бостан-босқа шарлап жүрген жоқ-ау. Білгіштер «геологтар екен», «мұнайдың мол көзін тауыпты» деп жүр ғой. Бекер болмас, сірә. Газет-журналдар Қараталдың теңізге ұласар тұсынан көне кенттердің орны табылғаны туралы жазды емес пе, осы?! Көрдің бе, құм жұтқан ежелгі қалалардың жұрнақтары мен іздері түрлі-түрлі болжамға жетелейтін секілді. Жалықпай іздеген археологтарға болашақта бұл жердің талай жұмбағы өз құпиясын жайып салары даусыз. Оған айғақ – Ермек пен Жарасбайлар құм астынын тапқан әлгі малахит (бейіт басына қойылатын көктас мағынасында) кімге арналған екен? Өткен ғасырларда ел қамын жеген батырдың басына қойылған ба? Жоқ... әлде, жаугершілікте қаза тапқан жалаңтөс жауынгер белгісі шығар... Мүмкін, осы аймақта әйгілі адамға жасалған ескерткіш пе? Қалай болғанда да бағзы заманда көктастың жөпшенді жанға қойылмайтыны анық. Ал, егер құлпытас пен жез қонырау бір жерден қазып алынса, онда тіптен қызық болғаны. Осындайда уақыттың өтпейтіні-ай!...»

Байділда ағай бүкіл пейілімен, ынта-ықыласымен жана тақырыпты түсіндіріп бәйек. Газ бен сұйықтардың қысымы жайында тәптіштеп айтып жатыр. Физикадағы бұл құбылыстарды зерттеп, ашқан француздың атақты ғалымы Блез Паскальдің аты-жөнін әлденеше қайталап, тақтаға да бадырайтып жазып қойды. Көңілі ала-құйын Нұрахым тактадағы бұған шейін түсірілген шар тәрізді сурет бейнелер мен жалғыз ауыз сөзді түсінбеді. Іштей күбірлеп екі-үш рет оқып та шықты. Бірақ... бұрын-соңды естімеген «Торричелли» дегеннің не екенін ажырата алмайшы.

«...Кісі есіміне ұқсамайтын сияқты. Сонда қалай? Жерсудың атауы ма? Паскальдің туған мекені шығар. Бәлкі, ол ашқан газдың түрі болар, ә... Мейлі, кейін біле жатармын. Басымды босқа қатырып... қонырау неге соғылмайды? Есік көзінде қысы-жазы шұлық тоқып отыратын апайдың ұмы-

тып-ақ кеткені-ау шамасы. Әйтпесе... Қонырауды күте-күте ішіміз жарылды. Одан да Ермекке тіл-хатты сүйкеп, атып жібермеймін бе? Күнұзаққа есіме түссейші...»

Түкіріктеп жұмырланған бұршақтай қағаз Ермектің құлағының тура түбінен зу етіп, алдына дәл түсті. Абырой бергенде жана тақырыпты аяқтап, тізім-журналға тесіле шұқшиған Байділда ағай байқаған жоқ. Мергендігіне мәз боп, тіл-хатына тағатсыздана жауап күтіп тыпыршыған Нұрахым өзінің фамилиясын естігенде «Бұл қайсысы?» дегендей жан-жағына жалтақтай караған. «Құлағым шуылдаған шығар...»

— Кәне, Алтыбаев, сен өзі тоқсан бойы сұралмағансын ба? — деді журналдан басын көтермеген мұғалім. — Газдар мен сұйықтардың қысымы жайында не ұқтын? Паскаль заны дегеніміз не? Кәне, түсінгеніңді айтшы.

Сен сокқан балықтай мен-зен Нұрахым кәне орнынан тұра алсайшы. Балалар болса онын мұнысына мәз-мейрам. Біреу дәп бір шегелеп қойғандай, ол орнынан зорға көтерілді. Онсыз да бадырайған көзі шарасынан шығып кеткен, алақ-жұлақ етеді. Бөлмені жаңғыртқан күлкі сап тыйылғанымен, жыбыр-жыбыр шымшыма сөздер әр тұстан ап-анық естіліп тұр.

— Ұйықтап қалғансын ба?

— Мынаны пері сокқан шығар?

— Әй, естимісін?! Сенен сабак сұрап тұр емес пе?

— Аузыңды ашсаншы, тілің байланып қалды ма өзіннің? Қолындағы қаламының екінші ұшымен үстелді тықылдатып, класты тыныштандырған Байділда ағай салмақты үнмен:

— Жарайды, балалар, — деді үйренішті мақамына салып. — Орнында тұрып-ақ жауап бер. Сонымен, газдар мен сұйықтардың қысымы туралы, оны алғаш рет ашқан ғалымның еңбегі туралы түсінгеніңді айтшы. Асықпа...

Ұстазының сабырлы мінезі дегбірсіденген жүрегін тыншытқандай. Өзін еркіндеу ұстаған ол тақтадағы жазуларға ойлана үңіле түсті. Артынша тамағын кенеп, «ұялған — тек тұрмастын» керін жасаған:

— Газ дегеніміз түссіз сұйық зат. Қатты денелерге карағанда өте тез жанады. Қысымы күшті секілді... Ал, Торричелли газын француздың мықты физигі Паскаль зерттеген.

— Ой, пәл-ле-е...

Нұрахымның әр сөзіне жымындасқан балалар да мұғалімдеріне қосылып күлкі тиегін еркін ағытты.

- Хи-хи-хи-и-и...
- Ха-ха-а-а.. Ха-е...
- Иһ-иһ-хх-х...
- Ох-ох-ах-а-а...
- Ха-а-а...

Шиедей қызарған Нұрахым желкесін үн-түнсіз қаси берді. Іші құрғыр жоқ жерден ши шығарып алғанын сезгендей.

Күлкісін лезде тыя қойған Байділда ағай еріксіз кабак шытқан:

– Не ойлап отырғансың, қарағым? Сонда күні бойы не тындағансың? – Ашу қысқан ол көзіне түскен шашын саусақтарымен тарағыштай, шалкасына қайырып қойды. – Торричелли газ деп саған кім айтты? Қай құлағыңмен тындағансың? Торричелли газ да емес, сұйық та емес... Білдің бе? Ол – адам! Атмосфера қысымын ашқан атақты итальян ғалымы. Мынауың ұят қой. Газ... қайдағы газ... ө! Естимісің...

Осы кезде жез қоңырау шыр ете түсіп, мұғалім ағай әңгімесін үзді. Нұрахымға бас шайқап, ренішін білдірді. Үзіліске шыққан балалар ештеңеге қарар емес. Көгеннен ағытылған козыдай ойнақ салды. Жалғыз Нұрахым ғана мойнына су құйылғандай, иығы салбырап қушыып кеткен.

3

Ауға түскен шабақтай партасынан жылжи алмай, күллі класс алдында маскара қызарған Нұрахымның халін жалғыз Ағдан ғана түсінген. Ой тұзағына оралған досының жанына жетіп келген ол сабақ үстінде естіп-білгендерін асығыс-үсігіс айта бастады.

– Құлпытасты біздің «археологтар» көрші ауылдың көшесінен тауып алыпты.

Соны хабарға елеңдеген Нұрахым оның сөзін бөліп жіберді.

– Қызық екен! – деді таңырқап. – Сонда қалай? Өзіміздің үшінші бөлімшеден тапқан ба? Ауыл ішінде жатқан неғылған құлпытас?! Айтпақшы, көне қоңырау да бірге шығып па?..

– О жағын түсінбедім. Тап ауылдың ортасында... Демек, жер астында шөккен ежелгі қорымның болғаны да? Шолпан-құлдың айтысына қарағанда көміліп қалған көктасты айналдыра қазып құмын аршығанымен, үшеуі жабылып қозғалта алмапты. Бетіндегі екі-үш қатар ирек-ирек жазуларды ажырату қиын дейді. Ал, қоңырауды Кіші Акқұмнан Жарасбай

тауып алған сияқты. Мал қарап жүргенде астындағы атынын тұяғына ілігіпті. Әйтеуір, патшаның суреті мен «1885 жыл» деген белгісі бары рас секілді. Шолпанқұл өз көзімен көріпті.

— Соқ өтірікті.

— Міне, өллэй-біллэй. — Ағдан оң қолымен қылша мойнын екі-үш мәрте «орып» жіберді. — Оллаһи-біллаһи!..

— Ендеше, Ағдан, — деді Нұрахым. — Егер тыңдасаң тамаша идея бар. Осы, қазір кездесуге келетін Токметбай ақсақал Фрунзеде тұрады емес пе? Ыңғайына қарай, бұл жұмбақтың шетін сұрастырып көрсек қайтеді. Қанша дегенмен үлкен кісінің аты — үлкен кісі. Көргені мен естігені көп. Ескіше хат тануы да мүмкін. Біраз нәрсені анықтармыз әлі...

— Дұрыс айтасың, ең болмағанда көктастағы жазуды оқып берер. Кездесуден қашып кетсем бе деп едім... Мына пікірің ойланарлық екен, достым.

— Давай, онда бүгін кездесуге қатысайық.

Жүзі бал-бұл жанған Нұрахымның көздері де бағанағыдай емес, күлімдеп тұр.

4

— Келе жатыр.

Алдыңғы қатардан естілген осынау сөз жиналғандардың сыбыр-күбірін сап тыйды. Балалар түгел есік жаққа мойындарын ынтыға созған. Кідірмей әлгі дауыс тағы да қайталанды. Бірақ бұл жолы ол ернін тістеп алғандай мүдіріп қалды.

— Сондағы зарыға күткеніміз өзіміздің Дана ма? Жо-о-оқ... К...к-ке...

Апыл-ғұпыл орындарынан түрегелгендер бар назарларын еңгезердей жалтыр бас адамға аударды. Дананы да, жеткіншектер жетекшісі — Бануды да елеген ешқайсысы жоқ. «Отыра қойындар» деп ишара жасағанымен, кішкентайлар жағы Токметбай қартты алғаш көргендей ілгері ұмтылысып, бірінің қолтығынан бірі жарыса сығалауда. Кезінде екі иығына екі кісі мінгендей Тоқанның алпамса тұлғасы онша шөгінкіремеген, бөз қалпын сақтаған. Жүрісі ширақ, бойы тіп-тік. Қозғалған сайын омырауындағы орден-медальдары сыңғыр-сыңғыр қағады.

— Құрметті оқушылар, — деді сәл сәттік тылсымды пайдаланған Бану. — Бүгінгі кешімізге арнайы шақырылған Токметбай Ахметбаев ағайды барлықтарың жақсы танысыздар. Ұлы Отан соғысына басынан аяғына шейін қатысқан ардагер

ағамыз ұзақ жылдар осы өңірде еңбек етіп, маңдай терін төккен. Қанды майданнан оралған бойда толқын төсіне шығып балықшылықты кәсіп етіп, теңіз тарландарымен бірге су ырзығын сүзген. Өмір тезінде шындалған Тоқаң ширек ғасыр ауылсовет болып «Балықшы» колхозын басқарған. Еңбек демалысына шыққаннан кейін де қол қусырып отырмағаны баршана мәлім. Ұсақ-түйек демей, шаруашылықтың түрлі жұмыстарына қол ұшын беріп, кейінгілерге ақыл-кеңесін үнемі айтып жүру – ағамызға тән жақсы қасиет. Ендігі әңгімені қадірлі қонағымыздың өз аузынан тындайық.

Ду шапалақ бөлме ішін кернеп кетті.

Жымындай көтерілген Тоқан алақанның басылуын күткендей маңайына жағалай жанар сүзді. Іле, жан қалтасынан беторамалын алып, көзін сүрткен ол:

– Қарактарым, қанша қолпаштап, марапаттағандарыңмен біз қартайдық қой, – деді. – Соңғы кезде көзім жасаурап, төмендеп барады. Жетпісінді де тауысып, сексеннің сенгіріне жеттік-ау. Одан арғы күнімізді айтсаншы.

– Қойыңызшы, аға, әлі тыңсыз.

– О дегеніңіз... Токсандағы Мұратбай шалды көрмейсіз бе? Ертелі-кеш есегінің үстінде шоқиып отырғаны.

Призма-тәтейді коштаған Байділда ағайдың «шоқиып» дегені шыбынның ызыны естілердей, тым-тырыс отырғандарға жан бітіргендей, қозғалактатып тастады.

– Соғыста болғандығы шығар. Шындығында, Мұратбай ақсақалдың өңі әлдеқайда жастау көрінеді, – деді Нұрахым қасындағы Ағданға сыбырлап.

Ол жауап орнына басын изеді. Тоқаң үзілген әңгімесін қайта сабақтаған:

– Жасарымызды жасап, асарымызды асадық. Оқ пен оттың ортасынан тірі қалған бізде не арман? Ендігі жерде мына отырған сендер, кейінгі жас ұрпақ соғысты көрмесін. Аспандарын ашық, ұйқыларың тыныш болғай, қарактарым! Ең бірінші тілегім осы...

Әрине, мені құрметтеп, соғыс ардагері ретінде кездесуге шақырғандарыңа ризамын. Әлгінде Бану қарағым айтқандай, көп нәрсені бастан өткіздік. Қаршадайымыздан жоқшылық пен қиыншылықты белден кешкен бізді өмір өткелдері тәрбиеледі. Қазіргідей заманды үш ұйықтасак түсімізде көреміз дедік пе?

Даусы қырылдаған ол екі-үш мәрте жөткірініп, стакан-

дағы суға қол созды. Сілтідей тұнған тыныштықты Тоқанын тарғыл үні қайта бұзды.

— Адам баласы қартайғанда ақылғөй болса керек. Жаңағы айтпағым — мынадай жай. Біздің «Ынтымақтан»... ол кезде Балқаш төңірегінде шағын-шағын алты колхоз болатын... Кейінірек... елуінші жылдары ірілендіріп, бәрі бірікті ғой. Міне, сол ауылдардан сонау керман пәшістеріне қарсы соғысқа екі жүзден астам боздақ аттанса, соның небәрі жетпістейі аман-есен оралыпты. Жетпістің ішінде ауыр жараланғаны, аяқтан айырылып «ақсақ», қолдан айырылып «шолақ» атанғандары да бар.

— Тоқа, солардың қазір қаншасы тірі? — деді осы кезде шыдамсызданған Ағдан.

— Сұрақты соңынан қою керек.

— Дұрыс! Сөзді бөлмеңдер! — Екінші біреу қосарланған.

Көзі-басын беторамалымен аспай-саспай сүртіп алған карт майдангер сынғыр-сынғыр еткізіп костюмінің ішкі қалтасын тінте бастады. Іздегенін таппаған ол қалталарын сипалады.

— Е-е-е.. Ұмытпасам керек. Мұнда сүнгітіп жіберіппін. — Шет-шетінің ақжөмі шығып, әбден тозығы жеткен көкшіл дәптердің бүктеуін жазып, жиналғандарға көрсетті. — Бұл менің бләкнөтім ғой. Соғысқа кеткендер мен тірі қайтқандардың біразының аты-жөні осында жазылған. Әуел бастағы тізім-дәптерімді ертеректе жоғалтып алып, қатты өкінгенім бар. Өз қолыңды өзін кесесің бе? Сөйтсе де жүректі ұйықтатпаған ой мазалай берді. Амалсыздан жоғалған дәптердегі тізімді кейінгі кездері есіме түсіріп, түртіп жүрмін. Өкініштің орны толған ба? Көпшілігін ұмытып қалыппын. Қара қағаз келгендері, мүлдем хабар-ошарсыз кеткендері... Бәрін бірдей еске түсіру еш мүмкін болмады. Тірі қайтқандардың қатары да селдіреді-ау... Қаңғайда менен басқа Оспан, Әбдіқадыр секілді аталарың болса, Базархан мұғалім естуімше Қоңыратта, Орынбай, Төлеуғасым, Қарахан Байшегірде, ал Шешенхан деген құрдас Қоржынкөл совхозында тұрады. Ол екеуімізді соғысқа өгіз арбамен шығарып салған кезді әлі ұмытқам жоқ. Жұбымыз жазылмаған біз Белорус майданында соғыстық. Қалай соғысканымызды мыжып уақыт созбайын. Ең бастысы жоғарыдағы белгісіз боздақтар есімдерін анықтау керек. Жауынгер жерлестердің аты-жөндерін толықтырып, тездетіп табу — бәріміздің борышымыз. Бәрінен бұрын бұл мына отырған жалындаған сендерге, сондай-ақ мектептің қы-

зылізшілеріне жүктелер үлкен тапсырма. Газет-журналдардан күн сайын өздерін де оқып жүрсіндер. Жер-жерде соғысқа катысқандарға арналып ескерткіштер ашылып, мәрмәр тас пен грәнитке қаһармандар есімдері кашалып, бедерленіп жазылған. Соның бәрін жасап жүрген мына өздеріндей өндірендер. Менің сендерге айтпак осы бір өкпе-назымды карт майдангердің аманаты деп білгейсіндер, қарақтарым.

— Өте дұрыс. Тоқаңның орынды бұл пікірін біздің мектептің мұғалімдері атына да айтылған сын деп ойлаймын. Кешірім өтінемін, сөзіңізді бөлгеніме, — деді орнынан ұшып түрегелген Байділда ағай.

— Әрине, бәрімізге ортақ іс. Әлгінде әңгіме арасында сездірдім ғой о жағын. Былайша онай көрінгенімен, бұл — қиын шаруа. Ол үшін талмай іздену қажет. Аркиптерге үңіліп, ауылдық кенестің арғы-бергі кінигаларын іздеген жөн. Әскери комиссариаттың бұдан қырық жылғы бұрынғы дөкіменттерін көру қажет... Қырық жыл дейміз-ау, қазір қиналып... Әйтпесе ықылым заманғы анау «Таңбалы тас» пен «Қалмақ жатқанның» құпиясын зерттеп жүр емессіндер ме!» Жаңа ғана айтқан қырық бірінші жылдың көзі тірі солдаттарымен сөйлесіп, шалғайда жүргендеріне хат жазысып, сұрастыру керек. Тірі шежіре солар. «Су түбінде жатқан лағыл тас, жел толқытса шығады», дегендей адам жан дүниесінің тереңін ой толқытса білерсің. Иә, көптен маза бермей жүрген сырым да, шыным да осы.

Мінбеден түспей жан-жағына қарап, бөгеліңкіреген Тоқан ымдап Бануды қасына шақырды.

— Ал, карағым, мына дәптерді жас балғындар басшысы ретінде салтанат үстінде саған тапсырғанды жөн көріп тұрмын. Қажеттеріне жарар. Тіпті әлгі жауынгерлік «Данқ» музейлеріндегі Жамал кемпірдің соғыстан қайтпаған Әлиінің кейін табылған хатының жанына қатар қойсандар артық болмас. Менің арнайы әкелген ескерткіш-базарлығым деп білерсің.

Орнынан жайрандап ұшып түрегелген Бану карт солдаттың жанына тақады. Сөйтті де Тоқаң ұсынған көк дәптерді алақанымен аялай ұстаған күйі:

— Қадірлі аға, бүгінгі жан толқытар әңгімеңіз үшін Сізге мектебіміздің жас өрендері атынан үлкен рахмет! Бәрінен бұрын Сіздің білдірген майдангерлік ескертулеріңіз бізді қатты ойлантады. Алдағы уақытта ауылымыздың соғысқа қатысқан азаматтарын іздестіру — мерейлі парызымыз. Шындығын-

да, бүгінге шейін бейқам жүрген екенбіз. Бейбіт өміріміз үшін қанын төккен біздің аталарымыз бен ағаларымыздың аты-жөні жазылған мына дәптерді мұражайымыздың құнды экспонаттарымыздың бірі ретінде кастерлейтінімізге сенім білдіремін. Хабар-ошарсыз кеткен Әли ағамызды табуға да өзіңіздің себепші болғаныңызды өсте ұмытпаймыз.

— Рахмет, қарағым! Жамалдың Әлиін қайта «тірілткен» өздерің ғой. Әсіресе, анау отырған Данагүл қызымның еңбегі елеулі. Жамал байғұс көзі жұмылғанша алғысын айтып кетті емес пе. Ал сұрапыл соғыста қыршын кеткен боздақтар рухына мәңгі-бақи тағзым етіп, құрмет көрсету — кейінгі ұрпақтың қасиетті міндеті. Ендеше, жолдастар, сол соғыстан оралмағандардың асыл бейнелерін бір минөт орындарыңыздан тұрып есімізге түсірелік.

Әр жүректі сыздатып, әр жүректі бұлқытқан Тоқанның соңғы сөздері дабылды ұрандай естілді.

Кешке жиналғандардың жанарларын сәл сәттік мұн аялағандай, бәрі де үн-түңсіз...

Қаққан қазықтай қалшыып тұра қалған қарт майдангердің иығы қушыып, жасаураған көзі ерекше шүңірейіп шалынған...

Нұрахым мен Ағдан күнұзаққа көмейлерін бүлкілдеткен сауалдарын сыртқа шығармай, ішке бүгіп қалды.

«Тағы бірде сұрармыз...»

Жазылмаған жара

1

Дананың әлі есінде. Жаңа жыл қарсаңы болатын. Бәрі-бәрі қаз-қалпында... бейне экрандағы кино суреттеріндей рет-ретімен көз алдынан тізбектеліп өтуде.

Жаңа жылды мерекелеуге небәрі екі-ақ күн қалған-ды. Мектептегі балмасқарадка әзірленеміз деп ұйқыны ұмытқанына да бірер тәулік. Күрмеуге келмейтін шолақ жіптей желтоқсанның күні де сондай қысқа. Ауыл іргесінен көтерілген күн сақылдаған сары аязға тоңып қалғандай, көп ұзамай ыстық ұясына қайта қонақтайтын шақ. Күндіз сабақтан қол тимейді. Амалсыздан түннің бір уағына дейін отырасын. Қиынның қиыны— маска жасау. Оның үстіне жалғыз емес. Екі інісіне қосылып сіндісі де қыңқылдап есін шығарғаны бар. Әлдеріне қарамай шетінен талғампаз. Анау-мынау масканы мұрын шүйіріп, менсінбейтінін қайтерсің. Бізтұмсық Бұра-

тино мүлдем мезі еткенге ұқсайды. Інісінің қалайтыны— жалғыз көзді Базилио. Пырылдап тек пеш түбінде қозғалмайтын жалқау мысықты ешқайсысы ұнатпайды. Сіңлісінің тілегі белгілі: ақылды тасбақа Тортилла. Бәрінен де ортаншы бауыры, үшіншідегі Беріктің тапсырмасы әбден әуреге түсіргені. Қарап жүрмей, қай-қайдағыны ойлап табады-ау!

— Биылғы келе жатқан Жаңа жыл атамның айтуынша, Тышқан екен. Дана, көкетай, маған қайтсең де тышқанның маскасын жасап берші. Не бұйырсаң да айғқаныңды екі еткізбей, орындауға уәде етем... Көкетай, келістік пе? Жасайсың ғой, иә...

— Мені суретші дейсің бе? Тышқаның не? Қалай жасамакпын оны? Қаптесеріңді тірідей көрген емеспін. Одан да шифоньердің үстінде былтырдан тұрған дап-дайын жырык ерінді алсаңшы.

— Жок. Қайта-қайта Қоян боп жүремін бе? «Су жүрексің» деп балалар мазактайды...

— Намысшылын. Жарайды, бірдеңе ғып көрерміз...

Талай қағаз жыртылып, талай бояу төгілді. Көмекке шақырған парталас құрбысы Сандуғаштың қолы епті-ақ екен. Айлакер Базилио мен ақылғөй Тортилланы айнытпай келтірді. Ал бармақтай Тышқанды жабылып жасай алсақшы. Біреуіне каска тісі ұнамаса, екіншісі қос тал мұртын жақтырмаған. Ұйқы қысқан Беріктің өзі әлдеқашан қорылға басқан... Әйтеуір, екеулеп отырып, түн ортасы ауа Тышқанның да маскасын құрастырып біттік. Сондағы Сандуғаштың қуанғаны-ай: «Міне, нағыз Микки-Маустың өзі!» дей берген.

Неше күнгі шала ұйқы алып ұрыпты. Сөйлесіп жатып кірпіктерінің қалай, қай кезде айкасқанынан бейхабар. «...Мектептің зәулім спорт залының нақ ортасына орнатылған елканы шыр айналып, әндетіп жүр екен. Ойпыр-ай, ешкім күтпеген жай. Спортзалдың төбесі ашық тәрізді. Аппак қар жапалақтап жауып тұр. Мың-сан ақ көбелек дерсің. Лездің арасында жасыл шырша ақ ұлпаға оранып, бұрынғыдан бетер жасанып шыға келген. Жо-о-ок... жарқ-жүрқ ойнаған бала біткеннің қолындағы бенгал шырақтары. Думанға бөленген балалар мәз-мейрам. Сақал-мұртына қырау қонған Аяз ата мен Қаршақыз да көңілді. Маскаларынан бірін-бірі жыға танымаған балалар дауыстарын құбылтып әлек. Қайтсе де білдірмеудің әрекеті. Жиналғандардың денін өзгеше алаңдатып, өзгеше қызықтырған Тышқан-бала. Жок... джинси киген қыз.

«Тапқырлығын карасаншы. Тышқан жылы мына балалардын ешқайсысының ойына түспеген». Аяз атаның өзі риза боп, мақтады ғой осылайша. Кім болды, ә?! Расында, Микки-Маустан айнымайды. Жымыңдаған Сандуғаш қасындағы мыртық кара көзілдіріктің құлағына сыбырлайын деп енкейсе берген. Кара көзілдіріктің Ермек екенін тәштіген бойынан әуелде-ақ танып қойған ол айғайлап жіберді: «Айтпа деймін... Айтпа!»

Өз даусынан өзі шошып оянған Дана қаннен-қаперсіз бүрісіп ұйықтап жатқан Сандуғашты көріп езу тартты. Бір қап аязды алдына сап айдап кірген Токметбай ақсақал даңғырлаған күйі төрге озды.

– Құдайдың күні бүгін де қақап тұр-ау, – дейді алақанын ысқылап. – Түкірігін түспейді түкірген. Бәрінен де балықшыларға қиын болды. Түрі жаман. Мұз үсті жыланша ысқырып тұрған шығар. Балдар да кәнікүліне шығып, мәре-сәре.

Тоқаңның сөзі көрпе астындағы Сандуғашты одан сайын бүрістіргендей. Көзін аша алмаған Дана да құрбысының құшағына тығыла түсті.

– Отырсаңызшы. – Пештегі шатыр-шұтыр гүрілдеп жанған отты қузап қойған шешесі дөңгелек үстелді жайғастыра бастады.

– Сәкен қайда? – Бағанадан түрегеп тұрған Тоқаң тізе бүгіп.

– Атам мал жайғап жүр.

Сөйткенше сыртқы табалдырықта бөгеліңкіреп, тарсылдатып, аяғының қарын қаққан Сансызбай атасы есік ашты. Тағы да бір құшақ аяз ішке лап қойды.

– Қарияның өзі де келді, міне.

– Қалың будан ештенені анық ажырата алмаған карт:

– Бұ қайсың? Е, Токметбайсың ба? – деді көзін көлегейлеп.

– Ертелетіп жүрген мен ғой, ақсақал. Жамал бір жаққа кеткен бе, осы? Кешеден бері мұржасынан түтін шықпайды.

– Сонына зер салмаппын. Құдық басында жолықтырғам кеше ғана. Сиырын суғарып жатыр екен.

– Қай жаққа кетуші ед ол жынды кемпір.

Шешесінің мына сөзі Данаға түрпідей тиді. Жаңа «үйінен түтін көрінбейді» деген хабарды естігенде, миына сап ете түскені «Ауырып қалған шығар... Төсегінен тұра алмай, мына суықта сіресіп қатып жатпаса де. Мүмкін...» Қаншалықты «жынды кемпір» атанса да жаманшылыққа қимады. Сөйтсе-

дағы әлденеден үріккен еліктің лағындай жүрегі тарс-тұрс...
Еріксізден үлкендердің әңгімесіне құлақ түрген.

– Қайбір жетісіп жүр дейсің, ішқұса байғұс. – Аяушылық білдірген атасының сөзі бұл.

– Өзінің Тәшкен жақта жамағайындары бар көрінеді. Солардың маңына көшіп кетпей ме, соқа басы сопиып отырғанша. Қуып жібермес.

– Әй, Қалимаш шырақ, әркімге өскен жері, туған елі мысыр шаһары, – деді Тоқан байсалды үнмен. – Мына біз Сара екеуіміз де әлдеқашан тарап кеткен колхоздың орнын күзетіп отырмыз емес пе? Атақоныс іздесек, арғабаққа– Шұбартауға көшсек несі айып?! Сонау Алматыға барсақ кемпіршал Мешкеннің қолына да сыярмыз. Тіпті өзің білесің, иек астындағы Қоржынкөлдегі Боташ келген сайын «жұрттан ұят» деп қыңқылдап қояды. Ал, Жамал кемпірдің жөні мүлдем бөлек-ау, бөлек... Бір аяғы мен бір қолын майдан даласына тастап қайтқан кара шалының шаңырағын.... Соғыстан оралмаған Әлиінің ыстық ұясы... Көзден таса еткісі келмейтін болар. Әлгінде кәрия дұрыс айтты, не ойласа да ішінде. Шалы көз жұмғаннан кейін шалық соқты ғой, әйтеуір. Өз-өзінен сөйлеп жүретінді шығарды.

– Қайтсін-ай! «Екі жарты – бір бүтін». Омарбек марқұмның орны ерек еді ғой.

– О не дегеніңіз... Өле-өлгенше хабар-ошарсыз кеткен Әлиін күтіп, алаңдағанын айтсаңызшы. «Шіркін, шейіт болған жерін білсем, құлынымның басына өзім-ақ барып қайтар ем», дейтіні әлі құлақ түбінде.

– «Қарақағаз» алғанда не арман. Жалғыз жапырақ қағазы да бұйырмады, – деуші еді кейуана сонда.

– Лағнет атқыр, зұлмат соғыс кімді зарлатпады!

– Иә, талайдың көз жасы көл боп төгілді ғой. Соғыс лаңы, соғыс зобалаңы салған жүректердегі беріш – жазылмайтын жара. Е-е... не дерсің басқаша... Қалимаш, мен малды өргізейін. Балаларды оятпашы, ұйықтасын алаңдамай.

Ол ләм-мим ауыз ашқан жоқ.

Бірін-бірі коштап, кеукілдескен екі шал самбырлаған қалпы сыртқа шықты.

Шешесінің бетіне тіке қарай алмаған Дана көрпеден басын қылтитқан Сандуғашқа:

– Ұйқын қандай қатты, – деді.

– Жамал әжей жыңды емес екен,ә! – Ол жалма-жан киіне бастады.

– Ку кыз, атамдардың барлык сөзін естіп, тындап жаттын ба?

Жауап орнына Сандуғаш иегімен есікті мегзеген. «Түсінбеді-ау»... Артынша мұның құлағына сыбырлады.

– Жүр, не де болса Жамал әжейдің үйіне барайық.

– Мен сені бағана оятқым келмеп еді. – Дана өз ойының ұшығын сездірген. – Шынымен-ақ, «жынды» кемпір деп жүр-сем. Мамам да қызық кісі...

2

Ауыл шетіндегі «Ескі қыстак» аталатын шатырсыз он шақты үйдің төрт-бесеуінің ғана қабырғалары қалқияды. Қаныраған бөкене тамдар айналасы бірер жылдың ішінде-ақ жанбыр тамшысынан әбден мүжіліп құлап, желдің өтіне шыдамай тоз-тозы шыққан. Тек төмпешік-төмпешік боп сұлбалары қылаң береді. Әлгі қалқиған-қалқиған қабырғалардың арасында ықылым заманның жұрнағы – «Акрополь» іспеттес әзірге аузы-мұрны бүтін жалғыз токал там бар. Дана мен Сандуғаш тұңғыш рет сол үйді іздеп келеді. Жазда, әсіресе, түн кезінде Ай астында қалғыған қабырғалар – «жынды кемпір» мекені сонадайдан сорайып, қорқынышты шалынатын. Сондықтан да бұл манға жоламай, үнемі айналсоқтап өтетін балалар. Әншейінде үрей қоздырар күпия тасалау жерде ештеңе байқалмайды. «Ескі қыстак» қар астында мүлгіп жатыр. Шенгел-қоршау қос құрбыға қораш көрінген. Қоршауды жиектей көмкерген қардың қалыңдығы тура кісі бойы. Таңырақай ауланың шарбағын ағытқан Дана ілгері жылжымай, мелшиіп тұрып қалды.

– Сандуғаш, алға сен жүрші. Қорқып тұрғаным, – деді өз-өзінен дірілдеп.

– Байқадың ба, сыртқы есікті көбік қар басып тастапты.

– Соны айтам. Ешқандай із жоқ екен.

– Іштен жабылып қалса қайтеміз?

– Тартып көрейік те алдымен. Ілгегін ашармыз ептеп-септеп.

Есік тұтқасын батылсыздау ұстаған Сандуғаштың да жеме-жемге келгенде жүрегі дауаламады. Мұздай темірге алақаны тиген бойда тоқ соққандай, қолын жалма-жан тартып алды.

– Не? Ашылмай ма? – деді Дана шыдамсыздана.

– ?

– Қорқып тұрғаннан сауымысың өзін?

– ?

– Тілің бар ма? Бірдене десенші!

– Бізді ұстап алып буындырса қайтеміз, – деді көзі шарасынан шыққан Сандуғаш жыпылықтап.

– Естідің ғой бағана. Ондай кісі емес секілді.

– Рас-и... Қияли адамды «жынды» деуге болмайды. Егер өліп жатса ше? Не істейміз!

– Жә-ә... Қайдағыны айтпашы. Олай-бұлай... онда атама барып... айтамыз...

– Бірақ. Өлмей-ақ қойсын. Ауырып қалған шығар.

Өзін-өзі қайраған Сандуғаш тұтқаны құлаштап, жұлқып қалды. Сыртқы есіктің оп-онай ашылғанына қуанған ол ішкі есікке ұмтылды. Бір жақсысы, оның да ілгегі салынбапты. Сөйткенмен ішке кіруге қорыққан екеуі табалдырықтан аттай алмай, есікті шикылдатып біраз тұрды. Қара көленке ауыз бөлмеге кезек-кезек үніліп, мойындарын созып тың тыңдады. Осы мезетті күткендей-ақ әлдеқайдан ыңырсған дауыс шықты.

– Ә-ә-ә-й... Бұ... қайсың?

Бейкам тұрған Дана ізінше кейін қарай атылды. Сандуғаштың да түрі демде құбылып, сұрланып сала берген. Қаққан қазықтай не алдыға, не артқа жылжымаған қалпы. Көзі алақ-жұлақ. Көп кідірмей әлгі дауыс үзілдіріп тағы қайталанды.

– Ә-ә-ә-й... Кім бұл? Кірсеңші бермен.

Бойларын еркіндік билеген екеуі түпкі бөлмеге асықты.

– Уһ, тірі екен ғой, – деді Дана.

Төрдегі темір кереуеттің үстінде оранып жатқан қара кемпірдің қыбырлағанын көрген Сандуғаш та қуанышын жасырмады.

– Қандай жақсы болды.

Суы тартылған құдықтай шүңірейген тұңғиық жанар үміт сәулесіндей жылтырайды. Үн-түнсіз ұзақ тесілген. Артынша жасаураған көзін жұмған күйі жақ ашпады. Кереуеттің екі басында әлденені күткендей селтиіп тұрған бұлар да тіл қатқан жоқ. Тек біріне-бірі иек қағып қояды.

– Қарғаларым, танымадым ғой, – деді сәлден соң шүйкедей ғана кемпір кірпіктерін қыбырлатып. – Сендерді мұнда кім жіберді. Бұл үйге жан баласы бас сұқпаушы еді.

– Жамал әже, көзіңізді ашыңызшы. Мен – Данамын. Қасымдағы Сандуғаш емес пе? Шынымен, танымадыңыз ба? Сіз көрінбегеннен кейін «ауырып қалды ма» деп келдік.

– О, қарғам, Данагүлмісің? Шешең аман-есен бе? Әжен таныса текке сұрай ма? Сандуғашты да енді барып шырамыт-

тым. Менікі ескілік сыркат. Екі күннен бері белімнен шойырылып, жылжи алмай қалдым. Оның үстіне тұмау-сұмау қосылып, мүлдем тұралатқан. Үйдің іші де от жағылмаған соң ызғып кетті. Құдай жарылқап жаман күпәйкіні шешпегенімді айтсайшы. Кім білсін? Әйтпегенде, апаларыңды серейіп қатып жатқанда көретін бе едіңдер?! Жалғыздың күнін тірі пенденін басына бермесін, қарғаларым. Шіркін, Әлиімнің хабарын естіген бойда көз жұмып кетсем... Арманым болмас, сірә!

– Қазір, Жамал әже, отты жағып, монша ғып жібереміз. – Дана пальтосын шешіп тастап, тоқал пешке отын тығындады. – Сандуғаш, сен анау дәліздегі жынғылдың ірілеуінен әкелші.

Гүрілдеген пеш әп-сәтте мұздай бөлменің сағын сындырды. Көненің көзіндей ескі мыс шәугім де өлденеше рет тасып-төгілген...

Аузына ыстық су тамған Жамал әжейдің суық сорған жүзіне де қан жүгіргендей. Маңдайы бусанған ол орнынан тұрғысы келген сынай білдіргенімен, екеуі қолқалап қозғалтпады.

– Әже, сәл шыдаңыз. Терлегеніңіз жақсы.

– Тағы да екі-үш кесе шай ішіңізші.

– Ой, қарғаларым, өркендерін өссін! – деді Жамал әжей мейірлене. – Мен үшін әуреленіп, сабақтарыңнан да қалдыңдар. Апаларыңды өйтіп-бүйтіп тірілтіп алдыңдар білем...

– Қызық екенсіз өзініз, қай-қайдағыны айтып. Өлмей жүре бермейсіз бе?

Сандуғаштың пікірін қостаған Дана.

– Ауырған адамның бәрі шетінен қисая берсе, не болмақ? Ал, Жамал әже, біз кешке жақын келеміз. Қысқы қаникулымыз басталған. Бүгін жана жылдық карнавалымыз. Рұқсат етесіз бе?

Алғашқыдай емес, қабағы ашылған қарт ананың езуіне күлкі үйірілген. Ол жадырай тіл қатты:

– Уһ, қарғаларым, «өлме» десендер өлмей-ақ қояйын. Сендердікі дұрыс. Әлиімнен бір хабар болғанша жүре тұрам өстіп қалқып. Жылжып тағы да жаңа жылдың жеткені ме? Әлиімді соғысқа шығарып салғаныма да тура қырық жыл толады екен-ау! Иә... иә... Кеуденнен шыбын жаның ұшып кетпеген соң осы. Митындап жүре бересің... Жүре бересің... Әлгі, көрнібалдарыңнан кешігіп қалмаңдар. Маған аландамаңдар енді. Бері қараған сияқтымын. Қарғаларым, рахмет сендерге!...

Пальтосын жүре түймелеген Дана сыртка шыққан бетте үйдің төбесіне мойын созды. Мұржадан будақ-будақ көтерілген шуда түтін көңілін одан бетер аскактатып жіберген. Оның есіне атасының «Туған үйдің түтіні де ыстық» дейтіні түсті. Осынау сөзді атасы неліктен қайталап отыратынын енді ғана зерделегендей. Ол: «Әли ағаның түтіні өшпесе екен» делі ішінен.

Сандуғаш ойлаған: «Жамал апайдың жандүниесін осы уақытқа дейін неғып түсінбегенбіз. Жұрттың «жынды кемпір» атағанына желігіп, бекерден-бекер өзеуреп жүргенімізді карашы. Бүкіл ғұмырын Әлиін күтумен өткізіпті. Аузынан тастамайтыны «қарғам». Құлаққа соншалықты жағымсыз естілгенімен оның да себебі бар шығар. Әйтпесе, ел құсап «құлыным», «ботам» демей ме?..»

Балмаскарадқа асыққан екеуі сондарына тағы да караған.

Ауыл шетіндегі онаша үйдің мұржасынан тіп-тік көтерілген түтін көк пен жерді жалғап жатқандай шалынды...

Жаңа жыл алдындағы түн

1

– Оу, қайда жүрсіндер! Күте-күте ішіміз жарылды.

Сыртқы есіктің қапсырмасына жасырынған Ермектің күтпеген жерден «гүж» еткен даусынан секем алған Дана ыршып түсті. Көзі бакырайған ол кеудесін сипалаған күйі:

– Жол торыған каракшыдай, жүрегімді ұшырдың ғой, тегі, – деді.

– Шынымен-ақ қорықтың ба? Кешірші. – Ермек күлкісін тез тыя қойды. – Немене, ауырып қалғансың ба өзің? Сандуғаш та жоқ. Сендерсіз біртүрлі қызықсыз... Рас айтам, Дана.

– Қақаған суықта сүмірейіп бүрсендеуің тәуір. Кімнен бұғып жүрсің, қашып-пысып. – Білем... түсінем... Издегенің Сандуғаш болса, ә-не өзі де алып-ұшып келе жатыр.

Ештенеден бейхабар Сандуғаш мойнына ораған аппак бөкебайын екі иығына салбыратып, пальтосының түймелерін тегіс ағытып жіберіпті. Шалғайы желп-желп. Жүгірген тәрізді, шашы кобырап кетіпті. Аяз сорған бет-аузы – көкпенбек. Ентігін баспаған ол сонадайдан саусақтарын ербеңдетіп, самбырлап жеткен:

– Ғашықтарша жараса калыпсындар-ау. Неғып тұрсындар ішке енбей?

– Сені тостық. – Ермек қуанғанын сездірмегенсіді.

– Сандуғаш дейім, Сандуғаш, мына жентельмен сені сағынып калыпты кешеден бері көрмегенге. – Дананың даусы жерден жеті қоян тапқандай естілген.

Сықылықтаған Сандуғаш Ермекке тесілді.

– Қойшы-ей! Оны қайдан? Мені емес, керісінше сені ұнатады дегені қайда?

– О жағын жентельменнің өзінен сұрағайсын. Қайсымызды жақсы көреді екен,ә?

– Жарайды, бос кылжақты қайтесіндер, – деді Ермек байсалды. – Тездетіп шешіндіріп жіберейін. Кәне, қу қыздар.

– Настоящий джентельмен! – Артынша Сандуғаш әлденені ұмытқандай, бір орнында тұрып қалды. – Ермек біздің Жамал әкейдің үйіне барғанымызды біле ме? Айттын ба?

Жалт қараған Дана алақанымен аузын жапты.

Құрбысының ойын заматында аңғара қойған Сандуғаш қайтып жақ ашпады.

Қос қыздың екі бүйірден қысқан шаншуына түскенімен әзіл «жебесін» бойына дарытпаған Ермек музыка кернеген спорт залға асыққан. Ойы әлем-жәлем:

«Вальске бірінші кімді шақырсам, ә?.. Әрине, Дананы...»

2

Көнілді Қаршақыздың қас-қабағы мен қадамын аңдыған Нұрахым терезе жақтауына сүйеніп әлі тұр. Бағана бұл сыртқа зытып кеткенде-ақ аузын ашып қалған еді. Қаннен-қаперсіз, бөз қалпы. Алқын-жұлқын қасына жетіп келген Ермекті байқаған жоқ. Оның көпке білдірмей күбірлегеніне құлақ түрмек түгіл, «қыңқ» демеген. Бәлсінгеннен аулақ. Естімегенді. Шыдамаған ол жеңінен тартып, сыбырлады:

– Аңқау перғауыным-ай, не болды соншама? Есенді бүгін тұңғыш көргендей аңырғаның. Әлде... Арбалып қалғаннан саумысың? Күнде көкжелкеңнен шүкшиып отыратын өзіміздің «көкқұтан» емес пе?

– Ішін күйіп барады-ау, шамасы. Әйтпесе, біздің кластағы ең сұлу, ең сүйкімді, ең өнерлі қыз жалғыз Есен ғана. Нанбасаң қарашы, әне. Ақ көйлегі де, басындағы тәж-тақиясы да аққұбаша жүзіне әдемі жарасады. Әттең, есімі... ұлдардікі...

«Еңлік-Кебектегі» өр кеуде Есен батырды еріксіз еске түсіргендей.

– Егер саған ұнамаса Есенгүл дейік бұдан былай. Сәкенді де Сандуғаш атап кеттік қой.

– Есенгүлден гөрі, Еңлікгүл десек қайтеді? Тамаша ат емес пе!! Ә... айтшы өзін шынынды. Еңлікгүл десен, Еңлікгүл. – Жымындаған Нұрахымның жіпсік көздері одан бетер жұмылып кетті.

– Маған да ұнайды, жақсы ат секілді. Сенің Есенің – нағыз Эдельвейс! Мың ойласаң да бұдан артық таппайсың. Давай, бүгіннен бастап Қаршақызды Еңлікгүл атаймыз. Әпкел қолынды.

– Келістік! Бірақ Эдельвейсінді ұқпадым.

– Не, соны да білмейсің бе? Мұзарт тауларда өсетін ғажайып гүлді Эдельвейс, яғни Еңлікгүл деп атайды.

– Мәледес, бойына қарамай, ойын мықты достым. Көп окитынынды мойындау керек.

– Жә, мақтамашы... тағы екі-үш қыздың атын шұғыл өзгертуге тура кеп тұрғаны. Нұрахым-ау, осы уақытқа шейін түк аңғармай жүре беріппіз. Біздің кластағы қыздардың бәрінің де аттары ұлдардікі емес пе. Жаңа Сәкен мен Есенді айттық. Ал, анау Дабыл, Свет, Оңғарды қайтеміз.

– Япырмай, шынымен солай екен-ау! Мән берсекші. Тіпті бұл періштелер шалбарымызды қойып, атымызға дейін жаулап апты. Бас қатыратын несі бар. Табанда өзгерте салайық. Мәселенки, Дабылды – Жаңыл, Светті – Света, Оңғарды – Оңайгүл демейміз бе?

– Өй-дейт, Тапқышбегім! Қатып кетті. ЭВМ-нің өзі бүйтіп айтып бере алмас. -- Ермек досының басынан шертіп-шертіп қойды. – Ал, миды кішкене тынықтыралық. Сонымен, қазір Сандуғаш пен Дана кірген бойда сен Оскар Фельцманның «Дунай веногын» ойнатып жібер. Жарай ма? Дөңгеленіп бір вальске билейікші. Боса-болмасын өзін Еңлікгүлді шақырасың.

Нұрахым есік жаққа көз тастады. Үн-түнсіз радиоланың жанында тау боп үйілген пластинкаларды олай-бұлай сапырған. Үлкенді-кішілі күйтабақтардың арасынан іздегенін таппаған ол терезенің өйнегіне қарап, шашын тараған Ермекке:

– Әй, сәнқой, әлгі Асқарынды таппадым мыналардың ішінен, -- деді.

– Айғайламасаңшы. Асқарды қайдан шығардың тағы?! Оскар Фельцман... Ойнап жатқан пластинканың екінші бе-

тінде. Төңкере саласын. Неменеге бөгелді бұлар? Кеш те баты. Керіліп-созылып әлі жүр...

Сөйткенше тізесіне түскен қаба сакалын салалы сау-сактарымен сипалай шыққан Аяз ата — дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сәндібек асатаяғымен еденді тықылдатты. Оң қолын көтеріп «музыканы доғарындар» деген белгі берді. Дабыр-дұбыр басылған мезетте тамағын қырнап жөткерінген ол іле-шала:

— Ал, балалар, біраз биледік, — деді манайын шола.— Ендігі кезек — алғырлар мен зеректерге. Менін өздеріне әдейі әзірлеп әкелген әр саланы, әр тарапты, әр тақырыпты қамтитын көптеген ой-жұмбақтарым бар. Соны шешіп көргейсіңдер. Бұл — ойын болғанымен, сендердің білімдерін мен қабілеттерінді екшейтін емтихан да. Сыннан мүдірмеген ұшқыр ойлы үздіктеріне жүлде ретінде тапсырар сыйлықтарым дайын... Айтпақшы, есімнен шығып кетіпті. Үшінші топтың оқушыларын «Достық» бөлмесінде топ жетекшісі Данагүл Сансызбаева күтіп отыр. Он минуттық төтенше мәжіліс өткізбекші. Тездетіп барып келіндер. Кә-ні-і, біз де шағын музыкалық үзіліс жариялайық.

— Елеңдескен балалар аң-таң. Мән-жайды жете ұқпаған ерқайсысы өз қиялының жетегінде.

«Аяқ астынан неғылған «ЧП»...»

«Каникул кезінде де демалдырмайын дегені ме?..»

«Ол қандай мәжіліс?»

«Әлде, балалардың біреусі бұзықтық жасаған шығар...»

3

Селқос, үздік-создық бірінен соң бірі жеткен үшінші отряд мүшелерінің басы әрең біріккенімен Дананын «Жамал әжейдің үйіне бардық» деген тосын хабары ешкімді де бейжай қалдырмады. Әлгінде ғана тыныштық ұйыған алақандай бөлме іші араның ұясындай құж-құж қайнап шыға келген. Гу-гу әңгіме... Алып-қашпа сөздер... Қисынды-қисынсыз түрлі жорамал... Біріне-бірі қосылып, жанып тұрған отқа май құйып жібергендей өршіген еді.

— Жынды кемпірдің үйінен не іздеді екен?

— Нағыз жүрек жұтқан осылар.

— Қайта, құдай сақтаған де, әйтпесе буындырып тастайды ғой.

– Қараптан-қарап көшеде сөйлеп жүретінін бәріміз білеміз...

– Егер жынды болмаса, туыскандары көшіріп әкетпей ме?

– Оны айтасың, түнеукүні қой кезегін бакқанда Кілтбайдағы бейіттердің ішінен көргем.

– Кейде сондағы шалының басына ұйықтайды дейді ғой.

– Ойпыр-ай, қалай қорықпайды?!

– Қызықсын. Жынды адам неден қорқушы еді?

– Үйінде жалғыз өзі шай ішкенде «шалым мен ұлымның кесесі» деп ыдыс-аяқтарын үстелдің үстіне шығарып қояды дегені рас па?

– Кім көрген! Өзінің балалары болған ба?

– ?

Шыдамы таусылған Дана осы кезде столды жұдырығымен қойып жіберді. Даусы да айрықша қатты шықты:

– Бәрі-бәрі жалған! – деді ашу қысқан ол. – Вот, достар, мынау отырған барлығымыз да қаңқу сөзге имандай ұйып, қатты қателескен екенбіз. Өкінішті!

– Не, сонда жынды кемпірдің үйіне бәріміздің де баруымыз керек пе? – Артқы жақта отырған Нұрахым мысқылдады.

– Солай шығар шамасы, – деді Ағдан да кеңкілдеп.

– Достар, бұл жерде ешқандай күлкінің қажеті жоқ. – Терезеге үнілген Дананың үні жанағыдан гөрі дірілдеп, зорға естілген. – Ең бастысы, Жамал әжей жынды емес екен. Сандуғаш екеуіміз көріп, сөйлестік. Біздің атымызды айтқызбастан-ақ даусымыздан жазбай таныды. Екі күннен бері қатты ауырып, төсек тартып қапты. Мұздай үйде жалғыз жатыр. От жағып, аузына ыстық су тамызғанымызға риза болып, рахметін жаудырды. Бәрінен бұрын Жамал әжей соғысқа кеткен ұлы Әлиін күтумен жүр екен. Қарт ананың сөзін қаз-қалпында жеткізейін. «Хабар-ошарсыз мүлдем жоғалып кетуі мүмкін емес. Әлиімді күткеніме осы жана жылда тура қырық жыл толады. Әлі де бір хабары келеді сүйінші сұрап. Сондықтан жүре тұрамын ба, қайтем?» дейді.

Өзін-өзі ұстай алмаған Дана жылап қоя берді. Тостағанын бұған шейін шайып алған Сандуғаш құрбысының сөзін сабақтаған.

– Біз бармағанда орнынан қозғала алмай, мұздап өліп қалар ма? Әйтеуір, қорқақтап есігін зорға аштық. Сөйтсек, құр бекер үрейленіппіз. Сыртынан «жынды кемпір» атап кеткен ананың зарын енді ғана ұққандаймын. Екі сөзінің бірін

«қарғам» дейді. Үйін реттеп, дастарқанын жинағанда байқағаным: үстелдің үстіндегі үш кесе. Бұрын да сан рет естіп жүргендіктен бе, онша таңырқағам жоқ. Әлдеқандай үзілмеген үміттің, өшпеген оттың белгісі болар... Дана екеуіміздің ортақ ойымыз бұл. Әлгінде өздерің әр сакка жүгірткен жел сөздерді қалайша ұялмай ауызға алғанбыз? Әрине, жалғыз басты әйелге, оның үстіне жаны жаралы адамға өмір сүру өте қиын-ау. Соны неге түсінбегенбіз десеңші? Қырық жыл бойына ұлын тосқан ананың қияли болуы да, ауру болуы да мүмкін емес пе?! Ойлаңдаршы өздерін.

– Дұрыс айтасын, Сандуғаш. Жаңа Дананың сөзін күлкіге айналдырып, бұра тартқан сөлекет қылығыма кешірім өтінемін. Жамал әжейдің жайын бұған дейін білсекші, шіркін! Шама-шарқымызша қол ұшын берер едік. – Өз ойын білдірген Нұрахым орнында ұзақ тұрып қалды.

– Иә.

– Өкінгеннен не пайда?

– Меніңше әлі де кеш емес.

– Нұрахымдікі дұрыс, – деді Дана. – Ешқандай кеш емес. Апақ-сапақта уақыттарыңды алып, асығыс-үсігіс төтенше мәжіліс шақырғанымыздың мәні осы. Ақылдасайық, «кеңесіп пішкен тон келте болмас» демей ме үлкендер. Ертең бытырап каникулға тарап кеткеннен кейін басымыздың қосылмайтыны анық. Сондықтан да не істегеніміз жөн? Ойларың мен пікірлеріңді ашық білдіріңдер. Маған мынадай ой кеп тұр, айта кетейін.

Ол кластастары «қалай қарар екен» дегендей тосырқай, үн-түнсіз төңірегіне барлай көз жүгіртті. Әлгіндегі гу-гу пышақ кескендей тыйылған. Тіпті шыбынның ұшқаны білінгендей ерекше тыныштық. Ғажабы – қанша көз болса, соншасы өзіне ыңғыға тесіле қапты. «Карнавал кешінің» көңілді әуезі талып естіледі. Ауыл аспанын нұрға бөлеген түнгі шырақтар түс-тұстан жамырай жымыңдасқан. Терезеден ап-анық шалынады.

Бойын лезде ерекше қуаныш билеген Дана кідірмеді:

– Ең алдымен айтпағым, қазір мерекелік кешімізден сон топырламай төрт-бесеуіміз Жамал әжейдің үйіне кіріп шығайық. Жаңа жылымен құттықтағанымыз жөн шығар. Көңіл күйі тәуір боп, бізбен әңгімелессе, сөз арасында Әлиі туралы сұрап білеміз. Мүмкін, бір деректің ұшы көрініп қалар. Онда тіпті жақсы. Бағымызға орай қай майданда, қай жерлерде соғысқанын естісек те жетер еді. Одан кейінгісін өзіміз көре

жатамыз емес пе?! Хабар-ошарсыз кеткен жерлес ағамызды іздестіріп, тиісті орындарға хат жазудың мүмкіндігі туар. Біздің қызылшілерге бұдан артық қандай жұмыс керек. Сосынғы үлкен мәселе – тура ертеннен бастап кезектесіп қарт анаға қолғабыс көрсету. Суын әкеліп, отынын жарып дегендей... көмектің ешқандай ұсақ-түйегі жоқ.

– Әрине, жалғыздікті адамға бәрі де демеу.

Ермекті Сандуғаш іліп әкетті:

– Сыртқы шарбағын күресін қар басып тастапты. Тізеден асатын сияқты. Оны тазалаудың өзі анау-мынау адамның қолынан келмес.

– Ендеше, несіне отыра береміз. – Ағдан орнынан көтерілді. Ересектерге еліктеп сөйлеуге тырысып бағатын ол үйреншікті мақамына салды. – Жолдастар, әгерәки Дана мен Сандуғаш болмағанда бар ғой, Жамал апайдың атын ұмытып кете жаздаппыз. Ендігі жерде ешқайсымыз да «жынды кемпір» дегенді ауызға алмауға ант етелік. Бұл – бір. Дананың жаңағы пікірі өте орынды. Қайтсек те соғыста опат болған өзіміздің ынтымақтық Әли батырды іздеп табуымыз керек. Бұл – екі.

– Әй, такылдамай сәл сабана түс, «Жынды кемпірді» кешіріңдер... байқамай... Жамал апайдың Әлинің герой екенін кім айтты саған. Белгісіз солдаттың бәрі герой дейсің бе?!

– Нұрахым, сөзімді неге бөлесің, ә?.. Мен үшін соғыста қаза тапқандардың бәрі – Батыр! Мына біз үшін, кейінгі ұрпақтың болашағы үшін қасықтай қаны қалғанша соғысып, көз жұмғандарды шетінен «Батыр» десек артық емес. Әгерәки, Әли ағамыз секілді жаужүрек боздақтар болмаса, сенін бүйтіп салғыласып отыруың екіталай. Осынау жарық дүниеге келу-келмеуің де неғайбыл. Білдің бе, кара перғауын? Ал, өз ойыңды білдіргің келсе, қазір кезек береміз.

Ермектің жауабы өзгелерді де еріксіз сықылықтатты.

Парталасының ойына риза Нұрахым шамданған жоқ:

– Сенікі дұрыс екен, – деді езу тартып.

– Жарайды, «бұралқы сөз күлмекке». Менің негізгі ескертпегім – Жамал әжені ренжітіп алмау. Қайбір жетісіп жүр дейсің. Ол кісінің алдында байқап сөйлеген дұрыс. Ондай адамдар мүсіркегенді жек көреді. Әйтпесе, осы уақытқа дейін мүшкіл халін сездірмей ме? Токетері қай-қайсымыз барамыз? Шуылдап шұбырудың қажеті шамалы.

– Оны Дана айтсын.

– Иә, нақты кімдер?..

– Барғысы келетіндер қол көтерсін де.

– Жок! Олай етпеу керек...

Дабыр-дұбыр кайта көтерілді. Қапелімде қандай шешімге тоқтарын білмей, жиналғандардың жүзіне жалтақтаған Дананың дал болған кейпін сезгендей, сықырлап есік ашылды. Аяғын аттап басуға ерінген кербез Қаршақыз-Есеннің жалт-жұлт ойнаған тәж-тақиясы көрінуі мұн екен, Ермек айғайлап жіберді.

– Еңлікгүлді де ертеік!

– Тауып кеттің, сабазын. – Нұрахым да көңілді тіл қатты. – Еңлікгүл барсын. Дана мен Сандуғашка серік.

– Түсінсем бұйырмасын. Сендердің Еңлікгүлдерін кім? – деді одан бетер анырған Дана.

Есік жақтан көз алмаған Ермек жымындаған күйі қос алақанын бірдей жайып, «бәрін де білесіңдер әлі, тек асықпаңдар» деп ишара жасады.

– Достар, бұдан былай Есеннің есімін Еңлікгүл деп атаймыз. Қарап отырсақ, класымыздағы «бикештерін» шетінен жігіттердің аттарын қор қылып жүргенге ұқсайды. Реті келіп тұрғанда ескертелік: сонымен бірге Дабылды – Жаңыл, Оңғарды – Онайгүл, Светті – Света деп өзгерттік. Бұдан былай біліп қойыңдар.

Шулап қоя берген ұлдар мәз-мейрам.

– Мо-ло-дец!..

Ештенені ұқпаған Қаршақыз-Еңлікгүл:

– Сендерді аяқ астынан мәжіліс құрып, үлкен мәселе шешіп жатқан шығар десем... Азан шақырып қойған атымызды өзгерте алмай қиналғаннан сауымысыңдар.

– Сонымен, алғашқы барлау тобын үш қыз, үш ұлдан құрсақ қайтеді?

Дананың сауалына хормен жауап қатқандар, іле қарсы сұрақ қойды.

– Құрамға қарсылық жоқ. Тек жеке-жеке кімдерді ұсынасың?

– Үш қызды өздерің атадыңдар. Сандуғаш екеуіміздің қасымызға Еңлікгүлді қостыңдар емес пе. Ал, ұлдардан Нұрахым, Шолпанқұл, Ағдан жүрсін.

– Жауапты сапарға дайын еместігімді мәлімдеймін. Сондықтан орныма Ермекті тыққым келеді, – деді Шолпанқұл еш ойланбастан.

– Көрінген жерге сұға салатын Ермек тығын ба? Әлде бойына қарап...

– Әй, Жарасбай жыпылық, ши жүгіртпей жайына отыр-

саншы. Құйысқанға қыстырылмасан көңілін көншімейді-ау, осы. Егер тындасандар бір тілегім бар.

– Айт!.. Айт!..

– Шолпанқұлды тындамай өле алмай жүр дейсің бе? О несі-ай?

– Ішке бүкпе, көне...

– Құлағымыз сенде.

Құрдастарының әзіл-шыны аралас өтінішін екі ұшты қабылдаған ол көмейін бүлкілдеткен ойын жасырмады.

– Жамал апайдың үйіне міндетті түрде баратын болсандар, жігіттердің бірі мына Жарасбайдың әскерден кеше ғана келген ағасының солдат формасын сыкитып кисін. Тілеубектің атасы секілді қуанып қалсыншы Жамал әжей де.

Ермек пен Нұрахым қосарлана қошеметтеп кетті.

– Мұның тіпті тамаша идея ғой.

– Рас, сөйтсек қайтеді?

Күтпеген жерден жаппай қолдау тапқан Шолпанқұлдың тілегі жүзеге аспак. Көпшіліктің ұйғарымымен солдат формасы Нұрахымның еншісіне тиді. Өйткені беті бір уыс Ағдан мен мыртық Ермекке кез келген киімнің оп-онай қона кетпейтіні белгілі. Дүкеннен сатып алған мектеп формаларын, әсіресе, шалбарын қайта сөгіп, өздерінше пішіп жүргені де жасырын емес. Іштері сезеді-ай...

Қанша қызыққанымен екеуі бірауыздан:

– Солдат Нұрахым болсын, – деді.

Сонымен біраз ойланып, толқытқан топтың төтенше бас қосуы аяқталды. Ортақ мәмілеге тоқайласқан олар Жамал әжейдің үйіне ресми алғашқы сапар қорытындысын ертенінде, тура Жаңа жылдың бірінші күні жан-жақты талдауға келісті.

Кездесу орны да, уақыты да белгіленді. Күлөнданың үйі таңдалды. Оның да себебі бар. Әке-шешесі қыстауда отырған Күлөнданың үйінде бастауышта оқитын інісі ғана бар.

Бірақ мұның бәрі әзірге өте құпия саналып, «Үшінші топтың мүшелерінен басқа бөгде ешкім білмегені дұрыс» деген шешім мақұлданды.

4

Еңгезердей Нұрахымға әскер формасы әп-әдемі жарасады екен. Жетіншінің «жүгірмегі» деуге аузын бармайды. Зінгіттей жігіт. Сүттей жарық Ай сәулесі сықырлатып тақап қал-

ған оның сұлбасын тым сорайтып жібергендей. Аккала соғып, қар атқыласқан балалардың арасынан сытылып шығып, із тастай уәделі жерге жеткен мұны Ағдан мен Ермек күле қарсы алды.

– Ә, кара перғауын, өзін оқуды мүлдем қойып, армияға кетіп қалсаң да болады.

– Саптың ең алдында қасқайып тұратын түрін бар. Нағыз офицерлерге лайықтысың.

Достарының қалжынына жөпелдемеде жауап таппаған Нұрахым:

– Жасым толған жоқ қой, – деді сәл мүдіріңкіреп. – Обалы нешік, Қазанбастың малақайынан баскасы дәп-дәл. Не істерімді білмей, әбден әбігерге түстім. – Қолқылдап көзіме түсе берген соң, ішінен атамның тойға қиетін оюлы тақиясын мыжырайтып киіп алдым.

– Дұрыс жасағансың! Осындайда шариктерің жүз процент істейді-ау.

– Бірақ... Атаң тақиясын іздесе қайтесің?

– Түн ішінде қонаққа кім шақырады дейсің?

– «Кемпір, мен демалайын, балаларыңмен өзін-ақ он екіні күте бер» деп жатқанда зып бердім ғой. Әлгі періштелерің қайда? Тура осында күтетінімізді білетін бе еді? – Е... ә-не, солар шығар.

Шыңылтыр аязда сықыр-сықыр жер түбінен естілсе керек. Төңірегін шола, тағатсыздана құлақ түрген бұлар қарсы беттегі қораның тасасынан сорайып шыға келген сиырды көргенде еріксіз мырсылдады.

– Жарықтық жануар, Зенгібаба қанша градус суыққа шыдайды осы?

Үлкендерше сөз саптауға үйір Ағданды Ермек тобықтан қакты:

– Жамал апайдың кара қаскасы емес пе. Жаның ашыса қорасына кіргізіп жібер.

– ?

– Шын айтасың ба? Әйт, шу! Танысаң, неғып тұрсың, ә! Одан да үшеулеп жылы қорасына кіргізейік те. – Жүгіріп барып дарбазаның шарбағын ашқан Нұрахымның соңынан кара қасканың өзі-ақ ілбіген.

– Дабырласқан олар қыздардың қай жақтан жеткенін де байқамады.

– Жалғыз кемпірдің сиырын ұрлап жатқан кімдер, бұл? Даусын құбылтып, өзгереткісі келген Сандуғаш сықылықтап

– Иә, Сандуғаштардың жүргені дұрыс.

– Дабырламандаршы... Міне, былай істейміз. – Ермек қыздар мен ұлдарды бойларына қарай іріктей бастады. – Ең бірінші Нұрахым жүруі керек. Бойы ұзын әрі солдат формасын не үшін кигіздік бұған. Әп дегенде елең ете қалғаны жақсы. Қатып кетпей ме? Одан кейін Дана, Енлікгүл... саптың соңында боса-бомасын өзім жүрем.

«Өмірде тұңғыш рет мойындауың болар, тәштегім...» Ағдан аузына жетіп келген бұл сөзді амалсыздан ішке бүкті. Тура табалдырықта жырқылдауды әбес санаған. Жұлдызды малақайын шекесіне қисайта қондырған Нұрахым есікті кербездене ашты. Сол-ақ екен, аныраған ана аядай үйді басына көтерді. Орнынан ұшып түрегелген Жамал апай жылаған күйі ыржалаңдап кірген Нұрахымды бас салды.

– Қарғам-ау, келдің бе? Сағындырған Әлиім-ау, сені де көретін күн болады екен ғой! Қарғам-ау, қайдан түстің? Көктен бе, әлде жердің астынан шықтың ба?! Өзіңді күтумен ғұмырым таусылды-ай. Үзілдірген қарғам менің! Әкеннің көз жұмғаны қашан? Төзімі шыдамады-ау, қарғам!? Бәрін-бәрін маған тастап кетті.

Құлындағы даусы шыққан Жамал апай Нұрахымды құшағынан жіберер емес. Шерлі де зарлы үн балалардың да жүйке-жүйкесін босатып, егілткен. Біріне-бірі қосылып ағыл-тегіл жылаған олар өксіктерін баса алмай солқылдады. Күйка тамырын шымырлатып, төбе шашын тік тұрғызған Нұрахым кейуана бауырынан жуыр маңда босанбайтынын сезгендей:

– Жамал әже, кешіріңізші. Мен Нұрахыммын, апа. Ойыннан өрт шығатынын білсекші, – деді корсылдап.

– Бі-ле-мін, қарғам. Әбдолланың баласы емессің бе? – Жаулығының ұшымен көзін сүрткен ол состиып-состиып тұрғандарға мейірлене қарады. – Көне, шешініп, тізе бүгіндер. Өздеріңді қатты қорқыттым білем. Есіктен кірген бойда жылыұшырай кеткені. Әлиімнен айнымайды-ау, айнымайды. Езу тартқанына шейін аумай тартуын. Тура осы сендердей шағында, он жетіден сәл асқанда соғысқа өзі сұранып кетті ғой. Содан хабар-ошарсыз. Сарғайып күткен менің сұрым мынау. Ішкүса қылған запыран зарымды көлдеткенім де баяғы. Сендер келіп қауқылдап қалар деп дастарқан жайып отыр едім. Әлгі ұмытып... бешірлерің бе еді... Жаксы өтті ме, әйтеуір...

Көздері бұлаудай Дана мен Сандуғаш жарыса жауап қатқан:

– Балмаскарадымыз өте ойдағыдай болды. Тек сізді аздап ренжітіп алған сияқтымыз.

– Өзіңізді біздің мектептің оқушылары атынан Жана жыл мерекесімен арнайы құттықтайық деп келдік. Жамал әже, сізге зор денсаулық тілейміз.

– Ой, қарғаларым, тілектеріне рахмет! Бұл пәниде адамға керегі жалғыз денсаулық. Ниеттеріңе де ризамын. Әлиімді қайта бір тірілттіндер емес пе! Кәне, бермен жақындап ыстықтай шай ішіндер. Ешқандай ыңғайсызданатыны жоқ. Үстелге тақап отырсандаршы.

Күнұзаққа ләм-мим жақ аспаған Еңлікгүлдің оңған бәтестей бозарған жүзіне енді-енді қызыл жүгіргендей. Құрбыларының қасына барып жайғасты. Жамал әжейдің жылы сөзінен кейін Ағдан мен Ермек те өзді-өзі сыбырласып, еркінсі бастаған.

– Еһ, бәрін шығарып жүрген әлгі кетік.

– Сол, кетік тіс Шолпанқұл. Тіпті кеше күн батып бара жатқанда Тілеубектің атасын имандай сендіріп, «Өтпіскіне кеп қалдың ба, балапаным», «Кіләуниіннен мақтау хат алғанбыз, балапаным» дегізіп, кемсендетті емес пе. Онысымен қоймай кара көзілдірік киіп алып, түйе жетектеген өзінің атасы Ешімбек қарияны састырыпты.

– Сонда қалай, өз баласын өзі танымағаны ма?

– И-и... Сен де қызықсың-ау. Түсініксіз бірдене-сірденелерді мінгірлегенге ұқсайды. Тіпті неміс тілі тәтей – Байманның «гутентагі» мен «зетстойын» да сөзінің арасына қыстырып жіберген ғой сабазың. Қойыртпақты жете айыра алмаған ақсақал соңынан қалмаған бұған: «Әй, бойани салдат сенің шүлдір-шүлдір незнайыт» дейді. Кетігің сұқ саусағымен түйені көрсетіп, одан сайын мінгірлесе керек. Сонда Ешекен «бұл әскерің қандай жануар дегенді сұрағысы келген шығар» деп күбірлеп, қолындағы ұзын шыбықпен түйенің теңкиген бүйірін нұқиды. Анау басын изейді. «Е, пәтшағар, шүлдірлемей пірәлине іспірәсит. Што, түйе незнайыт. Ізнәшит өтете түйе деген хайуан. Білдің бе?...» депті.

Мұны естіген Жамал әжей де жымыңдаған.

– Е, қарғаларым, «күлсең – көріге күл» деген. Әлиімнің осындай әскер киімімен түскен жалғыз көртішкесінен де айырылып қалдым. Бертінге дейін сандықтың түбінде жататын. Ұшты-күйлі жоғалып кеткені, өттен... Әйтеуір, көңілге демеу, майданнан жіберген жарты жапырақ соңғы хаты. Ұшбұрыштап шүберекке түйген күйі камзолыма түспейтіндей етіп, тігіп

койдым. Менің тұмарым — осы. — Ол камзолының жағасын қайырып, омырауын көрсетті.

Тұмар-хатты сыртынан сипап байқаған Дана:

— Сонда, Әли ағамыздың тура қай жерде соғысканы есіңізде жоқ па? — деді.

— Әкесі марқұм айтып отыратын Мәскеуге жақын деп. Дәл қай жер екенін білмеймін. Ендігі талай мәрте бармас па едім. — Жамал апайдың терең күрсінісі өзгелерді де тұңғыық ойға батырған.

— Әже, бұл хаттың ішінде нендей сөздер жазылған? — Кесесін ілгері жылжитқан Еңлікгүл батылдық жасады. Оның ойын басқалары коздатып жіберді.

— Қалай соғысқанын жазған шығар.

— Жауынгер серіктері туралы да айтуы мүмкін ғой.

— Әлбетте! Неше фашистің көзін жойды екен?!

— Еһ, шіркін, оқып көрсек!

— Қай майданда соғысып жүргені көрсетілген де болар.

— Ғажап емес, хаттың соңына нақты адресін жазуы керек.

— Оқыр ма еді...

Жамал апай қунақ қимылдап, бұрышта тұрған көне шкафтың тартпасын ашып, салдыр-гүлдір бірдеңе іздеген. Күбір-күбір сөйлеп жүр.

— Е-е, қарғаларым, мен бейбақта қайбір ес қалды дейсің, мына жаққа қойғанымды тарс ұмытып қалыппын. Қажет кезінде әр нәрсеңді өстіп іздеп жүргенім, шарқ ұрып.

Қолындағы қайшысын Данаға ұстатты. Ештеңені түсінбеген ол күбірлеп сөйлеген ананың бетіне бір қарап, алақанындағы қайшыға екі қарап отыра берер ме еді. Жамал әжейдің өзі үзілген әңгімені қайта сабақтап жіберген:

— Мені сығырайтып қайтесіңдер? Елтеп-септеп сөгіп көргейсіңдер. Ағаларыңның жазғанын өздерің оқындаршы. Сұрапыл соғыстан бір белгі. Еміс-еміс есімде қалғаны: «Апа, денің сау ма? Мен де аманмын... Жақсы соғысып жүрмін... Түбінде жеңіс біздікі!.. Пәшістерді түгел құртып біткеннен кейін, қайтпағанда не істейміз? Әкемнен не хабар?.. Көп ойлама... Таяуда барып қалармыз... Шал: «Ұлың осылай да осылай жазыпты» деп айтып отыратын.

Бейне сағат шеберіндей әр тігіске жіті үніле түскен Дана қайшының үшкір ұшымен көктеу жіптерді рет-ретімен қиып шықты. Сүйріктей саусақтары епті-ақ. Бірінің қолтығынан бірі сығаласқан ұлдар дөңгелек үстелді аударып жібере жаздады.

– Сәл шыдасандаршы, жөндеп ашайын. Абайсызда жырып алармыз. – Сақтана қимылдаған Дана сөгілген кіп-кішкентай шүберектің қай шетінен ұстарын білмей, олай-бұлай төнкере берді.

Төзімі жетпеген Нұрахым ай-шайға карамай, о жар мінез көрсеткен осы сәт. Дананың қолындағы шүберекті қырғиша қағып алды да, қат-қабат бүктеуін ылдым-жылдым аша бастады.

– Ұрлық жасаған жанша дір-дір етесін. Жамал әжейдің өзі рұхсат берді ғой. Қазір Әли ағамыздың хатын шетімізден дауыстап оқимыз. Солай емес пе...

– Көзіңе қара, желпілдемей. Солдатқа жеңілтектік жараспайды, – деді Еңлікгүл байыппен. – Әне, алдына түсті.

Әбден сарғайып, әлденеше мәрте бүктетілген қағаз жұлым-жұлым. Тыныстарын ішінен алған ұлдар мен қыздар дегбірейденген. «Бекер ашқан екенбіз!» Өкінішті ойларын бірінің жүзінен бірі аңғарғандай. Алақанындағы мүлдем ақ-жемі шығып, үлбіреген қағаздан көз аудармаған Нұрахымның әлгіндегі өкініші жоқ.

– Жамал әже, мынадан еш нәрсені оқу мүмкін емес. Көрдіңіз бе, міне?

Пештің отын қузап жүрген Жамал апай:

– Япырым-ай, іріп кетіпті, – деді анырған қалпы. – О баста дұрыстап орауым керек еді. Су тиген-ау, шамасы. Е-е... қарғаларым, қырық жылға қағаз түгіл адам шыдамас. Сонда қалай, бүткіл ғаріптері өшіп қалып па? Үніліп көріндер, болмаса қайтадан орап түйе саламын да. Қайтем енді...

Нұрахым майдан даласынан жеткен, оқ-дәрінің иісі сінген солдат хатын үстелдің үстіне қойды.

– Қолдарынмен ұстамандар! – деп ескерткен ол. – Мына бір әріп «С» секілді, ал мынауы анық «М» таңбасы.. Ең құрығанда бір сөзді құрасақ жетіп жатыр! Әжем дұрыс айтады. Қырық жылға не шыдаушы еді.

Жапа-тармағай жанар сүзген Сандуғаш пен Ермек те қос әріпті киналмай ажыратты.

– Шіркін, лупа болса.

Ағданның сөзіне елен ете қалған Жамал апай:

– О не, қарғам, апа деймісің?

– Жәй, әншейін. Үлкейтетін шыныны айтады.

Ағданнан бұрын жауап берген Ермек елгезектік танытты. Белгісіз таңба-әріптерге құштарлана тесілген оның сыртқы пошымы палеолит дәуірінің құпиясын зерттеуші археологты

елестеткен. Әр сызықты, әр иректі ерінбей-жалықпай бөлек қағазға түсірген ол төрт әріптің басын зорға біріктірді. Бір орында тұрып қалған күйтабакша «смол-смол» деп қайталаған Ермек айғайлап жіберді.

– Таптым! Таптым!

Елендескен дауыстар кеу-кеулеп кетті:

– Қандай сөз?

– Рас па?

– Айтсаңшы, тездетіп!

– Әлде, аузына келгенді...

Аяқ астынан екі иығы салбырап, үнжырғасы түскен Ермек шүрк-шүрк тесілген қағазды нұқып көрсетті.

– Әттен, не керек! Соңғы мына екі-үш әріпті ештеңеге ұқсатсамшы. Әбден құсып, мүлдем өшіп кетіпті. «Сәлем» деген сөзі жобаға жақындайды-ау. Жалпы долбарлап оқысақ – «Смолдан сәлем». Күмән де, кілтипан да осы «Смол» дегенінде. Менінше, географиялық атау: жер-судың, яки елді мекеннің аты. Ал, «сәлем» деген сөзде қайталанатын төрт дыбысты «смол» сөзіндегі әріптер арқылы айқын ажырату онай. Өздерің ойлап көріндерші. Сонда ол қандай сөз болғаны, ә...

– Иә, қандай сөз екен?!

6

Ұлдардың сөз сапырып отырғанын пайдаланған Сандуғаш пен Дана қасиетті де қастерлі жауынгер хатын қайтадан қаттап, камзолдың омырауына әдемілеп тікті.

– Глобустың керегі тура осындайда-ау!

– Сен де біресе лупа, біресе глобус деп қайдағы жоқ нәрсені шығарасың.

Қос қолымен жағын таянған Ағдан тілінің ұшына үйірілген сөздерді тағы да тізбектей жөнелді...

– Не дедің, Ағдан? – Еңлікгүл оның жанына қалай жетіп барғанын сезген жоқ. – Ең соңғысын қайталашы.

– Ұмытып қалдым... Қайсысы?.. Ол үшін басынан бастау керек.

– Мейлі.

– Смол, Смол, Смольный, Смол-лен-н.

– Иә, Смолен дедің. Смолен емес, Смоленск шығар.

– Сенікі дұрыс, Еңлікгүл! Таптын, Смоленскі! Жарайсын!

– Жок! Тапқан сенсін. Жамал әже, Әли ағамның соғысқан жерін Ағдан ақыры тапты.

Алып-ұшқан кішкентай жүректер лүп-лүп... Күмістей сынғырлаған шат күлкілер... Американы ашқан Христофор Колумб осылайша қуанбаған болар, сірә!

— Ой, қарғаларым менің! Сендер жүргенде Әлиімнің аты мәңгі өлмейді екен. Бәрін де енді түсіндім. Ризамын... «Соғыс» деген сұм сөзді өмір бақи естімейтін болындар! Аналарың мен секілді зарламасын! Жаңа жыл табалдырығындағы тілегім де осы.

Үлкен өмірдің, ұзақ ғұмырдың, жыл он екі айдың бір бөлшегіндей Жаңа жыл алдындағы түн енді ғана шымылдық түрген еді.

Бір өкініш, бір үміт

1

«Дана бастаған бір топ бала «Жынды кемпірдің» үйіне түнеп шығыпты»...

«Ынтымақ» ауылының ойы мен қырын шарлап кеткен осынау хабарды естімеген жан некен-саяк. Суыт та тосын «жаналықты» әркім әрқалай қабылдаған. Үлкені бар, кішісі бар көпке шейін дүңкілдетіп-ақ жүрді. Сосын... бұл оқиға да ескіре бастады-ау...

Өйтпегенде ше? Жалғызілікті Жамал әжейді өз камқорлықтарына алған қызылізшілдер мен оқушылардың әуелде оғаш көрінген қылықтарына өзгелердің көздері үйренген. Жақсылық текке жатпаса керек. Келе-келе... алау жүректі балғындардың өнегелі істерін бүкіл ауыл үлгі тұта әңгімелейтін болды...

2

Қоныраудың соғылуын күткендей-ақ есіктен сығалаған жетекші қыз Бану алдыңғы қатарда отыратын Күләндаға көкшіл конвертті ұстата салды. Күләнда хаттың адресіне үңілген. «Сансызбаева» дегенді оқыған бойда қасындағы қызға селқос сырғыта салды:

— Данаға кепті.

Бөлмені басына көтерген Гүлсім:

— Сансызбаева, саған хат! — деді қолындағы көк конвертті жоғары көтеріп. — Кәне, билемесең бермеймін. Айтқанымнан қайтпаймын. Дана, билеп жібер.

– Койшы, Гүлсім, тар жерге қалай билеймін. – Дана екі қолын көтеріп такта алдында екі-үш айналды.

– Жарайсың! Мә, өзі жер түбінен, Смоленскіден келген екен.

– Оһо, секретін білдік.

Езеулеп бұра тартпақшы Шолпанқұлдың ойы жүзеге аспады. Дананың заматында өзгерген үні жым қылған еріксіз.

– Рас па? Смоленскіден бе? Осы уақытқа дейін қайда жүрген, ә? Із-түзсіз жоғалып кеткен шығар десем.

Жалғыз ауыз сөзден көп жайды аңғарған кластастары тұс-тұстан ентелей, оны қоршап алды.

– Қашан жазып едіңдер? – деді Ағдан жанындағы парталасына.

– Өллаһи-білләһи!.. Естісем тас керен боп кетейін.

Ермек қолымен мойнын «бауыздап» ант-су ішті.

– Мүмкін емес. Хат жазғандарыңды естігем жоқ. – Нұрахым да кімді кінәларын білмей, төңірегіне қарағыштаған. – Сандуғаш екеуіннен басқа кім болушы еді. Өздерінше жақсы көрінгісі келгені ғой... Әйтпесе, басқамыздан несіне жасырады?

Дана қолындағы хатты ашуға соншалықты ынтыққанымен, кластастарының сөздері екі бетінен осып-осып жібергендей, қатты ыңғайсызданған.

– Кешіріндер, достар! Смоленскіге хат жазғанымды Сандуғаш та білмейді. Жамал әжейдің үйінде қонақта болған күннің тура ертеңінде ешкіммен ақылдаспай, үлкен үмітпен жаза салғам. Нақты адресі көрсетілмегендіктен ескерусіз ұмыт қалған деген оймен жүрсем, мына хат келіпті. Қалалық оқушылар үйінің қызылізшілеріне жазғам.

– Ой, Дана, қызықсың-ау! Сені ешкім де кінәлап тұрған жоқ, – деді Нұрахым. – Менікі жай сөз. Немене, көңіліне алып қалдың ба? Бәрін таста да тездетіп конвертті ашсаңшы. Не жазыпты, естиік.

– Кімнен екен?

– Осы кара перғауынның сөзін құлағына іліп қайтесін. Сенің жазғаның дұрыс болған.

– Иә, тездетіп ашып оқышы.

– Неғып тұрсың? Қонырау соғылып кетер.

Көк конверттің шетін жыртып, екі бүктелген жалғыз паракқа Дана құлшына үнілген.

«Құрметті Дана!

Сенің хатыңды дер кезінде алған едік. Бірақ жауапты өте кештетіп жазып отырмыз. Ренжімесің. Оның түрлі себебі бар. Қырық жыл бойы сарғайып ұлын күткен Жамал әжейдің тағдыры бізді де қатты толғандырды. Тіпті толқытып қоймай, әрқайсымызды терең ойға түсіргенін де жасырмай айтқымыз келеді.

Сүйікті де туган қаламыз Смоленскіні қорғаушы Омарбеков Әли есімі ендігі жерде біз үшін де аса қымбат, аса қастерлі. Жеңіс күнін жақындатуға мысқалдай болсын үлес қосқан сіздердің жерлестеріңіз Әли Омарбеков Смоленскінің жас ұрпағы үшін жанын пида еткен ержүрек жауынгерлердің бірі. Міне, сондықтан да оның аты-жөнін қаламызды қорғаушылар тізіміне құрметпен енгізгенімізді хабарлаймыз. Жауынгердің анасын қуанту ниетімен қалалық оқушылар үйінің қызылзшілері шұғыл түрде сұрапыл жылдары біздің жерімізді қорғаған қарт майдангерлерге жолығып, әңгімелесіп, архив материалдарын іздестіріп көріп еді... Өкінішке орай, әзірге Әли Омарбеков туралы назар аударарлық ешқандай дерек болмай тұр.

Әрине, үмітімізді үзбей, іздестіру жұмыстарын жалғастырамыз. Алдағы уақытта қазақстандық жауынгер есімін қала мектептерінің біріндегі отрядқа бермекпіз. Осы мақсатпен, Дана, сенің хатыңды көбейтіп, Смоленскінің төңірегіндегі отты жылдарды бастан кешкен тарихи орындарға жөнелтуді ұйғардық. Кім біледі, Әли Омарбеков жайында жаңа бір деректер табылып қалар.

Жауынгердің анасы – Жамал әжейге жалынды сәлем жолдаймыз!

Ерлер есімі мәңгі өшпесін!

Дана, алдағы уақытта хабарласып тұралық.

Хат жолдаушы – Смоленск қалалық оқушылар ұйымының бір топ қызылзшілері. Смоленск қаласы».

Хатты оқып шыққан Дана не істейміз дегендей бүкіл класка сұраулы назарын аударды.

Бірінші боп орнынан сөйлей көтерілген Ермек ойын білдірді.

– Менде мынадай ұсыныс бар. Ең бірінші, смоленскілік оқушыларға біздің үшінші отрядтың атынан рахмет айтып,

хат жазу керек. Өздерің естідіндер, Дананың жазған хаты әжептәуір ой салыпты. Әли ағамыз туралы деректерді жан-жақты іздестіре бастауы қуанарлық. Мүмкін, ең құрығанда Смоленскі майданында болғанын айғақтайтын әлдеқандай документ табылып қалар. Онда, тіпті, қатып кетпей ме? Екіншіден, Жамал әжейді қуантқанымыз жөн. Смоленскілік әріп-тестеріміздің хатын апарып, оқып берейік. Өз құлағымен естігені жақсы.

– Өте дұрыс.

– Мен де солай ойлап отыр едім.

Қоңыраудың қай кезде соғылғанын білмей қалған олар Призма-тәтейдің қарлығыңқы даусын естіп парта-парталарына жүгірді.

– Тағы да қандай құрылтай? Тәрізі геометрияға қатты дайындалғанға ұқсайсындар. Ә, солай ма?...

3

...Жамал әжейдің сөйлеген әр сөзі ап-анық. Жабық қораның ішінен естіледі. «Қасында біреудің болғаны. Кімге ұрсып жүр? Ашулы ма, өзі?..»

– Күннің көзі сынғанымен, нағыз қара суық алда. Жуанның созылып, жіңішкенің үзілген қара қатқак кезінде көресің бәрін. Сары сабанға зар боларсың. О несі-ай... Мұрнынды шүйірмесен, сасық сиыр атамас еді-ау...

Шарбақтан сығалаған Дананы байқаған жоқ. Айырмен тартқан бір құшақ құрақ шөпті сабанға араластырып ашық алаңқайға шашты.

– Ала жаздай теңіз жағалап, су кешіп орған елу-алпыс бауды қыс шықпай тауыспақсың ба?! Сонда айтшы, Әлиімнің анау он шақты ұсағы не жейді? Шетінен қырылып қалмай ма? Өк, әрі, қарасан келгір!..

Ескі-құсқы шүберекпен қапталған есікті ашып еді, ай мүйізді көк серке бастаған қойлар шашылған шөпке лап қойды. Сырттай бақылаған Дана «Он шақтыдан да көп секілді, соқа басы несіне әуреленеді екен, осы...» деп іштей күбірледі... Тұра беруге шыдамай:

– Жамал әже, қара қасқаға қатты ұрыстыңыз-ау, – деді күліп.

– Е, е... Данамысың, қарғам. Жөй, әншейін... Бұл қара қасқамен окта-текте қағысып қалатыным бар. Сабанды жегісі келмейді.

қоя берді. – Пай-пай-ой! Өзіміздің тореадорлар екен ғой, коррида өнерін көрсетіп жүрген. Сонда бес жүз килограмдық алып бұқаны өлтірген әйгілі испандық Ромеро қайсың?

– Әрине, Ермек!

Әлгінде жамбасқа түсіп қалған Ағданның онтайлы тұстағы тақ ете қалған қарымта жауабына ішек-сілелері қатқанша мәз болған қыз-жігіттер көздерін сүрте берген. Риясыз пәк күлкілер... Түнгі мүлгіген тыныштықта ерекше сынғырлап естіледі-ай!

Тастөбеде жарқыраған жалғыз нокат – Темірқазық дір-дір етеді...

Елу қадамға толар-толмас қол созымда Жамал әжейдің үйінің жалғыз терезесінен үміт сәулесіндей жылтыраған жарық «мен мұндалайды»...

5

Көбесі жаңадан ілінген айнадай жұқа мұздың үстімен жүргендей аулаға тақаған сайын қалт-құлт етіп, ешқайсысы алға асығар емес. Маңайына жалтақтай көз сүзген олардың қазіргі кейпі жыныс тоғай ішіндегі сыңар соқпақпен сақтана жылжыған барлаушыларды елестетеді. Үн-түнсіз... бірін-бірі өкшелеп келеді.

Тізбектің соңында – жүрексінген Енлікгүл. Алғашқы сынақтан киналмай өткен қос құрбысы қоярда-қоймай сүйреп алып шыққан. «Несіне қорқасын?» «Жынды» деп жүргендердің өздері жынды. Сенбесең, көресің қазір. Тез киін, ұят болады. Ұлдар бүрсеңдеп күтіп қалды ғой. Оларды да аяйықта. Бәрінен де сенің анау Нұрахымың үшін... тездетейік. Шынымен сені ұнататын сияқты. Былайша айтқанда жақсы көреді. Ішің сезеді-ау. Әрине...

Дана мен Нұрахым ақырын ғана терезені сырттай бақылап қайтты.

– Екеуің кіріп, өзгеміз далада күте тұралық! – деді Енлікгүл сыбырлай сөйлеп.

– Жок. – Дана ойын кесіп айтты. – Жамал әжей пеш түбінде отыр. Үстіндегі алба-жұлба күпәйкесін тастап, қамзол киген тәрізді. Басында да ақ шатырдай жаулық. Дастарқанын жайнатып тастапты. Шамасы, бізді күткенге ұқсайды. «Міндетті түрде соғамыз» дегенімізге сенген ғой.

– Ендеше бөгелмейік.

– Бірінші қыздар бастасын.

– Бәрін естідім. Айшық мүйіз Көксерке тура Алпамыс батырдың серкесіндей екен. Сүзеген емес пе?

– Ешкімге тимейді, қарғам. Әбден қартайды, қорғасындай ауыр мүйізін көтере алмайды бүгінде. Сойып тастауға көзім қимайды. Әлиім соғысқа кеткендегі қолдағы бар ешкілактан өрбіген тұқымнан бұл күнге жеткені осы сыңар тұяқ.

– Қайтесіз, жүре берсін.

– Кешеден бері он қабағым тартатынды шығарды. Қуанатын болармын. Шүкір, қарғаларым, әлгінде екі-үш қара домалақ бөшкені суға толтырып берді.

– Кімдер?

– Бастауышта оқимыз дейді әйтеуір. Аттарын да айтқан сияқты еді. Есімде қалмапты... Айтпақшы, Токметбай да екі-үш шыныаяқ шай ішіп, әңгіме соғып кетті.

– О кісі жай жүр ме?

– Балаларың көбейіп, рахатқа кенелдін бе дейді де баяғы.

Әлденені есіне түсірген Жамал апай балаша кеңкілдеп күлген. Қобыраған самай шашын қалың түбіт орамалының астына қолымен жасырды. Сіресіп қатып қалған саусақтары ебедейсіз көрінген.

– Әбден тонып қалыпсыз. Үйге кірейік те.

– Ептеп-септеп шөп суырып, кішкене қозғалғанға бойым ысып кеткендей еді. Жүре ғой, қарғам, жылы жерге барайық. Біраздан кейін арамқатқырларға екі-үш шелек су берсем жетіп жатыр.

– Ендігісін өзіміз-ақ жайғап тастаймыз. Қазір Сандуғаш та келуі керек. Жамал әже, жаңа неге күлдіңіз?

Бұлардан бұрын үйге білдірмей зып берген Сандуғаш пен Еңлікгүл бастарына қоқырайтып күндік ораған қалпы түпкі бөлмеден шыға келді.

– Сәлеметсіз бе? Қонақтарыңыз ұзақ күтіп қалды.

– Күте-күте ішіміз пысты.

Қолын көлегейлеп, дыбыс шыққан жаққа үңілген Жамал апай:

– Аман-есенсіздер ме, – деді таңырқай. – Әлгі малдың соңында бөгеліңкіреп... Неғып байқамағанбыз? Көп тостыңыздар ма?.. Алакөленке жарыққа көзі енді үйренген Дана сықылықтады:

– Пәлі! Жамал әже, мына «кемпірлер» өзіміздің Сандуғаш пен Еңлікгүл емес пе?! Ойламайтындарын жоқ-ау, ерік-

кен қыздар. Шынымен танымай қалдық кой, маскара болғанда. Жымдарынды сездірмей, қай кезде келгенсіңдер?

Сандуғаш пен Еңлікгүл бастарындағы қокимасын шешіп тастады.

– Әже, шынымен білмедіңіз бе? Бағана сіз кара каскаға «зекіп» жатқанда үйге кіріп кеткенбіз. Не керек, Дананы қатырып тұрып бір алдадық-ау.

– Әй, қарғаларым, шын танымай қалдым. Әлгінде Токметбай да біраз күлкіге кенеп, қайдағы-жайдағыны еске түсіріп еді.

Ызылдап қайнап тұрған шәугімнен аққұманды еселеген Жамал апай дастарқан жайды. Ірімшік-құрт салынған тәрелкенің үстіне үйіп бауырсақ салды.

– Сендерге арнайы пісірдім, алындар кәні. Токметбайдан Әлиімнің соғысқан жерін «Мәскеудің арғы жағы ма, бергі жағы ма?..» деп сұрадым. «Кәнкіретни қай жер» дегенде, күнде өздерің ауыздан тастамай отыратын қаланың аты тіліме оралсайшы.

– Смоленск...

– Әй, шешелеріңде қайбір ми бар. Сол «Смолен» деген сөзді ұмытып, есіме түсіре алсамшы... Ертеректе біздің шал Камибек деген құрдасын той-томалақта қағытып отыратын: «Мына Камибек қанды майданнан аман-есен оралғанда ауылдың жиналған үлкенді-кішісі тұс-тұстан ынтығып сұрайтын көрінеді. «Қай жерде соғыстыңыз?» Сонда соғысқан жерін есіне түсіре алмай ұмытып қалған жарықтық, қос жұдырығын түйіп «кәртөшкесі, міне, тура осындай-осындай, тіпті адамның басындай-басындай болатын жерлерде атаңа нәлет пәшістерді шыңғыртып-ақ қудық. Ок-дәріміз таусылып қалған кей сәтте сол әйдік кәртөшкенің өзімен ұрып, талайының миын ағызып жусаттық емес пе» депті-міс. Е... балаша аңқылдаған қожанасыр кісі еді, марқұм. Жатқан жерің жарық болғай! Ыстық шай ішіп, тоқаштан жесеңдерші. Ас – адамның арқауы. Бойларын жылы жүреді.

– Әже, Әли ағамның соғысқан жерін неғып сұрап жүрсіз? Барып қайтқыңыз келе ме?

– Қарғам, Дана, менікі далбаса кеуде. Дегенмен де Смоленнің қашықтығы қанша жер секілді, ә? Кейін күн жылы, жер қарада... бірақ қайдам? Осы жасыма шейін қарға адым ұзап ешқайда шықпаппын. Ұмытпасам, соғыстың дәл алдында

Әлиімді оянкаматқа шығарып салып, аудан орталығы Лепсіге бірге барғам. Шойын жолдың бойы болғандықтан ба «түнде жүру аса қиын, жүлік-мүлік тонап кетеді» деуші еді.

– Ай, Жамал әжей-әй, жұрт босқа дүрліктіреді. Қазір заман тыныш. Түктен қорықпау керек. Пойызға Смоленск қаласы аудан орталығынан небәрі төрт-бес тәулік меніңше. – Сандуғаш қасындағы Еңлікгүлге қарады.

– Иә, одан аспайды. Бүгінгі зуылдаған экспреске жолдың ешқандай қашықтығы жоқ. – Еңлікгүл Жамал апайдың мойнына асылып, бас бармағын көрсетті. – Шетінен комфорт!

– Әй, қарғам, жердің түбі екен. Пойыздың өзі күні-түні бес күн жүрсе сұмдық қой! Кәмпет дейсің бе, кәмпит дейсің? О не?

Өздерін ұстай алмаған құрбылар жарыса күлді.

– Әжем де қызық. Пойызда жатып-тұрасыз, тамақ та ішінде. Не қажеттің бәрі табылады дегеніміз да баяғы.

– Қайтем. Пойыздан біреу-міреу жолдан түсіріп тастап, жапан түзде қаңғып қалармын. Қарғаларым, өстіп Әлиімнің үйінде қалқып отырмаймын ба? Айттым-ау, оң қабағым бүлкілдеп үздіксіз тартады кеп... тартады кеп... Мұндайы болмайтын әсте.

– Несі бар, қуанасыз.

Сандуғаш Дананың құлағына сыбырлады. «Кешегі хатты оқып бермегенсің бе?»

Ол иығын кикаң еткізді. Жамал апай төргі бөлмеге бірдене іздеп кіріп кеткенде ақырын ғана: «Тағы да түнеугүнгідей жылап жүрсе қайтеміз. Смоленскіге барып келмейсіз бе деп, әдейі сұрадым. Соны білгім кеп...»

«Өте дұрыс. Бәрін сезіп отырмын» дегендей Еңлікгүл де басын изеп қойды.

– Жамал әже, қайда бұғынып қалдыңыз, өзіңізді қуантпақшымыз. Күнұзаққа үндемей, сырымызды кейінге сақтаған едік.

– Әу, Сандуғашпысың? Не дедің? Құлағым күңгір-күңгір етіп, жөнді естісемші...

– Мына Дана қызыңыздың біз келгенше қалай шыдағанына таңбыз. Кеше Смоленск қаласының оқушыларынан хат алған болатын. Олар да Әли ағамыз жайында мәліметтер іздестіріп жатқан көрінеді. Қызылзшілер хаттарының соңында Сізге арнайы сәлем жолдапты.

– Аман болсын, қарғаларым! – деп мейірленген ана жау-

лығының шетімен көзін сүртті. — Менің Әлиімді олар қайдан біліп жүр?

— Текке жылап, шаршаманыз. Осы мінезіңізді сезіп, Дана айтқысы келмепті, — деді Сандуғаш аса байсалды.

— І-и, қарғаларым, сендердікі жөн. Ендігі жерде жыламаймын.

— Сөйтiңiзшi. Дана барлық жағдайды, егжей-тегжейлi баяндап, Смоленскiге хат жазып жiберiптi. Онысын ешкiмге бiлдiрмеген. Сөйтсек, сол хатты алған бетте смоленскiлiк қызылiзшiлер тынымсыз iске кiрiсiп кетiптi. Мына жерiнде бүйтiп жазыпты өздерi: «Жеңiс күнiн жақындатуға мысқалдай болсын үлес қосқан сiздердiң жерлестерiңiз— Әли Омарбеков Смоленскiнiң жас ұрпағы үшiн жанын пiда еткен ер-жүрек жауынгерлердiң бiрi. Мiне, сондықтан да оның аты-жөнiн қаламызды қорғаушылар тiзiмiне құрметпен енгiзгенiмiздi хабарлаймыз...» Естiдiңiз бе? Демек, осы бастан өзiңiздi-өзiңiз дайындаңыз. Бiз олармен байланысымызды үзбеймiз болашақта да. Мүмкiн, ерте ме, кеш пе жақсы хабар жетiп қалар. Бiр жағынан ешқандай хабарды күтпей-ақ жазшыға Әли балаңыздың соғысқан жерiн өз көзiңiзбен көрiп, жақсылап аралап қайтуға да болады емес пе? Үйде отыра бергенде, не бiтiресiз. Өзiңiздеi елдiң кемпiрлерi ерсiлi-қарсылы шапқылап жүр. Олардың несi артық? Жер көресiз, ел көресiз. Бiлдiңiз бе, солай?..

— Қарғаларым, өркендерiң өссiн. Бәрiн де дәм-түз бiледi. Алыстағы Смолендегi балаларыма да менен сәлем айтып, хат жазып жiберiндершi... Ретi келсе... көре жатармыз... Бәсе, кешеден берi оң қабағым бекерге тартпаса керек.

...Терезеден молынан себезгiлей құйылған наурыз шуағы жып-жылы ұядай бөлменi одан бетер көнiлдендiрiп, ысытып жiберген. Күн сәулесi қыстай сiресiп қатқан мұзмоншақ сүңгiлердi де жiбiткендей. Тырс-тырс үзiлiп түскен тамшылар әйнектi үздiксiз шертедi. Терезе жақтауында ертеден кешке шейiн бүрiсiп, мүлгiп отыратын суық торғайлар да бой жазғандай. Әлдеқашан құрап қалған жалғыз түп теректiң селдiр бұтақтарына таласып ұшып-қонып көнiлдене шырылдайды.

Сығырая сыртқа үңiлген Жамал апай:

— Өлмеген құлға келдi жаз, — дедi терең күрсiнiп. — Анау көк теректi шыбық күйiнде Әлиiм Қараталдың жағасынан

ерінбей-жалықпай топырағымен қазып әкеп отырғызып еді. Өзі қос түп болатын. Бірін көгеріп тұрған кезінде жалмаңдаған кебенек келгірдің жеп қойғаны. Қалған жалғыз талы көкке асқақтап, бой бермей жайқалып-ақ кетті. Тіпті Әлиім майданға аттанар жылғы көктемде қайдан адасып келгені белгісіз екі дегелектің осы терекке бауыр басқаны бар. Мамық мекеніне айналдырған бұл теректі ұмытпай жұбын жазбаған қасиетті қанаттылар мамыр туа сиқырлы сазға салып оралатын әмсе. Жұмыртқа салып, талай-талай балапан өрбітті... Не керек, сон-оу-у бертіндегі бір жылы тек ұябасары ғана сұңқылдап кешігіп келген-ді. Құс екеш құсқа да жалғыздық жараспайды екен-ау. Сыңарынан ұзақ жолда айрылды ма, әлде жүрегі жоқ оспадардың нысанасына ілікті ме? Жоқ болмаса, табиғаттың кездейсоқ көріне ұшырады ма, кім білген?.. Әйтеуір, сол жаздан кейін сыңар дегелектің өзін де жоғалттым, қарғаларым. Ыстық мекенімен біржола қоштасқан болуы керек. Мына терек те уақыт өткен сайын бұтақтары әбден селдіреп, мүлдем құруға айналды... Ағаштардың тіп-тік түреге тұрып өледі дейтіні осы. Табиғаттың құдіреті шексіз ғой...

Кішкентай терезеден көсілген далаға көз тастаған қыздар үндемеген. «Көктем келер гүлін алып...» Неге екені белгісіз, Дананың ән айтқысы келген...

Бұтақтан бұтаққа бұлт-бұлт секірген торғайлар тынымсыз шықылықтайды. Құс базарын сағынғандай... Ақ көрпесін сілкіп тастаған керім дала бусанып, тершіп жатыр. Ызғарлы көктем күні бөлекше күлімдей түскен.

– О, тіршілік-ай...

Жамал әжейдің құмығып күрсінгені балаларды толқытып, тебірентіп жіберді.

4

– Тағы қайда жүрсін, тентіреп? Еріккен балдарға еріп, әлгі жыңды кемпірдің үйіне барғаннан саумысың? Айтшы кәні, сонда не бітіресіңдер, осы? Байғұстың мазасын алып, неге елірте бересіңдер. Құдай аямаған адамды кім мүсіркеуші еді? Тектен-тек салпақтағанша сабағыңа қарап, кітабыңды оқып отырсаң етті? Қайтесін, сол жыңды кемпірді?..

Сан-саққа жөнелтіп, қиырларға самғатып, алып ұшқан ұшқыр балаң сезімі табалдырық аттамастан су сепкендей ба-

сылған. Ләм-мим жақ аспаған Дана қайсарлығына басып, жанарына іркілген жасты көрсетпеуге тырысты. Шешесінің жуыр манда тоқтамай бұркылдайтынын білген ол үндемей шешінді де, бұрыштағы қос қатар сөреге тізілген кітаптардың бірін ұстады. Қолына іліккені — ең жақсы көретін жазушысы Альберт Лихановтың «Жылы жаңбыры». Әлденеше рет оқыған. Осы кітапты алғаш оқыған кезде майданға кеткен әкесінің соңынан көп ұзамай, сұранып соғысқа аттанған қаршадай Алешаның бейнесі қаз-қалпында көз алдына жетіп келген. Анасының жұп-жұмсақ әппак шашынан сипап тұрып, «менің баруым керек» деп, қайталай бергені де санасында жатталып қалыпты-ау. Бірақ... кітаптың бірінші бетін парактағанда-ақ Дана бұған дейін есінде жоқ жалғыз сөйлемге тесіле үнілген. «Еһ, сұм соғыс, сен не істемедің!» Ішінен екі-үш мәрте күбірлеп оқыды. Кітаптың кілті болған осынау эпиграфтың астындағы Булат Оқуджава дегеннің орнына «Данәгүлдің атасы — Сансызбай қария» десе де артық емес. Өйтпегенде ше, бұл сөзді тек осы уақытқа дейін атасының аузынан еститін. Ақшаны түсіне қарап айыратын о кісінің қаріп танымайтыны өзіне жақсы белгілі. Оқымай-ақ сұңғыла.

— Ә-не, атамның өзі келеді таяғын тықылдатып. — Мырсеткен ол есіктің ашылуын күтті. Дәлізге бөгелінкіреген атасының даусы сап тыйылған. Есесіне шешесінің шаңқылдағаны репродуктордан шыққандай. Күмбір-күмбір.

Әлден кейін барып атасының байыпты, сабырлы үні еленеткізді:

— Қарағым, Қалимашжан, сөзінді екшеп, ойынды толғап айтқаның жөн. Құр бекерге жазықсыз кейуанаға тіл тигізіп қайтесің, қызым. Жамал кемпірдің орны өзгелерден ерек. Оның жан күйзелісін түсінгейсің. Екіншілей, «жынды» дегенінді естімейін. Егер о кемпір жынды болса, қос өкпесін қолына алып Тоқметбайдың үйіне жетіп бармас еді деймін. Екі шал әңгімелесіп отырғанбыз. Қуанышында шек жоқ. «Менің Әлиімнің соғысқан жерінен Дана қарғама хат кепті. Естідіңдер ме? Жаңа ғана маған оқып беріп, хатты көрсетті...» Сөйтті де дізе бүкпестен іле кері шыға жөнелді байғұс. «Мына Сәкеннің баласы емес пе, қарғам, менің Әлиімді шарқ ұрып іздеп жүрген» дегеніне мерейім тасып, төбем көкке аз-ақ жетпей қалды. Кәрі шөңге менің де жүрегім тулағандай. Үйге жеткенше асықтым.

– Қырық жыл хабар-ошарсыз жоғалып кеткен қайдағы біреуде несі бар. Одан да қанғыған өз әкесін тауып алсайшы?

Шешесінің қыршаңқы сөзі Дананың жүрегіне біз сұғып алғандай болды. Қолындағы «Жылы жаңбырды» бауырына басқан күйі кереуетке жантая кетті.

– Олай демегін, Қалимаш. Омарбектің ұлының тырнағына татымайтын сотанақты қайтесін?! Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заманда ыстық ұясынан безген азғын. Сайда саны, құмда ізі жоқ. Атама атын! Онсыз да балапандарымды тұмсықтыға шоқытпаспын, жер басып тірі жүрсем.

Екі құлағын алақанымен жапқан Дана жастықтың астына басын тықты. Одан арғысын естігісі келмеген. Анда-санда ашу қысқан шешесінің булығып, өзін-өзі тежей алмай, долы мінезіне ерік беретіні бар. Құлақ түрсе қазір де небір бейпіл сөздерді еститіні кәміл. Соны сезген ол бұғына түсті. Көзін де тарс жұмып алды. Сендей соғылысқан үркек ойлар шақшадай басын шарадай еткен. Жұмулы көзінің алдында жыпырлаған мың-сан қисапсыз нокат-шенберлер. Жүз құбылып, айналдырған сайын түрлі бейнелер жасайтын калейдоскоптай, әлгінде ғана шешесі «тауып алсайшы» деген әкесінің портреті боп тұра қалған. Айнымайды-ау... айнымайды... Бертінге шейін шкафтың үстінде жымиып тұратын суретінің дәл өзі (Ол портретті шешесі бірде ашуланғанда жыртып тастағаны, я болмаса тығып тастағаны белгісіз. Әйтеуір, ұшты-күйлі жоғалып кеткен еді). Әлі мектепке бармаған кезі-тін. Көшеде ойнап жүрген жерінен әкесінің шақырып алып мандайынан сүйгені, аймалап күшып «мен алысқа кеттім, адам бол, Данагүлім» дегені еміс-еміс елестей. Ештеңеге мән бермеген ол үйге келгенде шешесінің жылағанын, тіпті «Неге жылайсың?! Папам алысқа кетті, ер-те-ен келеді...» деп жұбатқаны да есінде... Содан оралмады. Аңқау бала-көңіл нені сезсін, нені ұқсын? Өзіне тетелес үйелмелі-сүйелмелі бауырлары мүлдем бейқам. Сансызбай атасының «Данагүлімнің Ораз көкесі қар түскенде келеді» немесе «Ағаштар көгеріп, жаз шыққанда келеді» дегеніне имандай сеніп, талай жылдарды өткізіпті... Бәрі-бәрін кейін есі кіргенде естіп, білді емес пе?! Әкесінің ішкілікке салынып, бұл алтыға толғанда шешесімен айырылысып кеткенін... Сөйтіп жүріп жанжалдасып, бес жылға сотталғанын... Түрмеден келгеннен кейін де «қаны

карайған» (елдің айтуынша) ол біреулерді соққыға жығып, бұқпантайлап жүргенінде қызыл жағалылар ұстап әкетіпті. Содан бейхабар. Із-түзсіз. Әке-шешесі алғашқы сотталғанда көз жұмған жалғыз жігітті жамағайындары да іздемепті. Биыл күзде әскерден қайтып келе жатқанында Жарасбайдың ағасы ойламаған жерде Новосибирскінің темір жол вокзалында кездестіріпті. Алба-жұлба, екі аяғына әрең сүйенген ол мұны жыға танымағанға ұқсайды.

— Ботам, беймезгіл уақытта неғып ұйықтап жатырсын. Данагүл-ау, тұрсаңшы. Жамал әжен де аузынан тастамайтын бопты өзінді. Әлгі айтып жүргені не? Әлиінің соғысқан жеріне хат жазған дей ме біреулер. Сонысы рас па? Өзі кімдер екен? Мән-жайын маған түсіндірші, балам.

Қабат-қабат киімдерін алқынып, зорға шешкен атасын сіресіп қатқан керзі етігі біраз әурелеген. Олай бір, былай бір тепкілегеніне көне қоймаған етігіне «ренжіп» те алды.

— О несі, пәтшағар! Менің ештеңем де кетпейді. Осы күйімде ұйықтай салам. Қайта, ертеңгісін киінгеніме онай болмай ма?

Атасының қылығына еріксіз күлген Дана орнынан ұшып түрегелді.

— Көне, маған көрсетші, әл бермей жатқан етікті. — Жүрелей отыра қалған ол екі етікті ырғап-ырғап жұлып алған күйі пештің түбіне лақтырып-лақтырып жіберді.

— Балам, етіктерді әдемілеп пешке жайып қойшы. Құрғасын. Мына шылқылдақта пимамен жүре алмаспын.

— Әй, атай-ай, өзіңіз де қызықсыз. Бала сияқтысыз тура. Жаңа ғана еді ғой «пәтшағар» деп етікке кейігеніңіз.

— Е-е... Құлыным... «Адам қартайғанда бір бала» деген осы. Аяғындағы етігін шеше алмаған атанның түрін көрдің ғой, міне... Әй, балам, өзіннің екі көзін қызарып, ісіп кетіпті-ау. Ауырып қалғаннан саумысың?

Атасының мойнына еркелей асылған Дана таңдайын «тақ» еткізді.

Немересін аймалай құшқан Сансызбай карт та жөпелдемеде үндей қойған жоқ. Маңдайындағы елеусіз әжім де айкүш-ұйқыштанып тым тереңірек көрінген. Кеудесі де сырсыр етеді. Жұп-жұмсақ сезілген алаканы бұжыр-бұжыр. Апанық білінеді-ай. Жауар бұлттай түнерген қабағын да тұңғыш байқауы. Шүңірейген қос жанары тартылған шыңырау

құдықтың түбіндегі болар-болмас саркынды судай жылтырайды. Әп-сәтте тұла бойын үрей билеген Дана басын атасының кеудесінен көтермеген. Атасының даусы бір түрлі жарықшақтанып шықты.

— Шешеннің де халін түсінгейсін, ботам. Қайбір жетісіп жүр дейсін? Мандайының соры бес елі. Шиеттей сендердің жағдайларыңды ойлап, іштей күйзеледі де. Әйтпесе жап-жас кісінің шашы аппақ қудай ағарып кете ме? Ақылың бар ғой сенің. Соныңнан ерген анау қарадомалақтарға бас-көз бол. Күні ертең-ақ жайрандап қол ұстасып шыға келеді. Тек Отандарың аман болып, күлкілерің бұзылмасын! Қарын тоймай, киім бүтінделмей титықтатқан кер заманды қаршадайымыздан бастан кешкен біз-ақ о дүниеге ала кетейік, құлыным. Жарықтық, жербесік шайқалмай, адамзатты алаңсыз тербей берсін! Соғыс лаңы зар еңіреткен Жамал әжелеріңнің күйін тірі пенде көрмесін. Ананы баласынан айырмасын ендігі жерде! Өзге жара жазылар... Ал, сұм соғыстың жүректерді сыздатар жарасы ешқашан жазылмас...

Соңғы сөздерін күрсіне айтқанымен атасының жүзі әлгіндегідей емес, жауыннан соңғы бұлтсыз көгілдір көк күмбезіндей ашық та жарқын еді.

Дабырласып шешесімен қабаттаса үйге кірген кішкентайлар аядай бөлмені лезде думандатып жіберді.

— Атам үйде жатыр екен ғой, — деді жарыса.
— Құлындарым, тоңып қалған жоқсындар ма?
— Қайдан тоңсын, мыналардың киімдерін шешіп жіберші, — деді шешесі емен-жарқын.

Жүрегі алабұртқан Дана:

— Қазір! — деді.

Гильзадағы хат

1

Екі-үш күнгі үйіліп қалған поштаны реттеген Бану газет-журналдарды шетінен аударып шықты. Әр тігіндіні жөнге келтіргенше біраз уақыты кеткен. Есіктен әлсін-әлсін сығалаған балалар да:

— Жетекші тәтей келіпті ғой, — деп алаңдата берген.

Орнынан түрегелген ол масаты матамен жабылған ұзын столдың үстінде жатқан конвертті көрді. «Газеттердің арасы-

нан түсіп қалған-ау. Кімнен еді?... Е, мектептің қызылізшілеріне... Жарайды, не жазғанын оқылық..?

Өзінен-өзі күбірлеп, көк конверттің шетін жыртқан Бану хаттың алғашқы сөзіне үнілместен ыршып түскен. «...Қап, әттеген-ай! Неғып байқамағанмын, ұят болды-ау. Данаға келген хат екен...» Ынғайсыздана адреске жанар жүгірткен Банудың қабағы іле жадырап шыға келді. «Бәсе, ешкімнің де фамилиясы көрсетілмепті. Тек қызылізшілерге делінген....»

Хат жолдарын асығыс-үсігіс шолып өткен ол орнына қайта жайғасты. Алыстан жолданған тосын хабарды асықпай қайта оқыған. Жүрегі алып-ұшып не істерін білмей аңтан. Саусақтары дір-дір етеді. Қуанған мен қорыққан бір. Дананың класына бағана-ақ жетіп барар еді, олар түстен кейін оқиды. Жападан-жалғыз данғарадай пионер бөлмесіне сыймағандай дәлізге шықты. Өлгіндегідей емес, шыбынның ызыңы естілердей тыныштық. Аяғының ұшымен басқан беті директордың кабинетінің есігін тартты. Жабық екен.

Өкшесінің тықылын білдірместен бөлмесіне кері оралды. Көз алдынан неше алуан суреттер көлбендеп кетсейші. Бүкіл ауыл «Жынды кемпір» атап кеткен Жамал әжейдің сүп-сүр бейнесі кірпік қаққан сайын құбылып, бірнеше кейіпте елестейтінін қайтерсін.

...Біресе аппақ шашын лудыратып жайып жіберген күйі Кілтбайдағы қалың бейіттің ішінде жүрсе, бірде қарағайдай мүйізін көтере алмай тас құдықтың басында жататын әбден қалжыраған Көксеркесімен сөйлесіп отырған сәті... Енді бірде шүңірек көзі аларып үйіне тақаған қара сирақтарды қуып бара жатқаны... Артынша сақ-сақ күлгені... қаз-қалпында жетіп келген... Қандай қорқынышты! Үлкен кісінің, онда да әйел адамның кеңкілдегені біртүрлі көрінген. Тұла бойын үрей билеген Бану қаққан қазықтай орнынан жылжи алмай, қатып қалған. Осы мелшиген қалпы әлі де отыра беруі кәдік. Ойнақтап жүріп шоқ басып алған «бүлдіршіндей» қоңыраудың безілдеп қоя бергені.

«Әй, Дана, Данагүл! Неткен өжет едің! Ақылдысың да. Сен болмасаң жынды кемпірді... жо-оқ... Жамал әжейдің алай-дүлей жан дүниесін қайдан білерміз, қайдан түсінерміз? Ал оның соғысқа кеткен баласы жөнінде кім айтар еді? Ешкім де, әрине. Енді, міне, Жамал апайдың соғыста хабар-ошарсыз

кеткен майдангер ұлы табылып отыр. Оны да өзін іздемесең, қайсымыз табар едік. Жарайсың, Данагүл! Жамал әжейді қуанышқа кенелтетін болдың...

Бану қолындағы хатқа одан бетер сүзіле, сүйсіне қараған...

2

Директордың бөлмесінен жүгіре шыққан Нұрахым Бануды қағып кете жаздады. Сүріне-қабына бойын тіктеген ол желкесін қасыған.

– Кешірерсіз, байқамай қалдым.

– Дала емес, коридорда жүгірмесеңші. Өзің мұнда неғып жүрсің? Сабактарың түстен кейін емес пе?

Нұрахымның орнына жауапты сонадайда ыржаландап тұрған Ағдан қайтарды:

– Бұл қара перғауын өз бетімен жүре алушы ма еді? Жаңа сыртқы есіктің табалдырығында директор ағайды мұрттай ұшырды емес пе, онысымен қоймай сізді сүзіп жібере жаздағанын көрмейсіз бе?

– Ей, несіне күлесің? – Нұрахым қызарақтаған. – Өзін ғой, зып беріп тығылып қалған. Рас, сен екен деп ағайды шалып қалғаным...

– Сок өтірікті. Үлкен адамның аяғын қалайша байқамайсың, ө?!

Езуінің ұшына жетіп келген күлкісін тыя қойған Бану не күлерін, не ұрсарын білмей:

– Жарайды, ұялсандаршы сомадай болып. Барындар, – деді. – Кейінірек әңгімелесерміз.

Есік ашылған бойда орнынан көтерілген Төлеген Тәукевич елпілдеп жөн сұраған.

– Хал жақсы ма, Бану? Иә, қашан келдіңдер? Спартакиадаларың қалай өтті? Шет жағасын естідім. Аудан бойынша екінші орын, жаман емес.

– Бар жаңалықты Алтыбаев айтып шыққан ба деймін. – Бану еріксіз күлді.

– О жүгірмегің әлгінде ғана мені... мерткітіре... жаздады. Баланың аты – бала. Бұғынбақ ойнап жүр едік дей ме? Түбінде тәуір спортшы шығады өзінен. Айтысына қарағанда қарсыласының бәрін де жеңген-ау.

– Онысы шын. Қазақша күрестен оған ешкім тең келген жоқ. Волейболшыларымыз да жаман өнер көрсетпеді. Тек

баскетболдан жүлделі орынға іліге алмадық. Жарыс жайын егжей-тегжейлі физругтан, Отанаманнан ести жатарсыз.

– Меніңше, жалпы командалық екінші орынға қуануға болады, – сөзін жайдары аяқтаған директор Банудың қолындағы конвертке назар аударды.

– Төлеген Таукенович, барлық жаналық осында. Мінекиіңіз, оқып көріңіз. Жамал әжейдің ұлы табылды.

– Не дейсің, қарағым? Жамалдың Әліі тірі дейсіндер ме? Солай деп хат келді ме? Көне... кө-ні-і...

Көк конверттің ішіндегі қос паракты аса еппен ұстаған ол хатты дауыстап әрі баппен оқыды.

Алыстағы құрметті дос, Дана Сансызбаева!

Сенің Смоленск қаласының қызылізшілеріне арнайы жазған хатынмен таныстық. Ең қуаныштысы өзің іздестірген жауынгер жерлесің туралы шағын да қызықты дерек біздің Гнездово селосынан табылып отыр. Бірақ көкейімізге күмән болып тіреле беретіні солдаттың аты-жөніндегі жалғыз әріп.

Бар-жайды қысқаша баяндасак былай еді. Бұдан бірер жыл бұрын мектебіміздің қызылізшілері канқұйлы соғыс болған Днепр өзенінің бойындағы тарихи орындарға жорық ұйымдастырған-ды. Сол жолы қызылізшілер отты жылдар белгісі саналар біраз заттар тапқан болатын. Олжалардың арасында солдат каскасы, су құятын қалайы сауыт, тот басып қалған үлкенді-кішілі гильзалар, тіпті шомбал зеңбірек те бар. Зеңбіректі балалар өзеннің тік жарқабақты арнасынан өрең шығарып алыпты. Кейбір темір қалпақ пен сауытқа жауынгерлер өз есімдерін ойып жазған. Бәрінен де қызылізшілерді гильзадағы хат қайран қалдырады. Жез гильзаларды тазалаған кезде оқсауыттың бірінің ішінен ұқыптап оралып, тығындалған хат шығады. Ондағы төрт-бес ауыз сөз бен солдаттың аты-жөнін анық оқуға болады. Өкініштісі, солдаттың адресін, хатты жазған күнін айыру қиын.

Ал хатта былай деп жазылған: *«Сүйікті Отаным үшін, сүйікті туган жерім үшін қасықтай қаным қалғанша соғысамын. Смоленск – менің де туган жерім. Біз жеңеміз!»*

*Қазақстандық жауынгер
Вали Умарбеков».*

Бораған октын, лаулаған өрттің дамылды бір сәтінде жазылған осынау хат бүгінде мектебіміздегі «Данқ» музейінің ең қастерлі экспонаты ретінде сақтаулы. Қатырма қағазға жыртылмайтын етіп жапсырылған хаттағы қазақстандық жауынгердің жүрекжарды сөздері барша смоленскіліктер үшін өте ыстық. Селомыздың шетінде, Днепр өзенінің әсем иінінде біздің жерімізді неміс фашистерінен қорғаған, біздің болашағымыз жолында жанын пида еткен жауынгерлерге арналған үлкен ескерткіш бар. Белгісіз солдат бейіті басында мәңгі от алаулайды. Ал қызыл гранит тақтаға қаһармандардың аты-жөндері өшпестей, бедерлеп жазылған. Қызылізшілер тапқан деректің арқасында сол ерлер тізіміне Вали Умарбеков есімін де қостық. Айтпақшы, Валидің фотасын тауып, тездетіп салып жіберулеріңізді сұраймыз.

Егер осы дерегіміз нақты анықталатын болса, Жамал әжейді Смоленск жерінде құшақ жая қарсы алуға әзірміз. Жауынгерлердің анасын құрметпен қонаққа шақырамыз.

Дана, осымен хатымызды аяқтаймыз. Мектеп өмірі, өздеріңдегі игі істер жайында алдағы уақытта үзбей хабарласып тұралық. Кластастарыңа үлкен сәлем!!

Асыға жауап күтеміз.

Гнездово селосының қызылізшілері атынан—

Даша Яковлева, Ваня Дуткин, Оксана Алексеева, Сережа Соколов.

Біздің адресіміз:
Смоленск облысы,
Смоленск ауданы,
Гнездово селосы.

Хатты оқып біткен директор үн-түнсіз конверттің сыртындағы поштаның белгі-танбасына үңілді.

— Иә, тура Смоленск облысынан жөнелтілген. Ойламаған оқиға, үлкен жаңалық!

— Шынымен, Төлеген Таукенович, сенбей отырсыз ба?

— Жо-ға, — деді аңырған кейпінен әрең арылған ол. — Жамал шешеннің жүрегі жарылмаса де. Бұл хабарды қайтып естірткеніміз жөн. Басымның мәңкі-тәңкісі шыққанын білсең сен, Бану қарағым. Әлгінде «Әли тірі екен-ау» дегенім бекер дейсің бе? Өшкенінің жанып, жоғалғанының табылғаны емей, неменс. Вали Умарбеков — Әли Омарбеков. Айна-қатесіз

өзі! Түнеукүні Сансызбаева Дананың атына тағы бір жерден хат келген жок па? Онда не жазылып еді?

– Е, ол хат Смоленск каласының кызылізшілерінен болатын. Олар Дананың хатын көбейтіп, тың деректер іздестіріп жатқандарын жазған-ды.

– Дұрыс. Бәрі де түсінікті. Сонымен, не істесек екен?! Сен бұл хатты Данаға көрсеттің бе?

– Әзірге жан баласы білмейді. – Бану сағатына қаралы. – Қоңырау соғылып кеткені қашан. Сабағыңыз бар ма еді?! Хат қызығымен отырып қалыппыз.

– Сәл тоқта. Менің сабағым жоқ. Мынадай ой бар. Екінші сменаның алдында шұғыл салтанатты линейка өткізелік. Оған барлық оқушылармен бірге мұғалімдер де түгел қатыссын. Қазір үзілісте радиоторабы арқылы хабарландар. Мұғалімдерге өзім айтармын. Сол жерде мына хатты оқып бересің. Мұндай жаналықты бүкіл мектептің естігені дұрыс. Әзірше хат менде болсын. Басқосуға өзім алып барамын. Жарай ма? Одан кейінгісін ақылдаса ойласармыз.

– Келістік. Мұныңыз да ақыл екен.

3

...Табанда ұйымдастырылған линейка оқушылардың да, мұғалімдердің де қуанышын тасытты.

Бірінші сөз алған Төлеген Таукенович мектеп спортшыларының аудандық спартакиада жарысында екінші орынды иеленгенін айтып, жүлдегерлерді жеңістерімен құттықтады. Қазақша күрестен жекелей біріншілікте чемпиондық тұғырға көтерілген Нұрахым Алтыбаевты жеке дара айрықша мақтаған...

Ал, Бану таныстырған смоленскілік қызылізшілердің хаты үлкен-кішіні бірдей толқытты. Әншейінде өте қатал көрінетін Призма-төтей көзін сығып, «Ұлының қарақағазына зар болған Жамал кемпірдің тілегі орындалды» дей берген...

Салтанатты саптың алдына шақырылған Данагүл Сансызбаеваға мектеп дирекциясы атынан алғыс жарияланды. Көпшіліктен қысылған Дана өз ойын жасырмады: «Бұл – менің абзал парызым. Бәрінен де Жамал әжейді қуантайықшы, тездетіп...»

– Көрдiңдер ме, әнi! Түбiнде бiр жерден тесiп шығады. – Есiктен сөйлей кiрген Призма-тәтей қолын көтерiп, «отырыңдар» деген ишараны бiлдiрген. Әдетте отырғышқа жалп ете түскен бойда тiзiмнiң басынан аяғына шейiн сүзiп, ерiнбей-жалықпай түгендейтiн ол журналын үстелдiң үстiне лақтыра салды. Өзi тақта алдында ерсiлi-қарсылы теңселiп, әлi сөйлеп жүр.

– Айтпады демендер, әйтеуiр. Бiр жерден тесiп шығады, мен бiлсем!

– Түсiнбедiк қой, тәтей. Ол қандай шеге! Қай қабырғаға қағып жатыр? – дедi ең алдыңғы партадағы Ағдан.

– Өй, мынаның шегесi несi?! Қайдағы жоқ бәленi таба-сың-ау, қарап отырмай. Шеге дей ме, шiңкiлдек. А... О несiей! Сансызбаеваны айтамын, адам болады дегенiм де. Күнi ертең-ақ топ жарып шығады әлi, тiрi болса.

– Қайдан бiлейiн, Дананың басы шеге емес қой.

Жырк-жырк күлген ұлдар алма-кезек Дана жаққа көз тiккен. Ештененi елең қылмаған ол жанындағы Сандуғашқа әлдененi ұғындырып, сыбырлап жатыр. Үнемі қабағы катулы жүретiн Призма-тәтей жайдары кейпiн өзгертпедi. Әйтпесе... Қиқар сөздерi үшiн ендiгi Ағданды кластан қуып шықса керек. Қайтадан үстелге тақап журналды парактаған ол ойын сабырлы сабақтаған.

– Балалар, сендер менiң сөзiмдi бүйтiп ойынға айналдырмандар. Данагүлге рахмет айтқанымыз жөн. Парталас құрбыларың әлгiнде өзi айтқандай, нағыз озат оқушыға тән үлгiлi iстi дер кезiнде қолға алған. Мұның бәрiне, әрине, мына отырған барлықтарың ортақсын. Демек, бұл сендердiң үшiншi топтың өнегелi жұмысын да көрсетедi. Жалғызiлiктi Жамал апаларына көмектесiп қана қоймай, о кiсiнiң соғыстан мүлдем хабар-ошарсыз кеткен ұлын тапқансыңдар. Смоленскiлiк қызылiзшiлердiң де сендердiң тiлектерiңе жүрдiм-бардым карамағаны қандай жақсы болған. Сендер оларға кешiктiрмей хат жазып жiберiңдер. Шiркiн, ендi сол Смоленскiге Жамал шешелерiң барып қайтса де?! Қырық жыл сарғайып күткен ұлының жатқан жерiн өз көзiмен көрсе, әжептәуiр жасап қалар едi. Бiрақ жолға жүруге жараса...

– Неменеге жарамайды? – Орнынан түрегелген Сандуғаштың үні дірілдей естілген. – Әлі ширақ. Аанада бір сөзінде Жамал әжейдің өзі «Жердің шеті болса да барар едім, қарғама...» деген.

– Жарайды, балалар. Иә, бәрін де жағдайы шешеді. Естірміз, көрерміз... Уақыт өтіп барады. Жана сабағымызды бастайық.

Орнына отыра қоймаған Сандуғашқа назар аударған Призма-төтей:

– Бірдене айтпақсың ба? – деді.

– Салиха төтей, жана тақырыпты үйден өзіміз оқып келейікші. Егер рұқсат етсеңіз, қалған он бес, жиырма минутта топ жиынын өткізсек деп едік.

Сандуғаштың сөзін Дана іліп әкетті.

– Сабактан кейін Жамал әжейдің үйіне барып шықсақ.

– Мейілдерің онда. Келесі сабаққа жақсылап дайындалып келіндер. Ал кәні, дабырламайтын болындар тек. Қонырауға да аз-ақ қапты. – Қағаздарын реттеп, сағатына жүре қараған ол табалдырықта кідірген. – Оу, әлгі чемпион, Алтыбаев сабаққа қатыспаған ба? Орнында жоқ қой.

– Бар. Қайда жоғалушы еді. Әне, соңғы партада Енлік-гүлдің қасында отыр.

Ермектің жауабына мән бермеген Салиха төтей шығып кетті.

– Ішің күйсе, тұз жала, – деді Нұрахым жымындап.

2

Қол ұстасып тақта алдына шыққан Дана мен Сандуғаш ортаға Ағданды, сосын Нұрахымды шақырды. Аты-жөнін екі айтқызбастан-ақ ұшып тұрған Ағдан бірден мұғалімнің үстеліне қонжыған. Есесіне Нұрахым партасына шегелеп қойғандай, қозғалсайшы. Әр нәрсені сылтау еткен. Әлде ұялғаны, әлде қарапайым болғысы келгені.

– Бізден басқа адам жоқ па осы? Президумға Шолпанқұл мен Жарасбай неге отырмасқа? Әйтпесе, анау мыртық, тойст, «ұзын-тұра» Ермек шықсын. Өзі мәжіліс басқарғанға құмар.

– Әй, кара перғауын, керілмей-созылмай орныннан көтерілсеңші. Немене, сенен басқа шемпион жоқ па? – Ермек тілін әдейі бұрмалай сөйлеген. – Мектебімізге келген

Олимпиада чемпионы Жаксылык Үшкемпіровті өзің де көрдің. Қандай кішіпейіл... О, несі, шемпионмын деп шіренуің. Болмаса, Енлікгүлдің қасына біреу отырып ала ма деп қорқасың ба?

— Үшкемпіров аса жеңіл салмақта сынға түседі. Біздің шемпионның қызғануынан қозғалуы қиын-ау, — деді өзіне-өзі риза төрдегі Ағдан.

— Шіңкілдек, сен отқа май құймай, жайыңа қарап отырсаңшы.

Текетірес шымшыма сөздер жалғаса берер ме еді. Тыныштықты күткен Сандуғаш тамағын қырнап жөткірінді. Мұны сезе қойған балалар да сабырлылық жасап, ынтыға құлақ түріскен. Табанда не дерін білмей аңырған Сандуғаш қасындағы Данаға қарады. Ол «сөйлей берсеңші» дегендей иек қақты.

— Сонымен, шұғыл жиынымызды бастаймыз. Жаңа Салиха төтейдің сабағында Дана екеуіміз осы мәжілісті тез өткізіп жіберуді жөн санадық. Ақылдасып, пікірлескен артық етпес. Төтейдің көне кеткенін айтсаңшы...

Осы мезет Сандуғаштың сөзін Нұрахым бөлді:

— Между прочим, біздің Призма-төтей жақсы екен. Негып бұған дейін байқамағанбыз?

— Дұрыс айтасын, Нұрахым. Жақсы кісі.

— Қатал деп жүргеніміз кұр бекер. Жүрегі де, жаны да нәзік бір жан болса, ол — біздің Салиха-төтей!

— Сөйткенмен бестікке қолы сараң-ау...

Тұс-тұстан өз ойларын білдірген жетіншікластықтар мұғалімдерін енді ғана танығандай.

— Иә, неше жыл сабақ беріп жүрсе де Салиха төтейді түсінбеппіз. Қаталдығы — талапшылдығы шығар. Әйтпесе қарандаршы, Жамал әжейдің ұлы үшін езіліп жүргенін. Тіпті Әлиі жатқан жерге барып қайтса дейді. Мұндай ойдың көбіміздің басымызға келмегені шындық қой. Айтындаршы, көне. Қандай ойларың бар? Сабақтан соң Жамал әжейдің үйіне қалай барғанымыз жөн? Ұлы туралы естір. Директор ағайлар өздері хабарламақ. Бәрінен бұрын содан кейін не істейміз? Түк білсемші. Шын айтамын, сендер не демексіндер?..

Өз сауалына өзі нақты жауап таба алмай қиналған Сандуғаш Ағданның қасындағы орындыққа отыра кетті. Басын төмен салбыратып, сұраулы жүзін жасырған. Екі бетінің

ұшы қызарып, алаулап тұр. Бір мезеттік тыныштықты Ағдан бұзды.

– Кәнеки, жолдастар, кім сөйлейді? Пікірімізді ашық ортаға салайық. Ал, Алтыбаев, бірінші сен сөйлейсің бе?

– Түйенің танитыны жапырақ дегендей, аузыңнан мені тастамайсың, — деп Нұрахым орнынан түрегелді. — Одан да Дана сөйлесін. Не дер екен? Біз де қарап қалмаспыз.

– Рас, Сансызбаева сөйлесін.

– Дана бірдеңе десенші.

– Сенің айтқаныңа қосыламыз ғой бәріміз де.

Ағдан «басқарма» ақырын ғана үстелді тықылдатты.

– Шуламандар. Кезекпен сөйлендер. Алдымен сендер сөйлесендерші. Асықпасаңдар Данаға да кезек тиер. Уақыты босқа созбайық. Сонымен... Ә-не, Енлікгүл сөйлемекші.

Балалар жапа-тармағай соңғы партаға қарады.

– Менің мынадай ойым бар. Ең алдымен, Жамал әжейдің баласы туралы, қызылізшілеріміз жайында «Ұлан» газетіне «цитю» белгісімен мақала жазып жіберейік, — деді Енлікгүл манайына сенімсіздеу көз тастап. — Тура осындай жайлар газеттерде басылып жатады емес пе.

– Ситосы не? — деді орта жолдан киліккен Жарасбай.

– Сито емес, цито де. Өте шұғыл деген сөз. Ұқтың ба, қисықаяқ.

– Ұқтық, кара перғауын. Мәселе аяқта емес, баста. — Жарасбай әзілдей ойын жалғай түсті. — Менімше, Есеннің пікірі өте дұрыс. Оған қосыламын. Сосын... сосын... тағы не айтайын деп едім... Е, иә... Жамал әжейді Смоленскіге барып қайтуға көндіру керек. Пойызбен барады, пойызбен қайтады. Мүмкін, ортамыздан Дананы бірге жіберсек қайтеді?

– Мәледес, қисық аяғым! Басың істейді сенің.

– Нұрахым, қойсаншы. Орынсыз қылжактың қажеті қанша? Қашқанға да — серік, қуғанға да — серік. — Әрдайым ойын батыл білдіретін Дана шыдамаған.

– Құп болады! — деді Нұрахым қызарған қалпы.

– Ендеше былай, — деді Дана. — Біз үшін бүгінгі күн ерекше ұмытылмайтын күн. Жамал әжейді қуантатын болдық. Қызылізшілеріміздің жұмысы мұнымен тоқтап қалмайды. Жанағы Енлікгүл мен Жарасбайдың пікірлері орынды. Несі бар, газетке мақала жіберейік. Оны мына Ермекке тапсырайық. Тақылдағанда сөздің түбін түсіреді. Жазсын, жарты

беттік мақаланы. Содан соң, егер Жамал әжей ауырып қалмаса, Әлиіне барады. Өзі талай рет айтқан. Жеке отырғанымызда түнеугүні шет жағасын маған сездірген-ді. Содан бері бір нәрсені ойлап жүр едім. Мақұлдасандар да, мақұлдасандар да ерік өздерінде...

Ернін тістеп үн-түнсіз бөгеліп қалған Дана жанарын терезе жаққа аударған. Сонадайдағы ауыл кеңсесінің алды үйме-жүйме топ. Ветврачтың қос кабиналы машинасын қоршап алыпты. Алыстан ауыл адамдарын тегіс жыға танымаса да, окшауырақ тұрған үшеуді бірден байқады. Екі қолын тынымсыз сермеп, әңгіме тізгінін ұстаған Төлеген Таукеновичтің өзі Географиясын өткізіп тұрғандай, екі қолында тыным жоқ. Таяққа сүйенген тындаушысы – Токметбай қарт. Ал екеуіне жалтақ-жалтақ қарағыштаған елпілдек ветврач Әскербекті кез келген жан таныса керек. Өйткені бұл өңірде күнкағары жоқ дөңгелек ерекше телпекті бір-ақ адам киеді. Алты ай жазға басынан тастасайшы. Неге екені белгісіз, кейбір құрдастары оны «әртис-ветврач» атап кеткен.

– Жаңа көрдің бе оларды? Бер жағындағысы өзіміздің директор – Таукенов ағай. Қасындағысы он бір тәнкіні жайратқан Тоқаң ғой баяғы. Не айтып тұрғаны да белгілі. Жамал әжейдің үйіне «зырылдатып апарып кел» деп Әскербекті үгіттеуде.

– Осы жолы Нұрахым қателескен жоқ. Оныкі дұрыс. Пәлі, қарандар, директор ағайдың жүгіргенін. Өне... өне... Демек, бетбрашың келіскен. – Ермектің шикылын өзгелер еріксіз іліп өкеткен.

Көзі күлімдеген Дана үзілген ойын қайта сабақтады.

– Жамал әжейді Смоленскіге қайтсек те жібереміз. Директор ағайға айтып ауданнан пойызға бару-келу билетін алғызу керек. «Екі сиырдың бірін сатсам да, қаражат табамын» деген Жамал әжейдің өзі. Тек, біз о кісіге арнап мынадай куәлік жасасак. – Ол саусақтарын кесте тіккендей майыстырып, оң қолымен ауаны кармаған күйі бірденені түсіндіріп көрсете жөнелді. – Мәселен, әдемілеп безендірілген қатырма қағаздың ашылар бетіне Жамал әжейдің Ұлы Отан соғысында қаза тапқан баласы жерленген жерге бара жатқанын айтып, жол бойында солдаттың анасына көмек көрсетіп, қамқор болуды жазамыз. Әрине, бұл сөздерді кез келген үлкен-кіші тебіренбей, толқымай оқи алмайтындай ойлансақ. Әлі уақыт бар.

Ал, айрықша осы жол куәлігінің сыртына революция символы – нарт қызыл қалампыр гүлінің суретін салсақ, катып кетпей ме?!

– Қатқанда қандай! Керемет!

– Бұдан артық ғажап идея жоқ. Жарайсың, Данагүл!

– Ең бастысы, Жамал әжейдің қолына ұстап жүретін осы жол сілтеуші куәлік-открытканы өте тартымды етіп жасау керек.

– Табылған ақыл. Жол қағазына екі жақтың да адресін нақты көрсетіп, билетінің төленгеніне дейін жазған артық емес. Әйтеуір, ұзақ сапарда киналмағаны жөн.

Класқа Төлеген Таукенович кіріп келмегенде дабыр-дұбыр басылмай созыла берер еді. Қыза-қыза парталарынан тұрып кеткен балалар жалма-жан орындарына шегінген. Ештеңені елең қылмаған директор ендіге тіл қатты.

– Көне, Данагүл, тездет. Үшінші бөлімшеге барып келеміз. Жамал кемпірді қуантайық. Тоқанның кездесе қалғанын айтсайшы. Конторда күтіп отыр. Анау-у, әлгі Әскербектің машинасына бәрің бірдей сыймайсындар. Өзгелерің соңыра барасындар.

Директордың ізінен ілескен Дана:

– Ағай, ең болмағанда Сандуғаш бірге жүрсінші. Жалғыз өзім... не істеймін. Ыңғайсыз...

– Жарайды, ендеше. Ол да жүрсін. Әскербектің кабинасына неше адам отырушы еді осы? Жарайды, жүріндер. Жакын жерге доңғалағы жарылмас...

3

Үйдің іргесіне «гүр» етіп тоқтаған машинаның алдынан балаша шыға келген Жамал әжей шарбаққа сүйенген бойы тұрып қалды. Не ілгері, не кейін жылжымаған ол қолын маңдайына апарған. Күн салып қарағаны.

Әуелгі келісім бойынша машинадан бірінші Дана шықты.

– Жүзі сынықтау ма, қалай? – деді орнынан қозғалуға асықпаған Тоқан. – Апыр-ай, зар еніреп, байбалам салмаса екен. Қанша айтқанмен ішқұса байғұс, сөзімізге құлақ асса жарар.

– Әй, қарғам, Данагүлмісің! Мәшиинемен келген кім десең, өзіңсің бе, қарғам?

Жамал әжей Дананы мейірлене аймалап, бетінен сүйіп жатыр.

– Әже, мен жалғыз емеспін. Қонақтар бар.

– Қарғам-ау, оларың неге түспейді? Мен танитын адамдар ма? Жок, әлде бөтен кісілер ме?

– Ау, Жамал, біз едік қой. – Таяғын сүйрете жеткен Тоқаң артына қарайлай берген.

– Токметбаймысын? Сонша шәнигеніңе жол болсын! Мәшинеден қолтықтап түсіріп алады дедің бе? О неғылғаның-ей? Өй, қарғам, Сандуғашым. Сен неғып үрпиіп тұрсың? Келші, қарғам, басыңнан иіскейін. Мына Токметбайға ренжіп жатқаным да. Төрлетіндер, кәне.

Алғашқыдай емес, екі иығы дір-дір етіп күлген Тоқаң еркінсі сөзінің соңын әзілге шаптырған.

– Бәсе, сөйтсеңші. Далала зіркілдемей, ең құрығанда үйге қамап қойып ұрыссаңшы. Қонақтардан ұят болар.

– Таяқ тастам жерден мәшине мініп келгенін айтам да. Ал біздің үйдің есігін екі-үш жылда бір ашатын Төлеген мен Әскербектің жөні бөлек. Асықпай құйрықтарыңды бассандаршы. Омарбектің шанырағы. Әлиімнің ыстық ұясы орнында. Оты өшкен жок. Өздерің де көрген шығарсындар, міне...

Сөз қағыстыра жүріп Жамал әжей төр алдына құрак көрпеше төсеген. Әжелерін қас-қабағынан, емеурінінен ұғатын Дана мен Сандуғаш сыртта жез самауырдың шоғын қаузауда. Құс жастықты шынтақтай жантайған Тоқаң үн-түңсіз. Ойға шомулы. Директор мен ветврақтың назары қабырғадағы үлкен екі суретте. Сарғыш тартқан қос портрет-әкесі мен баласы. Шақырылмаған қонақтарға кірпік қақпай «қарайтын» секілді. Әуелде анысын андып, ауыз ашпаған Төлеген мен Әскербек өзара күбірге көшкен. Көңілдері хош. Ас қамымен кіріп-шыққан Жамал әжейдің әңгімесіне де, әрекетіне де сүйсінген кейіп білдіруде. Дастарқан басындағы сұхбатты гүжілдеген самаурын қайта қыздырды. Алдын ала сақтық жасаған Дана шай құйып отырған Жамал әжейдің құлағына сыбырлауы мұн, ол күле жауап қайтарған:

– Е-е, қарғам! Қыстыкүнгі қатты қорқытқанымды әлі ұмытпағансындар ма? Айттым емес пе? Уәде беріп едім ғой, қарғам. Әлиім тіріліп келсе де, жыламаймын. Ендігі жерде мына сендердің аналарың күңіренбесін. Сендерді жылатпайсың, күдай! Қазір де мәшинелетіп жай жүрмеген боларсың-

дар? Қайран жүрегім, бірдеңені сезеді-ай! Шай алып, тамақ жеп отырсаңдаршы. Токметбай-ау, шынынды бері жылжыт. Шайың суып кетті ме.

Бір қолымен кесесін Жамалға ұсынған Тоқаң ұрымтал тұсты қалт жібермей, әңгімесін әріден өрбітті:

– Бұл сұм соғыс не істемеді, шырақтарым! Жанға салған жарасы онайлықпен жазылмас. Жамал дұрыс айтады. Бұдан былай адам баласының көз жасы тектен-тек төгілмесе екен. Бейбітшілік заман болсын делік. Қан майданды көріп қайтқан Әлидің әкесі Омарбек марқұм: «Енді соғыс болса, жер бетінде тіршілік атаулыдан ештеңе қалмайтын көрінеді. Адам түгіл, қыбырлаған құмырсқаға дейін құрып кетеді. Бомбаның түр-түрін ойлап бас қатырғанша, жауыздар, өздері ұйықтап, өздері ғұмыр кешкен Жер-анасын аяламай ма?!» деп айтып отырушы еді.

Шайын ұрттаған Тоқаң әжім шимайлаған мандайын бет орамалымен асықпай сүртті. Көз киығын одан айырмаған Төлеген Таукенович өзінше батылдық жасап, бір бүйірден қосылған.

– Атом бомбасының зардабы ұрпақтан ұрпаққа ұласқан Хиросима мен Нагасакиді естен шығаруға қақымыз жоқ! Мәңгі сабақ!

– Төлеген шырақ, – деді Тоқаң көзін тіктеп. – Соғыстың аяқталғанына бә-л-е-е-н жыл болса да мына балапандарым Данагүл, Сандуғаштар шырылдап хабарсыз кеткен, майдан даласында опат болған белгісіздерді іздестіріп жүр емес пе?! Иә, қан кешкен, өмірлерін үзген оларды кейінгі ұрпағы ешқашан ұмытпайды! Міне, бүгін Жамалдың Әлиін тауып отырсыңдар. Әжелерін жана айтты, жыламайды. Әрине, Жамалға қырық жыл жоғалтқан Әлиіне «жылама» деу әбестік. Сөйтсе де сабыр ет. Жақсылықтың аты – жақсылық. Қуанышына ортақпыз...

– Токметбай-ау, менің шерменде жүрегім алдамаса керек... Жәудіреген көздеріннен, қарғаларым. Осылардың арқасы... жыламаймын! Токметбай, бәрін де түсіндірші өзін... Қарғам, Әлиім, қай жерде жатырсың? Неше жыл су ағып, неше жыл мұз қатты?! Бар екенсің ғой, қарғам. Қара қағазына зар болып едім, енді міне, топырағыңды да көретін болдымау! О, жалған-ай!.. Рас па, өтірік пе?! Мейірімі жоқ қу жүрегім, құр бекерге тулағанша, қан айырылып жарылмайсың ба?

Бәсе, Әлиімнен бір хабар болса керек. Сағындырған қарғам менің!..

Жаулығының ұшымен көзін әлсін-әлсін сүрткен Жамал әжей «жыламаймын» деп отырып, анырап егілген. Ағыл-тегіл босаған. Өзгелердің де сай-сүйегін елжіретіп, көз жасын көлдетіп барып зорға тоқтады-ау.

— Е, Жамал, сабыр еткенің жөн. Әлиің Смоленскіде, Мәскеудің маңында жатыр. Со жақтан, қызылізшілерден біздің мектепке арнайы хат келіпті. Әлгінде орталыққа пенсияма бара калып едім, сол жерден Төлегеннен естідім. Әскербекжан да «Жамал шешемізді қуантайық ендеше» деп елп ете түскені. Бар жағдай осы. Өшкенің жанып, жоғалғаның табылды! Арманың жоқ, ендігі жерде. Қой, біз тұрайық. Мәшинені бөгемейік. Сақманшылар күтіп қалар. Сенің көңілің үшін, әйтеуір... Басқаны қойып, Әлиіңе барып қайтуды ойлағайсың. Тойынды сосын жасайсың...

— Рахмет!

— Рахметің мен алғысыңды мына балаларға айт.

-- Иә, осы қарғаларым болмаса, менің Әлиімді кім іздеуші еді. — Жамал әжей Дана мен Сандуғашты қос қолтығына қысып, беттерінен кезек-кезек мейірлене сүйді.

— Жамал әже, айтыңызшы, енді Смоленскіге барасыз ғой, — деді екеуі жарыса.

Мұңлы жанарлары жасаураған, күңіренген кейуана басын изеді.

Олар одан бетер қуанды.

Жол сілтеуші — «Қызыл қалампыр»

1

Дананың көптен бері ойы мен идеясы жүзеге асқан. Жамал әжейге арналған куәлікті бүкіл оқушылар болып дайындады. Текстің өзі әлденеше мәрте жазылып, сонша рет жыртылды. Алақандай жол қағазындағы сөз әрі қысқа, әрі нұсқа болуы тиіс. Бұл — олардың баршасының ортақ пікірі. Ұзын сонар жазуды асығыста ешкімнің де аяғына дейін оқымайтыны анық. Ал смоленскілік қызылізшілерге хатты бөлек жазып, Жамал әжейдің негізгі сөзінің желісі ретінде орысшаға аударған жөн деген пікірді Төлеген Таукенович, Бай-

ділда ағай мен Салиха төтей де қолдаған. Айтар ойы, жеткізер тілегі белгілі. Сондықтан кездесулерде, оқушылардың басқосуларында арнау-хаттың мазмұнын кез келген адам оқып, өзгелерді таныстыра алады.

Ерекше қуәліктің атын да балалардың өздері тапты. «Жол сілтеуші – «Қызыл қалампыр». Қандай әдемі, қандай дәл! Қос тал қызыл қалампыр көзге оттай басылады-ау!.. Жетіншідегі отыз оқушының отызы да шетінен қолдарына ұстап көріп, қызыға тамашалаған. Сүйсінбегені жоқ. Бәрі де «Қызыл қалампырдағы» сөздерді күбірлеп, бірінен соң бірі қайталап әлденеше оқыған:

«Қымбатты жолдас!

Қадірлі дос!

Біздің Жамал әжемізге қамқор болып, көмек көрсетуіңізді өтінеміз. Ол кісі ұзақ сапарға бара жатыр. Смоленск қаласының түбіндегі Гнездово селосында жерленген ұлының қабірін көріп қайтпақ.

Ынтымақ ауылының оқушылары.

Қазақстан».

2

...Тақ-түк, тарс-түрс...

Тақ-түк... тарс-түрс...

Доңғалақтар тынымсыз зырылдайды. Домбыраның қос ішегіндей тартылған болат жол таусылсайшы. Жеткізер емес. Ілгері тартып келеді. Доңғалақтардың қалыпты зырылына да құлағы үйренген. Жата-жата жамбасы тесілгендей. Екі күндей ұшы-қиырсыз сайын далаға қадалумен жанары талған. Жарты күн бойына сағымданып бұлындаған Алатаудың сілемі көңілді де, жүректі де әлдеқандай сезімге бөлеп, қимай-қимай қол бұлғаған еді... «Ендігі кезек менікі» дегендей бедерсіз сахара төрінде дала бүркіті пайда болған. Шығандап көк күмбезіне көтерілген ол қанатын марғау қағып, пойыздан қалсайшы. Темір жолдың біресе оң, біресе сол жағына шығады. Түрлі-түрлі ойға жетелеген қыр суреті таң ата өзгеше түрге ойысып, көздің аясындай ойдым-ойдым көлдерге, шок-шок тоғайға айналған... Әбден жалыққан болуы керек, әлгі сынар бүркіт те көрінбейді. Есесіне ит тұмсығы батпайтын жыныс орманды мекендеген қанаттылар топ-тобымен ұшып жүр.

Жасыл желек те құлпырып сала берген. Сәмбі тал, сұңғақ қызыл қарағай, бойын сылаған ақ балтырлы қайын мен көк терек біріне-бірі ұласып дөңгеленіп қалып жатыр, дөңгеленіп қалып жатыр. «Тәрізі тұлдырсыз дала көп шығар...» Кешелі-бергі ойынан тез айныған Жамал әжей «мұндай да шет-шегі жоқ орман-тоғай болады екен-ау» деген өзіне-өзі. Күбірлеген күйі әйнекке қайта үңілді.

«Жарықтық, Күн де батыпты. Бағана біткен басындағы шамдар да жаныпты. Шүпірлеуін-ай! Сонымен, шойын жолдың үстінде үшінші тәулік түнейтін болдық. Е, Ал-ла, тыныштығын берсін. Осы, кешегі Оралдан түскен бала айтпады ма? «Бірер сағаттан кейін Сарыатыпқа жетесіз, одан әрі түк емес, Мәскеу тиіп тұр». Мейлі, қайда асығам? Жата берем де. Мынасы тіптен қоңыр салқын екен. Тілеуің бергір, әлгі белет тексерушінің маған шешесіндей өбектеуін қарасаңшы. «Осы көпем де рахат, төрт-ақ адамбыз. Оның үстіне төменгі орында қиналмай келеміме» көнді ме, қарғам. Ал кешегі түнгі белет тексерушілер мынаның сыртындағы қызыл гүлді жарыққа алып шығып, көңіл бөле қарағанын қайтерсің? Жолқағазымды таңырқай оқып, мені орналастырғанша қолынан тастамады ғой өздері. «Сізге бұл жер қапырықтау, мүлдем ыстық екен. Босқа шаршап қаласыз. Жүріңіз, екі орынды пәконға жайғастырам дегенінде, «басқа пойызда ма деппін-ау, мен байғұс. Өзі кләуниі болар. Е-е... Әлиімнің арқасында, Мәскеуді де көретін болдым. Бұған да тәубә...»

Жамал әжейдің ойын шәйнек ұстай кірген жолсерік қыз бөлді:

— Әже, шаршаған жоқсыз ба? — деді құрақ ұшып. — Мінеки, кешкі тамақ әкелдім. Шайыңызды да ыстықтай ішіп алыңыз.

— Ой, қарғам, рахмет! Екі-үш кесе шай болса, жетіп жатыр маған.

— Жоқ, оныңыз жарамайды. Жақсылап күш жинап алу керек. Мына көршіңіз қайда жүр.

— Ырыстранға деді ме, түсінбедім. Екеуіміз шатып-бұтып біраз шүлдірлестік. Басын шұлғи береді, әйтеуір. Өзі жаңа ғана шықты. Айтпақшы, енді қанша жер қалды?

— Келіп қалдық, әже. Жаңа айттым емес пе, асықпай тамағыңызды ішкен соң, төрт-бес сағат көз шырымын алыңыз. Өзім оятам. Түн ортасында түсеміз.

– Онда несіне ұйықтаймын. Онсыз да ауылдан шыққалы бірауық терезеге қарағаным болмаса, тек мысық құсап пырылдаумен келемін емес пе?!

Арындаған екпінін тежеген пойыздың доңғалақтары шикылдап, тарсылдай жөнелді. Екеуі бірдей сыртқа үңілген. Айнала-төңірек самаладай нұрға шомылған, айрықша жарқ-жүрк ойнаған түнгі оттар құшағын қуана ашқан. Жыпырлап, тынымсыз жымың-жымың етеді.

– Токтайын деді. – Жолсерік қыз орнынан түрегелген.

– Қарғам, бара бер. Маған аландама, өзі үлкен шаһар секілді. Анау-мынау ыстансаға ұқсамайды.

Біреулер түсіп, біреулер мініп жатты...

3

...Көзі ілініп-ақ кетіпті. Жолсерік қыз иығынан сипалап оятқан.

– Әже, Мәскеуге де келдік. – Ол сынғырлай күлген. – Жана ғана «ұйықтамай жатам» дегеніңіз қайда? Енді болмағанда пойыз кетіп қалатын еді.

– Ойпырым-ай! Шынымен, қарғам, кара басып пойызыңның тербеткеніне ұйықтап қалыппын. Ояу-ақ жатқам. Үш күн, үш түн жүріп зарығып келгенде, Мәскеуден өтіп кеткенімде ұят болатын еді. Қап, маскара бола жаздағаным.

– Асықпаңыз, әже. Ойнап айтам. Поезд ешқайда кетпейді. Ертең біз кері қайтамыз. Ал сіз қазір қонақ үйде жақсылап тынығып, демалыңыз. Таңертенгі электричкамен Смоленскіге зуылдап жетіп барасыз.

– Айтпақшы, қызым, келесі келгенінде енді ұмытпай алып қайт. Жарай ма, қарғам?!

– О жағынан қам жеменіз. Келгеніңіз жана ғана. Әлі аралаңыз, жатып демалыңыз. Несіне асығасыз? Әне, сізді күтіп тұр. Күндіз телеграмма беріп, алдын ала хабарлап қойған.

Сөйткенше қарсы алушылар Жамал әжейге ежелгі таныстарынша шетінен қол беріп сәлемдесіп, жөн сұрай бастады.

– Жүріңіз, әже.

– Қалай жеттіңіз. Жол соғып тастаған жоқ па?

– Ештеңе етпейді. Жақсылап демалсаңыз, тынығасыз...

Вагоннан түспей жатып-ақ қоршап алған балалар ойлауға да мұрша бермеген. Жапа-тармағай бірінен кейін бірі гүл

шоктарын ұсынып жатыр. Лезде құшағы гүлден көрінбеген Жамал әжей шаршағанын да ұмытып кеткендей. Жалғыз ауыз сөзді әлденеше рет қайталауда:

– Рахмет! Рахмет!

Кішкентайлардың демеуімен сыртқа шыққан ол омырау түймелерін ағытқан күйі салқын самалға кеудесін тосқан. Әншейінде талай жерді жаяу шарлап шыққанда сыр бермейтін аяқтары сіресіп, буын-буыны қалтылдап баскызбайтын тәрізді. «Неше күн пойызда жылжымай жатқандікі шығар...» Сүріне-қабына жағалай қаз-қатар тізілген орындықтарға қарай беттеді.

– Әже, ешқайда алаңдамаңыз. Дем алыңыз. Қазір автобусты тура осында алып келеміз. – Ақ шағаладай киінген балалар асты-үстіне түсіп елпілдеп жүр. Әлгі сөздерді жарыса айтқан екі-үшеуі жүгіре жөнелген.

– Е-е-е, қозғалмай отырамын... Жарайды, қарғаларым.

Қанша айтқанмен салқын ауа бойын сергіткендей. Айналасына байыппен жанар жүгіртті. Ерсілі-қарсылы асыққан жолаушылар... Үздік-создық гудок берген пойыз орнынан ауыр қозғалған... Қол бұлғасқан үлкен-кіші, бала-шаға бір-біріне жақсы сапар тілеуде... Сонғы вагонды көз қиығымен шығарып салған оның көмейіне жетіп келгені: «Сонда, менің дәл осы пойызбен келетінімді қайдан білген? Бұларға кім хабарлап жүр екен, ә? Түнде Мәскеуге келгенде де ділгірәм алдық демеді ме, осы...»

– Мінеки, әже, автобус та келді. Енді жарты сағатта жетіп барамыз. Сәл шыданыз. – Бағана өзін Оксанамын деп таныстырған сұңғақ бойлы қыз қолтығынан ұстап, автобусқа отырғызды. Ал бір татар қыз олардың сөздерін аударып бұған «шүлдірлеп» түсіндіруде. Жамал әжей татаршаны бір адамдай-ақ түсінетін.

– Жарты сағат деймісің, Аксана?! – Жамал әжей мейірлене тіл қатты. – Елпілдеген өзің тура Дана сияқты екенсің.

Жол апшысын қуырған автобус қаладан шығысымен мың бұралған өзенді өрледі. Оксана жалтақ-жалтақ терезеге қараған Жамал әжейге мән-жайды әңгімелеуде.

– Әже, таяуда Данадан тағы да хат алғанбыз. Сізді «барып қалар» деп жазыпты. Бірақ дәл бүгін жететінін білгіміз жоқ. Москвадан телеграмма таңертең келген.

– Бә-се!.. Ділгірәм алдық де... Түндегі бакзалдағы кезек-

шілер салған ғой. Мұнысы да жөн болған. Әйтпесе, киналып қалады екем, көлік тосып...

Жамал әжейдің сөзіне құлақ түрген балалар автобус жылдамдығын баяулатып, өзеннің жарлау қабағына ыңырана көтеріле бергенде алға жарыса, ұмтыла қарасқан.

– Сонымен, Жамал әже, селомызға да жеттік. Гнездово осы. Өне-е, сізді күтіп тұр балаларыңыз.

– Әп-сәтте әкелді-ау мынауын. Дана қарғамның «Смоленнің түбінде, қалаға тиіп тұр» дегені рас болды... Үй, мына топ шынымен мені қарсы алуға жиналған ба? Ақсана-ау, өздері әйдік ескерткіштің жанында тұр ма?

– Иә. Біздің мектептің оқушылары. Анау бері таман жылжыған балдақты – директорымыз Алексей Алексеевич.

Автобус токтар-тоқтамастан есікті ашқан балдақты кісі көңілді «гүж» ете түскен.

– Қалай, балалар? Әжелеріңді дәл уақытысында қарсы алдыңдар ма? Үлгердіңдер ме, әйтеуір? Кәне, алыстан, сонау-у Қазақстаннан келген қонаққа сәлем берелік. Хош келдіңіз! Сізді Смоленск топырағында көргенімізге қуаныштымыз!

Алексей Алексеевич жалғыз аяғына сүйенген бойы Жамал әжейге құшағын жайды. Көз жасына ие бола алмаған Жамал әжей қарт майдангердің иығына сүйеніп ұзақ тұрды. Дана мен Сандуғаштың шегелеп тапсырған ескертпесі артынша тез ес жидырған. «Жырақ жерде, бөтен адамдардың арасында көп егіліп, жылай бергеніңіз өзіңізге де, өзгелерге де қиын болады».

Қолдарын шекелеріне апарып салют беріп, сәлемдескен алқызыл галстуктілер Жамал әжейге құрмет көрсетуде. Бірінен кейін бірі гүл шоктарын сыйлауда.

Жамал әжей ұсынған бір буда гүлді колына ұстаған Алексей Алексеевич биік төбенің нақ төріндегі ескерткіш-обелискіге қарай бастады. Әңгіме тізгінін де өзі алған.

– Міне, тура осы жерде, өзіңіз көріп тұрған мына аймақта неміс фашистерімен кескілескен шайқастар өткен. – Ол сәл кідіріп, таяғымен іргедегі сылаңдаған өзенді көрсетті. – Мына Днепрің қан боп акты ғой, қан боп. Смоленск жерін жаудан азат ету жолында қаншама боздақ қанын төкті десенізші? Жауынгерлер қасықтай қаны қалғанша ерлікпен соғысып, жеңіс күнін жақындатты емес пе. Ерлік те, ерлер де

ұмытылмақ емес! Асқақтаған бұл ескерткіш сол Смоленскіні, біздің селомыз – Гнездовоны қорғаушылар құрметіне орнатылған.

Гранит баспалдақтармен көтерілген қыркыншы жылдың солдаттары мен алыстан келген жауынгердің анасы ескерткіштің түбіне қолдарындағы гүлдерін қойды. Алаулаған мәңгі оттың екі жағында кірпік қақпай екі жас солдат тұр. Аяқтарын жайлап басқан, демдерін іштен алған жас өрендер де гүл қоюда жарыса. Айнадай жалтыраған кара мәрмәрдің үстіндегі нарт қызыл қалампыр мен қызғалдақтар шоқтай жанады-ай!.. Биік төбеден қозыкөш жерге дейінгі айнала-төңірек тура алақандағыдай шалынады. Жамал әжей «асықпай көріп алайыншы» дегендей, жан-жағына тесіле көз тікті. Жандүниесі алайдүлей. Манайына күн салып қараған ол мылтықтың найзасын бейнелеген алып ескерткіштің жанындағы Отан-Ана тұлғасын енді ғана байқаған. Дауысының да қатты шығып кеткенін аңғарған жоқ.

– Өй-бай-ау, мына бір кемпір баласын сарғая тосқан маған ұқсайды екен! Ә!.. Күте-күте әбден арып-ашып шаршаған түрін-ай! Көрдің бе? Аландауын қарашы?..

Танырқаған Жамал әжейді Алексей Алексеевич іліп өкетті.

– Иә, бұл жер ең кастерлі орындарымыздың бірі. Өзіңіз де көріп тұрған шығарсыз. Бәрі де қызылшілеріміздің айрықша қамқорлығында. Мына Отан-Ана ескерткішінің етегіндегі гүл көмкерген жота Бауырластар зираты. Жүріңіз, солай қарай жақындайық. – Ол балдағын тықылдата алға озды. Оксана бастаған бір топ бала колтықтаған Жамал әжей бағанағыдай емес, ширақ қозғалған. – Міне, бұл жерде сүйікті Отаны үшін, сүйікті елі үшін жанын қиған ондаған жауынгерлер жатыр. Олардың аты-жөндері мәңгі өшпестей етіп мына гранит тасқа қашалып жазылған. Бәрін бірдей болмаса да, кейбірін оқып берейін. Былай леп жазылған: «1941–1945 жылғы Ұлы Отан соғысында Смоленск жеріндегі қанды майданда ерлікпен қаза тапқан ержүрек ұлдарымыздың, батыр жауынгерлеріміздің есімдері мәңгі ұмытылмайды! Олар – орыс Виктор Сидоров, украин Олег Романенко, татар Рафхат Рахматуллин, әзірбайжан Гасан Байрам-оғлы, грузин Давид Абашидзе, тәжік Турсун Азимов, қазақ Әли Омарбеков... тағытағы... осылайша тізбектеле береді. Әрине, алдағы кезде бұл

тізімнің жаңа есімдермен толыға түсетіні сөзсіз. Өйткені мектебіміздің қызылзшілері өздерінің іздеу жұмыстарын тынымсыз жалғастыруда...

Жүрелеп отыра калған Жамал әжей сөздің сонын күтпестен темір шарбақтың арасынан қос қолын бірдей созып жіберіп уыстап алған топырақты сүйіп, өзіне-өзі күбірлеген. Жүрегі кеудесіне сыймай лүп-лүп. Ағыл-тегіл моншақтаған көз жасы алақанындағы шөкімдей топырақты шылаған.

– Қарғам, Әлиім! Топырағыңды да көрдім-ау! Арманым жоқ, қарғам! Өкен де көз жұмған. Мына бір уыс топырақты соның басына алып барам. Аландамай жата бер, ел-жұртың риза! Бәрі шетінен сәлем айтты.

– Әже, мынаны өз қолыңызбен әдемілеп қойыңызшы, – деді Оксана үлкен гүлдестені көрсетіп.

– О, не, Ақсана! Енді жыламаймын, қарғам. Бү не? – Қолындағы бір уыс топырақты беторамалына аспай-саспай әдемілеп түйген Жамал әжей балалардан оқшауырақ тұрған майдангерге тақады.

– Әліксей, өзін де соғыста оолғансын. Кешір, менің жылай бергенімді. Сенен басқа бұл арада менің жанымды кім түсінеді?!

– Түсінем, түсінем. Енді әдейі әзірлеген балаларыңның гүлдестесін бауырластар қабірі басына қойыңыз. Алқызыл лентаға алтындатып былай деп жазылған: «Туған елі үшін күрескен жауынгерлерге! Әлидің шешесі – Жамал әжейден...»

– Құрметтеріне де, қошеметтеріне де рахмет! Мың алғыс! Бұдан былай соғыс болмасын! Көздері бал-бұл жанған мына балаларымның жүздерін ешқашан соғыс бұлты торламасын дегім келеді. Біз көрген, біз кешкен қиыншылықты болашақ ұрпақтың басына түсірмегей! Менің Әлиімді тауып берген барлықтарына тағы да рахмет! Бұл тілегім мен алғысымды шалғайдағы бүткіл Ынтымақ ауылының сәлемі деп ұққайсындар! Жүрегімнен шыққан бар сөзім, міне, осы. Айтпақшы, Әліксей, есімнен шығып кетіпті. Мінеки, ауылдағы балалардың сәлемі өздеріңе жолдаған. Ал, мына бір кәртішке Әлиімнің пәртіреті. Қарғаларым әбден сарғайып кеткен ескі кәртішкесінен қайта түсірген еді.

Жиналғандар шыдамады. Алексей Алексеевичтің қолындағы пакет пен Әлидің фотосына жан-жақтан жапа-тармағай үңілген.

– Қандай жақсы болды. Музейдегі Әли ағамыздың хатының жанына қоямыз, – деді Оксана қуанышын жасырмай.

– Дұрыс айтасың, Оксана. Музейдің төріне әдемілеп іліп қойындар. Өзін жыртылмайтындай етіп рамаға салғандарын жөн. – Алексей Алексеевич қазақстандық жауынгер Әли Омарбековтің портретін оқушыларға салтанатпен тапсырды. – Ал енді, қайтайық. Жамал әжелерін дем алып, тынықсын. Әлі бірнеше күн болады. Бұл жерге де талай рет келер.

Жадау көңілі бұлт арасынан шыға келген күндей жадыраған Жамал әжей ұлы жатқан биік ескерткіш-төбеден төңірегіне елжірей қарады...

4

Гнездово селосында бірнеше күн болған Жамал әжей мауқын басқан соң ауылға оралған. Бұл жолы смоленскілік жас ұландар «Қызыл қалампыр» жол сілтеуші куәлікті музей экспонаты ретінде алып қалып, Жамал әжейге екінші түрін әдейі жасаған қағазда мынадай сөздер жазылған еді:

«Қымбатты жолдас!

Қадірлі дос!

Біздің Жамал әжемізге қамқор болып, көмек көрсетуіңізді өтінеміз. Ол кісі ұзақ сапардан туған ауылына қайтып бара жатыр. Жамал әжей Смоленск қаласының түбіндегі Гнездово селосында жерленген ұлының қабірін көріп қайтты.

Гнездово селосының қызылізшілері».

* * *

Алыс жолдан төбесі көкке екі-ақ елі жетпей оралған Жамал әжей қырық жыл жиған-тергенін шашып, ұлан-асыр той жасады... Бірақ бұл қуанышты күндер ұзаққа бармады.

Сұм соғыстың сызынан жабысқан ескілік сырқат – жазылмайтын жара кейуананы аяқ астынан алып ұрған еді. Бұл жолы әншейіндегідей емес, төтеннен келген ауру мұрттай ұшырған. Төсек тартып қалған ол жана жыл қарсаңында көз жұмған еді...

Жамал әжелерінің өлімі, әсіресе Дана мен Сандуғашқа, олардың серіктеріне қатты батты. Алау жүректерді аяздай қарыған зұлматтың ызғары да бөлекше-тін...

Әңгімелер

Ұстараның жүзіндегі
аударылған дүние-ай!...



АУЫЛДАҒЫ ДОС

Жыныс тоғайды қак жара ағып жатқан Қаратал өзенінің табиғаты әсем-ақ. Өзеннің қос жағалауын қуалай өскен мәуелі жиде, ақ терек, ешкітал, көктал, қызыл изен, ұшар басына көз жеткісіз заңғар қарағаштар оқалы тонды көмкерген құндыздай өзара астасып, айрықша құлпырады. Көздің жауын алады-ай. Ит тұмсығы батпайтын ағаштын ара-арасынан су үнгіген тіп-тік жарқабақтар белдеуленіп шалынады. Көбік-теніп ағып жатқан арынды өзеннің күн шуағына шағылысқан бетінде қисапсыз иірімдер ойнайды. Жалт-жұлт жарқыраған толқыннан жанар аударғың келмейді.

Қарсы жағалауына айғайлаған дауысын талып жететін өзеннің кең арналы тұсына «Қара түлкі» ауылы орналасқан. Бой таластыра сап түзеген ақ шағаладай үйлер, оқтай тартылған көшелерге ерекше көрік берген теректер мен қайындар сонадайдан «мен мұндалайды». Осынау өңірдің «Қара түлкі» аталуы тегіннен-тегін емес. Бұл жерде бір кезде терісі аса бағалы қара түлкі өсірілген екен.

Жазғы қаникул күндерін осы ауылдағы Әзімбек атамның үйінде өткіздім. Атам алғашқы сәттен-ақ әр нәрсені тәптіштеп сұрап, ығы-жығы шуы мол қаланың тіршілік-тынысын білгісі келеді. Маған қойған ең алғашқы сауалы да есімде:

– Алматыда не жаңалық? Оқуынды қалай аяқтадың?

– Жалғыз ғана төртім бар, – деймін мақтанышымды көтеріңкі дауыс ырғағымен сездіріп.

Сондағы атамның қуанышын көрсен, шіркін! Әжімді жүзі ерекше нұрланып шыға келген. Езуінде де, көзінде де – күлкі. Көңілденген атам сауалын жалғастырудан жалықпайды-ау?! Тіпті кей сұрақтарына еріксіз жымиясың.

– Мәледес, Жомартжан. Ал мектептен соң әке-шешен жұмыстан келгенше әлгі не деуші еді... «бәлкөнде» отырасың ба?

Ішегім түйілгенше күлемін.

– Жок. Далада...

Сөйткенше атам сөзімді аяқтатпастан бөліп жібереді. Әлгіндегідей емес, енді осы сәт оның отты жанарынан үрей ұшқындарын көресің.

– Жападан-жалғыз қалай жүресің, қорықпайсың ба? Ауладан ұзап кетіп, адасып кетіп жүрмегейсің, әйтеуір?!

– Ой, ата, өзіңіз қызыксыз. Зоопаркке де, киноға да өзім барамын. Бұдан бұрын келгеніңізде мектепке жанадан барып жүргем. Қазір үшіншіге көштім емес пе. Біраз өсіп қалдым. Мінеки, бойыма қараңызшы...

– Е-е, қайдан білейін, сол қалаңа окта-текте бір барғанда көше айналып кетсем болды, қайтар ізімді таба алмай есім шығады. Үлкен жігіт деген осы, күнім. Мынау кең даллада емін-еркін бойынды жазып, бірер күн тынық. Сосын маған көмекші боласың. Шөп орамыз. Оны жинап алуға да кісі керек. Ал мына жұлдызшанды жоғалтып алма. Қалаға қайтқанынша тығып қойғаның да жөн. Бір жерге түсіріп аларсың. Ауыл балаларымен танысып, достасып кеткеннен кейін таусылмайтын жаз қызығын бірге тамашалайсың, әлі...

Атам айтқан өзіміз секілді қараборбайлармен лезде қоян-қолтық араласып кеттім. Өзен жағасында қарсы алған төртбес бала бірден шүйіркелесіп, жөн сұрай бастаған.

Кезек күтпей жарыса сөйлеген олардың айтатыны:

– Бізбен дос боласың ба?

– Алдымен танысып алайық, – деймін сыр тартып.

– Менің есімім – Азамат, – деді кекілі көзіне түскен домалақ қара бала. – Мынаның аты – Қасым.

Күнге әбден күйіп, тотығып кеткен қарасирақтар шетінен қол беріп танысып жатыр. Бейтаныс біреуі тіпті қолындағы қармағын маған ұстатқан.

– Достығымыздың белгісі болсын, – дейді ол.

– Рахмет, өзің ала ғой.

– Тағы да темірден жасап аламын.

– Иә, бәрімізге де қармақты жасап берген осы Игілік.

– Ол қазір-ақ қатырып, әдемілеп жасап алады.

Жаңа таныстарым қоярда-қоймай қармақты алғызды. Азамат пен Қасым қосарланған күйі өзенді жағалаған бұлың-бұлың сынар соқпаққа түсті.

– Жүр, енді қармақ салатын жерді көрсетейік. Әлгінде үлкен-үлкен екі шортан ұстадық. Иірімі де шамалы.

Тарам-тарам тамырын су орып құлатқан үлкен қара ағаштың үстінде аяғымызды суға салбыратып жіберіп отырғанымызға да көп болған жоқ. Демнің ішінде үш-төрт шабак пен тыранның желбезегінен тізіп суға салып қойдық. Бір көзім тізбектегі тынымсыз шоршыған балықтарда болса, бір көзім дір-дір еткен қалытқыда. Азаматты шешесі шақырмағанда

қашанға дейін отыра беретініміз белгісіз еді. Қармақ қызығын қимаған ол артына жалтақ-жалтақ қарай ұзай берді, ұзай берді...

Осылайша думанды күндер зуылдап өтіп жатты. Мен де ауыл балаларына әбден бауыр басып кеткендеймін. Оларсыз мүлде жүре алмайтын секілдімін. Кейде ұзақ түнге кірпік ілмеймін де. Ойлайтыным — жаңа достарым...

Өзеннің ағыны баяу, жайылма жерінде отырған Азамат қасына жақындамастан тізбесін көрсетіп тұр. Өзі мәз-мейрам.

— Сен келгенше ұстағанымды көр, міне.

Ірілі-ұсақты балықтардың арасында екі-үш кішігірім сазан да бар екен. Бауырлары жалт-жұлт етеді.

— Мынауың кешегіден де көп қой, — деймін таңырқап.

Ол менің сөзіме құлақ ілген жоқ.

— Өзің кешігіп келдің ғой. Тіпті мұздай боп киініп алыпсың, ауылына қайтпақсың ба? — деп Азамат қармағын аша бұтаққа қыстыра салып, тұла бойыма көз жүгіртті.

— Иә, қазір қайтамын. Әдейі өзіңмен қоштасайын деп келдім.

— Каникулдың бітіп қалғаны ма? Қалай тез, а?!

Бұл жолғы Азаматтың біртүрлі жарықшақтанып шыққан үнінде де қимастық сезіледі.

— Азамат, хат жазып тұратын бол, — дедім оның күн иісі аңқыған кекілінен сипап.

— Жазу білмеймін. Биыл мен де мектепке барамын. Әріптерді үйренгеннен кейін хат жазамын....

Ол кекілін саусақтарымен тараған күйі сәл-пәл үнсіз қалған. Ұзын кірпіктері де жиі жыпылықтап кетті.

— Міндетті түрде хабарласып, ауыл жаңалықтарын жазуды ұмытпа. Келер жазда бізге, қалаға кел. Зоопарктің қандай екенін өз көзінмен көресің. Ал мынаны ескерткіш ретінде тағып жүр.

Мен омырауымдағы жұлдызшаны ағытып Азаматтың көйлегіне қададым.

— Рахмет, Жомарт, — деп Азамат біресе маған, біресе кеудесіндегі жұлдызшаға қарайды.

Күн нұрына шағылысқан қызыл жұлдызша бұрынғыдан бетер жарқырап жанып тұр.

Азамат пен Қасым өзеннен қайықпен арғы жағаға өткізіп салды. Автобустың терезесінен басымды шығарып артыма қарай берем. Жол бойында жарысқан үлкенді-кішілі ағаштар дөнгеленген күйі қалып жатыр, қалып жатыр. Қолдарында

кармағы бар менің екі досым да өзен жағасында әлі тапжылмай тұр. Қолдарын бұлғайды. Кірпігімнен үзіліп түскен жалғыз тамшыны байкамай да қалдым. Терезеге үнілемін. Ағаштар да қол бұлғап асығыс қалып жатқандай.

...Жана оқу жылының алғашқы күндері. Әр күн әсерлі, әр күн қызыққа толы. Менің ойымнан Әзімбек атамның ауылындағы достарым кетпейді. Кластағы балаларға да солар жайында әңгімелеймін. Азамат та мектеп табалдырығын аттады ғой! Қандай қуаныш!

Бір күні сабақтан келген бойда көкем қолыма көгілдір конвертті ұстата берді.

— Саған хат келді.

Ашып оқығанша асықтым. «Кімнен болды екен?» Өзімнен-өзім күбірлей беремін іштей. «Жомарт, мен бірінші сыныпқа бардым. Қазір әріптерді жазуды үйрендім. Енді саған да хатты жиі жазып тұрамын. Ауылдағы досың, Азамат...» деп, ірі-ірі әріптермен дәптер бетін толтырыпты. Жүрегім атша тулап, дүрс-дүрс соғады. Қуанғаным сонша, хатты қолыма алып айғайлап та жібердім. Сөз жоқ, бұл — алғашқы хаттың қуанышы.

«Менің досым Азамат әріп жаза біледі, кешікпей кітап оқитын болады. Сөйтіп маған ауыл жаңалықтарын үзбей жазып тұрады».

Үлкен әсер үстінде мен де қолыма қалам алып, ауылдағы досыма хат жазуға отырдым...

БІР КҮН, БІР ТҮН

— Жек-сен!.. Жек-сен-ау-а-а?!.

Елең ете қалдым. Таныс дауыс, жеті қат жер астынан шыққандай бұл жолы әкемнің өр даусы біртүрлі шынғырып айғайлай, үзік-үзік естілді. Сонысына қарағанда сыртқы табалдырықтан аттамастан үйреншікті дағдысына басқан болуы керек.

Алақандай ауылда әкемнің дауысын білмейтін жан некен-саяқ. Үлкені де, кішісі де естіген мезетте жазбай таниды.

«Е,е... Орынбай ғой».

«Жылан шағып алғандай шар етуін-ай!..»

«Құрық сүйреткеннің бәрі бірдей айғайлап жүре ме екен?!»

Міне, осы тақылеттес сөздерді айтушылардың жағасына жармаса түскім келіп тұратынмын әуелде. Шамам келсін-

келмесін әлгіндей сөздерді айтып, әкемді мұқатпақ талайларға кенедей жабысып та жүрдім-ау. Намыс отын қойсаңшы, шіркін!.. Жұрттың аузын қашанғы бағарсын. Келе-келе құлақ та үйренді бәріне.

— Жайдан-жай отырып, жылқы қайырғанынды қашан қояр екенсің. Аядай аулада айғайлап-ақ жүргенің осы. Ұяттағы мына...

Шешемнің сөзін әкем жүре тындайды. Бар айтары да, жауабы да жаттанды:

— Басыңның жарығы ашылып кетпес.

Артынша күйбең тіршілігінің сонын қуалап кете барады. Ал, ештеңені елемеген шешем болса, біразға шейін өзімен-өзі күбірлеп сөйлеп жүргені. «Иә, иә... қаныңа сіңген қасиет емес пе? Қашанғы тақымдай бермексің».

Тура осынау көрініс біздің үйде ертеңгі алақобеден қас қарайғанша әлденеше рет қайталанады. Тек әкем Найзақүренге жайғасып, құрығын қарына ілген бойда әлгі сурет те ғайып болар еді. Әншейіндегі дабыр-дұбыр да сап тыйылып, аулада тылсым тыныштық қонақтайды. Күнұзаққа анам өз кәсібімен әуре. Үзенгіге аяқ артқаннан әкемнің шегелеп тапсырған шаруаларын жарым-жартылай ыңғайласымен кішкентай інім — Тәнеш екеуіміз ауыл сыртындағы қоғалға тартамыз. Футбол ойнап жүрген балаларға қосылып кеткенше тағатсызданамыз-ау...

Әдеттегі думанды күндердің бірі. Ми қайнатар ыстықтың беті қайта бастаған. Доп додасына түсіп кеткеніміз сонша, кешкі малдың келгенін де байқамаппыз. Өрістен оралған мал тұяғынан көтерілген аппақ шаң тұманы ауыл аспанын тұмшалай, торлап алыпты. Көз аштырмайды.

— Жексенбек, әкең шақырады.

Қақпада тұрған «қара шойын» Қалидың сөзін құлаққа ілместен тенбіл допты билеткен бойда қақпаның төменгі бұрышына сүңгіттім де жібердім. Қайшылап соққан доп торда тулап жатыр. Екі езуім — екі құлағымда. Әрине, қуаныштың белгісі. «Аяғың қисық, одан да қорғанысқа бар» деп зығырданымды қайнатқан командадағы өзге балалар да бір-бір сілкініп қалды:

— Жарайсың!

— Тамаша гол!

— Шойының дәрменсіз тыпырлап-ақ қалды ғой.

— Есепті теңестірдің, жігіт екенсің!

Мақтаныш сезімі билеп кетті ме, әлде ет қызуы ма ілешала теңбіл допты қайтадан безектете жөнелдім. Ойым — тағы гол соғу. Қарсы алдымда тұрған әкемді сонда ғана барып байқадым. Тура сол сәт жұдырықтай жүрегім кеудеме сыймай әлгіндегі өзім салған доптай тулағаны. Лүп-лүп сокканы естіліп тұр. Көз алдыма шешеме бой бермей бытырап қашқан он шақты ұсақ көлбеңделі. Одан бұрын қинағаны ертенгісін ауыл сыртына арқандап қойған қызыл бұзаудың халі. Осынау аптапта күнге қақталған жануардың окта-текте таяқ жегізетіні бар. Бірақ бұл жолы күткенімдей болмады. Әкемнің шүнірек көзі әдеттегідей емес, жымың-жымың етеді. Арыстан-ашуының табы да сезілсейші әжімді жүзінен. Мойнымды салбыратқан күйі сонынан ілестім.

— Жас емессің, балам. Жетінші кластың оқушысы зінгіттей жігіт емес пе?! Каникулың болса аяқталуға жақын. Жаз бойына не тындырдың сонда? Ертеден қара кешке борша-борша болып, доп қуалап жүргенін. Мына қарт әкеңе көмектесейін демейсің?.. Ертеңнен бастап шөп орамыз. Сені де алып барамын. Тектен-тек күн өткізгенше қолғабысыңды көрелік те. Ілініп-салынып жүрген шешеннің түрі анау...

Қос қолын беліне қайырып ұстап алған әкемнің аузы жабылар емес. Өкшелеп келе жатқан Тәнеш екеуімізде әзірге үн жоқ. Тәнештің не ойлағанын қайдам, әкемнің әлгі сөздері жаныма таяқтан да қатты батты. Ойсыз, қам-қарекетсіз, құр далақтап тәулікті-тәулікке жалғап жүргенім енді ғана есіме түскендей. Өзім қатарлы балалардың кеуделерін өрге сүйрейтінін де сеземін. Аурушаң анамның жағдайын бір ауыз сөзбен «ілініп-салынып» дегенде көзіме мөлтілдеп ыстық жас іркілді. Кірпігімнен үзіліп түскен жалғыз моншак бетімді осып-осып жібергелі қашан?!

— Айтқаныңды тыңдап, серік етуге жарады емес пе? Желіктірмей, жетектемейсің бе?..

Естисіңдер ме, жоқ па дегендей әкем әр сөзін айтқан саяын артына жалтақ-жалтақ қарағыштай береді. Табанда нілдей бұзылып шыға келетін әкемнің мінезіне әбден қанықпын. Жаны да, көңілі де мөп-мөлдір. Бұл жолы да әкемнің ашуы өткінші жаңбырдай лезде сап басылды. Мойнымыздың тым салбырап кеткені ендігі ет жүрегін елжіретіп-ақ жіберген шығар. Сөзінің сонын жұмсақтата күбірге айналдырған. Ештеңе естігем жоқ. Өзімше топшылағаным: «саналарыңда сызат сәуле болса, осы қақсағаным да жетер».

Төнеш те аяғыма оралып жүр. Билік біткеннің бұйдасын менің қолыма ұстата салғандай, жалынарын қайтерсін.

— Ағатай, мен де барайыншы. Кұрақ оруды оп-онай үйреніп аламын.

Осы бір сөздерді ол әлденеше қайталап үлгерді. Бөрінен бұрын қинағаны — «ағатайы». Әншейінде қарға адым жер аттатпай «басыннан күн өтіп кетер», «бірденеге ұрынып қаларсын» деумен отыратын шешемнің сыры белгілі.

Болмашыға қылт етіп, бұртиып шыға келетін Төнеш өкпесін сездіргісі келер емес. Тырсыып-ақ келеді. Орынсыз кінәлаудың реті жоқтығын да түсінсе керек. Әйтеуір, үн-түнсіз.

— Жарайды, Төнеш... Апам жіберсе, бірге барасын.

Келісім беруім мұң екен, ол тұра қалды да алақанын шапалақтап секіріп-секіріп түсті. Кекілі желп-желп еткен кішкентай інімнің мына қылығы тастан-таска секірген сүйкімді де тентек лақты елестетті. Төнештің осы сәттегі қуанышы-ай!.. Шексіз болатын. Еңбек етсем деген жұдырықтай жүректің лүпілін естісең, шіркін.

Айрықша қуаныш еді бұл...

* * *

Рауандап таң атып келеді. Бұтадан-бұтаға бұлт-бұлт секірген бозторғайлар көңілдене әндетеді. Ет тоназытар саумал ауа танау қытықтайды. Ұлан жазда ең алғаш рет Күннен бұрын оянуым шығар. Кешегі уәде болмаса, бүгін де шанқай түсте көзімді уқалап отыратыным неғайбыл емес-ті.

— Жексенжан-ау, тұра ғой. Күн қызбай жетіп алайық.

Әкемнің сөзін ұйқылы-ояу естіп жатырмын. Сәл-пәл жылы төсекте тежей тұрған анамның «таң атпай қыңқылдамайы» еді.

Иек астындағы аласа төбенің арғы бетінен енді-енді ғана бой көрсете бастаған жалқын сәуле-шашақтар қызыл Күннің кірпіктері іспетті. Ұзақ танға «сағыз» шайнап шыққан ала сиыр белін жазып, тұяқтарын сықырлатқан бойы көштің соңына ілесті. Жақияның қамысына құлаған Зенгібабаның алды осыдан көз байлана бір-ақ шан көрсетеді. Шешем үйреншікті кәсібінің тиегін ағытқандай. Әлемдегі шаршау дегенді білмейтін жалғыз жан болса, ол сөз жоқ, менің мамам. Қаншалықты ыңкылдап жүрсе де, күнұзаққа сыр білдірместен күйбең тіршілігінің соңында жүргені, әйтеуір. Қай кезде жатып, қашан тұрғанын да білмейміз. Болмашыға қабак шытып, бала-

ларын бір бұрышка үйіретін шешелердің мінезін апамның тула бойынан іздесең таппайсың. Танданарлық емес пе! Сондықтан да оны әсте шаршау мен ренжуді білмейтін «робот адам» дерсің.

Қазір де шешем әкемнің шайын құйып бере жүріп, үрілген қарынға шұбат толтырды. Шүберек дорбаға ежігей күрт пен сары ірімшік салып, бетіне бір-екі бөлек тандырды қоса тықпалады.

– Қалғанының өзі осы екен, бастарын ауырып жүрер, – деп жалғыз тал әшмөңкені дорбаның аузын ерінбестен қайта босатып жайғастырды. – Екі-үш мәрте шай қайнатып ішулеріне жетеді. Ал мынау көрпе мен масахана.

«Бір күн болса да шөпті басында жатып орамыз». Бұл – әкемнің бұйрығы болатын. Әр саусағын кезек бүгіп, бар тапсырманы шегелеп айтып жатқанын еміс-еміс білемін. «Масахананы ұмытпа, жыртығы болса байқарсын» дегені ап-анық есімде. Онан кейінгісін тек ұйқыдан сұраған жөн. Әкемнің тапсырмасын апам қалт жібермепті.

Мама ағашта қос ат байлаулы тұр. Төбелкүренді көргеннен таныдым. Найзакүрең деп те атайды. Құнан шығар жылы үйреткеніміз бар. Ноктаға онайшылықпен бас сұқпаған күр асаудың басына ие бола алмай, құла дүзге алып қашқаны күні кешегідей жадымда. Сондағы тулағаны-ай!.. Ұзын жалынан қос қолыммен орай ұстағанмен болмады. Жарқабаққа апарып бауырымен ұрып, тастап кеткенін ұмытпаспын, сірә. Тақау баруға жүрексініп, сонадайдан айналшықтап қасындағы Таскөктің шылбырын босаттым. Қуандық екеуіміз Таскөкке мінгестік. Қуандық көрші әрі жамағайын Қасымжанның жалғыз ұлы. Төнеш өзінен үлкен сары ауыз мылтықты асып алған, әкемнің алдында отыр.

Ұядай ауылды екіге қаж бөліп жататын қара жолдың шаңын бұрқылдатып өте шықтық. Әншейінде дабыр-дұбыры басылмайтын жалғыз көше тып-тыныш. Әр қораның маңынан ертенгі мал қамымен жүрген бірлі-жарым ақ жаулықтар ғана шалынады. Қайсыбірлері ат дүбіріне елен еткенімен көбі мойын бұрып, бас көтерген жоқ. Менің алақ-жұлақ іздегенім – қараборбайлар. Ойын десе ішкен асын тастайтын достарымның біреуі де көрмей қалғаны ма? Жо-о-к... Тап қазір анау ұзынтұра Қамбарды атасы, ал ұйқысоғар Уәлиді шешесі сирактан сүйреп-ақ жатқан шығар. Өйткені Зылиха кемпір мен Сәду шалдың жаңағы жарыса айтқандары құлағымның түбінде жанғырып, кетер емес.

«Азамат болды деген осы, шөп оруға барамыз де...»

Артыма әлсін-әлсін карағыштағанымды байқап келе жатқан Қуандық:

— Ауылдан шықпай жатып шешенді сағындың ба? Дала көрмеген баланың әдеті осы...

Жөпелдемеде аузыма сөз түспей, қолымды желкеме апар бердім. Ұялған тек тұрмас:

— Жо-ок... Жоға, — деймін мінгірлеп.

Ақшағаладай ауылым қол бұлғап тұрғандай. Біртіндеп алыстай берді, алыстай берді...

Айнала-төңірек түкті кілем, көздің жауын алады. Жыландай ирелендеген көне сокпақ алға жетелейді. Ат тұяғынан болар-болмас шаң көтеріледі. Жер астынан шыға келгендей шашақты шидің түбінде шокиып Алыпсоқ отыр. Жақындаған мезетте-ақ бұта-бұтаның түбін тіміскілей бүлкілдеп алдыға түскен. Сар желіс біздің де тұла бойымызды дірілдетіп келеді.

— Құрақты Карабие көлінен орамыз. Мына жер — Кілтбайдың арғы бауыры...

Әкемнің әлгінде иек мегзеген Кілтбай құмы жеткізер емес. Ат бойын жасырар қалың қамыс пен өлеңшөп қасқа жолдың қос жағалауына алма-кезек ауысады. Әріректе шөбі жаңадан шабылған жасыл алқап. Жал-жал дестелер қаздай тізілген шөмелелерге ұласып жатыр.

— Мынау шабылған шөп колхоздікі болар.

Қуандық аттың бүйірін өкшесімен түйіп-түйіп жіберді де, озыңқырап кеткен Найзақүреңге қапталдаса берді.

— Иә. Бұл өңір колхоздың жері, шөмелеге сала бастапты өзін, — деді әкем алдындағы шабындыққа көз жіберіп. Қамшы ұстаған қолымен әлденені шұқып көрсеткендей. — Ана бір шок жыңғылды көремісіндер, көл соның етегінде.

Әлдеқайдан барылдаған шүрегей үйректің даусы естілді. Оң жақта қалып бара жатқан үй орнындай шалшықта ұзын сирақтарына сүйеніп екі-үш құс отыр. Жайбарақат. Оқшаулау бірі орнынан жеп-женіл көтеріліп, екеудің қасына тақап барып қайта шаншылды.

— Әке, қандай құс, — деді Тәнеш шыдамсыздана. — Атып алайықшы, ә!

— Көкқұтандар ғой... анау аппағы — аққұтан. Биыл құс қалың-ақ. Сулы жер — нулы жер. Жер-көктің шалғынға шай-

калып, көкорайға оранып тұрғаны судын молдығынан, шырақтарым. Ал, судын сәні – көгілдір күс емес пе?! Қарабиенің қаз-үйректерін көресіндер әлі, жыртылып айрылады. Күн қызбай шабындық басына жетейік. Күс атуға да уақыт табылар.

– Әке, неліктен Қарабие көлі аталған?

Тәнештің кездейсоқ бұл сауалы біздің де көкейімізге жетіп келгендей, ынтық жүзімізді әкеме аудардык.

– Бая-ғы-да-а Қаратал қатты тасыпты, – деді әкем бізге кезек-кезек қарап. – Қызыл су жүріп, сосын сең жылжыпты. Сосын Қаратал арнасынан асыпты. Өзен сабасына түскеннен кейін де, қайсыбір көлдерге жету оңай болмайтын. Сол жылы бір қара бие ұйыққа түсіп, шыға алмай өлген екен. Содан бері жұрт бұл көлді Қарабие атап кеткен. Мұндай атаулар осы аймақта көп-ақ, шырақтарым.

Әкем әңгімесін аяқтап, атын тебінді.

...Міне, жеткізбей қойған Қарабиенің жағасында тұрмыз. «Мен мұндалаған» шоқ жыңғылға ат басын тіредік. Тізеден иілген балауса құрақ бірте-бірте биіктеп барып, кісі бойын жасырар қалың қамысқа ұласады. Баяу самалмен әсем ырғалған қамыстың сыбдыры ап-анық естіліп тұр. Біздің келгенімізді біріне-бірі сыбырлап айтып, өзара күбірлесетін тәрізді. Ат үстінен көл алақандағыдай көрінеді. Кішігірім болғанымен көлдің арғы бетіне даусын жетпейтіні аян. Суыма құмның бауырына тығылған қарсы жағалау бұлың тартады. Тым әріректе үйрек пе, әлде қасқалдақ па, су сызып ойқастаған екі-үш қанатты бұлдырап шалынады. Құрық бойы көтерілген күн нұры көл бетіне себезгілейді. Су бетінде пайда болған болар-болмас діріл шұғылалы сәулеге шағылысып, айрықша жалт-жұлт ойнайды. Тамақ салған дорба мен ала қоржын қызыл жыңғылдың көлеңкесінде теңкиіп жатыр. Тәнеш мылтықты қоржынға сүйей салды да, шағыл құмға аунай кетті. Іле-шала ол:

– Ой-хой, мына жердің масасының қалынын-ай! – деді.

Тәнештің безілдеуін Қуандық қоштай кетті:

– Құрақ орғызбайды десенші, қамыстың арасы гуілдеп-ақ тұрған шығар.

– Ықтасынды қорғанған маса мен шыбын-шіркей емес пе. Шамалы самал лекісе ешбірі қалмайды. Уақыт созбай, кәні, салқынды пайдаланындар. Соңыра күн тастөбеден

шакырайғанда тынығасындар асықпай. Ыстық қайтқанша көленкеде жатындар, бастарыннан күн өтіп жүрмесін, — деді де әкем жалаңдап тұрған орақты қолына алды.

Әкем орақтың ұстауын, құрақты қалай ору сырларын тәптіштеп үйреткен болды. Еңкейіңкіреп қалың балаусаның арасына сүңги оңды-солды сыр-сыр еткізген қимылы көз ілестірмейді. Қызықтырған... Шапшандық па, шеберлік пе?! Алғашқыдай емес, әкем енді жүрелеп отырған бойы ора бастады. Бір шақта буын-буынын бытырлата тұрды да, шылбырын бос тастай салған атына жақындады.

— Белі құрғыр кілтілдетіп көтертпейді-ау. Әйтпесе...

Қуандықтың үлкендерше сөз саптауына өз басым тәнтімін, ал әкемнің риза кейпін жауабы айтып тұр.

— Иә, иә... шырағым «кәрілік — тұсау, кедейлік — бұғау» деген екен. Сонғы кездері мына белім еңкейсем болды, көтертпейтінді шығарды. Жанағы қимыл жәй әншейін да. Орақ сілтеудің жосығын көрсеткенім емес пе, әйтпесе сыр білдіріп алған жоқпын ба? Кәріліктің ауылы таяу, шырақтарым.

Әкемнің сөзін бөліп жібердім:

-- Өзіміз-ақ орамыз ғой.

Әрқайсымыздың қимылымызға жіті көз тастаған әкем жұмыстың ретін тізбелеуде.

— Желдің бағытына қарай ық жағын ала орсандар көп ыңғайлы. Орақтың жалаңдауын байқастандар. Қолдарыңды жаракаттап жүрмесендер жарар еді. Бір-біріннен алшак тұрып, құрақты түбіне тақау орындар. Ертең баулағанға да жеңіл. Тәнеш, сен орақты қоя тұршы, осы. Қуандық пен Жексенбектің өздері орап. Сенің көмегің, шаршағанда екеуіне ыстық су қайнатып берсең жетеді. Ал, мен кетейін жылқы жақты бір байқақтап, кешкілік оралармын. Егер қорықпасаңдар...

Әкем екі ұшты ойын Тәнештің қас-қабағына қарап түйіндеді. Қуандық та, мен де аңғармаппыз. Тәнеш анадайда жер шұқып отыр. Тостағанын шайып алғаны ап-анық байқалады. Сездіргісі келмей, жанарын жалтара береді.

— Әншейін айтамын, келемін. Тек соңыра шыбын-шіркей шықпай, масахананы құрып алындар. Таскөкті жол-жөнекей үйіріне қосармын. Қуан-ау, ересегі емессің бе, байқандар, әйтеуір!..

Артына қарағыштай-қарағыштай әкем шоқыта жөнелді. Күбірлеп барады өзі. Бізде үн жоқ. Бас көтерместен жұмысымызды жалғастыра бердік...

Орақтың алмас жүзі үздіксіз сырылдайды...

– Ты-с... Ты-с-с-с...

Дауыстың қай жақтан шыққанын білмей анырып тұрғанымда, мандай тұстан ысқырық қайталанды. Сонда барып Тәнешті көрдім. Қалың қамыстын арасында бүкшініп отыр. Мысықша ілгері жылжып бара жатқанын биік құрақтың үкілі бастарына қарап байқайсын. Әлсін-әлсін баяу тербелген қамыс былдыр-былдыр сыбдырлайды.

Бойымды сәл-пәл көтере алға көз тігемін. Қуандық та тұрған жерінде қакқан қазықтай қатып қапты. Серейген күйі қадалған нүктесінен жанар аударар емес. Сонадайда екі қоныр қаз тұмсықтарымен су сызып, бейкам қалқып жүр. Аламо-йыны ата қаз болуы керек. Төңірегіне алак-жұлак қарағыштай береді. Сынарына қарағанда тұрқы да биіктеу. Серігі қаннен-қаперсіз. Қылша мойнын кеудеге дейін батырып, су түбіне түсіріп алған әлденесін іздеп жүргендей. Көбіне тұмсығына көк балдыр, шөп-шалам ілінеді. Осынау қылығын оқтын-оқтын қайталаудан жалықпас, сірә. Сүңги-сүңги мылтықтың аузына тақағанын білмейді-ау...

Тәнеш тағы да үндерінді шығармандар деген белгі берді. Сұқ саусағын ерніне апарып тіреп қойды. Мұнысы «Т» әрпі. Жұмған ернің көлденең тартылған сызық, ал оның астына саусақ-таяқшаны қоя салсан, «тыныштал» деген сөздің басқы әрпі шығады деп әлгінде Қуандық үйреткен-ді.

– Ат! Бас!..

Қуандықтың бұйрығын күткендей-ақ меніреу тыныштықта мылтық даусы бүкіл көлді жаңғырықтырды. Көкала түтін лезде сейілгенімен, қошқыл дәрі иісі мұрын жарады. Жалғыз қаз соңына қарайлай алмастан қаңқылдай көтерілген. Қуандық екеуіміз қалың қамысты жапыра ілгері ұмтылды. Суда қалғаны жаңағы ойқастап, қыр көрсеткен аламо-йын ата қаз екен. Тәнеш малтып барып алып шықты. Мақтанышы беп-белгілі – көзі күлімдеп ойнап тұр.

– Шүріппені бір басқаннан орнында қалды, – деп жатыр қасына тақаған бізге.

Қарсы бетте қалқып жүрген қасқалдақтар да копа-копанын арасына жасырынған қалпы қайта айналып көрінбей-ақ қойғаны. Жағалауда ұзақ отырдық. Мылтық даусы да бірғауым уақыт жаңғырып тұрғандай...

Осылай отыра берер ме едік Қуандықтың сөзі болмағанда.
— Жексенбек, құрақты қылтаны суға дейін құлатып тастайық. Көп емес өзі. — Ол көзін алақанымен көлегейлеп жоғары қарады. — Күн де тура төбеге тырмысыпты. Түс боп қапты. Тәнеш, сен шай қойып жібер.

Орақтың өткір жүзі сыр-сыр еткен сайын көк құрақ басын өзі әкеп иіп жатқандай. Қатар түскен қос орақ қас қағымда өндіріп те тастады. Бір-бірімізге сездірмесек те іштей бәсеке-қимылымыз ширақ та шалымды. Сырт көзге әр қозғалысымыз орақ орудан сын жолына түскендей көрінер еді. Екі-үш қадам ілгері оқшауланған Қуандықтың қос самайынан сорғалаған тер бүкіл бетін жуған. Тер басқан маңдайына, бетіне қамыс басынан ұшқан майда үпелектер қонақтапты. Мен де бет-аузымды айнадан көргендей, елестетіп тұрмын. Қуандық өзіне ғана жарасатын қылығы — бетінің ұшына кіп-кішкентай шұңқыр үйіре жымиды да орағын қайта сырылдата жөнелді.

Қуандық — көршіміз Қасжанның жалғыз ұлы. Әкемнің сөзімен айтсақ: «оның арғы аталары біздің бабаларымызбен бірге туған». Демек, Қуандық көрші ғана емес, туысқан. Менен бір класс жоғары оқиды. «Жас баланың орақшысы». Оның атына айтылар бұл мадақтауды ауыл ақсақалдарының аузынан әлденеше естігенмін-ді. Каникул басталып, жаз есік қакты дегенше Қуандыққа тыным жоқ де. Көз байланғанша аула көрмейтін қарасирақтардың арасынан таппайсың. Қайда жүргенін, не тындырғанын көрген емеспіз. Тек дастарқан басында әке-шешемнің күрен шайды ішіп отырып ағытар әңгімелерінің ұзын-ырғағынан көп жайды ұғатынмын.

— Құла айғырдың үйірін Жыландыға құлатып, жол-жөнекей шабындықты аралай кетейінші деген оймен Арқабайға соқтым.

Әкемнің әңгімесін шешем бөліп жіберді.

— Шөп пісіп қалған шығар.

— Түу, айтпа, биылғы шөптің шығысын, — деді әкем қолындағы кесесін алға жылжытып. — Бергі шеттегі Қасжанның жылдағы шабындығына біреу белгі салыпты. Апырай, сырттан иелік жасап жүрген кім болды екен деп мазасызданып келе жатқанымда Қуандықты жолда ұшырастырғаным. Белгі салған өзі екен.

— Жөн, азаматтық онысы! — Риза кейіптегі шешемнің сөзі аса жайдары шықты.

– Бір үйдін арқа сүйері, тірегі емес пе? Жалғыз шешесін тыпырлатқысы келмейді. Қуанып қалдым, әйтпесе біздің мыналардың құр далақтап жүрісін көрмейсің бе? Шөп ормақ түгілі, мұрындарын өз бетімен сүрте де алмайды, – деді әкем зілсіз.

Одан әрі де Қуандық жайында біраз мадақ сөздер естірім күмәнсіз еді. Ішіп отырған шайымды тауыспастан орнымнан тұрғызған әкемнің «мыналар» деп көзге шұқуы. Шыны керек, әрі ұялып, әрі қызғанып кеттім. Оның отын шауып, шөп орып жүргенін өзім қатарлы балалар да біледі екен. Сөйтсек, олар да Қуандық туралы үйлерінен еститін көрінеді.

Қуандықтың байсалды қимылдары, бұлт-бұлт ойнаған бұлшық еттері енбекпен ерте айналысқанын ап-анық көрсетіп тұр. Тәжірибелілігі қазір де байқалады. Асықпай-ақ, еңтікпей-ақ суырылып дара шыққан. Бір жағынан қуанамын, бір жағынан намыстанамын...

Камыс бастарын біріктіріп жасаған шошалада түскі жүрек жалғарымызды ішіп, ыстықтың беті қайтысымен жұмысқа қайта жұмылды. Күн еңкейген сайын көленке басы ұзара түскен. Оқта-текте лекіген кешкі самал піскен шөптің иісін одан бетер аңқытады. Бірен-саран ызылдаған сары маса шіркейге қосылып екі қолымызды бірдей сабалатты да қойды. Алғашында елең қылмағанымен талап жеп қоюға әзір. Мүлдем орақ орғызбайды. Сонымен, алғашқы енбек күнімізге нүкте қойдық.

Талай жердің шөбін орыппыз. Көлдің жаланастанып қалған оң жағалауы айнадай жарқырап көрінеді...

Масахана ішіне жайылған кешкі дастарқан жиналғалы қашан. Үшеуіміз де шалқамыздан жатырмыз. Селдір дәкеден көк төрінде жымындасқан аспан шырақтары ап-анық көрінеді. Арагідік әр тұстан із тастап жұлдыздар ағады. Түнгі тыныштық. Ешқайсымызда үн жоқ. Масының үздіксіз ызыңы мен іргедегі көлден әуіп-әуіптің зор үні ғана естіледі. Тура төбеден ұшып өткен құс қанатының суылы әлсін-әлсін қайталанып қояды. Қуандық бір қырына аунап түскен бойы пышпышқа басқан. Тәнеш тым-тырыс. Көзімді қанша жұмсам да кірпігім ілінер емес. Сонда да үн-түнсіз ұйықтаған боп жатырмын. Әлден уақытта аттың пысқырғаны естілді де, шөптің сыбдыры бірте-бірте жақындай түсті. Сол-ақ екен:

– Әке! – деп айғайлап жіберді бағанадан еш қимылсыз жатқан Тәнеш.

– Қорыққан жоқсындар ма, қарақтарым?

Әкемнің даусын естігенде ұйқым келмей жатқан мен де қуанып кеттім. Аузыма жетіп келген сөзді ұстай алмай:

— Қорқып жатыр едік, — дедім.

Бұл кезде Қуандық түрлі түсті көп сериялы түс көріп жатқан еді...

* * *

Шошып ояндым. Тастай қараңғы. Әлгіндегі жарыса көз қысысқан түн шырақтарының бірі көрінсейші. Осылайша жұлдыз іздеп жатқанымда жанарымның алдынан көз ілеспестей от-сәуле ағып өтті. Аспан аясын шимайлай бастаған найзағай екен, түс-тұстан жарқыл көбейді. Іле-шала бұлтты-бұлтқа жанып күн күркіреді. Басы-көзімді қымтап, әкеме жабыса түстім. Шатыр-гүтір жиілеген сайын кішкентай жүрегім де кеудеме сыймаған. Дүрс-дүрс тулайды.

— Ұйықтай бер, құлыным. Бұлт үйіріліп, күн күркіреп тұр-ау. Жанбыр жауар. — Әкем ақырын ғана бауырына тартты. Тәтті ұйқы құшағында жатқан Тәнеш пен Қуандықты да қымтап қойды.

Үздік-создық талып жеткен гүріл бірте-бірте жақындап келіп, дәл төбеден құлақ жарып жіберердей шатырлайды. Алғашқы тамшылар үзіліп түсе бастады. Суық моншақтар масаханадан үздіксіз сорғалайды. Бірқалыпты себезгілеген жауын жасын ойнап, күн күркіреген мезетте төгіп-төгіп жібереді. Ұйқысұрап, түсініксіз сөздерді былдырлап қайталап жатқан Тәнеш су өтіп кетті ме, орнынан айғайлап ұшып тұрды.

— Әке... Кө-ке... Қара-шы, қорқытады...

— Тәнешжан, жата ғой, құлыным. Ешкім де жоқ. Жанбыр жауып тұр. — Әкем басын көтеріп Тәнештің үстіне шапанын жапты. — Су өтіп жүрмесе екен. Төпеп кетті-ау.

Шелектеп құйған жанбыр басылар емес. Бұлт біткен тек біздің масахананың үстіне үйіріліп алғандай шүмектеуде. Жарқыл да жиілей түскен. Бір кезде арқандаулы Найзақүреннің жер тарпып кісінегені естілді.

— Апырым-ай, босанып кетпесе жарар еді.

Әкемнің күбірлегенін естіп жатырмын.

— Арқанын үзіп кетсе қайтеміз, — деймін көрпеден сығалап.

— Ой, құлыным, сен әлі ояумысың. Көз шырымынды алсаңшы, таң да жақын.

Су өткен көрпе зіл қорғасындай, шылк-шылк етеді. Жауын тынбастан себезгілеп тұр. Тек әкемнің «таң жақын» дегені көңілді көтеріп тастады. Ендігі амал – астымызға төсенгендерді жамылу ғана. Түнгі оқиғадан бейхабар, бүк түскен күйі еш қаперсіз жатқан Қуандықтың тыпыршуы да жиілей бастаған. Су болғаны белгілі. Ұзақ таңға біздің қас-қабағымызды баққан әкем кірпік ілмей ояу жатыр.

– Қуан-ау, ерінбей астындағы көрпешені алып, әрекет жаса. Жауын да саябырлады білем, – деді тағы да мазасыздана. – Таң да қылаң берді ғой.

Ұйқылы-ояу Қуандықтың бар айтқаны:

– Жанбыр жауып тұр ма?!

Көрпеше астына жасырынған ол бейкам қалпы іле-шала қайта қорылға басты. Таңғы ұйқының төттісі-ай!

Әбден қалжырап барып кірпіктерім айқасқан екен. Тісім-тісіме тимей қалшылдап ұшып түрегелдім. Тонып барамын. Тұла бойым мұз құрсаңғандай, денем күсеттеніп бөртіп-бөртіп шыға келіпті. Сипаған алақаныма ап-анық аңғарылады. Найза бойы көтерілген Күннің қызыл күрең жалқын шашақтары сейіліп үлгермеген. Зеңгір көкте қалқыған жадау-жадау ақша бұлттар да бауырларын алқызыл бояуға бір-бір малып алғандай. Түнгі нәсерден қорғанған біз шағыл құмға белуардан кіріп кетіппіз. Киыршыққа толған селдір шаштын өзі жабағыдай ұйысса, қос жанар түйреп аштырар емес. Оның үстіне бықсыған су қамыстың қара кошқыл ашы түтіні көзімізді одан бетер жасауратқан. Мұны елеп жатқан Қуандық жоқ. Көкке көтерілмей жер бауырлай жайылған түтіннің ортасында отыр. Иненің жасуындай жылтыраған қозаны үрлей-үрлей екі ұрты да сыздаған болуы керек. Сәл-пәл жағын қос қолымен таянып дамылдап алған ол енді шоқты жата қалып үрледі. Сөйткенше бір құшак жалын тілін сумаңдатып аспанға атты. Әлгіндегі бықсып жанбай қойған қамыс сытырбытыр лаулай жөнелді. Алаулаған отқа алақанымызды төсеп, жылына бастадық. Ыстық жалын бет шарпиды. Ылғал киімдерімізді шетінен отқа шала қақтаған күйі киіп алдық.

Үн-түнсіз тіл ашпаған Тәнештің қара көздері мөлдіреп, екі бетінің ұшына әп-сәтте қызыл жүгірген. Балбырап тұр. Әрқайсымыздың іс-әрекетімізді сырттай бағдарлаған әкемнің әжім шимайлаған жүзі жаңа ғана нұрланып, бұлтсыз аспандай жарқырап ашылды.

– Әбігерге тәуір-ақ түстіңдер, шырақтарым. Бойларын жылынса, енді ауылға қайталық. Қалған аз жерді қалт еткен-

де өзім жайпай саламын ғой. Кән-е, жиналындар... Уәделесіп алғандай бұл жолы Қуандық екеуіміздің ойымыз бір жерден шыққан. Жарыса тіл қаттық:

— Жоқ... болмайды.

Қазір-ақ құлатып тастаймыз. «Бастаған істі тастама» демеі ме?

— Жарайды, екпіндеріннен айналдым, — деді әкем өзгеше рахат сезім құшағында.

...Қолымызға орақ ұстасымен маңайдан тер моншақтары төгілген. Сыр-сыр еткен орақ даусы құлаққа сондай жағымды естіледі. Шай қайнатымға жеткізбей қалған жердің құрағын орып бітірдік. Төңірегіндегі қау қамыстан аршылған айна көл тостағандай боп, домалана қалды. Сонда барып өз еңбегіміздің нәтижесін анық көргендей әсерге бөлендік.

Кеуде керген қуаныш шексіз болатын.

* * *

Құдды бір айлар бойына көрмегендей анам ауладан жүгіре шықты. Ұзын көйлегінің етегіне шалынып, құлай жаздады. Ыстық құшағына қалай сүнгіп кеткенімізді білмейміз.

Төнеш түндегі оқиғаны шетінен тізбелеп айтып жатыр, айтып жатыр. Таусылар емес...

— Мінеки, азамат болды деген осы. Еңбектің алғашқы баспалдақтары осылайша алға, биікке бастай бермек. Үлкен өмірдің қызығы көп. Сонымен қатар, оның кедергісі мен қиыншылығы да үнемі қат-қабат ұшырасып жатады. Тек бәріне төзе білу керек. Шыдамды да төзімді жан ғана кездескен қиындық пен кедергіні жеңе алады,— деген шешем бауырына қыса түсті.

Біз балқып сала бердік...

ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫ

(Триптих)

1.Естен кетпес сабақ

Бәрі-бәрі есте, күні кешегідей жаңғырады. Қоңырау соғылған бойда қолтығына қысқан картасы бар Тәнкібай ағай табалдырықтан сөйлей аттаған. Әншейінде дабыр-дұбыр әбден басылмай сабақ жүргізбейтін География-ағай емен-жарқын күйін өзгертпеді.

– Кәні-і-і... біреуің мына картаны тездетіп іліп жіберіңдер. Бүгінгі жаңа тақырыбымыз: «Балқаш көлі». Иә, өзіміздің теңіз туралы.

Мұғалім сөзін елей қоймаған балалар жарыса тіл қатқан:

– Ағай, алдымен үйге берген тапсырманы сұрамайсыз ба?

Келесі тақырып Балқаш емес, «Қазақстанның өзен-көлдері» екен ғой!

– Географиядан әлі бағам жоқ, мен айтайыншы.

Қолындағы таяғының ұшымен үстелді тықылдатқан Тәңкібай ағай:

– Ал, балалар, тынышталыңдар, – деп оқушылардың назарын өзіне аударды. – Сабағымызды басталық. Тапсырманы жаңа тақырыптың сонынан сұраймын. Қазақстанның өзен-көлдері жайындағы жалпы шолуды үйден өздерің оқып келерсіңдер. Ал, Балқаштың жағасында тұрып, ол туралы мағлұматты толық білмесеңдер ұят болады. Дұрыс па, балалар?..

Неге екені белгісіз осы мезет іргедегі теңізді тұңғыш рет көргендей бүкіл класс жапа-тармағай терезеге тесілдік. Шексіз де шетсіз көгілдір айдын қол созымда шалқып жатыр. Көз ұшында моншақтай тізілген балықшылар кемелері қарауытады. Қамысты қолтық әдеттегідей құс базарының думанына бөленген. Ұшып-қонған қанаттылар қисапсыз. Күнұзаққа дамылсыз аударылып-төңкерілген шағалалардың кей кездері мектеп ауласынан шықпайтыны бар. Құс екеш құс та кішкентайларға үйірсек-ау. Әне, жағалаудағы ескі қара қайықтың үстінде отырған қарасирақтардың біресе иығына, біресе қолына қонақтап топ-топ шағалалар ұшып жүр. Тау-тау ақжал толқындар сонау көгілдір көкжиекпен астасқан. Сарыарканың жартасты бөкене тауларына бас тіреп барып тыншитын тәрізді. Тау да, көл де біркелкі көлкіген көк мұнарға оранып, тым жырақтан бұлындайды.

Бұған дейін байқамаған сурет. Неткен тамаша! Әлде, күн сайын суына шомылып, балауса құрағына аунап-қунап жүргендіктен бе?! Жаңа ғана көргендейміз қай-қайсымыз да...

– Иә, балалар, – деді География-ағайымыз таяғымен тақтаға ілінген картаны нұқып. – Балқаш көлінің ұзындығы қанша километр, осы? Көнеки, қайсың білесің? Ім-м ешқайсын үндемейсің ғой. Ендеше, мынаны айтындаршы. Балқаштың ең терең жері қанша метр?

Мұғаліміміздің қарапайым да тосын сауалы бәріміздің басымызды салбыратып-ақ жіберді. Рас, екі-үш оқушы жауап берген болды. Бірақ... дәл емес, тек долбар...

— Көрдіндер ме, міне? Бірде-біреуің нақты ештеңе айта алмай отырсындар. Әрине, бұл жақсы емес. Өздерін туып-өскен Балқаш көлінің географиялық сипаттамасын бес саусақтай білгендерің жөн. «Отан от басынан басталады» деген халық даналығы. Шындығында мына біз үшін, мына сендердің әрқайсың үшін Отанымыздың осы Балқаштан басталатынын ешқашан естен шығармауымыз керек. «Туған жер — алтын бесік». Ал, өзін аялап тербеткен бесігін құрметтемеген, сыйламаған, оны көзінің қарашығындай қорғамаған жаннан еш жақсылық күтуге болмайды. Жарайды... О жағын өздерін де жақсы білулерің тиіс. Сонымен бұдан былай естерінде жүрсін, біздің Балқаш көлі аумағы жөнінен республикамыздағы ең үлкен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі орынды иеленеді. Сондықтан да болса керек, оны көп адамдар «теңіз» атап кеткен. Әсіресе, бұл сөзді кез келген балқаштықтың аузынан естисің. «Көл» деп кішірейткісі келмегені шығар. Оның ұзындығы шамамен алты жүз километр, ал батыс бөлігіндегі енінің ең тар жерлері 9-19 километр аралығында болып келеді. Мәселен, мына біз отырған жер мен арғы беттегі Алғазы балық зауытының арасы он екі шақырымдай. Ұзынаралдың тұсындағы қылта бес шақырымнан аспас...

Бар ынта-пейілмен сабақ түсіндірген Тәнкібай ағай класс журналының арасынан әлденеше бүктетілген шағындау тағы бір картаны шығарып, тактаға ілген.

— Мұндай карта менен басқа ешкімде жоқ. Ертеректе осы өңірге келген геологтардан атан түйе бергендей қалап алғанмын. Біздің Балқаш көлінің картасы бұл. Өзінде бәрі анық көрсетілген.

Артынша-ақ бірінші партада отыратын Тілектес жерден жеті қоян тауып алғандай айғайлап жіберді:

— Әне, біздің ауыл... Теңіздің тура жағасындағы қара белгі нүктені көрдіндер ме? Фрунзе атындағы колхоз деп жазылыпты.

— Рас айтасың ба? — Ай-шайға қарамай тактаның алдына жетіп барған Шағай танырқай картаға сүзіле түсті.

— Ой, «Қызыл Октябрь» мен «Сегізінші мартты» қарандар...

— Киров пен Көпбірлік колхоздары да болуы керек. Дұрыстап, көзінді ашып оқысаңшы сол манды.

— Жарайды, Бекбаев, отыр орнына, — деді ағай терезеден теңізге көз тастап. — Өздерін де байқаған шығарсындар. Бұл картада Балқаштың арғы-бергі беті түгел көрсетілген. Мынау мын бұралып ирелендеген Қаратал өзені. Көлге құяр

жеріндегі біріне-бірі жақын орналасқан Көпбірлік пен Киров ауылдары. Анық жазылған, міне. Жөндеп көріп алындар. Камыс зауыты мен «Жана өндіріс» ауылдарының тұрған жері де көрсетілген. Балқашқа жаңағы айтқан Қаратал өзенінен басқа Іле, Ақсу, Лепсі, Аякөз, Шу өзендері құяды. Осы аталған ірі өзендерге жоғары бастауларында көбіне белгісіз Тентек, Көксу, Быжы, Каскелен, Шелек секілді бірнеше кішігірім тау өзендерінің құятынын да білгендерін дұрыс.

Көлдiң негiзгi үлкен аралдары – Басарал, Тасарал, Ортаарал, Алғазы. Сонымен қатар «Шағалалы», «Кіші Тасарал», «Шайтанарал», «Маяк тұрған» секілді бірнеше басқа да аралдар бар. Ең терең жері жиырма алты метрге жетеді. Көлде кеме қатынасы жаз бойына үзілмейді. Жолаушылар теплоходы Балқаш қаласынан Қарақұмға, Қарашығанға, Бурылбайталға қатынап тұрады.

Балқашта балықтың жиырмадан астам түрі кездеседі. Ежелден мекендейтін балықтардың қатарына сазан, қарабалық, іле көкбасы, алабұға жатады. Біздің теңіз құсқа да аса бай. Ит түмсығы батпайтын қалың құрақ пен нар камыстың іші толған неше алуан канаттылар. Олардың арасында құс еркесі – аккумуляр да көп. Қопа-қоғаны ондатрлар мекендейді. Айтпақшы, ұмытып барады екем, Қазақстандағы соңғы жолбарыстың Балқаш бойындағы камыс тоғайынан ұсталғанын білетін шығарсындар.

– Шынымен-ақ, біздің Балқашта жолбарыс өмір сүрген бе? – дедік осы мезет бүкіл класс елегізі...

Тәнкібай ағай үн-түнсіз орнына келіп отырды.

– Иә, – деді сыбыр-күбір басылған соң. Ағай әнгімесін көңілсіздеу сабақтаған. – Әй, қарақтарым-ай, табиғат байлығын есеп жоқ, қисап жоқ, өзіміз қомағайлықпен құртып жатырмыз. Бір кездегі Балқаштын төнірегіндегі көздің аясындай ойдым-ойдым кішігірім әсем көлдер мен нар камысты көрсендер, шіркін. «Таудың көркі – бұлақ, көлдің көркі – құрақ» деген. Үкілі шашақты камыстың сұлулығы да өзгеше. Сендердің көбінің әке-шешелерімен бірге осы Сарыесіктен оқыдық. Со-на-у он-он бес шақырымдағы «Сегізінші март», Батырбектен жеткенше жолдың қос жағалауы бірдей аттылы кісінің бойын жасырар көк-жасыл камыс болатын. Самал желмен сыбдыр қаққаны да ерекше еді-ау. Қазір ол көріністі ұшырата алмайсың. Кейін шегініп теңіз жағасына тығылған камыс біткенді қояр емеспіз. Камыс зауыты ашылып, қысы-жазы ежелгі нар камысты да, балауса құрақты да

кылтанағын қалдырмастан шауып жатыр, жайпап жатыр. Мына түрімен қоймас, сірә. Табиғат байлығы да өлшеулі. Соны білмейміз-ау, білмейміз! Күні ертең-ақ қайран теңіз жалаңаштанып, бар сұлулығынан айырылып қалмаса де. Жағалаудағы қамыс пен құрақты құртсақ, құстың да, аңның да өз-өзінен жоғалатыны белгілі. Өзекті өртер өкінішті сонда сезер өңкей миғұла. Бір мезгіл сөзіңді құлағына ілсейші қуыс кеуде даңғойлар, осы. Болашағын ойламай, жоспар қуалаған жандар табиғат сырын қайдан ұқсын! Тірі болсақ, көрерміз әлі. Саусақтарын шайнар...

Ашу қысқан География-ағай тактада ілулі тұрған картаны апыл-ғұпыл жинастырған күйі кластан шығып кетті. Заңғарадай бөлме іші тып-тыныш.

— Ағай соғыста болған, контужный, — деді балалардың бірі ақырын ғана.

Іле-шала қоңырау күмбірі естілді. Ештененің байыбын жете аңғара алмаған біз дабырлай сыртқа ұмтылдык.

...Ширек ғасыр бұрынғы осынау сабақ естен әсте кете қоймас. Әлсін-әлсін жадыма түсіріп, терең ойға шомамын. Географиядан дәріс оқыған Тәнкібай ағайдың бет-бейнесі, ең ақыры, ренжігеніне дейін қаз-қалпында көз алдыма жетіп келеді... Ес тоқтатып, оқу бітіріп дегендей... жастар газетінде қызмет істеп жүрген алаулы шақ. Студент кездегідей емес, елге де қалаған мезгілінде жетіп бара алмайсың. Бірде Балқаштың жағасындағы туған ауылға сағынтып жол түсті. Әдеттегідей алтын ұя мектебіме бас сұқтым. Сүйікті ұстаздарым жарыса: «Алматында не жаңалық?» дейді. Ананы, мынаны әңгіме тиегі еткен мен «Арқыраған Ілеге де бұғалық салынды» дедім масаттана.

Сол-ақ екен, География-ағай тағы да баяғыша шарт кетті.

— Мен білсем, бұл мүлдем солақай шешім. Барып тұрған қылмыс. Ананы баласынан айырғанмен бірдей, — деді булығы сөйлеп. — Ықылым заманнан бері Ілені еміп жатқан Балқаштың күйі не болмақ? Осыны сезсеңдерші!.. Теңізден теңіз бөліп алу қиянат емес пе?! Бәрінен де Балқаштың ертеңін ойламай ма екен? Оның болашағына көзжұмбаылықпен қарауға болмайды. Ең құрығанда анау Аралдың тартылып бара жатқанын естеріне неге түсірмейді, ә?!

Мезетінде бұл сөздердің мәніне тереңірек үңілмегенімізді жасыра алмаймын. Оның үстіне қарсы уәж айтып, пікірталасқа шақырған ешкім де болған жоқ. Әлде «Сен ти-

месен, мен тимен бадырақ көздің» әсері ме? Қалай десек те, ол уақыт – бейқамдықтың салқыны басым кез еді...

Үнемі шыр-пыр күйіп, әділетсіздіктің жолына кесекөлденең тұруға бейім Тәнкібай ағай кешікпей көз жұмды. Содан бері де ондаған жыл өз бедер-ізін қалдырды. Осы уақыт ішінде Балқаш та бұрынғы көркін жоғалтып, жұпыны да жұтаң тартты. Соңғы он шақты жылда екі метрге дейін ортайған оның қазіргі тағдыры аландатарлық та ойлантарлық. Көсіліп жататын жағалау жыл санап шегініп барады, шегініп барады. Тіпті кей тұстары бірнеше километрге дейін тартылған. Қандай өкінішті.

Иә, арғыға үнілмей-ақ қоялық. Бұдан ширек ғасыр бұрын Тәнкібай ағай тамсана суреттеген көгілдір көлдің ажарының өзі жоқ. Табиғатты да аздырып-тоздырып жіберетін адамдардың өздері екен. Таусылмайтындай көрінген бір кездегі нар камыстың орнын борпылдақ сор топырақ көміп тастаған. Қараталдың жағасында бой көтерген атышулы «Қазмыс зауыты» әлдеқашан тараған. Зауыт орталығының қаздай тізілген көшелерінің сұлбасын тапа тал түсте шырақ алып іздесен де таба алмайсың. Өйткені ол жерді қалың жиде тоғайы басып кеткен.

Балқаш көлінің бүгінгі картасының бояуы бұрынғысына ұқсаңқырамайды. Көкшіл түстерді бірөңкей сүренсіз сарғыш бояу алмастырған. Сондай-ақ картадан сонау бір жылдардағы елді мекендердің көбінің аттарын да кездестіре алмайсыз. Мұның өзі де көп жайдан сыр ұқтырғандай.

Өмір – керуен. Тоқтаусыз алға көшіп барады. Кешегі уақыт сабағы бүгін міне, өмірдің ашы сабағына ұласып отыр емес пе?!

2. Қаратал соңғы тасығанда

– Балқашты қашан көреміз осы? Көп болды ғой бармағалы.

– Жыл сайын тек уәде берумен келесің...

– Жазғы каникулымызды Балқашта өткізейікші.

– Биыл міндетті түрде барамыз. Рахаттанып теңіздің де суына шомыласындар әлі...

Үйреншікті осынау диалогтың әлденеше жыл қайталанғаны рас. Сөйтседағы бала-шағамызбен Балқашта демалудың сәті де түсті.

Шыжыған шілде. Үштөбеден ертелетіп шыққан жеңіл машина айналасы төрт-бес сағаттың ішінде Қараталдың жағасында бой көтерген Байшегірге алып-ақ келді. Ауылға асыққан ынтық көңіл асфальтталмаған тас жолдың қалжыратып соғып тастағанын да байқатпағандай. Шаршағанымызды машинадан түскенде барып білгендейміз.

— Ауылға да жеттік. Жақсылап тынығалық. Теңізге ертең барамыз.

Кішкентай қалалықтар бұл ұсынысты қабылдамай тастады.

— Іргедегі Балқашқа бүгін бармай, қалай шыдап жатамыз? Небәрі жиырма километр емес пе? Жарты-ақ сағаттық жол...

Бірер сағат бой жазып алған соң, машинаға қайта отырдык. Күн еңкейгенімен әлі қапырық, күйіп тұр. Қараталды жағалаған көне сүрлеу тал мен жиденің ішіне қарай жетелей берген. Жол табанынан көтерілген борпылдақ шаң көз аштырар емес. Сәлден кейін барып қалың құмды тіліп, Балқашқа тура тартқан тас жолға шықтық. Сол-ақ екен маңдай тұстан болар-болмас теңіз лебі сезілді. Бірақ ыстық леп... Дөңгеленіп қалып жатқан жолдың қос қапталына бірдей көз жүгіртемін. Шок-шок қамыс, шоқалақ-шоқалақ төбелер, ақтандақ-ақтаңдақ көлтабандар біріне-бірі жалғасып қалып жатыр. Бала кезден таныс жер бедерлері мүлдем өзге кейіпке түскен. Айнала-төңірек көңіл құлазытатын көріністер. Кезінде биік қарауыл төбе саналатын Үлкен Аққұм жермен-жексен болған. Ойпыр-ай десеңізші! Кәдімгі тау деп атайтын Кілтбай құмының шөгіп кеткені-ай! Бауырында жаз бойы шалқып жататын Қарабие көлінің орнын ақтікен мен шеңгел басып кетіпті. Адам айтса нанғысыз.

Бертінге дейін осы өңір көкорай шалғынға оранып, үйрегі ұшып, қазы қонып жататын айна көлдерге шомылып жатты дегеніне бөтен біреудің сене қоюы екіталай. Ең ақыры бұл жерлерді өз көзімен көрмеген жанындағы балаларына да айтып түсіндіру қиын. Әйтеуір, таңдай қағып, бас шайқап шыға келері анық.

— О, тағы бір ауыл...

— Жок. Адамдар тұрмайды ғой өзінде. Үйлерінің бәрі құлап қапты.

— Тұрады, — дедім самарқау ғана, ой құшағынан арыла алмай отырған мен. — Бір кездегі Фрунзе атындағы колхоздың орталығы осы. Бұдан бірнеше жыл бұрын тарап кеткен. Тұрғындарының көпшілігі жаңадан ашылған Байшегір совхо-

зына көшті. Арғабақтағы Саякка, Ортадересінге кеткендері де бар. Қалғаны көрші Киров колхозына барды. Естуімше қазір мұнда небәрі төрт-бес үй ғана болуы керек.

Сөйткенше жалғыз шатырлы үйдін ауласынан қалбалақтап біреу шыға келді. Мандайына қолын апарып, күн сала қараған карт бізді жыға танымаған. Қарсы жүрген Токанды бірден таныдым. Сұңғақ бойы еңкіш тартыпты. Екі иығына екі кісі мінгендей, бір кездері алпамсадай тұлғасы да тым қушыып шалынған.

— Ассалаумағалейкум, ақсақал! Хал-жағдайыңыз, денсаулығыңыз жақсы ма?..

— Е-е, алматылықтар екен ғой. Өздерің де аман-есенсіңдер ме, қарақтарым? Туған жерге келіп қалдық деңдер. Өскен ұяға ат ізін салып тұрған қандай жақсы! Туған ауылдың топырағын қимай отырған Сара төтен екеуіміздің сиқымыз осы. Кәне, жүріндер, қарақтарым... Балапандар да әбден шөлдеген шығар мына аптапта. Ала жаздай бір тамшы тамбай тұр. Әне, анау алманың көлеңкесіне отырындаршы. Салқын-ақ саясы, әлсін-әлсін төңірегіне су сеуіп қоямын.

Ел ағасы атанған Токметбай Нұрахметбаевтың есімін Сарыесік аймағында білмейтіндер некен-саяк. Балқаштын толқынында туып, толқынында өскен оның бүкіл ғұмыры осы өңірмен байланысты. Жас кезінде балықшы болған. Ширек ғасырға жуық Қызылбалық ауыл Кеңесінің төрағасы болып, кейінірек еңбек демалысына шыққанға дейін ондаған жыл балық колхозын басқарған. Қызын қияға қондырып, ұлын ұяға ұшырған ол балаларының қолқалауына қарамастан ешқайда қозғалмай, «Қара орманымда отыра берем» деген. Міне, содан бері де талай жылдар білдірмей өте шығыпты. Уақыт өзгерген, өмір өзгерген... Ал Токанның балаша аңқылдаған бәз-баяғы қалпы. Қимыл-қозғалысы да ширақ.

— Ауыл тозып-ақ кетіпті. Әсіресе, Байшегірден бергі аралық, — деп күнұзаққа ішке бүккен ойымның ұшын шығардым.

Сәл-пәл үнсіздіктен кейін Тоқан әңгіме арнасын тереңнен тартты:

— Онда сендер баласындар. Караталдың арғы-бергі жағында алты балық колхозы болатын. Ол кездегі көлігіміз ат. Сонау өзеннің арғы жағындағы «Қызыл октябрьге» бару үшін, Кілтбай құмын бөктерлей, Жыланды құмының етегін жағалайтынбыз. Әйтпесе, жер-көктің бәрі телегей су. Әсіресе. Караталдың көлденең бір сағасы Қарағылдан өту қияметтің қияметі еді-ау. Кез келген тұсы тұңғиық терсең әрі ағысы аса

арынды. Аттың жалына жармасып әрең өтуші ек. Іргедегі «Сегізінші март» пен одан арғы Доншиге жеткенше де ат сауырын сипар әлденеше судан өтетінбіз. «Сулы жер – нулы жер». Оның да, соның да сыбдыр қакқан көк құрақ. Аң-құсын жыртылып айырылатын. Шіркін, соның бәрі көзден бұл-бұл ұшты! Алты колхоз іріленіп, үлкен екі балық колхозы болды. Келе-келе жалғыз жағадағы Киров қалды. Оның да бүгінгі күйі мәз емес. Су кеткен соң бәрінің де көрікті ажары жоғалады екен. Көпбірліктің манын тобыктан асатын сор борпылдақ тұтастай басып тастаған. Балқаш та жыл сайын тартылып, біртіндеп кейін шегініп барады. Су кеткен жағалаудың тұзды соры теміреткідей ұлғайып, жайыла түскен. Күздігүні теңізден жел тұрса болды, ауыл аспанын сортаң басып тастайды.

Өзімді-өзім ұстай алмадым, еріксіз Тоқанның сөзін бөлдім:

– Арал теңізіне ұқсас секілді ме, қалай?

– Әй, қарағым-ай, теңізден теңіздің, судан судың қандай өзгешелігі болсын. Бір кездегі Сырдарияны жырымдап-жырымдап бөлгеніндей, Қараталдың суын да есепсіз-қисапсыз бастауынан күріштікке, қызылша алқабына бөлшектеп жүр емес пе? Аралдан бөліп құм ішіне Шардара теңізін жаса-са, соның кебі Балқаштың басына да түсті. Ілені байлап Қапшағай бөгенін дүниеге әкелгеніне мәз. Неге екенін білмеймін, маған шалқып жатқан жасанды теңіз – сол Қапшағайларың, мына Балқашымның көз жасындай елестейді. Сендермен бірге мен де барып қайтайын теңізге. Аулада шоқиып не бітірем?..

Әлгіндегіге қарағанда аптапты ыстықтың беті қайтқандай. Теңізден салқын самал лекиді. Ылдым-жылдым қозғалған Тоқаң шелектегі суды алма ағашының түбіне қарай шашты. Өзі сөйлеп жүр.

– Құдықтың суы да төмендеп кетті. Оның үстіне шелегін батпайды. Қасықтап тартқанмен бірдей. Өзен тасыған жылдары кез келген жерден күрек бойынан шыға келетін су қайда? Бәрінен бұрын мына төрт түп алмаға обал. Өзін білесің. Үштөбеден балауса шыбық күйінде әкеп шаншып едім ғой. Біздің топыраққа алма өседі деп ешкім ойламаған. Көбісі күдіктенген-ді. Жайқалып-ақ кетті. Жемісті де төгіп берді. Лепсіден, Талдықорғаннан, тіпті Алматыдан келген адамдардың өзі «жапан дүзге де апорт өседі екен-ау» деп танырқасатын. Амал нешік, мезгілсіз өліп барады. Бұтақтары да сиреп бітуге жақын. Құдықтың суы қанша нәр болсын.

– Қаратал тасығанда Кілтбай құмына көшті дей ме, осы?

– Жарықтық, Қараталдың соңғы тасуы екен! Ұмытпасам алпыс тоғыздың көктемі. Ауданнан күн сайын алдын ала хабарлап ескертіп жатты. Арнайы өкіл де келді құмға көшіру үшін. Оншалықты сене қоймадық. Таскынның дүмпуі тақаған мезетте бүкіл ауыл іргедегі Кілтбайға үдере көштік. Содан ызғарлы көктемнің алғашқы айында дала қосында, суық өтінде өткіздік. Со жылы айнала-төңірек біткен суға іркілдеп тұрды. Көтеріле қоймас деген көлкіген су ауылдың көше-көшесін алып кетті. Жойқын тасқын осынау алқапты аралап, Балқашқа құлады. Үлкенді-кішілі көлдердің бәрі бірдей шарасына сыймай асып-тасып төгілді. Бейне Балқаштың серігіндей осы өңірдегі Шөмішкөл, Қаңбақты, Жанбатыр, Қарабие, Кәпіркөл, Бурабай, Орысаққан, Жақия, Инженер көлі секілді көптеген көлдердің сол суы екі-үш жыл жатты ғой. Енді бүгін жалғыз Қаңбақтыдан баскасынан шалқыған су көрмейсін. Кейбір көлшіктер мүлдем суалып, сортабандарға айналып кетті.

Бәрін де бүлдіретін өзіміз. Табиғат та аялағанды, мәпелегенді қалайды, қарағым. «Бұлақ көрсен көзін аш», «Судың да сұрауы бар», «Бір ағаш кессен, екі шыбық шаншы» деген орамдарды өмір сабағы тудырған. Көбіміздің «ертеңімізден гөрі бүгінімізді ғана ойлайтынымыз жасырын емес. Иек астынан арғыны көре алмайтынымыз да бар-ау. Өйтпесе Қапшағай ГЭС-ін жобалаушылар ең алдымен, Балқаштың болашағын, теңіздің тағдырын бірінші кезекке қоюы керек еді. Қазір, міне, газет-журналдар ашық жазып жатыр. Жылдар бойына жұмған ауыздарын ашпай жүрген адамдар да өз пікірлерін ортаға жайып салуда. Бұл да жариялылық әкелген жаналық.

«Бірлесіп пішкен тон келте болмас» демекші, тек атакданқты ойлаған кейбір энергетиктер мен гидрологтар кезінде қарсы дау айтқан басқа ғалымдардың пікірлеріне құлақ асқанда мұндай келеңсіз күй кешпес едік. Аһ ұрып, сан соққанмен не пайда? Болар іс болды. Ендігі жерде өкінбес үшін әрдайым сергек болғанымыз жөн. Балқашты сақтап қалу әлі де өз қолымызда. Үкіметіміздің табиғат туралы, Балқаш көлін қорғау жайындағы нысаналы жұмыстары қамқорлықтың белгісі. Басты борыш – өткеннің орнын толтыру, қателіктердің қайталануына жол бермеу. Қанша үһілесек те Қараталдың соңғы тасығандағы суы орала қоймас. Сарыесік аймағын жасыл желекке ораған сол бір жаздың көкөрай көрінісін де түсі-

мізде көреміз. Өйткені теңіз шегініп, Лөктің құмы қусырап келеді емес пе...

— Қаратал соңғы тасығанда. — Бұл сөзді де әлденеше рет қайталадық.

Көргені көп, өмірден түйген тәжірибесі мол ел ағасы әр сөзін шегелеп жеткізді. Өншейіндегі жадыраңқы жүзі де, үні де сәт сайын құбылған. Қуаныштысы — жанын жегідей жеген өкінішін сәулелі үмітіне жеңдірген.

3. Жоғалған теңіз

Ансарымызды аударып, сарғая сағынтқан Балқаштын жағасында тұрмыз. Көл беті тып-тынық. Мың-сан майда толқындар баяу дірілдейді. Ұсақ толқындар еңкейген Күннің әлсіз сәулесіне шағылысып жалт-жұлт етеді. Жағалаудан тым алыста іркес-тіркес үш-төрт балықшы кемесі зәкір тастаған. Олардан сәл әріректе оқшау тұрған үлкен катерді жазбай таныдым.

— «Смелый» ма?

Су шалпылдатқан балалардың шуы сөзімді естірткен жоқ. Шағалалар да мазасыз шаңқылдайды. Ә дегенде жағадағы жыпырлаған қайықтарға ұмтылған кішкентайлар дабырласқан беті суды кешіп ілгері жүрді. Тереңге барып сүнгіп-сүнгіп алмақшы олар сонадайдағы кемелерге беттеген. Шолп-шолп... ұзап барады. Бірінің сөзін бірі коштап қояды. Қаннен-капер-сіз, мәз-мейрам. Нені түсінсін?

— Қарашы, тап-таяз, қорықпай жүре бер.

— Теңіз де тартылады екен ғой!

— О-о, жағалаудан қанша ұзап кеттік... Тағы бір кеме келе жатыр. Әне-е-е... Бұрқылдаған түтінін көрдің бе?

Арса-арсасы шығып, тенкиіп жатқан ескі қара қайықтың үстіне жайғасқан Тоқаң көгілдір айдын төсіне ұзақ тесілген. Сөз жоқ, өткен-кеткенді еске түсіріп отыр. Әлден уақытта барып тіл қатты. Қолындағы қамыс шыбығын шошайтып:

— Жыңғылдықайырдан оралған балықшылар болар, — деді. — Күтелік, балалар да мауқын бассын. Несіне асығамыз. Өзін де көріп тұрған шығарсын. Баяғыдай емес, кемелер жағаға жақындай алмайды. Кәзметтегі пристанның қалқайып қырда қалғаны қашан. Кейінгі кезде кемелер де, плавбаз да Тасиықтың тұсына зәкір тастап жүр. Сәл бері жылжыса қайырлап қалады. Әне, қараборбайлар әлі жалдап барады. «Сырдың суы сирақтан келмеді» деген осы. Мен бір қызық айта-

йын, кейбір балалар арғабақтағы Қаракүмға ескекті қайықпен барып келетін көрінеді. Алғаш естігенде танырқағам. Анау темір кәтірдің «Смелыйдын» өзін қақпақылша ойнататын асау толқынға қайығын не тұрады, тәйірі! Бір күні лақтырып тастай ма деп қорқамын.

— Ой, бұл түк емес. Жалғыз желкенмен Тынық мұхитты кесіп өткен жүрекжүтқандар бар. Ғасырдың басында Балқаш көлін жан-жақты зерттеген академик Л.С.Берг те өзінін ғылыми экспедициясын қайықпен жүргізіпті. Әрине, о кезде қазіргідей кемелер қайдан болсын.

Тоқаң таңырқамады. Таңдай да қаққан жоқ. Елеусіз құлақ түрген ол шүнірек жанарын жанадан зәкір тастаған кемеге аударды. Қып-қызыл боп балқыған Күн шары теңізді шөпілдетіп сүйіп жатқандай. Әдемі сурет. Ақ мамық бауырымен су сызған сыңар шағала да толқындармен қоштасқандай, шаңқылдаған бойы қамысты қолтыққа асықты. Әлгінде ғана топ-топ болып ұшып жүрген шағала біткен ізім-ғайым жоғалған. Үздіксіз су сабалаған ескектің даусы жақындай түсті. Әлсін-әлсін жөткірінген тарғыл үнді тани қойған Тоқаң:

— Момыш қой, — деді ілгері озып. — Үш ұлы да балықшы, өзімен бірге.

— Білемін.

Жұп жазбаған әкелі-балалы балықшыларды ауылдастары ғана емес, бүкіл аудан мен облыс көлемі біледі. Момыш Жұмашев жарты ғасырдан астам уақыттан бері осы Көпбірлік ауылында балықшы болып істейді. Оның есімі бұл күнде республикамыздың тарлан балықшылары қатарында айтылады. Омырауында неше жылғы маңдай терінің жемісі мен зейнетін айғақтар орден-медальдар жарқырайды. Әке жолын қуған ұлдарының алды Ілияс теңіз толқынында ширек ғасырдан астам уақыт еңбек етіп, су ырзығын сүзсе, Исағали мен Киікбай да тәжірибе жинақтаған, ысылған балықшылар. Бәрі де ауыл мақтанышы. Сондықтан да болса керек жерлестері олардың еңбегін ерекше құрметтеп «балықшы әулеті — біздің шамшырағымыз» дейді.

— Табыс мол болғай! Кәне, шалманды лақтыр. — Елпілдеген Тоқаң қайықтың алдынан шықты.

— Е, Тоқметбаймысын? Мал-жан аман ба? Шалманды лақтыр дейсің-ау. Теңіздің баяғы мінезі жоқ. — Жағаға жетпестен суға түскен Момыш ақсақал қара қайықты ұлдарына тастап, бері жүрді. — Теңіздің түрі осы. Тобықтан су жалдап, айдынның ортасына зорға жетеміз. Қайықтың өзін жағаға

мыкшындап сүйреп жүргеніміз. Сырық қадап, суға байлап кетуге дәтің бармайды. Қанша айтқанмен көлігін емес пе? Аяқ астынан жел көтеріліп, толқын айдап кете ме деп алаңдайсың. Ұдайы балық шығып тұрса көңілің де көтеріңкі. Өңкей көксеркеден көзіміз ашылсайшы. Таусылмайтын пәле. Кейінгі кезде ауды жер түбінен тартып жүрміз. Қасиетіннен айналайын, балықтың төресі қызыл сазан еді-ау. Түгесілді. Оқта-текте адасып ауға ілінгендерін тірі күйінде суға қайта жібертем. Кезінде бағасын білмегеніміз анық қой, ә?.. Өссін, өнсін!..

Қарт балықшыға сәлем бердік. Күректей алақандары егеудей, бұжыр-бұжыр. Ап-анық білінеді. Қақаған қыста мұз үстінде, ала жаздай толқын жалында жүрген жанның жүзі мойылдай. Соқталдай-соқталдай балықшы жігіттер де күнге әбден күйіпті. Бәрі де жаланап, тек шалбарларын тізеден түріп алған.

Үзілген әңгімесін Момыш ақсақал іле қайта сабақтады:

– Бұдан бұрынырақ өзің жазған, өзің суреттеген Сарыесіктің дидары жоқ. Қамыс пен құрақ мүлдем сиреді. Су қайтқан соң копа-қоға да қалмады. Мұрын шүйіріп қарамайтын сол қоғаның өзі теңізге әжептәуір көрік береді екен-ау! Әншейінде жолыңды кес-кестеп жүргізбейтін ондатрларын да копа-қоғамен бірге жоғалды. Жыл санап құстар да азайып барады. Үйрек пен қаз, қасқалдақ пен қалбағай, аққұтан мен көкқұтан жыртылып айырылатын көлдің сәні— құс базары еді. Оның да сикы бұзылайын деді. Аққу көрмегелі қашан? Әйтеуір мына балаларға сенсек, аққулар мекенін анау Байсейіттің тұсындағы қалың ну камысқа ауыстырған сықылды. Бәрінен де копалы көлшіктерле өріп жүретін жабайы шошқалардың құрығанын қарасаңшы.

– Өй, Момыш-ау, сенің шошқаң не айтып отырған? — деді осы мезет кеңкілдеп күлген Тоқан. — Одан да балығынды айтпайсың ба? Біресе андатыр, біресе мысық демей, әлде қартайайын дедің бе?

Біз еріксіз күлдік. Тып-тыныш кешкі көл беті жанғырығып дірілдегендей. Ұсақ толқындар таңдай бедерлі құмды жағалауды жалықпай жалап жатыр. Батыс көкжиектегі әлгіндегі алқызыл бояу солғын тартқан.

– Алжиын дедің бе дегенді айта алмай киналғандайсың. Күлсең — күл. Менің жасымда толқынның жалына жармасып жүрген кімің бар, осы? Айтшы, көне! Бүкіл ғұмырымды

теңізде өткізген менін жанымды да, жүрегімді де мазалайтыны — Балқашымның мынау мүшкіл халі, ертенгі тағдыры.

— Тоқандікі әзіл ғой, — дедік біз.

— Дұрыс. Балқаштын тағдыры ешкімді де бейжай қалдырмауы керек, — деді Токан.

Қарт балықшы көкейіндегісін жеткізгенше асықты.

— Бейне көз алдымда ғайып болған суреттей. Жаланастананып қалған теңіз жыл санап ортайып барады, ортайып барады. Бір кездегі сыңсыған камыс суды бірқалыпты ұстап тұрады екен ғой. Оны қайдан білейік. Бәрін де құрттық жып-жылмағай ғып. Ондаған жылдан бері Қараталдың суын айшайға қарамай ысырапсыз пайдаланып жүр емес пе? Әркім өз қалауынша жырымдап, өр өзеннің өкпесін әбден тарылатып тастағаны сондай, әншейінде арғабағына өте алмайтын Қараталдың кез келген тұсынан емін-еркін өтесін. Бұл неғылған сұмдық! Балқашты көз алдымызда тынысын тарылатып, осылайша өлтірмекпіз бе? Бұғалық түскен Іледен келер қайыр шамалы. Ал, онсыз да суы аз, жаз шілдеде кеуіп қалар Лепсі мен Аксудың күйі бәрімізге мәлім. Әйтпесе Лепсінің күйғанындағы Қарашыған балық зауытын осыдан бірнеше жыл бұрын таратып жібермес еді.

Іргедегі Қарақұмның да бұрынғы жағдайы жоқ. Қазір балық зауытының орнында мұздатқыш цех қана жұмыс істейді. Адамдары да біртіндеп қоныс аударуда. Балқаш — Саяк бойындағы темір жол стансаларына, Үштөбенің маңындағы ауылдарға көшіп жатыр. Өзіміздің Көпбірліктің қазіргі келбеті де аянышты. Су кетіп еді, барлық ажарынан айрылды. Кей-кейде маған борпылдақ сордағы ауыл айдалада қайырлап қалған кемедей елестейді. Ең ақыры ауыз суға да зар болдық. Ертеннен қара кешке дейін шелектерімізді көтеріп, су тасыған машинаны күтеміз. Бір кезде аула сайын өз құдығы бар бүкіл ауыл тұшы суды ондаған шақырым жерден тасып ішіп отыр. Құдық біткеннің бірер жылда тұзды суға айналып кетуінің өзінен-ақ көп жағдайды аңғару қиын емес. Оны тәптіштеп қайтем. Ауыз суды тасып ішкен ауыл, сүренсіз өңірді қайтіп жасыл-желекке орамақ?! Кейінгі кезде сырқаттың да түрі көбейіп барады. Әрине, мұның бәрін ойластыру қажет. Қол қусырып отырмай, тығырықтан шығар тиімді жолды батыл іздестірген жөн. Бұған шаруашылығымыздың табысы жетеді. Ал, адамдардың мандай терімен жиналған қаражатты өз игілігіне дер кезінде дұрыстап жарату кімнің болсын жауапты парызы.

Балқаштың балығы да азып барады. Кезінде тәжірибе үшін жіберілген көксерке мен жайын көлдің байырғы балықтары саналатын сазан, қарабалық, алабұға секілді балықтарды жойып жіберді десе де болғандай. Бұл күнде бір мәселеге екіншісі ұласуда. Көксеркені құрту үшін ихтиологтар ақ балықты жіберген. Ақ балық та жыртқыштар қатарына жатады. Сондықтан іле-шала оған қарсы қаракөз жіберілген. Амал қанша, қаракөз тек қана уылдырықпен қоректенетіндіктен барлық балықтың жауына айналып отыр. Жауапсыздық пен салғырттықтың өкінішті орнын толтыру қиын-ақ.

Бір кезде маусымына қырық, елу мың тонна балық аулаған балқаштықтар соңғы жылдары ондай көрсеткіштерге қол жеткізе алмай келеді. Сазанның қырық процентке жуығы Балқаш көлінен ауланатын еді. Амал не, бұл күнде сазанның тұқымы құрып кетуге жақын. Сол секілді көгілдір көлдің бағалы балықтары саналатын ақмарка, көкбас, зор шармай, табан жыл санап азайып барады. Міне, мұның өзі баршаны ойлантуы керек. Атақты ағылшын зоологы, жазушы-анималист Джеральд Даррельдің айтқан мына бір сөздері еске түседі:

«Кез келген аң мен құс түрінің жойылуы Рембрандт, Акрополь суреттері сияқты адамзаттың қайталанбас мәдени ескерткіштерінің құрып кетуімен бірдей қылмыс». Осынау дабылды сөз ешкімді де бейжай қалдырмасы анық.

Кешегі Аралдың кейпін киген бүгінгі Балқаштың халі баршаны алаңдатууда. Дер кезінде қағылған экологиялық дабыл күн өткен сайын айрықша естілуде. Балқаштың бағын байламайық. Міне, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі ретінде көтеріліп жүрген проблемалардың ең ауқымдысы да, маңыздысы да — Балқашты сақтап қалу. Маңызды да үлкен шаралар қолға алынууда...

* * *

...Балқашқа тағы да жол түсті. Теңіз тарландары Момыш және оның балаларымен, ауыл ағасы Токметбай ақсақалмен жүздесіп, сыр ақтарыстық.

— Балқашты екіге бөлмекші болған Ұзынарал бөгетінің салынбайтынына қатты қуандым, — дейді ардагер балықшы.

— Биыл Қаратал қатты тасыды. Сонау бір жылдардағы тасқындай. Таңдайы кепкен теңіздің шөлі бір қанып қалған шығар, — деді Тоқаң.

— Иә, Балқаштың бағы байланбасыншы! — Біз де қуанышымызды жасыра алмадық.

...Жылдар аралатып Балкашка тағы да жол түсті. Көзді ашып-жұмғандай-ақ алдамшы мынау ғапыл дүние кімге мәңгі серік болған дерсің. Ескі жұртын – «қара орманын» кимай, тағдыр тауқыметін тартқан баладай елпілдеген Токан да, бүкіл ғұмырын толқында өткізген теңіз тарланы Момыш ақсақал да өмірден озыпты. Құдіреті күшті Алла тағала жарықтықтардың жатқан жерлерін жарық етіп, артындағы елін аман қылсын!

– Өйткені, уақыт – сынап. Ұстатпайды...

Уақыт – керуен. Тоқтамайды...

Уақыт – үміт. Үзілмейді...

«САҚАЛДЫ» ТЕНТЕКТЕР

(Триптих)

Автобус неге кешікті?

Күздің салқын жанбыры үш тәулік бойы үздіксіз жауып тұр. Аспан аясын тұтас тұмшалаған қаршаның қорғасын бұлты жуырырақта сейілер сынай танытпайды. Аудан орталығы Үштөбеге қатынайтын автобуска ілігу үшін іргедегі Ақиыққа жаяу-жалпылай тарттық.

Қалың тал мен жиденің ара-арасын қуалаған каска жолдың «миы» әбден шығып, езіліп кеткен. Зіл батпан ми-батпак аяқ киімінді шешіп алудан тайынбайды. Желімдей жабысады-ай. Әзірге ешқайсымызда үн жоқ. Біріміздің ізімізбен біріміз ілбіп, тырнадай тізіліп келеміз. Жеті-сегіз жастағы баласын ертіп алған келіншекті ғана танымаймын. Сірә, сырттан келген қонақ-ау... Сактай болса, еркеготай боп, бұла өскен Темірбегін әскерге шығарып салмақшы. Ал жолбасымыз Төкең – Төлеуғасым Қайшыбаев. Бүкіл ауыл, тіпті Қаратал аймағы Жаксыаға атап кеткен. Кезінде осы өңірдегі Сарыесік, Қоржынкөл секілді шаруашылықтардың іргесін өз қолымен көтерген ауыл ағасы. Пенсияда демесеніз, әлі тың. Жүріс-тұрысы ширақ. Қазір де артына мойын бұрмастан, алға тартып барады. Әлгінде күмістей аппақ мұртын ширатып тұрып, мән-жайды шегелеп ескерткен.

– Көлденен көлік күтеміз деп кешігіп қалармыз. Тек менің соңымнан еріндер. Күре жолға дейін шақырым ғана жер... Ал өзеннің арғы беті құмдауыт. Қиналмаспыз.

Осы мезетті пайдаланып, көмейге келіп қалған сауалды бердім.

– Ақиыққа келген автобус неліктен Байшегірден қайтпайды, осы? Қолайлы маршрут емес пе? Жолаушылар бүйітпәуре-сарсаңға түспес еді?

– Е-е... бұл автобусын шүү дегенде танау астындағы Байшегір тұрмак, со-на-у Балқаштың жағасынан оралып жүрді ғой. Ауданға, облысқа тек ұшақпен қатынайтын балықшылар ауылының жолаушылары әжептәуір жасап қалған-ды. Әлгі «инелігін» тұманды күз, құбылмалы қыс кезінде апталап ұшпайды. Осындайда несін айтасың, автобус – сенімді көлік. Төрт-бес сағат, ұзаса алты сағаттық жол. Жанның рахаты. Ал тас жол түспеген анау бір жылдары Қараталды жағалаған бұлың-бұлың, ойлы-қырлы құмды жол аудан орталығына он-он екі сағатта есінді тандырып, зорға апаратын еді.

Сауалыма жауаптын қысқа қайырылмайтыны аңғарылды. Қара батпақты тобықтан кешкен Төкеңнің сөзін еріксіз бөлдім.

– Төке, ол күндер ұмыт болып барады. Шет жағын біз де көріп, бастан өткіздік. Қызыл шарфты Володканың (Фамилиясы есімде жоқ. Ауданнан аптасына екі рет пошта таситын шоферды күні бүгінге дейін біздің ауылдың үлкен-кішісі осылай атайды) брезентті жүк таксиімен түн қатып, түсіміз қашып талай рет сабылғанымыз бар.

– Иә... Көп өзгеріс, көп жаңалық болып жатыр де, – әңгімеге бір бүйірден Сактай қосылды. – Теміржанды жиырма күннің ішінде үш мәрте шақырып, үш мәрте қайтарды емес пе. Ендігі айтқан «отправкасы» – ертең екен.

Сактайдың сөзінің соңы күбірге айналып кеткендей. Үні де күмілжіңкіреп естілген. Суық жанбыр әлі себелеп тұр.

– Тағы да жыладың ба? Әскерге бара жатқан жалғыз мендей. – Темірбек шешесіне жақтырмай қарады.

Төкең айтқан «қиямет-қайымнан» өткеннен соң, Ақиыққа да келіп қалдық. Кіре берістегі қос шатырлы үйдің алды – қалың нөпір. Аялдама осы екен. Жауын астында бүрсең қаққан кішкентай балалар үй іргесіндегі қалтарысқа қаздай тізіліпті. Ал шаштарын тақырлатып алғызған екеуді қоршаған топ көңілді-ақ. Достар құшағына бір-бір сүңгіп шыққан Темірбекті шешесі қақпақылдаған күйі окшау шығарып алды. У-ду... Бір өлеңнің басы, бір өлеңнің аяғы... Қойыртпақ хор.. Гитараның темір ішегін дамылсыз сабалаған ұзынтұра (аяғын әрен басып тұр. Онысы аздай қасындағы «акбақай» аяғындағы аппак туф-

лиге жанын ашиды-ау) жеңінің ішінен сумаң еткізіп қырлы стаканды ұсынды. Ол қакалып-шашалған бойы стаканды бетіне төңкере берді. Осы сурет әлденеше қайталанды. Жалғыз стаканның «қонақ» болмаған аузы қалмаған шығар...

– Автобус! Ә-не, ав-то-бус...

– Автобус келді.

Өре көтерілген үлкен-кіші автобусқа ұмтылды. Әлгі «көңілді» топ автобустың артқы қапсырма есігін күшпен ашып, ішке лап қойды. Қайсыбірі кабинаға асылған беті шофердың құлағына әлденені «құйып» жатыр. Жасы жер ортадан асқан тарамыстай қатып қалған жүргізуші «ладно... только быстрее...» деп, басын қайта-қайта шұлғи береді.

– Водитель! Тек біздің команда болмай қозғалмайсын.

Отырған орнында жүрек жалғаған жүргізушінің аузы бос емес. Үйреншікті әдетімен тағы да бас изеді. Автобустың артқы жағынан шөлмек пен стаканның салдыр-гүлдірі естілді. Жаңбыр моншақтары автобус әйнегін дамылсыз шертеді. Күнұзаққа сарғайған жолаушылар одан бетер тыпыршиды. Сөйтсе де ешқайсысы «тентек су» ішіп алған жастарға үндемеді. Дүркін-дүркін өзді-өзімен ұстасып қалып отырған олар сөзге құлақ асса жөн. Әлден уақытта барып, шыдамы таусылған Сактай үлкендік білдірді:

– Қарақтарым-ау, автобустың ішінде арақ ішкендерін ұят емес пе? Үлкен-кіші отыр демейсіңдер. Одан бұрын автобусты тоқтатып, жолымыздан қалдырдыңдар...

Әлгі «көңілді» топ шулап қоя берді. Тосылар ешқайсысы жоқ. Жағаласудан да тайынбайды. Сөздері түйеден түскендей, дүңк-дүңк:

– Шешей, қайда асығасын.

– Арақ ішпегенде ше? Біз үшін үлкен оқиға...

– Әскерге кетіп барамыз.

Сактай қайтып ләм-мим ауыз ашпады. Әйтеуір кезекті шөлмек терезеден «шыққанда» барып, автобус қозғалды. Бірақ... Ауылдан ұзамастан автобусты екі жерге тоқтатып, тағы да «жолашар» жасаған шығарып салушы данғаза топ достарына өздерінше «сәт сапар» тілеген. Көк өрім жастардың қылықтарына төзімі біткен Төкең даусын көтеріп, орнынан тұрды.

– Соғысқа кетіп бара жатқан жоқсыңдар ғой. Осындай да дәстүр бола ма екен? Үлкенді сыйлап көрмеген өнкей тентектер. Тәртіп қайда, мәдениет деген бар ма өздеріңде? Автобусты бөгемей, қалыңдар! Не бітіріп шалқактайсыңдар. О

несі, сендердің жастарында сыз жастанып, қан кешкенбіз. Бораған октың ішінде жүріп, туған отанды жаудан қорғаған едік. Ал бұлардың сұрқы мынау. Әлде жаспын дейтін шығарсындар түге. Қайдағы... қайсыбірің әке емессіндер ме, осы. Өншең сақалды тентектер.

– Ой-хой! Ақсақал, біз армияға кетіп барамыз, – деді тықыр бастың бірі батылданып.

– Е... е... Берікжан-ау, сенің шілдехананда мына мен таңға дейін өлен айтып, әкеңмен бірге қуанған едім. Енді, міне, ер жетіп, жағаласқан түрің мынау. Әлде әскерге барып-келіп жатқан басқа жан жоқ па, – деді Төкең сәл сабасына түсіп.

Қателіктерін түсінді ме, әлде тектен-тек сабылғанды жөн санамады ма, шығарып салушы «көңілді» топ суық жаңбырдың астында қол бұлап қала берді.

...Жол апшысын қуырған автобус енді ғана бауыр жазған. Салонда да тыныштық орнады. Оқта-текте ғана артқы орындықтағы екеудің өзара тәжікелескені естіледі. Ащы судың буы.

Жанымдағы Төкенді әңгімеге тартудың қыбын таба алмай, көз қиығымен жүзіне ұрлана қараймын. Қаршыға қабағы түсіңкіреп, тым түйіліп кеткенге ұқсайды. Тотыққан өнінен әдеттегі жадыранқы да жайдары шырай сезілмейді. Ойлы жанары – таспадай тілінген тас жолда. Көңілі – әлем-жәлем. Жастардың іс-әрекеттері мен қылықтарына қарны ашып отыр.

Бір кезде ол бүкіл денесімен бұрылып, көкейіндегі ойын қалдырмай айтты.

– Әлгінде ішке бүгіп қалған жайды айтпасқа болмады, қарағым. Қазіргі жастардың арасынан аяқтарын алшаң-алшаң басатындарын көріп те келесін. Автобус әуелде балықшылар ауылынан қайтып жүрді. Бірақ жергілікті тентектер жүргізушілердің бірінен кейін бірін таяққа жығып, әбден зәрезап қылған. Қазір ешқайсысы аяқ баспайды ол жаққа. Осының кесірінен иек астындағы Байшегірге де бармай, өуре-сарсанға салып қойғаны мынау. Жүргізушінің қашан да құрақ ұшып, құрдай жорғалап жүргені ауыл тентектерінің алдында. «Токта» десе тоқтайды, «жүр» десе жүреді. «Бір қарын майды бір құмалақ бұлдіріпті» дегендей, тентектікті «өнер» санайтын бірлі-жарым жастардың оғаш мінездеріне қынжылатынымыз бар, қарағым...

Айдау жолдан бұрыла берген автобус сорабы әбден қазылып кеткен сүрлеу ізбен шоқактап өтіп, Қоржынкөлдін орталығы Ақжар ауылына келіп еңтігін басты. Мұндағы аялдама да жанағы Ақиықтағыдай дүкеннің алды екен. Ешқандай белгі, я болмаса орындық жоқ. Үйме-жүйме жұрт. Ай-шайға

карамастан баса-көктеп автобуска кіріп жатыр, кіріп жатыр. Шан-шүн...

– Қайда ентелейсіңдер. Резиналы автобус емес қой, – деуі мұн екен, шоферға дүрсе қоя берді.

– Молчать, водитель!..

– Біз қазір жолдан түсіп қаламыз. Достарымыз әскерге кетіп барады.

Сонымен не керек, «әскерге кетіп барадының» екінші сериясын үн-түнсіз көруге тура келді.

Сақтай әлгіндегідей «белсенділік» көрсеткен жоқ. Төкен өзін-өзі тежеп отыр. Ал, жүргізушіде боса-болмасын үн жоқ, тек екі қолы рульде.

Бәрінен бұрын бұл жолы мас болған жігіттермен қоса қызарактаған «өр дауысты» балаң қыздарды көріп, бас шайкадық...

Талма түсте шыққан автобус аудан орталығына інір қараңғылығы қоюлана ілінді-ау. Тұс-тұстан жамырай жарқыраған қала шырақтары «неге кешіктіңдер» дегендей, жымындайды. Төрт сағаттық жолға бақандай сегіз сағат жүрген автобус соңғы аялдамаға мандай тірегенде барып, «уһ» дедік.

Той шырқын бұзған жұдырық

Тамыздың тамылжыған түні. Әдеттегі күндердің ешқайсысына ұқсамайды-ау. Шар табактай балқып көтерілген Ай тас төбеге ілінгенше бір сембейтін мәшине, тракторлардың дамылсыз тырылы пышак кескендей тыйылған. Теріскейден күнгеіге қарай жамырай кесілген Құсжолы ауыл аспанында керіліп жатыр. Мүлгіген тыныштықта қол ұстасқан жастардың күміс күлкілері ауылдың бірде о шетінен, бірде бұ шетінен естіліп қалады. Әр ауладан шыққан шок-шок қыз-жігіттер ерекше жайдары. Тобын жазбаған жастар үйлену тойына тағатсыздана асығады. Шаруашылық жұмысшылары Шәлен мен Айнагүл бас біріктіріп, отау тікпек. Көңілі де, пейілі де көл-көсір. Жас шаңырақ иелерінің аттарына айтылған жылы лебіз – жақсы тілек, ыстық ықылас. Жүректер лүпілі... Бірі шырайлы сөзбен, бірі әсем, енді бірі тәтті күймен жеткізгісі келеді-ау. Микрофоннан төгілген әдемі әуез жан тербейді. Әлгінде ғана «Той жырын» шалқытқан бейтаныс дауыс... «Ел іші – өнер кеніші» деп бекер айтылмаса керек. Мақпал түнде шырқалған әсем әуен әркімді-ақ құлай ынтықтырған, бөлекше сүйсіндірген.

Желсіз түнде жарық Ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай
Тасыған өзен гүрілдеп...

Кенет қанаты қайырылған кептердей әдемі әуеннің шығандап көтерілместен, кілт үзілгені... Тұңғыық ойға шомылдырған жанағы ғаламат бояу, тамаша сурет те ізім-ғайым жоғалған. Жан түршігерлік ащы дауыс той дастарқанында отырғандарды еріксіз елендетті. Жалт-жұлт ойнаған мөлдір жанарларға лезде үрей ұшқындары ұялап қалғандай. Аңтарылған кейіпте дауыс шыққан жаққа көз сүзген. Іле-шала қорқынышты дауыс және қайталанды.

— Ойбай-ай!... Ұстасандаршы тентекті!

Жалбарына естілген қырылдаған үнді бұл жолы жиналғандардың көбісі жазбай таныды.

— Бекет қой, мынау!

— Иә, не болды екен?

— Аста-пыр-ал-ла-а... Аман ба?

Ойламаған жерден тойдың шырқы нілдей бұзылды. Қол ұстасқан екі жасқа тілек айтқан үйме-жүйме жұрт енді, міне, ағыл-тегіл жылаған Күләйханды жұбатуда. Сойылға жығылған Бекет ес-түссіз сұлық жатыр. Кеудесі сырылдап, ауыр тыныс алады. Өне бойын жуған қара қан ақ көйлектің жағасын, омырауын бояған. Судай жаңа костюмінің ұйпа-тұйпасы шыққан. Бет-аузы адам танығысыз, гүп боп ісіп кеткен. Зор соққының әсерінен ерні жырылыпты, дір-дір етеді. Қосағының қиналған жүзін көрген Күләйхан көз жасын тыя алмады. «Не жазып едім»... — дей береді. Абдыраған топ та енді-енді ғана оқиға жайын сұрасқан.

— Сойылға жыққан кім, өзі?

— Барып тұрған айуандық емес пе?

— Арыстай азаматты теректей сұлатып... Апыр-ай, десеңші. Қазіргінің жастары не боп барады, а?!

Бекетінің мүшкіл халін көрген Зылиха әжей де аһ ұрып, отырған орнынан тұра алмайды. Тойға келген дәрігерлер бәйек болып, жедел жәрдем көрсетуде. Жалма-жан ернін тігіп, екі мәрте «пенициллин» шанышты да. Айтуларынша, қатты тепкіден екі бүйрек зақымданған.

Кешке жиналғандардың дені тойдан емес, таң қылаң бере Бекеттің үйінен тарасты. Ауру сәл саябырсып тыншыған сәтте, мен де сыртқа шықтым. Түн түнлігін түрген боз ала сәуле сібірлеп келеді екен. Көк күмбезінде жамыраған жүл-

дыздар да сиреген. Әр жерде шашыраған саяк шырақтар ғана жарқырайды. Әлгіндегі бірінен соң бірі күйқылжыған ән де естілмейді. Зілмауыр ойдан арыла алмаған күйі ауылды как жарған көшеге түстім. Көз алдымнан үн-түнсіз сұлық жатқан Бекеттің кейпі кетсейші. «Желөкпе жас өспірім емес. Шаруашылықтың жауапты басшыларының бірі. Бар кінәсі – кызып алған Төреханға өзімсініп басу айтқаны. Сол-ақ екен, ай-шайға қарамай, ауласы бір көршісіне «сақалды» басымен жұдырық нөсерін жаудырған. Сонда, бұл қалай, кеудені кернеген нендей кек? Жок... Екі-үш баланың әкесі болғанша ұшып-қонып жүрген, басбұзар тентектің тура өзі ғой...»

Аласапыран ойлар сені... Тағы да артыма қараймын. Таң алагеуімде ұзын көшенің басындағы қатар тұрған шатырлы қос үй тіпті зорайып көрінген еді. Бірі – Бекеттің, ал екіншісі – Төреханның үйі.

Шақырылмаған қонақтар

Шарапия шешей кешкі асты дайындай жүріп, күндегі әдетінше бір шелек суды да ысытып қойған. «Келген бойда жеңіл жуынып барып отырса, сергіп қалар, күнім... Қарғадай болған жаным, титықтап-ақ біттің. Ұйқысы да шала».

Жападан-жалғыз күбірлеп жүріп тоқал пештің астындағы шокты да әлденеше мәрте қузаған. «Тамағы суып қалатын болды-ау. Кешікті ғой өзі. Пәле-жаладан сақтай гөр, алла. Әлгі тырылдақ мәшинесі бір жерде шокиып қалмаса жарар...»

Шөп шауып жүрген механизаторларға жанар-жағармай таситын Дәрияш шаруашылықта ашылған жүргізушілер курсы бітірді. Қағілез қыздың талабына бүкіл ауыл қуанған. Қараталдың арғы-бергі жағында «темір тұлпар» мінген жалғыз бәйшегірлік Бижан ғана болса, енді міне, оның қатарына Дәрияш қосылды. «Қос қарлығаш» атанып кеткен олар ауылдың кез келген механизатор жігіттерімен иық тіресе алады. Маусым таңдамастан шаруашылықтың сан салалы жұмыстарына қатысып жүр. Зейнетті енбек жемісті де. Өз тобынан оза шауып, бәйге алып жүргендердің арасынан темір тұлпар тізгіндеген қос құрбыны да көресің. Бәрінен бұрын кенжесінің есімін ел аузынан естігенде, Шарапия шешей жүрегі жарылардай қуанады-ау. Көңілдегі бір кездегі күпті ойлардың қазір бірде-біреуі жоқ. Қайта «мәшине жүргізу қыздарға жарасады екен» дегенді шығарған.

Байыз тауып отыра алмаған ол көшенің қарсы бетіндегі үлкен ұлы Шағайдың үйіне бас сұққан. «Әже, әжелеген» кіш-

кентай немересінің жанында аз-кем бөгеліп қалғаны. Ауладағы бензовозды көріп, сүріне-қабына келсе, Дәрияш маймай болған қолы-басын жуып жатыр екен. Ас үйдегі жайылған дастарқанды көріп, «әкем-ау, бөгеліп-ақ қалғанмын ба?» деді өзіне-өзі.

Табадағы қуырып қойған қуырдақтан бір түйір де қалмаған. Үстел астында теңкиіп-тенкиіп жататын үш-төрт қарбыз тегіс жарылыпты. Тіліп-тіліп қойған күйі, тіпті желінбеген. Төрт-бес қасық, сонша шанышқы... қалай болса, солай шашылып жатыр. Аң-таң қалыпта дастарқанды жинастыра бастаған Шарапия шешей төрдегі көрпешенің үстінен арақтың босаған екі бірдей шөлмегін көріп, одан бетер мазасызданды.

– Дәрияш-ау, сенімен бірге үйге келгендер кімдер?

– Жеткен бетім осы, апа. Жол-жөнскей «Фрегатқа» Қобайға солярка апарып, кешігіп қалғаным. Жиналмаған үстелге қарап, үйге біреу-міреу, қонақтар келген-ау деп ойладым. Соларды шығарып жүрген болар дегем де қойғанмын, – деді Дәрияш та абдырап.

Ана мен бала қас-қағымдағы «қонақтарының» кімдер екенін біле алмай, үн-түнсіз ұзақ отырды.

«Бұл – Шарапия апайдың апақ-сапақта үйден шығып кеткенін байқаған ауыл тентектерінің қылығы».

Екеуі де өз ойларын осылайша түйіндеген.

– Қой, құлыным. Қарның шұрылдап, қалай жатасың. Қайтадан жеңіл-желпі кешкі тамақ дайындап жіберейін, – деді Шарапия шешей жымып.

– Қайран, ана көңілі-ай, алып-ұшып жүргені. Жөн-жосықсыз қабақ шытуды да білмейсің. Менің замандастарымның және бір оғаш мінезіне ренжудің орнына, күлесің, – деді Дәрияш қынжылыңқырап.

Бұл кезде жарқ-жүрк ойнаған көше шырақтары ауыл аспанын жарқыратып жіберген еді.

Амал нешік, «шақырылмаған қонақтардың» көз алдына жоғарыдағыдай көріністі елестететін ұсақ-түйек іс-әрекеттері мен келеңсіз қылықтары бірде ана көшенің, бірде мына көшенің бойынан естіліп жатты. Әдептілік пен әділетті білмеген жастар өздерінің қылмыс жасап жүргендерін аңғармағаны өзге жұртты қынжылтады. Өйткені қылмыстың, бұзақылықтың, дөрекіліктің үлкен-кішісі болмайды ғой. Ең ақырында «шақырылмаған қонақтар» иесіз сатушының үйінде болып, мемлекеттің мындаған сом ақшасын «оп-онай» ұрлап кеткен жерінен ұсталды. Түймедейден басталған түйедей істің иелері

де ауылдың «сақалды» тентектері екен. Ал бұған неге қын-жылмассың?...

* * *

Ауыл ағасы Төкең-Жаксаға айтқан «сақалды» тентектердің өрескел іс-әрекеттері мен оғаш мінез-қылықтары еріксіз толғандырған. «Арынды — жасыннан сақта» демей ме дана халқымыз. Осынау жалғыз ауыз сөздің аясы өте кең. Қазіргі кейбір жастар жете мән бермейтіні де белгілі. Соған айғақ болар замандастарымыз бойынан арагідік кездесетін жоғарыдағы жайлар толғандырып қана қоймай, түнғиық ойға шомдырған-ды. Ақырында, қолға қалам алдык. Бірақ... Жаксы нышандарды баяндаудан бұрын, көленкелі жайларды тізбелеп жазуға тура келді. Бәрінен де бұрын, осынау көріністердің бірер ауылға ғана тән еместігі, көптеген жерлерден ұшырасатыны анық. Қазіргі кейбір жастар бойындағы жат қасиеттерді көзімізбен көріп, құлағымызбен естіген мезетте тағы да көкейге ұлы Абайдың «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық — аздырар адам баласын» деген көрегендік орамдары оралады-ау.

Мәнін мәңгі тот баспас асыл сөздің астарына теренірек үңілейікші...

«ҚАЙДА ЖҮРСІҢ, БАЛЗИЯ?..»

Кекілі мандайына түскен үш жасар құлдырандаған қыз қолынан шығып кеткен доп сонынан жүгіре жөнелді. Қанша қуса да, қызыл доп жеткізер емес.

— Жайнагүл-ау, Жайнагүл...

Ол шешесінің дауыстағанын да естіген жоқ. Шашы желбіреп допты әлі қуалап барады. Енді жетіп ұстай бергенде көшенің бұрылысынан үстінде бес-алты адамы бар жүк машинасы шыға келді. Осы сәтте қызына жете алмаған кейуананың ащы өксікті даусы шықты.

— Өлді-ау, құлыным, — деген ол сүріне-қабына қызының үстіне құлай кетті.

Машина да тоқтап үлгерді. Бала мен ана аман қалды. Табан астында жиналған жұрт қолы-басы май-май қапсағай денелі орыс жігітінің арқасынан қағып, жарыса алғыстарын жаудырып жатыр.

— Жарайсың, жігітім!

— Аман қалғанын қарашы...

— Мәшиненің астына кіріп кете жаздады-ау...

– Жарайсың!

Өз ісіне өзі риза кейіптегі жүргізуші күліп тұр. Кішкентай қыз не болғанын білмей аң-таң. Мөлдіреген қаракат көздері жаутаң-жаутаң етеді. Есін енді жиған шешей оған ұрсып жатыр.

– Жүрегімді жарып-ақ біттің. Бұдан да қаңғып өлгенін жақсы еді.

Жайнагүл ештеңені түсінбеген. Айнала-төңірегіне үркектей қарайды.

Көзіндегі жас тамшыларын тыя алмастан бейкүнә сәби анасының құшағына келіп тығылды. Бұлтсыз күнгі өткінші жауын тәрізді ана ашуы да лезде басылған. Әсіресе, жүргізуші жігіттің қазақша сөйлегеніне қайран.

– Апай, бала біткеннің бәрі осы. Текке налымаңыз.

Ауыр машина орнынан ыныранып әрең қозғалды. Артына қою шаң қалдырған машина ұзап кеткенше бала мен ана көз айырмай тесіліп қарап тұрды.

Рульдегі жүргізушінің көзі алда, ойы артта. «Қарт ана неге сонша налыды? Немересіне таусыла ренжігені несі?! Жүзінде мұң бар секілді...»

Бейтаныс жолаушы шын мәнісінде көп жәйден мүлдем хабарсыз еді...

* * *

Ал менің есіме бұдан бірнеше жыл бұрынғы оқиға түскен. Балзия мектепті бітірген жылы Балқаш қаласындағы медицина училищесіне оқуға түсті. Ол училищені бітірген жоқ. Бірінші жылының жазына жетпестен оқуын жалғастырмай, Аралбекпен тұрмыс құрды. Балзияның бұл әрекетін әке-шешесі де, тіпті бүкіл ауыл адамдары да жаратпады. Аралбек жетінші кластан кейін оқуды тастап кеткен. Қаршадайынан баукеспе бұзық атанып, жаман аты бүкіл Сарыесік атырабына жайылған. Әрі өзінің Балзиядан төрт-бес жас үлкендігі бар.

Бірақ Балзия: «Мен өмірімде бір адамды ғана жан-тәніммен сүйемін. Өлсем де жақсы көріп өтемін. Мен үшін дүниедегі ең қымбат асыл жан біреу. Ол — Аралбек» деген.

Дәрменсіз жұрт дүрлігіп-дүрлігіп қойысқан. Аралбек Балзияны жетпіс шақырым жердегі Саяқ руднигінде тұратын әке-шешесінің қолына апарды. Келінші болған кемпір-шал мәз-мейрам. Қуаныш-қуанышқа ұласты, жарық дүниеге сәби келді. Сондағы қарт ата мен ананың қуанышын айтсаңшы. Олар тұңғыш немерелерінің атын өмір бақи жайнап жүрсін

деген ниетпен Жайнагүл койған. Аралбек болса шахтада жұмыс істейді. Жұмыстан кейінгі ермегі – Жайнагүл. Осылайша жас отау иелері қыздарын қолдарынан түсірмей мәпелеп аялады.

Алайда бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Сүттей ұйыған отбасының бақыты дауылды күнгі теңіздей бей-берекеті шықты. Бәріне кінәлі Балзияның ата-енесі. Неге екені белгісіз, оларға Балзия ұнамай-ақ қойды... «Отырса – опак, тұрса – сопак» дегендей күні-түні келінін ұлына жамандаумен болды. Әке мен шеше тіліне ерген Аралбек арак ішіп келіп, ай-шайға қарамай, жазықсыз жанның басынан әңгір таяқ айырмалды. Мұндай жәйт үш ұйықтаса Балзияның түсіне кірмеген, ойында ештеңе жоқ еді. Шыдамның да шегі бар емес пе? Қашанғы төзсін. Балзия Жайнагүлін көтеріп шарасыздан өз үйіне қайтып келді. Үйден шығып бара жатқан келіндеріне қатыгез ата-ене ләм-мим тіс жарған жоқ.

Өз қолын өзі кесе ме, Балзияның әке-шешесі қос қызын құшақ жая қарсы алды. Екеуі де балалары ғой.

Осылайша күндер жылжып өтіп жатты. Ауыл ішінде Балзия туралы қаңқу сөздер көп айтылатын болды. Әсіресе, «күйеуден қайтып келген» деген сөз Балзияның әке-шешесінің шымбайына қатты батты. Олардың:

– Сорың арылмаған... – дегенін де Балзия жиі еститін.

Сол сәттерде бір түннің ішінде із-түзсіз жоғалып кетуді ойлайтын. Бірақ....

* * *

Күн сенбі болатын. Балзия өзін өте көңілді сезінді. Ән-шейіндегідей емес, ыңылдап ән айта бастады. Аузына түскені «Айтшы жаным, неге тайдың сертіннен?».. Көзіне мөлтілдеп келген ыстық жас тамшыларын аңғармай да қалды. Артынша өксігін баса алмай жылап жіберді. Осы мезетте сықырлап есік ашылды. Кіріп келе жатқан кішкентайынан тел өскен құрбы қыздары Төлеубала, Сандуғаш, Жаңыл екен.

– Бейуақытта қараңғы үйде жалғыз отырғанына жол болсын? Өзің жылағаннан саумысың? Мұның не?

Олар Балзияны құшақтап алды.

– Клубта би болып жатыр. Бізбен бірге жүрсенші...

– Апам ренжитін шығар, – деді ол құрбыларына қарап. Іле қыздар қолқалауымен киіне бастады.

Бұлар клубқа келгенде «Махаббат вальсі» ойналып жатқан. Сол-ақ екен, Балзияны бейтаныс жігіт биге шақырды.

Оның ойына бір кездердегі Аралбекпен билеген шақтары келгендей. Тура осы залда дөнгеленіп, бакыт құшағына бөленген күндері елестеген...

— Қарындас, атыңыз кім? — деді әлгі жігіт.

— Балзия.

— Ахмет.

Бір кезде би де аяқталған-ды. Онан кейін де Ахмет Балзияны биге әлденеше рет шақырды. Би соңынан оны үйіне шығарып та салды. Міне, Балзия Ахметпен осылай танысқан болатын.

Кімнің аузына қакпак боларсын. Екі әйелдің басы қосылса айтатын әңгімесі Балзия. «Ендігі жерде бұл сөздерді естімеген-ақ жөн шығар». Балзияның түйінді ойы. Ахмет те сонынан қалар емес. «Аузы күйген үріп ішер» демекші, Балзия барлық жайды жасырмай айтқан. Күйеуден қайтып келгенін де, баласының барын да білдірді.

— Өз басымды сыйласаң болғаны, — деген сонда Ахмет. — Ең бастысы мен сені жақсы көремін, жаным.

Ертеңінде Балзия Ахметті үйімен таныстырып, айыпты адамдай рұқсат сұрады әке-шешесінен. Олар:

— Бақытты болыңдар, — дегеннен басқа ештеңе айтпады.

Ахмет Балзияны Талдықорған төңірегіндегі Қызылжар ауылындағы үйіне алып келді. Кетеуі кеткен тағдыр-ай десеңші. Оны мұнда да қарт ене қабағын түкситіп қарсы алды. Алғашқы сәттен келіннің жүріс-тұрысын ұнатпай-ақ қойды.

— Шашынды ашып жүресін, тырнағынды бояйсын, — деп қыңқылдайды. Жалғыз ұлының екеу болғанына қуанудың орнына. — Қыз құрып қалғандай, келіншекке үйлендің.

Әуел баста жалынып-жалбарынып, өлердегі сөзін айтып үйленген Ахмет те шеше сөзінен ұзап шыға алмады.

— Боянуынды қоймасаң тастаймын, — дейтінді шығарды.

— Айналадағы өзіндей жастарды көрмейсің бе? — деген сөзі үшін Балзия жазықты атанып, таяқ та жеді. Соның салдарынан ауруханаға түсті. Жазылып шыққаннан кейін де кемпірдің қабағы ашылмады, кикілжіңі таусылмады. Ақырында Ахмет Балзияны үйден қуып шықты. Ол беті бүлк етпестен:

— Қайда барсаң, онда бар. Басқа қатын тауып алам, — деген сонда.

Жаманшылық жатқан ба, сірә? Бұл жайды естіген Балзияның шешесі хат жазды. «Ендігі жерде өзімізбен бірге тұра бергейсің. Қанғып қайда барасың? Мандайыңның бағы әуел-

ден-ақ ашылмаған ғой...» Кешікпей Балзиядан жауап келді. «Апа, ауылға барғанда еститін сөзім өзіңізге белгілі ғой. Жұртқа не бетіммен қарамақпын. Менің білуімше, өмірде барлық адам бірдей шетінен бақытты бола бермек емес шығар. Онда өмірдің несі қызық?! Ащысы мен тұщысы әрдайым қабаттасып жатқан өмірдің маған тартқан сыйы осы болар. Тағдыр машақаты қай жағалауға апарып соғады?.. Жұмбақ дүниенің келешекте қалайша бұлғақтарын кім білген? Бәрін де өз пешенемнен көрермін. Ендігі жерде мені көп ойламай, қолыңыздағы қыздарыңды жақсылап тәрбиелендер. Өз бейнетімнен гөрі мені Жайнагүлімнің бұлдыр болашағы көбірек алаңдатады...» Балзияның хатын оқыған кейуана екі күн құлазып жатып алды. Қолдан келер дәрмен жоқ. «Апа, неменеге жылай бересін?» дегендей Жайнагүл шешесінің (әжесінің) жасты көзін жұп-жұмсақ алақанымен сүрте береді, сүрте береді... Сәби жүрегі нені сезсін?!

* * *

...Бұл күнде Балзияның қайда жүргенін ауылда ешкім білмейді. Әке-шешесіне де хабар-ошар жазып тұруды мүлдем тоқтатыпты. Ұзынқұлақтың айтуынша: «Аяқөз асып кетіпті, тігінші боп істейді екен...» Енді біреулер: «Сібірге. Тайғаға кетіп қалыпты, ауылға көрінбейін деп». Және біреулері «Күйеуге шығыпты, жақсы тұратын көрінеді. Тағдырдың да бір мезгіл сыйлар қуанышы бар шығар...» Міне, бүгінгі таңда ол туралы айтылар алып-қашпа қауесет сөздердің ұзын ырғағы. Содан бері де жыл артынан жыл өтуде сынаптай сырғып. Ал, Балзия туралы, оның қайда жүргенін жан баласы білмейді. Ержетіп қалған Жайнагүл окта-текте шешесінен «Балзия төтем қайда жүр, осы? Неге келмейді? Бізді неге сағынбайды? Ал, мен оны сағынып жүрмін...» деп жиі сұрайды екен...

* * *

Шынында да Балзия, қайда жүрсін? Үлкен өмірде ұшырасқан қиыншылықтың жетегіне еріп кеткенін бе?

Мен сені қаршадайымнан жақсы білемін. Екеуіміз бір ауылда өстік, бір мектепте оқыдық. Алақандай Балықшы ауылында өткізген бал-дәурен балалық шағыңды әлі ұмытпаған шығарсың. Сен балауса кезіңнің өзінде арманшыл, киялшыл, әсершіл болатынсың. Тіпті өмір жайлы сан-қилы әңгіменің майын тамызып, сен айтатын едің ғой, Балзия.

«Өмірде кездесетін қиыншылыққа төзе білген адам ғана бақытты болады» дейтінсің үнемі.

Сол сөзіннің айғағы ретінде бір жайды есіне түсірейінші. Онда біз орта мектептің сегізінші сыныбында оқитынбыз. Бірде клубта кино жүріп жатқан. Далада қар жапалақтап тұрған. Аппақ ұлпа, сенің арманшыл көңіліндей. Кинодан шыққан бетте сені Аралбек ұстап алды. Удай мас екен. Қарсы сөйлеп едің, ол ұрып жіберді. Сен қалпақтай ұшып түстің.

Үсті-басыңды қағып тұра беріп едің, ол тағы да ұрды. Сен тағы да құладың. Сонда біздің сені арашалауға жүрегіміз еш дауаламады. Баукеспе бұзық бізден көп үлкен еді. Оның үстіне ішіп алыпты. Қолында пышақ. Дәрменсіз едік. Сөлбірейген бозөкпелігіме күні бүгінге дейін екі бетімнің оты шыға ұяламын. «Жағасына неге жармаса түспедім?!» Мінеки, сен осының бәрін біле тұра, кейінірек Аралбекке тұрмысқа шықтың. Біз жағамызды ұстадық. Айырылып кеткеннен кейін де сол бақытты болсын деп ойлаумен жүрдің. Өйткені сен Аралбекті құлай сүйетінсің, жан-тәнінмен сүйетінсің. Оның атына басы артық жаман сөз айтқан емессің. Тағдыр тәлкегімен екі айырылған өзендей, көп ұзамай екеуің екі жаққа кеттіңдер... Бұл күнде Жайнагүлің жүгіріп жүр... Пәк періште көңіл ештеңені сезсейші. Мен сенің қайда жүрсең де бақытты болатынына сенемін, Балзия. Себебі сен өмірге құштар едің ғой. Қиыншылықты көп көрдің. Кателестің, сүріндің. Бірақ құламадың... Тірліктің ащысы мен тұшысын жүрегіңмен сездің емес пе?! Ендеше құштар көңіл аластырмаса керек, түңілдірмесе керек.

«Қайда жүрсің, Балзия?..»

Сені іздеген жүректер әрдайым осылайша тіл катады.

ҚОҢЫР КҮЗ ЕДІ

Сонау сары ала күздің шуақты таңы күні кешегідей жатында. Сарғайып атқан сол бір қыркүйек таңында екінші рет мектеп табалдырығын имене аттағаны, күміс қоңыраудың алғашқы сыңғыры, тұңғыш сабақ... Білім қиясына құлаш ұрсам деген бүлдіршін шәкірт жүрегінің нәзік дүрсілі, пәк көңілі, мөлдір күлкісі.. Бәрі-бәрі... тіпті үзіліп түскен жалғыз тал жез жапырақтың әсерін де ұмытпаған. Түйетабан сары жапырақты оқушыларға көрсетіп тұрып, бала мұғалім Нұрлыбек өзінің ең бірінші сабағын жүргізген-ді.

– Балалар, мына жапырақ ненің белгісі?

– Күздің белгісі...

– Күздің, ағай.

Аядай кластағы оқушылар жарыса шу ете түсті.

– Тағы да осы жапыраққа байланысты нені аңғаруға болар еді? Ойланып көріңдерші.

Сәл сәтке тыныштық билеген бөлменің арт жағынан:

– Жаңа оқу жылының... – деген дауыс естілді. Бұл сөзді кластағы басқа оқушылар да бір-бір қайталаған.

– Иә, балалар, алтын күздің алғашқы танымен бірге сендердің жаңа оқу жылдарың басталады. Осы күнді қай-қайсыларың болмасын жылма-жыл асыға күтетін боларсыңдар...

– Біздің мұғалім ағай қандай жақсы түсіндіреді.

Біріншікластықтардың алғашқы сабақ әсері, алғашқы мұғалімдері жайлы шертері шексіз. Ал, олар өз мұғалімдерінің тұнғыш сабағын тыңдағанын білмейтін еді. Тек ұстаз бен шәкірт арасындағы алғашқы диалогтар әсері әр жүректерде ұмытылмастай сайраулы. Байқаса, мұның бәрі ұстаздық үлкен өмір жолының естен кетпес сезімді сәттері екен ғой...

* * *

Бұл өңірді Сарыесік деседі. Балқашқа таяу мекен тепкен бірлі-жарым ауылдың ежелгі кәсібі, тіршілік-қарекеті ертеден қара кешке шейін тесік қайық үстінде жүріп ау төгу. Танмен таласа тұрған қарттар мен балалар толқын жалында тербетілген күйі қолтық-қолтыққа төгілген ауларын ториды. Бүгінде, ертең де... Көңіл күй де бірде бүтін, бірде түтін кез – жиырмамыншы жылдар.

Ауыл шетіндегі оқшау аласа там – мектеп. Қара танып, тіл сындырғысы келетін төніректің балалары екі бөлмеде оқиды. Осы мектепті бітірген Нұрлыбек екі ұшты ойда. Өзімен бірге оқығандардың дені ата кәсібін қуып, толқын төсінде еңбек етіп жүр. Қайсыбірін күнделікті тұрмыс-тіршілік, отбасы жағдайы еріксіз жетектеп кеткенін көзі көріп, көңілі тоқып жүрген оның жүрегінің түбінде – «оқысам» деген мақсат жатты.

Арманның Темірқазығындай қияннан жарқыраған үкілі үміт бала жігіттің жанына жігер, қиялына қанат бітіргендей. Ол – өмірге деген құштарлық... Ақырында жігіт серігі – сенім үлкен жолға сәт қадаммен аттандырған да. Сол сенім 1933 жылы Еңбекшіқазақ ауданындағы Қаракөмер рабфагының есігін ашқызып, аз-паз білімнің аясын кеңейтіп, толықтыруға мүмкіндік жасады.

Төрт жылдың төрт күндей де болмай өте шыққанын жас жүрек сезбеген, аңғармаған. Балауса жастығының арманы боп ұшқан сезім қиялы заңғар биіктерге қол создырды. Рабфакты үздік тәмамдаған Нұрлыбек республикамыздағы білім ордасының тұңғыш қарлығашы — педагогтық институтқа оқуға түсті. География факультетінің студенті атанды. Өмір бақи жеткізбейтіндей елестейтін арман көкжиегі көрінгендей. Студенттік аудитория, оқу залдары мен кабинеттерінің шамдары сөнбейтін шақ. Лекциялар, пікірталастар тоғысы... Бейне-бір шексіз де, тұңғыық білім теңізі. Ал, адастырмайтын құбыланамасы — құштарлық, сенімділік. Әуелде алты класстық білімі бар бала жігіт жоғары оқу орнының бағдарлаамасын оқып, үйренуден жалықпады.

* * *

...Ұстаздық жолын туып-өскен Сарыесік ауылының мектебінде бастаған Нұрлыбек жас жеткіншектер тәрбиелеу ісіне аса жауапкершілікпен қарауды басқа мұғалімдерден де талап етті. «Біз жас ұрпақты тәрбиелеп өсіретінімізді есімізден әсте шығармауымыз керек. Мұғалім бойынан шәкірт іздер тамаша қасиеттер мол табылып жатуы тиіс». Нұрлыбектің пікірлеріне қайшы келіп, жас мұғалімнің аяғынан шалушылар да кездесті. Олардың бірі «әлі баласың» десе, енді бірі «бізден-ақ хариіп танып едің ғой» деп жүрді.

Мұғалімдік алғашқы айлар... Қиыншылықтар мен қуаныштар.

— Нұрлыбек, ұстаздық жолында тек табыс тілейміз, — деп өз қателіктерін түсінгендер де болды.

Онан дейін де айлар соны жылдарға ұласты. Кешегі бала жетіжылдық мектепте оқу ісінің меңгерушісі. Тәжірибе жинақтаған, ысылған мұғалім тәрбие жұмысын негізгі мақсат етті.

...Қырық бірінші жыл. Ауылдың ер-азаматтары майдан даласына толассыз аттанып жатты. Сабақ тоқталған жоқ. Нұрлыбек өз шәкірттеріне Отанын сүюге, оны ерлікпен қорғауға қашанда әзір патриот болып өсуді барынша үйреткісі келді. Әкелерін, ағаларын, туған-туыстарын батысқа шығарып салған бүлдіршіндердің жасымауын ойлаған ол әр сабағында адамдардың ерлігін, оның әділ ісін түсіндіруді негізгі міндеті санаған.

Кешікпей ауыл балаларының өз ұстаздары Нұрлыбекті

де майданға шығарып салу кезегі келді. Шәкірттерінің жасты көздерін, сынық жүздерін көрген ол кайраттана сөйлеген.

— Жыламаңдар, сүйікті менің шәкірттерім! Еңсслерінді түсірмей, сабақтарыңды жақсы оқыңдар. Толарсақтан саз кешіп, түн катып жүрген соғыс даласындағы әке-ағаларын үшін ерінбей еңбек етіндер. Сөз жоқ, жеңіспен ораламыз!..

Мұғалімдерінің бұл сөзі бастары салбыраған оларды аз сәтке болсын жадыратып жіберген-ді.

— Жеңіспен оралыңдар, ағайлар!

Бар жүректер осылайша соққан еді.

* * *

Күмға іліккені сол еді, машина дауысы өзгеріп сала берген. Ышқына ызылдайды. Иір-иір күм толқындарын кешіп келеді. Бірін-бірі жалғаған күм жалдары да таусылар емес. Арагідік бұтадан бұтаға жорғалаған батбаттан басқа қыбырлаған кездессейші. Оның өзі күмға сіңген бойы қалып жатыр. Күнұзаққа аяқ-қолы бірдей тыным көрмеген шофер жігіт бұраландап жетектеп келе жатқан жолдан көз жазбастан қатып қалған. Әлде мына қапырықта күмда тұрып қалмауды ойлап келе ме? Әйтеуір, өзімен-өзі ой құшағында. Жанындағы жолаушы серігін де енді байқағандай. Көз қиығын тастаған болды. Ұстазының осы сәттегі жүзінен ой толқындарын жазбай аңғарды. Не ойлап келе жатқанын да өзінше топшылады.

— Нүреке, бір мезет балалардың айқай-шуынан жалығатын да шығарсыз, ә?..

— Әй, Тілеу-ай, қазір де солардың ортасына жетуге асығып келем емес пе.

— Дегенмен де, ұстаздың да ұстазы бар ғой, аға. Сіздердей ғұмырын тек жас жеткіншектер тәрбиелеуге арнаған ақ басты ұстаздар некен-саяқ. Көп ретте мұғалім біткеннің бейнесі шәкірт жүрегінде ұзақ сақталмайтыны да белгілі. Өйткені «сүйікті менің ұстазым» деген сөзді кім-көрінгеннің аузынан ести бермейтініміз де жасырын емес...

Нұрлыбек ағайдың көзінде қуаныш, көңілінде — жана оқу жылында күмбірлер алғашқы қоңыраудың күміс даусы.

...Көлеңке басы ұзарған шақ. Бір белден бір бел асып құла дүзде соңына будак-будак шаң қалдырып, жалғыз машина зулап барады. Машинадағы екеудің бірі — мектеп директоры Нұрлыбек Исаев, екіншісі — шәкірті Тілеу Секімбаев. Екі жүз шақырым шалғайдағы аудан орталығы Үштөбеде өткен мұға-

лімдер мәслихатына қатысқан олардың жүрісі тым асығыс. Өйткені ертең жаңа оқу жылының алғашқы күні болатын.

Иә, жүректер қашанда асығулы...

* * *

Көптен күткен жеңіс минуты миллиондар жүрегіне қуаныш көгершіні боп қайта қонақтады. Көгілдір көк күмбезінде сүйінші сұрап ақ көңілдей ақша бұлттар қалқиды. Қауышқан құшақтар, сағыныш саздары... Соғыстан қайтқан солдаттар бейбіт еңбек майданының көрігін қыздыра келді. Бүлдіршін сәбидің сынық жүзінде, ойлы көзінде күн күлді жарқырап. Өз ұстаздарын асыға күткен олар күнді-күнге жалғанған. Бірақ...

Мыныншылардың бірі болып майданнан оралған Нұрлыбек Лепсі станциясында қалып, жұмысқа орналасты. Туған жердің қасиетті топырағын басқанына қуанышты, әйтеуір. Төрт-бес жыл жауапты қызметтерде істеген ол шәкірттер ортасын ансаған. Сол думанды ортаға оралды да. Аудандағы М.Горький атындағы, Абай атындағы, «Ерікті» орта мектептерінде директор болған Нұрлыбек Исаев өзі оқып, ұстаздық жолын бастаған Көпбірліктегі орта мектепке директор болып оралды. Есімі ұрпақтар жүрегіне ұялаған ұлағатты ұстаз. Оқу ағарту ісінің үздігі басшылық ететін мұғалімдер ұжымы тұтастай өзінен дәріс алған бір кездегі шәкірттері.

Ал, Нұрекеннің оқушыларын республикамыздың көптеген нүктелерінен кездестіресін. Олардың мамандықтары да сан қырлы — инженер, ғалым, жазушы, дәрігер, мұғалім, агроном... Басшылық қызметтерінде жүргендері қаншама. Олардың аттарын тізбелемесек те осы әнгімені оқып отырып «бұл—менің ұстазым» дейтіндердің әр жерден табылары сөзсіз....

* * *

Шығыс жақты қызыл арайға бояп, Күн шығып келеді. Сауылдап жез жапырақтар түсіп жатыр. Календарьдың таллай беттері паракталып жеткен сары күз. Әлдеқайдан құстар сұнқылы талып естіледі. Көз ұшында қайтқан құстар тізбегі. Әдеттегіше ерте оянған ұстаз сүйікті думанды ортасы — мектепке асығып барады.

Күлгін түсті жез жапырақтар түсіп жатыр. Сыңғыр-сыңғыр... Бұл өзі ансаған қоңыр күз... Кәдімгі қараша күз еді...

МЕНІҢ ҚАРАТАЛЫМ

Менін Қараталым! Сені ойға алған сәтте жанарыма сылаңдаған сұлу лидарың жетіп келеді-ай. Есімде мәңгі өшпестей кашалып, бедерленген бейнең мың құбылып, мың түрленіп құдды бір кемпіркосақ жолағындай көз алдыма керіліп тұра қалады. Ұшар басын сенгір-сенгір таулардан алып, тыпыршыған асаудай ілгері асыққан ақ көбік жалды толқындарың со-на-у қиырда шалқыған көгілдір Балқашын құшырлана сүйіп барып тыншиды. Күндіз — күміс, түнде — алтын боп ағатын ұлан жолында талайдың шөлін басып, талай жердің нәрін ашып, талай-талай құт-берекелі бел-белестерді басып өтеді. Қос жағалауын оқалы тондай көмкерген жыныс тоғай, нілдей тұнған көк-жасыл ну мен толқындардың майда лебімен-ақ дір-дір етер балқұрақтардың сыбдыры құс базарының думанына ұласып, ғажайып күйге бөлері сөзсіз. Үлкен өмірдің жұлынындай мәңгі тіршіліктің қан тамырындай тартылған Қараталымның лүпілі мен сынғырлап күлген керім келбетін де, жүрек шіркін, жазбай көреді-ау. Иә, мен суретші емеспін. Сөйтсе-дағы қисапсыз бояуға шомылған кіндік қаным тамған туған жерімнің, бұлғақтап өскен, өбектей өнген өлкемнің ажарын сұйылтпай тамаша картинасын санамда өзімше кескіндеймін. Жадыда жатталған, есімде шимайланған суреттер нобайы да қилы-қилы. Өмір өрмегі боп өрілер сырлы қызықтар мен бейнелі бедерлер бірде алаңсыз балалығынды, бірде жарқылдаған жастығынды, енді бірде аңқылдаған байсалдығыңды тұлғалайтыны және рас.

Менің Қараталым! Осынау сөздер тіліме оралған сайын әлгінде ғана атамекенімнің әсем полотносын өшпестей айшықтауға құлшынған күйсандық көңілімнің бөлекше күмбірлегенін қайтерсіз. Жанарымда мөлтілдеген суреттер әуезді өн салып тұрғандай. Құлақ түбінде жаңғырған сиқырлы да сағынышқа толы саз там-тұмдап жетіп жатқандай, жетіп жатқандай. Неткен ғажап әуез. Бүкіл дүние сырлы үнге бөленгендей. Иә, мен сазгер емеспін. Әйтсе де әлдеқайдан үзіліп, талып естілген әдемі әуенді сезімтал жүрек өз құндағына аялап бөлегендей ме, қалай? Бәлкім, ол — сынғырлап күлген, сықылықтап ойнаған Қаратал толқындары шығар. Шағаласы шаңқылдаған көгілдір Балқашымның сынсыған камысы мен балауса құрағын мекендеген құстар әні де танды таңға жалғар думанды шағы-ау. Қанаттылар базары ұлан жазға әсте толастамайды ғой. Көк күмбезінде де, көгілдір айдын төсінде

де қалқыған, қалықтаған тамаша әуен. Жер түбінен жеткен сағынышты сазды жан-дүниенмен тыңдай бергің келеді, тыңдай бергің келеді. Тұла бойынды шымырлатқан туған жер әуендері еріксіз көмейіне кептеліп, өзіңнің де қалай ыңылдап ән салғаныңды аңғармайсын-ау...

Менің Қараталым! Алтын ұям — алтын бесігім. Жырақта жүрсем де сен менің жанымда секілдісің. Есіме алған бетте жұдырықтай жүрегімнің бір бұрышында мәңгі өшпестей сақталған суретің мен әсем әуенің жыр боп төгілері тағы да ақиқат. Иә, мен ақын емеспін. Сөйтсе де мен өзіңнің дархан дидарыңды, қараталдық жерлестерімнің жарқын істерін өмір бақи кара сөзбен кестелеп, өзегімді жарып шыққан ыстық лебізімді селдетерім даусыз. Өйткені қазақ жырының абызы Әбділда Тәжібаев:

— Сүйсе Гейне Рейнесін,
Жазса Тарас Днепрді,
Жазса Пушкин Еділді,
Неге маған жырламасқа
Сырда туған елімді, —

деп ағынан ақтарыла жар салғаны барша Алаштын есінде. О шетінен бұ шетіне ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген құланның тұяғы тозатын ұлан-байтақ Қазақ елінің ұлылықішілі өзен-көлдерге, телегей-теңіз суларға кенде емесі белгілі. Олар — Кара Ертіс, Жайсаң Жайық, Сұлу Сыр, Инкәр Іле, Ерке Есіл-Нұра... Осылайша моншақтай тізбелер наһан өзендеріміздің қатарын сұйылтпаған қайсыбір өзендеріміз өміріміз бен өлеңіміздің өрімі боп, ән мен жырдың өзегі боп тартылғандай. Еріксіз аузына қралатыны Ойыл мен Жем, Арыс пен Ақсу, Бақанас пен Тоқырауын, Терісаққан мен Құланөтпес, Шідерті мен Сілеті, Сағыз бен Аягөз, Ақбұлақ пен Тобыл... тағы-тағылар.

Ал өзендер өрнектеген Жетісу өлкесіндегі әр бұлақтың, әр қайнардың, әр тұманың мен үшін қадір-қасиеті мүлдем алабөтен. Мұзарт шындарын күнге сүйдірген Алатау сілемдерінен бастау алар осы тұма-бұлақтардың дені арналы өзендерге айналып, тұс-тұстан андыздаған күйі Көкше теңізге — менің Балқашыма құяды емес пе. Демек, айрықша сезімге бөлеген қасиетті Қараталдың бойында, барақатты Балқаштың жағасында туып-өскендіктен болар, тапыл-тұпыл басып, оң-солымды ажырата бастаған алаңсыз кезден көргеніміз де, күнұзаққа ермегіміз де, ойынымыз да — су. Қолдың саласын-

дай тарам-тарам жылғалар қарт Қараталдың құйғанында бар атырапты өрмекшінің торындай шимайлап жататын. Көктемгі енепат таскында Сарыесік атырабының сай-саласы, арық-тоғаны мен өзектері кенезесінен асып шыға келеді-ай. Көлтабандар мен жазиралы жазықтар ернеуіне сыймай толқиды. Ауылдың іргесінен өтетін үлкен өзектегі ерте көктемде түскен су салқын күздің бел ортасына дейін бір қарыс төмендемей ағып жатады. Апыл-ғұпыл таңғы асымызды ішкен карасирақтардың «шаруасы» белгілі ғой. Өзен жағалаймыз. Кісі бойынан асатын тік жарқабақты тоғанның суы мөп-мөлдір. Ағысты қуалап суға түскен біздің кәсібіміз — балық аулау. Әрине, қызық үшін, уақыт өткізу үшін. Ертеңнен кара кешке дейін сүзетініміз — майда шабак. Шынашақтай-шынашақтай, жалт-жұлт еткен күміс тенге шабақтарды өзеннің табанындағы аттың тұяғындай шұңқырлардан уыстап-уыстап ұстаймыз. Шелегімізді толтырған бойда жыпырлаған олжамызды қайтадан өзенге жібере саламыз. Ауыздары ашылып, желбезектері кабарып өліп қалмасын дейміз да. Осы сурет әлденеше рет қайталанады. Ішіміз пыскан біз енді ойынның басқа бір түріне кірісер едік. Өзеннің ең терен жерінен сүңгіп барып, топырақ алып шығу — қиын жарыс. Үлкен сын өтетін аланымыз ауыл сыртындағы ең терең екі апан. Яғни, бірі Кіші апан немесе Төлеген-апан, ал екіншісі Үлкен апан — Шалбай-апан. Көзімізді сығырайтып ашқаннан кешкеніміз су болғандықтан тұңғиықта емін-еркін балықтай жүзетін бізге әлгі апандарға суға шомылу еш қорқыныш емес. Бірақ әке-шешелеріміз қақпақылдап жолатпайды. «Иірімі қатты. Суға кетіп қаласыңдар. Оның үстіне қос апанның да ұйығы бар. Тартып кетеді. Абайламаса болмайды...» Осындай қатаң ескертпелер аяғымызды жиі тұсаулайтын біздің құлағымызды елендетер қилы-қилы аңыздар да күні кешегідей жаңғырады. Кіші апанға Төлеген ұстаның биесі ағып өліпті. Су ішіп тұрып, жазатайым тұяғы тайып кетіп ұйықтан шыға алмай мерт болыпты. Ал, Үлкен апанға әдетінше шомылуға барған Шалбай атам айдың-күннің аманында қол-аяғы тартылып қалып, әйтеуір, су білетінінің арқасында тосыннан төнген ажалдың шенгелінен әуірімдеп зорға құтылғанын ересектер үнемі хикая ғып шертетін.

Мінеки, ауыл іргесінен өтетін Қараөзектің өріндегі аралары небәрі екі жүз-үш жүз қадым болатын егіз апанға кезек-кезек сүңгіп бағымызды сынаймыз! Шамамен бірінің тереңдігі жиырма құлаштан асса, екіншісі отыз құлашқа анық

жетсе керек. Бәйгеге түсетіндер кезегімен апанның дәл ортасына малтып барып, су бетінде қалқыған күйде екі қолын бірдей көтеріп алақандарын көрсетеді де, ұртын ауаға толтырып ап сүнгіп кетеді. Әрине, шыңырау қазаншұңқырдың түбіне табанынды тигізу оңай емес. Әп дегенде топырақ жұқанағын іліп шығу қайда. Тынысың тарылып жол ортадан кері қайтуға мәжбүрсің. «Балық-бала» атанып кеткен Ертоқай мен Болаттың өздері екі-үш мәрте сүнгігенде барып максаттарына қол жеткізеді. Намысқа тырысқан басқаларымыз да өз қатарларымыздан қалмауға бар күшімізді саламыз. Қабда мен Тілеу де мөз. Саусақтарының ұштарына жағылған қара майдай саз балшықты көрсетеді алма-кезек. Ерлік жасағандарына қуанған олардың еңтігінкі дауыстары жарқын естіледі. Ал сүнгі-сүнгі қызыл шиқандай боп аласұрған Шағай, Тілеубек, Серік, Көтендер тәлтіректеп бірінен соң бірі жағаға шыққан. Баршасының уәждері: «Апанның түбі мүп-мұздай, тастай суық. Деміміз таусылып, тіпті сыртқа әрен көтерілдік емес пе...» Намыс қайрағын жаныған олардың қатарында мен де бармын. Аз-маз дамылдап алған біз қайтадан суға шолп-шолп секіреміз. Осылайша бәсекеге түскен қараборбайлар күннің қалай еңкейгенін де білмейді-ау. Ауылдың әр тұсынан аттарымызды атап шақырған әке-шешелеріміздің дауыстарына елендей, бүрсендей жөнелетініміз де есте. Ойын қызығына түсіп кеткен біз мезгілімен ас-суымызды ішпей, әбден қалжыраушы ек. Жарытып үй шаруасына да қолғабысымыз тимейді-ау. Еріксіз тамақ емес, таяқ «жейсің». Дірілдейміз, үркектейміз. Бәріне де кінәлі өзіміз. Іші құрғыр сезеді...

Ауылда қалған балалық шағымыздың суреттері тура кешегідей жаңғырады. Көгілдір көктемде Қараталдың тасығанын асыға күтеміз. Өткен сары ала күзде үзіліп-үзіліп іркілген Қараөзектің сарқындысы желтоқсанға жетпей, мүлдем тартылып қалады. Тек әлгі екі апанның суы мөлтілдеген күйі жатады. Қаһарлы қыстың бет қаритын аязы тұрысымен-ақ шыңылтыр мұз боп қататын бұл жерлер нағыз сырғанақты айдынға айналады. Ендігі ермегіміз – коньки мен шана. Ес қонырауын дабылдатқан мезетте бәрі-бәрі бейне кино экранындай көз алдыңнан тізбектеліп өтетіні сізге де аян, сүйікті менің оқырманым. Өйткені сіз де бала болғансыз, ойынға тоймайтынсыз. Бейкүнә, пәк бала көңіл-ай десейші!

Сағыныш сазы құлаққа талып жеткендей. Көгілдір Балқашқа құлаған құстар әні ме? Сөз жоқ, соның өзі. Көкек туысымен көк күмбезіне әсем өрмегін өрнектер кербез тырна-

лар үні ғой. Сезім қылын тербер сикырлы әуез тым шалғайдан, тым жырактан құмығып естілгендей. Киыр шалғайда – ерке Есілдің жағасында, елорда төрінде ала қағазға тесіліп отырсам да Қараталымды бойлай, бауыр басқан Балқашымды бетке алған канаттылар керуенін ой көзімен көргендеймін. Неткен құдіретті күш. Ұмытылып кете жаздаған марқұм Көкемнің қоныр үні. Кірбенсіз, саңкылдап тұр. Жадымда жатталған, жүрегімде ұялаған әдеттегі даусы. «Балам, Қаратал тасыпты. Аққайырдың бұрылмасынан арнасын бұза қашқан таскынның беті жаман. Жер-көкті түгел анау бір жылдағыдай телегей-теңіз су басып кетпегей...» Үйреншікті сөз. Әлмисактан естіп келемін десем қателеспеспін. Таң қылан бергеннен көз байланғанша ат үстінен бел шешіп түспейтін жылқышы әкемнің біздің осынау Сарыесік–Атырау атырабында білмейтін ой-шұңқыры, сірә, кемде-кем! Төмендегі Құйғанның арғы-бергі бетінен бастап, арқыраған Қараталдың өріндегі Шайқорған қылтасындағы аралықтағы жер-су, құм-төбелерді, елді-мекендерді геологша шатастырмай айтып отырады. Токсанның төрінде отырса да ойы зерек әкем біздің қай сауалымызға болсын асықпай, нақты жауабын беретін. Әңгімесінің әрін әдемі өзіл араластыра әдіптер ежелгі әдеті. «Ой, қарактарым, баяғы-д-а-а бір әжелерін айтқандай, «Мен не көрмеді дейсіндер, жер түбіндегі Қарабас-Қоржынды да көрдім ғой» демекші, біз де біраз жерді шарладық. Әйткенмен әлгі әпенде әжелерінің жер шеті дегені мына қолсозымдағы өзіміздің – Қарабас-Қоржын. Ауыл арасын Балқаш бөліп жатпаса, шамамен небәрі отыз шақырымның о жақ, бұ жағы. Ал, мен болсам Қараталдың қос қапталын талай мәрте кезгенмін, аяғым тимеген жер жоқ. Жиһангез дейсің бе, мал бағамыз, жоқ іздейміз да. Өстіп, көбіне кемпірімен күбірлесіп отырғанда «Қаратал тасыпты...» деп қалатыны бар... Одан арғысын естігім де, құлаққа ілгім де келмейді. Сүйінші хабарды ести сала, екі өкпемді қолыма алған бойы достарыма тартамын...

Жадыдағы жаңғырықтар біріне-бірі ұласып, сағынышқа айналған полотноларды қаз-қалпында бар бояу-бедерімен көлбендетеді-ай. Түкпірдегі ауылдан ұзап ешқайда шықпаған мен үшін облыс орталығы Талдықорған қаласына ең алғашқы сапар көп құпияның кілтін ашқандай еді. Әлі есімде. Тамылжыған тамыздың таусылар аптасы. «Балам, бірер күннен соң жаңа оқу жылы басталады. Ең жауапты оқу жылы. Он біріншіні бітіресің. Көппен бірге институтқа баратыныңды ұмытпа. Алматыда көк тіреп отырған көкең жоқ. Сондықтан

да өз біліміне, өз күшіне сенесін. Соңғы сыныпта бар мүмкіндігінді салмасаң болмайды. Ол үшін барлық оқулықтарыңды ертерек түгендеп ал. Ертең әкеңмен бірге Талдықорғанға барасың. Қаланы көріп, жол жүріп үйрен. Қарап отырсақ осы уақытқа дейін, тіпті аудан орталығын да көрмепсің-ау. Алматы сықылды әйдік шаһарға барғаныңда оң-солыңды ажырата алмайсың ба деп қорқамыз. Әйтеуір, әлгі өзің мақалаларыңды жіберіп жүрген газет-журналдардағы ағаларына сенеміз да. Жас тілшіміз деп хат жазып жүр ғой. Колұшын созар. Сөйтіп, қарағым, ала жаздай доп қуып, суға шомылғаннан басқа бітіргенің шамалы...» Шешем ұзақ сөйлеген. Әдеттегідей зекіп, ұрыспады. Шуақты лебізі жанымды жадыратып, еңсемді көтергендей. Көңілім марқайған мен жымыңдай бердім. «Басқа балалар секілді мен де облыс орталығын тамашалап, келер жылы астанаға – армандағы Алматыға барамын...» Көмейіме кептелген қуанышымды іште бүгіп, алыс сапарға асықтым.

Келер күнді зорға өткіздім. Күн батып, таң атпайтындай. Танау астындағы Көпбірліктен ұшаққа отырдық. Ұшақ деймін-ау. Балқаштың жағасындағы балықшы ауылдарына қос қанатты инеліктің қатынай бастағанына шамасы, жарты жылдай. Бұған шейін бұл өңірге тас жол түспегендіктен жолаушылар қияндағы аудан орталығы Үштөбеге қыр жолымен, Қараталдың оң жағалауын бөктерлей, бірде жыныс тоғайды аралап, енді бірде қалың құмды кешкен бұлың-бұлың көне сүрлеумен қатынайтын. Ескікөз қариялардың айтуынша, ертеректе со-на-у жиырмасыншы-отызыншы жылдары өрден келген кірешілер жүздеген түйемен осы аймақтан тұз тасыпты-мыс. Ең алғашқы соқпақ сорабы со кезде түскенге ұқсайды. Қиямет-қайым жол азабын шеккен адамдар екі жүз шақырым жердегі Үштөбеге екі тәулікте өрең ілінетін. Ағаш кабиналы мәшинені ауыстырған брезент қорапты такси кейінгі жылдары аптасына бір мәрте пошта жеткізіп әрі сарылып күткен жолаушыларды тасиды. Ұбақ-шұбақ, төбетөбе, біріне-бірі ұласқан қалың құмға тығылған мәшинені көбіне дерлік жолаушылардың өздері жабылып итеріп, донғалақтарының астына бөрене салып мықшындап жүргені. Шет жағасын аудандық әскери комиссариатқа мектебіміздің жоғары сынып балаларын шақырғанда көргенім бар. Балқаштың жағасындағы жап-жасыл аядай ғана аймақты мекендеп жатқан ауылымнан көп ұзамай қалың құмның басталатынын қайдан білейік. Иек астындағы Нұрақбай тауын ке-

мерлей Кіші Аккұм мен Үлкен Аккұмды ораған сакина жолмен зырылдатып келе жатқан мәшиненің дауысы да өзгеріп, жүрісі де аяғына тұсау түскен аттай кібіртіктей берген. Сонда алғаш рет өңкей құмның аттарын естіген ем. Сарыесіктің сары құмы, Лөктің шағыл құмы, Қанғайдың қалың құмы, Байсейіт, Жыланды, Бөрілі құм, Өтекұм, Мойынқұм, Матайдың шыны құмы... Бұлардың дені ел ішіндегі атаулар. Ал аудан территориясына қатысты географиялық картада көрсетілген негізгілері Үшқара тауы, Қайрақты, Жаманқұм, Іріжар, Бестас, Жаманжал, Аралқұм, Сүртке құмдары деп тізіледі. Таусылмайтын төбелер, жеткізбейтін жоталар, бұйра-бұйра бел-белестер... Дөңгеленіп қалар емес. Құмды қас жарған жолдың қос қапталымен жарысады да отырады. Иір-иір құм толқындары өзінше әдемі сурет. Әлгіндегі шок-шок үкілі шилер, мәуелі жиделер, қызыл жыңғылдар қатары селдірей сұйылып барып тырбиған-тырбиған сексеуілдерге ұласқан. Жанкешті тіршілік. Құм емшегін емген өсімдіктер әлемінің өз жұмбағы, өз сыры да толып жатыр. Аптапты ыстықта ауыздарын арандай ашып, тамақтары бүлкілдеген батбат кесірткелер де әлсін-әлсін жол кескектейді.

Санамда кескінделген көріністерді күс биігінен тамашалап отырмын. Алғашқыда «Аннушканын» табалдырығын қорқақтай аттаған беттегі үрей сезімі лезде сейілгендей. Иллюминаторға жабысқан бойда төменге үнілгем. Тас төгіліп, асфальт төселмеген дала әуежайынан шоқырақтап-шоқырақтап көтерілген ұшақ бір бүйірлей қырындағанда қолсозымдағы шалқыған көк теңіз төңкеріліп аспанға шыға келгендей болды. Көзімді тарс жұмып алдым. Замағында басыма жетіп келгені: «Әлгілердің Ұзынтұра-Шағай мен Боцман-Тілеудің айтып жүргендері шын болғаны ма? Иә. «АН-2» ұшағымен алғаш рет ауданға, теңіздің арғы бетіндегі Қарақұм мен Саяққа барып қайтқандар тандайларын тақылдататын. Аспанға көтеріліп алғанша әлденеше аударылып-төңкеріліп, талай мәрте «мөңкиді» ғой. Ал одан кейін тау-ғау қазбауыр бұлттарды сатыр-гүтір айырып, әткеншекше шайқалып тартады да отырады. Жүрегін шыдасын тек...» Мұны естіген кейбіреулер қорыққаннан әуежайға жүгірмей, сыралғы көліктеріне мәшине мен кемеге аяқ артатын-ды. Сөйтсе бәрі бекер екен. Әпсәтте бойын тіктеп алған инелігін еш қозғалмастан қалқып келеді. Көзімді сығырайта ашқанымда төмендегінің бәрі алақаныңдағыдай шалынған. Жіті жанар жүгірткен сайын таныс жер бедерлерін ап-анық аңғарғанмын. Шұбатылған арқандай

мың бұралып жатқан жап-жасыл жүлгенін түп-тура үстімен ұшып келеміз. Іштей күбірлеймін. «Менің Қараталым!..» Өзеннің жыныс жағалауын көмкерген көкжиек көп-кою. Тал-терек, торанғы, карағаш пен жиде. Қараталдың қиястау бетінен көрінген «Төрттам» шлюзін бірден ажыраттым. Қателеспегеніме қуандым. Іле-шала «Қоржынкөл» совхозының орталығы – Ақжар «менмұндалаған». Ауыл шетіндегі окшауырақ бой көтерген екі қабатты ғимарат – орта мектеп. Қол бұлғап қалып барады. Бұдан арғысынан бейхабар мен көз талар кеңістікке дейін зенгір көктен ынтыға бақылаймын. Жалжал сары құм баяу сырғиды. Бұдырсыз шағыл. Өзенге еңтіге құлаған қолтықтарынан жалғыз-жарым тоқал там, қорақопсы көрінеді. Құм ішіндегі мал қыстаулары екені анық. Арагідік ұшырасып қалатын көне күмбездер мен мүжілген мазарлардың жұрнақтарын да аңғару қиын емес. «Кімдердікі болды екен, ә?!» Өзіме-өзім сауал қоямын. Оның да сыры бар. Ауыл ақсақалдарының аузынан талай мәрте естігенмін. «Біздің Қараталдың қасиетті топырағында қаншама батырлар мен билер, ақын-шешендер мен әулие-әмбиелер жатыр. Шіркін, солардың аты-жөндері ұмытылмаса, өнегелі істері мен іздері өшпесе екен...» Сыбырлап айтқан қарттардың ансар лебіздері құлақ түбінде кешегідей жанғырады... Туған жердің дидарына көзін де, көңілін де тоймайды. Зенгір көк күмбезінің асты тұнған бояу. Әсіресе, төрт жүз километрге зер белдіктей керіліп жатқан Қаратал күмістей жарқырайды. Төңірегіме құштарлана, тесіле карағыштаймын. Өзеннің екі қапталына алма-кезек ауысып, қалт-қалт етіп қалмай келе жатқан ұшақтың инеліктей көлеңкесі шалына береді. Бейне-бір шарықтаған бала қиялымдай.. Жанарымның алдында. Ұстатсайшы жалыннан...

...Несін жасырайық, бәрі-бәрін кеш естідік, кейін түсіндік. Оң-солымызды айырып, есімізді жидырған еркіндік жылдары айналамызға сергек назар аудартқаны күмәнсіз. Ең ақыры туған жеріміз бен өскен өлкеміздің тарихын танып-білуден қол үзіп кете жаздаған мөңгүрттік пиғылымызды өзгертудегі ықпалы зор.

Жер жәннаты Жетісудың шұрайлы да шырайлы бір пұшпағы – Қаратал өңірі. Ынтымақ-бірлігі жарасқан, күт-береке дарыған осынау қасиетті мекен жайында талай жыр дүлдүлдері өлең өріп, сөз кестелеген. Тандайына өлең ұялаған Бактыбай ақын «Қараталдың бойына, Текелінің ойына қоныстанып тойлаған Ескелді атам бас болып» десе, поэзия

құлагері Илияс Жансүгіров «Мөлтендеп, Мойнақты орай Қаратал да, Көксуға қойындасад жарды жарып. Қосылып екі ерке су, екі сұлу Балқашқа қалың құмға кетеді лағып» деп сырлы сөзбен сурет салса, атакты Қалқа акын сезім селін өзінше төккен: «Аққан суы мөлдіреп, ішсе сусын қанады. Қараталдың өлкесі Іледен де бағалы». Ұлы үрдіс ешқашан үзілген емес. Туған жер, өнген аймақ, алтын бесік хақындағы толғаныс пен перзенттік парыз біздің де қаламымыздың ұшына сан мәрте іліккені тегін емес-ау.

Әркилы жағдайдағы көңіл күй әсерлерін өресі биік оқырман менің жүрегімді жарып шыққан үлкенді-кішілі туындыларымнан жазбай аңғарары даусыз. Ақбас шыңдарын күнге сүйдірген асқак таулар сілемдерінен бастау алып, көгілдір Балқашқа асыққан ежелгі Қараталымның өн бойы тұнған тарих. Қарт шежіре қойнауына тереңірек үнілген сайын ғажайып тебіреніске түсерін айдай анық. Сұңғыла суреткер Әбіш Кекілбайұлының пайымдауынша, Қаратал аймағында бағзы заманда қазақтың кіндік қалаларының бірі дәуірлеп тұрғанға ұқсайды. Әбіш ағаның бұл батыл пікірін өткен ғасырдың елуінші жылдары осы өңірде жүргізілген археологиялық ғылыми экспедиция жұмыстарының нәтижелері айғақтай түскендей. Қаратал обаларынан ғалымдар тапқан көне қазба-жәдігерлер біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан сыр өрбітеді. Әдемі әсер үстінде туған жердің жауһары мен жаңалығын жалпақ жұртқа жеткізгенше тағатсызданасын. Сөйтсе де әр жайдың басын бір шалмай, әулиелер мен батырлар мекеніне айналған киелі өңірде ғұмыр кешкен баһадүрлер өмірінен үзік-үзік деректерді сөйлеткенді жөн санадым. Көмейінен сөздің балы құйылған Балпық би бабамыздың төмендегі жаһұт жыр шумағы еріксіз тілге оралады:

Кеудесі Көксу болғанда,
Қаратал мынау сағасы
Жетісу деп атаған
Үш Арыстың баласы.
Маған салсаң, Есеке,
Болар деп тұрмын халқымның
Құт-береке панасы.

Осынау жыр жолдарында суреттелгендей, аттың жалында, түйенің қомында жүріп табан тіреген бұл аймақтың шын мәнісінде қасиетті мекенге айналғаны баршаға мәлім. Туған жерін жоңғар басқыншыларынан азат етуде аянбай күрескен

ержүрек батыр, дуалы ауызды би Ескелді Жылкелдіұлы, Жетісу жұрты қашанда егіздің сынарындай есімін қатар атайтын Балпық әулие Деріпсалұлы, Қабан (Қабылиса) жырау, даңқты батыр Жолбарыс Жылқайдарұлы қиын-қыстау кезеңде бір саптан табылған. Бабаларының өнегелі істерін, ерлікке толы іздерін ұмытпаған ұрпақтары – қараталдықтар перзенттік борыштарын адал орындауда. Найзанын ұшымен, білектін күшімен қорғаған атамекен төсінде мәңгі өшпес белгі ретінде асқақтаған маңғаз кесенелер бүгінгілер кастер тұтар тарихи орындарға айналған. Тілімізге, дініміз бен ділімізге бет бұрдық. Әр ауылда имандылық ұялары – мешіттер бой көтеруде. Жас өркеннің аузынан еститініміз Ескелді бабаның «Айырылған азады, қосылған озады» деген тамаша тәмсілі мен Балпық бидің жүрекжарды лебізі – «Атына сенген мұрттай ұшады, құдайға сенген құстай ұшады».

Қараталдың бойын жағалай бір-біріне іркес-тіркес дамылап жатқан әйгілі есімдерді одан әрі тізбелейікші: Айту би Жаубасарұлы, Бақай батыр, Мықтыбек батыр, Жәлменде би Байшығашұлы, Пышан Жәлмендеұлы, Қоғыл көріпкел, Қарымбай әулие Тәттібайұлы, Ұмтыл Қабылбекұлы, Тілеуғұл батыр, Арқабай әулие...

Қазак елінің тарихында өз айшықты орындары бар тұлғалар тізімі осылайша жалғаса бермек. Бұл – қуанышты жәйт. Егемендігіміздің арқасында еңсемізді тіктеп, азаттығымыздың арқасында тарихымызды түгендедік. Өшкеніміз жанып, жоғалғанымыз табылды. Неге мерейленбеске, неге марқаймасқа?! Толғанысты мезетте шалқыған көңілдің пәс тартарын қайтерсіз. Жасыратыны жоқ, кенестік зымиян саясат санамызды тұмшалап, ойымызды шідерледі ғой. Ең өкініштісі де осы еді. Алысқа бармай-ақ өз басымнан, өз ауылымнан, өз аймағымнан дәйекті молынан келтіре аламын. Жоғарыда әспеттеп атаған атакты адамдардың аты-жөндерін тәуелсіздік таңына дейін естіген емеспіз. Қабірлері ауылымыздың іргесіндегі Қараталдың жағасында төмпешік боп елеусіз жатқан Мықтыбек, Тілеуғұл, Бақай батырлар хақында еміс-еміс сыбыр әңгімелер ғана құлақ түбінде жаңғыратын. Айғайлап айтуға тыйым салынғанын бала-жүрек қайдан ұқсын?! Ал, өзіміз тұрып жатқан Сталин, Киров, Фрунзе ауылдары әкелі-балалы Жәлменде би мен Пышан сазгердің, Арқабай әулиенің атаконыстары екенін кейінгі ұрпақ мүлдем білмейтін-ді. Есесіне осы өңірдегі ежелгі елді мекендердің «Ленинский путь», «Крупская», «Красный Октябрь», «Красный Восток»,

«Правда» аталғанына мәз. Манайына жіті назар аудартпаған меніреу саясаттың салқынын кеш сезсек те үкілі үміт үзіл-мепті-ау. Азаттығын алысымен-ақ еліміздің түкпір-түкпірінде ұлы перзенттеріміздің, ардақты тұлғаларымыздың есімдері қайтадан жаңғыртылып, жермен-жексен болған зираттары қалпына келтіріліп, қасиетті рухтарына арналып ас берілді. Осындай республикалық деңгейдегі еске түсіру салтанаттары да Қаратал ауданында бірінен соң бірі өткізілді. Оның бәрі қалын жұрттың есінде. Алайда өзім туып-өскен жерде, яғни әкелі-балалы Жөлменде мен Пышанның атамекені— Шилікарында, атақты Сиез төбеде болған дүбірлі тойдың дабылы тіптен алабөтен. Өткен ізімізге, кешкен тарихымызға жаңаша көзқарас қалыптастырған айтулы күндердің жаңғырығы әрдайым естіліп тұрса керек. Шалғайдағы ауылдарымыз бен ежелгі жер-су аттарына дейін жаулап алған қызыл төңкерісшілердің шұбарланған аты-жөндерінен де арыла бастадық. Жүрекке жылылық шуағын құйған жана дәуір талабы бойымызды да, ойымызды да осылайша сергіте бергей.

Иә, ұлы үрдіс ешқашан толастамайды. Батырлар мен әулиелер ордасына айналған қасиетті аймақтың даңқын асқақтатқан әйгілі есімдер шоғыры толқын-толқын буынға ұласқан. Қазақ өнерінің корифейлері Қанабек Бейсейітов пен Бикен Римованың бір топырақта туып-өскені қандай қуаныш. Сахна санлағы Қанекен өмірден озарынан бірер жыл бұрын біздің ауылдың маңындағы Қаңғайдың қалын құмының ішіндегі жалғыз қыстауды іздеп барыпты. Сағынышты жылдардың ізін сарыла іздеген атақты актер қияндағы қыстаудың жұрнағынан сынар дінгекті көргенде ағыл-тегіл егіліпті. «Аяулы Күләшім, ардақты Күләшім келін боп ең алғаш табалдырығын аттаған алтын босағам емес пе бұл?! Бар екен ғой, тұр екен ғой қара шанырағымның белгісі... Сон-а-у Алматыдан аң аулауға ерігіп келді дейсіндер ме, айналайындар? Мен соңғы рет Күләшімнің көзін көруге келдім. Таптым, көрдім... Арманым жок...» Осы оқиғаны өз көзімен тамашалаған ауылдас ағайым, ұлағатты ұстаз Төкен Омаров ұдайы аузынан тастамай, жыр ғып айтушы еді. Танданарлық тосын штрихты оқырман назарына ұсынудың сәті енді ғана түскендей.

Қазақ детективінің ізашары, белгілі қаламгер Кемел Тоқаев есімін білмейтіндер некен-саяк. Ал асылдың тұяғы Қасым-Жомарт Кемелұлы — мемлекетіміздің нағыз мақтанышы. Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор Ғали-

ола Мейрманов, республика Парламентінің үш мәрте депутаты болған Көбес Ақылбаев, Қазақстан энергетика саласының айтулы маманы Кенжемұрат Дүкенбаев, танымал қылақалам шебері Анарбек Нақысбеков, даңқты спортшылар Айдарбек Жапсарбаев, Мәулен Мамыров, бүгінгі нарықтың нағыз майталмандары, кәсіпкер-жетекшілер Бақыт Смайылов, Амангелді Хабаров тәрізді таңдаулы тұлғалардың ерен еңбектері аудан шеңберінен асып, ұлан-ғайыр еліміздің шартарабына жайылған.

Ауданның ең қарт тұрғындарының бірі, байшегірлік кейуана, тоқсанның бел ортасындағы Камила апайдың айтуынша, Балқаштың нар қамысындағы соңғы жолбарысты өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қараталдың құйғанынан Сәдуақас аңшы ұстаған көрінеді. Әрине, елен еткізер бұл деректі екінші бірі біле бермейтіні рас.

Дана бабаларымыз үлкен өмірден жиған-терген тәлімдерін асыл сөзбен тұжырымдап, оймақтай оймен түйіп отырған ғой. Қарапайым қағиданың, тамаша тәмсілдің тұңғиығына бойлау — мақсат та парыз. Сондай орамдардың шоктықтысы «Туған жер — алтын бесік». «Әр адамның өскен жері Мысыр шаһары» демекші, сексен жылғы тарихы бар өркенді өлкенің, ыстық мекеннің шежіресін жазып жатқан жерлестерімнің жарқын жетістіктері әрдайым мерей марқайтады. Туған елдің еңсесін көтерудегі өнегелі үлестерін үнемі үлгі етіп отырғың келеді. Отызға тарта Еңбек Ерлері шыққан аймақтың қазіргі айбыны мен абыройы өз биігінен аласарған емес. Ауданды мекендейтін алпыс мыңға жуық халықтың мақсаты мен мүддесі ортақ арнаға жұмылған. Мыңғыртып төл өргізген малшы мен алтын дән аялаған күрішші, бау-бақша өсірген бағбан мен су ырзығын сүзген балықшы, құрыш білек құрылысшы мен болат жолдың бапкері — теміржолшының да ойлаған нысанасы ортақ. Ол — ел игілігін еселеу. Бүгінгі дәуірдің Ұлы Жібек жолы саналар Түрксіб күретамыры бойындағы ең үлкен бекеттердің бірі — Үштөбе қаласы Қаратал ауданының орталығы. Отыз мыңдай тұрғыны бар жасыл желекке оранған шағын шаһардың қазіргі көркі мен келбеті де көз тойдырғандай. Жасын мен намыстан жаратылған жас өрендердің келешекке құлшынысы, ертеңге ұмтылысы айрықша. Оның да жөні бар секілді. Сұрапыл соғыстың от-жалынын белден кешкен Кенес Одағының Батыры әйгілі жерлестері И.В.Косенковтің жанқиярлық ерлігін ұдайы өз аузынан естіп жүрген қараталдықтар, енді міне, орда бұзар жасында «Халық Қаһар-

маны» атанған Азамат Жұмаділовтің есімін өзгелерге үлгі-өнеге етіп айтады. Мерейлі тұста дауылпаз ақын Иса Байзақовтың жүрегін жарып шыққан «Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды» деген тамаша сөздері көмейге оралған. Түн ортасында қос бүлдіршінді анасымен бірге лаулаған өрт құшағынан құтқарған үштөбелік жігіттің жүрекжұтқан батылдығын қалайша ерлік емес дей аламыз. Аңыз бен ақиқат әрдайым қатар жүрсе керек...

Құдайға шүкір, қырық жылғы серігім сүйікті қаламымды қолыма қайта ұстап отырмын. Туған жерім – алтын бесігім хақындағы осынау эссе-толғаныс аяқталмай, шорт үзіле жаздаған-ды. Табан астынан ұстараның жүзіндей қылпылдаған дүниенің алай-дүлейі шыққаны. Ғұмыр бойы ілгері сүйреп келе жатқан жұдырықтай жүрегімде иненің жасуындай кінәрат бар деп кім ойлапты?! Алып ұрған. Есімді реанимация бөлімінде жидым. Қиын-қыстау сәтте миымның бір қалтарысына тығылған ойларым жетімсіремепті. Қаз-қалпында қалам ұшына құйылып жатқандай. Бұған да тәуба!

...Туған елге деген, қасиетті Қараталыма деген сары көбелек сағынышымды ақ шағала көңілден ұшырдым.

Ерке Есілдің жағасынан, асқақ Астанадан.

Талмасыншы қанаты, Сағыныштың, қайырылма-сыншы!..

ТАҒДЫР ЖЕЛІ

— Осы шалдың нервiсiнiң мықтысы-ай!..

Ұйқысын кимаған ол көзiн тас жұмған қалпы екiншi бүйiрiне аунап түстi.

Тақыр қара асфальттi тырналаған сыпыртқының қырылы құлаққа тым жағымсыз шалынған. Шашақты үпелек басы әбден мүжiлiп желiнген моқал ши сыпырғыш дамылсыз «қырқырлап» жер сызғылайды. Тұла бойынды тiтiрентiп, құйка-терiндi сыпырып жатқандай. Қырғыш сыпыртқының түрпiдей сезiлген шықыр-шықыры желкесiнiң тұсынан кетсейшi. Жүйкендi жонып жiберердей егелейдi.

Ұйқылы-оюу көзiн сақтықпен сығырайта ашып, терезеге үнiлген. Кiрпiктерiне iлiнген тәттi ұйқысын ұшырып алмайын деген кейiпте. Басын көтермедi. Түн түндiгiн көтерген бозғыл сәуле қаракөленке бөлме iшiн ендi ғана аралай бастапты. Алан-күлең. Түнiмен дөнбекшiткен қапырық сөйiлгендей ме, қалай?! Тұмшаланған әйнектiң желкөзiнен

болар-болмас лекіген таңғы самал шілтер пердені баяу козғайды. Дір-дір етеді.

«Таң алагеуімнен жер тырналап тыным берсейші. Жылы төсегінен су шыққандай. О несі екен? Жұрт қалың ұйқыға бас қойған мезетті күткендей-ақ, какшандап тұрып алады. Өзгелермен санасу ойына кіріп-шықсайшы. Көзін тырнап ашқан бетте дағдылы кәсібіне құлшына кіріседі-ай. Кеше де, бүгін де, ертең де осы... Үйреншікті әдетінен жаңылмайды да. Әлгі сүт сататын Айша апайдың «Жапалақ шал» дейтіні бекер емес. Ім-м... Жай емес-ау. Құлағы түрік о кемпірiң бірденені біліп айтатын шығар...»

Мұратбек өзінен-өзі мырс етті. Сыбырлағаны естілер мүлгіген тыныштық. «Жата тұрсам ба?» деген ойының әпсәтте әлем-тапырығын шығарған таныс үн терезенің түбінен естілген. Орнынан қалай атып түрегелгенін де білген жоқ. Емексіген күйі шілтерлі пердені уыстай ұстап, бір шетіне сырғытып, бозамық сыртқа сүзіле қарады. Жұлдызсыз түн қаранғылығы сібiрлей сейіліп, қарақошқыл бұйра-бұйра бұлттар аққұйрықтанып келеді екен. Өкшесін көтере ілгері ұмсынса да ештеңені байқамаған. Үй іргесінен созыла тар-тылған кара базардың іркес-тіркес, ойқыш-ұйқыш, арық сиырдың қабырғасындай ырсиған қоршауы көзге тым зорайып, тым қарауытып шалынған-ды. Оның зер салып бақылағанын күткендей көз ұшында бұлдырандаған базар қақпасының ұшар төбесіндегі сығырайған жалғыз жарық жалп ете сөнді. Өздері көрінбесе де таныс дауыстар ап-анық жаңғырып тұр. Базар ауласын сыпырушы Денис шал мен әлгінде есіне алған сүт сатушы Айша кемпірдің тура өзі.

– Іздірәсти, Жәніс, – деген әйелдің қарлыңқы үні мен жерге сылқ еткізіп қоя салған ыдыстарының сынғыры жарыса шықты.

– Доброе утро! – Сәлемін өз тілінде білдірген төбесінің тесігі бар Денис шал мән-жай сұрай бастады. – Бүгін өзіңіз ұйықтамағаннан сауымысыз? Әлі ерте емес пе. Мен болсам... жұрттың аяғы көбеймей тұрғанда кәкір-шүкірді сыпырып, тазалап тастайын дегенім де. Темекінің тұқылынан-ақ көз ашпай қойдым. Көрінген жерге лактыра салады, қоқыс салғыш жәшіктер тұрғанда. Итсілікпемді шығарып, әбігерге түсіріп... Сыпырғышқа да ілінбейді. Өстіп, міне, тырналап жүргенім...

– Әй, Жәніс-ау, менің де сол өзін сықылды ерте қамданған түрім ғой. Күн қызып кетпей сүтімді сата алсам. Кеше жарты шелектейін текке рәсуа ғып ірітіп алдым емес пе! Оның

үстіне әлгілер маза бермейді-ау тыкақтап... Өз қолынмен ұстатпасан, қас пен көздің арасында азын-аулақ тиын-тебенінді жымқырып, аузы-басынды жұрдай қылады. Өңкей ұятсыздар. Рекіттер дей ме, баукеспелер дей ме, кім білген обырларды... Текелі жақтан ба, жоқ әлде Талдықорғаннан ба? Таптал түсте сап ете түскенін, шіркіндердің?! Бұ төңіректің жүгірмектеріне ұқсамайтын сияқты өздері...

Айшаның әуенінен бар жайды ұға қойған Денис шал:

– Иә, рәкет дейді ғой. – Самбыр-самбыр сөзінің сонын күбірге көшіргендей ме, әлде түйдек-түйдек жөткірінгеннен бе, оның даусы үзілңкіреп шыққан. – Жәркенттің көззаптары көрінеді, білгіштердің айтуынша, шекарадағы кеденді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап тұрыпты-мыс. Со-нау-у жер түбінен Астанадан арнайы шақыртылған қарулы топ ұстағандарын ұстап, қашқандарын қуып іздеріне шам алып түскенге ұқсайды. Бізді торуылдаған тобырдың атаманы Дабыр деген қызылкөз баукеспе – нақ өзі көрінеді. Үш рет сотталған дей ме?! Бүкіл нөкерлерін аш қасқырша сонынан шұбыртып жүргенін көрмейсің бе? Тек жүрсе жақсы. Жанап кеткен жерін зар қақсатып... Ең ақыры шеккен шылымдарын, шаққан шемішкелерін қалай болса, солай шашып тастайтынын қайтерсін. Ертеден кара кешке шейін құйрық басуға да мұршам жоқ. Бора-борам шығып жер тырналаймын...

– Е-е... Не дерсің бұл өңкей оспадарларға. Айтқан сөзің шығын. Әйтпесе... Ел үстінен күн көрген қаніпезерлер сақалыңды сыйласа өсти ме?! Төбеннен бір қойып жер жастандырудан да тайынбас, сірә. Өздерінен біздің ауданның милисалары да жасқанатын тәрізді. Алшандагып-ақ қойды емес пе. Жәрайды, Женіс. Мен жылжиын. Қиналасың. Қолдан келер дәрмен қайсы?! Көнеміз де...

– Басқа түскен соң бәріне де төзуге тура келеді, – деген Денис шал қолындағы ұзын сапты тұқыл сыпыртқыны сондайға лақтырып тастады да, жыландай шұбатыла бұратылған резіңке сораппен төңірегіне шұрылдатып су себе бастады.

Ілкі сәт меніреу тыныштық қайта тұна қалды.

* * *

Мұратбектің біраздан бері күннен бұрын оянуы шығар. Ықыласы қаншалықты ауғанымен ұйқыдан маза кеткенін іші құрғыр сезетіндей. Тәпішкесін аяғының басына сұға салып, шолақ жен жұқа жейдесін иығына ілген бойы аулаға шықты. Табалдырықта алансыз көсіліп жатқан Жолдаяк есіктің тиегі

ағытылар-ағытылмастан марғау ыңырсып, құйрығын бұлғандата аяғына оралған.

— Кет! Кет әрі, Жолдаяк! Жоғал деймін саған...

Үстіне еркелей асыла түскен итінің басынан сипалай, қолының қарымен қақпақылдаған. Иесінің көңіл күйін қасқабағынан сезетін сабалақ қос құлағын жымырайтып оқшауырақ жылыстай берді.

Кеше қызыл інірде іргедегі малды ауылға кеткен келіншегі мен ұлының соңынан бүлкілдей ілескен секілді еді. Жандосының «Жолдаяк! Кә... кә... Жолдаяк! Жүр, көне... Бізбен бірге...» деп жатқаны қайда? «Тектен-тек әурелеме. Бәрібір қайтып кетеді». Оған көнді ме шіңкілдеп. Кішкентай досының көнілін қалдырғысы келмеген Жолдаяк артына жалтақтай-жалтақтай сондарынан жорта жөнелген-ді. Енді міне... Түнделетіп кері оралған ғой. Ақылды өзі. Менің мұнда жалғыз жүргенімді сезеді-ау, шамасы.

Таңғы шымыр ауаны кеудесін кере жұтқан ол қол-аяғын ербендетіп бой жазғансыды. Манайына алак-жұлақ жанар жүгіртіп, әлденені тінткілей іздеген кейіпте шарбақтың іргесінде үйме-жүйме боп жатқан темір-терсектің астынан салдыратып ап-ауыр бірденені қинала суыра бастаған.

Шомбал шокпарбас, ортасы буылтық зілдей гантель мен қос қолдап әрең жылжитқан шөнкедей қара тас гирді мықшындап жүріп оңашарак алып шықты. Мүлгіген ағаштардың ара-арасынан үріккен канаттылардың жалқау шырылы естілді. Тұс-тұстан жамырай қосылған сыбыр-күбір «ұйқымыздан ояттың ғой» дейтіндей. Артынша пышақ кескендей сап тыйылған. Мұратбек білегінің бұлтиған-бұлтиған бұлшық еттерін бүгіп-жазып ойнақшытып, саусақтарының ұштарын батыра байқақтап, екі гантельді қос қолымен бірдей басынан асыра көтеріп, белін жаза шиыршық ата шалқайыңқырап барып, іле созыла еңкейіңкіреп жерге тиер-тимес жеткізбей қайта жоғары серпіді. Ол бұл көріністі әлденеше мәрте қайталаған. Әуелгідей емес, екпіні бәсеңсіп, тыныс алуы да ауырлап, пышылдауы жиілей түскен. Көптен бері қойып кеткен өнеріне ынтыға кіріскен оның бүкіл денесі лезде жіпсіп қоя берді. Білектерінің сояудай-сояудай көкшіл тамырлары қарақошқылдана білеуленіп шыға келген. Қос алақанымен тершіген төсін шапақтап, қолының қарын сипалады. Шым-шым шырыш тер. Желімдей тұтқыр. Сол күйі жерден бір шымшым топырақ алып алақандарын жуып, ысқылап үрлеп-үрлеп жіберді де «мені қашан көтересің» дегендей сонадайда тенкиіп жатқан

шөнкедей гирге ұмтылды. Алдымен оң қолымен жұлқи көтерді. «Бір, екі, бес... он...» Жерге қоймастан екінші қолына ылдым-жылдым ауыстырған шомбал тас одан бетер зілбатпан тартқан. Бір-екі мәрте қайталауға шамасы келмей, сол жақ бүйіріне еңкейе бере гирді табанының астына тастай салды.

Жер сүзе қисайған зіл тастың буылтық тұтқасына аяғының басын емінте сұғып, еңтігін басып біраз тұрды.

Сібірлеген танның сүле суреті Балқаштың жағасындағы ауылын қаз-қалпында көз алдына көлбендеткен-ді. Әкесіне еріп алғаш рет айдын төріне шыққаны тура күні кешегідей елестерін қайтерсің. Бозторғай шырылдамастан «тұр-тұрлаған» көкесінің сөзі де құлағының түбінде айна-қатесіз жаңғырады-ай.

— Теніз бозөкпені жақтырмайды, ұлым! Тулаған толқын төсінде сүзекі тартып, ау тору онай емес. Жалы күжірейген, ертеден қара кешке ақжал толқындарынан көбік шашып жатар шалқардың өрінде тек жүрекжұтқандар ғана қалтылдамай еңбек етсе керек. Ұлым, тағы да қайталап ескертемін, теңіз мандайыңнан сипамайды. Басы айналып, жүрегі лоблыған талай-талай шибұттарды лақтырып тастағанын да көргенбіз. Былжырамай, ширасаншы. Ана-у-у өзіндей Думанды көрмейсің бе? Әлгі... біргәдір Бектібайдың Думанын айтам... Қарғдай боп қысы-жазы мұздай суға жуынып, темір-терсек көтеріп... Өзі де шымыр, шаруасы да шымыр. Қос алаканы бірдей тілім-тілім боп үлкендердің сапында жүргеніне де екінші жаз. Сенің түрің мынау — ұйқыдан өлгендей. Көзінді аша алмай, пырылдайсың да жатасың. Кән-е, тұр! Толқындар оянбай, Құйғанның тұсына жетіп алайық...

Жұдырықтай жүрегі бүлкілдеп қоя берген. Өне бойын шымырлатқан әлдеқандай лыпылдаған отты ағыс жан дүниесін лезде шарпып өткенін аңғарды. Аяғының тү-у басынан лықси жүгірген ыстық толқынның бүктетіліп-жазылып жоғары тіміскілей өрлегені ап-анық білінеді-ау. Балтырын, тізесін, сосын қолдарының қарын қуалаған қан жүрісі — буылтық бүлкілі заматында екі самайын қусыра бал-бұл жанған беттерінің ұшын қарығандай. Сағыныш сазы бөлекше күй кешірген. Құлағының түбіне тып-тынық момақан толқындардың лебі, сыңсыған сары қамыс пен балқұрақтың сыбдыры, теңіз көкегінің сиқырлы сұңқылы үздік-создық талып жеткендей. Жанарының алдына Ырымтай ағасының қос бүйірі кампиган көне қара қайығы сұлбаланған. Сықылықтаған су сылдыры тынымсыз ескек шолпылын жеткізіп жатқандай. Ә-не,

үлкенді-кішілі, қисапсыз сан жетпес иір-иір аккөбік ізге түскен қайықтардың қарасы көбейе бастады. Қоғалы-қорысты қалың қамыс қолтығынан тізбектеле ілбіген олар асығыс-үсігіс батыс жиекті жағалай, көк мұнарланған айдын төсіне бет түзеген. Бұлардың ізімен әудем жерге шейін ілесіп келген бригадир Бектібайдың қайығы кілт солға қиястай тартып, Балықтыкөлді мандайға тіреген. Екі қолын ескектен айырмаған Думан досы ыржалақтап барады. Сол қалпы. Япыр-ау, адам зердесінің кереметін-ай десеңші! Бұдан тура үш-төрт жылғы суреттің кескін-келбеті сөгінеп, сөгілместен көлбендеуін көрмейсің бе? Миының қатпар-қатпар қалтарысының бір бұрышында өшпестей сақталыпты. Әйтпесе... Теңіз тарландарының қатарында, алғашында нағашы ағасы Ырымтайдың кара қайығында сүзекі төгіп, ау торығаны... Кейінірек көкесімен бірге екі-үш жаз балықшы болғаны көз алдына елестемес еді ғой. Сонда еді-ау ерте есейген Думанға еліктеп, мына шокпарбас зіл темірлерді жинап, күні-түні жалықпай жаттыға бастағаны. Қора сыртындағы сыңсыған жуан карағаштың қос дінінің арасына білік орнына қыста мұз оятын сүңгі ломды бекітіп, әп-әдемі турник жасап алған-ды. Әрине, бұ қылығына Екпінді көкесінің іші жылитын тәрізді. Дабыралап жеткізбесе де әрегідік «Бәсе, толқында туғандар боркемік бозөкпе болмаса керек» деп сүйсінгенін өз құлағы да шалған. Жасыратын несі бар, ондайда әжептәуір масаттанып қалатын. Өстіп масайрап жүргенде көкесі үш ұйықтаса түсіне кірмеген әлдеқандай әңгіменін ұшығын шығарған:

– Балам, қайығыңның басын Жынғылдықайырға бұршы, – деді әкесі қалың қоғаны қақ жарып зуылдап келе жатқан Мұратбекке ықыласын айрықша аудара. Дауысы да күндегідей емес. Тым жайдары. – Колхоз тарағанға дейінгі біздің ала жаздайғы мекеніміз осы Жынғылдықайыр еді ғой. О маңнан Байсейіттің құмы да жақсы көрінеді. Пронзаның (неге екені белгісіз алақандай ауылдың үлкен-кішісі Фрунзе ауылын осылай бұзып атайды) өкпе тұсы. Сен біле қоймасың, бұдан бұрын болмадың-ау деймін.

– Білемін! Болғанмын онда!

Жалма-жан жауап қатқан Мұратбек қос ескекті ұнғысынан шығармаған күйі ұштарын айқастыра қайықтың ернеуіне жатқыза сүйеді. Толқын жалында тербелген кара қайық екпінін тежеп бір орнында шайқала берген-ді.

– Е...е... Тіптен жақсы, құлыншағым. Қай кезде барып жүрсін? Менің есімде жоқ.

– Шал болайын дегенсіз ғой, шамасы?! Жетіншіні бітірген жазда ертіп келгеніңізді ұмытып қалғансыз ба? Ақ тер, кара теріміз шығып Жақияның көлін жағалап, жаяу-жалпылай әрең жеткеніміз әлі есімде. Көке, сонда аптап ыстықта қалың құмның ішімен неғып жүрдік. Күні бүгінге шейін түсінбеймін.

– Анау-у бір жылдарғы енепат тасқын жер-көкті тұтас жайлады емес пе. Мәшине түгілі, телегей сумен салт атпен жүре алмадық қой. Байсейіттің түбіндегі қайықтарымызға жаяулап зорға ілігуші ек.

Бағанадан бері қайықтың орталық белдеме тактайшасында отырған әкесі табанының астында жатқан ұзын сырыққа ұмсына қол созды. Буын-буыны тәлтіректеген ол ебедейсіз қимылын ұлына сездіргісі келмегендей, бүкшендей жүрелеп барып, зорға іліп алған сырығына сүйене қайықтың құйрық тұмсығына салмақ сала жайғасқан. Аз-кем үн-түнсіз су бетіне тұнжырай жанар сүзген кейпіне ұрлана көз тастаған Мұратбек көкесінің шын мәнінде қартайып қалғанын алғаш аңғарған еді. Бәз-баяғыдай қылшылдаған қалпында көрінетін көкесінің қазіргі сәттегі бір уыс тұрқы, ең ақыры сырықтай бойының шөгіңкіреп, еңкіш тартқанын да жана көріп отырғандай құлазыған. Қалғып кеткен ойын әкесінің шуакты үні бұзды.

– Қарағым, Мұратбек!

Селк ете түскен ол:

– Көке, не дейсіз? – деді оқыстан басын кекжен еткізіп.

– Иә. Біз шешең екеуіміз көптен бері ақылдасып, бір тоқтамға келдік. Жоғарыға Талдықорған ба, Текелі ме?.. Жок, әлде... Қарабұлақтың төңірегіне көшсек деп ұйғардық. Жасым болса ұлғайды, шешеннің де жайы белгілі. Ал сен болсаң екі алақаның тілім-тілім боп өстіп жүре бермексің бе? Ендігі жерде қаланың маңын жағалаған жөн шығар. «Көппен көрген – ұлы той». Біздің жас кезіміздей емес, қазір заман кең ғой. Еңбек етем, қаракет етем дегенге жол ашық. Талайына жазған нәпақанды бөтен біреу әкеп аузына салмайды. Тірлік жасап, ертеңін ойлаған адам діттегеніне жетпей қоймайды. Ең бастысы, соны білгейсің, балам. Сендердің келешектерің алда. Әсіресе, ана-у құлдыраңдаған құлыншағыңның тағдырына аландауын керек. Жандосың да жалғыз болмас. Алла тағала кең ғой, тек ықыласы түскей! Келін де үйге байланбай, қала тіршілігіне бейімделіп кетер. Жұрт құсап, қол ұстасып базарға шықсандар да...

— Өй-бұу, көке-ау, мұныңыз қызық екен. Танымайтын, білмейтін жат жерде бізді қос қолын шапактап, кім күтіп тұр дейсіз? — деді үнемі үлкендерше байсал сөз саптауға машықтанған Мұратбек әкесінің ұзын-сонар әңгімесінің әужайын бұзып.— Нақты біреуді сағаламаса, бөтен жер қиын тимесе де. Қазір бәрі қымбатшылық. Баспанасыз, үйсіз-күйсіз қайда сенделіп жүрмекпіз? Осы жағын ойладыңыздар ма? Әлде, Алматының түбіне көшіп кеткен Саят пен Максим ағатайымдардай қиналып қалмайсыздар ма?

— О не дегенің, балам. Әрине, алғашқыда ептеп киналармыз. Мал екеш мал да беймағлұм өңірге бірден жерсініп кетпейді ғой. Өткенде шешен Алматыға шейін барып, бәрін де барлап қайтқанға ұқсайды. Боралдайдың төменгі тұсында, өзіміздің Талдықорғанға шығар күре жолдың қияс шетіндегі «12 декабрь» дейтін ауылдағы Максим мен Мәкираның шайлы жағдайларын көріп, көңілі бірлегендей. Аты кім еді? Әлгі өзің білетін кенжесі келіншегімен қолдарында көрінеді. Ал Саят пен Зекен де бала-шағаларымен бірге Белбұлақ ауылында тұрады екен. Әуелде елге қайтып келуге ынғайсызданған. Оны несіне жасырсын. Бүгінде бәріне көндігіп кетіпті. Тұрмыстары да, тіршіліктері де баракат білем. Тіптен, мыңғыртып мал өргізіп отырған көрінеді. Біз де бір-бірімізге делбесіп, еңсе көтеріп кетерміз, қарағым. «Тәуекел түбі — жел қайық» дегенді аталарымыз бекерге айтпаса керек. Кенеусіз байы-масак та ел қатарлы, үлкен өмірдің ағысына өйтіп-бүйтіп ілесерміз. Бізді, Аманбала анан мен буын-буыны қалтыраған мына мені қайтесің. Қастарында ілбіп жүріп, екі-үш сиырыңды, он шақты ұсағыңды бағып берсек жарар. Қанша айтқанмен уақыт өз құзырын жүргізетін сықылды. Соңғы кезде бұрын-соңды еш байқалмаған теңіз сырқатына шалдықтым ба деп қорқамын. Айдынға өрлесем болды— басым айналып, көзім қарауытатынды шығарды. Ежелгі серігімді, мына қара қайықты қимағанмен жан, шіркін, тәтті екен. Айдың-күннің аманында ат емес, түйе емес, толқын жалында қайықтан есім ауып құлап, көз алдында майып болармын. Түрі жаман бұ жабысқан пәленің. Бүгін қайықтың басын Жыңғылдықайырға текке бұрғызып отырғам жоқ. Ыстық мекенді өз көзіммен бір шолып өтсем дегенім емес пе. Енді қайтып әкең теңізге шыға қоймас. Ал ертең Ақтақырдағы ауыл зиратына барып тәу етіп, аруақтарға дұға оқып қайтқанымыз жөн. Ешкімге салмақ салмай-ақ, әлгі дырылдағың — үш аяғынмен бірдене ғып апарып келерсің.

– Жарайды. Көп аландаманыз.

Әке ауанын сөзінен, күпті көнілін қабағынан ұққан ол одан әрі қазбалап ештеңе сұрамады.

...Тілектес, ниеттес жақын жегжат-жұрағат пен көрші-қоланның басын қосып, бір шәугім шайын беріп, жөн-жоралғысын жасаған Екпінді балықшы ұзамай ауыл-аумағымен, бауыр басқан теңізімен қоштасып, өрге – Үштөбеден жоғары, Талдықорған асып, Текелінің төңірегіне көшіп кетті.

* * *

Міне, содан бері де төрт-бес жылдың зырылдап өте шыққанын байқамапты-ау. Алғашқыдай емес, бәріне де мойынсынып, көндігіп кеткендей. Текелінің түбіндегі ауылға әкешешесін жайғастырған Мұратбек Қарабұлақтан шағын ғана ауласы бар екі бөлмелі үй алған. Айтпақшы, су тегін. Құдайына қараған пенденің жолыққанын көрмейсіз бе? Германияға көшіп бара жатқан жалғызілікті неміс кемпірі босқа беріп кеткен. «Бүкіл ғұмырым өткен ыстық ұям. Саудалап, пайда таппай-ақ қояйын. Мектеп те, базар да жақын, іргеде. Мінеки, қол созымда, тиіп тұр. Биыл күзде ұлын біріншіге баратын болса, қиналмасын. Ал, өзін мына бұрыштағы базардан ептеп-септеп жұрт қатарлы күнінді көрерсің. Бәрінен бұрын мені айтсаңшы, алдым бұлыңғыр. Сүйегім туған жерімде қалсын деген тілек те. Екінші отанымдай бауыр басқан ошағымды, орманымды тастап кету – қиын-ақ. Үйрене алмасам, қайтып оралармын. Ақшанның да, пұлынның да қажеті жоқ, қарағым. Отыра бер алаңсыз...»

Бұл жарық дүниеде жақсы адамдар көп-ау. Еліне, Германияға рұқсат ететін құжаттарын реттеп, кезек күткен Эмма шешей көшер-көшпестен Мұратбекті отбасымен үйіне кіргізіп алып, бір бөлмесін босатып берген. «Әне-міне» деп екі айға жуық бірге тұрған қайырымды кемпірді туған әжесіндей Алматыға дейін шығарып салып, пойызға қимай-қимай отырғызғаны да күні кешегідей.

Көзінің жасы бұршақтаған Эмма кемпірдің ағыл-тегіл егілгені де есте.

«Айналайын, Мұратбек! Жетпіске келгенімде жетіскеннен желпілдеп жүр дейсің бе? Франкфуртта сарғайып күтіп отырған не әке-шешем, не туыс-бауырым да жоқ. Дәм-тұзымыз жарасқан Қадырбай шалым мен одан көрген жалғыз ұлым Елубайым да Текелінің тауында бір-бір төмпешік боп дамыл-

дап жатыр. Топырактары торқа болсын! Менің сенен жалғыз сұрайтыным, қолын тигенде әкелі-балалы сол бейбақтардың басына барып дұға оқытқызып, қоршау-моршауына көз киығынды салып жүрсен. Заман бұзылды ма, жоқ әлде адамдар бұзылды ма? Айдаладағы зираттың темір-терсегін ұрлап-жырлап, аруақтарға тыныштық бермейтін болды емес пе. Өзін көрдің ғой. Менің қолымнан келгені – қырық жыл серігім болған кара шалым мен бұ фәниден тұлдырсыз ерте кеткен сыңар тұяғымның бастарын жұрт қатарлы қарайттым. Ендігі жерде солардың қарауылшысы болмасаң да, анда-санда көз тіге жүргейсін. Өткенде өзіне айтып ем ғой. Осы өзіміздің Қарабұлақтан көшіп кеткен ағайынды Вагнерлерді сағалап бара жатырмын баяғы. «Есің барда еліңді тап» дейді емес пе қазақтар. Алда-жалда жерсіне алмасам, өз елім – өлең төсегіме қайтып келермін...Соқа басым, еш салмақ салмай, сенің қолыңда тұра беремін де...»

Эмма шешей аман-есен еліне жетісімен Мұратбекке жолдағы көрген-білгенін тізіп, одан кейінгі қалай орналасқанын тәптіштеп хат жазып жіберген. Жүріс-тұрысы, ойы мен сөз саптауына дейін қазақ боп кеткен кейуана бөрі-бөрінін ақтарыпты. Ішінде түк қалдырмағанға ұқсайды. Тіпті аз-кем қиналысын да жасырмаған. «...Қанша айтқанмен бөтен жұрт. Тұрмыстары тәуір көрінгенімен, дәстүр-салттары біздегіден гөрі бөлектеу. Оны қойшы көндігіп кетермін. Бөрінен бұрын тіл жағынан қиналып жүрмін. Шәлдүр-шүлдір. Ежелгі ескі таныстарыммен, Қарабұлақтан көшіп келгендерді айтамын, қазақшаны сапырып жүріп жатырмын. Елдің жаналығын, көрші-қоланның амандығын айтып хат жазып тұр. Жарай ма? Мүмкін, келер жазда келін екеуін Жандосты ертіп келіп қайтарсын. Елді сағынғаннан соң, жазып жатқаным ғой. Уақыт көрсетер. Өзірге аман-сау болындар...» Екі-үш ай аралатып келіп тұратын неміс кемпірдің осы сарындас хатына Мұратбек те дер кезінде жауап жазып, кешіктірмей жолдап жүрді.

Әуелде үзілмеген хат-хабар келе-келе сирексіген.

Неге? Көмейіне тығылған сауалдың жауабын таба алмай дал. Үнін құмықтырып тұншықтырған секем ойды сыртқа шығарғысы жоқ.

«Кім біледі? Мүмкін жат жерде құсадан, сағыныштан қисайып қалған шығар. Жоқ, әлде... төсек тартып жатып қалды ма екен? Иә, солай...солай...»

Басына келген сан-сапалақ ойлардың қамауынан әрең құтылған Мұратбек еңсесін өйтіп-бүйтіп тіктегендей.

Үлбіреген үміті де үзілмеген. «Аман-есен болсақ, алдағы жазда Эмма әжемді өзім іздеп барамын...» Анда-санда жанын шырмаған күлміжі түйткілдерден осылайша арылатын Мұратбектің азат басы жоқ жерден шатылғаны.

* * *

- Ойбай, тағы да қағып кетті!
- Ән-е-е... Ұрлап барады...
- Міліса-міліса!
- Дереу хабарлаңдар. Шақырсандаршы тездетіп.
- Қолдарың сыңғыр, қолдарың сынсын!
- Қарандаршы, мені де үптеп кетті ғой мыналар.
- Ойпыр-ай! Не дейін... Қарғыс атсын!..
- Көктемей солғыр, өңкей көк сатқақ.
- Шешелерің болса, мен байғұстай аныратсын.
- Әлгі мілісасы құрғыр қайда жүр?
- Бұларға өзі тыйым бола ма?!

Азан-қазан қарғадай шулаған жұрт аядай базарды басына көтерген. У-ду, айғай-шу... Аныраған әйелдер, жылаған балалар... Құмырсқаның илеуіндей құжынаған елді әп-сәтте ала тайдай дүрліктіріп, еңіреткен бүлікшілердің бірде-бірі қолға түспей, бой тасалап үлгерген. Шынтуайтына келгенде, бейбастақ қарақшыларды ұстап алуға мына кірпідей жиырылғандардың ешқайсысының жүрегі дауаламаған. Зөрезап болған базаршылар шетінен қоянжүрек боп кеткенге ұқсайды. Тізелері қалт-құлт, дауыстары дір-дір... «Өздерінің құлаштай қанжарлары бар екен. Қынынан суырып алғанда жүрегім тас төбеме шықты. Әлгі шпанасының, Дабырдың екі бірдей тапаншасы бар көрінеді. Бірін жанқалтасынан тастамаса, екіншісін беліне байлап апты. Атымды атап, үніңді шығарған бойда-ақ жайратамын деп қорқытады...»

Күнкөрістің, бала-шағаның қамымен таң атырып, күн батырған базаршылардың дәрменсіз әрекетіне күйіп-піскен Мұратбектің де жүні жығылып қалғандай. Құла дүзде бұла өскен ол әуелде екі-үш мәрте қоразданып шыға келгені бар. Жөн-жосығын айтқысы кеп, сатып отырған көр-жерін ашықшашық тастай салып, жүгенсіз тентектерді онашаға шақырған. Тілдесерміз, түсінісерміз деген беймарал ойының шылпарасы шығып, бет-аузы қан жоса боп әрен құтылған-ды. Таяқ жеп тынса бір басқа. Мойны салбырап, салы суға түсіп орнына келгенде әлгі сатып отырған дүние-пұлын әлдекімдер жылан жалағандай жымқырыпты. Бәрінен бұрын кішкентай

Жандосына екі аяқты велосипедке жинап жүрген тиын-тебенін сөмкесімен көтеріп кетіпті.

Кім? Әлгі қызылкөздер ме? Жок, әлде... мына қара базарда бірге сауда-саттық жасап жүрген «көршілері» ме? Шетінен сұрастырып көріп еді. Бәрі де бейхабар. Иықтарын кикаң еткізгеннен өзге ештеңе айтсайшы. Қайта мұны кінәлайтын сықылды.

— Аузыңды ашып бейкам жүргенінде өзінді көтеріп алып кетпесін...

Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай. Үркіп өмір сүруге еттері де үйреніп кеткен. Әйтпесе күні-түні базар торуылдап, кісі үстінен күн көрген әлгілерге бетпе-бет жүздескен мезетте жақ аша алмай, жылан арбаған балапандай шырылдайды да қалады-ау. Өз ойына өзі шырмалған ол ұзын сәкілердің қалтарыстарын тінткілеп, әлі де күдерін үзбеген. Кәкір-шүкірмен тығындалған қоржын қалтасы шыға келетіндей. Басы мен-зең. «Әй, өзім де ақымақпын ғой. Неше ай ішпей-жемей жинаған ақшамды неге ала шығып ем. Жок... Мен бүгін Жандосымды қуантайын дедім емес пе? Великті зарығып күтіп жүр. Ә, ә... Енді қайттім?..»

— Ей, мәмбет! Неге тығыласың? Бері қара.

Ештеңеге түсінбеген ол желке тұсынан естілген гүжілдек дауысқа жалт қарады. Екі езуі екі құлағында, тура қарсы алдында Дабыр ыржалақтап тұр. Бауқеспе рәкеттің өзі. Қасында ұзын сирақ, қаз мойын қарауылы.

— Мә, ала дорбаң. Ішіндегісін іздеме. Тағы да толтырып аласың ғой.

— Естідің бе, дүндік. Екіншілей бізге аузыңды ашушы болма. Жарай ма? Чао!

Жарыса сөйлеген олар бөгелмеді. Теріс айналған бойы қалың нөпірге сүнгіп жоғалған.

Тұрған жерінде қакқан қазықтай сілейіп қалған Мұратбек намыстан өртеніп, жерге кіріп кете жаздады. Меңіреу адамша маңайына сүзіле жанар жүгіртті. Тілі де байланып қалғандай.

— Әй, ауылдан келген анқау балам-ай, бұлармен бекер байланысасың, — деді жанындағы көршісі, шұлық тоқып сататын егде әйел. — Тапа тал түсте бүкіл жұртты жау шапқандай зар қаксатып жүрген нағыз қаракшылар емес пе...

Кемпірдің сөзін тындамаған ол жалма-жан ілгері ұмтылды. Күбір-күбір:

— Көрсетем бұларға. Кімді басыңғысы келеді екен.

Әдеттегі азан-қазан базар оның лепесін естіртпеген.

Құрақ ұшқан беті төргі бөлмеде ілулі тұрған қос ауыз мылтығын қолтығына жасыра-масыра кері оралған Мұратбек қан базардың қалтарыстау бір бұрышында торуылдан түскен нәпақаларын бөлісе алмай, тәжікелесіп тұрғандарға жетіп барды. Көзі қаншенгелденген тыртық езу рәкеттердің дөкейі Дабырдың сабалақ түкті кеудесіне мылтық ұңғысын қадай берген.

— Әй, мәмбет, қой бұл ойыныңды! А-то, жаман бо-ла-ды...

— Мә, сағ-а-ан мәм-бет-т!..

Құмырсканың илеуіндей құж-құж қайнаған қара базарды дүр сілкіндірген мылтық дауысы гүрс етті.

Жер-көкті уысында ұстаған рәкет қанға оранып, құлаған теректей қалың көпшіліктің алдында сұлап жатты...

Қылмыстың аты — қылмыс, заңның аты — заң.

Аудандық полиция бөліміне қос ауызын өз қолымен көтеріп барған Мұратбекті темір торға қамап тастаған. Ілешала оның кінәсіз екенін өздерінше дәлелдеуге тырысқан базаршылар тік көтерілген бойы милиция үйін қоршап алды... Өз талаптарын білдірді...

...Көп кешікпей болған сот кісі өлтіргені үшін Мұратбекке сегіз жылды арқалатып жіберді. Ұстараның жүзіндей аударылған дүние-ай!.. Түлкібұлаң бәтуасыз өмірдің табан астынан құбылып, тағдыр желінің қалай, қай жақтан соғарын кім білген? Бірақ ол ештеңеге өкінген жоқ.

ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН МЕККЕ

Бисмилләһир-рахмәһир-рахим!

Мейірімді Алланың сыйының арқасында қасиетті Мекке-Медине топырағын басып, мұсылманның бесінші парызы — қажылықтың барлық шарттарын өтеп қайтқанымызға да біраз уақыт. Мәңгі ұмытылмас сапардың жанғырығы да бәз-баяғы қалпында. Өшпеген. Керісінше, бір мезет есіне түсірсең бойыңа бөлекше қуат шиырар, жанына ерекше ізгілік нұрын себер сикырлы сәттердің дабылдап қоя берерін қайтерсін. Осындай ғажайып әсер үстінде қойын дәптердегі үзік-үзік штрихтардың басын біріктіріп, жүйелеп түзіп оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдім. Қажылық рәсімдері жөнінде әл-

сін-әлсін жазылып жүргендіктен, оның бүге-шігесін тәптіш-темей, қасиетті міндетті орындау барысында байқағандарымызды, бізге беймәлім араб елі хақында там-тұмдап болсын көрген-білгенімізді баяндап, қалтарыста ұшырасқан қызықты жағдайлар мен елең еткізер деректер төңірегінде әңгіме өрбітпекпіз. Сонымен...

Он мың метр биіктегі ой

Әлқисса, бұл өзі мен үшін күтпеген оқиға. Рас, ұдайы есте жүретін, отбасымызда жиі айтып қоятынбыз. Өйткені қажылыққа бару – әр мұсылманның аңсар арманы ғой. Қол жетпес қиялдай көрінген қиыр сапарға асығыс-үсігіс жиналды. Небәрі үш-төрт сағаттың ішінде бүкіл құжаттарымызды мөрлеп, таңбалап түн ортасында Астана әуежайына тарттық. Көңіл – алаң. Үміт пен күдік қатар арбасады-ай. Жүрекке жылылық ұялататыны елордамыздағы Сауд Арабиясы елшілігі қызметкерлерінің қас-қабағы, шетінен құрақ ұшып жүр. «Сапарларыңыз сәтті болып, қажылық борыштарыңызды адал орындап, Алла алдындағы құлшылықтарыңызды абыроймен орындап қайтуға тілектеспіз. Сіздер осынау үлкен жолға Корольдің шақыруымен бара жатырсыздар. Мұндай құрмет кез келгеннің пешенесіне бұйыра бермес...» Әп-сәтте санаңды серпілтіп, мерейінді маркайтар жүрекжарды лебіздердің іле-шала әлдеқандай бұлыңғыр, сағым сезімге бөлегенін де жасырмаған жөн. Атам казак күпті ойын «Көрмеген жердің ой-шұқыры көп» деп түйіп айтқан емес пе...

Ұзақ түнге көз ілмей, таң рауандап келе жатқанда байтағымыздан самғай көтерілген «Боинг-737» Ыстамбұлға бет түзеген. Салондағы жолаушылардың дені түрік ағайындар. Емін-еркін, емен-жарқын. Газет-журнал сапырып, құлақтарына бітемелерін бастырып музыка тындауда. Телесериал тамашалаушылар да жеткілікті. Менің қажылық сапардағы серігім Альберт Сафуллин алдыңғы қатарда отыр. «Нұр Медиа» холдингі бас директорының орынбасары боп істейтін бауырыммен бағана Саудия елшілігінде танысканмын. Қызық. Бір шаһарда жүрсек те бұған дейін бір мәрте кездесіп, жүздеспепіз. Әлгінде әңгіме арасында аңғарғаным, ҚазМҰУ-дің түлегі шығыстану факультетін бітірген, қытай тілінің маманы көрінеді. Жас болса да көпті көргені жарқ-жүрк қылығынан анық байқалады. Өзі де, сөзі де шегедей. «Саспаңыз, сұрай-сұрай Меккеге де

жетерміз...» Езуіме үйірілген күлкіні стюардессанын сынғырлаған үні шайып жіберген.

– Жолаушылардың қаперіне! Біздің ұшағымыз Түркияға Әзірбайжан дәлізі арқылы кіреді. Қазір он мың метр биікте ұшып келеміз.

Ағылшынша түсінбесем де, түрікшесінен ұққаным осы сарындас. Кешелі-бері ұйқыдан маза кеткен, әншейінде жайлы жердің өзінде онайшылықпен кірпік айқастырмайтын мен иллюминаторға тесіле түсемін. Ойым да қалғып-шұлғып сансакка бөліне береді-ау. Шартарапты шарлап кеткендей. Түн қараңғылығын қақ айырып, зуылдап келе жатқан мынау алып көк кемесінің күміс қанатының ұшында тынымсыз жарқ-жүрқ еткен шырақтай жалтылдап, ұстатар емес.

– Е,е... Жаратқанның аспанымда да түп-түзу, емін-еркін ұша алмайсың. Бәсе, төтесінен тартқанда, бүйтіп алты сағаттай айналмасак керек. Мейлі, әйтеуір кездейсоқ қауіп-қатерден сақтай гөр. Әр ел, әр жұрт тура жердегідей өз әуе кеңістігін де кескілеп, бөлшектеп, меншіктеп алған заман емес пе.

Іштей күбірлеймін. Ойды ой қоздатады. Жандүниемді біржола билеп алған сапар сазы бала жастан құлаққа сіңісті мешіттер мекені Мекке-Медине туралы, жер мен көктің арасында қалқыған қасиетті кара тас хақында қилы-қилы хикаяларды еске түсіреді. Қиял-ғажайып аңыздарға бергісіз әңгімелердің ұзын-ырғақ сорабымен бірге, Меккеде тәкие салдырған Құнанбай қажының, алып мемлекет Кеңес Одағының Сауд еліндегі тұнғыш елшісі болған Алаш ардақтысы Нәзір Төрекұловтың әр тұлғаларын көз алдыма елестетемін. Олар жайында үнемі айтылып та, жазылып та жүр. Оқиға орайына қарай арыстар есімдерін қастерлеп ауызға алып жатқаным да...

Соңғы күндері жатсам да, тұрсам да көмескі бейнесі жанарымда көлбеңдеп, аты-жөні көмейіме тығыла беретін нағыз мұсылманның бірі турасында ойламау әсте мүмкін бе?! Ол – әйгілі шешен, кара қылды қақ жарған би Жәлменде Байшығашұлы. Менің жерлесім, ауылдасым, ақиқатына келсек, Жетісудің жампозы ғана емес, исі қазақтың дүлдүлі. Өкініштісі сол, біздің буын Жәлменде есімін де, оның атақты акын ұлы, кеңес өкіметінің қанды қол жендеттері үш мәрте атқанда өлмеген жаужүрек Пышан жөнінде де өте кеш естідік. Тәуелсіздіктің арқасында барлық шындықтың беті ашылғаны мәлім. Мектеп қабырғасында жүрген шағымызда әке-шешеміздің өзара күбірлесіп, сыбырлап отыратыны еміс-еміс есте.

«Теніздің арғы бетіндегі Аркадағы тобықты елінен Меккеге Абайдың әкесі Құнанбай барып қажы атанса, мына біздің Сарыесік атырабынан жалғыз Жәлменде барған. Өзі Құнанбай қажымен кездесіп, Абаймен дәмдес, пікірлес болғанға ұқсайды. Шиліқарындағы Сиез төбесіне аймақтағы ел-жұртын түгел жинап, бата сұрап, қоштасыпты. О заман белгілі. Алпысты иектеп қалған оның ниетін құп көрсе де, ағайын-туыстары қиыр сапарға шығуына ықылас бермепті. Райынан қайтпаған Жәлменде би жанына тек інісі Бимендені ертіп, қажылыққа дабырлатпай аттанған көрінеді. Жарықтықтың тілегін құдай қабыл етіп Меккеде қайтыс болып, туған жеріне оралмады ғой...»

Күні кешегідей жаңғырады. Ұшак ішінде мүлгіп отырып, шалғайдағы ауылыма саяхат жасағандаймын. Мың бұралған әсем Караталдың Балқашқа құяр төменгі сағасында, қалын тоғайдың бөктерінде бой көтерген Байшегірдің суретін қолыма ұстап тамашалағандаймын. Жәлменде бабаның кіндік қаны тамған өркенді өңірдің, өзімнің туып-өскен алтын бесігімнің әр сүйемі, әр бұтасы, әр шоқысы... Бәрі-бәрін ой көзімен көріп отырмын. Байшегірдің іргесінде қол созымдай тұста Жәлменденің қыстауы – Дөнши, одан сәл әріректе ауылдан екі шақырымға толар-толмас жерде жаз жайлауы – Шиліқарын, осы маңды жанай өтіп, көл жағасындағы балықшылар мекені Көпбірлікке маңдай тірейтін қасқа жолдың жиегінде жыл сайын халқын құрылтайға жинайтын Жәлменде болыстың Сиез төбесі... Көңілде сайрап-ак тұр. Міне, түп-тура осы жерден қасиетті Меккеге қажылық сапарына аттанған екен. Артық-кемі жоқ жүз он жыл бұрын. Әрине, ол кез бен бүгінгі уақыттың арасы жер мен көктей...

Айтпақшы, Жәлменде Байшығашұлы туралы энциклопедиялық дерек көздерінде былай деп жазылған: «Данқты би, шешен 1843 жылы туған. Ұлы жүз құрамындағы Жалайыр руының Арықтыным-байшегір тармағынан шыққан. 12 жыл болыс, 9 жыл би болған. Қоянды жәрмеңкесінде Абаймен кездесіп, жақын танысады. Үржарда өткен 7 уезд өкілдері бас қосқан сиезде түйіні қиын мәселелерді шешуге Абай Жәлмендені арнайы шақырады. Жол аяғы қашықтықтан екі-үш күн кешіккенімен, сиезді Жәлменде би ашады. Құрылтайда хатшылық міндет атқарған Абай оның сөздерін уезд бастығы Лосовскийге аударып отырады. Уезд бастығы осы жиында Жәлменденің басшылығымен шығарылған ережені өзгеріссіз бекітіп, оған атқарған адал еңбегі үшін алтын медаль береді.

Жәлменде қырғыз Шәбден төре, казак халқының белгілі адамдары Бөлтірік шешен, Маман бай, Есінбек Жәнекеұлы, Бактыбай Жолбарысұлымен етене араласқан. Ол 1901 жылы қажылыққа барған сапарында Мекке мен Мединенің аралығындағы «Жаннәтіл бакия» деген құдықтың маңында қаза тапқан». Шегелеп танбаланған бұл дәйектер Жәлменде атамыздың осал адам болмағанын анық айғактаса керек. Ал әйгілі тұлғаның асыл тұяғы — «Баласы Жәлменденің Пышан едім» деп жырлаған, жасындай жаркылдаған ел еркесі жайындағы аңызды бүгінгі ұрпақтары мақтанышпен әнгімелейді.

Таңғы тыныштықты жолсеріктің даусы бұзды. Бәрін де айтқызбай ұққандаймыз. Қыбыр-күбір көбейген. Іле бұлттан-бұлтқа сүнгіген ұшағымыз құлдилап төмендей бастады. Түн түнлігін түрген күннің қызыл арай кірпіктері енді ғана кылтиып келеді екен. Шығыс жақ жалын түске боялғандай. Ғажап! Бейне бағанағы Астанадағы көрініс.

— Сонда, біз Күнді қуалап келе жатырмыз ба?! — деймін іштей өз-өзіме. — Иә, қасиетті Меккеге бір табан болса да жақындадык. Иншалла!..

Түбі бір — туысқан

...Кірпік ілмегеніме екінші күн. Сонда да сергекпін, айрықша күш жанымға қуат бергендей. Бұған да шүкір. Токсанның төріне тақаған аяулы анамның екі ауыз сөзі көкейімнен кетсейші. Алыс сапарға аттанып бара жатқанымды айтып, телефон шалғанымда, сәл мүдіріп барып айтқан сөздері есімде.

— Не дейін, құлыным! Мен үшін тосын жағдай. Алланың берген несібесі де. Жұмбақ жолда тек Құдайын колдап-қорғап, желеп-жебеп, жетектейді. Мұндай сапар жүз жасаған әкеңе де бұйырмаған. Аман-сау барып қайт...

Бістамбұлдың халықаралық әуежайында жеті-сегіз сағат қаңтарылып отырғанымызды, одан кейінгі Сауд Арабиясының ежелгі астанасы Жидда әуежайындағы сергелдеңімізді жақсылық нышанына баладык. Өйткені ертеректе Жәлменде секілді бабаларымыз жол азабын жылдап, айлап тартқан ғой. Жол торыған жатжұрттықтар мен пиғылы теріс қаракшылар адымдарын аштырмайтын. Оның үстіне төтеннен келген ауру-сырқау, пәле-жәле және бар. Соның өзінде арып-ашып, Алла тағаланың алдындағы мұсылмандық парызын өтеуге деген ынта-ықыласы мен құлшынысы мүлдем ерек еке-

нін сезінгенде тәубе демеске еш лажын жоқ. Болар-болмас қиыншылықтарды, ұсақ-түйек кедергілерді елемегеніміз рас. Ертегідегідей қалаған жерімізге топ ете түссек несі қызық, несі мәнді?! Жидда жалын шарпып тұр екен. Күн әлдеқашан батса да ыстықтың беті қайтпапты + 39⁰. Шыдармыз. Бір тамашасы, ғимарат іші сап-салқын. Әуежайда қалың арабпен шүлдірлесіп, бір-бірімізбен тіл табыса алмай, қақпақылға түскеніміз еріксіз мырсылдатады-ай. «Ұлы орыс тілі» шырпы сындыруға да жарамды. Әйтеуір шыр-пыр күйген Альберт заматында араб астанасы Эр-Риядка, іргедегі Мысырға, ұйқыдағы Астанаға да телефон соғып, араб тілін білетін дос-жарандарын байланысқа жалғастыра жүріп, барлық шаруаны онынан шешкен. Кілтипанның да, күрмеудің де кілті оп-онай ағытылғаны сол, әуелде құжаттарымызға бастарын шайқап, иықтарын қикаң еткізгендер бәйектеп жүгірсін. Жүз мыңдаған адамға арналған алып ғимарат – қажылар терминалының бұрыш-бұрышын аралатып, қосымша құжаттарды лезде әзірлеп, қолымызға ұстатып, арнайы жабдықталған бөлмеде тынықтырып, шай-сумен қаталаған шөлімізді басқызып, ең соңында қол-аяғымызды жерге тигізбей біздерді түн ортасында шаһардағы «Marriott» бес жұлдызды қонақ үйіне джиппен жеткізген.

Кейінірек мәлім болғанындай, біздің кейпімізді өзге мемлекеттерден келген біраз қаламдастарымыз да бастарынан өткізіпті. Тіл білмеудің машақатына осында бір айға жуық уақыт болғанда көзіміз әбден жеткендей. Жырақта жүргенде сәт сайын көкейіме келе берген ойды ретті тұста айта кеткенді жөн көріп отырмын. Тәуелсіз еліміздің орта мектептері мен жоғары оқу орындарында басқа шет тілдері пәндерімен қоса, келешекте араб тілін де жүйелеп оқытуды қолға алған дұрыс-ау деген ой мазалай береді. Ислам өркениетінің қазіргі өрісі мен даму қарқыны етек-жеңімізді жинап, асыл құндылықтарымызды тереңірек ұғынып, түйсінуге жетелейтіндей. Ертеден келе жатқан үрдістің бірі – мектептерде ағылшын, француз, неміс тілдері үйретіліп жүр. Сондай-ақ ендігі жерде қазақ мектептерінде жаппай араб харпін үйретіп, араб тілін меңгерудің зияны жоқ. Араб тілі біз үшін жат тіл емес. Ең алдымен, ол – Қасиетті Құран Кәрімнің тілі, Пайғамбарымыздың (с.ғ.у.) тілі. Барлық рухани құндылықтар мен қағидаттардың осы тілде жеткені мәлім. Сүре аяттарын тікелей түпнұсқада оқудың маңызы жөніндегі мәселе бөлек әңгіменің өзегі.

...Пенде шіркінді қойсайшы. Болмашыға қиналып қабак

шытып, күйзеліп ренжіп шыға келеміз. Самаладай жарқыраған мейманхананың табалдырығын аттар-аттамастан құрыстырысымыз жазылып, езуімізге күлкі үйірілгендей. Ежелгі таныстарынша ықыласпен қарсы алып, бір-бірімізді түсінбесек те баппен бас изесіп, ишарамен ұғысқан Сауд Арабиясы корольдігі Мәдениет және ақпарат министрлігінің жауапты өкілдері әп-сәтте жеке-жеке нөмірлерге жайғастырған. Әлгінде үн-түнсіз мәшинеге бізге ілесіп кірген соқталдай-соқталдай үш негр жігіті де журналистер екен. Айтқызбай аңғарғанымыз — үшеуі де қара құрлықтан. Тып-тыныш қабатта қарама-қарсы орналасқан Альберт екеуіміз ағыл-тегіл сыр шертісіп және бір сағат отырдық.

— Шүкір, аман-сау қасиетті топыраққа да табанымыз тиді, — деймін мен қуанышымды жасырмай.

— Иншалла! — Сағатына қараған серігімнің даусы таңырақай естілген. — Оу, Жәке, түн ортасы бопты. Көз шырымын алайық. Астанада таң атып келе жатыр. Уақыт айырмашылығы төрт сағаттай шамасы. Таңертең бәрін штабтан анықтармыз...

— Жарайды, тынығайық.

Ертеңгі жеңіл-желпі тамақтан соң бірінші қабатқа түстік. Қаламның суреті бейнеленген плакат-бағдарламаға тесілген төрт-бес жігіт назарларын бізге аударып, жылы ұшырай қарсы алған.

— Қазақсындар ма? — деді тығыршықтай, еңселі жігіт иығындағы камерасын қолына ұстап. — Мен әзірбайжандық әріптестерің боламын, аты-жөнім Азер Мамедов. Республикалық телевидениеде істеймін. Сендерді жаңа ресторанда көрдім, қазақша сөйлесіп отыр екенсіңдер. Мына жігіттердің барлығы да журналистер көрінеді. Жаңадан танысып жатырмыз...

Өз тіліне орысшасын араластырып танысқан Азермен оңай түсінісіп, мәз-мейрам боп қалдық.

— Қашан келдің?

— Ыстамбұл арқылы ма? Әлде, Бакуден төте рейс бар ма?

Оқшауырақ жұмсақ диванға жайғасқаннан соң барып, жаңа танысымыз басынан кешкенін жыр ғып шертті.

— Ертеде ата-бабаларымыз қажылыққа қиналып жеткенін жақсы білесіңдер ғой. Қысқасы, мен де біраз азап көрдім, — деген әзілдей жымындап. — Ауа райының қолайсыздығынан ұшағымызды Ыстамбұл қабылдамай, Анкарада жарты күн бөгелдік. Жиддаға кештетіп келдік. Аз-маз ағылшыншам мен түрікшемді бірде-бір арабқа ұқтыра алсамшы. Әбден қинал-

дым жалғыз өзім. Мен ойлағанмын, арнайы біреу-міреу күтіп алар деп. Амалсыздан түннің бір уағы болса да, осы шаһарда қызмет істейтін жерлесім, дәрігер досыма телефон шалдым. Мән-жайды түсінген Азат пәтеріне апарып кондырып, демалдырып дегендей, ес жиғызды. Ел-елден қажылыққа шақырылған журналистердің тұрақтайтын жерін, яғни осы қонақ үйін де досым тауып берді емес пе. Кәне, екінші қабаттағы баспасөз орталығына барайық. Өзіміздің Өзбекстаннан Байназаров Нығметолла деген тележурналист жүр. Сендермен таныстырайын бауырларыңды.

Орнымыздан өре түрегеле бергенімізде:

– Орта толсын, жігіттер, – деген өкпе тұсымызға жалт қарастық. – О-о, Азербайжан, туыскандарыңды тауып алғансың ба?

– Міне, жанағы айтқан Нығметолланың өзі де келді.

– Иә, ниеттерің қабыл болғай. Қалай жеттіңіздер, қашан келдіңіздер? Тым тәуір болды, мына Азербайжан екеуіміз кешелі-бері жалғызсырап жүр едік. Қарашы, бір ғана Қазақстаннан екі журналист келіпті, ә?! Яқшы-яқшы... Ендігі жерде еш алаңдайтын жер жоқ. Қазақтар айтады ғой: «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді». Әлі асықпай таныса жатармыз. Құрбан байрамына дейін осындамыз... Жүріндер, қазір қарсы алу бөлмесінен ихрамымызды алады екенбіз. Құдай сәтін салса, ертең түстен кейін Меккеге барамыз, умра жасаймыз. Содан кейін өз ретімен үлкен қажылық, Арафатта тілеу тілеп, Муздалифа мен Минада болып, Жамарат ақабаға – шайтанға тас лақтырамыз...

Ертеңіне қатарымызға Түркіменстаннан келген Дәулеткелді Аннамуратов, душанбелік Сарбан Сайдов пен мәскеулік татар жігіті Шәмил Идиатуллин қосылды. Түбі бір туыскандар мәре-сәреміз. Ең жақсысы, төрт тілде сөйлейтін тәжік журналисі арабша ағып тұр.

Көз алдымда – жүректегі сурет

Қол ұстасып, иық тірескен біз ихрамға кірудің барлық шарттарын мүлтіксіз орындап, ақ шағаладай боп шыға келдік. Әрине, айтуға жеңіл. Әйтпесе... екі бөлек шүберекті, яғни «изар» мен «риданы» жалаңаш денемізге оранып жүрудің өз машақаты әжептәуір әуреге түсіргені бар. Түймесіз, ілгексіз жалаң екі жапырақ матаны «киіп» жүруге де өйтіп-бүйтіп машықтанып алдық. Ихрамды жамылып сыртқа шыққанымда бойымды ерекше бір сезім бөлегендей күй кештім. Көз

алдыма Жиддаға ұшардағы Ыстамбұл әуежайындағы көрініс елестеген. Жолаушыларды тіркеп, алыс сапарға аттандыратын атшаптырым зәулім залдың іші лық толы— ихрам киген үлкен-кіші. Барлығы да түрік туыстар. Мұсылмандық парыздарын өтеуге асыққанын аңғару қиын емес. Қатты таңданғанбыз, қатты қызыққанбыз. Лек-легімен ағылған қалың нөпір өз кезегімен, өз ретімен ұшып жатыр, ұшып жатыр. Солардың санатында біздің рейстің жолаушылары да ілгері жылжуда. Ұшақ табалдырығы алдындағы сонғы аялдамада біз күтпеген тосын жайдың куәсі болдық. Алға озыңқыраған дөңгелек жүзді, сәлделі жігіт ағасы өз тобына қарата: «Кәне, екі-үш мәрте қайталап көрейікші. Қазір әуеде миқат шекарасына жеткенде дауыстап айтамыз» деуі мұң екен, ошарылған олар тәлбия дұғасын санқылдатып қоя берді:

«Ләббәйкәл-лаһуммә ләббәйк,
ләббәйкә лә шәрикә ләкә ләббәйк,
иннәл-хамдә, уәнниәмәтә, ләкә уәл-мулк,
лә шәрикә ләкә».

Қазақша мағынасы: «Ей, Алла! Міне, мен Сенің алдындамын. Міне, мен Сенің алдындамын. Сенің ешбір серігің жоқ, міне, мен Сенің алдындамын. Расында, мадақ, нығмет және мүлік Саған тән. Сенің серігің жоқ».

Сапар қарсаңында алдын ала жаттап алған тәлбие сөздерін көпке қосылып, біз де сан мәрте қайталағанбыз. Тіліміз мүдірмейді.

Мейманхананың барлық жайларында, холдарында, штабпен баспасөз орталығында теледидарлар жергілікті арналар Меккеден үздіксіз таратып жатқан бейнехабарларды тәулік бойы көрсетеді. Құлаққа қанық, жүрекке ұялаған сөздерді енді міне, біз де хормен айта бастадық. Қырық-елу журналист жайғасқан автобус жол апшысын қуырып келеді. Алғашқы топ умраны кеше жасап қайтқан. Бүгін олар Мединеге аттанып кеткен ертелетіп. Өйткені жол ұзақ — шамасы төрт жүз шақырым. Ал, Мекке Жиддадан 75-80 шақырым көрінеді. Былайша айтқанда, таяқ тастам жер. Таспадай тілінген күретамырдың өзегі кең әрі қауіпсіз. Қарсы қозғалыс жоқ. Қос қаптал жолдың ортасын аласа пальмалар мен бөкене ағаштар бөлген. Айрықша назар аудартатыны, жасыл желектердің жұлгесін қуалай су трубалары тартылыпты. Әр тал ағаштың түбінде мөлт-мөлт бұрқактаған өмір нәрі жылт-жылт етеді. Бұл күнде бізге жетіп отырған тамшылатып суарудың бір түрі осы болса керек. Жолдың екі жағалауына алма-кезек жал-

тақтап келеміз. Ашық, алаңқай бос жатқан жер байқалмайды. Іркес-тіркес бой көтерген зәулім ғимараттар, шоғыр-шоғыр ауылдар, көк күмбезді мұнаралы мешіттер, қатар-қатар тізілген үлкенді-кішілі сауда орталықтары мен дүкендер... Біріне-бірі ұласып, бірінен соң бірі дөңгеленіп қалып жатыр...

Әуелдегідей емес, қозғалыстың көптігінен автобусымыз да әлсін-әлсін ішін тартып, кібірткітеп келеді. Жок, әлде алып-ұшқан жүрегімізге канат біткендей ме? Ілгері ұмтыла, алға көз сүземіз жарыса. «Ендігі қасиетті Меккенің төбесі көрініп, Әл-Харам мешітінің көк тіреген зүмірет мұнаралары қол бұлғаса керек». Сөз жок, тура осы мезетте жаркылдап-жайрандап отырған менің тағдырлас серіктерім – Алжирден, Чадтан, Шри-Ланкадан, Нигерден, Суданнан, Камеруннан, Тунистен, Ливиядан, Малиден, Жапониядан, Ресейден, Әзірбайжаннан, Өзбекстаннан, Сербиядан, Түркиядан, т.б. елдерден келген жігіттер де осындай ойдың құшағында.

Бірін-бірі жанай, өз қатарларын қатаң сақтап, онтайлы тұста айналып алға түскен сәтте суретін сан мәрте қызыға тамашалаған Құран-қақпа көзіме оттай басылған. Үлкен трассаның екі жиегін жартылай доғаша иіп қосқан әдемі тұғыр-қақпаның дәл төбесінде парақтары айқара ашылған Құран бейнеленген. Тамаша архитектуралық белгі-ескертікші – Қасиетті алып кітап сонадайдан шалынады. Тағатсызданып отырған жігіттер бірауыздан «Ләббәйкә» деп тәлбиені дауыстап өлеңдете жөнелді. Сол-сол-ақ екен, алды-артымызда жүйткіген көліктегілер мен жаяулатып сап түзеген құлшылық жасаушылардың қалың нөпірі бірінен кейін бірі іліп әкетті. Ғажап ырғақ, ғажап әуез – Мекке аспанын кернеп тұр.

Көлігіміз де құмырсқадай жыбырлап қалған. Түс-тұстан, жан-жақтан ағылған халықтың легінде қисап жок. Құдды толасыз тасқын. Қарға адым жер – мұн. Көше қиылыстарындағы кептелісті реттеген полицейлердің мазасыз жұмыстарын іс-қимылдарынан ап-анық көресіз. Сөйтсе де жүздерінен реніштің, дегбірсіздене әбіржудің еш нышаны сезілмейді. Барлығын да сабырға жеңдірген. Қиян қиырлардан, алыс шалғайлардан, сенгір-сенгір тау асып, телегей-теніз су кешіп келген, іргедегі елдерден жаяу-жалпылап зарығып аңсап жеткен адамдардың қас-қабағына – Алланың қонағы деп қарап қызмет көрсетуді басты борышы санайды. Мұндай ғажайып үрдісті, дәстүр боп қалыптасқан тамаша жүйені қасиетті мекеннің қаласынан да, даласынан да айқын аңғарасың. Себебі Құдай жолындағы құлшылықтың алансыз, селкеусіз өтуі – міндет. Осындай ай-

рықша маңызды, жауапты шаруаны жыл сайын ын-шыңсыз биік деңгейде аткарып жүргені, негізінен арабтардың ежелден қанына сіңген қасиеті — сабырлылықтың нәтижесі болса керек. «Иманның сенімді серігі — сабырлылық» деген ғаклияның астарына жіті үнілгеніміз абзал.

...Кешкі шырақтар жамыраған шақта Қағбаның түбіндегі зәулім-зәулім жеті ғимараттан тұратын әйгілі «Меридиан» мейманханасына мандай тіредік. Құмырсканың илеуіндей құжынаған қажылар. Өңкей ихрам оранған үлкен-кіші... Түртүсі, сөз-тілі, өң-жүзі — алуан-алуан. Сүзіліп жанар жүгіртемін жан-жағыма. Әр-әркімді шырамытыңқырап, сөзге тартып та қоямын. Ешкайсысы бұлк етпейді, түсінбейді. Жымындаған күйі кідірмей өте шығады. Әзірге бірде-бір казакты ұшыратпадым. Индонезия, Тайланд, Малайзия, Бахрейн, Марокко, Танзания, Того, Сингапур, Эфиопия, Непал тәрізді тағы баска елдерден келген қажылардың сапында, сөз жоқ, менің Қазақстанымнан ынтыға жеткен төрт мындай жамағат жүр. Олардың қайсыбірімен әлі-ақ кездесіп қалармыз. Осы зұл-хижжа күндері.

Орайлы мезетте ескертер бір дерек. Қажылық парыздарын өтеу үшін Меккеге жыл сайын дүние жүзінің 125-130 мемлекетінен миллиондаған адам келетін көрінеді. Сауд Арабиясы Ақпарат министрлігінің мәліметтеріне жүгінсек, биыл олардың нақты саны үш жарым миллионнан асып отыр. Журналист ағайындардың ұдайы «Әлемнің барлық жолы Меккеде түйіседі» деп жататыны осыдан-ау. Сол миллиондардың бірі ретінде әйгілі Әл-Харам мешітін, әйгілі Қағбаны тездетіп көруге асығамын. Шиыршық атып, тағатсызданғанымды сезе қойған Альберт:

— Әлхамдулилләһ, — деді мейманхана ішіндегі дүңгіршектерді жағалап жанар жүгірте жүріп. — Құдай сәтін салса, қазір жуынып-шайынып алған соң Қағбаға барамыз. Менің түсінгенім, екі аялдамаға жетер-жетпес. Өз бетімізше тартып кетуге болмайды. Тәртiп солай. Сабыр. Көресіз бе, арабтар әсте асықпайды. Айтпақшы, Жәке, зәмзәм тек осында сатылады екен. Дүкенші өзбек жігіттерінен анықтап, сұрап білдім...

Күткен сәт. Тобымызды шашау шығармастан төте туннельмен зуылдатып алып келген. Құбыланың қасында тұрмыз. Күндізгідей жап-жарық. Бейне таулардың алақанындағы күміс зерендей мөлтілдеген қасиетті мешіттің айнала-төңірегі тұрмақ, қою қаранғылыққа сүңгіген заңғар мұнаралардың ұшар басындағы қалақтай Айдың өзі ап-анық, жарқырап

шалынады. Кезекті рәсімдердің тәртібін шама-шарқынша түсіндірген бойы көш бастаған алжирлік журналист жігіт Мұстафа Шәрифтің соңынан ілестік.

Әл-Харамның ешқандай ғимаратқа, ешқандай кешенге ұқсамайтын өзіндік архитектуралық сән-салтанаты керемет. Әлемдегі ең алып мешіт еріксіз тамсантады, сүйсінтеді. Іші-сырты құжынаған халық. Тайып жығылардай айнадай жалтыраған қызылкүрең гранит төсеніштердің қалы кілемдерге тірелген тұсында тәпішкемізді шешіп алдық. Жаланааяқпыз бәріміз де. Ебедейсіз қимылдап, сүрініп қалмауға тырысасың. «Сақтықта – қорлық жоқ». Адамдар ағысы толассыз. Сәл бөгелуге болмайды. Самаладай жарқыраған қабырғаны жанай өрлеген кең баспалдақпен көтеріліп, әлгінде ғана мегзеген егіз алып мұнара – Әбдел-Әзиз қақпасына бұрыла бергенімізде сол жағымыздан ертеден білетін, қаршадайдан миымда өшпестей боп кескінделген, санамда мәңгі қашалған таныс бейне көзге оттай басылған.

Қасиетті Қағба! Қасиетті Құбыла! Қасиетті қара тас – «Хажр әсуат!» Қос жанарымды аудармаған қалпымда алға ілбіп келемін. Қағбаны сағат тіліне қарсы айналып жүргендердің санында есеп жоқ. Ілкі сәттік әсер үстінде мүлдем байқамаппын. Құлшылық жасап жалбарынғандар, ағыл-тегіл егілген жарымжан ғаріптер аяқ астында да мүлгіп-шұлғып отыр. Іштей күбірлеймін: «Бұған да шүкір! Құдіреті күшті Алла, ризамын!.. Мың мәрте тәубе!..»

Манайыма қызыға, таңдана қараймын. Қаракұрым жұртың тілін түсінбесем де, бақытты жүздерінен ерекше қуаныш сезімін аңғарғаным рас. Тіпті әрқайсысының жүрек лүпілін естіп тұрғандаймын. Қара сөзбен бейнелеп жеткізе алсамшы. Көзімді тырнап ашқаннан аялап, қастерлеп жүрегімнің бір бұрышында құндақтаған ғажайып сурет.

Құмарым қанбай, көзім тоймай қарай беремін, қарай беремін...

Зәмзәмнің қасиеті мен құпиясы

Көзімнен ыршып түскен жалғыз тамшы бетімді сызған бойы аузыма тамған. Кермек дәм, яғни маңдайымнан сорғалаған тер моншақтары емес. Шынымен-ақ жылап келеді екенмін. Қаракұрым жұртпен бірге біздің журналистер тобы да Қара тасты шыр айналып жүрміз. Алғашқыдағы өрекіпіген көңіл саябыр тауып, кеудемнен шығып кетердей атқақтап

тулаған жұдырықтай жүрегім де тыншыған тәрізді. Төртінші, бесінші, алтыншы... айналым. Қарсы беттегі зәулім мұнарадағы жасыл цифрлы сағатқа әлсін-әлсін караған топ бастаушымыз әр айналымның уақытын да жаңылмай ескертіп қояды. Үздіксіз жалбарынған, құлшылық еткен адамдардың өксік қысқан үндері құмығып естіледі. Қағбаның Қара тас тұрған бұрышына тақағанда айтылатын тәкпір, Йемен жақтағы бұрышы мен Қара тас тұрған бұрышы аралығында айтылатын дұғаны қайталаған дауыстар жігерлі шығады. Шеңбер жол қусырылған мезетте есебін тауып қасиетті Қара тасты алақандарымен сипап, сүйіп қалуға ұмтылады. Мен де сәтті мүмкіндікті мүлт жібермей, алтыншы айналымды тауысып, соңғыға жеткенде қасиетті Қара тасқа ернімді тигізіп, алақаныммен екі-үш мәрте сипадым. Сондай-ақ ежелгі Байтолланы тұрғызған Ибраһим Мақамын алақаныммен аялай ұстап, зиярат еттім. Жалбарына тілек тіледім. Жеті рет айналғаннан кейін, тура Қағбаның түбінде сапарлас әріптестеріме ілесіп тауап намазын оқыдым. Бұдан артық нәсіп, бақыт болмас, сірә!..

Жүздерін имандылық нұры аймалап, кеуделерін қуаныш кернеген біздің топ Қағбаның іргесіндегі зәмзәммен шөл кандырып, кезекті парызды – Сафа мен Маруа арасын жеті мәрте жүріп өтуге асыққан.

Көңілде қимастық, соңымызға жалтақ-жалтақ қарай береміз. Аса жоғары сапалы жібек талшықтарынан тоқылған қара мата биіктігі 13 метрлік текше (кұбыла сөзі, осы «куб» дегеннен шыққан) тасты тұтастай көмкеріп тұр. Араб каллиграфиясымен жазылған Құран аяттарының әр әрпі, әр таңбасы арнайы жасалған алтын, күміс жіптермен әдіптеп тігіліп, зерленеді. Елдегі қалыптасқан дәстүр бойынша мұндай маңызды да жауапты міндетті шебердің шеберіне жүктейтін көрінеді. Әрине, жалғыз-жарым ісмердің қолынан келер онай шаруа емес. Бүкіл әулет боп жыл бойы тапжылмай отырып, көз майы мен қабілеттерін бағыштайтын секілді. Қажылық сапары кезінде жергілікті газет-журналдар осындай шеберлер әулетінің суретін жарыса жариялағанын өз көзімізбен тамашаладық.

Қағба туралы, Қасиетті қара тас жайындағы толғаныстың тиегі ағытылғанда Зәмзәм бұлағы тасада қалмасы анық. Ендеше, әңгіме арнасын солай қарай бұралық. Әл-Харам мешітінің ішіндегі ғажайып құбылыстардың бірі саналатын қасиетті су хақында шертілер сыр мен жыр да жеткілікті. Бұл күнде зәмзәмді ісі мұсылман қауымы біледі десек артық айтқанымыз емес. Өйткені шипалы су жөніндегі аңыздар мен

риуаяттар көп-ақ. Қайсыбірін әке-шешелеріміз бен үлкендердің ауыздарынан біз де естігенбіз. Аңыз бен хикаялардай елітіп тыңдағанбыз, таңдайымызды тақылдатқанбыз. Қазіргі өркениеттің талабына сай, әлденеше қатарға жыпырлатып тізілген. заманауи технологиямен жабдықталған алтындалған, күмістелген шүмектерден сарылдаған зәмзәмді біз де құмарлана жұтып тұрмыз. Мейірленіп, рахаттанып ішкенбіз. Қаталап қалғандаймыз ба, қалай?.. Аңсарымыз ауғандықтан шығар. Әйтпесе, аңқамыз кеуіп, көмейіміз құрғайтындай шөл қайдан болсын... Үйме-жүйме жұрт бірінен соң бірі қатар-қатар тізілген стақандарға қол созып, бұлақ шүмектерін ағытуда. Танданыстарын ірікпеген:

- Қандай дәмді!..
- Салқындығы ұнады. Тамағымды қарыған жоқ.
- Қорықпаңыз, ангинаңыз болса, жазылып кетеді...
- Шипасы мол, қасиетті су ғой.
- Зәмзәм десе зәмзәм!..

Ә дегенде екі стақанды төнкеріп, сәл-пәл ойланып тұрғанымды байқай қойған алжирлік әріптесім мәз-мейрам күйі, екі қолын ербендетіп бірденелерді түсіндірген болды. Онысын ұға қойдым. «Екі көзіңді жу, бетіңді жу... Бәлкім, шипасы тиер...» Көзілдірік киіп жүретінімді меңзегендей. Мен бет-аузымды, көзімді шайып, үшінші стақанды сімірдім... Неткен рахат! Маңдайым бұршақтап, жүйкем балбырап шыға келген...

Айтпақшы, зәмзәмға қатысты өзекті аңыздың негізгі жұлгесін еске түсірейікші: Ибраһим пайғамбардың әйелі Сара көңіліне келген қызғаныштан Ажарды жақтырмайды. «Бұл да Алланың әмірі шығар» деп күндердің-күнінде Ажар мен кішкентай ұлы Ысмайылды құм-шағылды, елсіз-сусыз далаға апарып тастатқызады. Елсіз шөлді мекеннің аты Мекке еді. Жапан құла түзде шырылдаған нәресте қатты шөлдейді. Қаталаған баласына су іздеп, аласұрып екі таудың арасында ерсілік-қарсылы бәйек боп зыр жүгіреді. Аллаға жалбарынып жәрдем тілейді. Рахымы мол Жаратушының әмірімен жанұшыра екі аяғын тепкілеп жылаған баланың өкшесі тиген жерден бұлақ шығарады. Сөйтіп екі ғаріп аман қалады. Бұршақтап атқылаған қайнар қазіргі Зәмзәм бұлағы екен. Айдаладағы суға аспандағы құс айналып, керуен көштері аялдайды. Бәрі де шөлдерін қандырады. Келе-келе осы керуен бекетінде үлкен шаһардың қабырғасы қаланады.

Міне, бүгінгі Исламияттың ұлы кіндігі Мекке қаласының іргетасы осылайша бой көтеріпті. Кәусар бұлақ — Зәмзәм тұ-

масы да неше ықылым заманнан бері үздіксіз атқылап тұр. Тек белгісіз бір себептермен хижранын 223 және 234 жылдары уақытша тоқтап қалыпты. Ал одан кейін мұндай түсініксіз жай қайталанбаған көрінеді. Бұл да зәмзәмнің бір құпиясы болар...

Зәмзәм суының шипалық қасиеттері жайында қажылыққа барып қайтқандардың аузынан жиі естиміз. «Тамағымның ауырғаны сап тыйылды», «Жөтелім қойды», «Асказаным маза-ламайтын болды», «Жүйкемнің құрысқан-тырысқаны кеткен секілді» дегендерді өз құлағыммен талай рет естідім де. Тәуелсіздіктің арқасында Мекке-Мединеге барушылардың қатары көбейді ғой. Олардың барлығы да тәбәрік ретінде таспиық пен зәмзәм әкеліп жүр. Әрине, шелектеп, тонналап әкеле алмайтыны белгілі. Базарлық құтыға құйылған бірер-жарым стакан суды тілектерін айтып, жоралғыларын жасап бүкіл отбасы мүшелерінің қасықтап ішкендеріне де куәміз. Осындайда, тіпті ауылдағы бір әжеміз зәмзәмді қайнатып, рахаттанып, жайланып ішкісі келіпті. Қызықты қараңыз, отқа қойылған шәйнектегі су қайнамаған. Бұған неге қайран қалмасқа...

Ал, осы жолғы қажылық кезінде жергілікті басылымдар зәмзәмнің ғажайып тағы бір қасиеті туралы сенсациялық мақала жариялады. Арафатта түнеген күндері әріптестеріміз газеттегі жаңалықты қолдан-қолға тигізбей оқыған. Келесі күні Минаға аялдағанымызда баспасөз орталығындағы тау боп үйілген газеттердің арасынан әлгі материалды тауып алдым. Ағылшынша шығатын «The Saudi» газетіндегі мақаланың қысқаша мазмұнын түйіп жеткізейін:

...Сомалилік Әли Абдулла Рахманның зәмзәм суын ішкеннен соң құлағы естіп, «байланған» тілі қайта шығыпты. 29 жылдан кейін! Ғажап-ақ! Әли Рахман қазір Ұлыбританияда тұрады екен, әйелі, төрт ұлы бар. Өз елінде есепші болып істеген ол азамат соғысына қатысып, қатты жарақат алады. Соның кесірінен сөйлей алмай, құлағы естімей қалады. Бармаған жері, қаралмаған дәрігері болмайды. Жазылмайды, ем қонбайды. Амалсыздан мүгедектік топқа қабылданып, саусақтарымен «сөйлесетін» қимыл-ымдау әліппесін меңгереді. «Аллаға шүкір, енді мен мүгедек те, жарымжан да емеспін. Қағбаны алғаш рет тауап еткеннен соң, көппен бірге зәмзәм іштім. Үлкен мешіттің маңын аралап жүргенімде бойымды ерекше күдіретті күш билегендей болды. Артынша таң намазының Фаджрін құлағым шалды. Қуаныштан жүрегім дүрсілдеп қоя берді. Жанымдағы жолдастарыма «Менің құлағым естиді» деп

жылап жібердім. Олар таңғажайып оқиғаға қайран қалып, жағаларын ұстады...» Әли Рахманды қажы миссиясының жауапты адамдары Меккедегі Аджяд ауруханасына жатқызып, медициналық сараптаудан өткізеді. Тексеру нәтижесі «Әлидің есту, сөйлеу қабілеті дені сау адамдармен бірдей» деген шешімді тұжырымға тоқтайды. Сирек оқиға – сирек құбылыс. Міне, зәмзәмнің күдіреті мен қасиеті.

Сенесіз бе, сенбейсіз бе? Өз еркінізде...

Әңгіме орайына қарай зәмзәмға тікелей қатысты хадис жолдарын еске салғанды жөн көрдік: «Зәмзәм суы бас ауруына шипа және оған қарасаң, көздің жанарын нұрландырады, дененің ыстығын басады».

Ибн Аббас риуаят еткен хадисте: «Зәмзәмді кім қандай ниетте ішсе, сол ниетіне жетеді. Егер шипа сұрап ішкен болса, Алла оған шипа береді. Пана тілеп ішсе, Алла оған пана болады, егер шөлінді қандыру үшін ішсең – шөлің қанады» деген.

...Зәмзәмға шөліміз қанған біз Сафа мен Маруанын арасын жеті рет жүріп өттік. Жүгіретін жерінде жүгірдік. Қиналғанымыз жоқ. Сергекпіз, сенімдіміз... Көңіл – шат, бойда – қуат.

Бір-бірімізді құттықтап жатырмыз. Мандайының терін алақанымен сүрткен, тобымыздағы ең үлкеніміз Жапониядан келген ардагер қаламгер Абдулазиз Кубаш Сайшу күлімдей:

– Бүгін Жиддадан шыққалы он үш шақырымдай жаяу жүріппіз, – деді ихрамының омырау жиегіне қыстырып қойған қадам өлшегіш оймақтай аппаратына үніліп.

Бәріміз шу ете түстік. Әрине, әрқайсымыз өз тілімізде:

– Көп пе, аз ба?..

Қажылар әулеті

– Өне, қазақ, – деді түркімен досым Дәулеткелді иығымнан тартып. – Тез жүгір. Кетіп қалады.

Артыма жалт қарасам жұқалтандау, шоқша сақалды қария баспалдақпен түсіп барады екен.

– Ата, тоқтаңызшы, – дедім дауыстап. – Ассалаумағалейкум!..

Құлағы сақ көрінді. Қалт тұра қалған ол сүзіле қараған қалпы тіл қатқан.

– Амансың ба, балам... Иә, ниетің қабыл болғай. Қай жақтан келдің, аты-жөнін кім?.. Құдай нәсіп етіп, Меккеге үшінші рет келіп отырмын. Егемендігіміздің арқасында. Кеңес заманында қанша ұмтылсам да жолым түспеп еді...

Елпілдеген елгезек аксақал сөз тізгінін ұстатар емес. Әлде жерлестерін сағынып қалған ба? Бәрін тізіп айтып жатыр...

— Жалғызсыз ба? — дедім мен керектерімді қойын дәптеріме түртіп жатып...

Ақтаудан келген атамыздың ныспысы— Айнадин Келімбердіұлы. Мұсылмандық парыздарын бүкіл отбасымен өтеп жүр екен. Бәйбішесі Дәметкүл, келіні Жазира, ең кенже ұлы Қайыр төртеуі қажылықтың рәсімдерін бірге жасап жүрген көрінеді. «Аллаға шүкір, төлбасым Диканбайым барлық қаржыны тауып беріп, қасиетті сапарға барып келіндер» деді ғой. Бұл жолы Айнадин атамыз әке-шешесі үшін умра жасағанын айрықша қуаныш сезімімен жеткізген. Рас, бір отбасынан төрт бірдей адамның қажы атануы, қандай бақыт!

Миллиондардың арасынан бірде-бір қазақты жолықтыра алмаймын ба деп жүргенімде Меккенің түбіндегі «Меридиан» қонақ үйінде Әшірбек есімді екі азаматпен жүздестім. Бірі — таныс, иткөйлекті қатар тоздырған құрдас-дос, ал екіншісі — жетпістің желкесіне шыққан ел ағасы. Екеуі де жамбылдық. Жолы да, жөні де үлкен Әшірбек Айдашев Қордай ауданындағы шаруашылықтарда басшылық қызметтер атқарыпты. Негізгі мамандығы зоотехник болса да, арғы-бергі тарихты тереңнен толғап, аз уақыттың ішінде біраз жайдан мағлұмат берген. Өзі Зейнел апамызбен бірге, көршісі Нұрғайшаны қажылық міндеттерін өтеуге алып келіпті. Ағамыздың назар аударарлық сауапты ісін қадап айтқан дұрыс шығар. Әшірбек аға жасы ұлғайған, жүріп-тұруы қиындау екі апамызды Медине қаласынан сатып алған екі қоларбамен зырылдатып жүр. Танданбасқа шараң жоқ.

Белгілі жазушы, «Лениншіл жастың» («Жас Алаш» газеті) алау көрігінде бірге шындалған Әшірбек Көпішпен бірінші кабаттағы лифтінің көзінде ойда жоқ жерде ұшырастық. Жоғары көтерілмекші боп лифтті тосып тұрғанымда, атымды атап жүгіріп келген Әшірбекпен тек қол қысысып үлгердік. Өте асығыс екен. Бір-бірімізге «Ниетіміз қабыл болсын!» дестік. Қас-қағымдық кездесу. Елес пе, түс пе? Өзім де білмеймін...

Қасиетті бұл сапарда біздің «Егеменде» отыз жылдан бері қол ұстасып қатар келе жатқан Ержұман Смайылұлы Ержанмен, Жамбыл облысындағы меншікті тілшіміз Көсемәлі Сәттібайұлының жүргенінен хабардар едік. Ерағанмен екі-үш мәрте телефондастық. Жырақта жүргендегі тілдесудің әсері мүлдем бөлек-ау. Нағыз кездеспей кеткен бір бейне дерсіз. ҚазПИ-де бірге оқып, бір бөлмеде тұрған ежелгі дос Сәрсенбі

Дәуітовпен де жолымыз түйіспеді. Әрине, мүмкін емес. Сапар сазына орай көңіл пернесін шерткенім ғой.

Шетелдік журналистерді, әсіресе, бұрынғы ТМД мемлекеттерінің қаламгерлерін елең еткізген оқиғаны бірер сөйлеммен ғана жеткізейін. Ашылғанына екі жыл толмаған Қазақстанның «Асыл арна» телеарнасынан Мекке-Мединеде 14 адам жүрді. Осы арнаның Бас директоры Мұхамеджан Тазабековті арабтың телеэкрандарынан уағыз айтып тұрғанын көріп қатты қуандық. Болатбек Қожан, Алматы Смайылов, Берік Мырзабаев, Ербол Малыбаев секілді тележурналистермен қажылық жасау барысында әр-әр жерде қауышып жаттық...

Тақырыпшамызды тұздықтау мақсатында тағы бірер деректерге назар аудартқым келді. Қажылыққа жыл сайын Индонезиядан 250 мыңдай адам келетін көрінеді. Малайзиялықтардың дәстүрі бойынша жастардың дені мұсылмандық парыздарын үйленбей тұрып өтейді екен. Қажылар қаласы саналатын Мединеден биыл 1230 000 адам қасиетті борыштарын өтепті. Рекордтық көрсеткіш! Меккеге оларды тасымалдау үшін 3200 автобус үздіксіз жұмыс істеген.

Саудиялық кәсіпкерлердің есебіне қарағанда осы жолғы қажылық кезінде 35 миллиард риал (9,5 миллиардтай АҚШ доллары) табыс түсіпті. Қонақ үй бизнесі, қажыларға қызмет көрсету компаниялары мен сауда үйлерінің кірісі де шамамен 35 миллиард риалға жетіпті.

Табыс көздерінің түрі көп. Компаниялар кірісіне қажыларға тасымалдау қызметін көрсету, шатырларды жалға беру, құрбандыққа шалынатын мал сату, т.б. толып жатқан шаралардан түскен қаржының өзі 22 миллиард риалды (5,9 миллиард америка доллары) құраса, күнделікті қарапайым ұсақ-түйек тұрмыстық заттарды сатудан 1,5 миллиард риал пайда түскен.

Әншейінде жете мән беріп, цифрлардың астарына жіті үніле бермейміз. Иә, ойланарлық есеп-қисап.

Елең еткізер ескерткіштер

...Қолымыз қалт еткенде қонақ үйде сарылып жатып алмай, бір мезгіл екі-үш жігіт қосылып Жидданың көрікті жерлерімен танысып, ығы-жығы көшелерінің ұзына бойына жайғасқан үлкенді-кішілі дүкендеріне бас сұғып, шаһардың ескі бөлігіндегі «Бәлед» базарын армансыз араладық. Басты мақсат – қаланың дидарын сырттай болсын тамашалап, жергілікті халықтың тіршілік-тынысы мен тұрмысын байқастау. Әйтпесе, қайбір сауда-саттық дейсін.

Шола жүріп аңғарғанымыз, заманауи шап-шағын компьютерлерге, теле-видео техниканың түр-түріне, цифрлы фотоаппараттар мен ұялы телефондарға сұраныс мол. Жан-жақтан жиналғандар «әжептәуір арзан» екен деп жүрді. Өз басым қасиетті Қағбаның суреті бейнеленген базарлықтарға қызыққанмын. Хрустальдан, мөлдір шыныдан, бағалы металдан, ағаштан, зерлі-өрнекті қымбат маталарға түсірілген көзге де, жүрекке де ыстық көрінетін жәдігерлерге сүйсінгенімді айтқым келеді.

Жидда — өте көне қала. Оны атынан да байқау қиын емес. Жидда деген сөз арабша әже, Үлкен ана деген ұғымды білдіреді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша: «Өмірінің соңғы кезеңін осы өңірде өткізген Адамзаттың анасы — Хауана шаһар іргесі қаланған төңіректе жерленген. Келе-келе қасиетті мекен Ұлы анамыздың құрметіне қазіргіше аталып кеткенге ұқсайды...» Қалада өте биік, зәулім үйлер аздау. Жанадан салынып жатқан құрылыс аландарынан соңғы архитектуралық үлгімен бой көтерген ғимараттарды көруге болады. Мешіттер қисапсыз көп. Азан шақырған кезде бүкіл қала ғажайып та құдіретті әуезбен теңселіп тұрғандай әсерді анық сездім.

Бірде мейманханаға жақын мандағы саябақтан ерекше ескерткіштің сұлбасын көріп қалғаным бар. Кейінірек әзірбайжандық дәрігер жігіт Азат Бақшалов біздерді өз мәшinesімен ежелгі базарға апарып қайтқанда, кей ерекшеліктерге тоқталған.

— Дұрыс байқапсыз. Жалпы, бұл елде қолын көтеріп жол сілтеп, қол қусырып ойланып отырған адамдардың ескерткіштері жоқ. Керісінше, еңбек құралдарына — балғаға, араға, балтаға, тырмаға, т.б. үлкен-үлкен ескерткіштер тұрғызылған. Айтпақшы, мұнда кәдімгі қос дөңгелекті велосипедке орнатылған алып ескерткіш бар. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарына дейін қаланың негізгі көлігі — қарапайым велосипед болыпты. Қазір бұған ешкім сенбейді.

Шындығында, кім сенуші еді. Көше — бейне мәшинелер мұхиты. Жалғыз тал «шайтан арба» ұшыратпайсың-ау. Өнкей балықтай жүзген «Мерседестер», кілең сәйгүліктей жұтынған «Джиптер»... Қысқа мерзімде әлемдегі ең бай елдердің санатына қосылған Сауд Арабиясының тек өзіне ғана тән қадау-қадау ерекшеліктерін тізе кеткенді орынды көрдім.

Саудия — Жер кіндігінде орналасқан ел, оны ғалымдар ғылыми дәлелдеп отыр. Отыз миллионға жуық халқы бар мем-

лекет мұнай қоры жағынан дүние жүзінде ең бірінші орында, ал жер көлемі жағынан он төртінші орынды иеленеді.

Күнтізбесі Хижрамен жүргізіледі. Биыл 2011 жыл, мұнда – 1432 жыл.

Ата Заңы – Құранға негізделген. Девизи: «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед – оның елшісі!» Елұраны: «Жасасын Король!»

Ел астанасы Эр-Риядта 4 миллион, Жиддада 3,5 миллион, Мединеде 1,5 миллион халық тұрады.

Халал емес тағамдарды, ішімдік түрлерін өндіруге, әкелуге тыйым салынған. Қылмыскерлер шариғат үкімімен қатаң жазаланады.

Қызық. Әр кәсіптің өз мерейі, өз мехнаты бар. Қай кезде де қабаттасып жүреді. Әуелде қаламым кібіртіктеп, ойым шашырай берген. Енді, міне, бауырын жазып көсілгені сондай, шарықтаған қиялымды тежей алсамшы. Сөз өнерінің сиқыры да осындай болса керек. Көргенімді, естігенімді, байқағанымды түгел тізіп, сүйікті оқырманымның назарына ұсынғым келеді-ау. Сылдыр сөзбен, құрғақ әңгімемен сыкита беру – обал. Көп жайларды жан-жақты жазып, тереңірек талдаудың мүмкіндігін қағыстыра алмадым. Барынша елең еткізер деректер мен штрихтарға көңіл аударғаным рас.

Сауд Арабиясы корольдігінің Мәдениет және ақпарат министрлігінің әзірлеген бағдарламасы өте ауқымды. Бәрі де қасиетті қажылық сапарына орайластырып ұйымдастырылған шаралар. Кейбірін тізбелейік: кең көлемде өткізілген әскери шеру, Құрбан айт пен құрбандық жөнінде халықаралық Ислам банкінде өткен кездесу, Корольдің қабылдауы, Ақпарат министрлігіндегі әріптестермен жүздесу, Мединедегі Пайғамбарымыздың (с.ғ.у.) мешітімен танысу, ежелгі астана Жидданың қақ төрінде тарихи ескерткіш-ғимарат ретінде сол қаусаған қалпында сақталған Корольдің ең алғашқы мекенжайын аралау, осы қаладағы кедей-кепшіктер тұратын көше тұрғындарымен өткізген әңгіме-дүкен... Байқаған шығарсыз. Бөлек-бөлек сыр етіп өруге болады. Өйтпедік. Өйткені бәрінде қозғалған жайлар ортақ арнаға құйылып жатты. Ниет те, пейіл де, тілек те бір сөзбен басталып, бір сөзбен түйінделгеніне бек қуандық.

– Алла қажылықтарыңызды қабыл етсін!

Жүректер сөйлеп тұр:

-- Әумин.

МАЗМҰНЫ

ПОВЕСТЕР

Балықтың қылтаны	6
Жетім жұрт	50
Қош бол, теңіз... ..	116
Жазылмайтын жара	197

ӘҢГІМЕЛЕР

Ауылдағы дос	266
Бір күн, бір түн	269
Теңіз тағдыры	282
«Сақалды» тентектер	297
«Қайда жүрсің, Балзия?..»	305
Қоңыр күз еді	310
Менің Қараталым	315
Тағдыр желі	327
Әлем көз тіккен Мекке	339

Художественное издание

Жанат Елшібек

ТАҒДЫР ЖЕЛІ

Повестер мен әңгімелер

(на казахском языке)

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *Н. Бекхожаева*

Көркемдеуші редакторы *В. Пак*

Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*

Корректорлары *Ә. Кенжалина, Ү. Бахова*

Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 207

Теруге 21.07.2011 берілді. Басуға 28.09.2011 қол қойылды.

Пішімі 84x108¹/₃₂. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.


Шартты баспа табағы 18,9. Есептік баспа табағы 19,9.

Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №6008.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы,

Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



Жанат ЕЛШІБЕК –

жазушы, көсемсөзші,
зеректанушы.

1947 жылы Алматы
облысының Қаратал
ауданында дүниеге келген.
Тұңғыш деректі хикаяты
“Жауқазын” 1976 жылы жарық
көрді.

Республика баспаларынан
шыққан “Студенттік
меридиандар”,
“Сен білесің бе?”,
“Алтын ұя”, “Атамекен”,
“Қарлығаш”,
“Жоғалған теңіз”, “Зерек”,
“Шағалалар жылай ма,
осы?..”,
“Мың бір қызық”,
“Қош бол, теңіз”, “Таным”,
“Уақыт – сынап”, т.б.
публицистикалық, танымдық,
көркем-әдеби кітаптарының
авторы.
Көркем очерктері,
проблемалық ой-толғақтары
мен танымдық туындылары
70-тен астам жинаққа енген.

